
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық



FORESTER



SUBARU

Кіріспе

Сізді SUBARU автокөлігін сатып алуыңызбен құттықтаймыз. Осы пайдалану нұсқаулығында Сіздің SUBARU автокөлігін үнемі жақсы күйде ұстау және пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесінің тиісті жұмысын қамтамасыз ету үшін қажетті барлық ақпарат берілген. Біз Сізге осы нұсқаулықпен мұқият танысуды ұсынамыз, өйткені ол Сіздің автокөлігіңіздің құрылысы мен жұмысын жақсырақ түсінуіңізге көмектеседі. Осы нұсқаулыққа енгізілмеген және автокөлікті жөндеу, қызмет көрсету және баптау ерекшеліктеріне қатысты қосымша ақпарат алу үшін Сіз әрдайым автокөлікті сатып алған SUBARU дилеріне немесе жақын жердегі SUBARU дилеріне хабарласа аласыз.

Осы нұсқаулықтағы барлық ақпарат, техникалық сипаттамалар мен суреттер жарияланған сәттен бастап жарамды болып табылады. SUBARU CORPORATION компаниясы мұндай өзгерістер туралы алдын ала ескертпестен, сондай - ақ мойнына бұрын сатылған автокөліктерге енгізілген осындай немесе осыған ұқсас өзгерістер енгізу бойынша міндеттемелерді алмастан, автокөліктердің техникалық сипаттамаларына және конструкциясына өзгерістер енгізуге құқылы. Осы пайдалану жөніндегі нұсқаулық моделдің барлық модификациялары үшін қолданылады және онда опциялар ретінде дайындаушы зауытта орнатылатын қосымша жабдықты қоса алғанда, барлық жабдықтың сипаттамасы қамтылған. Сондықтан кейбір түсініктемелер Сіздің автокөлігіңізде орнатылмаған жабдыққа қатысты болуы мүмкін.

Қайта сату кезінде осы нұсқаулықты автокөлікте қалдырыңыз. Жаңа иеленушіге де ондағы ақпарат қажет болады.


ЕСКЕРТПЕ: "Дилер SUBARU" термині кез келген ресми SUBARU дилерін білдіреді.

SUBARU CORPORATION компаниясы, ТОКИО, Жапония

"SUBARU" сауда белгісі және алты жұлдыздан тұратын шоқжұлдыз дизайны SUBARU CORPORATION компаниясының сауда белгілері болып табылады.

© SUBARU CORPORATION, 2018

Осы нұсқаулықта автокөліктердің мынадай түрлері сипатталған.



Кепілдік міндеттемелер

Кепілдік берілетін жағдайларды қамтитын және ондай жағдайға жатпайтын кепілдік міндеттемелерінің толық сипаттамасы "Кепілдік кітапшасында" қарастырылған. Кепілдік шарттарымен мұқият танысыңыз.

Пайдалану жөніндегі осы нұсқаулықты қолдану тәртібі

■ Автокөлігіңізді пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың қолданылуы

Автокөлікті пайдаланар алдында осы нұсқаулықпен мұқият танысыңыз. Онда берілген пайдалану ережелерін сақтау Сіздің қауіпсіздігіңізді қамтамасыз етеді және Сіздің автокөлігіңіздің қызмет мерзімін ұзартады. Ал аталған ережелердің сақталмауы ауыр жарақаттану қауіпін төндіреді және Сіздің автокөлігіңіздің зақымдануына әкелуі мүмкін.

Бұл нұсқаулық 14 тараудан тұрады. Әрбір тарау Сізге қажетті ақпараттың бар - жоғын тез анықтауға мүмкіндік беретін қысқа мазмұннан басталады.

1-тарау. Орындықтар, қауіпсіздік белдіктері мен жастықтары
Бұл тарауда орындықтар мен қауіпсіздік белдіктерін пайдалану ережелері, сондай - ақ қауіпсіздік жастықтарын пайдалану кезіндегі сақтық шаралары берілген.

2-тарау. Кілттер, құлыптар және шыны көтергіштер
Бұл тарауда автокөліктің кілттерін, құлыптарын және терезелерін пайдалану тәртібі келтірілген.

3-тарау. Бақылау-өлшеу аспаптары және автокөлікті басқару бөлшектері
Бұл тарауда индикаторлардың, бақылау - өлшеу құралдарының көрсеткіштері туралы ақпарат, сондай - ақ басқару бөлшектері мен басқа да ауыстырып-қосқыштарды пайдалану тәртібі бойынша ақпарат берілген.

4-тарау. Климат-бақылау жүйесі
Бұл тарауда климат-бақылау жүйесімен жұмыс істеу жөніндегі ақпарат келтірілген.

5-тарау. Аудиожүйе
Бұл тарауда Сіздің автокөлігіңіздің аудиожүйесімен жұмыс істеу жөніндегі ақпарат берілген.

6-тарау. Салонның жабдығы
Бұл тарауда Сіздің автокөлігіңіздің салонында орнатылған жабдықтарды пайдалану тәртібі сипатталған.

7-тарау. Қозғалтқышты іске қосу және автокөлікті басқару
Бұл тарауда қозғалтқышты іске қосу және Сіздің автокөлігіңізді басқару жөніндегі ақпарат келтірілген.

8-тарау. Жүргізу бойынша кеңестер
Бұл тарауда әртүрлі жағдайларда Сіздің автокөлігіңізді басқару ерекшеліктері туралы ақпарат бар, сондай-ақ қауіпсіз жүргізу бойынша кейбір кеңестер ұсынылған.

9-тарау. Шұғыл жағдайлардағы әрекеттер тәртібі
Бұл тарауда қозғалыс кезінде орын алатын әртүрлі ақаулар барысындағы әрекеттер тәртібі сипатталған, мысалы, шина тесілгенде, қозғалтқыш қызғанда және т. б. жағдайларда.

10-тарау. Автокөліктің сыртқы түріне күтім жасау
Бұл тарауда Сіздің автокөлігіңіздің сыртқы түрінің тамаша сақталуына қатысты ұсыныстар берілген.

11-тарау. Техникалық қызмет көрсету және жөндеу
Бұл тарауда SUBARU ресми дилерінде Сіздің автокөлігіңізге жоспарлы техникалық қызмет көрсету мерзімі туралы ақпарат бар, сондай-ақ автокөлікті жарамды күйде ұстау бойынша ұсыныстар берілген.

12-тарау. Техникалық сипаттамалары
Бұл тарауда Сіздің автокөлігіңіздің өлшемдері, жанармай құятын ыдыстары және басқа да техникалық сипаттамалары келтірілген.

13-тарау. Қосымша ақпарат
Бұл тарауда кейбір елдерде міндетті түрде ұсынылатын қосымша ақпарат келтірілген.

14-тарау. Алфавиттік көрсеткіш
Ол осы нұсқаулықта берілген мәліметтердің алфавиттік тізбесі болып табылады. Көрсеткіш Сізге қажетті ақпаратты тез табуға көмектеседі.

EyeSight жүйесі бар моделдер үшін
EyeSight жүйесі туралы толық ақпарат алу үшін EyeSight жүйесі бойынша автокөлікті пайдалану жөніндегі нұсқаулықты қосымша қараңыз.

■ Ескерту жазбалары

Осы нұсқаулықта бірнеше рет НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ,
АБАЙ БОЛЫҢЫЗ және ЕСКЕРТПЕ жазбалары кездеседі.
Бұл жазулар Сізді немесе өзге де тұлғаларды жарақатқа ұшыратуы ықтимал қауіпті жағдайлар туралы Сізге жасалған ескерту болып табылады.
Сіздің ескерту жазбаларының астында көрсетілген ақпаратқа осы нұсқаулықтың басқа бөліктеріне бөлетін назар сияқты көңіл бөлуіңізді сұраймыз. Бұл Сіздің автокөлігіңізді қауіпсіз пайдалану принциптерін жақсы меңгеру мүмкіндігін береді.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ ескерту жазбасы Сіздің назарыңызды тиісінше көңіл бөлінбеген жағдайда ауыр жарақаттарға немесе тіпті өлімге әкелуі мүмкін жағдайларға аударады.


⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ ескерту жазбасы тиісінше көңіл бөлінбеген жағдайда жарақаттануға немесе автокөліктің зақымдануына соқтыратын жағдайды, болмаса аталғандар қатарынан орын алуы ықтимал жағдайды көрсетеді.

ЕСКЕРТПЕ

ЕСКЕРТПЕДЕ Сіздің автокөлігіңізді пайдалануды оңтайландыру туралы ақпарат немесе кеңестер ұсынылған.

■ Ескерту белгісі



Нұсқаулықта көлбеу сызықпен сызылған шеңбер белгісі кездеседі. Мәнмәтінге байланысты бұл белгі "Тыйым салынады" немесе "Жол берілмейді" дегенді білдіреді.

■ Қысқартулар тізімі

Осы нұсқаулықта Сіз кейбір қысқартуларды кездестіруіңіз мүмкін. Бұл қысқартулардың мәні төмендегі кестеде ұсынылып отыр.

Қысқартулар	Мәні
A/C	Ауа кондиционері
ABS	Тежеуіштердің бұғаттауға қарсы жүйесі
ADB	Бейімді алысқа түсірілетін жарық жүйесі
ALR	Қауіпсіздік белдігінің кергішінің автоматты түрде бұғатталуы
ALR/ELR	Қауіпсіздік белдігінің кергішінің автоматты түрде бұғатталуы/ Қауіпсіздік белдігінің кергішінің апаттық жағдайда бұғатталуы
AVH	Автокөлікті автоматты кідірту функциясы
AWD	Толық жетек
BSD	Көзге көрінбейтін жерлердегі кедергілерді анықтау функциясы
CVT	Сатысыз трансмиссия
CVTF	Сатысыз трансмиссияға арналған сұйықтық
EBD	Тежеу күшін электрондық бөлу

Қысқартулар	Мәні
ELR	Қауіпсіздік белдігінің кергішінің апаттық жағдайда бұғатталуы
GPS	Орналасқан жерді анықтаудың жаһандық жүйесі
INT	Кідірісті
LED	Жарықтық диод
LHD	Сол жақтан басқару
MPW	Максималды рұқсатты масса
OBD	Борттық диагностика жүйесі
Rear MPAW	Артқы өске түсетін максималды рұқсатты күш
RHD	Оң жақтан басқару
RON	Зерттеу әдісі бойынша анықталған октандық сан
SI-DRIVE	SUBARU Intelligent Drive (SUBARU интеллектуалдық жетегі)
SRH	Бейімді бұрылатын шамдар
SRS	Қосымша ұстау жүйесі
SRVD	Автокөлік артындағы көлік құралдарын анықтау жүйесі
TPMS	Шинадағы ауа қысымының мониторинг жүйесі

Сіздің автокөлігіңізде кездесетін белгілер

Төменде Сіздің автокөлігіңізде қолданылатын белгілердің мағыналарына түсінік берілген.

Белгі	Мәні
	НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ
	АБАЙ БОЛЫҢЫЗ
	Осы нұсқауларымен мұқият танысыңыз
	Қорғаныс көзілдірігін киіңіз
	Электролит құрамында күкірт қышқылы бар
	Балалардан сақтаңыз!
	Оттан сақтаңыз!
	Жарылыс қауіпі!

Автокөлікті басқару барысында қауіпсіздікті қамтамасыз ету және сақтық шаралары

■ Қауіпсіздік белдіктері мен жастықтары

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Автокөлікте отырған барлық тұлғалардың автокөлік қозғалысты бастағанға дейін қауіпсіздік белдігін тағып алулары керек. Бұл талап орындалмайтын болса күрт тежеу немесе апат кезінде ауыр жарақат алу қауіпі артады.**
- **Апаттық жағдайда барынша қорғауды қамтамасыз ету үшін жүргізуші мен автокөліктегі барлық жолаушылар әрдайым қауіпсіздік белдігін тағулары тиіс. Қауіпсіздік жастығының болуы қауіпсіздік белдіктерін тағудың қажеті жоқ дегенді білдірмейді. Қауіпсіздік жастықтары қауіпсіздік белдіктерімен үйлескен кезде ғана жүргізуші мен жолаушылардың барынша сенімді қорғалуы қамтамасыз етіледі.**
- **Қауіпсіздік белдіктерін тағу сияқты талаптарды елемеу Сіздің автокөлігіңіздің қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталғанына қарамастан, апат кезінде ауыр жарақат алу немесе өлім құшу қаупін арттырады.**
- **Қауіпсіздік жастығы қатты жылдамдықта және қатты күш әсерінің салдарынан ғана ашылады. Жүргізушінің немесе жолаушының дұрыс отырмауы қауіпсіздік жастығы ашылған кезде ауыр жарақаттарға ұшырататын себеп болуы мүмкін. Қауіпсіздік жастығын ашу үшін біраз орын қажет, сондықтан жүргізушінің рөл дөңгелегін барынша алыс, бірақ автокөлікке толық бақылау жасауды қамтамасыз ете отырып, орындықтың арқасына қарай тығыздала отыруы керек. Алдыңғы орындықтың жолаушысы өз орындығын мүмкіндігінше артқа қарай жылжытқаны және тігінен, орындықтың арқасына қарай тығыздала отырғаны жөн.**

Нұсқаулықтарға және ұсынылатын шараларға қатысты мәлімет алу үшін келесі бөлімдерді мұқият оқыңыз:

- Қауіпсіздік белдіктері жүйесіне қатысты "Қауіпсіздік белдіктері" бөлімін қараңыз ☞1-21.
- Қауіпсіздік жастықтары жүйесіне қатысты "SRS* қауіпсіздік жастықтары (қосымша ұстап тұру жүйесінің қауіпсіздік жастықтары)" бөлімін қараңыз ☞1-63.

■ Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Көлік қозғалысы кезінде баланы тізеде отырғызуға немесе қолда ұстауға болмайды. Апат кезінде жолаушы баланы жарақаттан қорғай алмайды, өйткені бала автокөлік салонында отырған жолаушы мен басқа да заттар арасында қысылып қалуы ықтимал.**

- **Емшектегі және кішкентай балалар тек АРТҚЫ орындыққа бекітілген ұстап тұратын қондырғыларда тасымалдануы тиіс. Балаларды ұстап тұратын құрылғы баланың жасына, бойы мен салмағына сай болуы тиіс. Егер бала арнайы балаларды ұстап тұратын құрылғы үшін тым үлкен болса, онда қозғалыс кезінде оның АРТҚЫ орындықтағы қалпын қауіпсіздік белдіктерімен бекіту тиіс. Автокөлік оқиғаларының статистикасына сәйкес, баланы алдыңғы орындықта емес, артқы орындықта орналастырған кезіндегі орын алған жарақаттану оқиғалары айтарлықтай төмен. Баланың орындықта тұруына немесе тізерлеп тұруына рұқсат бермеңіз.**

- **Жасы 12 және одан да кіші, бойы 1,5 м және одан да аласа бойлы балаларды үнемі АРТҚЫ орындыққа немесе шайқалтпай ұстап тұратын құрылғыға немесе штаттық қауіпсіздік белдіктеріне бекітіңіз. Қауіпсіздік жастықтары өте тез жылдамдықпен және үлкен күштің салдарынан ашылады, бұл жасы 12 және одан да кіші, ал бойы 1,5 м және одан да аласа бойлы балаларды тасымалдау барысында қауіпсіздік белдіктері бекітілмеген болса немесе нашар бекітілген болса олардың жарақаттануына және кейбір жағдайларда тіпті қайтыс болуларына әкеліп соқтыруы мүмкін. Балалар ересектерге қарағанда әлсіз және салмақтары жеңіл болып келеді, сондықтан оларға қауіпсіздік жастықтары ашылған кезде төнетін қауіп те басым.**

- ЖАЛҒАСЫ –



Ескерту жапсырмасы
А) ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҒЫ.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Балалар тасымалына арналған балаларды ұстап тұратын құрылғыны ЕШҚАШАН БЕЛСЕНДІ ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҒЫ орнатылған орындыққа теріс қаратып орнатпаңыз, бұл баланың ӨЛІМІНЕ немесе АУЫР ЖАРАҚАТ АЛУЫНА әкеліп соқтыруы мүмкін.**
- **Бала артқы орындықта болған кезде балалардан есіктерді бұғаттау тетігін міндетті түрде "LOCK" күйіне келтіріңіз. Егер бала есікті кездейсоқ ашса және автокөліктен құлап кетсе, ол ауыр жарақат алуы мүмкін. "Балалардан есіктерді бұғаттау тетігі" бөлімін қараңыз ☞2-31.**
- **Балаларды тасымалдау кезінде жолаушылар есіктерінің шыны көтергіштері бұғатталған болуы тиіс. Керісінше жағдайда бала электрлік шыны көтергішті іске қосып, жарақат алуы мүмкін. "Терезелер" бөлімін қараңыз ☞2-32.**
- **Ешқашан балаларды, ересектерді немесе жануарларды автокөлікте қараусыз қалдырмаңыз. Олардың кездейсоқ әрекеттері автокөлікті қозғалысқа келтіріп, нәтижесінде олар өздері де, айналасындағылары да жарақат алуы мүмкін. Сондай - ақ ыстық немесе күн шақырайып түсіп тұрған күндері жабық автокөліктегі температура тез көтерілуі мүмкін, бұл оларға ыстықтың өтіп кетуіне немесе тіпті өлімге әкеліп соқтыруы ықтимал.**
- **Автокөліктен шыққанда барлық терезелерді және барлық есіктерді жабыңыз.**
- **Электрлік жетегі бар моделдердегі жүк арту бөлігінің есіктері айтарлықтай күшпен қозғалады. Біреу жүк арту бөлігінің есігіне қысылып қалса немесе соғылатын болса, жарақаттанып қалуы мүмкін, сондықтан келесі сақтық шараларын сақтаңыз.**
  - **Жүк арту бөлігінің электрлік жетегін қоспас бұрын жүк арту бөлігінің есігінің маңайында балалардың жоқтығына көз жеткізіңіз.**

- Балаларға жүк арту бөлігінің есігінің электрлік жетегін қосуына жол бермеңіз.

Сақтық шараларына қатысты нұсқаулықтар алу үшін келесі бөлімдермен мұқият танысыңыз.

- Қауіпсіздік белдіктері жүйесіне қатысты "Қауіпсіздік белдіктері" бөлімін қараңыз ☞1-21.
- Балаларды ұстап тұратын құрылғылар жүйесіне қатысты, "Балаларды ұстап тұратын құрылғылар" бөлімін қараңыз ☞1-36.
- Қауіпсіздік жастықтары жүйесіне қатысты "SRS* қауіпсіздік жастықтары (қосымша ұстап тұру жүйесінің қауіпсіздік жастықтары)" бөлімін қараңыз ☞1-63.

Қозғалтқыштың пайдаланылған газдары (улы газ)

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Қозғалтқыштан шығатын газдардың жұтылуынан сақ болыңыз. Қозғалтқыштың пайдаланылған газдарының құрамында көміртек тотығы болады - түсі мен иісі жоқ, тыныс алу арқылы жұтылуы қауіпті болып табылатын және тіпті өлімге әкеліп соғуы мүмкін улы газ.**
- **Қозғалтқыштың шығару жүйесін жарамды күйде ұстай отырып, Сіз пайдаланылған газдардың автокөлік ішіне кіруін болдырмайсыз.**
- **Жабық жайларда, мысалы, көлікжайда қозғалтқыштың қосулы болуына жол бермеңіз, кіру және шығу кезіндегі қысқа мерзімді санамағанда.**
- **Қозғалтқышы жұмыс істеп тұрған автокөліктің жанында ұзақ уақыт бойы тұрмаңыз. Егер мұндай жағдай қалай да орын алатын болса, желдеткішті қосу арқылы автокөлікке сырттан ауаның келуін қамтамасыз етіңіз.**
- **Желдету жүйесінің қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін желдету жүйесінің ауа жинағышының алдыңғы торының үнемі ауаның түсуіне кедергі келтіретін қардан, жапырақтардан және басқа заттардан таза болуын қадағалаңыз.**
- **Пайдаланылған газдардың автокөлік салонына кіргендігіне қатысты қандай да бір күдік туындаған жағдайда мәселені анықтау және жою үшін шұғыл шаралар қолданыңыз. Егер Сіздің қалай да жолға шығуыңыз керек болса, автокөліктің барлық терезелерін толығымен ашып қойыңыз.**
- **Пайдаланылған газдардың автокөліктің салонына түсуінің алдын алу үшін жүк арту бөлігінің есігінің қозғалыс барысында жабық болуын қадағалаңыз.**

- ЖАЛҒАСЫ –

■ Автокөлікті басқару және алкоголь

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Алкоголь ішкеннен кейін автокөлікті басқару өте қауіпті. Қандағы алкоголь Сіздің реакцияңызды баяулатады, жағдайды қабылдау мен бағалауыңызды нашарлатады, назарыңызға нұқсан келтіреді. Егер Сіз автокөлікті тіпті аз ғана мөлшерде алкоголь ішкеннен кейін басқаратын болсаңыз, онда Сіздің және Сіздің автокөлігіңіздегі жолаушылардың немесе айналадағылардың жарақат алуы немесе тіпті қаза болуы мүмкін апаттың орын алу ықтималдығы артады. Сонымен қатар, алкоголь тұтыну Сіздің апат нәтижесінде алатын жарақатыңыздың ауырлығын арттыруы мүмкін.

Ішімдік ішкеннен кейін автокөлікті басқарудан бас тартыңыз.

Мас күйде көлік жүргізу - бұл жол-көлік оқиғаларының басты себептерінің бірі. Алкоголь әр адамның ағзасына әр түрлі әсер етеді, сондықтан оны тұтынғаннан кейін Сіздің қаныңыздағы алкоголь мөлшері заңмен рұқсат етілген шамадан аспайтын болса да, Сіз қауіпсіз жүргізу дағдыларынан айырылуыңыз мүмкін. Сіз үшін ең қауіпсізі — ішімдік ішкеннен кейін көлік тізгініне отырмау.

■ Автокөлікті басқару және дәрілік препараттар

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Сіздің реакцияңызды баяулататын, қоршаған жағдайды қабылдау мен бағалауыңызды нашарлататын және назарыңызға нұқсан келтіретін дәрілік препараттардың (рецепт бойынша да, рецептсіз де сатылатын) кейбір түрлері бар. Осындай дәрілік препараттарды қабылдағаннан кейін автокөлікті басқара отырып, Сіз салдарынан өзіңіз немесе Сіздің автокөлігіңіздегі жолаушылар немесе айналадағылар ауыр жарақат алуы немесе қайтыс болуы ықтимал апаттың орын алу қауіпін арттырасыз.

Егер Сіз қандай да бір дәрілік препараттарын қабылдайтын болсаңыз, міндетті түрде емдеуші дәрігермен немесе фармацевтпен кеңесіңіз немесе дәріге қоса берілген нұсқаулықтан оны қабылдаудың Сіздің автокөлікті басқару қабілетіңізге әсері туралы мәліметті қараңыз. Сіздің қауіпсіз жүргізу дағдыларыңызға кері әсер ететін немесе ұйқышылдық тудыратын дәрілік препараттарды қабылдағаннан кейін көлік тізгініне отырмаңыз. Егер қандай да бір дәрілік препараттарды қабылдау сіздің денсаулығыңыздың жағдайына байланысты қажет болса, емдеуші дәрігермен олардың ықтимал әсері жөнінде кеңесіңіз.

Егер мидың қызметіне әсер ететін тыйым салынған препараттардың әсерінде болсаңыз ешқашан автокөлікті жүргізуге отырмаңыз. Сіздің денсаулығыңыз бен игілігіңіз үшін біз Сізге осындай препараттарды қабылдамауға, ал қалыптасқан есірткі тәуелділігі болса, тиісті емдеу курсынан өтуге ерекше кеңес береміз.

■ Шаршаған немесе ұйқышылдық күйінде автокөлікті басқару

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Сіз шаршаған немесе ұйқышылдық күйде болғанда Сіздің реакцияңыз баяулайды, қоршаған жағдайды қабылдау және бағалау қабілетіңіз нашарлайды, назарыңыз әлсірейді. Мұндай күйде автокөлікті басқару кезінде Сіздің, Сіздің автокөлігіңіздегі жолаушылардың немесе айналадағылардың ауыр апатқа ұшырауының ықтималдығы артады.

Егер Сіз шаршасаңыз немесе ұйықтағыңыз келсе, сапарды үзіп, қауіпсіз орынды тауып, жақсылап демалыңыз. Ұзақ сапарлар кезінде Сіз демалу үшін арасында тоқтап тұрыуыңыз керек. Мүмкін болса, автокөлікті басқа біреумен кезектесіп басқарыңыз.

■ Автокөлікті қайта жабдықтау

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Сіздің автокөлігіңіздің конструкциясына өзгерістер енгізуге тыйым салынған. Конструктивтік өзгерістер оның пайдаланушылық сипаттамаларына, қауіпсіздігіне және қызмет ету мерзіміне кері әсер етуі, сондай - ақ мемлекет белгілеген нормативтердің бұзылуына әкеліп соғуы мүмкін. Сонымен қатар, Сіздің автокөлігіңіздің конструктивтік өзгерістерінің салдары болып табылатын ақаулықтар мен олқылықтарға кепілдік берілмейді.

■ Автокөлікті басқару және ұялы телефон

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Автокөлікті басқару кезінде телефонмен сөйлеспеңіз. Бұл Сіздің назарыңызды алаңдатып, апатқа әкелуі мүмкін. Ұялы телефонмен сөйлесу үшін Сіз жолдан шеттеп, қауіпсіз жерде тоқтауыңыз керек. Кейбір елдердің заңдары автокөлікті басқару кезінде тек дауысты байланыс жүйесі бар телефондарды пайдалануға рұқсат береді.

■ Навигация жүйесімен жабдықталған автокөлікті басқару

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Навигация жүйесін пайдаланатын сапарлар кезінде жүргізушінің негізгі назары автокөлікті басқаруға аударылуы тиіс. Автокөлікті басқара отырып, навигация жүйесін басқару құралдарын қолданбаған жөн. Автокөлікті басқаруға бөлінетін назардың төмендеуі апатқа соқтыруы мүмкін. Егер Сізге навигация жүйесін басқару құралдарын пайдалану қажет болса, онда жолдан шығып, қауіпсіз жерде тоқтаңыз.

■ Жануарларды тасымалдау

Жануарларды тасымалдау кезінде олар Сіздің назарыңызды бөліп, автокөлікті басқаруға кедергі келтірмеуін қамтамасыз ету қажет. Автокөлік соқтығысқан немесе кенеттен тоқтаған жағдайда жануарлардың немесе жануар салынған тордың салон ішінде қозғалуы Сізге де, Сіздің автокөлігіңіздегі жолаушыларға да нұқсан келтіріп, жарақаттауы ықтимал. Сонымен қатар, мұндай жағдайларда жануарлардың да зардап шегуі мүмкін. Сондықтан тасымалдау барысында олардың көлік салонындағы қалпы бекітілген болуы тиіс. Асырандыңызға қарғыбау тағып, оны қауіпсіздік белдігін пайдалана отырып, артқы орындыққа бекітіп қойыңыз. Болмаса, жануарларды тасымалдауға арналған және артқы орындыққа бекітуге болатын контейнерді пайдаланыңыз, қауіпсіздік белдігін контейнерді тасымалдауға арналған тұтқасы арқылы өткізіп бекітіңіз. Бекітілген жағдайда болса да, ешқашан жануарларды немесе олар салынған контейнерлерді автокөлігіңіздің алдыңғы жолаушы орындығында тасымалдамаңыз. Қосымша ақпарат алу үшін Сіздің асырандыларыңызды қадағалайтын мал дәрігеріне, жергілікті жануарларды қорғау қоғамына немесе зоодүкенге хабарласыңыз.

■ Шинадағы қысым

Айына кемінде бір рет, сондай - ақ әрбір алыс сапардың алдында әр шинадағы (қосалқы дөңгелектің шинасын қоса алғанда) ауа қысымын тексеріңіз және қажет болған жағдайда реттеңіз.

Қысымды тек шина суық болғанда тексеру керек. Өлшеу үшін манометрді қолданып, шиналардағы қысымды арнайы кестеде келтірілген нормативтік шамаларға сәйкес реттеңіз.

Толығырақ ақпарат алу үшін "Шиналар мен дискілер" бөлімін қараңыз ☞11-26.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Шинадағы қысым өте төмен болғанда жоғары жылдамдықпен қозғалу шиналардың жылдам қызуына және деформациясына әкелуі мүмкін. Температураның күрт көтерілуі протектордың қатпарлануына және шинаның бүлінуіне әкелуі мүмкін. Осының нәтижесінде автокөлікті бақылау қабілеті жоғалып, салдарынан апаттың туындауы мүмкін.

■ Жолмен және жолсыз жермен жүру

Бұл автокөлік кроссоверлер санатына жатады. Кроссоверлердің үйреншікті автокөліктерге қарағанда аударылуға бейімділігі артықтау екендігін ескеріңіз. Әдеттегі жеңіл автокөліктерге қарағанда Сіздің автокөлігіңіздің жолдық саңғалы үлкен және ауырлық күші түсетін ортасы әлдеқайда жоғары, бұл оның аударылу қауіпінің басымдығын білдіреді. Сонымен қатар,

Сіздің автокөлігіңізді басқару және әртүрлі маневрлерді орындау басқа жеңіл автокөліктерден өзгеше. Осыған байланысты, автокөлікті бақылауды жоғалту, оның аударылуы және басқа да апаттардың салдарынан ауыр жарақатқа немесе өлімге ұшыраудың алдын алу үшін төменде көрсетілген бөлімді мұқият оқып шығыңыз және ондағы нұсқаулықтар мен алдын алу шараларын орындаңыз. "Жолмен және жолсыз жермен жүру" бөлімін қараңыз ☞8-7.

Жалпы мәліметтер

■ Берілісті ауыстырып қосу индикаторы (орнатылған болса)

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Берілісті ауыстырып қосу индикаторының көрсеткіштері неғұрлым үнемді қозғалыс үшін тек қана ұсыныс болып табылады. Индикатор жүргізуге берілісті ауыстырып қосудың қауіпсіз сәті туралы ақпарат бермейді. Жүргізуші жол жағдайына және қозғалыс жағдайларына сәйкес ауыстырып қосудың сәйкестігі (мысалы, айналып өту немесе өрге қарай қозғалу) үшін жауапты.

Индикатор жүргізушіге автокөлікті неғұрлым үнемді жүргізуге жәрдемдеседі. Жүйе қозғалыс жағдайына байланысты берілісті ауыстырып қосу сәтін анықтайды және аспаптар комбинациясында индикатордың көмегімен жүргізушіні хабардар етеді. Толық ақпарат алу үшін "Берілісті ауыстырып қосу индикаторы" бөлімін қараңыз ☞7-20.

ЕСКЕРТПЕ

Әдетте, берілісті ауыстырып қосу индикаторы неғұрлым үнемді әрекет үшін ұсынымдар береді, соған қоса ол иінді біліктің төмен жиілікте айналуы барысында қозғалтқыштың тоқтап қалуына жол бермейді.

- ЖАЛҒАСЫ –

Автокөлік ішіндегі шу деңгейі (Кедендік Одақ заңнамасы)


TR CU 018/2011
(КЕДЕНДІК ОДАҚТЫҢ
"Дөңгелекті көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы" ТЕХНИКАЛЫҚ РЕГЛАМЕНТІ), №3 қосымша. 2-бөлім (Көлік құралдарына олардың ішкі шуына қатысты қойылатын талаптар)
2.1-кесте. №3 ескертпе
Жеделдету кезіндегі шу деңгейі 81 дБА тең максималды мәнге жетуі мүмкін. Мұндай автокөлікті қоғамдық мақсаттар үшін (мысалы, такси ретінде) пайдалануға болмайды.

Мазмұны


Орындықтар, қауіпсіздік белдіктері мен жастықтары	*1*
Кілттер, құлыптар және шыны көтергіштер	*2*
Бақылау-өлшеу аспаптары және автокөлікті басқару бөлшектері	*3*
Климат-бақылау жүйесі	*4*
Аудиожүйе	*5*
Салонның жабдығы	*6*
Қозғалтқышты іске қосу және автокөлікті басқару	*7*
Жүргізу бойынша кеңестер	*8*
Шұғыл жағдайлардағы әрекеттер тәртібі	*9*
Автокөліктің сыртқы түріне күтім жасау	*10*
Техникалық қызмет көрсету және жөндеу	*11*
Техникалық сипаттамалары	*12*
Қосымша ақпарат	*13*
Алфавиттік көрсеткіш	*14*

Суреттелген көрсеткіштер

■ Автокөліктің сыртқы бөлшектері



1) Қозғалтқыштың қақпағы (б. 11-12).
2) Жел әйнегінің әйнегін тазартқыш (б. 3-115).
3) Шамдарды ауыстыру (б.11-45).
4) Шамдар (б.3-94).
5) Төбедегі қақпақты терезе (б.2-46).
6) Төбедегі рейлингтер (б. 8-17).
7) Сыртқы айна (б.3-120).
8) Есік құлыптары (б. 2-24).
9) Шиналардағы қысым (б. 11-28).
10) Желі шыққан шиналар (б. 9-6).
11) Сырғанауға қарсы шынжыр (б.8- 14).
12) Тұманға қарсы шамдар (б.3-109).
13) Бекіткіш ілгектер (б.9-17).
14) Сүйреткіш ілгек (б. 9-17).




1) Артқы шынының жылытқыш (б. 3-123).
2) Жанармай құятын мойынның қақпағы және шағын қақпақты тесігі (б.7-4).
3) Балалардан есіктерді бұғаттау тетіктері (б.2-31).
4) Бекіткіш тесік (с. 9-17).
5) Шамдарды ауыстыру (б.11-45).
6) Артқы шынының әйнегін тазартқыш (б. 3-118).
7) Жүк арту бөлігінің есігі (б.2-35).
8) Сүйреткіш ілгек (б.9-17).

- ЖАЛҒАСЫ –


■ Автокөліктің салоны

▼ Жолаушылар салоны




1) ISOFIX жүйесінің балаларды ұстап тұратын құрылғыларын бекітетін қапсырмалар (б.1-59).
2) Қауіпсіздік белдігі (б.1-21).
3) Алдыңғы орындық (б.1-3).
4) Артқы орындық (б.1-14).
5) Балаларды ұстап тұратын құрылғылардың ескерту жапсырмалары (б.1-41).

A) ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҒЫ.
* Балалар тасымалына арналған балаларды ұстап тұратын құрылғыны ЕШҚАШАН БЕЛСЕНДІ ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҒЫ орнатылған орындыққа теріс қаратып орнатпаңыз, бұл баланың ӨЛІМІНЕ немесе АУЫР ЖАРАҚАТ АЛУЫНА әкеліп соқтыруы мүмкін.



Жоғарыдағы суреттерде сол жақтан басқарылатын моделге тән мысал көрсетілген. Оң жақтан басқарылатын моделдерде кейбір түймелердің/ иінсаптардың орналастырылуы суреттерде көрсетілгеннен өзгеше.

1) Электрлік шыны көтергіштер (б.2-32).
2) Есік құлыптары (б. 2-24).
3) Селектор иінсабы (б. 7-16).
4) USB ұясына қосылатын электр қуаты (б. 6-12).
5) Қосымша электр жабдығын қосуға арналған алдыңғы розетка (б.6-9).
6) Қолғаптарға арналған бөлік (б. 6-6).
7) Стақан сауыты (б. 6-7).
8) Орталық консоль (б. 6-6).



Жоғарыдағы суреттерде сол жақтан басқарылатын моделге тән мысал көрсетілген. Оң жақтан басқарылатын моделдерде кейбір түймелердің/ иінсаптардың орналастырылуы суреттерде көрсетілгеннен өзгеше.


1) ЭРА-ГЛОНАСС жүйесінің "SOS" түймесі.
2) Төбедегі қақпақты терезені ауыстырып-қосқыш (б. 2-47).
3) Электрлік тұрақ тежегішінің ажыратқышы (б. 7-43).
4) Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесінің ажыратқышы (б. 7-46).
5) X-MODE режімінің ауыстырып-қосқышы (б.7-34).
6) Алдыңғы орындықтарды жылытқыштың ауыстырып- қосқышы (б.1-13).
7) Алдыңғы шолу камерасының ауыстырып-қосқышы (б. 6-21) / Бүйіріндегі шолу камерасының ауыстырып- қосқышы (б. 6-26)
8) TPMS жүйесі режімін орнатуды ауыстырып-қосқыш (б.7-41).
9) USB ұясына қосылатын электр қуаты (б. 6-12).
10) Артқы орындықтарды жылытқыштың ауыстырып-қосқышы (б.1-14).

ЕСКЕРТПЕ

- **ЭРА-ГЛОНАСС жүйесіне Ресей, Қазақстан және Беларусь елдерінде қолжетімді. 2016 жылдың маусым айындағы жағдай бойынша қызмет тек Ресейде ғана бар. ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі бойынша автокөлікті пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың қосымшасын қараңыз.**
- **EyeSight жүйесі бар моделдер үшін автокөлікті пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың қосымшасын қараңыз - "EyeSight жүйесін пайдалану жөніндегі нұсқаулық".**


■ Аспаптар панелі

▼ Сол жақтан басқарылатын моделдер




1) Орындықтың қалпын сақтау түймесі (б. 1-8).
2) Жүк арту бөлігі есігінің электр жетегінің ауыстырып-қосқышы (б. 2-37).
3) Бұрылуға бейімді шамдар жүйесінің ажыратқышы (бейімді бұрылатын шамдар жүйесі бар моделдер) (б. 3-100) / Аспаптар панелінің жарығының реттегіші (қолша басқарылатын шамдардың жарық шоғырының деңгейін реттегіші бар моделдер) (б.3-15).
4) Шамдардың жарық шоғырының деңгейін реттегіш (қолша басқарылатын шамдардың жарық шоғырының деңгейін реттегіші бар моделдер) (б. 3-106) / Жад түймесі (қолша басқарылатын шамдардың жарық шоғырының деңгейін реттегіші жоқ моделдер) (б.2-43).
5) Аспаптар панелінің жарықтығын реттеу дискі (қолша басқарылатын шамдардың жарық шоғырының деңгейін реттегіші жоқ моделдер) (б. 3-15) / Жад түймесі (қолша басқарылатын шамдардың жарық шоғырының деңгейін реттегіші бар моделдер) (б. 2-43)
6) Аспаптар комбинациясы (б.3-11).
7) Көпфункционалды дисплей (ақ-қара) (б.3-58) / Көпфункционалды дисплей (түрлі - түсті сұйық-кристалды дисплей) (б.3-65).
8) Аудиожүйе (б.5-2).
9) Апаттық жарық сигнализациясының ажыратқышы (б. 3-10).
10) Климат-бақылау жүйесі (б.4-3). 11) Бұру/ еңкейту бұрышын реттейтін рөл дөңгелегі (б. 3-125).
12) Сақтандырғыштар блогы (б.11-43).
13) SRVD жүйесінің ажыратқышы (б. 7-73).
14) Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/ тоқтату жүйесінің ажыратқышы (б. 7-63).
15) Қозғалтқыштың қақпағы (б. 11-12).
16) VDC жүйесінің ажыратқышы (б. 7-32).

▼ Оң жақтан басқарылатын моделдер



1) Аудиожүйе (б.5-2).
2) Көпфункционалды дисплей (ақ-қара) (б.3-58) / Көпфункционалды дисплей (түрлі - түсті сұйыққристалды дисплей) (б.3-65).
3) Аспаптар комбинациясы (б.3-11).
4) Орындықтың қалпын сақтау түймесі (б. 1-7).
5) Аспаптар панелінің жарықтығын реттеу дискі (қолша басқарылатын шамдардың жарық шоғырының деңгейін реттегіші жоқ моделдер) (б. 3-15) / Жад түймесі (қолша басқарылатын шамдардың жарық шоғырының деңгейін реттегіші бар моделдер) (б.2-43).
6) Аспаптар панелінің жарықтығын реттеу дискі (қолша басқарылатын шамдардың жарық шоғырының деңгейін реттегіші бар моделдер) (б. 3-15) / Жад түймесі (қолша басқарылатын шамдардың жарық шоғырының деңгейін реттегіші жоқ моделдер) (б. 2-43)
7) Шамдардың жарық шоғырының деңгейін реттегіш (қолша басқарылатын шамдардың жарық шоғырының деңгейін реттегіші бар моделдер) (б. 3-15) /Бейімді бұрылыс шамдарының жүйесін ажыратқыш (бейімді бұрылыс шамдары бар моделдер) (б. 3-100).
8) Жүк арту бөлігінің есігінің электр жетегінің ауыстырып-қосқышы (б. 2-37).
9) VDC жүйесінің ажыратқышы (б. 7-32).
10) Қозғалтқышты автоматты іске қосу/тоқтату жүйесінің ажыратқышы (б. 7-63).
11) Қақпақты айқару иінтірегі (б.11-12).
12) Сақтандырғыш блогы (б.11-43).
13) SRVD жүйесінің ажыратқышы SRVD жүйесі бар моделдер) (б.7-73).
14) Жүргізушінің жағдайын мониторингілеу жүйесінің ажыратқышы.
15) Еңіс/ұшып шығу бұрышын реттейтін рөл дөңгелегі (б.3-125).
16) Апаттық жарық сигналдатқышының ажыратқышы (б.3-10)
17) Климат-бақылау жүйесі (б.4-2).

■ Рөл дөңгелегі




1) Рөл дөңгелегіндегі аудиожүйені басқару түймелері*.
2) А түріндегі көпфункциялы дисплейге арналған "INFO" түймесі (қара-ақ) (б. 3-59) / В түріндегі көпфункциялы дисплейге арналған "INFO" түймесі (түрлі-түсті сұйықкристалды дисплей) (б. 3-59).
3) Круиз-бақылау жүйесі (б.7-53).
4) Рөл астындағы берілісті ауыстырып-қосқыштар (б. 7-18).
5) SI-DRIVE жүйесінің ауыстырып-қосқыштары (б.7-23).
6) Рөлдік дөңгелекті қыздырғыштың ажыратқышы (б. 3-125).
7) Қауіпсіздік жастықтары (б.1-63).
8) Дыбыстық сигнал (б.3-126).
9) Мультиақпараттық дисплейді басқаруды ауыстырып- қосқыштар (б.3-51).
10) Дыбысты байланыс жүйесінің түймелері*

* Аудиожүйені және навигация жүйесін (орнатылған болса) пайдалану тәртібі туралы толық ақпарат алу үшін навигацияны/аудиожүйені пайдалану жөніндегі жеке нұсқаулықты қараңыз.


■ Жарықтандыруды және шыны тазартқыштарды басқару иінтіректері/ауыстырып-қосқыштары

▼ Аустралияға арналған моделдер



1) Жел әйнегінің әйнегін тазартқыш (б. 3-115).
2) Шыны тазартқыштың бір рет іске қосылуы (б.3-115).
3) Жел әйнегін жуғыш (б.3-117).
4) Шыны тазартқыштың және артқы шыны жуғыштың ауыстырып-қосқышы (б.3-118).
5) Қадағаның сезімталдығын реттеу (б. 3-116).
6) Шыны тазартқыштарды басқару иінтірегі (б. 3-111).
7) Жарықтандыруды ауыстырып-қосқыш (б.3-94).
8) Тұманға қарсы шамдарды ауыстырып-қосқыш (б. 3-109).
9) Шам жарығын қосу/сөндіру/автоматты қосу (б.3-94).
10) Шамдардың жақынға/алысқа түсірілетін жарықпен "жыпылықтауын" ауыстырып-қосқыш (б. 3-96).
11) Бұрылысты көрсеткіш (б. 3-105).


▼ Басқа моделдер



1) Жел әйнегінің әйнегін тазартқыш (б. 3-115).
2) Шыны тазартқыштың бір рет іске қосылуы (б.3-115).
3) Жел әйнегін жуғыш (б.3-117).
4) Шыны тазартқыштың және артқы шыны жуғыштың ауыстырып-қосқышы (б.3-118).
5) Жұмыстың үзілісті режімінде шыны тазартқыштардың жұмыс істеу аралығының реттеуіші (б.3-117) / Қадағаның сезімталдығын реттеу (б. 3-116).
6) Шыны тазартқыштарды басқару иінтірегі (б. 3-115).
7) Жарықтандыруды ауыстырып-қосқыш (б.3-94).
8) Тұманға қарсы шамдарды ауыстырып-қосқыш (б. 3-109).
9) Шам жарығын қосу/сөндіру/ автоматты қосу (б.3-94).
10) Шамдардың жақынға/алысқа түсірілетін жарықпен "жыпылықтауын" ауыстырып-қосқыш (б. 3-96).
11) Бұрылысты көрсеткіш (б. 3-105).

■ Аспаптар комбинациясы


▼ "A" түрі



Жоғарыда келтірілген суреттерде жалпы үлгілік мысал көрсетілген. Кейбір моделдердегі аспаптар комбинациясы суретте көрсетілгеннен сәл өзгеше болуы мүмкін.

1) Тахометр (б. 3-11)
2) Селектордың/ қосулы берілістің иінсабының қалпының индикаторы (б. 3-45).
3) Жүрілген жол есептегіші және одометр (б. 3-11)
4) Спидометр (б.3-11)
5) Жанармай деңгейінің көрсеткіші (б.3-13)

▼ "B" түрі



Жоғарыда келтірілген суреттерде жалпы үлгілік мысал көрсетілген. Кейбір моделдердегі аспаптар комбинациясы суретте көрсетілгеннен сәл өзгеше болуы мүмкін.

1) Тахометр (б. 3-11)
2) Селектордың/ қосулы берілістің иінсабының қалпының индикаторы (б. 3-45).
3) Аспаптар комбинациясының дисплейі (түрлі-түсті сұйық- кристалды дисплей) (б.3-49).
4) Жүрілген жол есептегіші және одометр (б. 3-11)
5) Спидометр (б.3-11)
6) Жанармай деңгейінің көрсеткіші (б.3-13)

■ Ескерту және бақылау шамдары

Белгі	Мәні	Беті
	Қауіпсіздік белдігінің тағылмағандығын ескерту шамы	3-17
	Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ескерту шамы	3-20
ON/ 	Алдыңғы орындықтағы жолаушының қауіпсіздік жастығының қосылғандығын бақылау шамы (егер орнатылған болса)	3-21
OFF/ 	Алдыңғы орындықтағы жолаушының қауіпсіздік жастығының сөндірілгендігін бақылау шамы (егер орнатылған болса)	3-21
	Ақаулықты анықтауды бақылау шамы ("Check Engine" бақылау шамы)	3-22

Белгі	Мәні	Беті
	Салқындатқыш сұйықтықтың төменгі температурасын бақылау шамы / Салқындатқыш сұйықтықтың жоғары температурасын ескерту шамы	3-23
	Аккумулятор батареясының отыруын ескерту шамы	3-24
	Май қысымының төмендігін ескерту шамы	3-24
	Мотор майы мөлшерінің төмендігін ескерту шамы	3-25
AT OIL TEMP	ATF температурасының ескерту шамы	3-26
R.DIFF TEMP	Артқы дифференциал майы температурасының ескерту шамы (егер орнатылған болса)	3-26
	ABS жүйесінің ескерту шамы	3-29
	Тежегіш жүйесінің ескерту шамы (қызыл)	3-32

Белгі	Мәні	Беті
	Тежегіштің электрлік күйінің ескерту шамы (сары)	3-32
	Тежегіштің электрлік күйінің бақылау шамы	3-33
AVH	Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясын қосуды бақылау шамы	3-34
	Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының іске қосылуын бақылау шамы	3-34
	Тежегіш басқышын басуды бақылау шамы	3-34
	Қозғалтқыш қақпағының ашылуын ескерту шамы	3-34
	Есіктің ашылғандығын ескерту шамы	3-35
AWD	Толық жетек жүйесінің ескерту шамы	3-35
	Рөлдік басқару үдеткішінің ескерту шамы	3-35

Белгі	Мәні	Беті
	VDC жүйесінің ескерту шамы / VDC жүйесі жұмысының бақылау шамы	3-30
	VDC жүйесінің сөндірілуін бақылау шамы	3-31
	Бұрылысты көрсеткішінің бақылау шамдары	3-46
	Шамның алысқа түсірілетін жарығын бақылау шамы	3-46
	Жарық диодты шамдардың ескерту шамы	3-36
	Шамдардың жарық шоғырының деңгейін автоматты реттегіштің ескерту шамы (егер орнатылған болса)	3-36
SRH OFF	Бейімді бұрылыс шамдары жүйесінің ескерту индикаторы / Бейімді бұрылыс шамдары жүйесінің сөндірілу индикаторы (егер орнатылған болса)	3-36

Белгі	Мәні	Беті
	Бейімді алысқа түсірілетін жарық жүйесінің ескерту шамы / Бейімді алысқа түсіретін жарық жүйесінің бақылау шамы (егер орнатылған болса)	3-37
	Шамның алысқа түсірілетін жарығының асситентінің бақылау шамы (егер орнатылған болса)	3-37
	Тұманға қарсы шамдардың бақылау шамы (егер орнатылған болса)	3-47
	Артқы тұманға қарсы шамның бақылау шамы (егер орнатылған болса)	3-47
	Қашықтықтан басқару кілтінің ескерту шамы (егер орнатылған болса)	3-37
	Иммобилайзердің бақылау шамы	3-44
	Шамның бақылау шамы (егер орнатылған болса)	3-46

Белгі	Мәні	Беті
	Круиз-бақылау жүйесінің бақылау шамы (егер орнатылған болса)	3-46
SET	Круиз-бақылау қондырғысының бақылау шамы (егер орнатылған болса)	3-46
	X-MODE режімінің бақылау шамы	3-47
	Еңіске түсіруді бақылау жүйесінің бақылау шамы (егер орнатылған болса)	3-47
	Жанармай деңгейінің төмендігін ескерту шамы	3-34
	Шинадағы ауа қысымының төмендігін ескерту шамы (егер орнатылған болса)	3-27
	Әйнек жуатын сұйықтық мөлшерінің төмендігін ескерту шамы	3-34
[S]	"Sport" (S) режімінің бақылау шамы (егер орнатылған болса)	3-45
[I]	"Intelligent" (I) режімінің бақылау шамы (егер орнатылған болса)	3-45

- ЖАЛҒАСЫ –

Белгі	Мәні	Беті
	Қозғалтқышты автоматты іске қосу/тоқтату жүйесінің ескерту шамы / Қозғалтқыштың автоматты іске қосу/тоқтату жүйесін қосуды / сөндіруді бақылау шамы (сары) (егер орнатылған болса)	3-47
	Қозғалтқышты автоматты іске қосу/тоқтату жүйесінің бақылау шамы (жасыл) (егер орнатылған болса)	3-48
	Қозғалтқышты автоматты іске қосу/тоқтату жүйесінің белсенділігінің жоқтығын бақылау шамы (егер орнатылған болса)	3-48
	SRVD жүйесінің ескерту шамы (егер орнатылған болса)	3-48
	SRVD жүйесін сөндіруді бақылау шамы (егер орнатылған болса)	3-48
	Артқа қарай жүру кезіндегі автоматты тежеу жүйесінің ескерту шамы (егер орнатылған болса)	3-48

Белгі	Мәні	Беті
	Артқа қарай жүру кезіндегі автоматты тежеу жүйесін сөндіру индикаторы (егер орнатылған болса)	3-49

Функцияларды орнату

■ Көпфункциялы дисплейде функциялар мен баптауларды орнату (түрлі-түсті сұйыққристалды дисплей)

Егер Сіздің автокөлігіңіз аспаптар комбинациясының дисплейімен жабдықталған болса (түрлі-түсті сұйыққристалды дисплей), келесі позициялардың баптауларын өзгертуді Сіздің дербес таңдауыңызға сәйкес қолша режімде дисплейде орындауға болады.

ЕСКЕРТПЕ

Егер Сіздің автокөлігіңіз аспаптар комбинациясының дисплейімен жабдықталмаған болса (түрлі-түсті сұйық-кристалды дисплей), онда келесі позициялардың баптауларын өзгерту үшін SUBARU дилеріне жүгіну қажет. "Дилер жүзеге асыратын фунциялар және баптаулар" бөлімін қараңыз, ☞36.

Позициясы			Қолжетімді баптаулар	Дағдылық баптаулар	Автокөлікжүйелері жұмыстарының сипаттамасы бар беттерге сілтемелер
Мәзірдің 1-деңгейі/ автокөліктің жүйелері	Мәзірдің 2-деңгейі/ автокөлік жүйелерінің өзгертілетін баптаулары	Мәзірдің 3-деңгейі/ автокөлік жүйелерінің таңдалатын баптаулары			
Screen Setting (Экран баптаулары)	Welcome Screen (Сәлемдесу экраны)	—	ON (with sound) (Қос. (дыбыспен)) / ON (without sound) (Қос. (дыбыссыз)) / Off (Сөнд.)	ON (with sound) (Қос. (дыбыспен))	3-51
	Good-bye Screen (Қоштасу экраны)	—	On / Off (Қос.)/Сөнд.)	On (Қос.)	3-51
	Gauge Initial Movement (Нұсқауыш тілінің бастапқы ауытқуы)	—	On / Off (Қос.)/Сөнд.)	On (Қос.)	3-14
	Units (Өлшем бірліктері)	—	Km (шақырым), km/h (шақырым/сағ.), Liter/миля (л/миль), MPH (миль/сағ.), Gallon (галлон)	Default setting depends on the market (Дағдылық баптаулардың мәні өткізілетін нарыққа байланысты)	3-59 және 3-66
	Tire Pressure Units (Шинадағы ауа қысымын өлшеу бірлігі) (егер қарастырылған болса)	—	kPa (кПа)/PSi (фунт/шаршы дюйм)	kPa (кПа)	3-54
	Languages (Тілдер)	—	Display language depends on the market (Көрсетілетін хабарламалар тілі өткізілетін нарыққа байланысты)	Default setting depends on the market (Дағдылық баптаулардың мәні өткізілетін нарыққа байланысты)	3-66

Позициясы			Қолжетімді баптаулар	Дағдылық баптаулар	Автокөлікжүйелері жұмыстарының сипаттамасы бар беттерге сілтемелер
Мәзірдің 1-деңгейі/ автокөліктің жүйелері	Мәзірдің 2-деңгейі/ автокөлік жүйелерінің өзгертілетін баптаулары	Мәзірдің 3-деңгейі/ автокөлік жүйелерінің таңдалатын баптаулары			
Warning Volume (Ескерту сигналы дыбысының деңгейі)*	—	—	Max/Mid/Min (Максималды/ Орташа /Минималды)	Mid (Орташа деңгей)	EyeSight жүйесі туралы толық ақпарат алу үшінавтокөлікті пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың қосымшасын - "EyeSight жүйесін пайдалану жөніндегі нұсқаулықты" қараңыз.

- ЖАЛҒАСЫ –

Позициясы			Қолжетімді баптаулар	Дағдылық баптаулар	Автокөлікжүйелері жұмыстарының сипаттамасы бар беттерге сілтемелер
Мәзірдің 1-деңгейі/ автокөліктің жүйелері	Мәзірдің 2-деңгейі/ автокөлік жүйелерінің өзгертілетін баптаулары	Мәзірдің 3-деңгейі/ автокөлік жүйелерінің таңдалатын баптаулары			
EyeSight (if equipped) (EyeSight жүйесі (орнатылған болса))	Lead Vehicle Acquisition Sound (алдында келе жатқан автокөлікті қамтудың дыбыстық сигналы)	—	On / Off (Қос.)/Сөнд.)	On (Қос.)	Автокөлікті пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың қосымшасын - "EyeSight жүйесін пайдалану жөніндегі нұсқаулықты" қараңыз -
	Lead Vehicle Moving Monitor Function (Алда келе жатқан автокөлік қозғалысын бақылау функциясы)	—	On / Off (Қос.)/Сөнд.)	On (Қос.)	
	Cruise Control Acceleration Characteristics (Круиз-бақылау жүйесінің үдетілу сипаттамалары)*	—	Lv.4 (Dynamic)/Lv.3 (Standard)/ Lv.2 (Comfort)/Lv.1 (ECO) (Режим 4 (Динамикалық) / Режим 3 (Стандартты) / Режим 2 (Жайлы) / Режим 1 (Үнемді))	Lv.3 (Standard) (Режим 3 (Стандартты))	
	EyeSight Assist monitor (EyeSight жүйесінің қосалқы мониторы)	EyeSight Assist Monitor Red indicator (EyeSight жүйесінің қосалқы мониторының қызыл индикаторы)	On / Off (Қос.)/Сөнд.)	On (Қос.)	
		EyeSight Assist Monitor Yellow indicator (EyeSight жүйесінің қосалқы мониторының сары индикаторы)	On / Off (Қос.)/Сөнд.)	On (Қос.)	
		EyeSight Assist Monitor Green indicator (EyeSight жүйесінің қосалқы мониторының жасыл индикаторы)	On / Off (Қос.)/Сөнд.)	On (Қос.)	

Позициясы			Қолжетімді баптаулар	Дағдылық баптаулар	Автокөліжүйелерінің жұмыстарының сипаттамасы бар беттерге сілтемелер
Мәзірдің 1-деңгейі/ автокөліктің жүйелері	Мәзірдің 2-деңгейі/ автокөлік жүйелерінің өзгертілетін баптаулары	Мәзірдің 3-деңгейі/ автокөлік жүйелерінің таңдалатын баптаулары			
	Select Drive on Left/ Drive on Right ("Негізгі" қозғалыс жолағын таңдау (сол/оң жақ жолақ бойынша қозғалыс)	HBA (if equipped) (Шамның алысқа түсірілетін жарығының ассистенті (егер орнатылған болса))	Drive on Left / Drive on Right (Сол/оң жақ жолақпен қозғалыс)	Drive on Left (RHD model)/ Drive on Right (LHD model) (Сол жақ жолақпен қозғалыс (оң жақтан басқарылатын модель)/Оң жақ жолақпен қозғалыс (сол жақтан басқарылатын модель)	3-98
		ADB (if equipped) (Шамның бейімді алысқа түсірілетін жарығының жүйесі (егер орнатылған болса))	Drive on Left / Drive on Right (Сол/оң жақ жолақпен қозғалыс)	Drive on Left (RHD model)/ Drive on Right (LHD model) (Сол жақ жолақпен қозғалыс (оң жақтан басқарылатын модель)/Оң жақ жолақпен қозғалыс (сол жақтан басқарылатын модель)	3-104
		ELK (Қозғалыс жолағын шұғыл ұстау жүйесі)	Drive on Left / Drive on Right (Сол/оң жақ жолақпен қозғалыс)	Drive on Left (RHD model)/ Drive on Right (LHD model) (Сол жақ жолақпен қозғалыс (оң жақтан басқарылатын модель)/Оң жақ жолақпен қозғалыс (сол жақтан басқарылатын модель)	Автокөлікті пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың қосымшасын - "EyeSight жүйесін пайдалану жөніндегі нұсқаулықты" қараңыз -
		ACC (Бейімделген круиз-бақылау жүйесі)	Drive on Left / Drive on Right (Сол/оң жақ жолақпен қозғалыс)	Drive on Left (RHD model)/ Drive on Right (LHD model) (Сол жақ жолақпен қозғалыс (оң жақтан басқарылатын модель)/Оң жақ жолақпен қозғалыс (сол жақтан басқарылатын модель)	

- ЖАЛҒАСЫ –

Позициясы			Қолжетімді баптаулар	Дағдылық баптаулар	Автокөлікжүйелері жұмыстарының сипаттамасы бар беттерге сілтемелер
Мәзірдің 1-деңгейі/ автокөліктің жүйелері	Мәзірдің 2-деңгейі/ автокөлік жүйелерінің өзгертілетін баптаулары	Мәзірдің 3-деңгейі/ автокөлік жүйелерінің таңдалатын баптаулары			
RAB (Артқа қарай жүру кезінде автоматты тежеу жүйесі) (егер орнатылған болса)	Sonar Audible Alarm (Сонар дыбыстық ескерту сигналы)	—	On / Off (Қос.)/Сөнд.)	On (Қос.)	7-86
	Automatic Braking (Автоматты тежеу)	—	On / Off (Қос.)/Сөнд.)	On (Қос.)	7-86
Vehicle Setting (Автокөліктің баптаулары)	Keyless Entry System (Есіктің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі)	Hazard Warning Flasher (if equipped) (Апаттық жарықтық синал (егер орнатылған болса))	On / Off (Қос.)/Сөнд.)	On (Қос.)	2-10
		Security Relocking (if equipped) (Қауіпсіздік мақсатында есіктерді қайта жабу (егер қарастырылған болса))	20 seconds/30 seconds/40 seconds/50 seconds/60 seconds/Off (20 секунд/30 секунд/40 секунд/50 секунд/60 секунд/Сөнд.)	30 seconds (30 секунд)	3-57
	Defogger (Артқы шынының жылытқыш)	—	15 minutes(15 минут) / Continuous (Үздіксіз жұмыс)	15 minutes (15 минут)	3-123
	Interior Light (Салонды жарықтандыру)	—	10 seconds/20 seconds/30 seconds/Off (10 секунд/20 секунд/ 30 секунд/ Сөнд.)	30 seconds (30 секунд)	6-3

Позициясы			Қолжетімді баптаулар	Дағдылық баптаулар	Автокөлікжүйелері жұмыстарының сипаттамасы бар беттерге сілтемелер
Мәзірдің 1-деңгейі/ автокөліктің жүйелері	Мәзірдің 2-деңгейі/ автокөлік жүйелерінің өзгертілетін баптаулары	Мәзірдің 3-деңгейі/ автокөлік жүйелерінің таңдалатын баптаулары			
	One-touch lane changer (Бір жанасқанда қозғалыс жолағын өзгерту көрсеткіші)	—	On / Off (Қос.)/Сөнд.)	On (Қос.)	3-106
	Door mirror setting (Сыртқы айна баптаулары)	Power Folding Door Mirrors (Жинайтын электр жетегі бар сыртқы айналар)	On / Off (Қос.)/Сөнд.)	On (Қос.)	3-58
		Reverse tilt-Down Mirrors (Артқа қарай жүргенде көлбеу иілу функциясы бар айналар)	On / Off (Қос.)/Сөнд.)	On (Қос.)	3-58
Default Settings (Дағдылық баптаулар)	—	—	No/Yes (Жоқ / Иә)	—	3-58

* Сіз қозғалыс кезінде осы параметрді қалыптастыра аласыз.

■ Дилер жүзеге асыратын функциялар мен реттеулер

SUBARU дилері Сіздің қалауыңызға сәйкес келесі позициялардың баптауларын өзгерте алады. Жақын жердегі SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

Позициясы	Функциясы	Ықтимал қондырғылар	Дағдылық баптаулар
Қашықтықтан басқару жүйесі (егер орнатылған болса)	Есіктерді таңдап ашу функциясы (жүргізуші есігін ашу)	Тек жүргізуші есігі / Барлық есіктер	Барлық есіктер*1 / Тек жүргізуші есігі * 2
	Есіктерді таңдап ашу функциясы (жүк арту бөлігінің есігін ашу)	Тек жүк арту бөлігінің есігі / Барлық есіктер	Барлық есіктер*1 / Тек жүк арту бөлігінің есігі* 2
Есік құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі	Есіктерді таңдап ашу функциясы (қашықтықтан басқару функциясы бар моделдерді қоса алғанда)*1	Қосулы/Сөндірулі	Сөндірулі
	Алдыңғы есіктердің шыныларын көтеру және түсіру функциясы (егер орнатылған болса)	Қосулы/Сөндірулі	Қосулы
Кілттердің жабылуын болдырмау (егер қарастырылған болса)	Кілттердің жабылуын болдырмау	Қосулы/Сөндірулі	Қосулы
Аккумуляторлық батареяның отыруын болдырмау функциясы	Аккумуляторлық батареяның отыруын болдырмау функциясы	Қосулы/Сөндірулі	Қосулы
Қауіпсіздік белдігінің тағылмағандығын ескерту сигналы	Қозғалыс кезіндегі дыбыстық ескерту сигналын беру	Қосулы/Сөндірулі	Қосулы
Жаңбыр қадағасы бар жел әйнегінің әйнегін тазартқыш	Шыны тазартқыштың іске қосылу аралығын автоматты түрде реттеу режімі	Жаңбыр қадағасы бойынша жұмыс режімі/ Көліктің жылдамдығына байланысты жұмыс режімі	Жаңбыр қадағасы бойынша жұмыс режімі
Шам жарығын автоматты түрде қосу/ өшіру	Шыны тазартқыштың шамдармен бірге автоматты түрде қосылуы/сөндірілуі	Қосулы/Сөндірулі	Қосулы
Шамды өшіруді кідірту функциясы	Жұмыс кезеңі	СӨНД./30 секунд/ 60 секунд/ 90 секунд	30 секунд

Позициясы	Функциясы	Ықтимал қондырғылар	Дағдылық баптаулар
Артқа жүру берілісін қосу кезінде автоматты түрде қосылатын артқы шынының тазартқышы	Артқа жүру берілісін қосу кезінде автоматты түрде қосылатын артқы шынының тазартқышы	Қосулы/Сөндірулі	Қосулы
Аспаптар жарығының жарықтығын реттеуді автоматты түрде өшіру (егер қарастырылған болса)	Аспаптар жарықтығын автоматты түрде ажыратуды іске қосу сезімталдығы	СӨНД./ Минималды/Төмен/Орташа/ Жоғары/Максималды	Орташа
Шамның алысқа түсірілетін жарығы ассистентінің функциясы (егер қарастырылған болса)	Шамның алысқа түсірілетін жарығы ассистентінің функциясы	Қосулы/Сөндірулі	Қосулы
Жүк арту бөлігінің есіктерін ашу және жабу функциясы электр жетегімен	Қашықтықтан басқару/қашықтықтан қол жеткізу кілтінің көмегімен электр жетегі бар жүк арту бөлігінің есіктерін ашу және жабу	Қосулы/Сөндірулі	Қосулы
Шұғыл тежеу сигналы	Шұғыл тежеу сигналы функциясы	Қосулы/Сөндірулі	Қосулы
Артқа қарай қозғалғанда сыртқы айналардың көлбеу иілу функциясы	Сыртқы айнаны басқару	Екі жағында/Алдыңғы жолаушы жағында ғана	Тек алдыңғы жолаушы жағында
	Соңғы қалыпты сақтау функциясы	Қосулы/Сөндірулі	Сөндірулі
Электр жетегі бар сыртқы айналарды жинау функциясы	Ашу уақытын таңдау функциясы	Оталдыру құлпының қалпы "ACC" / есіктерді ашу	Есіктерді ашу

*1 Қос бекіту жүйесі жоқ моделдер үшін қолданылады.
*2 Қос бекіту жүйесі бар моделдер үшін қолданылады.

Орындықтар, қауіпсіздік белдіктері мен жастықтары

Алдыңғы орындықтар 1-3
- Қолша реттегіштері бар орындықтар (егер орнатылған болса) 1-5
- Электр жетегі бар реттеуішті орындық (егер орнатылған болса) 1-6
- Бас тіреуішті реттеу.....1-11

Орындықтарды жылыту (егер орнатылған болса).....1-12
- Алдыңғы орындықтарды жылыту (егер орнатылған болса) 1-13
- Артқы орындықтарды жылыту (егер орнатылған болса). 1-14

Артқы орындықтар.....1-14
- Шынтақ тіреуіш (егер орнатылған болса) 1-15
- Бас тіреуішті реттеу.....1-15
- Артқы орындықтардың арқаларын бүктеу.....1-17
- Орындықтың арқасын еңкейту (егер қарастырылған болса). 1-20

Қауіпсіздік белдіктері 1-21
- Қауіпсіздік белдіктерін қауіпсіз пайдалану бойынша ұсыныстар 1-21
- Апаттық бұғаттауыштары бар қауіпсіздік белдіктерінің кергіштері (ELR)..... 1-22
- Апаттық жағдайда қауіпсіздік белдіктерінің бұғаттауыштары / автоматты бұғаттауыштары (ALR/ELR) (егер орнатылған болса)..... 1-23
- Қауіпсіздік белдіктерінің тағылмағандығы туралы жарықтық және дыбыстық ескерту сигналдары..... 1-23
- Қауіпсіздік белдігін қалай тағу керек.....1-24
- Қауіпсіздік белдіктеріне техникалық қызмет көрсету 1-31

Қауіпсіздік белдіктерінің керме бөлшектері 1-31

Иық және белдік белбеуі бар қауіпсіздік белдігінің керме бөлшектері 1-32

Иық белбеуінің керме бөлшегі бар қауіпсіздік белдігі 1-34

Жүйенің жағдайын бақылау 1-35

Жүйеге техникалық қызмет көрсету 1-35

Автокөлікті қайта жабдықтау кезіндегі сақтық шаралары 1-36

Балаларды ұстап тұратын құрылғылар 1-36
- Аустралияға арналған моделдерде пайдалану.....1-36
- Сақтық шаралары.....1-36
- Балаларды ұстап тұратын құрылғыларды орнату барысындағы қауіпсіздік бойынша ұсынымдар 1-38
- Балаларды ұстап тұратын құрылғыларын орнату орындары 1-39
- Балаларды ұстап тұратын құрылғыларын таңдау .1-41
- Тек қана алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосылуын/сөндірілуін бақылау шамы бар моделдер үшін
- Балаларды ұстап тұратын құрылғыларды алдыңғы жолаушының орындығына орнату барысында 1-47
- Тек қана алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосылуын/сөндірілуін бақылау шамы жоқ моделдер үшін
- Балаларды ұстап тұратын құрылғыларды алдыңғы жолаушының орындығына орнату барысында 1-49
- Балаларды ұстап тұратын құрылғыларын қауіпсіздік белдігінің көмегімен орнату.....1-51
- Қосымша балалар орындығын орнату.....1-57
- Балаларды ұстап тұратын құрылғыны ISOFIX бекіткіш қапсырмасымен орнату 1-59

Балаларды ұстап тұратын құрылғының жоғарғы бекіту тораптарының орналастырылуы 1-62
SRS* Қауіпсіздік жастықтары (қосымша ұстау жүйесінің қауіпсіздік жастықтары)..... 1-63
Қауіпсіздік жастықтары жүйесіне қатысты жалпы сақтық шаралары..... 1-64
Компоненттері 1-74
Қауіпсіздік жастықтары..... 1-78
Жүйенің жұмысы..... 1-85
Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің күйін бақылау 1-96
Қауіпсіздік жастықтары жүйесіне техникалық қызмет көрсету..... 1-98
Автокөлікті қайта жабдықтау кезіндегі сақтық шаралары 1-99

Алдыңғы орындықтар

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Қозғалыс барысында орындықты реттеуді жүзеге асыруға тыйым салынады, өйткені бұл автокөлікті басқару қабілетін жоғалтып алуға немесе жарақат алуға әкеліп соқтыратын болады.**
- **Алдыңғы орындықты реттеу алдында жүктің, сондай-ақ артында отырған жолаушылардың қолдары мен аяқтарының реттеу механизмдерінің жұмысына кедергі келтірмейтініне көз жеткізіңіз.**
- **Орындықты реттегеннен кейін, орындықтың мұқият бекітілгендігіне көз жеткізу үшін оны алға және артқа жылжытыңыз. Егер орындық бекітілмеген болса, ол өз орнынан сырғып кетеді. Сонымен қатар, бұл қауіпсіздік белдігінің дұрыс жұмыс істемеуіне әкелуі мүмкін.**
- **Алдыңғы орындықтардың астына ешқандай заттарды қоймаңыз. Олар алдыңғы орындықтардың бұғаттауыш тетіктеріне кіріп, апатқа ұшыратуы ықтимал.**
- **Орындықта отырған адамның арқасы орындықтың тік қалыпқа келтірілген арқалығына қойылған кезде қауіпсіздік белдігі барынша тартылатын болады. Соқтығысу кезінде қауіпсіздік белдігінен сырғып шығып кету қаупін төмендету үшін қозғалыс барысында алдыңғы орындықтың арқалықтары әрқашан тік қалыпта болуы тиіс. Егер алдыңғы орындықтардың арқалары шалқайтылған болса, онда соқтығысу жағдайында дене қауіпсіздік белдігінен сырғып кетуі мүмкін немесе белдік белбеуінің құрсақ қуысына, жоғары қарай сырғып кету қаупі артады. Екі жағдайда да ішкі ағзалардың ауыр зақымдануына немесе өлімге соқтыратын нәтиженің пайда болу қаупі туындайды.**
- **Қауіпсіздік жастығы қатты жылдамдықта және қатты күш әсерінің салдарынан ғана ашылады. Жүргізушінің немесе жолаушының дұрыс отырмауы қауіпсіздік жастығы ашылған кезде ауыр жарақаттарға ұшыратын себеп болуы мүмкін.**

Қауіпсіздік жастығын ашу үшін біраз орын қажет, сондықтан жүргізуші рөл дөңгелегін барынша алыс, бірақ автокөлікке толық бақылау жасауды қамтамасыз ете отырып, орындықтың арқасына қарай тығыздала отыруы керек, бірақ бұл ретте автокөлікті толық бақылауы тиіс. Алдыңғы орындықтың жолаушысы өз орындығын мүмкіндігінше артқа қарай жылжытқаны және тігінен, орындықтың арқасына қарай тығыздала отырғаны жөн.



100082


- ЖАЛҒАСЫ –

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Жасы 12 және одан кіші, бойы 1,5 м және одан аласа бойлы балаларды үнемі АРТҚЫ орындықта тасымалдау керек. Оның үстіне олардың қалыптары арнайы балаларды ұстап тұратын құрылғы көмегімен немесе штаттық қауіпсіздік белдіктерімен бекітілуі тиіс. Қауіпсіздік жастықтары өте тез жылдамдықпен және үлкен күштің салдарынан ашылады, бұл жасы 12 және одан да кіші, ал бойы 1,5 м және одан аласа бойлы балаларды тасымалдау барысында бекітілмеген болса немесе нашар бекітілген болса олардың жарақаттануына және кейбір жағдайларда тіпті қайтыс болуына әкеліп соқтыруы мүмкін. Балалар ересектерге қарағанда әлсіз және салмақтары жеңіл болып келеді, сондықтан оларға қауіпсіздік жастықтары ашылған кезде төнетін қауіп те басым.


Арнайы балаларға арналған ұстап тұратын құрылғылардың БАРЛЫҚ түрлері (балаларды алдыға қаратып отырғызуға арналған креслоларды қоса алғанда) әрқашан АРТҚЫ орындықта мұқият бекітілуі тиіс. БАЛАЛАР КРЕСЛОСЫН ЕШҚАШАН АЛДЫҢҒЫ ОРЫНДЫҚҚА ОРНАТПАҢЫЗ. БҰЛ РЕТТЕ БАЛАНЫҢ БАСЫ ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҒЫНА ТЫМ ЖАҚЫН ОРНАЛАСАДЫ, АЛ БҰЛ ЖАРАҚАТ АЛУ ЖӘНЕ ТІПТІ ӨЛІМГЕ ҰШЫРАУ ҚАУПІН АРТТЫРАДЫ.

Автокөлік оқиғаларының статистикасына сәйкес, баланы алдыңғы орындықта емес, артқы орындықта орналастырған кезде орын алған жарақаттану оқиғалары айтарлықтай төмен. Балаларды ұстап тұратын құрылғыларға қатысты нұсқаулық және сақтық шаралары "Балаларды ұстап тұру құрылғылары" бөлімінде берілген ☞1-36.



⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Соқтығысу кезінде жолаушының қауіпсіздік белдігінен сырғып кетуіне жол бермеу үшін автокөліктің қозғалысы барысында орындықтың арқасының үнемі тік күйде болуы тиіс. Сонымен қатар, ешқашан жолаушының арқасына жастық немесе басқа да ұқсас заттарды салмаңыз. Бұндай жағдайда қауіпсіздік белдігінің астына дененің сырғып кетуі немесе оның құрсақ қуысына қарай, жоғары жылжып кету қаупі артады. Екі жағдайда да ішкі мүшелердің ауыр жарақаттану немесе өлімге ұшырау қаупі артады.




⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Артқы орындықтардың жолаушыларының аяқтарын алдыңғы орындықтың арқалықтарының арасында және алдыңғы орындықтағы жастық арасында ұстауына жол бермеңіз. Бұл төменде көрсетілген жүйелердің дұрыс жұмыс жасамауына, сондай - ақ ауыр жарақатқа әкеліп соқтыратын болады.

- **Жолаушының отыруын анықтау жүйесі (егер орнатылған болса).**
- **Бүйіріндегі қауіпсіздік жастықтары (егер орнатылған болса).**
- **Орындықтарды жылытқыш (егер орнатылған болса).**
- **Электр жетекті реттеуіші бар орындықтар (егер орнатылған болса).**


■ Қолша реттегіштері бар орындықтар (егер орнатылған болса)

▼ Орындықтың ұзына бойғы қалпын реттеу



Иінтіректі жоғары тартыңыз және орындықты Сіз үшін ыңғайлы қалыпқа келтіріңіз. Содан кейін иінтіректі босатып, орындықты алға және артқа жылжытыңыз, осылайша орындықтың жаңа қалыпта мұқият бекітілгендігіне көз жеткізіңіз.

▼ Орындық арқасының көлбеу бұрышын реттеу




Орындықтың арқасының бұрышын бекітетін иінтіректі тартыңыз, жоғары көтеріңіз және арқалығын Сіз үшін ыңғайлы қалыпқа келтіріңіз. Содан кейін иінтіректі босатыңыз және арқалығының мұқият бекітілгендігіне көз жеткізіңіз.

Егер орындықтың арқасы көлбеу қалыпты болса, онда Сіз иінтіректі тартқанда, ол күшпен артқа қарай серпілуі мүмкін, содан кейін тік қалпына қайтып оралады. Егер сіз арқалықты қайтадан тік қалыпқа келтіргіңіз келсе, иінтіректі іске қоса отырып арқалықты бірқалыпты жылжыту үшін демеп тұрыңыз.

- ЖАЛҒАСЫ –

▼ Жүргізуші орындығының биіктігін реттеу




1) Иінтіректі басқанда орындық түсіріледі.
2) Иінтіректі көтерген кезде орындық көтеріледі.

Орындықтың биіктігі орындықтың жастығын қайта реттеу иінтірегін жоғары және төмен жылжыту арқылы реттеледі.


■ Электр жетегі бар реттеуішті орындық (егер орнатылған болса)

▼ Жүргізушінің орындығы



1) **Орындықтың бойлық орналасуын реттейтін ажыратып-қосқыш**
Орындықтың ұзына бойы орналасуын реттеу үшін реттеуіштің ажыратып-қосқышын алға немесе артқа жылжытыңыз. Орындықтың бойлап орналасуын реттеу кезінде жастықтың еңіс бұрышын немесе орындықтың биіктігін реттей алмайсыз.
2) **Орындық жастығының көлбеу бұрышын реттеуді ажыратып-қосқыш**
Орындық жастығының көлбеу бұрышын реттеу үшін жоғары тартыңыз немесе реттеуіштің ажыратып-қосқышының алдыңғы жағын басыңыз.
3) **Орындықтың биіктігін реттеуді ажыратып-қосқыш**
Орындықтың биіктігін реттеу үшін жоғары тартыңыз немесе реттеуіштің ажыратып- қосқышының артқы жағына басыңыз.
4) **Орындық арқалығының көлбеу бұрышын реттеуді ажыратып-қосқыш**
Орындықтың арқасының көлбеу бұрышын реттеу үшін реттеуіштің ажыратып-қосқышын жылжытыңыз.

▼ Алдыңғы жолаушының орындығы



1) **Орындықтың бойлық орналасуын реттейтін ажыратып-қосқыш**
Орындықтың ұзына бойы орналасуын реттеу үшін реттеуіштің ажыратып-қосқышын алға немесе артқа жылжытыңыз.
2) **Орындық жастығының көлбеу бұрышын реттеуді ажыратып-қосқыш**
Орындық жастығының көлбеу бұрышын реттеу үшін

жоғары тартыңыз немесе реттеуіштің ажыратып-қосқышының алдыңғы жағын басыңыз.

3) **Орындықтың биіктігін реттеуді ажыратып-қосқыш**
Орындықтың биіктігін реттеу үшін жоғары тартыңыз немесе реттеуіштің ажыратып- қосқышының артқы жағына басыңыз.
4) **Орындық арқалығының көлбеу бұрышын реттеуді ажыратып-қосқыш**
Орындықтың арқасының көлбеу бұрышын реттеу үшін реттеуіштің ажыратып-қосқышын жылжытыңыз.

▼ Орындықтың қалпын жадта сақтау функциясы (жүргізуші орындығы — егер қарастырылған болса)

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Қозғалыс барысында орындықты реттеуді жүзеге асыруға тыйым салынады, өйткені бұл автокөлікті басқару қабілетін жоғалтып алуға немесе жарақат алуға әкеліп соқтыратын болады.**
- **Орындықты реттеу алдында жүктің, сондай - ақ артында отырған жолаушылардың қолдары мен аяқтарының реттеу механизмдерінің жұмысына кедергі келтірмейтініне көз жеткізіңіз.**
- **Қозғалыс кезінде орындықтың орнын қалпына келтіруге тыйым салынады, бұл автокөлікті басқару қабілетін жоғалтуға және жарақат алуға әкелуі мүмкін.**
- **Сапар алдында орындықты қалпына келтіріп алыңыз. Орындықтың қалпын реттеу алдында селектор иінтірегінің "P" қалпына, ал автокөліктің тұрақ тежегішіне қойылған-дығына көз жеткізіңіз. Орын-дықтың қалпын қалпына келтіру процесі аяқталғанша қозғалысты бастамаңыз.**
- **Орындықтың қалпын қалпына келтіру кезінде артындағы жолаушылардың қолдары мен аяқтарының және олардың заттарының реттеу тетіктерінің жұмысына кедергі келтірмейтініне көз жеткізіңіз.**
- **Егер орындықтың позициясын қалпына келтіру кезінде қандай да бір ерекше жағдайлар немесе ақаулар пайда болса, мынадай әрекеттердің бірін орындай отырып, орындықты қалпына келтіруді тоқтатыңыз.**

– Орындықтың қалпын реттеуіштердің ауыстырып-қосқышының кез келген түймесін басыңыз.

– "SET" түймесін басыңыз.

– "1" немесе "2" түймесін басыңыз.

– Сыртқы айналардың электрлік жетегінің қосқышын іске қосыңыз.

Орындықтардың кейбір қалыптары мен сыртқы айналардың көлбеу бұрышы сақталуы мүмкін. Қалпын жадта тіркеуді "1" немесе "2" түймелерін басу арқылы немесе қашықтықтан басқару салпыншағының әрқайсысы арқылы жүзеге асыру керек (егер бар болса), содан кейін жадта тіркелген күйге келтіру


- ЖАЛҒАСЫ –

Жадта мынадай қалыптарды тіркеуге болады.


- Орындықтың ұзына бойы орналастырылған жағдайы.
- Орындықтың арқасының еңіс бұрышы.
- Орындық жастығының еңіс бұрышы.
- Орындықтың биіктігі.
- Сыртқы айналардың көлбеу бұрышы.

▽ "1" немесе "2" түймелерінің көмегімен жадта қалыптарын тіркеу

1. Жадта сақталған қалыптарды мынадай жағдайларда реттеңіз.
   - Тұрақ тежегіші қосылған.
   - Оталдыру құлпы "LOCK"/"OFF" қалпында.
   - Селектор иінтірегі "P" қалпында.



Сол жақтан басқарылатын моделдер




Оң жақтан басқарылатын моделдер

2. Орындықтың қалпын жадта сақтау үшін "SET" түймесін басып, ұстап тұрыңыз, содан кейін "1" немесе "2" түймесін басыңыз.


Қалпының жадта сақталғандығын білдіретін бір рет дыбыстық сигнал беріледі.

▽ Қалпын жадта тіркеу - қашықтықтан басқару салпыншағының көмегімен (егер қарастырылған болса)

1. Жадта сақталған қалыптарды мынадай жағдайларда реттеңіз.
   - Тұрақ тежегіші қосылған.
   - Оталдыру құлпы "LOCK"/"OFF" қалпында.
   - Селектор иінтірегі "P" қалпында.



Сол жақтан басқарылатын моделдер



Оң жақтан басқарылатын моделдер


2. Қашықтықтан басқару салпыншағын ұстап тұрып, "SET" түймесін басыңыз да, басулы күйде ұстап тұрыңыз. Қашықтықтан басқару салпыншағындағы "" түймесін басыңыз.

Қалпының жадта сақталғандығын білдіретін бір реттік дыбыстық сигнал беріледі.


▽ **Жадтан "1" немесе "2" түймелерінің көмегімен тіркелген жағдайды қалпына келтіру**

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Жадтан қалыпқа келтіру барысында талап етілетін қалып тағайындалған түймені басатындығыңызға көз жеткізіңіз. Егер орындықтың белгіленген қалпы Сіз үшін ең қолайлы қалып болып табылмаса, бұл автокөлікті басқаруға қолайсыз әсер етуі және қауіпсіздік белдігінің жұмысының тиімділігін төмендетуге әкелуі мүмкін. Апат кезінде бұл ауыр жарақаттарға немесе өлімге әкеліп соғуы мүмкін.



Сол жақтан басқарылатын моделдер



Оң жақтан басқарылатын моделдер

1. Оталдыру құлпын "ON" қалпына ауыстырыңыз.
2. Селектор иінтірегін "P" қалпына ауыстырыңыз және тұрақтық тежегішті қосыңыз. "1" немесе "2" түймесін басыңыз.

Дыбыс сигналы беріліп, орындықтар мен сыртқы айналарды тіркелген қалыпқа келтіру басталады.

ЕСКЕРТПЕ


- **Егер функция ұзақ уақыт бойы үздіксіз пайдаланылса, орындықтың қалпына келтірілген жағдайы ауытқуы мүмкін.**
- **Егер Сіз тіркелген орындықты реттеуді кез келген бағытта реттеудің барынша ықтимал шеткі қалпында болған кезде сол бағытқа қарай жалғастыруға тырыссаңыз, орындықтың қалпына келтірілген жағдайы ауытқуы мүмкін.**
- **Егер түйме үшін жаңа қалып тіркелсе, алдыңғы тіркелген қалпы жадтан жойылады.**
- **Автокөліктің аккумуляторлық батареясы ажыратылған кезде жадында тіркелген жалғану туралы деректер жойылмайды.**
- **Егер "1" немесе "2" түймесі жүргізуші есігі ашылғаннан кейін 45 секунд ішінде басылса, онда жадында тіркелген қалып-**

- ЖАЛҒАСЫ –

ты алдыру құлпы "LOCK" немесе "OFF" күйінде болған жағдайда да қалпына келтіруге болады.

▽ Қашықтықтан басқару салпыншағы арқылы тіркелген жағдайда жадтан қалпына келтіру (егер қарастырылған болса)

1. Қашықтықтан басқаратын тіркелген салпыншақты алыңыз.



2. "🔓" түймесін басып жүргізуші есігін айқарыңыз немесе есіктің тұтқасынан ұстаңыз.
3. Жүргізуші есігін ашыңыз. Дыбыс сигналы беріліп, орындықтар мен сыртқы айналарды тіркелген қалыпқа келтіру басталады.

ЕСКЕРТПЕ

- **Егер функция ұзақ уақыт бойы үздіксіз пайдаланылса, орындықтың қалпына келтірілген жағдайы ауытқуы мүмкін.**
- **Егер Сіз тіркелген орындықты реттеуді кез келген бағытта реттеудің барынша ықтимал шеткі қалпында болған кезде сол бағытқа қарай жалғастыруға тырыссаңыз, орындықтың қалпына келтірілген жағдайы ауытқуы мүмкін.**
- **Егер тіркелген қалып жоғарыда сипатталған әрекеттерді орындағаннан кейін де қалпына келтірілмесе, мынадай әрекеттерді жасауға тырысыңыз.**
  (1) Жүргізушінің есігіндегі "SET" түймесін басыңыз.
  (2) Қашықтықтан басқару салпыншағындағы "🔓" түймесін немесе есіктерді құлыптау түймесін есіктерді жабу үшін басыңыз.
  (3) Жоғарыда сипатталған әрекеттерді қайта орындаңыз.
- **Егер қашықтықтан басқару функциясы ажыратылған болса, онда жүргізуші есігінің тұтқасынан қолмен ұстай отырып тіркелген жағдайды қалпына келтіруге болмайды. Дегенмен, мұндай жағдайда жадта сақталған қалыпты қашықтықтан басқару салпыншағындағы "🔒" түймесін басу арқылы қалыпқа келтіруге болады. Қашықтықтан басқару функциясын қосу/ажырату тәртібі туралы ақпарат алу үшін "Қашықтықтан басқару функциясын өшіру" бөлімін қараңыз ☞2-16.**
- **Егер қашықтықтан басқару салпыншағы үшін жаңа қалып тіркелсе, онда алдыңғы тіркелген қалып жадтан жойылады.**

▽ Қашықтықтан басқару салпыншағының көмегімен жадта тіркелген қалыпты өшіру (егер қарастырылған болса)

1. Жүргізуші есігін жабыңыз.
2. Қолыңызда қашықтықтан басқару салпыншағын ұстап тұрыңыз және "SET" түймесін басыңыз, қашықтықтан басқару салпыншағындағы "🔒" түймесін басыңыз.

Тіркелген қалыптың өшірілгендігін растайтын дыбыс сигналы беріледі.

■ Бас тіреуішті реттеу

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Бас тіреуіші алынып тасталған автокөлікті ешқашан жүргізбеңіз. Олар автокөліктің артынан соққы жасалған жағдайларда мойынның қатты жарақат алу қаупін төмендетуге арналған. Сонымен қатар, ешқашан бас тіреуіштерді кері бағытта таңдамаңыз. Бұл бас тіреуіштердің тиісінше іске қосылуына кедергі келтіруі мүмкін. Осыған байланысты, егер Сіз бас тіреуіштерді алып тастаған болсаңыз, Сіз автокөліктегі жолаушыларды қорғау үшін оларды өз орнына дұрыс орнатуыңыз керек.**
- **Апат кезінде мойынның зақымдану қаупін азайту мақсатында бас тіреуіштер тиісінше орнатылмайынша жүргізушінің автокөлікті басқармауы керек, ал жолаушылардың автокөлік орындығына отырмауы керек.**


- **Алдыңғы орындықтардың бас тіреуіштері алдыңғы орындықтарға ғана бекітуге арналған. Артқы орындықтардың бас тіреуіштері артқы орындықтарға ғана бекітуге арналған. Алдыңғы орындықтардың бас тіреуіштерін артқы орындықтарға немесе артқы орындықтардың бас тіреуіштерін алдыңғы орындықтарға орнатуға тырыспаңыз.**

Жүргізуші мен алдыңғы жолаушының орындықтарының бас тіреуіштері келесі бағыттарда реттеледі.

ЕСКЕРТПЕ

Көлбеу бұрышын тек алдыңғы орындықтарда реттеуге болады. Алдыңғы орындықтардың бас тіреуішін орнату кезінде бас тіреуіштердің көлбеу бұрышын реттеу мүмкін екеніне көз жеткізіңіз.

▼ Бас тіреуішті биіктігі бойынша реттеу



1) Бас тіреуіш.
2) Бекіткіштің түймесі.
3) Алу түймесі.

Бас тіреуішті көтеру үшін


- Шеткі төменгі қалпынан 1-деңгейге дейін
  Бас тіреуішті жоғары тартыңыз.
- 1-деңгейден 3- деңгейге дейін
  Орындықтың арқасының жоғарғы жағында орналасқан бекіткіштің түймесін басулы күйде ұстай отырып бір мезетте бас тіреуішті жоғары қарай тартыңыз.

Бас тіреуішті түсіру үшін Орындықтың арқасының жоғарғы жағында орналасқан бекіткіштің түймесін басулы күйде ұстап тұрып, бас тіреуішті төмен қарай тартыңыз.

- ЖАЛҒАСЫ –

Бас тіреуішті алу үшін
Кілттің немесе басқа да қатты, үшкір заттың көмегімен бекіткішті басыңыз да, бас тіреуішті суырып алыңыз.


Бас тіреуішті орнату үшін Бас тіреуіш бекітілгенге дейін оны орындықтың арқасының жоғарғы жағында орналасқан тесікке салыңыз.



Әрбір бас тіреуіштің биіктігінің ортасы орындықта отырған адамның құлағының жоғарғы бөлігінің деңгейінде болатындай етіп реттелуі тиіс.

▼ **Бас тіреуішті көлбеу бұрышы бойынша реттеу**

Бас тіреуіштің көлбеу бұрышын бірнеше қадаммен реттеуге болады. Жүргізу үшін қажетті қалыпты сақтай отырып, бас тіреуішті Сіздің басыңыздың артқы жағы бас тіреуішке мүмкіндігінше жақын орналасатындай етіп реттеңіз.



Бас тіреуішті еңкейту үшін Бас тіреуішті қажетті жағдайға дейін қолша еңкейтіңіз. Бас тіреуіш бекітілген кезде сырт еткен дыбыс естіледі.

Бас тіреуішті тік қалпына қайтару үшін
Бас тіреуішті барынша мүмкін қалыпқа дейін еңкейтіңіз. Бас тіреуіш автоматты түрде тік қалыпқа оралады. Содан кейін қалауыңыз бойынша қажетті бұрышқа дейін реттеңіз.

Орындықтарды жылыту (егер орнатылған болса)

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ


- **Орындықтарды жылытқышты ұзақ уақыт бойы пайдалану кезінде, тіпті қоршаған ортаның температурасы төмен болғанда да, терісі сезімтал адамдар жеңіл күйік алуы мүмкін. Егер жолаушылар орындықтарды жылытқышты пайдаланғысы келсе, оларға осы жағдай туралы ескерту жасаңыз.**
- **Орындыққа көрпе, жастықтарды және басқа да жылуды оқшаулайтын заттарды салуға болмайды.Бұл орындықты жылытқыш элементтің қызуына әкелуі мүмкін.**
- **Орындық жеткілікті шамаға дейін жылытылған болса немесе Сіз автокөліктен түссеңіз, орындықтың жылытқышының сөндірілгеніне көз жеткізіңіз.**

ЕСКЕРТПЕ


Орындықты жылытқышты ұзақ уақыт бойы қосу кезінде аккумулятор батареясының бәсеңдеуінің мүмкін екенін ескеру қажет.

■ Алдыңғы орындықтарды жылыту (егер орнатылған болса)

Орындықтарды жылытқыш оталдыру құлпы "ACC" немесе "ON" күйінде болғанда ғана жұмыс істейді.



Сол жақтан басқарылатын моделдер



Оң жақтан басқарылатын моделдер

1) HIGH - Орындықты тез жылыту режімі.
2) LOW - Орындықты қалыпты жылыту режімі.
3) Сөндірулі.
A) Сол жағы.
B) Оң жағы.

Орындықты жылытуды қосу үшін қажетті жылыту температурасына байланысты ауыстырып-қосқышты "LOW" немесе "HIGH" күйіне келтіріп басыңыз.
"HIGH" қалпын таңдау орындықты жылдам қыздырады.


Орындықты жылытуды өшіру үшін ажыратып-қосқыштың ағымдағы күйіне қарама - қарсы жағына қарай сәл басыңыз.

Жылытқышты қосқан кезде оның ауыстырып-қосқышында орналасқан индикатор жанады. Автокөліктің салоны тиісінше жылытылғаннан кейін немесе автокөліктен шыққанда орындықтарды жылытқыштың ауыстырып-қосқышының сөндірілгендігіне көз жеткізіңіз.

- ЖАЛҒАСЫ –


■ Артқы орындықтарды жылыту (егер орнатылған болса)

Орындықтарды жылытқыш оталдыру құлпы "ON" күйінде болғанда ғана жұмыс істейді.



1) "HIGH" режімінің бақылау шамы.
2) "LOW" режімінің бақылау шамы.
A) Сол жағы.
B) Оң жағы.

Артқы орындықтарды жылытқышты қосу үшін артқы орындықтарды жылытқыштың ауыстырып-қосқышын басыңыз. Содан кейін, қалауыңыз бойынша, температураға байланысты "HIGH" немесе "LOW" режімін таңдаңыз. Ауыстырып-қосқышты аз уақытқа басқан сайын режім былайша өзгеретін болады.




Егер "LOW" режімі таңдалса, артқы орындықтарды қыздырғыштың ауыстырып-қосқышындағы "LOW" режімінің бақылау шамы қосылады. Егер "HIGH" режімі таңдалса, екі "LOW" және "HIGH" режімдерінің бақылау шамдары қосылады. Егер сөндіру режімі таңдалған болса, барлық бақылау шамдары сөндіріледі.

"HIGH" режімін таңдау орындықты жылдам қыздырады.

ЕСКЕРТПЕ

Тек алдыңғы орындықтарды жылытқыштың ауыстырып-қосқыштары қозғалтқышты қайта іске қосқаннан кейін де алдыңғы қалыпты сақтайды. Артқы орындықты жылытқыштың ауыстырып-қосқышы бастапқы қалпына түсіріледі.


Артқы орындықтар



⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Орындықта отырған адамның арқасы орындықтың тік қалыпқа келтірілген арқасына қойылған кезде қауіпсіздігінің белдігі барынша тартылатын болады. Жолаушының және орындықтың арқасының немесе орындықтың жастығының арасында жастық немесе басқа да заттарды салмаңыз. Бұндай жағдайда қауіпсіздік белдігінің астына дененің сырғып кетуі немесе оның құрсақ қуысына қарай жоғары жылжып кету қаупі артады.


Екі жағдайда да ішкі ағзалардың ауыр зақымдануына немесе өлімге соқтыратын қауіп туындайды.



⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Тасымалданатын жолжүк немесе басқа да жүктер орындықтың арқасынан жоғары орналастырылмауы тиіс, себебі ол кенеттен тоқтағанда немесе апат кезінде алға құлап, жолаушыларға жарақат келтіруі мүмкін.

■ Шынтақ тіреуіш (егер орнатылған болса)



Шынтақ тіреуішті төмен түсіру үшін, оның жоғарғы шетінен төмен қарай

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Ауыр жарақаттарды болдырмау үшін жолаушыға ортаңғы шынтақ тіреуішке отыруына жол бермеңіз.**
- **Қауіпсіздік белдігін пайдаланған кезде оның шынтақ тіреуіші арқылы өтуіне жол бермеңіз. Әйтпесе, қауіпсіздік белдігі апаттық жағдай үшін қарастырылған функцияны атқара алмайды, бұл ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін.**

■ Бас тіреуішті реттеу

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


- **Бас тіреуіші алынып тасталған автокөлікті ешқашан жүргізбеңіз. Олар автокөлік артқы жағынан соққы алған жағдайда мойынның жарақат алу қаупін төмендетуге арналған. Осыған байланысты, егер Сіз бас тіреуіштерді алып тастаған болсаңыз, Сіз автокөліктегі жолаушыларды қорғау үшін оларды өз орнына дұрыс орнатуыңыз керек.**
- **Апат кезінде мойынның зақымдану қаупін азайту мақсатында бас тіреуіштер тиісінше орнатылмайынша жүргізуші автокөлікті басқармауы керек, ал жолаушылардың автокөлік орындығына отырмауы керек.**

- ЖАЛҒАСЫ –


▼ Бүйірлік артқы орындықтар

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Бас тіреуіштің конструкциясында оны төменгі шеткі жағдайда пайдалану қарастырылмаған. Орындыққа отыру алдында бас тіреуішті жоғары қарай көтеріңіз.



1) Бас тіреуіштің жұмыс істемейтін қалпы (бас тіреуіш төменгі шеткі қалыпта).
2) Бас тіреуіш жұмыс жағдайына келтірілген (жоғарғы қалыпқа көтеріледі).



1) Бас тіреуіш.
2) Бекіткіштің түймесі.

Бас тіреуішті көтеру үшін
Бас тіреуішті жоғары тартыңыз.

Бас тіреуішті түсіру үшін
Орындықтың арқасының жоғарғы жағында орналасқан бекіткіштің түймесін басулы күйде ұстап тұрып, бас тіреуішті төмен қарай тартыңыз.

Бас тіреуішті алу үшін
Бекіткіштің түймесін басыңыз, содан кейін бас тіреуішті суырып алыңыз.


Бас тіреуішті орнату үшін Бас тіреуіш бекітілгенге дейін оны орындықтың арқасының жоғарғы жағында орналасқан тесікке салыңыз. Бас тіреуішті түсіру үшін бекіткіштің түймесін басып, ұстап тұрыңыз.

Орындықтар бос болған кезде артқы шолуды арттыру үшін бас тіреуішті төмен түсіріңіз.


▼ Ортаңғы артқы орындық

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Бас тіреуіштің конструкциясында оны төменгі шеткі жағдайда пайдалану қарастырылмаған. Орындыққа отыру алдында бас тіреуішті жоғары қарай көтеріңіз.



1) Бас тіреуіштің жұмыс істемейтін қалпы (бас тіреуіш төменгі шеткі қалыпта).
2) Бас тіреуіш жұмыс жағдайына келтірілген (жоғарғы қалыпқа көтеріледі).



1) Бас тіреуіш.
2) Бекіткіштің түймесі.

Бас тіреуішті көтеру үшін
Бас тіреуішті жоғары тартыңыз.

Бас тіреуішті түсіру үшін Бекіткіштің босату түймесін басыңыз, содан кейін бас тіреуішті төмен басыңыз

Бас тіреуішті алу үшін
Бекіткіштің түймесін басыңыз да, бас тіреуішті суырып алыңыз.


Бас тіреуішті орнату үшін Бас тіреуіш бекітілгенге дейін оны орындықтың арқасының жоғарғы жағында орналасқан тесікке салыңыз. Бас тіреуішті түсіру үшін бекіткіштің түймесін басып, ұстап тұрыңыз.

Артқы ортаңғы орындық бос болған кезде артқы шолуды арттыру үшін бас тіреуішті төмен түсіріңіз.


■ Артқы орындықтардың арқаларын бүктеу

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Артқы орындықтардың арқаларын бүктеу барысында артқы орындықта жолаушының немесе басқа да заттардың жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Егер бұл талап орындалмаса, орындықтың арқасының күтпеген бүктелуі кезінде жарақат алу немесе мүлікті зақымдау қаупі туындайды.**
- **Жолаушыларды артқы арқасы бүктелген орындықта немесе жүк арту бөлігінде тасымалдамаңыз. Апат кезінде бұл ауыр жарақаттарға немесе өлімге әкеліп соғуы мүмкін.**
- **Жүктерді тасымалдау кезінде, әсіресе ұзын өлшемді заттарды тасымалдау барысында олар мұқият бекітілуі керек. Керісінше жағдайда кенеттен тежелу кезінде, рөл дөңгелегі шұғыл бұрылғанда немесе тез үдеу кезінде олар салонның ішіне лақтырылып, ауыр жарақаттарға ұшыратуы мүмкін.**
- **Сіз орындықтың арқасын бастапқы қалпына келтірген кезде бекіткіштің түймесіндегі бекітілмеген қалыптың белгісі көрінбейтіндігіне көз жеткізіңіз. Сонымен қатар, бекітілуінің сенімділігіне көз жеткізу үшін орындықтың арқасын алға қарай және артқа қарай сәл еңкейтіңіз. Егер орындықтың арқасы сенімді бекітілмесе, ол кенеттен тежелуден немесе заттардың жүк арту бөлігіндегі заттардың сырғуы нәтижесінде ауыр жарақаттарға немесе өлімге соқтыруы мүмкін.**



- ЖАЛҒАСЫ –



1) Бекіту ілмегі.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


Орындықтың арқасын бастапқы қалыпқа қайтарған кезде, келесі сақтық талаптарын орындаңыз. Олардың сақталмауы ауыр жарақатқа немесе апатқа әкеліп соқтырады, өйткені, қауіпсіздік белдігін тиімді пайдалану мүмкін болмайды.

- **Қауіпсіздік белдігі орындықтың арқасын қыспауы керек және толығымен көрініп тұруы тиіс.**
- **Қауіпсіздік белдігі орындық арқасының бекіту ілмегі арқылы өтпеуі керек.**


⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Бекіту ілмегіне жүк және т.б. ілмеңіз. Орындықтың арқасы өз орнында сенімді бекітілмеуі мүмкін. Бұл апатқа әкелуі мүмкін.**
- **Қозғалыс кезінде қандай да бір заттың тоқтату ілмегіне соғылуы орындықтың арқасының бүктелуіне соқтыруы мүмкін. Ілмектің жүкпен немесе басқа заттармен соғылмауы үшін сақ болыңыз.**

1. Бас тіреуіштерді түсіріңіз.




Бекіткіштің түймесі



Жүк арту бөлігінің екі жағындағы бекіткіштің ілмектері (егер орнатылған болса)

2. Орындықтың арқасын бекіткіштің түймесінен немесе бекіткіштің ілмегінен (орнатылған болса) тарту арқылы босатыңыз, содан кейін орындықтың арқасын бүктеңіз

▼ Артқы орындықтардың арқасын бастапқы қалыпқа қайтару




⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Орындықтың арқасын бастапқы қалыпқа қайтарған кезде, келесі сақтық талаптарын орындаңыз.

Сақтық шараларын сақтамау қауіпсіздік белдігінің бұзылуына, оның тиімділігін төмендетуге және соның салдарынан ауыр жарақат алуға соқтыруы мүмкін.

- **Орындықтың арқасын бастапқы қалпына келтіру кезінде қауіпсіздік белдігін автокөліктен сыртқа шығарыңыз, ол орындықтың арқасы мен ішкі қаптама панелінің арасында қысылып қалуы мүмкін.**




Бекіткіштің түймесі
1) Бекітілмеген.
2) Бекітілген.
A) Бекітілмеген қалыпты білдіретін қызыл белгі.

Орындықтың арқасын бастапқы қалпына келтіру үшін және бекітілгенге дейін жылжыту мақсатында оның бекітілмеген қалпының қызыл белгісі көрінбейтіндігін тексеріңіз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Орындықтың арқасын бастапқы қалпына келтіру кезінде бекіткіштің түймесіндегі бекітілмеген қалыптың белгісі көрінбейтіндігіне көз жеткізіңіз. Сонымен қатар, оның мұқият бекітілгендігіне көз жеткізу үшін орындықтың арқасын сәл сілкіңіз. Егер орындықтың арқасы сенімді бекітілмесе, ол кенеттен тежелуден немесе жүк арту бөлігіндегі заттардың сырғуы нәтижесінде ауыр жарақаттарға немесе өлімге соқтыруы мүмкін.

■ Орындықтың арқасын еңкейту(егер қарастырылған болса)



⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Жолаушының соқтығысу кезінде қауіпсіздік белдігінің астына сырғып кетуіне жол бермеу үшін мынадай алдын алу шараларын атқарыңыз:


- **Автокөлік қозғалыста болғанда, орындықтың арқасын тік қалыпқа қойыңыз.**
- **Жолаушының арқасына жастықтарды немесе басқа да сол сияқты заттарды қоймаңыз.**

Керісінше жағдайда қауіпсіздік белдігінің астына дененің сырғып кетуі немесе оның құрсақ қуысына қарай, жоғары жылжып кету қаупі артады. Екі жағдайда да ішкі ағзалардың ауыр зақымдануына немесе өлімге соқтыратын қауіп туындайды.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Жүк арту бөлігінің жылжымалы пердесін пайдалану кезінде мынадай сақтық шараларын ұстаныңыз.

- **Артқы орындықтың арқасын еңкейту кезінде қолдың бас тіреуіш пен жүк арту бөлігінің пердесі арасында қысылып қалмауы үшін сақ болыңыз.**
- **Жүк арту бөлігінің жылжымалы пердесінің алдыңғы жағын орындықтың арқасын еңкейту кезінде перденің зақымданбауы үшін сырғытыңыз. "Жүк арту бөлігінің жылжымалы пердесі" бөлімін қараңыз ☞6-17.**



Белдікті тартыңыз және орындықтың арқасын Сіз үшін ыңғайлы қалыпқа келтіріңіз.
Содан кейін белдікті босатып, арқасының қалпының сенімді бекітілгендігіне көз жеткізіңіз.

Қауіпсіздік белдіктері

■ Қауіпсіздік белдіктерін қауіпсіз пайдалану бойынша ұсыныстар

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Автокөлікте отырған барлық тұлғалар автокөлік қозғалысты бастағанға дейін қауіпсіздік белдігін тағып алулары керек. Бұл талап орындалмайтын болса күрт тежеу немесе апат кезінде ауыр жарақат алу қауіпі артады.**
- **Барлық қауіпсіздік белдіктері денеге толық беттесіп, сол арқылы оның қалпы барынша қауіпсіздікті қамтамасыз ете алуы тиіс. Әлсіз керілген қауіпсіздік белдіктерінің жарақаттың алдын алуы тиімді болмауы немесе олардың ауырлық дәрежесін төмендетуде тиімсіз болуы мүмкін.**
- **Әрбір қауіпсіздік белдігі тек бір адамның қалпын бекітуге арналған. Ешқашан бір қауіпсіздік белдігін екі немесе одан да көп адамды, балаларды да бекіту үшін пайдаланбаңыз.**
- **Әйтпесе, бұл апат кезінде ауыр жарақаттарға немесе өлімге әкеліп соғуы мүмкін.**
- **Қауіпсіздік белдіктерінің барлық тораптарын ауыстырыңыз, соның ішінде ауыр апатқа ұшыраған автокөліктің жүргізуші мен жолаушылар орындықтарында орнатылған кергіштер мен бекіту тораптары да бар. Сонымен қатар, қатты тозу белгісі бар немесе тіліктері бар қауіпсіздік белдіктерін міндетті түрде ауыстырыңыз. Барлық қауіпсіздік белдіктерінің оларда зақымның көрінетін іздері болмаса да ауыстырылуы тиіс.**
- **Қауіпсіздік белдігін ауыстыру барысында жаңа белдіктің сертификатталуы және ауыстырылатын қауіпсіздік белдігіалдыңғы қалпында орнатуға арналған болуы тиіс.**
- **Қауіпсіздік белдігін таға отырып, тоғасынды қажетті иірімжімге салыңыз. Әйтпесе, бұл апат кезінде ауыр жарақаттарға немесе өлімге әкеліп соғуы мүмкін.**
- **Баланың қауіпсіздік белдігін өзіңіздің тізеңізге керіп тақпаңыз. Әйтпесе, бұл апат кезінде ауыр жарақаттарға немесе өлімге әкеліп соғуы мүмкін.**
- **Жасы 12 және одан да кіші, бойы 1,5 м және одан да аласа бойлы балаларды үнемі АРТҚЫ орындықта тасымалдау керек. Оның үстіне олардың қалыптары арнайы балаларды ұстап тұратын құрылғы көмегімен немесе штаттық қауіпсіздік белдіктерімен бекітілуі тиіс. Қауіпсіздік жастықтары өте тез жылдамдықпен және үлкен күштің салдарынан ашылады, бұл жасы 12 және одан да кіші, ал бойы 1,5 м және одан да аласа бойлы балаларды тасымалдау барысында, бекітілмеген болса немесе нашар бекітілген болса олардың жарақаттануына және кейбір жағдайларда тіпті қайтыс болуларына әкеліп соқтыруы мүмкін. Балалар ересектерге қарағанда әлсіз және салмақтары жеңіл болып келеді, сондықтан оларға қауіпсіздік жастықтары ашылған кезде төнетін қауіп те басым.**

- ЖАЛҒАСЫ –

Арнайы балаларды ұстап тұратын құрылғылардың БАРЛЫҚ түрлері (балаларды алдыға қаратып отырғызуға арналған креслоларды қоса алғанда) әрқашан АРТҚЫ орындықта мұқият бекітілуі тиіс.

БАЛАЛАР КРЕСЛОСЫН ЕШҚАШАН АЛДЫҢҒЫ ОРЫНДЫҚҚА ОРНАТПАҢЫЗ. БҰЛ РЕТТЕ БАЛАНЫҢ БАСЫ ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҒЫНА ТЫМ ЖАҚЫН ОРНАЛАСАДЫ, АЛ БҰЛ ЖАРАҚАТ АЛУ ЖӘНЕ ТІПТІ ӨЛІМГЕ ҰШЫРАУ ҚАУПІН АРТТЫРАДЫ.

Автокөлік оқиғаларының статистикасына сәйкес, баланы алдыңғы орындықта емес, артқы орындыққа отырғызу кезінде балалардың жарақаттану жағдайлары айтарлықтай аз. Балаларды ұстап тұратын құрылғыларға қатысты нұсқаулық және сақтық шаралары "Балаларды ұстап тұру құрылғылары" бөлімінде берілген ☞1-36.

▼ Нәрестелерді немесе кішкентай бал+аларды тасымалдау


Балаларды тасымалдау тек сіздің автокөлігіңізбен үйлесімді балаларды ұстап тұратын құрылғыларда ғана жүзеге асырылуы тиіс. "Балаларды ұстап тұру құрылғылары" бөлімін қараңыз ☞1-36.

▼ Балаларды тасымалдау

Егер бала арнайы балаларды ұстап тұратын құрылғы үшін тым үлкен болса, онда қозғалыс кезінде оның артқы орындықтағы қалпын қауіпсіздік белдіктерімен бекіту керек. Баланың орындықта тұруына немесе тізерлеп тұруына рұқсат бермеңіз.

Қауіпсіздік белдіктері ересек жолаушылардың пайдалануына есептелген. Егер қауіпсіздік белдігінің иық бауы баланың беті тұсында немесе мойын деңгейінде орналасқан болса, оны қауіпсіздік белдігінің иық бауының дұрыс жағдайда болуын қамтамасыз ету үшін белдіктің иық бауына жақын жылжытыңыз. Сондай - ақ, қауіпсіздік белдігі баланың белін емес, оның жамбасын бекітетіндей, мүмкіндігінше төмен орналасуына назар аудару керек. Егер қауіпсіздік белдігінің иық бауы баланы тиісті түрде қамтымаса, балаларды ұстау құрылғысын пайдалану қажет. Ешқашан қауіпсіздік белдігін баланың қолының астынан немесе баланың арқасынан өткізбеңіз.

▼ Жүкті әйелдерді тасымалдау



Жүкті әйелдер де қауіпсіздік белдіктерін тағулары керек. Олар өз дәрігерлеріне барып, нақты ұсыныстар алулары керек. Қауіпсіздік белдігінің белбеу бауы бел аумағында емес, мүмкіндігінше жамбасты қамтып, төмендеу орналасуы керек.

■ Апаттық бұғаттауышы бар қауіпсіздік белдіктерінің кергіштері (ELR)

Автокөліктің барлық қауіпсіздік белдіктері апаттық бұғаттауышы бар кергіштермен жабдықталған (ELR).
Қауіпсіздік белдігінің кергішінің апаттық бұғаттау режімі дененің қалыпты жағдайда еркін қозғалуына

мүмкіндік береді, бірақ, аяқ астынан тоқтағанда, соққы болғанда немесе қауіпсіздік белдігін кенеттен созу кезінде оны автоматты түрде бұғаттайды.

■ Апаттық жағдайда қауіпсіздік белдіктерінің бұғаттауыштары/ автоматты бұғаттауыштары(ALR/ELR) (егер орнатылған болса)

Кейбір үлгілерде артқы орындықтардың әрқайсысының қауіпсіздік белдіктері автоматты бұғаттау/апаттық бұғаттау функциясы бар кергіштермен жабдықталған. Бұл құрылғы қалыпты жағдайда қауіпсіздік белдігі кергішін апаттық бұғаттау режімінде жұмыс істейді. Алайда, автоматты бұғаттау/ апаттық бұғаттау қызметі бар қауіпсіздік белдігінің кергішін бұғаттайтын қосымша режімі бар - балаларды ұстап тұратын құрылғыны бекітуге арналған "Кергішті автоматты түрде бұғаттау".

Алдымен автокөліктің қауіпсіздік белдіктерінің автоматты бұғаттау режімімен жабдықталғанын тексеріңіз. Қауіпсіздік белдіктері автоматты бұғаттау режімі болған жағдайда былайша әрекет етеді.
Егер қауіпсіздік белдігі толық тартылған болса, онда аз ғана тартылғаннан кейін де кергіш қауіпсіздік белдігін осы қалыпта бұғаттайды және оның қайтадан тартылуына мүмкіндік бермейді. Қауіпсіздік белдігін тарту кезінде кергіштің автоматты бұғаттау режімінде жұмыс істейтінін көрсететін сырт еткен дыбыс естіледі. Егер қауіпсіздік белдігі толық тартылса, автоматты/апаттық бұғаттау режімі қалпына келтіріледі және апаттық бұғаттау режімі қалпына келтіріледі.

Балаларды ұстап тұратын құрылғыны артқы орындыққа бетін алға қаратып қойған жағдайда автоматты бұғаттау/апаттық бұғаттау қызметі қарастырылған қауіпсіздік белдіктері бар моделдерде қауіпсіздік белдігінің көмегімен қауіпсіздік белдігінің кергішін автоматты бұғаттау режіміне ауыстыру қажет. Қауіпсіздік белдігінің көмегімен балаларға арналған ұстап тұратын құрылғыларды орнату жөніндегі нұсқаулық "Қауіпсіздік белдігінің көмегімен балаларды ұстап тұру құрылғыларын орнату" бөлімін қараңыз ☞1-51.

Балаларды ұстап тұратын құрылғы алынып тасталғанда, тартқыш кергіштің қайтадан апаттық бұғаттау режіміне ауыстырылғанына көз жеткізіңіз.

■ Қауіпсіздік белдіктерінің тағылмағандығы туралы жарықтық және дыбыстық ескерту сигналдары



"Қауіпсіздік белдіктерінің тағылмағандығы туралы жарықтық және дыбыстық ескерту сигналдары" бөлімін қараңыз. ☞3-17.


■ Қауіпсіздік белдігін қалай тағу керек

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Қауіпсіздік белдігінің бұралмауы немесе ширатылмауы тиіс. Керісінше жағдайда апат кезінде жарақат алу қаупі немесе олардың күрделілік дәрежесі артады.**
- **Қауіпсіздік белдігінің белбеу белдігі мүмкіндігінше төменде, жамбас маңында болуы тиіс. Мұндай жағдайда соқтығысу кезінде соққы күші қауіпсіздік белдігі арқылы қарын қуысы аймағына қарағанда түсетін күшке анағұрлым төзімді болып келетін жамбас сүйектеріне берілетін болады.**
- **Орындықта отырған адамның арқасы орындықтың тік қалыпқа келтірілген арқасына қойылған кезде қауіпсіздік белдігі барынша тартылатын болады. Соқтығысу кезінде қауіпсіздік белдігінен сырғып шығып кету қаупін төмендету үшін қозғалыс барысында алдыңғы орындықтың арқалары әрқашан тік қалыпта болуы тиіс.**

Егер алдыңғы орындықтардың арқалары шалқайтылған болса, онда соқтығысу жағдайында дене қауіпсіздік белдігінен сырғып кетуі мүмкін немесе белдік белбеуі құрсақ қуысына, жоғары қарай сырғып кету қаупі артады. Екі жағдайда да ішкі ағзалардың ауыр зақымдануына немесе өлімге соқтыратын қауіп туындайды.

- **Жолаушы мен орындықтың арқасы немесе орындықтың жастықшасы арасына жастықтарды немесе басқа да заттарды салмаңыз. Бұндай жағдайда қауіпсіздік белдігінің астына дененің сырғып кетуі немесе оның құрсақ қуысына қарай, жоғары жылжып кету қаупі артады. Екі жағдайда да ішкі ағзалардың ауыр зақымдануына немесе өлімге соқтыратын қауіп туындайды.**



100101

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Ешқашан қауіпсіздік белдігін баланың қолының астынан немесе баланың арқасынан өткізбеңіз. Керісінше жағдайда апат кезінде жарақат алу қаупі немесе олардың күрделілік дәрежесі артады.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Шуақты ауа-райы кезінде жабық автокөліктің қауіпсіздік белдігінің металл бөлшектері қатты қызып, жүргізушінің немесе жолаушылардың күйіп қалуы мүмкін. Оларды суығанша ұстамаңыз.


▼ Алдыңғы орындықтардың қауіпсіздік белдіктері

1. Төменде келтірілген үрдіске сәйкес орындықтың қалпын реттеңіз.


Жүргізуші орындығы. Орындықтың арқасын тік қалыпқа келтіріңіз. Орындықтың арқасын рөл дөңгелегінен мүмкіндігінше алшақтатыңыз, бұл ретте автокөлікті толық бақылау мүмкіндігінің сақталуы тиіс.

Алдыңғы жолаушының орындығы. Орындықтың арқасын тік қалыпқа келтіріңіз. Орындықты мүмкіндігінше артқа жылжытыңыз.

2. Арқасына жапсарласа отырып, орындыққа жайғасыңыз.
3. Қауіпсіздік белдігінің тоғасын бірқалыпты тартыңыз. Белдіктің айналып кетуіне жол бермеңіз.
   - Егер белдік тоғасы иірімжіпке дейін созылғанша кептеліп қалса, белдікті сәл босатыңыз да, қайтадан тартыңыз, бірақ баяулап созу керек.
   - Егер белдік сонда да созылмай қойса, оны шұғыл тартып қалыңыз да, аздап босатыңыз, содан кейін оны қайтадан баяулап созыңыз.




4. Қауіпсіздік белдігінің тоғасын бекіткіш сырт еткенше иірімжіпке салыңыз.



5. Қауіпсіздік белдігінің белбеу бауын тарту үшін қауіпсіздік белдігінің иық бауын жоғары қарай тартыңыз.
6. Қауіпсіздік белдігі баланың белін емес, оның жамбасын бекітетіндей, мүмкіндігінше төмен орналасуы керек.

▽ Алдыңғы орындықтың қауіпсіздік белдігін бекіту торабының биіктігін реттеу



Қауіпсіздік белдігінің иық бауының бекіткішінің жоғарғы торабының қалпы алдыңғы орындықтағы жүргізушінің немесе жолаушының бойына сәйкес реттелуі тиіс. Қауіпсіздік белдігінің иық бауының бекіткішінің жоғарғы торабының қалпы иықтың ортасы арқылы өтіп, мойынға тимейтіндей реттелуі тиіс.

- ЖАЛҒАСЫ –

Бас тіреуішті көтеру үшін Бекіту торабын жылжытыңыз да, бекіткіштің түймесін жоғары қарай басыңыз.


Бас тіреуішті түсіру үшін **Бекіту** торабын жылжытыңыз да, бекіткіштің түймесін төмен қарай басыңыз.

Бекіту торабының жаңа қалыпта бекітілуінің сенімділігіне көз жеткізу үшін қауіпсіздік белдігінің иық бауының бекіту торабын төмен қарай тартыңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Қауіпсіздік белдігін таққан соң, оның иық бауы мойын маңынан өтпейтініне көз жеткізіңіз. Олай болмаса, оның бекіту торабын төмен қарай жылжытыңыз. Егер қауіпсіздік белдігі иық бауы мойын маңынан өтетін болса, онда кенеттен тежелуден немесе соқтығысу кезінде бұл омыртқаның мойын бөлігінің ауыр жарақатына әкелуі мүмкін.

▽ Қауіпсіздік белдігін қалай шешуге болады




1. Иірімжіптегі бекіткіштің түймесін басыңыз.
2. Қауіпсіздік белдігін шатастырмау үшін және оның айналып кетпеуі үшін баяулап созыңыз.


Есікті жаппай тұрып қауіпсіздік белдіктерінің есікке қысылып қалмайтындай толық тартылғандығына көз жеткізіңіз.

▼ Артқы орындықтардың қауіпсіздік белдіктері (артқы ортаңғы орындықтардың қауіпсіздік белдіктерінен басқа)

1. Арқасына жапсарласа отырып, орындыққа жайғасыңыз.
2. Қауіпсіздік белдігінің тоғасын бірқалыпты тартыңыз. Белдіктің айналып кетуіне жол бермеңіз.
   - Егер белдік тоғасы иірімжіпке дейін созылғанша кептеліп қалса, белдікті сәл босатыңыз да, қайтадан тартыңыз, бірақ баяулап созу керек.
   - Егер белдік сонда да созылмай қойса, оны шұғыл тартып қалыңыз да, аздап босатыңыз, содан кейін оны қайтадан баяулап созыңыз.




3. Қауіпсіздік белдігінің тоғасын бекіткіш сырт еткенше иірімжіпке салыңыз.



4. Қауіпсіздік белдігінің белбеу бауын тарту үшін қауіпсіздік белдігінің иық бауын жоғары қарай тартыңыз.
5. Қауіпсіздік белдігі баланың белін емес, оның жамбасын бекітетіндей, мүмкіндігінше төмен орналасуы керек.


▽ Қауіпсіздік белдігін қалай шешуге болады




1. Иірімжіптегі бекіткіштің түймесін басыңыз.
2. Қауіпсіздік белдігін шатастырмау үшін және оның айналып кетпеуі үшін баяулап созыңыз.

Есікті жаппай тұрып қауіпсіздік белдіктерінің есікке қысылып қалмайтындай толық тартылғандығына көз жеткізіңіз.

▼ Артқы ортаңғы орындықтың қауіпсіздік белдігі




1) Артқы ортаңғы орындықтың қауіпсіздік белдігінің тоғасы.
2) Жалғауыштың тоғасы.
3) Жалғауыштың иірімжібі.
4) Артқы ортаңғы орындықтың қауіпсіздік белдігінің иірімжібі.



⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


Бұралып кеткен қауіпсіздік белдігін тағу апат кезінде ауыр жарақат алуға әкеліп соқтыруы мүмкін. Тағу кезінде кергіштен қауіпсіздік белдігін тарта отырып, әсіресе, тоғасынды иірімжіпке тағу барысында (оң жағынан) міндетті түрде белдіктің бұралмағанына көз жеткізіңіз.



⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


- **Екі тоғаның тиісті иірімжіптерде бекітілгендігіне көз жеткізіңіз. Егер қауіпсіздік белдігінің иық бауы ғана пайдаланылса (жалғауыштың тоғасы оң жағынан орналасқан жалғауыштың иірімжібіне бекітілмесе) бұл апат кезінде жолаушының толық қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмайды және зақымға немесе өлімге әкеліп соғуы мүмкін.**

- **Қауіпсіздік белдігін тағу алдында қауіпсіздік белдігінің белдіктердің бағыттауышы арқылы өткізілгеніне көз жеткізіңіз. Белдік бағыттауышы арқылы өткізілмеген қауіпсіздік белдігі кенеттен тежелуден немесе соқтығысу кезінде мойынға жарақат келтіруі мүмкін, себебі ол сіздің мойыныңызға қарай сырғып кетеді.**




Артқы ортаңғы орындықтың қауіпсіздік белдігі жүк арту бөлігінің төбесінде орналасқан қуыста орналасқан.

1. Жалғауыштың тоғасын тереңдегі қуыстан суырып алыңыз, ол үшін артқа тартыңыз, содан кейін қауіпсіздік белдігін баяулап тартыңыз.




2. Қауіпсіздік белдігін белдіктің бағыттауышы арқылы өткізіңіз.




3. Қауіпсіздік белдігінің бұралмағанына көз жеткізе отырып, тоғасын кіріккенше салыңыз,

ол оң жақта орналасқан қауіпсіздік белдігінің мата бауының ұшына бекітіледі.

- Егер белдік тоғасы иірімжіпке дейін созылғанша кептеліп қалса, белдікті сәл босатыңыз да, қайтадан тартыңыз, бірақ баяулап созу керек.
- Егер белдік сонда да созылмай қойса, оны шұғыл тартып қалыңыз да, аздап босатыңыз, содан кейін оны қайтадан баяулап созыңыз.




4. Ортаңғы орындықтың қауіпсіздік белдігінің тоғасын сол жағында орналасқан "CENTER" деген жазуы бар ортаңғы орындықтың қауіпсіздік белдігінің иірімжібіне кіріккенше салыңыз.



5. Қауіпсіздік белдігінің белбеу бауын тарту үшін қауіпсіздік белдігінің иық бауын жоғары қарай тартыңыз.
6. Қауіпсіздік белдігі баланың белін емес, оның жамбасын бекітетіндей, мүмкіндігінше төмен орналасуы керек.


▽ Қауіпсіздік белдігін қалай шешуге болады




1. Қауіпсіздік белдігін ағыту үшін артқы ортаңғы орындықтың сол жағында орналасқан қауіпсіздік белдігінің иірімжібіндегі бекіткіштің түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ


Жүк арту бөлігін ұлғайту үшін орындықтың арқасын бүктеу алдында жалғауышты ажырату қажет.



2. Белдік тоғасын немесе мықты материалдан жасалған басқа да үшкір затты жалғауыш иірімжібінің оң жағындағы ойыққа салыңыз және үстінен басыңыз. Жалғауыштың тоғасы - жалғауыштың иірімжібінен жалғанады.



3. Кергіш белдікті тартып алуы керек. Тартылу кезінде кергішке бағыттай отырып, қауіпсіздік белдігінің дұрыс жиналуын қамтамасыз етіңіз. Қауіпсіздік белдігінің тоғасын қуысына дейін абайлап салыңыз, содан кейін жалғауыш тоғасын ойыққа салыңыз.



⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Қауіпсіздік белдігінің кергішке тым тез жиналуына жол бермеңіз. Әйтпесе, тоғаның металл пластинасы қаптамаға соғылып, оны зақымдауы мүмкін.**
- **Қауіпсіздік белдігінің кергішке толығымен тартылғанына, ал тоғаның пластиналарының ұқыптылықпен алынғандығына көз жеткізіңіз. Тоғаның салбырап тұрған пластинасы қозғалыс кезінде қаптамаға соғылып, оны зақымдауы мүмкін.**

■ Қауіпсіздік белдіктеріне техникалық қызмет көрсету

Қауіпсіздік белдіктерін тазалау жылы сумен және жұмсақ сабынмен жүргізіледі. Белдіктерді ағартуға немесе бояуға тыйым салынады, себебі бұл олардың беріктігін айтарлықтай төмендетуі мүмкін.

Арасында қауіпсіздік белдіктерін тексеріп отырыңыз, соның ішінде мата бауы және барлық металл бөлшектері де бар, олардың жарықтарын, кесіктерін, сынықтарын, тозуын және әлсіреген болттық қосылыстарын қарап шығыңыз. Тіпті аздаған зақымдар анықталғанның өзінде қауіпсіздік белдіктерін ауыстыру керек.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Әр түрлі лактардың, майлардың, химиялық реагенттердің және әсіресе, аккумуляторлық батареяның электр қуатының түсуіне жол бермеңіз.**
- **Қауіпсіздік белдігін түрлендіру немесе олардың конструкциясын өзгертуге тырысып, олардың қалыпты жұмысқа кедергі келтіруі мүмкін әрекеттерді жасамаңыз.**

Қауіпсіздік белдіктерінің кергіштері

Келесі қауіпсіздік белдіктері кергіштермен жабдықталған.

- Жүргізуші орындығының қауіпсіздік белдігі.
- Алдыңғы орындықтағы жолаушының қауіпсіздік белдігі.
- Артқы орындықтағы жолаушының қауіпсіздік белдігі.

Қауіпсіздік белдіктерінің кергіштерінің конструкциясы маңдайы орташа немесе қатты күшпен қақтығысқанда іске қосылатындай қарастырылған.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Жүргізуші мен алдыңғы орындықтағы жолаушының қауіпсіздігін барынша қамтамасыз ету үшін олардың орындықтарының арқалары тек тік қалыпта болатындай етіп отырулары, сондай - ақ қауіпсіздік белдіктерін дұрыс тағулары керек.**

- ЖАЛҒАСЫ –

- **Керме бөлшектермен жабдықталған қауіпсіздік белдіктерінің кергіштерін модификациялауға, босатып алуға және соғуға немесе ол орналасқан маңайды соғуға тыйым салынады. Бұл кергіштердің кездейсоқ іске қосылуына немесе олардың істен шығуына әкеліп соқтыруы мүмкін. Қауіпсіздік белдіктерінің кергіштерінің конструкциясы автокөлік иесінің оларға техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізуін қарастырмайды. Қауіпсіздік белдіктерінің керме бөлшегі бар кергіштеріне тиісті техникалық қызмет көрсету қажет болған жағдайда, SUBARU дилеріне кеңес алу үшін хабарласыңыз.**
- **Керме бөлшегі бар қауіпсіздік белдіктерінің кергіш тораптарын немесе апатқа ұшыраған барлық автокөлікті көдеге жарату кезінде біз Сіздің SUBARU дилеріне кеңес алу үшін хабарласуыңызға кеңес береміз.**

ЕСКЕРТПЕ


- **Керме бөлшектің конструкциясы әлсіз соққылар немесе артынан соққан кезде оның іске қосылуын көздемейді.**
- **Керме бөлшектердің конструкциясы олар тек бір рет қана іске қосылатындай қарастырылған. Алдыңғы орындықтардың қауіпсіздік белдіктерінің керме бөлшегі іске қосылғаннан кейін SUBARU ресми дилерінде алдыңғы орындықтардың қауіпсіздік белдіктерінің кергіш тораптарын толық ауыстыру қажет. Қауіпсіздік белдігінің кергішін ауыстырған кезде SUBARU түпнұсқа қосалқы бөлшектерін пайдаланыңыз.**
- **Егер керме бөлшекпен жабдықталған қауіпсіздік белдігі ақау салдарынан немесе керме бөлшекті іске қосудан кейін созылмаса немесе тартылмаса, мүмкіндігінше тез арада SUBARU дилеріне хабарласыңыз.**
- **Қауіпсіздік белдігінің кергіші немесе оның жанындағы жерлер зақымдалған жағдайда, SUBARU дилеріне хабарласыңыз.**
- **Біз автокөлікті сату кезінде сатып алушыға автокөліктің керме бөлшектермен жабдықталғанын хабарлауыңызды сұраймыз. Сонымен қатар, сатып алушыға осы бөлімнің мазмұны туралы хабарлаңыз.**

■ Иық және белдік белбеуі бар қауіпсіздік белдігінің кергіштері

ЕСКЕРТПЕ

Бұл бөлім келесі элементтерге қатысты қолданылады.

- **Жүргізуші орындығының қауіпсіздік белдігі.**
- **Алдыңғы жолаушы орындығының қауіпсіздік белдігі.**



1) Қауіпсіздік белдігінің кергіші (белдіктің иық белбеуінің кергіші және түсетін күштің бейімделген шектегіші (егер орнатылған болса).

2) Белдік белбеуінің кергіші.

Кергіштің қадағасы бір уақытта мынадай міндеттерді атқарады:
- Алдыңғы қауіпсіздік жастығының қадағасы.
- Бүйірлік соққы қадағасы.
- Аударылу қадағасы (тек ҚР арналған моделдер үшін).

Егер қадаға алдыңғы жақтан және бүйірден соқтығысу немесе аударылу орын алған апат кезінде (тек ҚР арналған моделдер үшін) қадаға түсетін күштің алдын ала қалыптастырылған белгілі шамасын анықтайтын болса, керме бөлшектерімен жабдықталған барлық қауіпсіздік белдіктері кергіш арқылы белдіктің жолаушының қозғалысын неғұрлым тиімді шектеуі үшін босаңсуын таңдай отырып, тез тартылады.

Жүргізуші мен алдыңғы жолаушының қауіпсіздік белдіктерінің кергіштері соқтығысқан жағдайда қауіпсіздік белдіктерінің керілуінен жолаушыға түсетін жүктемені шектейтін тартылу деңгейін төмендету құрылғысымен жабдықталған.

- Бейімді жүктемені шектегіш (егер орнатылған болса)
  Жүргізуші жақтағы бейімді жүктемені шектегіш жүргізушінің денесінің габаритіне сәйкес жүргізушінің орындығының қалпының қадағасы анықтайтын жүктемені төмендету шегін таңдайды.

Алдыңғы жолаушы жақта орналастырылған бейімді жүктемені шектегіш жолаушының денесінің габаритіне сәйкес жолаушы орындығының қалпының қадағасы анықтайтын жүктемені төмендету шегін таңдайды.

- Керме бөлшек іске қосылған кезде жұмыстық шу естіледі, сондай-ақ аздаған түтін шығады. Бұл құбылыстар қалыпты болып табылады және қауіп төндірмейді.Мұндай түтін автокөліктегі қандай да бір тұтанудың салдары болып табылмайды.

Керме бөлшек іске қосылғаннан кейін қауіпсіздік белдігінің кергіші бұғатталады.Осының салдарынан қауіпсіздік белдігін созуға болмайды, оны тарту да бұғатталады. Сондықтан оны ауыстыру керек.

ЕСКЕРТПЕ

- **Кергіш бөлшектің конструкциясы алдыңғы жағынан әлсіз соққы кезінде іске қосылмайтындай қарастырылған.**
- Алдыңғы орындықтардың қауіпсіздік белдіктерінің кергіштері қауіпсіздік жастығымен бір мезгілде іске қосылады. Алдыңғы орындықтағы жолаушының қалпын анықтау жүйесі бар моделдерде алдыңғы жолаушының орындығының бос болуына байланысты алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы іске қосылмаған күннің өзінде, алдыңғы орындықтағы жолаушының қауіпсіздік белдігінің кергіші жүргізушінің қауіпсіздік жастығымен/ қауіпсіздік белдігінің керме бөлшегімен бірге жұмыс істейді.
- Керме бөлшектің конструкциясы тек олардың бір рет іске қосылуын қарастырады. Алдыңғы орындықтардың қауіпсіздік белдіктерінің керме бөлшектері іске қосылғаннан кейін біз Сізге алдыңғы орындықтардың қауіпсіздік белдіктерінің керу торабын толығымен SUBARU түпнұсқа қосалқы бөлшектерін пайдаланатын SUBARU ресми дилерлерінде ауыстыруды ұсынамыз.
- Егер алдыңғы орындықтардың бірі қауіпсіздік белдігі керме бөлшектің іске қосылуы салдарынан дұрыс суырылмаса немесе дұрыс тартылмаса, біз Сізге мүмкіндік

- ЖАЛҒАСЫ -

пайда бола салысымен өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласуыңыз керектігін ескертеміз. Жүктемені шектегіші бар қауіпсіздік белдігін пайдаланған жағдайда олар алдыңғы орындықтарда орнатылады.


- **Алдыңғы орындықтың қауіпсіздік белдігінің кергіші немесе оның жанындағы жерлер зақымданған жағдайда, біз Сізге мүмкіндік пайда бола салысымен өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласуды ұсынамыз.**
- **Біз автокөлікті сату кезінде сатып алушыға автокөліктің керме бөлшектермен жабдықталғанын міндетті түрде хабарлауыңызды сұраймыз. Сонымен қатар, сатып алушыға осы бөлімнің мазмұны туралы хабарлаңыз.**

■ Иық белбеуінің керме бөлшегі бар қауіпсіздік белдігі

ЕСКЕРТПЕ

Бұл бөлім келесі элементтерге қатысты қолданылады.

- **Артқы орындық жолаушысының қауіпсіздік белдігі (бүйірлік орындық)**



Керме бөлшектің қадағасы бір уақытта мынадай міндеттерді атқарады:

- Алдыңғы қауіпсіздік жастығының қадағасы.
- Бүйірлік соққы қадағасы.
- Аударылу қадағасы

Егер қадаға алдыңғы жақтан және бүйірден соқтығысу немесе аударылу орын алған апат кезінде керме бөлшектерімен жабдықталған барлық қауіпсіздік белдіктері керме бөлшектері арқылы белдік жолаушының қозғалысын неғұрлым тиімді шектеуі үшін босаңсуын таңдай отырып, тез тартылады.

Артқы жолаушының орындықтарының қауіпсіздік белдіктерінің керме бөлшектері (бүйіріндегі орындықтар) соқтығысқан жағдайда қауіпсіздік белдіктерінің керілуінен жолаушыға түсетін жүктемені шектейтін тартылу деңгейін төмендету құрылғысымен жабдықталған.

Алдыңғы қауіпсіздік белдігінің керме бөлшектері іске қосылған жағдайда аздаған түтін шығады, сондай - ақ жұмыстық шу естіледі. Бұл құбылыстар қалыпты болып табылады және қауіп төндірмейді. Мұндай түтін автокөліктегі қандай да бір тұтанудың салдары болып табылмайды.

Керме бөлшектер іске қосылғаннан кейін қауіпсіздік белдігінің кергіші бұғатталады. Осының салдарынан қауіпсіздік белдігін созуға болмайды, оны тарту да бұғатталады. Сондықтан оны ауыстыру керек.

■ Жүйенің жағдайын бақылау

Егер оталдыру құлпы "ON" күйінде болса, диагностикалық жүйе қауіпсіздік белдігінің керме бөлшегінің дайындығын үздіксіз қадағалайды. Қауіпсіздік белдіктерінің керме бөлшектері қауіпсіздік жастықтары жүйесін басқаратын басқару блогымен басқарылады. Сондықтан, қауіпсіздік белдігінің керме бөлшегінің қандай да бір ақауы пайда болған кезде қауіпсіздік жастығының ескерту шамы жанады. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін "Қауіпсіздік жастығы жүйесінің күйін бақылау" бөлімін қараңыз ☞1-96.

■ Жүйеге техникалық қызмет көрсету

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Қауіпсіздік белдіктерінің кергіш бөлшектерін немесе апат кезінде зақымданған автокөлікті түгелдей кәдеге жарату барысында біз Сізге кеңес алу үшін SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.**
- **Жүйенің конфигурациясын өзгерту немесе электр сымдарын ажырату керме бөлшектердің және/немесе қауіпсіздік жастықтарының кездейсоқ қосылуына немесе бүкіл жүйені істен шығаруға әкелуі мүмкін, ал бұл өз кезегінде ауыр жарақаттарға соқтыруы ықтимал. Қауіпсіздік белдіктері кергіштерінің және қауіпсіздік белдіктерінің жүйелерінің кез келген электр тізбектерінде электрлік тестерлерді пайдалануға тыйым салынады. Қауіпсіздік белдіктерінің керме бөлшектеріне техникалық қызмет көрсетуді жүргізу қажет болған жағдайда біз Сізге жақын жердегі SUBARU дилеріне кеңес алу үшін хабарласуды ұсынамыз.**

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Қауіпсіздік жастықтары жүйесін басқару қадағалары мен блоктарының орналасуы "Компоненттері" бөлімінде келтірілген. ☞1-74.

Қауіпсіздік қадағалары мен қауіпсіздік жастықтары модулдері орнатылған жерлерде немесе қауіпсіздік белдігінің кергіштері жанында техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу бойынша жұмыстарды жүргізу қажет болған жағдайда Сізге SUBARU ресми дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

ЕСКЕРТПЕ

Егер Сіздің автокөлігіңіздің алдыңғы немесе бүйір бөлігі апат кезіндегі зақымдану салдарынан қауіпсіздік белдіктерінің керме бөлшектері жұмысқа жарамсыз күйде болса, біз Сізге барынша дереу арада SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

■ Автокөлікті қайта жабдықтау кезіндегі сақтық шаралары

Сіздің автокөлігіңізге кез келген қосымша жабдықты орнату алдында біз Сізге SUBARU дилерінен кеңес алуыңызды ұсынамыз.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Автокөліктің конструкциясына төменде келтірілген өзгерістердің енгізілуіне жол бермеңіз. Мұндай өзгерістер қауіпсіздік белдіктерінің кергіштерінің қалыпты жұмысының бұзылуына әкелуі мүмкін.


- **SUBARU түпнұсқа қосымша жабдығының қатарына кірмейтін немесе сапасы бойынша SUBARU түпнұсқа қосымша жабдығына сәйкес келмейтін қандай да бір жабдықты (әртүрлі қорғаныш торлары, шығырлар, қар тазалағыш құрылғылар, сүйретпе қалқандар және т. б.) автокөліктің алдыңғы бөлігінде монтаждау.**
- **Автокөліктің аспа жүйесіне немесе автокөліктің алдыңғы бөлігінің конструкциясына өзгерістер енгізу.**
- **Көлемі мен конструкциясы жүргізуші жағындағы ортаңғы тіректе орналасқан тақтайшада көрсетілгеннен айрықша немесе осы нұсқаулықта көрсетілген шинаны автокөліктің белгілі моделдеріне орнату.**

Балаларды ұстап тұратын құрылғылар

■ Аустралияға арналған моделдерде пайдалану

Балаларды ұстап тұратын құрылғыларын пайдалану тәртібі автокөлікті пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың арнайы қосымшасында сипатталған.

■ Сақтық шаралары




Нәрестелер мен жасы 12 және одан да кіші, ал бойы 1,5 м және одан аласа бойлы балалар арнайы балаларды ұстап тұратын құрылғыда артқы орындықта тасымалдануы керек. Ба-

лаларды ұстап тұратын құрылғының баланың жасына, бойы мен салмағына сәйкес болуы тиіс. Барлық балаларды ұстап тұру құрылғыларының конструкциясы оларды автокөліктің орындығына бекітетіндей қарастырылған.

Егер балаларды ұстап тұратын құрылғы орындыққа мұқият бекітілмесе, бұл ауыр жарақаттарға немесе тіпті баланың өліміне әкелуі мүмкін. Балаларды ұстап тұру құрылғысын орнату кезінде дайындаушы зауыттың нұсқауларын қатаң түрде сақтаңыз.

Автокөлік оқиғаларының статистикасына сәйкес, баланы алдыңғы орындықта емес, артқы орындыққа отырғызу кезінде балалардың жарақаттану жағдайлары айтарлықтай аз.




Бекіткіштің түймесі

1) Бекітілмеген.
2) Бекітілген.
A) Бекітілмеген қалыпты білдіретін қызыл белгі.


⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Балаларды ұстап тұратын құрылғыны орнату алдында орындықтың арқасындағы бекіткіште бекітілмеген қалыптың белгісінің көрінбейтініне, ал артқы орындықтың арқасы орнында сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Егер артқы орындықтың арқасы өз орнында сенімді бекітілмесе, бұл ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін.



⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Көліктің қозғалысы кезінде жолаушылардың балаларды тізеде немесе қолда ұстауына рұқсат бермеңіз. Апат кезінде жолаушы баланы жарақаттан қорғай алмайды, себебі, бала жолаушының және автокөліктің салонындағы басқа да заттардың арасында қысылып қалады.


100126

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Автокөлікте балаларды тасымалдау кезінде олардың қалыптары әрдайым сенімді бекітілуі тиіс. Баланың орындықта тұруына немесе тізерлеп тұруына рұқсат бермеңіз. Егер баланың қалпы бекітілмеген болса, онда кенеттен тежеуден немесе апат кезінде оның алға қарай лақтырылуы мүмкін, ал бұл ауыр жарақаттарға әкелуі ықтимал.**
- **Баланың алдыңғы жолаушы орындығында тұруына немесе тізерлеп тұруына рұқсат бермеңіз. Ешқашан баланы тізеде немесе қолда ұстамаңыз. Қауіпсіздік жастығы үлкен күшпен ашылады, бұл баланың жарақаттануына немесе тіпті оның өліміне әкелуі мүмкін.**

■ Балаларды ұстап тұратын құрылғыларды орнату барысындағы қауіпсіздік бойынша ұсынымдар

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


- **Шуақты ауа райы кезінде жабық автокөліктің қауіпсіздік белдігі сияқты балаларды ұстап тұру құрылғысының да қатты қызуы және кішкентай баланың күйіп қалуы мүмкін. Баланы ұстап тұратын құрылғыға отырғызу алдында оның температурасын тексеріңіз.**
- **Балаларды ұстап тұратын құрылғының автокөлікте бекітілмей салынуына жол бермеңіз. Бекітілмеген балаларды ұстап тұратын құрылғы шұғыл тежеу немесе апат кезінде салонға оқыс лақтырылуы мүмкін және жүргізуші мен жолаушыларға ғана емес, сонымен қатар балаларды ұстап тұратын құрылғыдағы балаға да жарақат келтіруі мүмкін. Оның үстіне бұл баланың өліміне әкеліп соқтыруы мүмкін.**

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ


Баланы ұстап тұратын құрылғыны орнату кезінде онымен бірге жеткізілетін дайындаушы зауыттың нұсқауларын орындаңыз. Балаларды ұстап тұратын құрылғыны орнатқаннан кейін оның сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Әйтпесе, апат кезінде баланың жарақат алу қаупі артады.

■ Балаларды ұстап тұратын құрылғыларын орнату орындары

Төменде SUBARU балаларды ұстап тұратын құрылғыларды Сіздің автокөлігіңізде орнатуға арналған жерлерге қатысты ұсыныстары бар.



Сол жақтан басқарылатын моделдер



Оң жақтан басқарылатын моделдер

A: Алдыңғы жолаушының орындығы

Қауіпсіздік жастықтары іске қосылған кезде жарақат алу қаупіне байланысты балаларды ұстап тұратын құрылғыны (қосымша балалар орындығын қоса алғанда) алдыңғы жолаушының орындығына орнатпаңыз.

B: Артқы бүйірлік орындықтар

Балаларды ұстап тұратын құрылғылардың барлық түрлерін орнату үшін ұсынылатын жерлер. Бұл жерлерде балаларды ұстап тұратын құрылғыларды бекіту үшін арнайы қарастырылған мынадай жабдықтар орнатылған.

- Апаттық бұғаттауышы бар кермелі қауіпсіздік белдіктері (ELR).
- Автоматты бұғаттауышы/ апаттық бұғаттауышы бар кермелі қауіпсіздік белдіктері (ALR/ELR) (егер орнатылған болса).
- ISOFIX бекіткіш қапсырмалары.
- Балаларға арналған ұстап тұратын құрылғылардың жоғарғы бекіту тораптары.

Балаларды ұстап тұру құрылғыларының кейбір түрлерін орындық жастықшасының шығыңқы болуына байланысты сенімді бекіту мүмкін емес.

Бұл орындықта Сіз тек қана астыңғы негізі орындық жастықшасының конструкциясына сай келетін балаларды ұстап тұратын құрылғыны пайдалануыңыз керек. Мұндай ұстап тұратын құрылғыны қауіпсіздік белдігінің көмегімен мұқият бекіту керек.

C: Ортаңғы артқы орындық

Бұл жерде апаттық бұғаттауышы бар қауіпсіздік белдігі орнатылған. Балаларды ұстап тұру құрылғыларының кейбір түрлерін орындық жастықшасының шығыңқы болуына байланысты сенімді бекіту мүмкін емес. Бұл орындықта Сіз тек қана астыңғы негізі орындық жастықшасының конструкциясына сай келетін балаларды

- ЖАЛҒАСЫ –

ұстап тұратын құрылғыны пайдалануыңыз керек. Мұндай ұстап тұратын құрылғыны қауіпсіздік белдігінің көмегімен мұқият бекіту керек.

Егер Сіз артқы ортаңғы орындыққа балаларды ұстап тұратын құрылғыны орнатсаңыз, артқы ортаңғы орындықтың бас тіреуішін алып тастаңыз.

Егер балаларды ұстап тұратын құрылғы орнында тиісті түрде бекітілмесе, Сіз балаларды ұстап тұратын құрылғыны артқы бүйірлік орындыққа орнатуыңыз керек.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Арнайы балаларды ұстап тұратын құрылғылардың БАРЛЫҚ түрлері (балаларды алдыға қаратып отырғызуға арналған креслоларды қоса алғанда) әрқашан АРТҚЫ орындықта мұқият бекітілуі тиіс. Қауіпсіздік жастықтары өте тез жылдамдықпен және үлкен күштің салдарынан ашылады, бұл жасы 12 және одан да кіші, ал бойы 1,5 м және одан да аласа бойлы балаларды тасымалдау барысында бекітілмеген болса немесе нашар бекітілген болса олардың жарақаттануына және кейбір жағдайларда тіпті қайтыс болуларына әкеліп соқтыруы мүмкін.Балалар ересектерге қарағанда әлсіз және салмақтары жеңіл болып келеді, сондықтан оларға қауіпсіздік жастықтары ашылған кезде төнетін қауіп те басым. Автокөлік оқиғаларының статистикасына сәйкес, баланы алдыңғы орындыққа емес, артқы орындыққа отырғызу кезінде балалардың жарақаттану жағдайлары айтарлықтай аз.**

- **БАЛАЛАРДЫ ҰСТАП ТҰРУ ҚҰРЫЛҒЫСЫН ЕШҚАШАН АЛДЫҢҒЫ ОРЫНДЫҚҚА ОРНАТПАҢЫЗ. БҰЛ РЕТТЕ БАЛАНЫҢ БАСЫ ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҒЫНА ТЫМ ЖАҚЫН ОРНАЛАСАДЫ, АЛ БҰЛ ЖАРАҚАТ АЛУ ЖӘНЕ ТІПТІ ӨЛІМГЕ ҰШЫРАУ ҚАУПІН АРТТЫРАДЫ.**
- **Балаларды ұстап тұру құрылғысын ешқашан алдыңғы жолаушы орындығына орнатпаңыз. Алдыңғы жолаушының орындығының қауіпсіздігінің алдыңғы жастығы ашылатын күш апат кезінде баланың өліміне немесе ауыр жарақаттануына әкелуі мүмкін.**

▼ **Ескерту жапсырмасы**


⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Ескерту жапсырмалар алдыңғы жолаушы орындығының күннен қорғайтын күңқағарының екі жағынан да орналастырылған. Ескерту жапсырмасында балалардың бетін артқа қаратып тасымалдауға арналған балаларды ұстап тұратын құрылғыны алдыңғы жолаушы орындығына орнатуға тыйым салынатындығы көрсетілген.**
- **Балалар тасымалына арналған балаларды ұстап тұратын құрылғыны ЕШҚАШАН БЕЛСЕНДІ ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҒЫ орнатылған орындыққа теріс қаратып орнатпаңыз, бұл баланың ӨЛІМІНЕ немесе АУЫР ЖАРАҚАТ АЛУЫНА әкеліп соқтыруы мүмкін.**



Ескерту жапсырмасы
A) ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҒЫ.

■ Балаларды ұстап тұратын құрылғыларын таңдау



Оңтайлы қорғауды қамтамасыз ету үшін балаларды ұстап тұратын құрылғы баланың жасына, бойы мен салмағына сәйкес таңдалуы тиіс.
Сонымен қатар балаларды ұстап тұратын құрылғы Сіздің еліңіздегі қолданыстағы қауіпсіздік нормаларына сәйкес болуы маңызды.
Еуропа елдерінің көпшілігінде балаларды ұстап тұратын құрылғылар ECE № 44 стандартының талаптарына сәйкес болуы тиіс. Бұны дайындаушы кәсіпорын балаларды ұстап тұратын құрылғының қаптамасына немесе өзіне жабыстырған сәйкестігін мақұлдау белгісі немесе

- ЖАЛҒАСЫ –

тауардың сәйкестік Декларациясы куәландыра алады.
ЕСЕ №44 стандартына сәйкес балаларды ұстау құрылғылары баланың салмағына байланысты бес топқа бөлінеді.
0 тобы: салмағы 10 келіден аз балалар үшін.
0+ тобы: салмағы 13 келіден аз балалар үшін.
I тобы: салмағы 9 келіден 18 келіге дейінгі балалар үшін.
II тобы: салмағы 15 келіден 25 келіге дейінгі балалар үшін.
III тобы: салмағы 22 келіден 36 келіге дейінгі балалар үшін.

Төменде Еуропа елдеріне арналған балаларды ұстап тұратын құрылғыларды таңдау бойынша ұсыныстар берілген.

▼ Балаларды ұстап тұратын құрылғылары

Балаларды ұстап тұратын құрылғылардың топтары және оларды автокөлік орындықтарына орнату мүмкіндіктері

Орындық қалпының нөмірі	1			2	3	4
Орындықтың қалпы	Алдыңғы жолаушының орындығы			Сол жақтағы 2-қатардағы орындық	Ортаңғы 2-қатардағы орындық	Оң жақтағы 2-қатардағы орындық
	Жолаушының отыруын анықтау жүйесінсіз	Жолаушының отыруын анықтау жүйесімен				
		Қауіпсіздік жастығы қосылған	Қауіпсіздік жастығы сөндірілген			
Стандартты қауіпсіздік белдіктерімен тағуға қолайлы	Бетін тек алға қаратып	Бетін тек алға қаратып	Қолданылады	Қолданылады	Қолданылады *1	Қолданылады
"i-Size" түріндегі балаларға арналған ұстап тұратын құрылғылар үшін қолайлы (егер қолданылатын болса)	—	—	—	Қолданылады	—	Қолданылады
Көлденең бекіту үшін қолайлы (L1/L2)	—	—	—	Қолданылмайды	—	Қолданылмайды
Балалардың бетін артқа қаратып тасымалдау үшін ең қолайлы (R1/ R2/ R3)	—	—	—	R3	—	R3
Балалардың бетін артқа қаратып тасымалдау үшін ең қолайлы (F1/ F2/ F2X/ F3)	—	—	—	F3	—	F3
II және III топтар ECE R44 (ISOFIX) стандартына сәйкес	—	—	—	Қолданылады		Қолданылады


- ЖАЛҒАСЫ –

Орындық қалпының нөмірі			1			2	3	4
Орындықтың қалпы			Алдыңғы жолаушының орындығы			Сол жақтағы 2-қатардағы орындық	Ортаңғы 2-қатардағы орындық	Оң жақтағы 2-қатардағы орындық
			Жолаушының отыруын анықтау жүйесінсіз	Жолаушының отыруын анықтау жүйесімен				
				Қауіпсіздік жастығы қосылған	Қауіпсіздік жастығы сөндірілген			
Ұсынылатын балаларды ұстап тұратын құрылғылар	Қауіпсіздік белдіктерімен бекітілетін	Балалар орындығы SUBARU Baby Safe Plus.	Қолданылмайды	Қолданылмайды	Қолданылады	Қолданылады	Қолданылады	Қолданылады
		Балалар орындығы SUBARU Duo Plus.	Қолданылады	Қолданылады	Қолданылады	Қолданылады	Қолданылады	Қолданылады
		Балалар орындығы SUBARU Kidfix XP.	Қолданылады	Қолданылады	Қолданылады	Қолданылады	Қолданылады	Қолданылады
	ISOFIX	SUBARU Baby Safe Plus балалардың қауіпсіздігіне арналған кресло SUBARU Baby Safe Plus балалардың қауіпсіздігіне арналған кресло платформасымен*2	—	—	—	Қолданылады	—	Қолданылады
		Балалар орындығы SUBARU Duo Plus.	—	—	—	Қолданылады	—	Қолданылады
		Балалар орындығы SUBARU Kidfix XP.	—	—	—	Қолданылады	—	Қолданылады

*1 Артқы ортаңғы орындықта автокөліктің еденінің пішініне байланысты аяқты қоюға болатын балаларды ұстап тұратын құрылғыларды пайдалану мүмкін емес.

*2 "i-Size" түріндегі құрылғылардан өзгеше тіреуі бар балаларға арналған ұстап тұратын құрылғылар

— Бекітудің төменгі тораптары қарастырылмаған.




Сол жақтан басқарылатын моделдер

* A) Орындықтың шеткі артқы қалпы.

* B) Орындық жастығының биіктігі: ең жоғары орналасуы (орындық жастығының биіктігін реттеуге болатын модель).

*C) Орындық арқасының тік қалпы.

1) Алдыңғы жолаушының орындығы
2) Сол жақтағы 2-қатардағы орындық
3) Ортаңғы 2-қатардағы орындық
4) Оң жақтағы 2-қатардағы орындық



Оң жақтан басқарылатын моделдер

* A) Орындықтың қалпы - артқы шеткі.

* B) Орындық жастығының биіктігі: ең жоғары орналасуы (орындық жастығының биіктігін реттеуге болатын модель).

*C) Орындық арқасының тік қалпы.

*D) Аустралияға арналған моделдер

1) Алдыңғы жолаушының орындығы
2) Сол жақтағы 2-қатардағы орындық
3) Ортаңғы 2-қатардағы орындық
4) Оң жақтағы 2-қатардағы орындық

Белгі	Сипаттамасы
	Балаларды ұстап тұратын құрылғыларды орнату үшін қолайлы емес
	Балаларды ұстап тұратын құрылғылардың әмбебап санаты үшін қолайлы
	SUBARU FORESTER орнату үшін рұқсат етілген балалар орындықтары (балалар орындығына қоса берілетін автокөліктердің тиісті моделдерінің тізімін қараңыз)
	i-Size немесе ISOFIX балаларды ұстап тұратын жүйелер үшін қолайлы
	ISOFIX балаларды ұстап тұратын жүйелер үшін қолайлы
	Балаларды ұстап тұратын құрылғылардың жоғарғы бекіту тораптары қарастырылған

Салмақ бойынша жіктелген топтарға арналған балаларды ұстап тұратын құрылғылардың жарамдылығы бойынша ұсыныстар

Салмақ тобы	Балаларды ұстап тұру құрылғылары
0 келіден 10 келіге дейін	Балалар орындығы SUBARU Baby Safe Plus.
0+ келіден 13 келіге дейін	
I 9 келіден 18 келіге дейін	Балалар орындығы SUBARU Duo Plus.
II 15 келіден 25 келіге дейін	Балалар орындығы SUBARU Kidfix XP.
III 22 келіден 36 келіге дейін	

Салмақ бойынша жіктелген топтарға арналған балаларды ұстап тұратын құрылғылардың жарамдылығы бойынша ұсыныстар (ISOFIX қатты бекіткіштері бар моделдер)

Салмақ тобы	Өлшем сыныбы	Бекіту тәсілі	Балаларды ұстап тұру құрылғылары
Тасымалданатын балалар кереуеті	F	ISO/L1	Жоқ
	G	ISO/L2	Жоқ
0 келіден 10 келіге дейін	E	ISO/R1	SUBARU Baby Safe Plus балалардың қауіпсіздігіне арналған кресло SUBARU Baby Safe Plus балалардың қауіпсіздігіне арналған кресло платформасымен
0+ келіден 13 келіге дейін	E	ISO/R1	
	D	ISO/R2	
	C	ISO/R3	
I 9 келіден 18 келіге дейін	D	ISO/R2	
	C	ISO/R3	
	B	ISO/F2	Жоқ
	B1	ISO/F2X	Балалар орындығы SUBARU Duo Plus.
	A	ISO/F3	Жоқ
II 15 келіден 25 келіге дейін			Балалар орындығы SUBARU Kidfix XP.
III 22 келіден 36 келіге дейін			

■ Тек қана алдынғы орындықтағы жолаушының алдынғы қауіпсіздік жастығының қосылуын/ сөндірілуін бақылау шамы бар моделдер үшін

Балаларды ұстап тұратын құрылғыларды алдыңғы жолаушының орындығына орнату барысында

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Егер жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосылуын бақылау шамы жанып тұрған болса, балаларды ұстап тұратын құрылғыны ешқашан да орнатпаңыз. Әйтпесе, қауіпсіздік жастығының ашылуы кезінде баланың жарақат алу қаупі артады, тіпті бала баланы ұстап тұратын құрылғыда болса да.**
- **Баланы ұстап тұратын құрылғыны орнату кезінде онымен бірге жеткізілетін дайындаушы зауыттың нұсқауларын орындаңыз. Балаларды ұстап тұратын құрылғыны орнатқаннан кейін оның сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Әйтпесе, апат болған жағдайда баланың жарақат алу қаупі артады.**
- **Автокөліктің салонында алып тасталған бас тіреуіштерді ұстамаңыз, оның салон ішінде кенеттен қозғалу немесе тежеу кезінде сырғуына жол бермеңіз.**
- **Егер қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ескерту шамы және жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының сөндірілгендігін білдіретін бақылау шамы жанса жолаушының отырғанын анықтау жүйесінің ақаулы болуы мүмкін. Мұндай жағдайда балаларды ұстап тұратын құрылғыны артқы орындыққа орнатыңыз.**
- **Балалардың бетін артқа қаратып тасымалдауға арналған балаларды ұстап тұратын құрылғыларды алдыңғы жолаушының орындығына орнатқан кезде баланы ұстап тұратын құрылғыда бала отырғанда алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығының сөндірілгендігін білдіретін бақылау шамының жанып тұрғанына көз жеткізіңіз.**
- **Егер сапар кезінде алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығының сөндірілгендігін білдіретін бақылау шамы жанатын болса, автокөлікті жақын жердегі қауіпсіз орында тоқтатып, балаларды ұстап тұратын құрылғыны артқы орындыққа орнатыңыз.**
- **Балаларды ұстап тұратын құрылғы алдыңғы жолаушының орындығына сенімді орнатылғаннан кейін жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының сөндірілгендігін/ қосылуын білдіретін бақылау шамының күйін тексеріңіз.**

- ЖАЛҒАСЫ –

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Қауіпсіздік үшін балаларды ұстап тұратын құрылғыны үнемі артқы орындыққа орнатыңыз. Егер бұған жол бермеу мүмкін болмаса, алдыңғы орындықтағы жолаушының қауіпсіздігінің алдыңғы жастығының қосылуын/сөндірілуін бақылау шамының күйіне байланысты алдыңғы жолаушының орындығын пайдалану мүмкін. Толық ақпарат алу үшін "Балаларға арналған ұстап тұратын құрылғыларды алдыңғы жолаушының орындығына орнату барысында" бөлімін қараңыз ☞1-48.


ЕСКЕРТПЕ

Егер қолдану бойынша нұсқаулықта берілген барлық талаптар сақталатын болса, ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҒЫНЫҢ ескерту жапсырмасында келтірілген нұсқаулықтар қолданылмайды.

▼ Балаларды ұстап тұратын құрылғыны алдыңғы жолаушының орындығына орнату барысында

Егер сіз балаларды ұстап тұру құрылғысын алдыңғы жолаушы орындығына орнататын болсаңыз, төменде көрсетілген рәсімдерді орындаңыз.

1. Алдыңғы жолаушының орындығын төмендегідей реттеңіз.




A) Орындықтың қалпы: шеткі артқы қалпы.
B) Орындық жастығының биіктігі: Ең жоғары орналасуы (орындық жастығының биіктігін реттеуге болатын модель).
C) Орындықтың арқасы: тік қалыпта.

2. Балаларды ұстап тұратын құрылғыны алдыңғы жолаушының орындығына орнатыңыз. "Балаларды ұстап тұру құрылғыларын қауіпсіздік белдігінің көмегімен орнату" бөлімін қараңыз. ☞1-51.

Баланы (немесе сәбиді) баланы ұстау құрылғысына отырғызыңыз және бекітіңіз.

3. Алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосылуын/сөндірілуін бақылау шамының күйінің Сіздің баланы ұстап тұратын құрылғының талаптарына сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.



ON/ : Алдыңғы орындықтағы жолаушының қауіпсіздік жастығының қосылуын бақылау шамы.

OFF/ : Алдыңғы орындықтағы жолаушының қауіпсіздік жастығының сөндірілуін бақылау шамы.

• **Бақылау шамының күйі және балаларды ұстап тұратын құрылғылардың қолданылуы**

	Жанып тұр ON/	Жанып тұр OFF/
Балаларды алға қаратып тасымалдауға арналған	Иә	Иә
Балаларды артқа қаратып тасымалдауға арналған	Иә	Жоқ

Егер алдыңғы орындықтағы жолаушының қауіпсіздік жастығының қосылуын білдіретін бақылау шамы жанып тұрған болса:
Балаларды тасымалдау үшін балалардың бетін алға қаратып және артқа қаратып тасымалдауға арналған құрылғылардың екі түрін де орнатуға болады.

Егер алдыңғы орындықтағы жолаушының қауіпсіздік жастығының сөндірілуін білдіретін бақылау шамы жанып тұрған болса:
Балалардың бетін алға қаратып тасымалдауға арналған балаларды ұстап тұратын құрылғыларды ғана орнатуға болады. Балалардың бетін артқа қаратып тасымалдауға арналған балаларды ұстау құрылғыларын орнату мүмкін емес. Толығырақ ақпарат алу үшін "SRS* қауіпсіздік жастықтары (қосымша ұстап тұру жүйесінің қауіпсіздік жастықтары)" бөлімін қараңыз ☞1-63.

ЕСКЕРТПЕ

Баланы ұстап тұратын құрылғының түріне және/немесе пішініне, сондай-ақ баланың салмағына бай-ланысты алдыңғы орындықтың жолаушысының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосылуын білдіретін бақылау шамының күйі Сіздің балаларды ұстап тұратын құрылғыңыздың талаптарына сәйкес келмеуі мүмкін. Мұндай жағдайда балаларды ұстап тұратын құрылғыны артқы орындыққа орнатыңыз. Алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосылуын бақылау шамы туралы толық ақпарат "Жолаушының отыруын анықтау жүйесі (егер орнатылған болса)" бөлімінде келтірілген. ☞1-79

5. Баланы ұстап тұру құрылғысы бас тіреуішке тимейтініне көз жеткізіңіз. Егер балаларды ұстап тұратын құрылғы бас тіреуішке тиетін болса, бас тіреуішті жоғары қарай көтеріңіз. Егер балаларды ұстап тұратын құрылғы бас тіреуішке әлі де тиетін болса, бас тіреуішті алып тастаңыз. Толығырақ ақпарат алу үшін "Бас тіреуішті биіктігі бойынша реттеу" бөлімін қараңыз ☞1-11.

▼ Орнату үрдісі

Орнату үрдісі "Балаларды ұстап тұру құрылғыларын қауіпсіздік белдігінің көмегімен орнату" бөлімінде берілген ☞1-51.

■ Тек қана алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосылуын/сөндірілуін бақылау шамы жоқ модельдер үшін – Балаларды ұстап тұратын құрылғыларды алдыңғы жолаушының орындығына орнату барысында

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Ешқашан балаларды ұстап тұру құрылғысын орнатпаңыз. Әйтпесе, қауіпсіздік жастығының ашылуы кезінде баланың жарақат алу қаупі артады, тіпті ол баланы ұстап тұратын құрылғыда болса да.**

- ЖАЛҒАСЫ –

- **Баланы ұстап тұратын құрылғыны орнату кезінде онымен бірге жеткізілетін дайындаушы зауыттың нұсқауларын орындаңыз. Балаларды ұстап тұратын құрылғыны орнатқаннан кейін оның сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Әйтпесе, апат болған жағдайда баланың жарақат алу қаупі артады.**
- **Автокөліктің салонында алып тасталған бас тіреуіштерді ұстамаңыз, оның салон ішінде кенеттен қозғалу немесе тежеу кезінде сырғуына жол бермеңіз.**
- **Егер қауіпсіздік жастығы жүйесінің ескерту шамы жанса, балаларды ұстап тұратын құрылғыны артқы орындыққа орнатыңыз.**


⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Қауіпсіздік үшін балаларды ұстап тұратын құрылғыны үнемі артқы орындыққа орнатыңыз. Егер бұған жол бермеу мүмкін болмаса, алдыңғы орындықтағы жолаушының қауіпсіздігінің алдыңғы жастығының қосылуын/сөндірілуін бақылау шамының күйіне байланысты алдыңғы жолаушының орындығын пайдалану мүмкін. Толық ақпарат алу үшін "Балаларға арналған ұстап тұратын құрылғыларды алдыңғы жолаушының орындығына орнату барысында" бөлімін қараңыз ☞1-50.

▼ Балаларды ұстап тұру құрылғыларды алдыңғы жолаушы орындығына орнату барысында

Егер сіз балаларды ұстап тұру құрылғысын алдыңғы жолаушы орындығына орнататын болсаңыз, төменде көрсетілген рәсімдерді орындаңыз.

1. Алдыңғы жолаушының орындығын төмендегідей реттеңіз.



A) Орындықтың қалпы: шеткі артқы қалпы.
B) Орындық жастығының биіктігі: Ең жоғары орналасуы (орындық жастығының биіктігін реттеуге болатын модель).
C) Орындықтың арқасы: тік қалыпта.

2. Балаларды ұстап тұратын құрылғыны алдыңғы жолаушының орындығына орнатыңыз. "Балаларды ұстап тұру құрылғыларын қауіпсіздік белдігінің көмегімен орнату" бөлімін қараңыз. ☞1-51.
3. Баланы (немесе сәбиді) баланы ұстап тұру құрылғысына отырғызыңыз және бекітіңіз.
4. Баланы ұстап тұру құрылғысының бас тіреуішке тимейтініне көз жеткізіңіз. Егер баланы ұстап тұратын

құрылғы бас тіреуішке тиетін болса, бас тіреуішті жоғары қарай көтеріңіз. Егер балаларды ұстап тұратын құрылғы бас тіреуішке әлі де тиетін болса, бас тіреуішті алып тастаңыз. Неғұрлым толық ақпаратты "Бас тіреуішті биіктігі бойынша реттеу" бөлімін қараңыз ☞1-11.

▼ Орнату үрдісі

Орнату үрдісі "Балаларды ұстап тұру құрылғыларын қауіпсіздік белдігінің көмегімен орнату" бөлімінде келтірілген. ☞1-51

■ Балаларды ұстап тұратын құрылғыларын қауіпсіздік белдігінің көмегімен орнату

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Күн ыстық болғанда жабық автокөліктің қауіпсіздік белдігі сияқты балаларды ұстап тұру құрылғысының да қатты қызуы және кішкентай баланың күйіп қалуы мүмкін. Баланы ұстап тұратын құрылғыға отырғызу алдында оның температурасын тексеріңіз.**
- **Балаларды ұстап тұратын құрылғының автокөлікте бекітілмей салынуына жол бермеңіз. Бекітілмеген балаларға арналған ұстап тұратын құрылғы шұғыл тежелу немесе апат кезінде салонға бірден лақтырылуы және жүргізушіні немесе жолаушыны ғана емес, сондай - ақ ұстап тұратын құрылғыдағы баланы да жарақаттауы мүмкін. Сонымен қатар, бұл бала өліміне де ұшыратуы мүмкін.**
- **Баланы ұстап тұратын құрылғыны орнату кезінде онымен бірге жеткізілетін дайындаушы зауыттың нұсқауларын орындаңыз. Баланы ұстап тұратын құрылғыны орнатқаннан кейін оның сенімді бекітілгендігіне көз жеткізіңіз. Әйтпесе, апат кезінде баланың немесе басқа жолаушылардың жарақат алу қаупі артады.**

▼ Балаларды ұстап тұратын құрылғысын орнатуға дайындау

Алдымен автокөліктің қауіпсіздік белдіктерінің автоматты бұғаттауышы бар кергіштермен (ALR) жабдықталғанын келесі әрекеттердің көмегімен тексеріңіз.

1. Артқы орындықтың арқасын еңкейту механизмі бар моделдерде артқы орындықтың арқасын тігінен орнатыңыз.
2. Қауіпсіздік белдігін толығымен тартыңыз.
3. Қауіпсіздік белдігін сәл созып, оны қайтадан тартып көріңіз.
4. Егер, қауіпсіздік белдігі осы қалыпта бұғатталатын болса және тартылмаса, бұл қауіпсіздік белдіктерінің автоматты/ апаттық бұғаттауышы бар кергіштермен жабдықталғандығын білдіреді.

Егер қауіпсіздік белдігі толық созылса, автоматты/апаттық бұғаттау режімі жойылады және апаттық бұғаттау режімі қалпына келтіріледі.

Егер қауіпсіздік белдіктері автоматты/апаттық бұғаттауышы бар кергіштермен жабдықталмаған болса, "Автоматты/апаттық бұғаттауышы жоқ қауіпсіздік белдіктерінің кергіштері жоқ моделдер" бөлімін қараңыз ☞1-53.

Егер қауіпсіздік белдіктері автоматты/апаттық бұғаттауышы бар кергіштермен жабдықталған болса, "Автоматты/апаттық бұғаттауышы жоқ қауіпсіздік белдіктерінің кергіштері бар моделдер" бөлімін қараңыз ☞1-53.

- ЖАЛҒАСЫ –


ЕСКЕРТПЕ

- **Апаттық бұғаттауышы бар қауіпсіздік белдіктерінің кергіштері туралы толығырақ ақпарат алу үшін "Апаттық бұғаттауышы бар қауіпсіздік белдіктерінің кергіштері (ELR)" бөлімін қараңыз ☞1-22.**
- **Автоматты/ апаттық бұғаттауышы бар қауіпсіздік белдіктерінің кергіштері туралы толық ақпарат алу үшін "Автоматты бұғаттауышы/ апаттық бұғаттауышы бар қауіпсіздік белдіктерінің кергіштері" (ALR/ELR) бөлімін қараңыз (егер орнатылған болса) ☞1-23.**

▼ Балалардың бетін артқа қаратып тасымалдауға арналған балаларды ұстау құрылғылары

ЕСКЕРТПЕ


- **Автоматты/апаттық бұғаттауышы бар қауіпсіздік белдіктерінің кергіштері қарастырылған моделдер үшін Егер балаларға арналған ұстап тұру құрылғысының өндіруші нұсқаулығында автоматты/ апаттық бұғаттау режімін пайдалану ұсынылса, автоматты/ апаттық бұғаттау режімін қолданыңыз.**




1) Бекіткіш құрылғы.
2) Бекіткіш.

- **Егер балаларды ұстап тұратын құрылғыға қоса берілетін өндірушінің нұсқаулығында бекітуші құрылғыны немесе бекіткішті пайдалану ұсынылса, балаларды ұстап тұратын құрылғы жүйесін бекіту үшін бекіткіш құрылғыны немесе бекіткішті пайдаланыңыз.**


Келесі қадамдар балаларды ұстап тұратын жүйені апаттық бұғаттау режімі бар қауіпсіздік белдігінің көмегімен бекітуге мүмкіндік береді.



1. Балаларды ұстап тұратын құрылғыны артқы орындыққа орнатыңыз.
2. Дайындаушы зауыттың нұсқаулықтарына сәйкес қауіпсіздік белдігінің бел және иық бауларын бала отырғызылған балаларға арналған қосымша орындық арқылы немесе оны орай өткізіңіз.
3. Қауіпсіздік белдігінің тоғасын бекіткіш сырт еткенше иірімжіпке салыңыз.



4. Қауіпсіздік белдігінің бел бауының салбырауын таңдаңыз.




5. Балаларды ұстап тұру құрылғысының бекітілуінің сенімділігін оны алға және артқа және бір жақтан екінші жаққа қарай ырғап көріңіз.
6. Балалар ұстап тұрғыш құрылғыны алып тастау үшін, қауіпсіздік белдігінің тоғасына фиксаторын басыңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

БАЛАЛАР КРЕСЛОСЫН ЕШҚАШАН АЛДЫҢҒЫ ОРЫНДЫҚҚА ОРНАТПАҢЫЗ. БҰЛ РЕТТЕ БАЛАНЫҢ БАСЫ ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҒЫНА ТЫМ ЖАҚЫН ОРНАЛАСАДЫ, АЛ БҰЛ ЖАРАҚАТ АЛУ ЖӘНЕ ТІПТІ ӨЛІМГЕ ҰШЫРАУ ҚАУПІН АРТТЫРАДЫ.

▼ Балалардың бетін алға қаратып тасымалдауға арналған балаларды ұстау құрылғылары

▽ Автоматты/апаттық бұғаттауышы бар қауіпсіздік белдіктерінің кергіштері жоқ моделдер




1. Балаларды ұстап тұратын құрылғы орнатылатын артқы орындықтың бас тіреуішін алып тастаңыз.
2. Алынған бас тіреуішті жүк арту бөлігіне салып қойыңыз.


⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Автокөліктің салонында босатып алынған бас тіреуішті кенеттен бұрылғанда немесе тежегенде сырғымауы үшін ұстамаңыз.

3. Артқы орындықтың арқасын еңкейту механизмі бар моделдерде артқы орындықтың арқасын тігінен орнатыңыз.
4. Балаларды ұстап тұратын құрылғыны орындыққа орналастырыңыз.




5. Дайындаушы зауыттың нұсқаулықтарына сәйкес қауіпсіздік белдігінің бел және иық бауларын бала отырғызылған балаларға арналған қосымша орындық арқылы немесе оны орай өткізіңіз.
6. Қауіпсіздік белдігінің тоғасын бекіткіш сырт еткенше иірімжіпке салыңыз.




1) Бекіту иінтірегі.

7. Балаларды ұстап тұратын құрылғының бекіткіш иінтірегін босатыңыз және қауіпсіздік белдігінің иық белбеуін бекіткіш иінтірек арқылы өткізіңіз.
8. Қауіпсіздік белдігінің бел белбеуінің салбырауын таңдаңыз. Сонымен бір мезгілде, балаларды ұстап тұру құрылғысын неғұрлым тығыздау бекіту үшін оны өз салмағыңызбен қауіпсіздік белдігін тарта отырып орындық жастықшасына қарай ығыстырыңыз.




1) Бекіту иінтірегі.

9. Балаларды ұстап тұру құрылғысының бекіткіш иінтірегін бұғаттап, қауіпсіздік белдігінің иық белбеуін бекітіңіз.




1) Бекіткіш.

10. Егер Сіздің балаларды ұстап тұратын құрылғыңыз бекіткіш иінсаптармен (қауіпсіздік белдігін бекіту үшін) жабдықталмаса, балаларды ұстап тұратын құрылғыны бекіткіштердің көмегімен бекітіңіз.




11. Баланы балаларды ұстап тұратын құрылғыға отырғызар алдында оның бекітілуінің сенімділігін тексеріп, құрылғыны алға және артқа және бір жақтан екінші жаққа қарай ырғап көріңіз. Кейде балаларға арналған ұстап тұратын құрылғыны мұқият бекіту үшін оны өз салмағыңызбен қауіпсіздік белдігін тарта отырып орындық жастықшасына қарай ығыстыруға болады.

▽ **Автоматты/апаттық бұғаттауышы бар қауіпсіздік белдіктерінің кергіштері бар моделдер**




1) Бекіту иінтірегі.



1) Бекіткіш.


ЕСКЕРТПЕ

Егер автоматты/ апаттық бұғаттау режимін пайдалану балаларды ұстап тұратын құрылғыға қоса берілетін өндіруші нұсқаулығында ұсынылмаса, оның орнына бекіткіш иінсапты немесе бекіткішті пайдаланыңыз.




1. Балаларды ұстап тұратын құрылғы орнатылатын артқы орындықтың бас тіреуішін алып тастаңыз.
2. Артқы орындықтың арқасын еңкейту механизмі бар моделдерде артқы орындықтың арқасын тігінен орнатыңыз.
3. Балаларды ұстап тұратын құрылғыны орындыққа орналастырыңыз.


- ЖАЛҒАСЫ –




4. Дайындаушы зауыттың нұсқаулықтарына сәйкес қауіпсіздік белдігінің бел және иық белбеулерін балаларды ұстап тұратын құрылғы арқылы немесе оны орай өткізіңіз.
5. Қауіпсіздік белдігінің тоғасын бекіткіш сырт еткенше иірімжіпке салыңыз.




6. Қауіпсіздік белдігінің бел белбеуінің салбырауын таңдаңыз.
7. Оны апаттық бұғаттау режімінен автоматты бұғаттау режіміне шығару үшін кергіштен қауіпсіздік белдігін толығымен алыңыз. Осыдан кейін, ол кергішке қайта тартылғанша белдікті босатыңыз. Қауіпсіздік белдігін тарту кезінде кергіштің автоматты бұғаттау режімінде жұмыс істейтінін көрсететін сырт еткен дыбыс естіледі.



8. Баланы балаларды ұстап тұратын құрылғыға отырғызар алдында оның бекітілуінің сенімділігін тексеріп, құрылғыны алға және артқа және бір жақтан екінші жаққа қарай ырғап көріңіз. Кейде балаларға арналған ұстап тұратын құрылғыны мұқият бекіту үшін оны өз салмағыңызбен қауіпсіздік белдігін тарта отырып орындық жастықшасына қарай ығыстыруға болады.
9. Қауіпсіздік белдігінің иық бауынан тартыңыз және оның созылмайтындығына көз жеткізіңіз. Бұл автоматты бұғаттау режімінде кергіштің қалыпты жұмысын білдіреді.



10. Егер балаларға арналған ұстап тұратын құрылғысын жоғарғы бекіту белдігінің көмегімен орнату қажет болса, балаларды ұстап тұратын құрылғысының жоғарғы бекіткішінің ілмегін балаларды ұстап тұратын құрылғының жоғарғы бекіту белдігінің торабына іліп, жоғарғы бекіту белдігін тартыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін "Балаларды ұстап тұру құрылғылардың жоғарғы бекіту тораптары" бөлімін қараңыз ☞1-62.




11. Балаларды ұстап тұратын құрылғыны алып тастау үшін, белбеу иірімжібіндегі бекіткіштің түймесін басыңыз және белдіктің толық тартылуына мүмкіндік беріңіз. Осыдан кейін қауіпсіздік белдігінің кергіші апаттық бұғаттау режіміне қайта ауыстырылады.

ЕСКЕРТПЕ

Балаларды ұстап тұру құрылғысы пайдаланылмаса, оны шешіп, қауіпсіздік белдігінің кергішін апаттық бұғаттау режіміне ауыстырыңыз. Қауіпсіздік белдігінің кергішін апаттық бұғаттау режіміне ауыстыру қауіпсіздік белдігін кергішті толық тарту жолымен жүзеге асырылады.

■ Қосымша балалар орындығын орнату




1. Егер балаларға арналған қосымша орындық оны орнату болжанатын артқы орындықтың бас тіреуішіне тиетін болса, бас тіреуіштерді жоғары қарай көтеріңіз. Егер балаларды ұстап тұратын құрылғы бас тіреуішке әлі де тиетін болса, бас тіреуішті алып тастаңыз. Толық ақпарат алу үшін "Бас тіреуішті реттеу" бөлімін қараңыз ☞1-15.


- ЖАЛҒАСЫ –

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Алынған бас тіреуішті жүк арту бөлігіне салып қойыңыз. Автокөліктің салонында алып тасталған бас тіреуіштерді ұстамаңыз, оның салон ішінде кенеттен қозғалу немесе тежеу кезінде сырғуына жол бермеңіз.



2. Автокөліктің артқы орындығына балаларға арналған қосымша орындықты орнатыңыз және оған баланы отырғызыңыз. Бұл ретте баланың арқасы балаларға арналған қосымша орындықтың арқасына толық тиюі тиіс.
3. Дайындаушы зауыттың нұсқаулықтарына сәйкес қауіпсіздік белдігінің бел және иық бауларын бала отырғызылған балаларға арналған қосымша орындық арқылы немесе оны орай өткізіңіз.
4. Қауіпсіздік белдігінің тоғасын бекіткіш сырт еткенше иірімжіпке салыңыз. Қауіпсіздік белдігінің бұралмағандығына көз жеткізіңіз. Қауіпсіздік белдігінің иық бауының баланың иығының ортасынан, ал қауіпсіздік белдігінің бел бауының баланың жамбасында, барынша төмен өтетіндігіне көз жеткізіңіз.




5. Балаларға арналған қосымша орындықты алу үшін қауіпсіздік белдігінің иірімжібіндегі бекіткіштің түймесін басыңыз және белдіктің толық тартылуына мүмкіндік беріңіз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


- **Қауіпсіздік белдігінің бұралмауы немесе айналып кетпеуі тиіс. Керісінше жағдайда апат кезінде баланың жарақат алу қаупі немесе олардың күрделілік дәрежесі артады.**
- **Ешқашан қауіпсіздік белдігін баланың қолының астынан немесе баланың арқасынан өткізбеңіз. Керісінше жағдайда апат кезінде жарақат алу қаупі немесе олардың күрделілік дәрежесі артады.**
- **Қауіпсіздік белдігінің денеге толық беттесіп, сол арқылы оның қалпының барынша қауіпсіздікті қамтамасыз ете алуы тиіс. Әлсіз керілген қауіпсіздік белдіктерінің жарақаттың алдын алуы тиімді болмауы немесе олардың ауырлық дәрежесін төмендетуде тиімсіз болуы мүмкін.**

- **Қауіпсіздік белдігінің бел бауы баланың жамбасында, мүмкіндігінше төмен бекітілуі тиіс. Егер қауіпсіздік белдігінің бел бауы жоғары орналасқан болса, қауіпсіздік белдігінің астына дененің сырғып кетуі немесе оның құрсақ қуысына қарай жоғары жылжып кету қаупі артады. Екі жағдайда да ішкі ағзалардың ауыр зақымдануына немесе өлімге соқтыратын қауіп туындайды.**
- **Қауіпсіздік белдігінің иық бауы баланың иығының ортасы арқылы өтетініне көз жеткізіңіз. Егер қауіпсіздік белдігінің иық бауы мойын маңынан өтетін болса, онда кенеттен тежелу немесе соқтығысу кезінде бұл омыртқаның мойын бөлігінің ауыр жарақатына әкелуі мүмкін.**


■ Балаларды ұстап тұратын құрылғыны ISOFIX бекіткіш қапсырмасымен орнату



Бұл автокөлікте ISOFIX бекіткіш қапсырмалары орнатылған, олар қауіпсіздік белдігін пайдаланбай, ISOFIX жүйесінің балаларды ұстап тұратын құрылғыларын артқы орындыққа орнатуға арналған.




ISOFIX бекіткіш қапсырмасының орналастырылуы балаларды ұстап тұратын құрылғыларды тек артқы бүйірлік орындықтарда орнатуға мүмкіндік береді. Әрбір артқы бүйірлік орындықтар үшін екі бекітпе қапсырма қарастырылған.




- ЖАЛҒАСЫ –


Артқы орындықтардың төменгі жағында Сіз "" белгішесін көруіңіз мүмкін. Бұл белгішелер ISOFIX бекіткіш қапсырмаларының орнын көрсетеді.




1. Артқы орындықтың арқасының талап етілетін жағында бекіту торабының бітеуішін ағытыңыз. Сіз алынған бітеуішті екіге бүктей аласыз және оны бекіте аласыз. Бұл балаларды ұстап тұратын құрылғыны орнату үшін пайдалану болжанатын бекітпенің тораптарына (тақтайшаларына) қол жеткізуді қамтамасыз етеді.



2. Балаларды ұстап тұратын құрылғы орнатылатын артқы орындықтың бас тіреуішін алып тастаңыз.
3. Алынған бас тіреуішті жүк арту бөлігіне салып қойыңыз.
4. Артқы орындықтың арқасын еңкейту механизмі бар моделдерде артқы орындықтың арқасын тігінен орнатыңыз.




5. Балаларды ұстап тұратын құрылғының жалғауыштарын бекіту торабының тақтайшаларына біріктіріңіз. Бекіту тораптары бекітілгенде қасында орналасқан қауіпсіздік белдіктерінің қысылмағанына көз жеткізіңіз.



1) Орнатуға арналған айлабұйым


ЕСКЕРТПЕ

Егер Сіз сатып алған балаларды ұстап тұратын құрылғыны бекіту үшін орнатуға арналған айлабұйымдар қарастырылған болса, онда балаларды ұстап тұратын құрылғыны орнату алдында оларды сәйкесінше екі ISOFIX бекіткіш қапсырмасына бекітіңіз (немесе оларды орындықтың арқасы мен жастықшасы арасында ISOFIX бекіткіштері орналасқан жерлерде орнықтырыңыз). Балаларды ұстап тұратын құрылғының бекіту тораптарын орнатуға арналған тиісті айлабұйымға қарама-қарсы орнатыңыз.Содан кейін бекіту тораптарын орнатуға арналған айлабұйымға салып, олардың ISOFIX бекіту қапсырмаларында мұқият бекітілгендігін тексеріңіз. Орнатуға арналған айлабұйымдар ISOFIX жүйесінің балаларды ұстап тұратын құрылғыларын орнатуды жеңілдетеді және олардың зақымдануын болдырмауға көмектеседі.



ЕСКЕРТПЕ

Егер әмбебап бекіту жүйесі бар балаларды ұстап тұратын құрылғы пайдаланылса (байланатын бекіткішпен). Балаларды ұстап тұратын құрылғыны орындық жастықшасына орнатыңыз, балаларды ұстап тұратын құрылғыны бекіту үшін сол және оң жақтағы бекіткіштерді жоғары қарай тартыңыз.



6. Балаларды ұстап тұратын құрылғыға отырғызар алдында құрылғыны әр жаққа қарай ырғай отырып, бекітілуінің сенімділігін тексеріңіз.
7. Егер балаларды ұстап тұратын құрылғысын жоғарғы бекіту белдігінің көмегімен орнату қажет болса, балаларды ұстап тұратын құрылғысының жоғарыдағы бекіткішінің ілмегін балаларды ұстап тұратын құрылғысының жоғарыдағы бекіту торабына іліп, бекіту белдігін тартыңыз. Қосымша ақпарат үшін "Балаларды ұстап тұру құрылғыларының жоғарыдағы бекіту тораптары" бөлімін қараңыз ☞1-62.

Қосымша ақпарат алу үшін балаларды

- ЖАЛҒАСЫ –

ұстап тұратын құрылғыны дайындаушы зауыттың қосымша ұсынатын нұсқаулығын қараңыз.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Балаларды ұстап тұратын құрылғыны орнату кезінде дайындаушы зауыттың онымен бірге берілетін нұсқауларын орындаңыз. Балаларды ұстап тұратын құрылғыны орнатқаннан кейін оның сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Әйтпесе, апат кезінде баланың жарақат алу қаупі артады.

ЕСКЕРТПЕ

Ұстап тұратын құрылғыны орнату алдында дайындаушы кәсіпорыннан оның Сіздің автокөлігіңізде орнатуға рұқсат етілгендігінің растамасын сұраңыз.


■ Балаларды ұстап тұратын құрылғылардың жоғарыдағы бекіту тораптары

Бұл автокөлік балаларға арналған ұстап тұратын құрылғылардың жоғарыдағы бекіткішінің екі немесе үш торабымен жабдықталған, олардың жоғары бекіту белдіктері бар. Осындай балаларды ұстап тұратын құрылғыларды орнату кезінде балаларды ұстап тұратын құрылғыны жасаушы кәсіпорынның нұсқаулығын сақтай отырып, төменде келтірілген нүсқауларды сақтаңыз.

Жоғарыдағы бекіткіштің белдігі автокөлікте балаларды ұстап тұратын құрылғының бекітілуінің сенімділігін арттыратындықтан, біз Сізге мүмкіндігінше жоғарыдағы бекіткіштің белдігін пайдалануды ұсынамыз.

▼ Балаларды ұстап тұратын құрылғының жоғарғы бекіту тораптарының орналастырылуы

Бекіту тораптарын орнату орындары келесі суретте көрсетілген.




1) Сол жақ орындық.
2) Оң жақ орындық.

▼ Балаларды ұстап тұратын құрылғының жоғарыдағы бекіту белдігін бекіту

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Балаларды ұстап тұратын құрылғыны орнату кезінде тиісті бас тіреуішті алып тастаңыз. Әйтпесе, жоғарыдағы бекіту белдігі қажетті кермемен бекітілмеуі мүмкін.**
- **Алынған бас тіреуішті жүк арту бөлігіне салып қойыңыз. Бас тіреуішті автокөліктің салонында ұстамаңыз, себебі ол шұғыл бұрылыстар немесе кенеттен тежелу кезінде салон ішінде сырғып кетуі мүмкін.**

1. Балаларды ұстап тұратын құрылғы орнатылатын орындықтың бас тіреуішін алып тастаңыз. Толық ақпарат алу үшін "Бас тіреуішті реттеу" бөлімін қараңыз ☞1-15.
2. Орындықтың бас тіреуішін тік күйге келтіріңіз.



3. Жоғарыдағы бекітпенің белдігінің ілмегін жоғарыдағы бекітпенің тиісті торабына іліңіз.
4. Жоғарыдағы бекітпенің белдігін қатты тартыңыз.

Егер сізде балаларға арналған ұстап тұратын құрылғыларды орнатуға қатысты қандай да бір сұрақтар болса, біз Сізге SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

SRS қауіпсіздік жастықтары* (қосымша ұстау жүйесінің қауіпсіздік жастықтары)

*SRS – "Қосымша ұстау жүйесі" ("Supplemental Restraint System") дегенді білдіретін қысқарту. Бұл атау қауіпсіздік жастықтары автокөліктің қауіпсіздік белдіктеріне қосымша болып табылатындығына байланысты.

Сіздің автокөлігіңіз жеті қауіпсіздік жастығын қамтитын қосымша ұстау жүйесімен жабдықталған.
Жүйенің мынадай конфигурациялары бар.

- Жүргізуші мен алдыңғы орындықтың жолаушысы үшін **алдыңғы қауіпсіздік жастықтары**.
- Жүргізуші мен алдыңғы орындықтың жолаушысы үшін **бүйіріндегі қауіпсіздік жастықтары**.
- **Жастық-перделер** (жүргізушіге, алдыңғы және артқы бүйір орындықтардың жолаушыларына арналған)
- **Жүргізуші** тізесіне **арналған қауіпсіздік жастығы.**

Бұл қауіпсіздік жастықтары қауіпсіздік белдіктерімен қамтамасыз етілген негізгі қорғауға қосымша ретінде құрастырылған. Бұл жүйе сондай-ақ қауіпсіздік белбеулерінің жұмысын басқарады. Қауіпсіздік белдіктерінің керме бөлшектерін пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар, сондай-ақ қажетті сақтық шаралары "Қауіпсіздік белдіктерінің керме бөлшектері" бөлімінде берілген ☞1-31.

■ Қауіпсіздік жастықтары жүйесіне қатысты жалпы сақтық шаралары


⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Апаттық жағдайда барынша қорғауды қамтамасыз ету үшін жүргізуші мен автокөліктегі барлық жолаушылар әрдайым қауіпсіздік белдігін тағулары тиіс. Қауіпсіздік жастықтары қауіпсіздік белдіктерімен қамтамасыз етілетін негізгі қорғауға қосымша ретінде ғана құрастырылған. Олар Сізді қауіпсіздік белдіктерін тағып жүру міндетінен босатпайды. Қауіпсіздік жастықтары қауіпті апат кезінде тек қауіпсіздік белдіктері бар жағдайларда ғана жүргізуші мен жолаушылардың барынша оңтайлы қорғалуын қамтамасыз етеді.**

  Қауіпсіздік белдіктерін тағу сияқты талаптарды елемеу Сіздің автокөлігіңіздің қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталғанына қарамастан, апат кезінде ауыр жарақат алу немесе өлім құшу қаупін арттырады.

Қауіпсіздік белдіктері жүйесіне қатысты нұсқаулықтар мен алдын алу шаралары "Қауіпсіздік белдіктері" бөлімінде берілген ☞1-21.

- **Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары және қауіпсіздік жастықтары-перделері бар моделдер үшін: бүйірлік қауіпсіздік жастықтары және қауіпсіздік жастықтары-перделері қауіпсіздік белбеулерімен қамтамасыз етілетін негізгі қорғанысқа қосымша ретінде ғана құрастырылған. Олар Сізді қауіпсіздік белдіктерін тағып жүру міндетінен босатпайды. Оның үстіне, тағулы тұрған қауіпсіздік белдіктері жүргізушінің немесе алдыңғы орындықтағы жолаушылардың дұрыс отырмауы, атап айтқанда, олардың түзу отырмауы салдарынан орын алуы мүмкін жарақаттарды болдырмауға көмектеседі.**


100155

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Қауіпсіздік жастығы өте үлкен жылдамдықпен және күшпен ашылады. Жүргізушінің немесе жолаушының дұрыс отырмауы қауіпсіздік жастықтары іске қосылғанда ауыр жарақаттарға әкеліп соқтыруы мүмкін. Қауіпсіздік жастығын ашу үшін біраз орын қажет, сондықтан жүргізуші рөл дөңгелегін барынша алыс, бірақ автокөлікке толық бақылау жасауды қамтамасыз ете отырып, орындықтың арқасына қарай тығыздала отыруы керек, бірақ бұл ретте автокөлікті толық бақылауы тиіс.

Алдыңғы орындықтың жолаушысы өз орындығын мүмкіндігінше артқа қарай жылжытқаны және тігінен, орындықтың арқасына қарай тығыздала отырғаны жөн.


102008

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары және қауіпсіздік жастықтары-перделері бар моделдер үшін: алдыңғы есіктерге тым жақын отырмаңыз және оларға қажетсіз жағдайда сүйенбеңіз. Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары екі алдыңғы орындықта да арқалықта, есік бағандары жағында орналасқан. Олар бүйірден соққы болған жағдайда лезде іске қосылу арқылы (адам көзін ашып-жұмғаннан да тез) қорғауды қамтамасыз етеді. Дегенмен, бүйірде орналасқан қауіпсіздік жастығы ашылатын күштің тым жақын болса бастың және дененің басқа да мүшелерінің жарақаттануына себеп болуы мүмкін.**

- Қауіпсіздік жастықтары-перделері бар моделдер үшін: есіктерге тым жақын отырмаңыз және оларға қажетсіз жағдайда сүйенбеңіз. Сонымен қатар, автокөлік терезесінен басыңызды немесе қолыңызды шығармаңыз. Перденің жастықтары салонның екі жағынан, төбенің бүйірінде орналасқан (алдыңғы тіреуіш пен артқы орындықтың үстіндегі белгі арасындағы) және бүйір жақтан соқтығысу кезінде жылдам (адам көзін ашып-жұмғаннан да тез) ашылуының арқасында қорғанысты қамтамасыз етеді. **ҚР** арналған моделдерде аударылу кезінде жолаушылар мен бүйір терезелер арасында қауіпсіздік жастықтары-перделері ашылады, бұл қауіпсіздік белдіктерінің жолаушының басына тиетін соққыны жұмсарту әрекетін толықтырады. Дегенмен, жастықша-перде ашылатын күш егер бас оған тым жақын болса, бас жарақатының себебі болуы мүмкін.

- Қауіпсіздік жастығына жантайып отырмаңыз және қажет болмаса тым жақындамаңыз. Жоғары жылдамдықтағы соқтығысу кезінде олар лезде адам көзін ашып-жұмғаннан да тез және қатты күшпен іске қосылады. Бұл ретте қауіпсіздік жастығына тым жақын отырған жүргізуші немесе жолаушы жарақат алуы мүмкін.

  Сонымен қатар қауіпсіздік белдігі тағулы болса автокөліктегі адам дұрыс отырмаған жағдайда қауіпсіздік жастығының әсерінен жарақаттанудан сақтанып қалуына көмектеседі. Мысалы, шұғыл тежелу барысында соқтығысу алдында оның кенеттен алға қарай лақтырылуы мүмкін.


  Жүргізуші немесе жолаушы дұрыс отырмайтын болса қауіпсіздік жастықтары іске қосылған кезде көзге көрінбейтін жарақаттар алу мүмкін (беттің немесе қолдың көгеруі немесе жеңіл жаралар).



⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


- Қауіпсіздік жастығымен және бүйірлік қауіпсіздік жастығы-перделерімен жабдықталған моделдер үшін: қолды алдыңғы есікке немесе оның ішкі қаптамасына қоймаңыз. Сіз бүйірлік қауіпсіздік жастығы іске қосылған кезде жарақат алуыңыз мүмкін.
- Қандай да бір заттарды қауіпсіздік жастығының қақпағына немесе жастықтың қақпағының жанына қоюға, сондай-ақ олардың Сіз бен қауіпсіздік жастығы арасында орналастырылуына тыйым салынады.


Қауіпсіздік жастықтары іске қосылған кезде бұл заттар оның қалыпты жұмысына кедергі келтіруі немесе олар автокөліктің ішіндегі қуыстарға лақтырылуы мүмкін, салдарынан жарақаттанып қалу ықтимал.



⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Жел әйнегіне ешқандай аксессуаларды бекітпеңіз және штаттық артқы көрініс айнасының үстіне кең көлемді айнаны орнатпаңыз. Қауіпсіздік жастықтары іске қосылған кезде бұл заттар салонға лақтырылып, автокөліктегі адамдарға жарақат келтіруі мүмкін.





⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


- **Рөл дөңгелегінің жастықшасына, рөл колонкасының қабына немесе аспаптар панеліне ешқандай заттарды (белдіктерді немесе сымдарды қоса алғанда) қоймаңыз.**
  - **Мұндай заттар рөл дөңгелегіне оралып, алдыңғы қауіпсіздік жастығына және т. б. тиісінше іске қосылуына мүмкіндік бермей қалуы мүмкін.**
  - **Алдыңғы қауіпсіздік жастығы іске қосылған кезде бұл заттар салонға лақтырылып, автокөліктегі адамдарға жарақат келтіруі мүмкін.**
- **Кілтті ауыр, үшкір немесе қатты аксессуарларға немесе басқа кілтке бекітуге тыйым салынады. Тізеге арналған қауіпсіздік жастықтары іске қосылған кезде бұл заттар оның қалыпты жұмысына кедергі келтіруі немесе олар автокөліктің ішіндегі қуыстарға лақтырылуы мүмкін, салдарынан жарақаттанып қалу ықтимал.**

- ЖАЛҒАСЫ –

- **Жүргізуші жақтағы аспаптар панелінің астына ешқандай заттарды қоймаңыз. Тізеге арналған қауіпсіздік жастықтары іске қосылған кезде бұл заттар оның қалыпты жұмыс істеуіне кедергі келтіруі мүмкін немесе олар автокөлік салонының тереңдігіне тасталуы мүмкін, бұл жарақаттарға әкелуі мүмкін.**

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Рөл дөңгелегінің жастықшасына немесе аспаптар тақтасына ешқандай заттарды қоймаңыз. Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары іске қосылған кезде бұл заттар оның қалыпты жұмысына кедергі келтіруі немесе олар автокөліктің ішіндегі қуыстарға лақтырылуы мүмкін, салдарынан жарақаттанып қалу ықтимал.**
- **Тізеге арналған қауіпсіздік жастығы бар моделдер үшін:**
  - **Кілтті ауыр, үшкір немесе қатты аксессуарларға немесе басқа кілтке бекітуге тыйым салынады. Тізеге арналған қауіпсіздік жастықтары іске қосылған кезде бұл заттар оның қалыпты жұмыс істеуіне кедергі келтіруі мүмкін немесе олар автокөлік салонының тереңдігіне тасталуы мүмкін, бұл жарақаттарға әкелуі мүмкін.**
  - **Жүргізуші жақтағы аспаптар панелінің астына ешқандай заттарды қоймаңыз. Тізеге арналған қауіпсіздік жастықтары іске қосылған кезде бұл заттар оның қалыпты жұмыс істеуіне кедергі келтіруі мүмкін немесе олар автокөлік салонының тереңдігіне тасталуы мүмкін, бұл жарақаттарға әкелуі мүмкін.**




⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Қауіпсіздік жастықтарымен және қауіпсіздік жастығы-перделерімен жабдықталған моделдер үшін:

- **Есіктердің қаптамаларына немесе бүйірлік қауіпсіздік жастықтарының жанында ешқандай аксессуарларды бекітпеңіз, сондай-ақ олардың жанына ешқандай заттарды орналастырмаңыз. Бүйірлік қауіпсіздік жастығы іске қосылған кезде олар жолаушылар жаққа немесе жүргізушіге қарай лақтырылуы және оларды жарақаттауы мүмкін.**

- **Дыбысты байланыс жүйесінің микрофонын немесе басқа аксессуарларды алдыңғы, ортаңғы және артқы тіреулерге, жел әйнегіне, бүйір терезелерге, жоғарыдағы тұтқаларына және салонның қауіпсіздік жастықтары ашылатын аумағы-ндағы басқа да жерлерге бекітпеңіз. Қауіпсіздік жастықтары ашылатын аумақтағы дыбысты байланыс жүйесінің микрофонының немесе басқа аксессуарлардың қатты күшпен артқа лақтырылуы, болмаса жастық-перделердің дұрыс ашылуына кедергі келтіруі мүмкін. Екі жағдайдың да салдарынан ауыр жарақат алу қауіпі бар.**
- **Киім ілгіштерді немесе жиегі өткір өзге де заттарды киімге арналған ілмектерге ілмеңіз. Киімге арналған ілмектерде салбырап тұратын мұндай заттар жастықтардың ашылуы кезінде ілмектерден ұшып кетуі және салонға лақтырылуы мүмкін, бұның салдарынан ауыр жарақат алу ықтимал. Сондай - ақ олар қауіпсіздік жастықтарының дұрыс жұмыс істеуіне кедергі келтіруі мүмкін.**




⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Қауіпсіздік жастығы-перделерімен жабдықталған моделдер үшін:

Киімге арналған ілгектерге киім ілгіштерді немесе өзге де қатты заттарды, болмаса жиегі өткір заттарды ілмеңіз. Киімге арналған ілгектерде ілінген мұндай заттар қауіпсіздік жастықтары ашылған кезде ілмектерден ұшып кетуі және артқа қарай лақтырылуы, болмаса ауыр жарақаттардың себебі болуы мүмкін.

Киімге арналған ілгектерге киімдерді ілер алдында оның қалтасында өткір заттардың жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Киімдерді киімге арналған ілгектерге тікелей іліңіз; киім ілгіштерді пайдаланбаңыз.



⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталған моделдер үшін: алдыңғы орындықтардың арқаларына ешқандай тыстарды, киімдерді немесе басқа да заттарды жаппаңыз, сондай - ақ алдыңғы орындықтардың үстіне немесе бүйірлік қауіпсіздік жастығының жанына ешқандай жапсырмаларды жапсырмаңыз. Олар бүйірлік қауіпсіздік жастықтарының дұрыс ашылуына кедергі келтіруі мүмкін, сол арқылы жүргізушіні немесе алдыңғы орындықтың жолаушысын қорғау тиімділігі кемиді.



⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


- **Балалар тек АРТҚЫ орындықта тасымалдануы керек. Оның үстіне олардың қалыптары арнайы балаларды ұстап тұратын құрылғы көмегімен немесе штаттық қауіпсіздік белдіктерімен бекітілуі тиіс. Қауіпсіздік жастықтары өте жылдам және үлкен күштің әсерінен іске қосылады, егер тасымалдау кезінде бала бекітілмеген болса немесе нашар бекітілген болса, бұл баланың жарақаттануына және тіпті оның өліміне әкеліп соқтыруы мүмкін.**

Балалар ересектерге қарағанда әлсіз және салмақтары жеңіл, сондықтан оларға қауіпсіздік жастықтары ашылған кезде төнетін қауіп те басым.

Арнайы балаларды ұстап тұратын құрылғылардың БАРЛЫҚ түрлері (балаларды алдыға қаратып отырғызуға арналған креслоларды қоса алғанда) әрқашан АРТҚЫ орындықта мұқият бекітілуі тиіс.


Автокөлік оқиғаларының статистикасына сәйкес, баланы алдыңғы орындықта емес, артқы орындықта орналастырған кезінде орын алған жарақаттану оқиғалары айтарлықтай төмен.

Балаларды ұстап тұратын құрылғыларға қатысты нұсқаулықтар мен сақтық шаралары "Балаларды ұстап тұру құрылғылары" бөлімінде берілген ☞1-36.




⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

БАЛАЛАР КРЕСЛОСЫН ЕШҚАШАН АЛДЫҢҒЫ ОРЫНДЫҚҚА ОРНАТПАҢЫЗ. БҰЛ РЕТТЕ БАЛАНЫҢ БАСЫ ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҒЫНА ТЫМ ЖАҚЫН ОРНАЛАСАДЫ, АЛ БҰЛ ЖАРАҚАТ АЛУ ЖӘНЕ ТІПТІ ӨЛІМГЕ ҰШЫРАУ ҚАУПІН АРТТЫРАДЫ.




⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


Баланың алдыңғы жолаушы орындығында тұруына немесе тізерлеп тұруына рұқсат бермеңіз. Қауіпсіздік жастығы үлкен күшпен ашылады, бұл баланың жарақаттануына немесе тіпті оның өліміне әкелуі мүмкін.



⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Ешқашан баланы қолыңызда немесе тізеңізде ұстамаңыз. Қауіпсіздік жастығы үлкен күшпен ашылады, бұл баланың жарақаттануына немесе тіпті оның өліміне әкелуі мүмкін.


100166


100167

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Бүйірлік қауіпсіздік жастықтарымен және жастық-перделерімен жабдықталған моделдерде балалардың мыналарды жасауына жол бермеңіз:**
  - **Кез келген жолаушы орындықтарында тізерлеп тұрып, бүйір терезеден қарауына.**
  - **Алдыңғы орындықтың арқасын қолмен ұстауға.**
  - **Терезеден басын, қолын немесе дененің басқа бөліктерін шығаруына.**

  Апат кезінде бүйірлік қауіпсіздік жастығы және/немесе қауіпсіздік жастығы-пердесі ашылатын күш баланы ауыр жарақаттарға ұшыратуы мүмкін, өйткені оның басы, қолы, сондай - ақ денесінің басқа да бөліктері бүйірлік қауіпсіздік жастығына және/немесе қауіпсіздік жастығы-пердесіне тым жақын болады.

- **Сіздің автокөлігіңіз алдыңғы орындық жолаушысының алдыңғы қауіпсіздік жастығымен жабдықталғандықтан, жасы 12 және одан да кіші, ал бойы 1,5 метр және одан да аласа бойлы балалардың кез келген жағдайда артқы орындықта орналасуы әрқашан мұқият бекітулі күйде болуы тиіс.**


⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Қауіпсіздік жастығы іске қосылған кезде түтіннің аздаған иісі шығады. Бұл түтіннің демікпемен ауыратын және де тыныс алу жолдарының басқа да ауруы бар тұлғалардың тыныс алуын қиындатуы мүмкін. Егер Сізде немесе Сіздің автокөлігіңіздегі жолаушыда қауіпсіздік жастығы іске қосылғаннан кейін тыныс алуға байланысты қиыншылықтар болса, тез арада таза ауаның кіруін қамтамасыз етіңіз.**
- **Қауіпсіздік жастықтары іске қосылған кезде ыстық газдар бөлінеді. Осы ыстық газбен тікелей байланыс салдарынан жүргізушінің немесе жолаушының күйікке шалдығуы мүмкін.**

ЕСКЕРТПЕ

- **Біз Сіз автокөлікті сатқанда сатып алушыға автокөліктің қауіпсіздік жастықшаларымен жабдықталғанын мәлімдеуіңізді сұраймыз. Сонымен қатар, сатып алушыға қолдану жөніндегі нұсқаулықта тиісті бөлімнің бар екендігі туралы хабарлаңыз.**
- **Қауіпсіздік жастықтары іске қосылған кезде жанармай беру тоқтатылады, бұл оның ағып кетуі салдарынан жану қаупін төмендетуге мүмкіндік береді. Қозғалтқышты қайта іске қосу туралы толық ақпарат "Егер Сіздің автокөлігіңіз апатқа ұшыраса" бөлімінде берілген ☞9-25.**

■ Компоненттері



1) Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары
2) Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары.
3) Қауіпсіздік жастықтары-перделері.
4) Тізеге арналған қауіпсіздік жастығы.

Қауіпсіздік жастықтары мынадай жерлерде орналасады.


Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығы: рөл дөңгелегінің ортаңғы бөлігінде.
Қауіпсіздік жастығының жапсырмасында "SRS AIRBAG" белгісі орналастырылған.

Алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы: аспаптар панелінің жоғарғы бөлігінің жанында "SRS AIRBAG" белгісінің астында.

Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары: есік жақтан әрбір алдыңғы орындықтың арқасында, "SRS AIRBAG" жапсырмасы бар жерде.

Жастық-перделер: төбенің бүйір бөлігінде (алдыңғы тіректің және артқы орындықтың үстінде белгі арасында).
Әрбір ортаңғы тіректің жоғарғы бөлігінде "SRS AIRBAG" белгісі орналасқан.

Тізеге арналған қауіпсіздік жастығы: рөл колонкасының астында.
Қауіпсіздік жастығының қақпақшасында "SRS AIRBAG" белгісі орналасқан.




Сол жақтан басқарылатын моделдер

1) Оң жақтан болатын соққының алдыңғы қадағасы.
2) Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ескерту шамы
3) Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығының модулі.
4) Алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосылуын және сөндірілуін бақылау шамдары.
5) Қауіпсіздік жастықтары жүйесін басқару блогы (соққы қадағаларын [барлық моделдерді] және аударылу қадағаларын [ҚР арналған моделдерді] қоса алғанда).
6) Алдыңғы орындық жолаушысының алдыңғы қауіпсіздік жастығының модулі.
7) Алдыңғы орындықтың жолаушысының отыруын анықтау жүйесін басқару блогы (егер орнатылған болса).
8) Алдыңғы орындықтың жолаушысының отыруын анықтау қадағасы (егер орнатылған болса).
9) Сол жақтағы қауіпсіздік жастығы-пердесінің модулі.
10) Алдыңғы орындықтың жолаушысының бүйірлік қауіпсіздік жастығының модулі.
11) Алдыңғы оң жақтағы есіктің бүйірлік соққы қадағасы.
12) Алдыңғы орындықтың жолаушысының бел бөлбеуінің қауіпсіздік белдігінің керме бөлшегі.
13) Оң жақтағы ортаңғы бүйірлік соққы қадағасы.
14) Оң жақтағы қауіпсіздік жастығы-пердесінің модулі.
15) Артқы оң жақтағы орындықтың қауіпсіздік белдігінің керме бөлшегі (егер орнатылған болса)

- ***ЖАЛҒАСЫ*** -

16) Оң жақтағы артқы дөңгелектің аркасы маңында орналасқан бүйірлік соққы қадағасы.
17) Алдыңғы орындықтағы жолаушының қауіпсіздік белдігінің керме бөлшегі
18) Артқы ортаңғы орындықтың астында орналасқан бүйірлік соққы қадағасы.
19) Артқы сол жақтағы орындықтың қауіпсіздік белдігінің керме бөлшегі (егер орнатылған болса).
20) Сол жақтағы артқы дөңгелектің аркасы маңында орналасқан бүйірлік соққы қадағасы.
21) Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік белдігінің иірімжібінің қадағасы (егер орнатылған болса).
22) Жүргізушінің қауіпсіздік белдігінің керме бөлшегі.
23) Жүргізушінің қауіпсіздік белдігінің бел белбеуінің керме бөлшегі.
24) Сол жақтағы ортаңғы тіректегі бүйірлік соққы қадағасы.
25) Жүргізушінің бүйірлік қауіпсіздік жастығының модулі.
26) Жүргізуші орындығының қалпының қадағасы (егер орнатылған болса).
27) Жүргізушінің тізесіне арналған қауіпсіздік жастығының модулі.
28) Алдыңғы сол жақтағы есіктің бүйірлік соққы қадағасы.
29) Сол жақтан болатын соққының алдыңғы қадағасы.



Оң жақтан басқарылатын моделдер

1) Сол жақтан болатын соққының алдыңғы қадағасы.
2) Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ескерту шамы
3) Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығының модулі.
4) Алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосылуын және сөндірілуін бақылау шамдары.
5) Қауіпсіздік жастықтары жүйесін басқару блогы (соққы қадағаларын қоса алғанда).
6) Алдыңғы орындық жолаушысының алдыңғы қауіпсіздік жастығының модулі.
7) Алдыңғы орындықтың жолаушының отыруын анықтау жүйесін басқару блогы (егер орнатылған болса).
8) Алдыңғы орындықтың жолаушысының отыруын анықтау қадағасы (егер орнатылған болса).
9) Оң жақтағы алдыңғы есіктегі бүйірлік соққы қадағасы.
10) Оң жақтағы қауіпсіздік жастығы-пердесінің модулі.
11) Алдыңғы орындықтың жолаушысының бүйірлік қауіпсіздік жастығының модулі.
12) Сол жақтағы ортаңғы тіректегі бүйірлік соққы қадағасы.
13) Алдыңғы орындықтың жолаушысының бел белбеуінің қауіпсіздік белдігінің керме бөлшегі.
14) Сол жақтағы қауіпсіздік жастығы-пердесінің модулі.
15) Артқы сол жақтағы орындықтың қауіпсіздік белдігінің керме бөлшегі (егер орнатылған болса).
16) Сол жақтағы артқы дөңгелектің аркасы маңында орналасқан бүйірлік соққы қадағасы.

- ЖАЛҒАСЫ –

17) Алдыңғы орындықтың жолаушысының қауіпсіздік белдігінің керме бөлшегі және түсетін күштің бейімді шектеуіші (егер орнатылған болса)/ Алдыңғы орындықтағы жолаушының қауіпсіздік белдігінің керме бөлшегі (егер орнатылған болса).
18) Артқы ортаңғы орындықтың астында орналасқан бүйірлік соққы қадағасы.
19) Артқы оң жақтағы орындықтың қауіпсіздік белдігінің керме бөлшегі (егер орнатылған болса)
20) Оң жақтағы артқы дөңгелектің аркасы маңында орналасқан бүйірлік соққы қадағасы.
21) Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік белдігінің иірімжібінің қадағасы (егер орнатылған болса).
22) Жүргізушінің қауіпсіздік белдігінің керме бөлшегі және түсетін күштің бейімді шектеуіші (егер орнатылған болса)/ Жүргізушінің қауіпсіздік белдігінің керме бөлшегі (егер орнатылған болса).
23) Оң жақтағы ортаңғы бүйірлік соққы қадағасы.
24) Жүргізушінің қауіпсіздік белдігінің бел белбеуінің керме бөлшегі.
25) Жүргізушінің бүйірлік қауіпсіздік жастығының модулі.
26) Жүргізуші орындығының қалпының қадағасы (егер орнатылған болса).
27) Жүргізушінің тізесіне арналған қауіпсіздік жастығының модулі.
28) Алдыңғы сол жақтағы есіктің бүйірлік соққы қадағасы.
29) Оң жақтан болатын соққының алдыңғы қадағасы.

■ Қауіпсіздік жастықтары

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Ескерту жапсырмалары жолаушы орындығының күннен қорғайтын күңқағарының екі жағынан орналастырылған. "Ескерту жапсырмасы" бөліміндегі сипаттамаларды мұқият оқып шығыңыз ☞1-41.

Қауіпсіздік жастықшаларын орнату орындары туралы ақпарат алу үшін "Компоненттері" бөлімін қараңыз ☞1-74.


Жүргізуші мен алдыңғы орындықтың жолаушысының қауіпсіздік жастықтары орташа және қатты күшпен қарсыдан соқтығысқан кезде іске қосылады және қауіпсіздік белдіктерінің әрекетін толықтыра отырып, жүргізуші мен алдыңғы орындықтың жолаушысының басына және кеуде қуысына тиетін соққы әсерін төмендетеді.

Орташа немесе қатты күшпен болатын бүйірлік соққылар кезінде бүйірлік қауіпсіздік жастықтары бар моделдерде соққы тиген автокөліктің сол жағында орналасқан бүйірлік қауіпсіздік жастығы іске қосылады. Іске қосылған кезде ол жүргізушінің немесе алдыңғы орындықтың жолаушысы мен автокөліктің алдыңғы есігінің арасындағы кеңістікті толтырады және қауіпсіздік белдігімен бірге жүргізушінің немесе жолаушының кеуде қуысы мен беліне тиетін соққы әсерін төмендетеді. Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары іске қосылған кезде жүргізуші мен алдыңғы орындықтың жолаушысын ғана қорғауды қамтамасыз етеді.

Орташа немесе қатты күшпен болатын бүйірлік соққылар кезінде қауіпсіздік жастықтары-перделері бар моделдерде соққы тиген автокөліктің сол жағында орналасқан бүйірлік қауіпсіздік жастығы іске қосылады. Іске қосылған кезде ол жолаушы мен бүйіріндегі терезенің арасындағы кеңістікті толтырады және қауіпсіздік белдігімен бірге жүргізушінің немесе жолаушының басына тиетін соққы әсерін азайтады.

Тізеге арналған қауіпсіздік жастығымен жабдықталған моделдерде тізеге арналған қауіпсіздік жастығы орташа және қатты күшпен алдынан соқтығысқан кезде алдыңғы жастықшамен бірге іске қосылады және қауіпсіздік белдігімен бірге жүргізушінің тізесіне тиетін соққы әсерін азайтады.

▼ Жолаушының отыруын анықтау жүйесі (егер орнатылған болса)



1) Жолаушының отыруын анықтау қадағалары.

Жолаушының отыруын анықтау жүйесінің қа-дағалары орындықтар мен орындықтың ба-ғыттауышы арасында орналасқан және ал-дыңғы орындықтың жолаушысының физика-лық деректері мен алдыңғы орындық жолау-шысының отыруын қадағалайды. Физикалық деректер және алдыңғы орындықтағы жолау-шының отыруы бойынша жолаушының оты-руын анықтау жүйесі алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығын ашудың қажеттілігін анықтайды.

Жолаушы отырғанын анықтау жүйесі алдыңғы орындықтың жолаушысының қауіпсіздік жас-тығын жүргізуші қауіпсіздік жастығы ашылғанда да ашпауы мүмкін. Бұл қалыпты құбылыс.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Алдыңғы орындықтың жолаушы-сының қауіпсіздік жастығының үстінен ұрмаңыз және оны күшті соққыға ұшыратпаңыз. Керісінше жағдайда алдыңғы орындықтағы жолаушының отыруын анықтау жүйесінің ақаулығын көрсететін қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ескерту шамы жануы мүмкін. Мұндай жағдайда дереу SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Электрлік құрылғылар* жолаушының отыруын анықтау жүйесіне, әсіресе мынадай жағдайларда әсер етуі мүмкін:

- **электрлік қуат розеткасына қосыла отырып алдыңғы жолаушының орындығына отырған кезде;**
- **алдыңғы жолаушы пайдаланған кезде.**


*** Мысалы: ұялы телефондар, ноутбуктар, портативті музыкалық плеерлер немесе электрондық ойындар.**

Егер, автокөлікте электрондық құрылғыларды пайдалану кезінде төменде келтірілген кез келген жағдай орын алса, алдымен қандай да бір кедергіні болдырмау үшін құрылғыны жылжытуға тырысыңыз.

- **Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ескерту шамы қосылады.**
- **Алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосылуын және сөндірілгендігін бақылау шамдары ретсіз жұмыс істейді.**


Егер кедергілер сақталатын болса, құрылғыңызды автокөлікте пайдалануды тоқтатыңыз.

- ЖАЛҒАСЫ –



Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ескерту шамы

Егер алдыңғы жолаушының орындығы ылғалды болса, бұл жолаушының отыруын анықтау жүйесінің мүмкіндіктеріне кері әсер етуі мүмкін. Орындықтан сұйықтықты сүртіңіз, орындықтың өз бетінше құрғауына жағдай жасаңыз, содан кейін қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ескерту шамын тексеріңіз.



ON/ : Алдыңғы орындықтағы жолаушының қауіпсіздік жастығының қосылуын бақылау шамы.

OFF/ :Алдыңғы орындықтағы жолаушының қауіпсіздік жастығының сөндірілуін бақылау шамы.

Егер алдыңғы орындықтағы жолаушының қауіпсіздік жастығының қосылуын және сөндірілуін бақылау шамдары алдыңғы жолаушының орындығы тиісінше кепкеннен кейін де жұмыс істемесе, алдыңғы жолаушының орындығына ешкімнің отыруына мүмкіндік бермеңіз және өзіңіздің SUBARU дилеріңізде жолаушының отыруын анықтау жүйесіне тексеру жүргізіңіз.

Бұдан басқа, егер алдыңғы жолаушының орындығына қол жүгі қойылса немесе онда электрондық құрылғылар жататын болса, бұл жолаушының отыруын анықтау жүйесінің мүмкіндіктеріне кері әсер етуі мүмкін. Бұл алдыңғы орындықтың жолаушысының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосылуының және сөндірілуінің бақылау шамдарының тиісті жұмыс жасауына мүмкіндік бермеуі ықтимал. Бақылау шамдарының дұрыс жұмыс істейтіндігіне көз жеткізіңіз.

Егер сөндірілгендігін білдіретін бақылау шамы сөнетін, ал қосылуын білдіретін бақылау шамы жанатын болса, алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы соқтығысу кезінде іске қосылуы ықтимал. Алдыңғы жолаушының орындығынан қол жүгі мен электрондық құрылғыларды алып тастаңыз.

▼ Жолаушының отыруын анықтау жүйесі бар моделдерге арналған алдыңғы орындық жолаушысының алдыңғы қауіпсіздік жастығы

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Келесі сақтық шараларын сақтаңыз. Олардың сақталмауы алдыңғы орындықтың қауіпсіздік жастығының тиісті түрде жұмыс істеуіне мүмкіндік бермеуі немесе жүйенің істен шығуына әкеліп соқтыруы мүмкін.

- **Алдыңғы жолаушының орындығын қатты соққыламаңыз, аяқпен теппеңіз.**
- **Артқы орындықтардың жолаушыларына аяқтарын алдыңғы орындықтың арқасының және жастығының арасына салуына жол бермеңіз.**
- **Алдыңғы жолаушының орындығына сұйықтық төкпеңіз. Сұйықтық төгілген жағдайда оны дереу арада сүртіңіз.**
- **Алдыңғы жолаушының орындығын босатып алмаңыз және бөлшектемеңіз.**
- **Алдыңғы жолаушының орындығының астына SUBARU түпнұсқа аксессуарларынан немесе олардың баламаларынан басқа аксессуарларды (мыса-ы, аудиоүдеткіштер) орнатпаңыз.**
- **Алдыңғы жолаушының орындығына астына ештеңе (аяқ киім, қолшатыр және т.б.) қоймаңыз.**
- **Алдыңғы жолаушының орындығының маңына ешқандай зат (кітаптар және т. б.) қоймаңыз.**
- **Бас тіреуіші алынып тасталған алдыңғы жолаушы орындығын пайдаланбаңыз.**

- **Автокөліктен түскен кезде алдыңғы жолаушының орындығында ешқандай заттарды қалдырмаңыз, сондай - ақ қауіпсіздік белдігінің тоғасын иірімжіпте салулы күйде қалдырмаңыз.**
- **Орындыққа өткір заттарды қоймаңыз, орындықтың қаптамасын теспеңіз.**
- **Магниттерді иірімжіптің және белдік кергішінің жанында орналастырмаңыз.**
- **Орындығы қолша басқарылатын моделдерде олардың көлденең қалыптары мен орындықтың арқасының еңісі сенімді бекітілмеген болса алдыңғы орындықты пайдаланбаңыз. Егер осы қалыптардың кез келгені сенімді түрде бекітілмейтін болса, реттеулерді қайталаңыз. Реттеу рәсімі туралы ақпарат "Орындықтың көлденең қалпын реттеу" және "Орындықтың арқасының көлбеу бұрышын реттеу" бөлімдерінде берілген ☞ 1-5.**

Қауіпсіздік белдігінің иірімжібі қадағасының және/немесе жолаушының отыруын анықтау жүйесі ақаулы болған жағдайда қауіпсіздік жастықтары жүйесінің бақылау шамы қосылады. Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ескерту шамы қосылған жағдайда біз дереу арада SUBARU дилерінде жүйені тексертуді ұсынамыз.

Егер Сіздің автокөлігіңіз соққыға ұшырайтын болса, бұл алдыңғы жолаушы орындығының алдыңғы қауіпсіздік жастығы жүйесінің қалыпты жұмыс істеуіне әсер етуі мүмкін. Мұндай жағдайларда біз Сізге автокөлікті тексеру үшін SUBARU дилеріне жүгінуді ұсынамыз. Өзіңіздің SUBARU дилеріңіздің қызмет көрсету орталығына бара жатқанда алдыңғы жолаушының орындығын пайдаланбаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Алдыңғы орындықтың жолаушысының бүйірлік қауіпсіздік жастығын және алдыңғы қауіпсіздік жастығын алдыңғы қауіпсіздік жастығы жүйесі бақыламайды.

▼ Жолаушы қауіпсіздігінің алдыңғы жастығының қосылуын және сөндірілуін бақылау шамдары (егер орнатылған болса)

"Алдыңғы орындықтың жолаушысының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосылуын және сөндірілуін бақылау шамдары" бөлімін қараңыз ☞3-21.

▼ Жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы іске қосылмайтын жағдайлар (жолаушының отыруын анықтау жүйесі бар моделдер)

Жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы, егер алдыңғы жолаушының орындығына қатысты келесі шарттардың кез келгені орындалса, жұмыс істемейді.

- Орындық бос.
- Орындықтар бала тұрған тиісті балаларды ұстап тұратын құрылғымен жабдықталған. (Төменде келтірілген ЕСКЕРТУДІ қараңыз.)
- Жүйе оталдыруды ажыратып-қосқышты "ON" күйіне ауыстырғаннан кейін тексеріледі.
- Алдыңғы орындықтың жолаушысының отыруын анықтау жүйесі ақаулы.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


ЕШҚАШАН ДА БАЛАЛАРДЫҢ БЕТІН ТЕРІС ҚАРАТЫП ТАСЫМАЛДАУҒА АРНАЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІК КРЕСЛОСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫ АЛДЫҢҒЫ ЖОЛАУШЫ ОРЫНДЫҒЫНДА ТАСЫМАЛДАМАҢЫЗ, ТІПТІ ЖОЛАУШЫНЫҢ АЛДЫҢҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҒЫ СӨНДІРУЛІ БОЛСА ДА. Міндетті түрде оны АРТҚЫ орындыққа тиісінше орнатыңыз. Сонымен қатар, балалардың бетін алға қаратып тасымалдауға арналған кез келген балалар орындығын немесе балаларға арналған қосымша орындықты АРТҚЫ орындыққа орнату ұсынылады, тіпті бала баланы ұстап тұратын құрылғыға отыратын жастан есейген болса да, ол артқы орындықта отыруы керек. Бұл алдыңғы жолаушының орындығының алдыңғы қауіпсіздік жастығы ашылған кезде алдыңғы орындықта отырған баланың өлім құшуы немесе ауыр жарақат алуымен байланысты. АРТҚЫ орындықтар балалар үшін ең қауіпсіз орын болып табылады.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Егер алдыңғы жолаушының орындығында тиісті балаларды ұстап тұратын құрылғыға отырғызылған сәби болса, мынадай сақтық шараларын ұстаныңыз. Олардың сақталмауы жолаушының отыруын анықтау жүйесінің тиісті түрде жұмыс істеуіне мүмкіндік бермей, нәтижесінде алдыңғы орындықтың жолаушысының алдыңғы қауіпсіздік жастығы орындықта балаларды ұстап тұратын құрылғыдағы сәби болған күннің өзінде іске қосылатын болады.

- **Сәби отырғызылған балаларды ұстап тұратын құрылғыдан басқа орындыққа ешқандай заттарды (электрондық құрылғыларды қоса алғанда) қоймаңыз.**
- **Балаларға арналған ұстап тұратын құрылғыға бір сәбиді ғана отырғызыңыз.**

▽ Егер жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосылуын бақылау шамы жанатын болса, ал жолаушының алдыңғы қауіпсіздігінің жастығының сөндірілуінің бақылау шамы баланы ұстап тұратын құрылғыда (балаларға арналған қосымша орындықты қоса алғанда) сәби немесе кішкентай бала болса да сөнеді.



ON/ : Алдыңғы орындықтағы жолаушының қауіпсіздік жастығының қосылуын бақылау шамы.

OFF/ : Алдыңғы орындықтағы жолаушының қауіпсіздік жастығының сөндірілуін бақылау шамы.

1. Оталдыру құлпын "LOCK"/"OFF" қалпына ауыстырыңыз.
2. Орындықтан балаларды ұстап тұратын құрылғыны алып тастаңыз.
3. Балаларды ұстап тұратын құрылғыны өндірушінің ұсынымдарына,сондай - ақ ☞1-36 "Балаларды ұстап тұру құрылғылары" бөлімінде берілген балаларды ұстап тұратын құрылғыларды орнату рәсіміне сәйкес балаларды ұстау құрылғысын тиісінше орнатыңыз.
4. Оталдыру ажыратқышын "ON" күйіне ауыстырыңыз және алдыңғы орындықтағы жолаушының қауіпсіздік жастығының қосылуының бақылау шамының сөнгендігіне, ал сөндірілуінің бақылау шамының жанғандығына көз жеткізіңіз.

Егер қосылуының бақылау шамы жанып тұра беретін болса, ал сөндірілуінің бақылау шамы сөндірілсе, келесі әрекеттерді орындаңыз.

- Орындықта балаларды ұстап тұратын құрылғыдан басқа қандай да бір заттардың жоқ екеніне көз жеткізіңіз.
- Алдыңғы жолаушының орындығының көлденең орналасуы мен қалпының сенімді бекітілгендігіне орындықты алға және артқа қарай ырғай отырып (орындығы қолша реттелетін моделдер ғана) көз жеткізіңіз.

Егер қосылуын бақылау шамы жанып тұра беретін болса, ал сөндірілуін бақылау шамы жоғарыда сипатталған әрекеттерді орындағаннан кейін сөнетін болса, балаларды ұстап тұратын құрылғыны артқы орындыққа жылжытыңыз. Мұндай жағдайларда біз Сізге диагностика жұмыстарын жүргізу үшін дереу арада SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

ЕСКЕРТПЕ

Егер алдыңғы жолаушының орындығында балаларды ұстап тұратын құрылғыға отыратын кезден есейген бала немесе кіші ересек адам отырса, алдыңғы қауіпсіздік жастығының жүйесі жолаушының қалпына қарай алдыңғы орындықтың жолаушысының қауіпсіздік жастығын қосуы да, қоспауы да мүмкін. Балалар міндетті түрде қауіпсіздік белдігін тағуы керек, қауіпсіздік жастығының қосылғанына қарамастан. Егер алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы іске қосылса (қосылуының бақылау шамы жанып тұрса, ал сөндірілуінің бақылау шамы сөнсе), келесі әрекеттерді орындаңыз.

- **Орындықта жолаушыдан басқа заттардың жоқ екендігіне көз жеткізіңіз.**

- ЖАЛҒАСЫ –

Егер жоғарыда сипатталған әрекеттердің орындалуына қарамастан қосылуының бақылау шамы жанып тұра беретін болса баланы/ кіші ересек адамды артқы орындыққа ауыстырыңыз. Мұндай жағдайларда біз Сізге диагностика жұмыстарын жүргізу үшін дереу арада SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз. Жүйе дилерлік тексеруден өткен күннің өзінде келесі сапар сайын әрдайым баланы/кіші ересек адамды артқы орындыққа отырғызу ұсынылады.

Балаларды ұстап тұратын құрылғыға отыратын кезден есейген балалар міндетті түрде қауіпсіздік белдігін тағуы керек, қауіпсіздік жастығының қосылғанына қарамастан.

▼ Жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы іске қосылатын жағдайлар (жолаушының отыруын анықтау жүйесі бар моделдер)

Жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы, егер алдыңғы жолаушының орындығына қатысты келесі шарттардың кез келгені орындалатын болса, соққы кезінде іске қосылады.

- Орындықта ересек адам отырса.
- Орындыққа белгілі бір заттар (мысалы, суы бар ыдыс) орналастырылса.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Егер алдыңғы жолаушының орындығына ересек адам отырса, алдыңғы жолаушының орындығының астында ештеңе (аяқ киім, қолшатырлар және т.б.) қоймаңыз. Бұл орындықта ересек адамның отырғандығына қарамастан алдыңғы орындықтың жолаушысының алдыңғы қауіпсіздік жастығының сөндірілуіне әкелетін болады. Нәтижесінде жарақат алу мүмкін.

▽ Егер жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының сөндірілуінің бақылау шамы жанса, ал жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосылуының бақылау шамы алдыңғы жолаушы орындығында ересек адамның отырғанына қарамастан сөнеді

Бұл ересек адамның алдыңғы жолаушының орындығында дұрыс отырмауынан туындауы мүмкін.

1. Оталдыру құлпын "LOCK"/"OFF" қалпына ауыстырыңыз.
2. Алдыңғы орындықтың жолаушысының түзу, орындықтың жастығының ортасында тік отыруын, қауіпсіздік белдігін дұрыс тағуын, аяқтарын алға қарай созуын және орындықты шеткі артқы қалыпқа келтіруін сұраңыз.
3. Оталдыру құлпын "ON" қалпына ауыстырыңыз.

Егер сөндірілуінің бақылау шамы жанып тұра беретін болса, ал қосылуының бақылау шамы сөндірілсе, келесі әрекеттерді орындаңыз.

1. Оталдыру құлпын "LOCK"/"OFF" қалпына ауыстырыңыз.
2. Алдыңғы орындықтағы жолаушының жамылғыны, жастықты, орындықтың тысын, қыздырғышты немесе уқалауышты және т. б. пайдаланбайтынына көз жеткізіңіз.

3. Егер алдыңғы орындықтың жолаушысы бірнеше қабат киім киген болса, орындыққа отырғызар алдында артық киімді шешу керек немесе артқы орындыққа отыру қажет.
4. Оталдыру құлпын "ON" күйіне ауыстырыңыз және жүйеге өздігінен диагностиканы орындауға мүмкіндік бере отырып, 6 секунд күтіңіз. Жүйені тексеру кезінде екі бақылау шамы да 2 секундқа сөндіріледі. Осыдан кейін қосылуының бақылау шамы жанып, ал сөндірілуінің бақылау шамының сөндірілуі тиіс.

Егер, сөндірілуінің бақылау шамы жанып қала беретін болса, ал қосылуының бақылау шамы сөнетін болса, жолаушыны артқы орындыққа ауыстырып отырғызыңыз. Мұндай жағдайларда біз Сізге диагностика жұмыстарын жүргізу үшін дереу арада SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

■ Жүйенің жұмысы

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ


Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің компоненттерін олар іске қосылғаннан кейін бірден жалаң қолмен ұстамаңыз. Әйтпесе, бұл күйікке әкелуі мүмкін, өйткені қауіпсіздік жастықтары іске қосылған кезде бұл компоненттер қатты қызуы мүмкін.

Қауіпсіздік жастықтары оталдыру құлпы "ON" күйінде болған жағдайда ғана жұмыс істей алады.

Қауіпсіздік жастықтары ашылғанда айдалатын газдың дыбысы сияқты күрт және өте қатты шу естіледі, сондай-ақ аздаған түтін шығады. Бұл қауіпсіздік жастығының ашылуы кезіндегі қалыпты құбылыс. Мұндай түтін автокөліктегі қандай да бір тұтанудың салдары болып табылмайды.

- ЖАЛҒАСЫ –

▼ Алдыңғы қауіпсіздік жастығының жұмысы



1) Жүргізуші жағы.
2) Алдыңғы орындықтағы жолаушы жағы
3) Қауіпсіздік жастықтары қақтығыс болған кезде ашылады.
4) Жастықтар ашылғаннан кейін жүргізушіге шолуды қамтамасыз ете отырып, бірден сығыла бастайды.

* Тізеге арналған қауіпсіздік жастығы бар моделдер.

Егер кез келген қарсыдан соқтығысу жағдайында автокөліктің алдыңғы екі жағында орналасқан қарсыдан соқтығысу қадағасы және қауіпсіздік жастықтары жүйесін басқару блогындағы соққы қадағасы берілген шамадан асатын соққы күшін анықтайтын болса, онда басқару блогы қауіпсіздік жастықшаларының алдыңғы модулдеріне қауіпсіздік жастықшаларын газбен толтыру командасын береді. Алдыңғы қауіпсіздік жастықтарының екі модулі де газ шығарады, ол жүргізушінің және алдыңғы орындықтың жолаушысының алдыңғы қауіпсіздік жастықтарын лезде толықтырады. Егер автокөлік жүргізушінің тізесіне арналған қауіпсіздік жастығымен жабдықталған болса, бұл жастық та алдыңғы қауіпсіздік жастығымен бірге толтырылады.


Жастық ашылған соң бірден жолаушыны шолу мүмкіндігімен және автокөлікті басқаруды жоғалтпастан бақылау мүмкіндігімен қамтамасыз ете отырып сығыла бастайды. Барлық операциялар соқтығысу анықталған сәттен бастап іске қосылғаннан кейін қауіпсіздік жастықтарынан ауаның шығуына дейін, тез арада, көзді ашып жұмғанша орындалады.

Егер автокөлік алдыңғы орындыққа жолаушының отырғанын анықтау жүйесімен жабдықталған болса қауіпсіздік жастықтары жүйесі жолаушының алдыңғы орындықта отырғанын анықтайды. Егер орындық бос болса, жүйе алдыңғы орындықтың жолаушысының қауіпсіздік жастығын толтырмайды.

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтарының конструкциясы (сондай - ақ тізелерге арналған қауіпсіздік жастықтары) олар орташа және қатты күшпен қарсыдан соқтығысқан кезіде ғана іске қосылуын көздейді. Олардың конструкциясы көптеген әлсіз қарсыдан соқтығысу кезінде жастықтардың іске қосылуын көздемейді, өйткені, мұндай жағдайларда жеткілікті қорғау дәрежесі қауіпсіздік белдіктерімен де қамтамасыз етіледі. Оның үстіне алдыңғы қауіпсіздік жастықтарының конструкциясы алдынан немесе бүйірінен болатын көптеген жағдайларда, сондай-ақ автокөліктің көптеген аударылуы кездерінде іске қосылуын көздемейді, себебі, мұндай жағдайларда олардың іске қосылуы жүргізуші мен жолаушыларды қорғауды қамтамасыз етпейді. Қауіпсіздік жастықтарының конструкциясы тек бір рет іске қосылатындай етіп қарастырылған.

Қауіпсіздік жастықтарының ашылуы соқтығысу кезінде автокөліктің салоны маңында орын алатын соққы күшіне байланысты. Бұл күштің мәні соқтығысудың түріне байланысты, бұл ретте автокөліктің көрінетін зақымдарының шамасына тәуелді емес.


▽ Қандай жағдайларда алдыңғы қауіпсіздік жастықтарының іске қосылуы барынша ықтимал?



Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары автокөліктің жылдамдығы 20-30 ш./сағ. немесе одан жоғары болғанда қалың бетон қабырғамен қарсы соқтығысқанда іске қосылады. Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары ұқсас сандық және сапалық көрсеткіштермен сипатталатын басқа да қарсы соқтығысу кездерінде де іске қосылатын болады.


- ЖАЛҒАСЫ –

▽Алдыңғы қауіпсіздік жастықтарының басқа жағдайларда іске қосылуы мүмкін бе?



Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары жол жабыны бетіне соқтығысқанда автокөліктің жүрістік бөлігіне тиетін қатты соққы кезінде іске қосылуы мүмкін (автокөліктің терең ылдиға түсіп кетуі немесе жолдағы қандай да бір кедергіге, мысалы, жиектасқа соқтығысуы).


▽ **Қандай жағдайларда алдыңғы қауіпсіздік жастықтарының іске қосылу мүмкіндігі барынша аз?**




1) Автокөліктің телеграф бағанасы немесе жол белгісінің бағанасы сияқты объектілермен соқтығысуы кезінде.
2) Автокөлік жүк көлігі платформасының астына түскенде.
3) Автокөліктің салыстырмалы орталығы жылжи отырып, қиғашынан қарсы соқтығысады.
4) Автокөліктің салыстырмалы орталығы жылжи отырып, қарсы соқтығысады.
5) Автокөлік деформациялануы және қозғалуы мүмкін объектімен соқтығысқанда, мысалы, тұрақта тұрған автокөлікпен.

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары іске қосылмайтын соқтығысулардың көптеген түрі бар. Берілген суретте көрсетілгендей апаттар кезінде қауіпсіздіктің алдыңғы жастықтары апат кезінде соққы күшіне байланысты іске қосылмауы мүмкін.

▽ Қандай жағдайларда алдыңғы қауіпсіздік жастықтары іске қосылмайды?



Алдыңғы қауіпсіздік жастықтарының конструкциясы алдынан немесе бүйірінен болатын көптеген соқтығыстар кезінде, автокөлік жанына немесе төбесіне аударылғанда, сондай - ақ аз жылдамдықпен келе жатқанда қарсыдан соқтығысқанда іске қосылуды көздемейді.




1) Бірінші соққы.
2) Екінші соққы.

Автокөлік бір соққыдан артық соққы алатын апат кезінде алдыңғы қауіпсіздік жастықтары тек бір рет — бірінші соққыдан кейін іске қосылады.

Мысал: Қатарынан екі рет соқтығысқан жағдайда, алдымен басқа автокөлікпен, содан кейін - бетон қабырғамен, алдыңғы қауіпсіздік жастықтары бірінші соққыдан кейін іске қосылады, бірақ екіншісінен кейін жұмыс істемейді.

▼ Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары мен қауіпсіздік жастығы-перделерінің жұмысы



Бүйірлік қауіпсіздік жастықтарымен және қауіпсіздік жастығы-перделерімен жабдықталған моделдер

Бүйірлік қауіпсіздік жастықтарының және жүргізуші мен алдыңғы орындық жолаушысының қауіпсіздік жастығы-перделерінің жеке соққы қадағасы болады, сондықтан олар бір-біріне тәуелсіз жұмыс істейді. Осыған байланысты апат кезінде олардың бірге іске қосылмауы мүмкін. Оның үстіне, бүйірлік қауіпсіздік жастықтары мен қауіпсіздік жастығы-перделерінің іске қосылуы рөл дөңгелегінде және автокөліктің аспаптық панелінде орналасқан жүргізуші мен алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы

қауіпсіздік жастықшаларының іске қосылуына қарамастан орын алады.

Соққы күшін анықтайтын соққы қадағалары мынадай жерлерде орналасқан.

- Сол және оң жақтағы ортаңғы тіреулерде.
- Сол және оң жақтағы артқы дөңгелектердің аркаларында.
- Ортаңғы артқы орындықтың астында.

Алдыңғы соққы қадағасы (барлық моделдер) және аударылу қадағасы (ҚР арналған моделдер) аспаптар панелінің астында, ортаңғы жағында орналасқан қауіпсіздік жастықтары жүйесін басқару блогының ішінде орналасқан.

Егер ортаңғы тіреулерде орналасқан қадағалардың бірі артындағы ортаңғы орындықтың астындағы соққы қадағаларымен бірге күші белгіленген шамадан артық болатын соққыны анықтайтын болса, артқы дөңгелектің аркасы соққысының тиісті қадағасында соққы туралы дәл осындай сигналдың бар-жоғына қарамастан, басқару блогы автокөліктің соққы болған жағында орналасқан бүйірлік қауіпсіздік жастықтарының және жастық-перделерінің ашылуын қамтамасыз етеді.

Егер, артқы дөңгелектердің аркаларында орналасқан соққы қадағаларының бірі артқы ортаңғы орындықтың астында орналасқан соққы қадағасымен бірге күші белгіленген шамадан артық болатын соққыны анықтайтын болса, басқару блогы автокөліктің соққы болған жағында орналасқан қауіпсіздіктің жастық-перделерінің ашылуын ғана қамтамасыз етеді.

ҚР арналған моделдерде, егер, аударылу қадағасы автокөліктің аударылғандығын анықтайтын болса, басқару блогы екі жақтан да қауіпсіздіктің жастық-перделерін ашады. Сонымен бір мезетте жүргізушінің және алдыңғы орындықтағы жолаушының қауіпсіздік белдіктерінің кергіштері іске қосылады.

Ашылғаннан кейін бүйірлік қауіпсіздік жастықтары дереу сығыла бастайды. Барлық операциялар соқтығысу анықталған сәттен бастап іске қосылғаннан кейін қауіпсіздік жастықтарынан ауаның шығуына дейін, тез арада, көзді ашып жұмғанша орындалады. Жастық-перде ашылғаннан кейін біршама уақыт бойы үрулі қалыпта болады, содан кейін біртіндеп сығымдалады.

Бүйірлік қауіпсіздік жастығы мен жастық-перделері соққы болған жақтағы орындық бос болғанда да іске қосылады.

Бүйірлік қауіпсіздік жастығының және қауіпсіздік жастығы-пердесінің конструкциясы олардың тек орташа және қатты бүйірлік соққылар кезінде іске қосылуын көздейді. Олардың конструкциясы әлсіз бүйірлік соққылар кезінде іске қосылуды көздемейді. Бұдан басқа, олардың конструкциясы көптеген артынан немесе қарсыдан соқтығысқанда іске қосылуын көздемейді, себебі, бұндай жағдайларда бүйірлік қауіпсіздік жастықтары және қауіпсіздік пердесі жүргізушіні немесе жолаушыларды қорғауды қамтамасыз ете алмайды.

Бүйірлік қауіпсіздік жастығы және қауіпсіздік жастығы-пердесі тек бір рет іске қосылатындай қарастырылған.


ҚР арналған моделдерде қауіпсіздік жастығы-перделері автокөліктің аударылуына тең деп бағаланатын өте қатты көлбеуі кезінде ашылатындай етіп жобаланған. Олардың конструкциясы аз көлбеу кезінде іске қосылуды көздемейді.

Бүйірлік қауіпсіздік жастығы мен қауіпсіздік жастығы-пердесінің ашылуы бүйірден болатын соққы кезінде автокөліктің салонына тиетін соққы күшіне байланысты. Бұл күштің мәні соққының түріне байланысты, бірақ бұл ретте

автокөліктің көрінетін зақымдарының шамасына тікелей тәуелді емес.


ҚР арналған моделдерде аударылу кезінде жолаушылар мен бүйір терезелер арасында қауіпсіздік жастықтары-перделері ашылады, бұл қауіпсіздік белдіктерінің жолаушының басына тиетін соққыны жұмсарту әрекетін толықтырады.

▽ Қандай жағдайларда бүйірлік қауіпсіздік жастығының және қауіпсіздік жастығы-пердесінің іске қосылуы барынша ықтимал?



Бүйірлік қауіпсіздіктің жастығы және қауіпсіздік жастығы-пердесі алдыңғы орындықтардың бірінің маңында қатты соққы болғанда іске қосылады.


▽ Қандай жағдайларда қауіпсіздік жастығы-пердесінің іске қосылуы барынша ықтимал? (ҚР арналған моделдер)



1) Автокөлік бүйіріне немесе төбесіне аударылса.

2) Автокөліктің көлбеу бұрышы жуық мәнде болса немесе автокөліктің шинасының жаны сүйреу кезінде жиектасқа соғылса.

▽ **Қандай жағдайларда бүйірлік қауіпсіздік жастықтарының іске қосылу мүмкіндігі барынша аз?**




1) Автокөлік бүйірінен сырғи соғылса.
2) Автокөлік бүйірінен, автокөліктің салонынан тыс жерден соғылса.
3) Автокөлік телеграф бағанасына немесе басқа да ұқсас объектіге соғылса.
4) Автокөліктің бүйірінен мотоцикл соқса.
5) Автокөлік бүйіріне немесе төбесіне аударылса.

Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары іске қосылмайтын соқтығысулардың көптеген түрі бар. Берілген суретте көрсетілгендей апаттар кезінде қауіпсіздіктің бүйірлік жастықтары апат кезінде соққы күшіне байланысты іске қосылмауы мүмкін.

- ЖАЛҒАСЫ –

▽ **Қандай жағдайларда қауіпсіздік жастығы-пердесінің іске қосылу мүмкіндігі барынша аз?**

ҚР арналған моделдерден басқа




Автокөлік бүйірінен сырғи соғылса.

1) Автокөлік бүйірінен, автокөліктің салонынан тыс жерден соғылса.
2) Автокөлік телеграф бағанасына немесе басқа да ұқсас объектіге соғылса.
3) Автокөліктің бүйірінен мотоцикл соқса.
4) Автокөлік бүйіріне немесе төбесіне аударылса.

Қауіпсіздік жастығы-пердесі іске қосылмайтын соқтығысулардың көптеген түрі бар. Берілген суретте көрсетілгендей апаттар кезінде қауіпсіздік жастығы-пердесінің апат кезінде соққы күшіне байланысты іске қосылмауы мүмкін.


ҚР арналған моделдер



1) Автокөлік бүйірінен сырғи соғылса.
2) Автокөлік бүйірінен, автокөліктің салонынан
тыс жерде соғылса.
3) Автокөлік телеграф бағанасына немесе басқа да ұқсас объектіге соғылса.
4) Автокөліктің бүйірінен мотоцикл соқса.

Қауіпсіздік жастығы-пердесі іске қосылмайтын соқтығысулардың көптеген түрі бар. Берілген суретте көрсетілгендей апаттар кезінде қауіпсіздік жастығы-пердесі апат кезінде соққы күшіне байланысты іске қосылмауы мүмкін.


▽ **Қандай жағдайларда қауіпсіздік жастығы және қауіпсіздік жастығы-пердесі іске қосылмайды?**



Сіздің автокөлігіңіздің басқа автокөлікпен (қозғалыстағы және қозғалмай тұрған) қарсы соқтығысуы.

1) Автокөлік артынан соғылса.
2) Автокөлік көлденеңінен аударылса.

Берілген суретте көрсетілгендей апаттар кезінде бүйірлік қауіпсіздік жастығы және қауіпсіздіктің жастық-пердесі көптеген жағдайларда іске қосылмауы тиіс.




1) Бірінші соққы.
2) Екінші соққы.
A) Қауіпсіздік жастықтары-перделері.
B) Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары.

Қатарынан екі рет немесе одан да көп рет соқтығысқан жағдайда бүйірлік қауіпсіздік жастығы мен қауіпсіздік жастығы-пердесі бір рет қана - бірінші соққыдан кейін іске қосылады.

Мысал: Автокөлік екі рет бүйірден соққы алған апат, алдымен бір автокөліктен, содан кейін келесі автокөліктен сол жерімен соғылғанда. Бұл ретте бүйірлік қауіпсіздік жастығы мен қауіпсіздік жастығы-пердесі тек бірінші соққыдан кейін ғана іске қосылады, ал екіншісінен кейін - жұмыс істемейді.

■ Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің күйін бақылау



Егер оталдыру құлпы "ON" күйінде болса, диагностикалық жүйе қауіпсіздік жастықтары жүйесінің дайындығын үздіксіз қадағалайды (алдыңғы орындықтардың қауіпсіздік белдіктерінің керме бөлшектерін қоса алғанда). Жүйенің қалыпты

жұмыс істейтіндігін қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ескерту шамының оталдыру құлпын "ON" күйіне ауыстырғаннан кейін шамамен 6 секунд бойы жануы куәландырады.

Шам мынадай компоненттердің жұмысын бақылайды.

- Соққының алдыңғы қадағасы
  - Оң жағы.
  - Сол жағы.
- Қауіпсіздік жастықтары жүйесін басқару блогы (соққы қадағаларын [барлық моделдерді] және аударылу қадағаларын [ҚР арналған моделдерді] қоса алғанда).
- Алдыңғы қауіпсіздік жастықтардың модулдері.
  - Жүргізуші жағы.
  - Алдыңғы орындықтағы жолаушы жағы.
- Жүргізуші тізесіне арналған қауіпсіздік жастығының модулі.
- Бүйірлік соққы қадағасы.
  - Оң жақтағы ортаңғы тіреу.
  - Сол жақтағы ортаңғы тіреу.
  - Оң жақтағы алдыңғы есік
  - Сол жақтағы алдыңғы есік
  - Оң жақтағы артқы дөңгелектің аркасы.
  - Сол жақтағы артқы дөңгелектің аркасы.
    - Ортаңғы артқы орындықтың астында.
- Бүйірлік соққы модулі.
  - Жүргізуші жағы.
  - Алдыңғы орындықтағы жолаушы жағы.
- Алдыңғы орындықтың жолаушысының отыруын анықтау жүйесінің қадағасы (егер орнатылған болса).
- Алдыңғы орындықтың жолаушының отыруын анықтау жүйесін басқару блогы (егер орнатылған болса).
- Алдыңғы жолаушының орындығының қауіпсіздік белдігінің иірімжібінің қадағасы (егер орнатылған болса).
- Қауіпсіздік жастықтары-перделері модулі.
  - Оң жағы.
  - Сол жағы.
- Қауіпсіздік белдігінің керме бөлшегі және түсетін күштің бейімді шектеуіші.
  - Жүргізуші жағы.
  - Алдыңғы орындықтағы жолаушы жағы.
- Қауіпсіздік белдігінің бел белбеуінің керме бөлшегі.
  - Алдыңғы орындықтағы жолаушы жағы.
- Алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосылуын және сөндірілуін бақылау шамдары.
- Барлық тиісті электр сымдары.
- Жүргізуші орындығының қалпының қадағасы.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Егер қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ескерту шамының жұмысының сипаты төменде көрсетілген тармақтардың кез келген біреуіне сәйкес келсе, бұл кергіштер және/немесе қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ақауын білдіруі мүмкін. Мұндай жағдайларда біз Сізге жүйені тексеру үшін ең жақын жердегі SUBARU дилеріне баруыңызға кеңес береміз. Егер тексеру мен қажетті жөндеу жүргізілмесе, бұл қауіпсіздік белдіктерінің кергіштері мен қауіпсіздік жастықтарының дұрыс жұмыс істемеуіне әкелуі мүмкін, ал бұл өз кезегінде жарақат алу қаупінің жоғары болуымен байланысты. Мысалы, қауіпсіздік жастықтары қарсыдан болатын әлсіз соқтығыс кезінде іске қосыла алады немесе қатты күшпен болатын қарсы соқтығыс кезінде іске қосылмауы мүмкін.

- **Ескерту шам жыпылықтайды немесе жарқырайды.**
- **Оталдыру құлпын "ON" күйіне ауыстырған кезде ескерту шамы жанбайды.**

- ЖАЛҒАСЫ -

- Ескерту шамы үнемі жанып тұрады.
- Ескерту шамы автокөліктің қозғалысы кезінде жанып тұрады.

■ Қауіпсіздік жастықтары жүйесіне техникалық қызмет көрсету

- Қауіпсіздік жастықтары модулдерін немесе апат кезінде зақымдалған автокөлікті түгелдей кәдеге жарату алдында біз Сізге өзіңіздің SUBARU дилеріңізден кеңес алуыңызды ұсынамыз.
- Қауіпсіздік жастықтарының конструкциясы автокөліктің иесінің оларға техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстар жүргізуін талап етпейді. Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің кез келген электрлік тізбектерінде электрлік тестерлерді пайдалануға тыйым салынады. Қауіпсіздік жастықтарына техникалық қызмет көрсету қажет болған жағдайда біз Сізге кеңес алу үшін жақын жердегі SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

Жүйенің конфигурациясын өзгерту немесе электр сымдарын ажырату қауіпсіздік жастықтарының аяқ астынан істен шығуына немесе жүйенің істен шығуына әкеліп соқтыруы мүмкін, ал бұл өз кезегінде ауыр жарақаттарға әкеліп соқтыруы ықтимал.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Төменде көрсетілген жерлерде техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу жұмыстарын жүргізу қажет болған жағдайда біз Сізге SUBARU ресми дилеріне хабарласуды ұсынамыз. Төменде көрсетілген жерлерде қауіпсіздік жастықтары жүйесін басқару блогы, соққы қадағалары және қауіпсіздік жастықтарының модулдері орналасқан.

- Аспаптар панелінің ортаңғы бөлігінің астында.
- Екі жағынан да көліктің алдыңғы жағында.
- Рөл дөңгелегі, рөл колонкасы және іргелес жерлер.
- Рөл колонкасының төменгі бөлігі және іргелес жерлер.
- Алдыңғы орындықтағы жолаушының алдындағы аспаптар панелінің жоғарыдағы бөлігі және іргелес жерлер.
- Алдыңғы орындықтар мен іргелес жерлер (тек қана бүйірлік қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталған моделдер үшін).
- Әрбір ортаңғы тіректе.
- Әрбір жағындағы қақпақтың бүйірінде (алдыңғы тіректен артқы орындықта белгіге дейін) (тек жастық-пердемен жабдықталған моделдер үшін).
- Әрбір жағынан артқы орындықтың жастығы мен артқы дөңгелектің аркасы арасында.
- Артқы ортаңғы орындықтың астында (тек бүйірлік қауіпсіздік жастықтарымен және жастық-перделермен жабдықталған моделдер үшін).

Қауіпсіздік жастықтары іске қосылған жағдайда, біз Сізге оларды SUBARU ресми дилеріне хабарласу арқылы SUBARU түпнұсқа қосалқы бөлшектеріне ауыстыруды ұсынамыз.

ЕСКЕРТПЕ

Төменде аталған жағдайларда біз Сізге SUBARU дилеріне мүмкіндігінше дереу арада хабарласуды ұсынамыз.

- **Автокөліктің алдыңғы бөлігі апат кезінде зақымдалды, ал қауіпсіздік жастықтары іске қосылған жоқ.**
- **Рөл дөңгелегінің жастығында, алдыңғы орындық жолаушысының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қақпағында немесе төбесінің кез келген бүйір жағында (алдыңғы тіреу маңынан бастап артқы орындықтардың үстіндегі тиісті белгілерге дейінгі жерде) сызаттар, жарықтар немесе өзге де зақымданулар бар.**

Оның үстіне, егер, Сіздің автокөлігіңіз бүйірлік қауіпсіздік жастығымен және қауіпсіздік жастығы-пердесімен жабдықталған болса, онда төменде аталған жағдайларда біз Сізге SUBARU дилеріне мүмкіндігінше тезірек хабарласуды ұсынамыз.

- **Бүйірінен ортаңғы тірегі, артқы дөңгелектің аркасы, артқы жақтау немесе оның маңындағы жерлер соғылғаннан кейін бүйірлік қауіпсіздік жастығы және қауіпсіздік жастығы-пердесі іске қосылған жоқ.**
- **Алдыңғы орындықтың кез келгенінің арқасындағы мата немесе былғары кесілген, желінген немесе басқа да зақымдары бар.**
- **Автокөліктің артқы бөлігі апат кезінде зақымданды.**

■ Автокөлікті қайта жабдықтау кезіндегі сақтық шаралары

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің кездейсоқ іске қосылуы немесе оның істен шығуы нәтижесінде ауыр жарақаттардың орын алуына жол бермеу үшін қауіпсіздік жастықтары жүйесінің компоненттерінің конструкциясына немесе оның электр сымдарына өзгерістер енгізуге тыйым салынады.

Бұған мынадай модификациялар жатады.

- **Штаттан тыс рөл дөңгелегін орнату.**
- **Аспаптар панелін әрлеудің қосымша элементтерін орнату.**
- **Штаттан тыс орындықтарды орнату.***
- **Орындықтың мата немесе былғары қаптамасын ауыстыру.***
- **Алдыңғы орындықтың қосымша мата немесе былғары қаптамасын кигізу.***
- **Дауысты дыбыстық байланыс жүйесінің микрофонын немесе басқа аксессуарларды алдыңғы, ортаңғы және артқы тіректерде, жел әйнегінде, бүйірдегі терезелерде, жоғарыдағы тұтқаларда және салонның жастық-перде ашылатын басқа да беттерінде орнату.**
- **Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің қандай да бір компоненттеріне, оның электр сымдарын қоса алғанда, сондай - ақ олардың жанына қосымша электрлік немесе электрондық жабдықты, мысалы, ұялы қабылдағыш - таратқыштарды орнату ұсынылмайды. Бұл қауіпсіздік жастықтары жүйесінің қалыпты жұмысын бұзуы мүмкін.**

***: Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары бар моделдерге және жолаушының отыруын анықтау жүйесі бар моделдерге қолданылады.**

- ЖАЛҒАСЫ –

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Автокөліктің конструкциясына төменде келтірілген өзгерістердің енгізілуіне жол бермеңіз. Мұндай өзгерісте қауіпсіздік жүйесінің қалыпты жұмысын бұзуы мүмкін.

- **Автокөліктің алдыңғы жағына SUBARU түпнұсқа қосымша жабдықтарының қатарына жатпайтын немесе сапасы бойынша SUBARU түпнұсқа қосымша жабдығына сәйкес келмейтін қандай да бір жабдықты (әртүрлі қорғаныс торлары, шығырлар, қар тазалау құрылғылары, сүйреуіш қалқандар және т.б.) монтаждау.**
- **Автокөліктің аспа жүйесіне немесе автокөліктің алдыңғы бөлігінің конструкциясына өзгерістер енгізу.**
- **Көлемі мен конструкциясы жүргізуші жағындағы ортаңғы тіректе орналасқан тақтайшада көрсетілгеннен немесе осы нұсқаулықта көрсетілген шинаны автокөліктің белгілі моделдеріне орнату.**
- **Автокөліктің шанағының бүйіріндегі бөлшектеріне бүйірлік қауіпсіздік жастықтарымен бірге пайдалануға арнайы қарастырылған SUBARU түпнұсқа қосымша жабдықтарынан басқа кез келген жабдықты (бүйірлік аяқ таяғыштарды, табалдырықты қорғауыштарды және т.б.), сондай - ақ басқа дайындаушы зауыттардың сапасы бойынша SUBARU түпнұсқа қосымша жабдықтарына сай келетін және бүйірлік қауіпсіздік жастықтары бар автокөліктерде пайдалануға арналған қосымша жабдықтарды (тек қана бүйірлік қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталған моделдер үшін) монтаждау.**

Сіздің автокөлігіңізге кез келген қосымша жабдықты орнату алдында біз Сізге SUBARU дилерінен кеңес алуыңызды ұсынамыз.

Кілттер, құлыптар және шыны көтергіштер

Кілттер 2-3
Кілт нөмірі бар тақтайша 2-3
Түйменің көмегімен қозғалтқышты іске қосу/тоқтату функциясы бар қашықтықтан басқару жүйесі (егер орнатылған болса) 2-4
Қашықтықтан басқару салпыншағы 2-4
Сақтық шаралары 2-5
Қашықтықтан басқару салпыншағы болған жағдайда есіктерді жабу және ашу 2-9
PIN-код арқылы басқара отырып ашу 2-13
Қуатты үнемдеу функциясы 2-15
Қашықтықтан басқару салпыншағының қуатты үнемдеу функциясы 2-16
Қашықтықтан басқару функциясын өшіру 2-16
Дыбыстық ескерту сигналдары мен шамдары 2-19
Қашықтықтан басқару салпыншағының жұмысындағы іркілістер кезіндегі әрекеттер 2-19
Қашықтықтан басқару салпыншағының қуаттау элементін ауыстыру 2-19
Иммобилайзер 2-19
Иммобилайзердің бақылау шамы 2-20
Жаңа кілтті дайындау 2-20
Есік құлыптарының қашықтықтан басқару жүйесі 2-20
Есіктерді жабу 2-22
Есіктерді ашу 2-22
Есік құлыптарын автоматты түрде жабу (қосарлап құлыптау жүйесі жоқ моделдер) 2-23
Жүк арту бөлігінің есіктерін ашу 2-23
Алдыңғы есіктердің терезелерін ашу/жабу (Аустралияға арналған моделдерден басқа) 2-23
Қуаттау элементін ауыстыру 2-24
Техникалық ақпарат 2-24
Есік құлыптары 2-24
Есіктерді сырттан жабу және ашу 2-24
Есіктерді іштен жабу және ашу 2-25
Кілттердің құлыпталуын болдырмау функциясы (қосарлап құлыптау жүйесі жоқ моделдер) 2-26
Аккумуляторлық батареяның отыруын болдырмау функциясы 2-27
Қосарлап құлыптау жүйесі (егер орнатылған болса) 2-28
Қосарлап құлыптау жүйесін қосу 2-28
Қосарлап құлыптау жүйесін сөндіру 2-29
Шұғыл жағдайлардағы іс-әрекеттер 2-29
Аккумуляторлық батарея немесе қуаттау элементі отырған жағдайдағы әрекеттер 2-30
Қосарлап құлыптау жүйесін қайта орнату 2-30
Есіктерді бұғаттауышты ауыстырып-қосқыштың көмегімен есіктердің ашылуын бұғаттау функциясы (Аустралияға арналған моделдер) 2-30
Есіктерді балалардан бұғаттау тетігі 2-31
Терезелер 2-32
Электрлік шыны көтергіштердің жұмысы 2-33


Электрлік шыны көтергіштер жүйесін иницилизациялау (сөндіруді кідірту функциясымен) 2-35
Жүк арту бөлігінің есігі 2-35
Жүк арту бөлігінің қолша ашылатын/жабылатын есігі (егер орнатылған болса) 2-35
Жүк арту бөлігі есігінің электрлік жетегі (егер орнатылған болса) 2-37
Төбедегі қақпақты терезе (егер орнатылған болса)..... 2-46
Қақпақты терезені ауыстырып-қосқыш 2-47
Қысып қалуды болдырмау функциясы..... 2-47
Күннен қорғайтын перде..... 2-48

Кілттер

ЕСКЕРТПЕ

Қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату функциясы бар қашықтықтан басқару жүйесі бар моделдер үшін түйменің көмегімен "Іске қосу/тоқтату функциясы бар қашықтықтан басқару жүйесі" бөлімінде көрсетілген мәліметтерді қараңыз ☞2-4.

Автокөлікке мынадай кілттер қоса беріледі.



1) Әмбебап кілт (негізгі).
2) Әмбебап кілт (қосымша).
3) Кілт нөмірі бар тақтайша.

ЕСКЕРТПЕ

Сіздің автокөлігіңізді өткізу нарығына байланысты, оның үш әмбебап кілті болуы мүмкін.

Барлық кілттер мынадай құлыптар үшін пайдаланылуы мүмкін.
- Оталдыру құлпы.
- Жүргізуші есігі.

ЕСКЕРТПЕ

Төменде көрсетілген функцияларды басқару үшін есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі пайдаланылуы мүмкін.
- **Есіктерді, жүк арту бөлігінің есіктерін және жанармай құю мойнының қақпақтарын ашу/жабу**
- **Терезелерді ашу/ жабу (Аустралияға арналған моделдерден басқа).**

Неғұрлым толық ақпарат алу үшін "Есік құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі" бөлімін қараңыз ☞2-20.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Кілтті үлкен салпыншаққа немесе басқа кілттер байламына тақпаңыз. Егер қозғалыс кезінде олар Сіздің тізеңізге тиетін болса, онда бұл оталдыру құлпын "ON" күйінен "ACC" күйіне немесе "LOCK" күйіне ауыстыруы, сәйкесінше, қозғалтқыштың тоқтауына әкелуі мүмкін.

■ Кілт нөмірі бар тақтайша


Кілттің нөмірі Сіздің автокөлігіңіздің кілттер байламына бекітілген тақтайшаға соғылған. Сіз кілт нөмірін көшіріп жазып алып, сол жазбаны автокөліктен тыс жерде сақтағаныңыз жөн. Бұл нөмір Сізге түпнұсқасы жоғалған жағдайда жаңа кілт жасау үшін немесе кілт байқаусызда автокөлік ішінде қалып қойғанда қажет болады.

Жаңа кілттерді дайындау туралы толық ақпарат алу үшін "Жаңа кілтті дайындау" бөлімін қараңыз ☞2-20.

Түйменің көмегімен қозғалтқышты іске қосу/тоқтату функциясы бар қашықтықтан басқару жүйесі (егер орнатылған болса)

■ Қашықтықтан басқару салпыншағы

Автокөлікке мынадай қашықтықтан басқару салпыншақтары қоса беріледі.



1) Қашықтықтан басқару салпыншағы (негізгі).
2) Қашықтықтан басқару салпыншағы (қосымша).
3) Кілт нөмірі бар тақтайша.

Түйменің көмегімен қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату функциясы бар қашықтықтан басқару жүйесі Сіздің қашықтықтан басқару салпыншағыңыз болған жағдайда келесі әрекеттерді жүзеге асыруыңызға мүмкіндік береді.

- Жүк арту бөлігінің есігін және жанармай құю мойнын қоса алғанда, есіктерді ашу және жабу. ("Қашықтықтан басқару салпыншағы болған жағдайда есіктерді ашу және жабу" бөлімін қараңыз ☞2-9).
- Қозғалтқышты іске қосу және тоқтату ("Қозғалтқышты іске қосу және тоқтату (түйменің көмегімен қозғалтқышты іске қосу/тоқтату жүйесі бар моделдер)" бөлімін қараңыз ☞7-11).


ЕСКЕРТПЕ

- **Төменде көрсетілген функцияларды басқару үшін есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі пайдаланылуы мүмкін.**
  - **– Есіктерді, жүк арту бөлігінің есіктерін және жанармай құю мойнының қақпақтарын ашу/жабу.**
  - **– Терезелерді ашу/жабу (Аустралияға арналған моделдерден басқа).**

Неғұрлым толық ақпарат алу үшін "Есік құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі" бөлімін қараңыз ☞2-20.

- **Қашықтықтан басқару салпыншағына қосымша берілетін кілттің нөмірі бар тақтайшаны сенімді жерде сақтаңыз. Ол автокөлікті жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде, сондай - ақ қашықтықтан басқаратын қосымша салпыншақтарды тіркеу кезінде қажет. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін "Жаңа кілтті дайындау" бөлімін қараңыз ☞2-20.**

Әрбір қашықтықтан басқару салпыншағына апаттық кілт бекітілген.



1) Бекіткіштің түймесі.
2) Апаттық кілт.

Апаттық кілтті алып тастау үшін қашықтықтан басқару салпыншағының бекіткішінің түймесін басыңыз. Апаттық кілт жүргізушінің есігін ашу және жабу үшін қолданылады.

■ Сақтық шаралары

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Егер Сізге кардиостимулятор немесе дефибриллятор имплантталған болса, автокөлікте орнатылған таратушы антенналарға 22 см. қашықтыққа дейін жақындамаңыз.


Автокөліктің таратқыш антенналары сәулелендіретін радиосигналдардың имплантталған кардиостимуляторлар мен дефибрилляторлардың жұмысына теріс әсер етуі мүмкін.

Егер Сізге кардиостимулятор немесе дефибриллятор болып табылмайтын қандай да бір басқа электрондық медициналық жабдық имплантталса, онда түйменің көмегімен қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату функциясы бар қашықтықтан басқару жүйесін пайдалану алдында төмендегі "Түйменің көмегімен қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату функциясы бар қашықтықтан басқару жүйесінде қолданылатын радиосигналдар" тармағымен танысыңыз, сондай - ақ неғұрлым толық ақпарат алу үшін белгілі медициналық электрлік жабдықтың өндірушісімен кеңесіп алыңыз. Автокөліктің таратушы антенналары сәулелендіретін радиосигналдардың медициналық электрондық жабдықтың жұмысына теріс әсер етуі мүмкін.

Түйменің көмегімен қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату функциясы бар қашықтықтан басқару жүйесінде қолданылатын радиосигналдар.

- **Есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесінде қолданылатын радиосигналдардан басқа, түйменің көмегімен қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату функциясы бар қашықтықтан басқару жүйесінде мынадай жиіліктегі радиосигналдар қолданылады*.**
  Радиосигналдарды төмендегі суретте белгіленген жерлерде автокөліктерде орнатылған антенналар сәулелендіреді.

*** Радиосигналдардың жиілігі: 134,2 кГц.**



1) Антенна.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Автокөліктің ішінде немесе автокөліктің айналасында 2 м. радиуста (мысалы, көлікжайда) қашықтықтан басқару салпыншағын ешқашан қалдырмаңыз және сақтамаңыз. Қашықтықтан басқару салпыншағы автокөліктің ішінде қалып қоюы мүмкін немесе кілтті қуаттау элементі жылдам отыруы ықтимал. Кейбір жағдайларда, қашықтықтан басқару салпыншағының орналасқан жеріне байланысты автокөліктің электрлік қуатын іске қосу/тоқтату түймесінің көмегімен қосу мүмкін болмайтындығына назар аударыңыз.**
- **Қашықтықтан басқару салпыншағында электрондық компоненттер бар. Ақауларды болдырмау үшін мынадай сақтық шараларын сақтаңыз.**
  - **Зақымдануды болдырмау үшін қашықтықтан басқару салпыншағының қуаттауыш бөлшегін SUBARU ресми дилерінде ауыстыру ұсынылады.**
  - **Қашықтықтан басқару салпыншағына ылғалдың түсіуіне жол бермеңіз. Егер қашықтықтан басқару салпыншағына ылғал тисе, оны дереу сүртіңіз және кептіріңіз.**
  - **Қашықтықтан басқару салпыншағының қатты соққылануына жол бермеңіз.**
  - **Қашықтықтан басқару салпыншағын тікелей түсетін күн сәулесінің әсері бар жерде немесе оның қызуы мүмкін басқа жерлерде, мысалы, аспаптар панелінде қалдырмаңыз.**
  - **Қашықтықтан басқару салпыншағын ультрадыбыстық жуу агрегатының көмегімен тазалауға тырыспаңыз.**
  - **Қашықтықтан басқару салпыншағын шамадан тыс ылғалды немесе шаңды жерлерде қалдырмаңыз.**
  - **Қашықтықтан басқару салпыншағының магнит өрісі әсер етуі мүмкін жерлерде болуына жол бермеңіз.**

– Қашықтықтан басқару салпыншағын дербес компьютер немесе тұрмыстық электрлік құралдардың жанында қалдырмаңыз.

– Қашықтықтан басқару салпыншағын аккумуляторлық батареяларға жақын жерде немесе кез келген электрлік аксессуарларға арналған қуаттаушы құрылғының жанында қалдырмаңыз.

– Терезелерге металлды бояуды жақпаңыз және металл заттарды терезеге бекітпеңіз.

– Түпнұсқа емес аксессуарларды немесе бөлшектерді пайдаланбаңыз.

- Егер қашықтықтан басқару салпыншағын түсіріп алатын болсаңыз, апаттық кілт ажырап қалуы мүмкін. Апаттық кілтті босатып алмау үшін сақ болыңыз.

- Ұшақпен ұшқан кезде қашықтықтан басқару салпыншағындағы түймелерді баспаңыз. Қашықтықтан басқару салпыншағының қандай да бір түймелерін басқанда радиосигналдар сәулеленетін болады, олар ұшақ жүйесінің жұмысына теріс әсер етуі мүмкін. Егер қашықтықтан басқару салпыншағы сөмкеде болса, түймелердің кездейсоқ басылуына жол бермеу шараларын қабылдаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Қашықтықтан басқару функциясын қосу/сөндіру функциясы өзгертілуі мүмкін. Параметрлерді қалыптастыру үрдісі неғұрлым толығырақ "Қашықтықтан басқару функциясын сөндіру" бөлімінде сипатталған ☞2-16.
- Қашықтықтан басқару функциясы сөндірілген кезде қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесін пайда-лану тәртібі бойынша неғұрлым толық ақпарат алу үшін "Қашықтықтан басқару салпын-шағы - қашықтықтан басқару салпыншағының жұмысындағы іркілістер кезіндегі әрекеттер" бөлімін қараңыз ☞9-22.
- Түйменің көмегімен қозғалтқышты іске қосу/тоқтату функциясы бар қашықтықтан басқару жүйесінде қуаты аз радиосигналдар пайдаланылады. Қашықтықтан басқару салпыншағының күйі мен қоршаған орта жағдайлары төменде көрсетіліп отырған жағдайларда қашықтықтан басқару салпыншағы мен автокөліктің арасындағы деректердің алмасуына теріс әсер етуі мүмкін. Мұндай жағдайларда автокөліктің есіктерінің құлыптарын ашу және бекіту, сондай - ақ қозғалтқышты іске қосу мүмкін болмайды.

– Жүйе күшті радиотолқындар сәулелендіретін құрылғының, мысалы, радиохабар станциясының немесе электр тарату желілерінің маңында пайдаланылғанда.

– Радиосигналдарды сәулелендіретін аспаптарды пайдаланған кезде, мысалы, қашықтықтан басқару салпыншағын немесе басқа автокөліктің құлыптарын қашықтықтан басқару таратқышы бар кілтті пайдаланғанда.

– Егер Сіз автокөлікті қашықтықтан басқару салпыншағын басқа автокөлікті қашықтықтан басқару салпыншағымен немесе есіктерінің құлыптарын қашықтықтан басқару пультімен бірге алып жүретін болсаңыз.

– Егер қашықтықтан басқару салпыншағы сымсыз байланыс

- ЖАЛҒАСЫ –

құралының жанында болса, мысалы, ұялы телефонның жанында.
– Егер қашықтықтан басқару салпыншағы металл заттардың жанында орналасқан болса.
– Егер қашықтықтан басқару салпыншағына металл аксессуарлар бекітілсе.
– Егер Сіз қашықтықтан басқару салпыншағын электрондық аспаптармен, мысалы ноутбуктармен бірге алып жүрсеңіз.
– Қашықтықтан басқару салпыншағының қуаттау элементі отырса.

- Қашықтықтан басқару салпыншағы үнемі автокөліктермен деректер алмасады және кілттің қуаттау көзі үздіксіз пайдаланылады. Қуаттау элементінің қызмет ету мерзімі жұмыс жағдайына байланысты. Әдетте ол 1-2 жылды құрайды. Егер қуаттау элементі толығымен отырса, оны жаңасына ауыстырыңыз.
- Қашықтықтан басқару салпыншағын жоғалтқан кезде қалған қашықтықтан басқару салпыншақтарының барлығын қайта тіркеуді жүргізу ұсынылады. Қашықтан басқару салпыншағын қайта тіркеу үшін біз Сізге SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.
- Қосалқы қашықтықтан басқару салпыншағын алу үшін біз Сізге SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.
- Бір автокөлік үшін 7 қашықтықтан басқару салпыншағы тіркелуі мүмкін.
- Қашықтықтан басқару салпыншағын автокөлік салоны, есіктерінің қалталары, аспаптар панелі немесе жүк арту бөлігі сияқты жерлерде қалдырмаңыз. Діріл қашықтықтан басқару салпыншағының зақымдануына немесе ауыстырып-қосқыштардың өздігінен қосылуына әкелуі мүмкін, бұл автокөліктің есіктерінің құлыптарының бұғатталуына әкеліп соқтыруы ықтимал.
- Егер автокөліктің аккумуляторлық батареясы отырған немесе ауыстырылған болса, онда қозғалтқышты іске қосу үшін рөл колонкасының құлпын бұғаттау жүйесін іске қосу қажет болуы мүмкін. Мұндай жағдайда рөл колонкасының құлпын бұғаттаудың мынадай рәсімін орындаңыз.
  (1) Қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесінің көмегімен "OFF" электрлік қуаттау режімін орнатыңыз. Толық ақпарат алу үшін "Электрлік қуаттау режімдерін ауыстырып-қосу" бөлімін қараңыз ☞3-8.
  (2) Жүргізушінің есігін ашыңыз және жабыңыз.
  (3) Шамамен 10 секунд күтіңіз.

Рөл колонкасының бұғатталуы әрекеттің аяқталуын білдіреді.

- Төменде көрсетілген жерлерде қашықтықтан басқару салпыншағын қалдырмаңыз.
  – Аспаптар панелінде.
  – Автокөліктің еденінде.
  – Қолғаптарға арналған бөлікте.
  – Есік қалталарында.
  – Артқы орындықта.
  – Жүк арту бөлігінде.

Керісінше жағдайда келесі жағдайлардың туындауы мүмкін.

– Қашықтықтан басқару салпыншағының қателігі салдарынан автокөлік жабылып қалуы ықтимал.
– Іс жүзінде ақаудың пайда болмайтындығына қарамастан, қателіктің орын алуы туралы ескерту сигналы берілетін болады.
– Кез келген ақау орын алған жағдайда ескерту сигналы берілмейді.


■ Қашықтықтан басқару салпыншағы болған жағдайда есіктерді жабу және ашу

Егер қашықтықтан басқару салпыншағы есіктерді, жүк арту бөлігінің есігін және жанармай құю мойнының қақпағын жабуға/ ашуға болатын аумақта болса, ашуды тұтқасын тарту арқылы да жүзеге асыруға болады.


ЕСКЕРТПЕ

Сондай - ақ, автокөлікті есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесінің көмегімен жабуға/ ашуға болады. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін "Есік құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі" бөлімін қараңыз ☞2-20.

▼ Қолданылу аймағы



1) Антенна.
2) Қолданылу аймағы (шамамен 40-80 см).



1) Жарықдиодтық индикатор.

Қашықтықтан басқару салпыншағы алдыңғы есіктердің бірін ашу/ жабу функциясын пайдалануға болатын аймақта болғанда, қашықтықтан басқару салпыншағының жарықдиодтық индикаторы жыпылықтайды.

Қашықтықтан басқару функциясы сөндірулі болғанда, салпыншақта түйме басылғанша жарықдиодтық индикатор жыпылықта-майды.

ЕСКЕРТПЕ

- **Егер қашықтықтан басқару салпыншағы автокөліктің шанағына тым жақын болса, онда қашықтықтан басқару функциясының дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Егер жұмыстың осындай қателіктері байқалатын болса, автокөліктен алыстап, операцияны қайта қайталаңыз.**
- **Қашықтықтан басқару салпыншағы қашықтықтан басқару функциясы қолданылатын аймақта болғанда, бірақ, жер бетінде болғанда немесе оның бетінен тым жоғары болғанда да қашықтықтан басқару функциясының дұрыс жұмыс жасамауы мүмкін.**
- **Қашықтықтан басқару салпыншағы қашықтықтан басқару функциясының қолданылу аймағында болғанда, онда бұл функцияны тек қана қолында қашықтықтан басқару салпыншағы бар тұлға ғана емес, кез келген адам пайдалана алады.**

- ЖАЛҒАСЫ –

Есіктің құлыптарын ашу және құлыптау қашықтықтан басқару салпыншағы қолданылатын аймақта ғана есіктің тұтқасының, есікті құлыптау қадағасының, жүк арту бөлігінің есігін ашу түймесінің және есіктерді құлыптаудың артқы түймесінің көмегімен ғана мүмкін екеніне назар аударыңыз.

- **Егер қашықтықтан басқару салпыншағы автокөліктің ішінде болса, онда есіктерді, жүк арту бөлігінің есігін және жанармай құю мойнының қақпағын қашықтықтан басқару функциясының көмегімен құлыптау мүмкін емес. Сонымен қатар, қашықтықтан басқару салпыншағының күйіне және қоршаған орта жағдайларына байланысты автокөлік ішіндегі қашықтықтан басқару салпыншағы автокөлікті құлыптауы әлі де мүмкін болады. Құлыптарды жабу алдында қашықтықтан басқару салпыншағы өзіңізбен бірге екеніне көз жеткізіңіз.**
- **Қашықтықтан басқару салпыншағының қуаттау элементі отырғанда немесе қашықтықтан басқару кілті күрделі кедергілер немесе күшті радиосигналдар аймағында жұмыс жасаса (мысалы, антенна мачтасының, электрлік станцияның, радиохабар тарату немесе телевизиялық станцияның, үлкен дисплейдің, әуежайдың, электрлік жол белгісінің жанында немесе сымсыз жабдық қолданылатын аумақта болғанда), сондай - ақ ұялы телефон арқылы сөйлескен кезде қашықтықтан басқару функциясының қолданылу аймағының қысқаруы немесе функцияның жұмыс істеуінің тоқтауы мүмкін. Мұндай жағдайларда "Есіктерді құлыптау және бекіту" бөлімінде сипатталған рәсімдерді орындаңыз ☞9-22.**
- **Егер қашықтықтан басқару салпыншағы қолданылу аймағында қалса, онда автокөлікті жуу кезінде немесе тұтқаға көп мөлшерде су тигенде есіктердің ашылып кетуі немесе жабылып қалуы мүмкін.**

▼ Құлыптау және ашу тәртібі

Қашықтықтан басқару салпыншағы болса Сіз мынадай операцияларды орындай аласыз.

- Есіктерді құлыптау және ашу.
- Жүк арту бөлігінің есігін ашу және құлыптау.


ЕСКЕРТПЕ

- **Қашықтықтан басқару функциясының көмегімен есікті, жүк арту бөлігінің есігі, жанармай құятын мойынды жабу мүмкін болмайды, егер қозғалтқышты іске қосу түймесі оталдырудың "ACC" немесе "ON" режімінде болса. "Электрлік қуаттау режімдерін ауыстырып қосу" бөлімін қараңыз ☞3-8.**
- **Егер есіктің тұтқасын қолғаппен ұстаса, есіктің құлпы ашылмауы мүмкін.**
- **Егер есікті құлыптау қадағасын тағы да үш рет немесе одан да көп рет ұстасаңыз, жүйе қадағаның операцияларын елемейді.**
- **Егер құлыптау әрекеті тым тез орындалса, жабу толық болмауы мүмкін. Есіктерді жапқаннан кейін біз есіктің құлыпталғанына көз жеткізу үшін артқы есіктің тұтқасын тартуға кеңес береміз.**
- **Жүк арту бөлігінің есігін қоса алғанда, есіктерді құлыптағаннан кейін, қашықтықтан басқару функциясының көмегімен 3 секунд бойы есіктерді ашу мүмкін болмайды, қашықтықтан басқару функциясы арқылы жүк арту бөлігінің есігін ашу әрекетін қоса алғанда.**
- **Егер автокөліктің есіктерінің бірі ашық болса, жүк арту бөлігінің есігі мен жанармай құятын мойынның қапағын**

қоса алғанда, олар жабылмайды.

- **Егер есіктердің кез келгені (немесе жүк арту бөлігінің есігі) толық жабылмаса, апаттық жарық сигналының шамдары бес рет жыпылықтап (түйменің көмегімен қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату функциясы бар қашықтықтан басқару жүйесі бар моделдерде де бес рет сыртқы дыбыстық ескерту дабылы беріледі), Сізге есіктердің (немесе жүк арту бөлігінің есігінің) тиісті түрде жабылмайтынын ескертеді.**
- **Автокөліктің есіктерін құлыптаған кезде қашықтықтан басқару салпыншағының автокөліктің ішінде қалып қоюына жол бермеу үшін Сіздің жаныңызда екендігіне көз жеткізіңіз.**
- **Апаттық сигнал беру жұмысын SUBARU дилерінде баптауға болады. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін біз Сізге SUBARU ең жақын дилеріне хабарласуды ұсынамыз. Сонымен қатар, аспаптар комбинациясының дисплейі бар моделдерде (түрлі-түсті сұйықкристалды дисплей) апаттық жарық сигналдатқышының жұмысын баптауды аспаптар комбинациясы дисплейі арқылы өзгертуге болады (түрлі-түсті сұйықкристалды дисплей). Қосымша ақпарат алу үшін "Vehicle Setting (Автокөліктің баптаулары)" бөлімін қараңыз ☞3-57.**


▽ **Есіктерді құлыптау қадағасының көмегімен жабу**



1) Есікті құлыптау қадағасы.

Өзіңізде қашықтықтан басқару салпыншағын ұстай отырып, барлық есіктерді жабыңыз, соның ішінде жүк арту бөлігінің есігі де бар, содан кейін есіктің сыртқы тұтқасында орналасқан есікті құлыптау қадағасын түртіңіз. Барлық есіктер, жүк арту бөлігінің есігі және жанармай құятын мойынның қақпағы құлыпталады. Бұл ретте апаттық жарықтық сигнал беру шамдары бір рет жыпылықтайды.

▽ **Есіктерді құлыптайтын артқы түйменің көмегімен жабу**




1) Есіктерді құлыптайтын артқы түйме.

Өзіңізде қашықтықтан басқару салпыншағын ұстай отырып, барлық есіктерді жабыңыз, соның ішінде жүк арту бөлігінің есігі де бар, содан кейін есіктерді құлыптайтын артқы түймені басыңыз. Бұл барлық есіктердің құлыпталуына әкеледі, соның ішінде жүк арту бөлігінің есігі мен жанармай құятын мойынның қақпағы да бар. Бұл ретте апаттық жарықтық сигнал беру шамдары бір рет жыпылықтайды.

- ЖАЛҒАСЫ –


▽ Есіктерді құлыптау түймесінің және жүк арту бөлігі есігінің электрлік жетегінің көмегімен есіктерді құлыптау



1) Есіктерді құлыптау және жүк арту бөлігі есігінің электрлік жетегінің түймесі

Өзіңізде қашықтықтан басқару салпыншағын ұстай отырып, барлық есіктерді құлыптаңыз және есіктерді құлыптау түймесі мен жүк арту бөлігі есігінің электрлік жетегінің түймесін басыңыз. Жүк арту бөлігінің есігі автоматты түрде жабылады, бұл ретте барлық есіктер жабылатын болады, жүк арту бөлігінің есігін және жанармай құятын мойынның қақпағын қоса алғанда. Бұл ретте апаттық жарықтық сигнал беру шамдары бір рет жыпылықтайды.

▽ Есіктерді ашу



Өзіңізбен бірге қашықтықтан қол жеткізу салпыншағын алып, есік тұтқасын алыңыз.


- **Қосарлап құлыптау жүйесі жоқ моделдер**

Барлық есіктер, жүк арту бөлігінің есігі және жанармай құятын мойынның қақпағы жабылады. Бұл ретте апаттық жарықтық сигнал беру шамдары екі рет жыпылықтайды.

- **Қосарлап құлыптау жүйесі бар моделдер**
  - Жүргізуші есігінің тұтқасы: тек жүргізушінің есігі мен жанармай құю мойнының қақпағы ғана ашылады.
  - Алдыңғы жолаушы есігінің тұтқасы: жүк арту бөлігінің есігін қоса алғанда, есіктер ашылады.

Бұл ретте апаттық жарықтық сигнал беру шамдары екі рет жыпылықтайды.

▽ Жүк арту бөлігінің есігін ашу



1) Жүк арту бөлігінің есігін ашу түймесі.

Өзіңізде қашықтықтан басқару салпыншағын ұстай отырып, жүк арту бөлігінің есігін ашу түймесін басыңыз.

- **Қосарлап құлыптау жүйесі жоқ моделдер**

Бұл жүк арту бөлігінің есігінің ашылуына, автокөліктің барлық есіктерінің және жанармай құятын мойынның қақпағының ашылуына алып келеді, бұл ретте жүк арту бөлігінің есігі ашық болады. Бұл ретте апаттық жарықтық

сигнал беру шамдары екі рет жыпылықтайды.

- **Қосарлап құлыптау жүйесі бар моделдер**

Жүк арту бөлігінің ғана есігі айқарылады және ашылады. Бұл ретте апаттық жарықтық сигнал беру шамдары екі рет жыпылықтайды.

▼ Есіктерді таңдап ашу функциясы (егер қарастырылған болса)

Ашылатын есіктерді таңдауға болады. Былайша баптауға болады.

- **Қосулы**

Тек жүргізушінің есігі немесе жүк арту бөлігінің есігі ғана ашылады.

- **Сөндірулі**

Жүк арту бөлігінің есігін қоса алғанда, барлық есіктер ашылады.

ЕСКЕРТПЕ

- **Бұл баптауды SUBARU дилерінде өзгертуге болады.**
- **Қауіпсіздік мақсатында функция үшін қандай мән қалыптастырылғандығын тексеріңіз - "қосулы" немесе "сөндірулі".**

▼ Есіктің құлыптарын автоматты түрде жабу (қосарлап құлыптау жүйесі жоқ моделдер)


Егер автокөліктің есіктерінің ешқайсысы немесе жүк арту бөлігінің есігі құлып ажыратылған соң 30 секунд ішінде ашылмаса, олар қайтадан автоматты түрде құлыпталатын болады.

Бұл функцияны қосуды/ сөндіруді орнатуды, сондай - ақ есіктердің құлыптарын автоматты түрде іске қосылуына дейінгі уақытты SUBARU дилерінде ауыстыруға болады. Толық ақпарат алу үшін біз Сізге өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласуды ұсынамыз.

Аспаптар комбинациясының дисплейі бар моделдерде (түрлі-түсті сұйыққристалды дисплей) баптаулар мен уақыт аралықтарын аспаптар комбинациясының дисплейі (түрлі-түсті сұйыққристалды дисплей) көмегімен өзгертуге болады. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін "Vehicle Setting (Автокөліктің баптаулары)" бөлімін қараңыз ☞3-57.

■ PIN код арқылы басқара отырып ашу

Барлық есіктер жабық кезде, жүк арту бөлігінің есігін қоса алғанда, Сіз есіктерді (жүк арту бөлігінің есігі мен жанармай құю мойнының қақпағын қоса алғанда) кілтсіз, есіктерді құлыптайтын артқы түймені басу арқылы аша аласыз.



1) Есіктерді құлыптайтын артқы түйме.

ЕСКЕРТПЕ

Егер қашықтықтан басқару салпыншағы байқаусызда автокөлікте қалып қойса, PIN-код арқылы басқару көмектеседі.

5 таңбалы қауіпсіздік кодын (PIN-кодын) тіркеу ұсынылады.

▼ PIN-кодты тіркеу

Қадам	Операция	Алдыңғы қадамнан кейінгі уақыт
1	Оталдырғышты сөндіріңіз.	–
2	Жүк арту бөлігінің есігін қоса алғанда, барлық есіктерді жабыңыз.	–
3	Қашықтықтан басқару салпыншағындағы "🔒" түймесін басыңыз да, осы кезде есіктерді құлыптайтын артқы түймені басып, дыбыстық сигнал берілгенше басулы күйде ұстап тұрыңыз.	–
4	Қашықтықтан басқару салпыншағындағы "🔓" түймесін басыңыз да, дыбыстық сигнал берілгенше басулы күйде ұстап тұрыңыз.	30 секунд бойы
5	PIN-код 4-қадамда дыбыстық сигнал берілгеннен кейін 30 секунд ішінде есіктерді құлыптайтын артқы түйме арқылы енгізіледі. Мысалы, "32468" комбинациясын PIN-код ретінде тіркеу үшін мынадай рәсімдерді орындаңыз.	30 секунд бойы
(1)	Түймені үш рет басыңыз.	
(2)	Дыбыс сигналы бір рет берілгеннен кейін түймені екі рет басыңыз.	
(3)	Дыбыс сигналы бір рет берілгеннен кейін түймені төрт рет басыңыз.	
(4)	Дыбыс сигналы бір рет берілгеннен кейін ("динь") түймені алты рет басыңыз.	
(5)	Дыбыс сигналы бір рет берілгеннен кейін ("динь") түймені сегіз рет басыңыз.	
6	Дыбыс сигналы кезекпен беріле басталғаннан кейін шамамен 30 секунд өткен соң 5-қадамдағы әрекетті қайтадан орындаңыз.	–
7	Барлық есіктер айқарылады және ашылады. Содан кейін PIN-код тіркеледі.	–

ЕСКЕРТПЕ

Дайындау режімін аяқтау және тіркеу кезеңіне ауысу үшін 6-қадамнан кейін 30 секунд ішінде "🔒" түймесін басыңыз. Егер "🔒" түймесі 6-қадамнан кейін 30 секунд ішінде басылмаса, PIN-кодты тіркеу тоқтатылады.

ЕСКЕРТПЕ

- **"0" санын енгізу үшін есіктерді құлыптайтын артқы түймені он рет басыңыз.**
- **Сіздің автокөлігіңізді айдап кетуден қорғау үшін PIN-кодты жиі өзгертіңіз.**
- **Егер Сіз автокөлігіңізді басқа тұлғаға берген болсаңыз, PIN- кодтың өзгертілмегеніне немесе өшірілмегеніне көз жеткізіңіз. Егер PIN-код өзгертілген немесе өшірілген болса, жаңа PIN-кодты тіркеңіз.**
- **Егер Сіз тіркеу рәсімі барысында қателессеңіз, қашықтықтан басқару салпыншағындағы " 🚗 "немесе "🔒" түймесін басыңыз. Содан кейін "PIN-кодты тіркеуге дайындау" бөлімінде сипатталған әрекеттерді қайта бастаңыз.**
- **Сіздің автокөлігіңізді айдап кетуден қорғау үшін Сіз PIN-код ретінде бірдей бес саннан тұратын жолақты тіркей алмайсыз, мысалы, "00000", сондай-ақ "12345".**
- **PIN-код ретінде автокөліктің нөмірлік белгісін, сондай - ақ "11122" немесе "12121" сияқты қарапайым нөмірлерді тіркемеңіз. Бұл автокөлікті айдап кету қаупін арттырады.**
- **Егер Сіз "22222" санын тіркеуге тырыссаңыз, тіркелген PIN-код жойылады. Сіз жаңа код тіркелгенше PIN-код арқылы басқару көмегімен есіктерді аша алмайсыз.**
- **Жаңа PIN-кодты тіркегеннен кейін Сіз оның көмегімен есікті аша алатындығыңызға көз жеткізуіңіз керек.**
- **Егер қашықтықтан басқару функциясы қашықтықтан басқару салпыншағының көмегімен ажыратылған болса, PIN - кодты алып тастау мүмкін болмайды.**
- **Келесі жағдайларда PIN-кодты тіркеңіз:**
  - **– егер Сіз PIN-кодты ұмытып қалсаңыз;**
  - **– егер PIN-кодты өзгерткіңіз келсе.**

▼ Ашу

"PIN-кодты тіркеу" бөлімінде сипатталған 5-қадамның (1) бастап (5) тармағына дейін көрсетілген әрекеттерді орындаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- **Мынадай жағдайларда PIN-код арқылы есіктерді ашу мүмкін емес:**
  - **– егер қашықтықтан басқару салпыншағы қолданылу аймағында болса;**
  - **– егер оталдыру құлпы "ACC" немесе "ON" күйінде болса.**
- **Егер Сіз есіктерді ашу әрекеттері кезінде қателессеңіз, 5 секунд немесе одан да ұзағырақ күте отырып, ашу амалдарын қайта бастаңыз.**
- **Қате PIN-код енгізілген жағдайда, Сіздің автокөлігіңізді айдап кетуден қорғау үшін 5 рет қатарынан дыбыстық сигнал беріледі. Егер осындай жағдай орын алса, Сіз 5 минут бойы PIN-код арқылы басқара алмайсыз.**

■ Қуатты үнемдеу функциясы

Қашықтықтан басқару салпыншағының қуаттау элементінің және автокөліктің аккумуляторлық батареясының отыруының алдын алу мақсатында қашықтықтан басқару функциясы мынадай жағдайларда сөндіріледі. **1-жағдай.** Егер автокөліктің барлық есіктері жабық, ал қашықтықтан басқару функциясы мен есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі 2 апта және одан да ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаса.

- ЖАЛҒАСЫ –

Қашықтықтан басқару функциясын қалпына келтіру үшін мынадай әрекеттердің бірін орындаңыз:
- Алдыңғы орындықтың жолаушысы жанындағы есіктің тұтқасын тартудан басқа амалдардың кез келгенін қолдана отырып есіктерді ашыңыз.
- Есіктерді жабыңыз.
- Есікті ашып, содан соң жабыңыз.


2-жағдай. Егер автокөліктің барлық есіктері жабық, ал қашықтықтан басқару салпыншағы қашықтықтан басқару жүйесі қолданылатын аймақта 10 минут және одан да ұзақ уақыт бойы болса.

Қашықтықтан басқару функциясын қалпына келтіру үшін мынадай әрекеттердің бірін орындаңыз:
- Есіктердің тұтқаларынан тартып, есіктерді ашыңыз.
- Жүк арту бөлігінің есігін ашу түймесін басу арқылы есіктерді ашыңыз.
- Есікті құлыптау қадағасын түрту арқылы есіктерді жабыңыз.
- Есіктерді қашықтықтан басқару жүйесі арқылы жабыңыз немесе ашыңыз.
- Есіктерді есіктерді бұғаттауыштың ауыстырып-қосқышы арқылы жабыңыз немесе ашыңыз.
- Алдыңғы есіктердің бірін ашыңыз.

■ Қашықтықтан басқару салпыншағының қуатты үнемдеу функциясы

Бұл функция қашықтықтан басқару салпыншағының сигналдарды қабылдауын тоқтатады және қашықтықтан басқару салпыншағының қуаттау элементінің шығындалуын минимумға дейін төмендетуге көмектеседі.

1 "🔒" түймесін ұстай отырып, "🔓" түймесін екі рет басыңыз.



1) Жарықдиодтық индикатор.

2 Жарықдиодтық индикатор баптаудың аяқталғандығын білдіре отырып, 4 рет жыпылықтағандығына көз жеткізіңіз. Егер қашықтықтан басқару салпыншағы қуатты үнемдеу режімінде болса, қашықтықтан басқару жүйесінің функциялары мен түйменің көмегімен қозғалтқышты іске қосу қызметі жұмыс істемейтін болады.

Қуатты үнемдеу режімінен шығу үшін қашықтықтан басқару салпыншағындағы түймелердің бірін басыңыз.

■ Қашықтықтан басқару функциясын өшіру

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Егер Сізге кардиостимулятор немесе дефибриллятор имплантталған болса, жүргізуші есігіндегі қашықтықтан басқару функциясын сөндіріңіз. Олай болмаған жағдайда таратқыштың антеннасының сәулеленетін радиосигналдары имплантталған кардиостимуляторлар мен дефибрилляторлардың жұмы-сына теріс әсер етуі мүмкін.

Егер автокөлік ұзақ уақыт бойы пайдаланылмайды деп болжанса, сондай - ақ Сіз қашықтықтан басқару функциясын пайдаланбауды қаласаңыз, қашықтықтан басқару функцияларын сөндіруге болады.

ЕСКЕРТПЕ


- **Есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесінің көмегімен құлыптау және ашу функциялары сөндірілмейді.**
- **Қашықтықтан басқару функцияларын сөндіргеннен кейін қозғалтқышты іске қосу үшін "Қозғалтқышты іске қосу" бөлімінде сипатталған рәсімдерді орындаңыз ☞9-23.**

▼ Функцияларды сөндіру

▽ Қашықтықтан басқару салпыншағының көмегімен

Егер Сізде PIN-код арқылы басқару үшін тіркелген PIN-код бар болса, Сіз қашықтықтан басқару салпыншағымен қашықтықтан басқару функциясын сөндіре аласыз. PIN-кодты тіркеу туралы толық ақпарат "PIN-код арқылы басқара отырып ашу" бөлімінде берілген ☞2-13.


1. Жүргізуші есігін ашыңыз.
2. Есікті бұғаттау иінсабын бұғаттау күйіне ауыстырыңыз.



3. Қашықтықтан басқару салпыншағындағы " " және " " түймесін басып, 5 секунд бойы ұстап тұрыңыз.

Дыбыс сигналы естіледі және функция сөндіріледі.

▽ Жүргізуші есігінің көмегімен



Қадам	Операция	Алдыңғы қадамнан кейінгі уақыт	Жүргізуші есігінің күйі
1	Жүргізушінің орындығына отырыңыз және есікті жабыңыз.	–	Жабық
2	Есіктерді бұғаттауыштың ауыстырып-қосқышының " " жағын басыңыз.	–	Жабық
3	Жүргізуші есігін ашыңыз.	5 секунд бойы	Жабық →Ашық
4	Есіктерді бұғаттауыштың ауыстырып-қосқышының " " түймесін басыңыз.	5 секунд бойы	Ашық
5	Жүргізушінің есігін екі рет жабыңыз және ашыңыз.	10 секунд бойы	Ашық →Жабық →Ашық → Жабық →Ашық
6	Есік ашық болғанда есіктерді бұғаттауыштың ауыстырып-қосқышының " " жағын басыңыз.	10 секунд бойы	Ашық
7	Жүргізушінің есігін бір рет жабыңыз және ашыңыз.	10 секунд бойы	Ашық →Жабық →Ашық
8	Есікті жабыңыз.	5 секунд бойы	Ашық →Жабық

Дыбыс сигналы естіледі және функциялар сөндіріледі.

ЕСКЕРТПЕ

№4 және №6 операцияларды орындау кезінде есіктерді бұғаттауыштың ауыстырып-қосқышын басуды баяу орындау керек. Егер ауыстырып-қосқышты басу жылдам жүзеге асырылса, онда функциялардың өшірілуі орындалмауы мүмкін.

▼ Функцияларды қосу

Функцияларды сөндіру әрекетін қайта орындағанда — функциялар қосылады. Бір рет дыбыс сигналы беріледі.

■ Дыбыстық ескерту сигналдары мен шамдары

Қате әрекеттер санын төмендету мақсатында, сондай - ақ автокөлікті айдап кетуден қорғау үшін түйменің көмегімен қозғалтқышты іске қосу/тоқтату функциясы бар қашықтықтан басқару жүйесінде дыбыстық ескерту сигналдарының берілуі, сондай - ақ аспаптар комбинациясын қашықтықтан басқару кілтінің ескерту шамының жыпылықтауы қарастырылған.
Неғұрлым толық ақпарат алу үшін "Түйменің көмегімен қозғалтқышты іске қосу/тоқтату функциясы бар қашықтықтан басқару жүйесінің дыбыстық және жарықтық ескерту сигналдары" бөлімін қараңыз ☞3-37.

■ Қашықтықтан басқару салпыншағының жұмысындағы іркілістер кезіндегі әрекеттер

"Қашықтықтан басқару салпыншағы - қашықтықтан басқару салпыншағының жұмысындағы іркілістер кезіндегі әрекеттер" бөлімін қараңыз ☞9-22.

■ Қашықтықтан басқару салпыншағының қуаттау элементін ауыстыру

"Қашықтықтан басқару салпыншағының қуаттау элементін ауыстыру" бөлімін қараңыз ☞11-53.

Иммобилайзер

Иммобилайзер Сіздің автокөлігіңіздің қозғалтқышын бөгде адамдардың іске қосуының алдын алуға арналған. Сіздің автокөлігіңізді іске қосу үшін иммобилайзер жүйесінде тіркелген кілттерді ғана пайдалануға болады. Егер қозғалтқышты іске қосу әрекеті тіркелмеген салпыншақ немесе кілт көмегімен жүзеге асырылса, қозғалтқыш іске қосылмайды. Тіпті егер қозғалтқыш іске қосылса да, ол бірнеше секунд ішінде тоқтайды. Бұл жүйе, алайда, айдап әкетуден қорғауға 100% кепілдік бермейді.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Тікелей күн сәулесі түсетін жерлерге, сондай-ақ басқа да қызуы мүмкін жерлерге кілтті қоймаңыз.**
- **Кілтке ылғалдың түсуіне жол бермеңіз. Кілтке ылғал түскен жағдайда оны дереу арада шүберекпен сүрту керек.**
- **Жүйенің конструкциясының өзгеруіне немесе бөлшектелуіне жол бермеңіз. Конструкциясы өзгергенде немесе бөлшектелген жағдайда жүйенің дұрыс жұмысына кепілдік берілмейді.**

ЕСКЕРТПЕ

- **Сіздің автокөлігіңізді айдап кетуден қорғау үшін төменде келтірілген сақтық шараларымен мұқият танысып шығуыңызды өтінеміз.**
  - **– Автокөліктен түскен кезде оның салонында кілттерді қалдырмаңыз.**
  - **– Автокөліктен түсетін кезде барлық терезелерін және төбесіндегі қақпақты жабыңыз (егер орнатылған болса) және есікті, жүк арту бөлігінің есігін және жанармай құятын мойынның қақпағын жабыңыз.**
  - **– Сіздің автокөлігіңізде қосалқы кілттер жиынтығын, сондай - ақ автокөлік кілтінің нөмірі бар жазбаларды сақтамаңыз.**
- **Автокөлік техникалық қызмет көрсетуді талап етпейтін иммобилайзер жүйесімен жабдықталған.**

■ Иммобилайзердің бақылау шамы



"Иммобилайзердің бақылау шамы" бөлімін қараңыз ☞3-44.

■ Жаңа кілтті дайындау

Кілттің түпнұсқасын дайындау кезінде қажет болған сайын, кілттің нөмірі жазылған тақтайша керек болады. Сіз жаңа кілтті тек қана оны өзіңіздің автокөлігіңіздің иммобилайзер жүйесінде тіркегеннен кейін пайдалана аласыз. Бір автокөлікте пайдалану үшін тіркеуге болатын кілттердің максималды саны келесідей.

- Төрт (түйменің көмегімен қозғалтқышты іске қосу/тоқтату функциясы бар қашықтықтан басқару жүйесі жоқ моделдер).
- Жеті (түйменің көмегімен қозғалтқышты іске қосу/тоқтату функциясы бар қашықтықтан басқару жүйесі бар моделдер).

Жаңа кілтті тіркеу үшін бір тіркелген кілт қажет болады.

ЕСКЕРТПЕ


Кілт жоғалған жағдайда жоғалған кілттің сәйкестендіру коды автокөліктің иммобилайзер жүйесінің жадында сақталады. Қауіпсіздік мақсатында жоғалған кілттің сәйкестендіру кодын жадтан өшіру қажет. Жоғалған кілттің сәйкестендіру кодын өшіру үшін барлық пайдаланылатын кілттер қажет болады.

Жаңа кілтті тіркеу және жоғалған кілттің сәйкестендіру кодын өшіру туралы неғұрлым толық ақпарат алу үшін Сізге SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.


Есік құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Сіз өзіңізбен бірге ұшаққа қашықтықтан басқару таратқышын алғанда Сіз ұшақта болған уақытта оның түймелерін баспаңыз. Қашықтықтан басқару таратқышындағы қандай да бір түймені басқан кезде одан ұшақ жүйесінің жұмыс істеуіне теріс әсер етуі мүмкін радиосигналдар шығарылады. Егер Сіз ұшақта қашықтықтан басқару таратқышын сөмкеге салып алып жүрсеңіз, қашықтықтан басқару таратқышының түймелерінің кездейсоқ басылуын болдырмау үшін қажет шараларды қабылдаңыз.**
- **Таратқышты соққыға ұшыратпаңыз.**
- **Таратқышты бөлшектемеңіз.**
- **Қабылдағышқа ылғалдың түсуіне жол бермеңіз. Ылғал түскен жағдайда оны дереу арада шүберекпен сүрту керек.**



Қашықтықтан басқару салпыншағы
1) Құлыптау түймесі.
2) Ашу түймесі.
3) Жүк арту бөлігінің есігін ашу түймесі.



Қашықтықтан басқару құралының таратқышы
1) Құлыптау түймесі.
2) Ашу түймесі.
3) Жүк арту бөлігінің есігін ашу түймесі.

Қашықтықтан басқару таратқышын автокөліктен шамамен 10 м. қашықтықтан пайдалануға болады. Есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесінің мынадай функциялары бар.
- Жүк арту бөлігінің есігін қоса алғанда, барлық есіктерді құлыптау немесе ашу.
- Алдыңғы есіктің терезелерін ашу/жабу (Аустралияға арналған моделдерден басқа)*.

* Бұл функцияны пайдалану үшін алдымен оны Сіздің SUBARU дилері арқылы белсенділендіруіңіз керек.

Жүйенің әрекет ету қашықтығы күшті радиосигналдарды сәулелендіру көздерінің, мысалы электр станцияларының, радиохабар және телевизиялық станцияларының, телевизиялық мұнараларының, сондай - ақ тұрмыстық электрондық құрылғыларды қашықтықтан басқару пульттерінің жанында азаяды.

ЕСКЕРТПЕ
- **Автокөліктен түсу алдында оның барлық есіктерінің жабық екеніне көз жеткізіңіз.**
- **Егер кілт оталдыру құлпына салулы болса, сондай - ақ егер автокөліктің есіктерінің бірі, жүк арту бөлігінің есігін қоса алғанда, толық жабылмаған болса, есіктің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі жұмыс істемейді.**
- **Егер түйменің көмегімен қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату функциясы бар қашықтықтан басқару жүйесі бар моделдерде қашықтықтан басқару салпыншағы автокөліктің шанағына тым жақын болса, онда қашықтықтан басқару салпыншағындағы құлыптау түймесін басу қашықтықтан басқару фунциясының көмегімен есіктерді ашуды орындамауы мүмкін. Мұндай жағдайларда осы функцияның жұмысын есіктердің**

- ЖАЛҒАСЫ –

құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесінің көмегімен қалыпқа келтіру мүмкін болмайды.

- **Апаттық сигнал беру жұмысын SUBARU дилерінде баптауға болады. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін біз Сізге SUBARU ең жақын дилеріне хабарласуды ұсынамыз. Сонымен қатар, аспаптар комбинациясының дисплейі бар моделдерде (түрлі-түсті сұйықкристалды дисплей) апаттық жарық сигналдатқышының жұмысын баптауды аспаптар комбинациясы дисплейі арқылы өзгертуге болады (түрлі-түсті сұйықкристалды дисплей). Қосымша ақпарат алу үшін "Vehicle Setting (Автокөліктің баптаулары)" бөлімін қараңыз ☞3-57.**

■ Есіктерді жабу

Қашықтықтан басқару салпыншағындағы/ қашықтықтан басқару таратқышындағы есіктердің барлығын құлыптау түймесін басқан кезде жүк арту бөлігінің есігін және жанармай құятын мойынның қақпағын қоса алғанда, барлық есіктер құлыпталады. Бұл ретте апаттық жарықтық сигнал беру шамдары бір рет жыпылықтайды.

ЕСКЕРТПЕ

- **Егер есіктердің кез келгені (немесе жүк арту бөлігінің есігі) толық жабылмаса, апаттық жарық сигналының шамдары бес рет жыпылықтап (түйменің көмегімен қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату функциясы бар қашықтықтан басқару жүйесі бар моделдерде де бес рет сыртқы дыбыстық ескерту дабылы беріледі), Сізге есіктердің (немесе жүк арту бөлігінің есігінің) тиісті түрде жабылмайтынын ескертеді.**
- **Түйменің көмегімен қозғалтқышты іске қосу/тоқтату функциясы бар қашықтықтан басқару жүйесі бар моделдерде қашықтықтан басқару салпыншағы қолдануға болатын аймақта болғанда алдыңғы есіктің тұтқасынан тартып, алдыңғы есікті ашуға болады. Есіктің жабық екеніне көз жеткізу үшін АРТҚЫ есіктің тұтқасынан тартыңыз.**

■ Есіктерді ашу

Автокөліктің жанында тұрып, қашықтықтан басқару салпыншағындағы/ қашықтықтан басқару таратқышының ашу түймесін басыңыз.

▼ Есіктерді таңдап ашу функциясы жоқ моделдер

- **Қосарлап құлыптау жүйесі жоқ моделдер**

Барлық есіктер, жүк арту бөлігінің есігі және жанармай құятын мойынның қақпағы жабылады. Бұл ретте апаттық жарықтық сигнал беру шамдары екі рет жыпылықтайды.

- **Қосарлап құлыптау жүйесі бар моделдер**

1. Тек жүргізушінің есігі мен жанармай құю мойнының қақпағы ғана ашылады. Бұл ретте апаттық жарықтық сигнал беру шамдары екі рет жыпылықтайды.
2. Егер жүргізушінің есігі ашылғаннан кейін 5 секунд ішінде Сіз ашу түймесін қайта бассаңыз, онда жүк арту бөлігінің есігін қоса алғанда, барлық қалған есіктер ашылады.

▼ Есіктерді таңдап ашу функциясы бар моделдер

ЕСКЕРТПЕ

Қауіпсіздік мақсатында функция үшін қандай мәннің тағайындалғандығын тексеріңіз - "қосулы" немесе "сөндірулі".

Есіктерді таңдап ашу функциясы жүргізушінің есігін қалған есіктерді ашпай-ақ айқаруға мүмкіндік

береді. Бұл функцияны қосуды/ сөндіруді SUBARU дилерінде өзгертуге болады.

- **Қосулы:**

Тек жүргізушінің есігі мен жанармай құю мойнының қақпағы ғана ашылады. Егер жүргізушінің есігі ашылғаннан кейін 5 секунд ішінде Сіз ашу түймесін қайта бассаңыз, онда жүк арту бөлігінің есігін қоса алғанда, барлық қалған есіктер ашылады.

- **Сөндірулі:**

Барлық есіктер, жүк арту бөлігінің есігі және жанармай құятын мойынның қақпағы жабылады.

Неғұрлым толық ақпарат алу үшін біз Сізге өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласуды ұсынамыз.

■ Есік құлыптарын автоматты түрде жабу (қосарлап құлыптау жүйесі жоқ моделдер)

Ашу түймесін басқан кезде, жүк арту бөлігінің есігін және жанармай құю мойнының қақпақтарын қоса алғанда, барлық есіктер, егер осы уақыт ішінде төрт есіктің бірде - бірі немесе жүк арту бөлігінің есігі ашық болмаса, 30 секундтан кейін жабылады.

Автоматты түрде құлыптау функциясын қосуды/ сөндіруді орнатуды, сондай-ақ автоматты түрде құлыптауды кідірту уақытын (құлыптанатын уақыт кезеңі) SUBARU дилерінде өзгертуге болады. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін біз Сізге SUBARU ең жақын дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

Сонымен қатар, аспаптар комбинациясының дисплейі бар моделдерде (түрлі - түсті сұйыққристалды дисплей) бұл баптауды аспаптар комбинациясының дисплейі (түрлі-түсті сұйыққристалды дисплей) арқылы өзгертуге болады. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін "Vehicle Setting (Автокөліктің баптаулары)" бөлімін қараңыз ☞3-57.

■ Жүк арту бөлігінің есіктерін ашу

Жүк арту бөлігінің есігін ашу үшін жүк арту бөлігінің есігін ашу түймесін басыңыз.

Бұл ретте апаттық жарықтық сигнал беру шамдары екі рет жыпылықтайды.

■ Алдыңғы есіктердің терезелерін ашу/жабу (Аустралияға арналған моделдерден басқа)

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Егер жүк арту бөлігінің есігінің маңайы жақсы көрінетін болса және Сіз адамдардың қысылып қалу қаупінің жоқтығына көз жеткізген жағдайда ғана жүк арту бөлігінің есігін ашуға немесе жабуға арналған электр жетегінің түймесін басуға болады.

Егер қозғалтқыш сөндірулі болса, Сіз автокөліктің алдыңғы есіктерінің терезесін есік құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесінің көмегімен сырттан аша аласыз. Алдыңғы есіктердің терезелерімен жасалатын операциялар төмендегідей орындалады.

- Алдыңғы есіктердің терезелерін жабу үшін құлыптау түймесін басып, басулы күйде ұстап тұрыңыз.
- Алдыңғы есіктердің терезелерін ашу үшін ашу түймесін басып, басулы күйде ұстап тұрыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Осы функцияны қосу немесе сөндіру үшін біз Сізге SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

■ Қуаттау элементін ауыстыру

"Қашықтықтан басқару салпыншағының қуаттау элементін ауыстыру" бөлімін қараңыз ☞11-53.

■ Техникалық ақпарат


Төменде осы жабдықтың дайындаушысының, моделдің және жабдықты жеткізушінің атауы берілген.

- Жабдықты дайындаушының атауы: SUBARU дилерін білдіреді.
- Жабдық моделінің атауы: TB1G077.
- Жеткізушінің атауы: ALPS ELECTRIC.

Есік құлыптары

■ Есіктерді сырттан жабу және ашу

▼ Кілттің көмегімен автокөлікті ашу және құлыптау тәртібі



1) Құлыптау үшін кілтті алға қарай бұрыңыз.
2) Ашу үшін кілтті артқа қарай бұрыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- **Апаттық кілті (қашықтықтан басқару салпыншағы бар моделдерде) бір бағыттық болып табылады. Егер кілтті салу мүмкін болмаса, ойығы бар жағын аударып, қайтадан салыңыз.**

- Қосарлап құлыптау жүйесі жоқ моделдер:

Жүргізушінің есігін кілтпен құлыптау үшін оны сыртына қарай бұрыңыз.

Есікті ашу үшін кілтті артқа қарай бұрыңыз.


ЕСКЕРТПЕ

Барлық есіктерді құлыптау үшін, жүк арту бөлігінің есігін қоса алғанда, жүргізуші есігінен басқа кез келген есікті автокөлік ішінен жабыңыз, содан кейін жүргізушінің есігін құлыптаңыз. Автокөліктің есіктерін құлыптау туралы толық ақпарат "Есіктерді ішінен құлыптау және ашу" бөлімінде берілген ☞2-25.

- Қосарлап құлыптау жүйесі бар моделдер:

Жүк арту бөлігінің есігін және жанармай құю мойнының қақпағын қоса алғанда, есіктерді сырттан кілтпен құлыптау үшін кілтті алға қарай бұрыңыз.
Жүк арту бөлігінің есігін және жанармай құю мойнының қақпағын қоса алғанда, есіктерді ашу үшін кілтті артқа қарай бұрыңыз.

▼ Автокөлікті кілтсіз ашу және құлыптау тәртібі



Алдыңғы есіктер үшін мысал

1) Құлыпты бұғаттау иінтірегін алға қарай бұрыңыз.
2) Алдыңғы есіктерді жаба отырып, есіктің сыртқы тұтқасын тартып ұстаңыз.


Алдыңғы есіктің сыртынан кілтсіз құлыптау үшін құлыптау иінтірегін алға қарай бұрыңыз және есікті жабыңыз, қатарынан тұтқаны тартыңыз.
Артқы есіктің сыртынан кілтсіз құлыптау үшін бұғаттау иінтірегін алға бұрып, есікті жабыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- **Автокөліктің есіктерін сыртынан кілтсіз құлыптаған кезде Сіз кілтті автокөліктің ішінде ұмытып кетпегендігіңізге көз жеткізіңіз.**
- **Қосарлап құлыптау жүйесі бар моделдерді жүргізушінің есігінің құлпын бұғаттау иінтірегін жүргізуші есігі ашық болған кезде бұғаттау күйіне ауыстыру мүмкін емес. Автокөлік есігінің құлыптарын бұғаттау иінтіректері бұл құлыптардың бұғатталуын тек автокөлікте қосарлап құлыптау жүйесі орнатылмаған болса, ал жүргізушінің есігі мұқият жабылғанда ғана қамтамасыз етеді.**

■ Есіктерді іштен жабу және ашу

▼ Бұғаттау иінтірегін пайдалану тәртібі



1) Ашу үшін бұғаттау иінтірегін артқа қарай бұрыңыз.
2) Құлыптау үшін бұғаттау иінтірегін алға қарай бұрыңыз.

Қозғалыс басталар алдында автокөліктің барлық есіктері, жүк арту бөлігінің есігін қоса алғанда, жабық екеніне көз жеткізіңіз.
Есік ашылған соң құлыпты бұғаттау иінтірегінде қызыл белгі көрінеді.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


Қозғалыс кезінде барлық есіктерді құлыптап ұстаңыз, әсіресе, Сіздің автокөлігіңізде кішкентай балалар болса. Қауіпсіздік белдіктерін және балаларды ұстап тұратын құрылғыларды дұрыс пайдаланумен қатар, есіктерді құлыптау апат кезінде автокөліктен түсіп қалу ықтималдығын төмендетеді. Бұл сондай - ақ есік кездейсоқ ашылған жағдайда жолаушылардың құлауын, сонымен қатар есіктердің кездейсоқ ашылуын және қаскүнемдердің автокөліктерге кіруін болдырмауға көмектеседі.

ЕСКЕРТПЕ

Қосарлап құлыптау жүйесі бар моделдерде, егер, қосарлап құлыптау жүйесі жұмыс режімінде болса, құлыпты бұғаттау иінтіректерін артқа бұрғанда да есіктерді ашу мүмкін емес.

▼ Есіктерді бұғаттауышты ауыстырып қосу тәртібі

Жүк арту бөлігінің есігін және жанармай құю мойнының қақпақтарын қоса алғанда, барлық есіктерді жүргізуші есігінде орналасқан есіктерді құлыптауды ажыратып-қосқыштың көмегімен құлыптауға және ашуға болады.



Мысал

1) Құлыптау үшін басыңыз.
2) Ашу үшін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- **Қосарлап құлыптау жүйесі бар моделдерде, бұл жүйе іске қосулы болғанда, есіктерді бұғаттауды ажыратып-қосқыштың ашатын жағын басу есік құлыптарын ашпайды.**
- **Австралияға арналған моделдерде қашықтықтан басқару таратқышының немесе есіктерді құлыптау түймесінің және жүк арту бөлігі есігінің электрлік жетегінің көмегімен барлық есіктерді құлыптағаннан кейін, жүк арту бөлігінің есігін қоса алғанда, есіктерді бұғаттауыштың ауыстырып-қосқышының ашатын жағын басудың өзі есіктің құлыптарын ашуға мүмкіндік бермейді.**

■ Кілттердің құлыпталуын болдырмау функциясы (қосарлап құлыптау жүйесі жоқ моделдер)

Төменде келтірілген жағдайларда, есіктерді бұғаттауыштың ауыстырып-қосқышын жүргізушінің есігі ашық болған кезде басқанда, барлық есіктер құлыпталмайды.

- Кілт оталдыру құлпында қалады ("түйменің көмегімен қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату функциясы бар қашықтықтан басқару жүйесі" жоқ моделдер).
- Оталдыру құлпы "ACC" немесе "ON" күйінде болады ("түйменің көмегімен қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату функциясы бар қашықтықтан басқару жүйесі" бар моделдер).

ЕСКЕРТПЕ

- **Бұл функцияны қосуды/сөндіруді SUBARU дилерінде өзгертуге болады. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін біз Сізге ең жақын SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.**

- **Автокөліктен түскен кезде есікті құлыптар алдында кілттің Сізде екендігіне көз жеткізіңіз.**
- **Автокөліктен артқы есік арқылы түсіру кезінде барлық есіктерді есіктерді бұғаттауыштың ажыратып-қосқышының ашатын жағын басу арқылы міндетті түрде ашыңыз. Егер есіктің ішкі жағындағы иінтіректің көмегімен артқы есік ашылатын болса, онда есік ашылады және жабылады, бұл ретте автокөліктің ішінде кілттердің қалып қоюының алдын алу функциясы іске қосылады. Барлық есіктер ашылады, автокөліктің ішінде кілттердің қалып қоюының алдын алу функциясының ескерту шамы жанады "📶" және дыбыстық ескерту сигналы беріледі.**

▼ Автокөліктің ішінде кілттердің қалып қоюының алдын алу функциясы режімінің жұмысы

Өзіңіздің SUBARU дилеріне хабарласып, осы функцияны сөндіру туралы кеңес алыңыз. Есіктерді былайша құлыптауға болады.

- Егер жүргізушінің есігі ашық болған кезде құлыптау иінтірегі алға қарай бұрылатын болса (құлыптау қалпында), ал содан кейін жүргізушінің есігі жабылса, жүргізушінің есігі құлыпталады.
- Егер жүргізуші есігінің сыртын құлыптау үшін қосалқы кілтті пайдалансаңыз, есік құлыпталады.

■ Аккумуляторлық батареяның отыруын болдырмау функциясы

Егер есік немесе жүк арту бөлігінің есігі толық жабық болмаса, салонды жарықтандыру шамдары жанып тұра береді. Алайда, аккумуляторлық батареяның отыруын болдырмау үшін кейбір шамдарды автоматты түрде сөндіретін аккумуляторлық батареяның отыруының алдын алу функциясы іске қосылады. Төменде осы функция қосылған кезде сөнетін шамдар берілген.

Позициясы	Ажыратып-қосқыштың күйі	Автоматты түрде сөну
Нүктелі шамдар	DOOR	Шамамен 20 минуттан кейін
Салонды жарықтандыру плафоны	DOOR	Шамамен 20 минуттан кейін
Оталдыру құлпын жарықтандырғыш	–	Шамамен 20 минуттан кейін
Жүк арту бөлігін жарықтандыру плафоны	DOOR	Шамамен 20 минуттан кейін

ЕСКЕРТПЕ

- **Бұл функция үшін дағдылық күй "қосулы" күйі болып табылады. Бұл функцияны қосуды/ сөндіруді SUBARU дилерінде өзгертуге болады. Өзгерту үшін біз Сізге SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.**
- **Автокөліктен түскен кезде барлық есіктердің толық жабық екеніне көз жеткізуіңізді сұраймыз,**

- ЖАЛҒАСЫ –

соның ішінде жүк арту бөлігінің есігі де бар.

- **Қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату түймесі бар моделдерде, электрлік қуаттауыш "ACC" режімінде немесе"ON" режімінде болса, аккумуляторлық батареяның отыруының алдын алу функциясы жұмыс істемейді.**
- **Қозғалтқышты іске қосу/ сөндіру түймесі жоқ моделдерде кілт оталдыру құлпында болған кезде аккумуляторлық батареяның отыруының алдын алу функциясы жұмыс істемейді.**

Қосарлап құлыптау жүйесі (егер орнатылған болса)

Қосарлап құлыптау жүйесі айдап кетуге қарсы жүйе болып табылады. Ол есіктері кілттің немесе қашықтықтан басқару қабылдағышының көмегімен құлыпталғаннан кейін автокөлікті қосымша қорғауды қамтамасыз етеді. Бұл жүйе қосулы болған кезде, есіктердің құлыптарын есіктерді бұғаттауыштың ажыратып-қосқышының немесе автокөлік салоны ішіндегі есіктің құлыптарын бұғаттау иінтірегінің көмегімен ашу мүмкін емес.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


Егер автокөліктің салонында жолаушылар болса, қосарлап құлыптау жүйесін қоспаңыз. Қосарлап құлыптау жүйесі қосулы болған кезде автокөліктің салонындағы адамдар есікті ішінен аша алмайды. Бұл ауыр жарақаттарға немесе өлімге әкеліп соғуы мүмкін.

■ Қосарлап құлыптау жүйесін қосу

▼ Кілттің көмегімен қосарлап құлыптау жүйесін қосу

1.Оталдыру құлпынан кілтті (түйменің көмегімен қозғалтқышты іске қосу/тоқтату функциясы бар қашықтықтан басқару жүйесі жоқ моделдер) алыңыз, электрлік қуаттауышты қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату түймесі арқылы "OFF" режіміне (түйменің көмегімен қозғалтқышты іске қосу/тоқтату функциясы бар қашықтықтан басқару жүйесі бар моделдер) ауыстырып қосыңыз және автокөліктен барлық жолаушыларды түсіріңіз.

2.Жүк арту бөлігінің есігін қоса алғанда, автокөліктің барлық есіктерін мұқият жабыңыз.



3. Қосарлап құлыптау жүйесін қосу үшін кілтті жүргізуші есігіндегі құлыптың цилиндріне салыңыз және есікті жабыңыз. Жүк арту бөлігінің есігін және жанармай құю мойнының қақпағын қоса алғанда, барлық есіктер құлыпталады.

▼ Қашықтықтан басқару таратқышының көмегімен қосарлап құлыптау жүйесін қосу


1. Оталдыру құлпынан кілтті (түйменің көмегімен қозғалтқышты іске қосу/тоқтату функциясы бар қашықтықтан басқару жүйесі жоқ моделдер) алыңыз, электрлік қуаттауышты қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесі арқылы "OFF" режіміне (түйменің көмегімен қозғалтқышты іске қосу/тоқтату функциясы бар қашықтықтан басқару жүйесі бар моделдер) ауыстырып қосыңыз және автокөліктен барлық жолаушыларды түсіріңіз.
2. Жүк арту бөлігінің есігін қоса алғанда, автокөліктің барлық есіктерін мұқият жабыңыз.
3. Қашықтықтан басқару салпыншағындағы "🔒" немесе қашықтықтан басқару таратқышындағы"🔒" түймесін басыңыз. Апаттық жарық сигналдары шамдарының бір рет жыпылықтауы қосарлап құлыптау жүйесінің қосулы екендігін білдіреді. Барлық есіктер, жүк арту бөлігінің есігі және жанармай құю мойнының қақпағы жабылады.

ЕСКЕРТПЕ

Қашықтықтан басқару жүйесі бар моделдерде қосарлап құлыптау жүйесін есіктерді құлыптау қадағасын түрту арқылы да іске қосуға болады.

■ Қосарлап құлыптау жүйесін сөндіру

▼ Қосарлап құлыптау жүйесін кілттің көмегімен сөндіру



Қосарлап құлыптау жүйесін сөндіру үшін кілтті жүргізуші есігіндегі құлыптың цилиндріне салыңыз және есікті ашыңыз.

Барлық есіктер, жүк арту бөлігінің есігі және жанармай құятын мойынның қақпағы жабылады.

▼ Қашықтықтан басқару таратқышының көмегімен қосарлап құлыптау жүйесін сөндіру

Қашықтықтан басқару салпыншағындағы "🔓" немесе қашықтықтан басқару таратқышындағы "🔓" түймесін басыңыз. Апаттық жарықтың дыбыстық сигнал беру шамының екі рет жыпылықтауы қосарлап құлыптау жүйесінің сөндірілгендігін білдіреді. Жүргізуші есігі және жанармай құю мойнының қақпағы ашылады.

ЕСКЕРТПЕ

Қашықтықтан басқару жүйесі бар моделдерде қосарлап құлыптауды есіктің тұтқасын тарту арқылы жүзеге асыруға болады.

■ Шұғыл жағдайлардағы іс-әрекеттер

Егер Сіз апаттың нәтижесінде немесе басқа да күтпеген жағдайлар салдарынан автокөліктің ішінде жабылып қалсаңыз, онда есіктерді ашу үшін төменде көрсетіліп отырған тәсілдердің бірін пайдаланыңыз.

- ЖАЛҒАСЫ –

- Кілтті оталдыру құлпынан алыңыз, содан кейін таратқыштың "🔓" түймесін басыңыз (қашықтықтан басқару функциясы жоқ моделдер).
- Қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесі арқылы электрлік қуаттаудың "OFF" режіміне келтіріңіз, ал содан кейін қашықтықтан басқару салпыншағындағы (қашықтықтан басқару функциясы бар моделдер) "🔓" түймесін басыңыз.
- Оталдыру құлпын "ON" күйіне ауыстырып, жүргізуші терезесін ашыңыз. Кілтті жүргізуші есігіндегі құлыптың цилиндріне салыңыз да, ашу бағытына қарай бұраңыз.
- Сіздің автокөліктің терезелерінің бірін сындырыңыз да, ол арқылы автокөліктен шығыңыз.

■ Аккумуляторлық батарея немесе қуаттау элементі отырған жағдайдағы әрекеттер

Егер қосарлап құлыптау жүйесін автокөліктің аккумуляторлық батареясының немесе таратқышының қуаттау элементінің отыруы салдарынан, сақтандырғышының жанып кетуіне немесе электрлік жабдықтарының басқа да ақауларына байланысты сөндіру мүмкін болмаса, кілтті жүргізуші есігіндегі құлыптың цилиндріне салыңыз да, осы есікті ашыңыз.

■ Қосарлап құлыптау жүйесін қайта орнату.

Автокөліктің аккумуляторлық батареясын ауыстыру үшін немесе қуаттау үшін ажыратқаннан кейін қосарлап құлыптау жүйесін қайта орнату қажет. Бұған жүргізушінің есігінің құлпын кілтпен бір рет ашу арқылы немесе қашықтықтан басқару салпыншағындағы "🔒" түймесін немесе қашықтықтан басқару таратқышындағы "🔓" түймесін басу арқылы қол жеткізуге болады. Бұл операциялар қосарлап құлыптау жүйесінің қалыпты жұмысын қамтамасыз етеді.

ЕСКЕРТПЕ

Қашықтықтан басқару жүйесі бар моделдерде қосарлап құлыптау жүйесін тұтқаны пайдалану арқылы қайта орнатуға болады.

Есіктерді бұғаттауышты ауыстырып-қосқыштың көмегімен есіктердің ашылуын бұғаттау функциясы (Австралияға арналған моделдер)

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Автокөлікте жолаушылар болған кезде ешқашан есіктерді есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесінің көмегімен құлыптамаңыз. Бұл есіктерді бұғаттауышты ауыстырып-қосқыштың көмегімен есіктердің ашылуын бұғаттауыштың іске қосылуына соқтыратын болады, ал автокөліктің ішіндегі жолаушылар есіктерді ішінен аша алмай қалады. Бұл ауыр жарақаттарға немесе өлімге әкеліп соғуы мүмкін.

Австралияға арналған моделдер есіктерді бұғаттауышты ауыстырып-қосқыштың көмегімен есіктердің ашылуын бұғаттайтын айдап кетуге қарсы функциямен жабдықталған. Есіктерді бұғаттауышты ауыстырып-қосқыштың көмегімен есіктердің ашылуына жол бермейтін бұл функция мынадай жағдайларда іске қосылады.


- Есіктер қашықтықтан басқару функциясының көмегімен құлыпталған (егер қарастырылған болса). "Түйменің қозғалтқышты іске қосу/тоқтату функциясы бар қашықтықтан басқару жүйесі" бөлімін қараңыз ☞2-4.
- Есіктер автокөліктің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесінің көмегімен жабылған. "Есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі" бөлімін қараңыз ☞2-20.
- Есіктер есіктерді құлыптау түймесінің және жүк арту бөлігінің есігінің электрлік жетегінің көмегімен құлыпталған.

Бұл функцияның әрекеті есіктер есіктің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесінің көмегімен ашылса немесе оталдыру құлпы "ON" күйіне ауыстырылған кезде тоқтайды.

ЕСКЕРТПЕ

- **Бұл функция іске қосылған кезде де есіктерді есіктердің құлыптарын бұғаттайтын тиісті иінтіректердің көмегімен ашуға болады, "Есіктерді ішінен құлыптау және ашу" бөлімін қараңыз, ☞2-25.**
- **Бұл функция есіктер кілттің немесе есіктердің бұғаттауышын ауыстырып-қосқыштың көмегімен құлыпталған болса, іске қосылмайды.**

Есіктерді балалардан бұғаттау тетігі



Әрбір артқы есік балалардан бұғаттау механизмімен жабдықталған. Егер есікті балалардан бұғаттау механизмінің иінтіректері "LOCK" күйіне ауыстырылса, онда есік ішінен ашылмайды. Бұл есікті тек сыртынан ашуға болады.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Бала артқы орындықта болған кезде балалардан есіктерді бұғаттау тетігін міндетті түрде "LOCK" күйіне келтіріңіз.Егер бала есікті кездейсоқ ашып, автокөліктен түсіп қалса, бұл ауыр жарақаттарға әкеліп соғуы мүмкін.

Терезелер

Баланың әрекеттерінен немесе электрлік шыны көтергіштің байқаусызда іске қосылуы салдарынан ауыр жарақаттардың келтірілуіне жол бермеу үшін жүргізуші мынадай нұсқаулықтардың барлығын қатаң сақтауға міндетті.


- **Электрлік шыны көтергіштің көмегімен терезелерді ашу немесе жабу кезінде саусақтарды, қолды, мойынды, басты немесе дененің басқа да жерлерін немесе өзге заттарды шынының қысып қалмауы үшін терезелерді ашқан немесе жапқан кезде ерекше сақ болыңыз.**
- **Балаларды тасымалдау кезінде жолаушылар есіктерінің шыны көтергіштері бұғатталған болуы тиіс.**
- **Автокөліктен түскен кезде қауіпсіздік мақсатында міндетті түрде кілтті өзіңізбен бірге алыңыз. Ешқашан баланы автокөлікте қараусыз қалдырмаңыз. Керісінше жағдайда бала электрлік шыны көтергішті іске қосып, жарақат алуы мүмкін.**

ЕСКЕРТПЕ

- **Есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесінің көмегімен автокөліктің сыртынан алдыңғы есіктердің терезелерін (Австралияға арналған моделдерден басқа) ашуға және жабуға болады. "Алдыңғы есіктердің терезелерін ашу/жабу" (Австралияға арналған моделдерден басқа)" бөлімін қараңыз ☞2-23.**
- **Егер электрлік шыны көтергіштер жүйесі кедергіні, соққылы әсерді немесе жұмыстағы іркілісті анықтаса, шынының көтеру немесе түсіру үрдісінің механизмі одан әрі кептелуін, дене бөліктерінің қысылып қалуын немесе жарамсыздықтың орын алуын болдырмау үшін автоматты түрде тоқтатылуы мүмкін.**
  - **Жабу кезінде терезе аздап түсіп, тоқтайды.**
  - **Ашу кезінде терезе төмен жылжуын тоқтатады.**
- **Электрлік шыны көтергіштер жүйесі кедергіні, соққылы әсерді немесе жұмыстағы іркілісті мынадай жағдайда анықтай алады.**
  - **Терезенің жақтауы мен шыны арасында көлемі үлкен заттың қысылып қалуы.**
  - **Терезенің жақтауы мен шыны арасында бөтен заттың қысылып қалуы.**
  - **Автокөліктің жолдың терең шұңқырымен жүріп өтуі.**
- **Электрлік шыны көтергіштер жүйе автоматты түрде тоқтатылғаннан кейін бірнеше секунд бойы жұмыс істемеуі мүмкін.**

■ Электрлік шыны көтергіштердің жұмысы


▼ Электрлік шыны көтергіштерді ауыстырып-қосқыштар



Жүргізушінің есігінде орналасқан электрлік шыны көтергіштердің ауыстырып-қосқыштары

1) Алдыңғы сол жақтағы терезе шынысын көтергішті ауыстырып-қосқыш (бір басу арқылы шыныны автоматты түрде көтеру және түсіру функциясы бар).
2) Алдыңғы оң жақтағы терезе шынысын көтергішті ауыстырып-қосқыш (бір басу арқылы шыныны автоматты түрде көтеру және түсіру функциясы бар).
3) Артқа сол жақтағы терезе шынысын көтергішті ауыстырып-қосқыш.
4) Артқа оң жақтағы терезе шынысын көтергішті ауыстырып-қосқыш.
5) Шыны көтергіштерді бұғаттауды ауыстырып-қосқыш.


Автокөліктің барлық терезелерінің шыны көтергіштерін басқару жүргізушінің есігіне орнатылған ауыстырып-қосқыштар блогының көмегімен жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ауыстырып-қосқыштар оларды пайдалану кезінде жарықтандырылады.



Жолаушылар есіктерінде орналасқан ауыстырып-қосқыштар

Автокөліктің барлық терезелерінің электрлік шыны көтергіштерін басқару есіктерге орнатылған электрлік шыны көтергішті ауыстырып-қосқыштардың көмегімен жүзеге асырылуы мүмкін.


▼ Шыны көтергіштерді басқару



Бір басу арқылы шыныны автоматты түрде көтеру және түсіру функциясы бар шыны көтергішті ауыстырып-қосқыш

1) Автоматты түрде жабу.*
2) Жабу.
3) Ашу.
4) Автоматты түрде ашу.*

* Терезенің жабылуын тоқтату үшін, кері қарай ауыстырып-қосқышты басыңыз.



Бір басу арқылы шыныны автоматты түрде көтеру және түсіру функциясы жоқ шыны көтергішті ауыстырып-қосқыш
1) Жабу.
2) Ашу.

ЕСКЕРТПЕ

Мынадай әрекеттерді болдырмауға тырысыңыз:

- **Терезе толық ашылған соң немесе жабылған соң электрлік шыны көтергіштің ауыстырып-қосқышын үздіксіз бір бағытта басып тұру.**
- **Терезе толық ашылған соң немесе жабылған соң электрлік шыны көтергіштің үш немесе одан да көп ауыстырып-қосқышын қатарынан үздіксіз бір бағытта басып тұру.**

Жоғарыда сипатталған кез келген операциялардың орындалуы электрлік шыны көтергіштің іске қосылуына себеп болуы мүмкін, содан кейін терезені ашу немесе жабу мүмкін болмайды. Электрлік шыны көтергіштерді инициализациялауды міндетті түрде орындаңыз. "Электрлік шыны көтергіштер жүйесін инициализациялау (сөндіруді кідірту функциясымен)" бөлімін қараңыз ☞2-35.

▼ Қысылып қалуды болдырмау функциясы (бір басу арқылы шыныны автоматты түрде көтеру және түсіру функциясы бар терезе)

Егер терезені автоматты түрде жабу кезінде ол терезенің жақтауы мен терезенің арасына түскен қандай да бір қатты затқа тірелетін болса, онда автоматты түрде терезе аздап төмен түсетін болады.
Егер терезені автоматты түрде ашу кезінде бөтен зат қысылса, терезе тоқтайды.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Саусақтардың, қолдардың немесе дененің басқа да бөліктерінің көмегімен осы функцияның жұмысын тексеруге тырыспаңыз.**
- **Терезенің толық жабылуы алдында қандай да бір зат қыстырылып қалған болса, қысылып қалуды болдырмау функциясы тиісті түрде жұмыс істемеуі мүмкін.**


ЕСКЕРТПЕ

- **Егер терезе затты қысқан кезде орын алатын жағдайға ұқсайтын соққыны анықтаса, (мысалы, егер автокөлік жолдың шұңқырына түсіп кетсе), онда қысылып қалуды болдырмау функциясы белгілі жағдайларда қозғалыс кезінде жұмыс істемеуі мүмкін.**
- **Электрлік шыны көтергіштің қысылып қалуды болдырмау функциясы іске қосылғаннан кейін бірнеше секунд бойы жұмыс істемеуі мүмкін.**

▼ Сөндіруді кідірту функциясы (бір басу арқылы шыныны автоматты түрде көтеру және түсіру функциясы бар терезе)

Оталдыру құлпы "ACC" немесе "OFF" күйіне ауыстырылғаннан кейін шамамен 40 секунд ішінде есіктердің терезелерін ашуға және жабуға болады. Егер 40 секунд ішінде алдыңғы есіктің терезесі ашылатын болса, сөндіруді кідірту функциясы сөнетін болады.

▼ Жолаушылар есіктеріндегі шыны көтергіштерді бұғаттау



1) Бұғатталған.
2) Бұғатталмаған.

Егер бұғаттауды ауыстырып-қосқыш "Бұғатталған" күйінде болса, жүргізуші жақтағы артқы жолаушының терезесінің ауыстырып-қосқышын пайдалану және жолаушы жақтағы терезенің ауыстырып-қосқышын пайдалану мүмкін болмайды.

■ Электрлік шыны көтергіштер жүйесін инициализациялау (сөндіруді кідірту функциясымен)

Егер шыныны бір рет басу арқылы автоматты түрде көтеру және түсіру функциясы немесе сөндіруді кідірту функциясы тиісті түрде жұмыс істемесе, электрлік шыны көтергіштер жүйесін инициализациялау үшін әрбір терезе үшін төменде көрсетілген рәсімдерді орындаңыз.

1. Есікті жабыңыз.
2. Оталдыру құлпын "ON" қалпына ауыстырыңыз.
3. Терезені толығымен ашып, содан кейін электрлік шыны көтергіштің ауыстырып-қосқышын төмен қарай басыңыз да, шамамен 1 секунд бойы басулы күйде ұстап тұрыңыз.
4. Терезені толығымен жауып, содан кейін электрлік шыны көтергіштің ауыстырып-қосқышын төмен қарай тартыңыз да, шамамен 1 секунд бойы ұстап тұрыңыз.

Жүк арту бөлігінің есігі


■ Жүк арту бөлігінің қолша ашылатын/жабылатын есігі (егер орнатылған болса)

Жүк арту бөлігінің есіктерін төменде аталған жүйелердің кез келгенінің көмегімен ашу және құлыптау.

- Есіктерді бұғаттауыштың ауыстырып-қосқышы: "Есіктерді бұғаттауыштың ауыстырып-қосқышын пайдалану тәртібі" бөлімін қараңыз ☞2-26.
- Түйменің көмегімен қозғалтқышты іске қосу/тоқтату функциясы бар қашықтықтан басқару жүйесі (егер орнатылған болса): "Түйменің көмегімен қозғалтқышты іске қосу/тоқтату функциясы бар қашықтықтан басқару жүйесі" бөлімін қараңыз ☞2-4.
- Есік құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі: "Есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі" бөлімін қараңыз ☞2-20.
- Есіктерді кілтпен сырттан құлыптау және ашу (қосарлап құлыптау жүйесі бар моделдер): "Есіктерді сырттан құлыптау және ашу" бөлімін қараңыз ☞2-24.

- ЖАЛҒАСЫ –

Жүк арту бөлігінің есігін ашу үшін




Жүк арту бөлігінің есігін ашу түймесі

1. Жүк арту бөлігінің есігін ашыңыз.
2. Жүк арту бөлігінің есігін ашу түймесін басыңыз және басулы күйде ұстап тұрыңыз. Жүк арту бөлігінің есігі сәл ашылады.
3. Жүк арту бөлігінің есігінен ұстап, оны байыппен көтере бастаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Егер жүк арту бөлігінің есігінің құлпын таратқыштың қуаттау элементінің отыруына, есіктерді құлыптау/ашу жүйесінің ақауына немесе басқа да себептерге байланысты ашу мүмкін болмаса, жүк арту бөлігінің есігін жүк арту бөлігінің есігін ашатын иінтіректің көмегімен қолша ашу мүмкіндігі бар. Бұл рәсім туралы ақпарат алу үшін "Жүк арту бөлігінің есігі — егер жүк арту бөлігінің есігі ашылмаса" бөлімін қараңыз ☞9-24.

Жүк арту бөлігінің есігін жабу үшін



Жүк арту бөлігінің есігін бірқалыпты төмен түсіріңіз, содан кейін оны күштеп ілмегі іске қосылғанға дейін төмен қарай тартыңыз.
Егер ішкі тұтқаны ұстай отырып төмен қарай тартатын болсаңыз, жүк арту бөлігінің есігін оңай түсіруге болады.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Автокөліктің қозғалысы кезінде жүк арту бөлігінің есігі автокөлікке пайдаланылған зиянды газдардың кіруіне жол бермеу үшін үнемі жабық болуы тиіс.**
- **Оның ішкі тұтқасынан ұстай отырып жүк арту бөлігінің есігін жабуға тырыспаңыз. Тіпті Сіз автокөліктің жүк арту бөлігі жағынан жүк арту бөлігінің есігін жабуға тырыссаңыз мұндай әрекетті жасауға болмайды. Сіз қолыңызды қысып алуыңыз және жарақаттануыңыз мүмкін.**

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Жүктерді тиеу немесе түсіру кезінде жүк арту бөлігінің есігінің тіректерінде пластик қалталар мен өздігінен жабысатын таспалардың қыстырылып қалуына, сондай-ақ тіректердің кездейсоқ сызылуына жол бермеңіз. Бұл тіректерден газдың шығуына алып келуі мүмкін, нәтижесінде олар жүк арту бөлігінің есігін ашық күйде бекіте алмайды.**

- **Жүкті арту немесе түсіру кезінде, сондай-ақ жүк арту бөлігінің есігін ашу немесе жабу кезінде оған басыңызды немесе бетіңізді соғып алмау үшін сақ болыңыз.**

■ Жүк арту бөлігі есігінің электрлік жетегі (егер орнатылған болса)

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Жүк арту бөлігінің есігін ашқан кезде оның жанында адамдардың жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Егер жүк арту бөлігінің есігі адамның денесін байқаусызда соғатын болса, бұл жарақатқа ұшыратуы мүмкін.**
- **Саусақтарыңыздың, қолдарыңыздың, мойыныңыздың, басыңыздың немесе денеңіздің басқа да жерлерінің немесе басқа да заттардың жүк арту бөлігінің есігіне қысылып қал-мауы үшін аса сақ болыңыз. Олай болмаған жағдайда қысып қалу салдарынан ауыр жарақаттардың орын алуы мүмкін.**
- **Егер жүк арту бөлігі есігінің электрлік жетегінің қандай да бір шарттары орындалмаса, электрондық дыбыстық сигнал беріледі және жүк арту бөлігінің есігінің электрлік жетегі сөнеді. Мұндай жағдайда жүк арту бөлігінің есігі байқаусызда ашылуы немесе жабылуы мүмкін. Әлдекімнің денесін жүк арту бөлігінің есігі соқпауы үшін немесе денесінің қандай да бір бөлігін қысып қалмауы үшін сақ болыңыз.**
- **Еңіс жерде тұрғанда жүк арту бөлігінің есігін жүк арту бөлігі есігінің электрлік жетегі арқылы ашқаннан кейін ол жабылып қалуы мүмкін. Жүк арту бөлігінің есігі ашылғаннан кейін толық тоқтағанына көз жеткізіңіз.**
- **Автокөліктен түскен кезде қауіпсіздік мақсатында міндетті түрде кілтті өзіңізбен бірге алыңыз. Ешқашан баланы автокөлікте қараусыз қалдырмаңыз. Олай болмаған жағдайда бала жүк арту бөлігінің есігінің электрлік жетегін іске қосып, жарақат алуы мүмкін.**
- **Жүргізуші өзіне есеп беріп, өзі үшін жауапкершілікті сезінуі керек.**
- **Егер жүк арту бөлігінің есігінің маңайы жақсы көрінетін болса және Сіз адамдардың қысылып қалу қаупінің жоқтығына көз жеткізген болсаңыз ғана жүк арту бөлігінің есігін ашуға немесе жабуға арналған электр жетегінің түймесін басуға болады.**

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Жүк арту бөлігінің есігін жад функциясы көмегімен ашқаннан кейін жабу барысында міндетті түрде жүк арту бөлігі есігінің электрлік жетегін пайдаланыңыз. Сіз жүк арту бөлігінің есігін қолмен қатты күш түсіре отырып жабатын болсаңыз, ол зақымдануы мүмкін.

Жүк арту бөлігінің электрлік жетегі төменде келтірілген барлық шарттар орындалған жағдайда ғана жұмыс істейді.

- Автокөлік толығымен тоқтатылған.

- ЖАЛҒАСЫ –

- Сыртқы ауа температурасы -30°C бастап 70°C дейінгі аралықта.
- Оталдыру құлпы "LOCK"/"OFF" немесе "ACC" күйінде. Болмаса оталдыру құлпы "ON" күйінде, ал селектордың иінтірегі "P" күйінде.

ЕСКЕРТПЕ


- **Егер жүк арту бөлігінің есігін ашу барысында түйме бірнеше рет басылса, зақымдануды болдырмау үшін жүйе оны елемеуі мүмкін. Қажет болмаса түймені баспаңыз.**
- **Егер автокөлік жүк арту бөлігінің есігінің электрлік жетегі жұмыс істеп тұрған кезде қозғалысты бастаса, жүйе дыбыстық ескерту сигналын береді және жүк арту бөлігінің есігін автоматты түрде жабады. Осы сәтте, егер жүйе қысылып қалуды байқайтын болса, ол жүк арту бөлігінің есігінің электрлік жетегін сөндіреді және жүк арту бөлігінің есігі жабылмайды. Егер бұл орын алса, әдеттегі рәсімдердің көмегімен жүк арту бөлігінің есігін жабыңыз.**
- **Егер Сіз жүк арту бөлігінің есігін электрлік жетек функциясының көмегімен жапқаннан кейін бірден электрлік жетек функциясының көмегімен ашуға тырыссаңыз, қысқа электрондық дыбыстық сигнал беріледі, ал жүк арту бөлігінің есігі ашылмайды. Электрлік жетек функциясының көмегімен жүк арту бөлігінің есігін ашар алдында біраз күтіңіз. Егер Сіз бірден есікті ашқыңыз келсе, мұны қолша орындауға болады.**

▼ Жұмыстың сипаттамасы


ЕСКЕРТПЕ

- **Есік жабылғаннан кейін жүк арту бөлігінің есігі құлыпталмаған күйде қалады. Автокөліктен түскен кезде міндетті түрде жүк арту бөлігінің есігін құлыптаңыз.**
- **Егер Сіз сипатталған операцияларды орындағаннан кейін жүк арту бөлігінің есігін аша/жаба алмайтын болсаңыз, үш рет қысқа электрондық дыбыстық сигнал (бип, бип, бип) беріледі.**


▽ Жүк арту бөлігінің есігінің электрлік жетегінің түймесінің көмегімен (жүк арту бөлігінің есігіндегі түймеден басқа)




Аспаптар панеліндегі жүк арту бөлігінің есігінің электрлік жетегінің түймесі (сол жақтан басқарылатын моделдер)



Аспаптар панеліндегі жүк арту бөлігінің есігінің электрлік жетегінің түймесі (оң жақтан басқарылатын моделдер)



Қашықтықтан басқару салпыншағындағы жүк арту бөлігінің есігінің электрлік жетегінің түймесі



Қабылдағыштағы жүк арту бөлігінің есігінің электрлік жетегінің түймесі

Жүк арту бөлігінің есігін ашу

Жүк арту бөлігінің есігі жабық болған кезде жүк арту бөлігінің есігінің электрлік жетегінің түймесін басыңыз да, басулы күйде ұстап тұрыңыз. Жүк арту бөлігінің есігі автоматты түрде ашылады. Электрондық дыбыстық сигнал беріледі және апаттық жарықтық сигнал шамдары төмендегідей жұмыс істейді.

- Аспаптар панеліндегі/ қабылдағыштағы жүк арту бөлігінің электрлік жетегінің түймесін басқанда: дыбыстық сигнал және екі рет жыпылықтау.
- Қашықтықтан басқару салпыншағындағы жүк арту бөлігінің электрлік жетегінің түймесін басқанда: дыбыстық сигнал және төрт рет жыпылықтау.

ЕСКЕРТПЕ

Жүк арту бөлігінің есігі құлыптаулы болған кезде Сіз аспаптар панеліндегі жүк арту бөлігінің есігінің электрлік жетегінің түймесін басу арқылы жүк арту бөлігінің есігін аша алмайсыз. Мұндай жағдайда аспаптар панеліндегі жүк арту бөлігінің есігінің электрлік жетегінің түймесін басу алдында жүк арту бөлігінің есігінің құлпын ашыңыз.

Жүк арту бөлігінің есігін аралық қалыпта тоқтату


Жүк арту бөлігінің есігін ашқан кезде жүк арту бөлігінің есігінің электрлік жетегінің түймесін аз уақытқа басыңыз. Екі рет қысқа электрондық дыбыстық сигнал беріледі және екі рет апаттық жарықтық сигнал беру шамы жыпылықтайды.

Егер Сіз жүк арту бөлігінің есігінің электрлік жетегінің түймесін қайта басатын болсаңыз, жүк арту бөлігінің есігі қайтадан жабылады.

Жүк арту бөлігінің есігі жабық болған кезде Сіз жүк арту бөлігінің есігінің электрлік жетегінің түймесін аз уақытқа басу арқылы жүк арту бөлігінің есігін аша аласыз.

- ЖАЛҒАСЫ –

ЕСКЕРТПЕ



Жүк арту бөлігінің есігінің қозғалуын оның қалпы толық жабық қалпынан шамамен 5 см. жуық ауқымда болса тоқтату мүмкін емес. Жүйе кез келген түйменің көмегімен басқару әрекеттерін елемейтін болады, ал жүк арту бөлігінің есігі ашылуын жалғастырады.

Жүк арту бөлігінің есігін жабу

Жүк арту бөлігінің есігінің электрлік жетегінің түймесін басыңыз да, басулы күйде ұстап тұрыңыз. Екі рет қысқа электрондық дыбыстық сигнал беріледі және екі рет апаттық жарықтық сигнал беру шамы жыпылықтайды. Егер Сіз жүк арту бөлігінің есігінің электрлік жетегінің түймесін аз уақытқа басатын болсаңыз, жүк арту бөлігінің есігі ашылады.


ЕСКЕРТПЕ

Жүк арту бөлігінің есігін оның электрлік жетегінің басқару түймесінің көмегімен қосуды/ сөндіруді Сіздің SUBARU дилеріңіз өзгерте алады. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.


▽ Жүк арту бөлігінің есігіндегі түйменің көмегімен

ЕСКЕРТПЕ

Төмендегі рәсімдерді орындағаннан кейін екі рет электрондық дыбыстық сигнал беріледі және апаттық жарықтық сигнал беру шамдары екі рет жыпылықтайды.



Жүк арту бөлігінің есігін ашу түймесі



Жүк арту бөлігінің есігінің электрлік жетегінің жүк арту бөлігінің есігінің ішкі жиегіндегі түймесі

1) Жүк арту бөлігінің есігінің электрлік жетегінің түймесі.
2) Жүк арту бөлігінің есігінің электрлік жетегінің есікті құлыптау түймесі (егер орнатылған болса).

Жүк арту бөлігінің есігін ашу

1. Түйменің көмегімен қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату функциясы бар қашықтықтан басқару жүйесі қарастырылған моделдер үшін қашықтықтан басқару салпыншағын алыңыз. Түйменің көмегімен қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату функциясы бар қашықтықтан басқару жүйесі қарастырылмаған моделдер үшін жүк арту бөлігінің есігін ашыңыз.
2. Жүк арту бөлігінің есігі жабық болған кезде жүк арту бөлігінің есігін ашу түймесін аз уақытқа басыңыз.

Жүк арту бөлігінің есігі автоматты түрде ашылады.


Жүк арту бөлігінің есігін аралық қалыпта тоқтату

Жүк арту бөлігінің есігін ашқанда келесі түймелердің кез келгенін аз уақытқа басыңыз:

- жүк арту бөлігінің есігін ашу түймесі.
- жүк арту бөлігінің есігінің электрлік жетегінің жүк арту бөлігінің есігінің ішкі жиегіндегі түймесі

Егер Сіз жүк арту бөлігінің есігінің электрлік жетегінің түймесін қайта басатын болсаңыз, жүк арту бөлігінің есігі қайтадан жабылады. Жүк арту бөлігінің есігі жабық болған кезде Сіз жүк арту бөлігінің есігінің электрлік жетегінің түймесін аз уақытқа басу арқылы жүк арту бөлігінің есігін аша аласыз.

ЕСКЕРТПЕ



Жүк арту бөлігінің есігінің қозғалуын оның қалпы толық жабық қалпынан шамамен 5 см. жуық ауқымда болса тоқтату мүмкін емес. Жүйе кез келген түйменің көмегімен басқару әрекеттерін елемейтін болады, ал жүк арту бөлігінің есігі ашылуын жалғастырады.

Жүк бөлігінің есігін жабу

Келесі түймелердің кез келгенін аз уақытқа басыңыз:

- жүк арту бөлігінің есігін ашу түймесі.
- жүк арту бөлігінің есігінің электрлік жетегінің жүк арту бөлігінің есігінің ішкі жиегіндегі түймесі

Егер Сіз жүк арту бөлігінің есігінің электрлік жетегінің түймесін қайта басатын болсаңыз, жүк арту бөлігінің есігі қайтадан ашылады.

Есіктерді құлыптау түймесінің және жүк арту бөлігі есігінің электрлік жетегінің көмегімен есіктерді құлыптау

Өзіңізде қашықтықтан басқару салпыншағын ұстай отырып, барлық есіктерді құлыптаңыз және есіктерді құлыптау түймесі мен жүк арту бөлігі есігінің электрлік жетегінің түймесін басыңыз. Барлық есіктер, жүк арту бөлігінің есігі және жанармай құю мойнының қақпақтары құлыпталады, ал жүк арту бөлігінің есігі жабық болады. Сонымен қатар, апаттық жарықтық сигнал беру шамдары бір рет жыпылықтайды және бір рет электрондық дыбыс сигналы беріледі.

ЕСКЕРТПЕ

- **Жүк арту бөлігінің есігін құлыптау түймесін 2 секундтан астам уақыт бойы басып ұстап тұру барлық есіктердің жабылуына әкеліп соқтырады. Бұл ретте жүк арту бөлігінің есігін автоматты түрде жабу функциясы сөнеді.**
- **Егер есіктердің бірі толық жабылмаған болса, онда Сізге бес рет есіктердің тиісті түрде жабылмағандығын білдіретін сыртқы дыбыстық ескерту сигналы беріледі.**

▽ Қолдың көмегімен жүк арту бөлігінің есігін ашу/жабу

Жүк арту бөлігінің есігін ашу

Жүк арту бөлігінің есігі аралық қалыпта болған кезде есікті көтеріңіз. Жүк арту бөлігінің есігі автоматты түрде ашылады.

Жүк арту бөлігінің есігін жабу

Жүк арту бөлігінің есігі ашық қалыпта болған кезде есікті төмен қарай тартыңыз. Жүк арту бөлігінің есігі автоматты түрде жабылады.

ЕСКЕРТПЕ

- **Егер жүк арту бөлігінің есігін жылжыту жылдамдығы төмен болса, онда автоматты түрде ашу немесе жабу функциясының жұмыс істемеуі мүмкін.**
- **Автокөліктен түскен кезде барлық есіктердің толық жабық екеніне көз жеткізіңіз, жүк арту бөлігінің есігін қоса алғанда.**


▼ Жүк арту бөлігінің есігін қолша ашу/ жабу

ЕСКЕРТПЕ

Жүк арту бөлігінің есігінің электрлік жетегін пайдалану ұсынылады. Жүк арту бөлігінің есігін қолша ашу/ жабу үшін күш жұмсау керек.


Жүк арту бөлігінің есігін қолша жабуға болады. "Жүк арту бөлігінің қолша ашылатын/жабылатын есігі" бөлімін қараңыз ☞2-35.

▼ Жад функциясы




Жад түймесі (сол жақтан басқарылатын моделдер)

1) Қолша басқарылатын шам жарығы шоғырының деңгейін реттеуіші жоқ моделдер.
2) Қолша басқарылатын шам жарығы шоғырының деңгейін реттеуіші бар моделдер.



Жад түймесі (оң жақтан басқарылатын моделдер)

1) Қолша басқарылатын шам жарығы шоғырының деңгейін реттеуіші бар моделдер.
2) Қолша басқарылатын шам жарығы шоғырының деңгейін реттеуіші жоқ моделдер.



Жад түймесінің қалпы

1) "Қосулы" күйі.
2) "Сөндірулі" күйі.


Жүк арту бөлігінің есігінің Сіз қалаған биіктігін тіркей аласыз.

Жүк арту бөлігінің есігінің көтерілу биіктігін тіркеу

Жүк арту бөлігінің есігін көтеру биіктігін тіркеу үшін оталдыру кілті "LOCK"/"OFF" күйінде болған кезде мынадай рәсімдерді орындаңыз.

1. Электрлік жетек функциясының көмегімен жүк арту бөлігінің есігін ашыңыз.
2. Жүк арту бөлігінің есігі қалаған биіктікте болған кезде оны электрлік жетек функциясының көмегімен тоқтатыңыз.

3. Жад түймесін "Қосулы" күйіне басыңыз.



Жүк арту бөлігінің есігінің электрлік жетегінің жүк арту бөлігінің есігінің ішкі жиегіндегі түймесі

1) Жүк арту бөлігінің есігінің электрлік жетегінің түймесі.
2) Жүк арту бөлігінің есігінің электрлік жетегінің есікті құлыптау түймесі (егер орнатылған болса).

4. Жүк арту бөлігінің есігі қалаған биіктікте болғанда жүк арту бөлігінің есігінің ішкі жиегіндегі жүк арту бөлігінің есігінің электрлік жетегінің түймесін басыңыз да, қысқа апаттық жарықтық сигнал берілгенше және апаттық жарықтық сигнал шамы үш рет жыпылықтағанша басулы күйде ұстап тұрыңыз. Қысқа апаттық жарықтық сигнал мен апаттық жарықтық сигнал шамының үш рет жыпылықтауы жүк арту бөлігінің есігінің биіктігінің тіркелгендігін білдіреді.

ЕСКЕРТПЕ

- **Тіркелген көтерілу биіктігін өзгерту үшін жад түймесін басу арқылы оны "Сөндірулі" қалпына ауыстырыңыз да, тіркеу рәсімін тағы да орындаңыз.**
- **Есіктің көтерілу биіктігін шамамен 5 см. биіктіктен бастап немесе толық жабық қалпымен салыстырғанда одан да жоғары деңгейде тіркеуге болады.**

Жүк арту бөлігінің есігінің тіркелген биіктігін орнату

Жүк арту бөлігінің есігін ашу және оны тіркелген биіктікте тоқтату үшін келесі рәсімдерді орындаңыз.

1. Жад түймесін "Қосулы" күйіне басыңыз.
2. Жүк арту бөлігінің есігінің электрлік жетегінің түймесінің кез келген бірін басып, ұстап тұрыңыз.

Жүк арту бөлігінің есігінің электрлік жетегінің түймесінің кез келген бірі жад түймесі "Сөндірулі" күйінде болғанда басылса да және басулы күйде ұстап тұрылатын болса да, Сіз есікті тіркелген биіктікте жад түймесін "Қосулы" күйіне ауыстыру арқылы жүк арту бөлігінің есігі тіркелген биіктікке жеткенге дейін тоқтата аласыз.

ЕСКЕРТПЕ

Жүк арту бөлігінің есігі реверс функциясымен ашылса да, жадта сақталған қалыпқа дейін ашылады.

▼ Реверс функциясы

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Реверс функциясын мәжбүрлі түрде іске қосу үшін дене бөліктерінің қасақана қысылуына жол бермеңіз. Егер реверс функциясы қандай да бір себеппен іске қосылмаса, бұл ауыр жарақатқа ұшыратуы немесе апатқа әкеліп соқтыруы мүмкін.**
- **Егер жүк арту бөлігінің есіге ол толық жабылғанға дейін бөтен заттар қысылып қалатын болса, реверс функциясы іске қосылмауы мүмкін. Саусақтардың немесе дененің басқа да бөліктерінің қысылып қалмауы үшін абай болыңыз.**

- **Реверс функциясы қысылған заттың түріне және оның қалай қысылғандығына байланысты іске қосылмауы мүмкін. Саусақтардың немесе дененің басқа да бөліктерінің қысылып қалмауы үшін абай болыңыз.**


⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Егер реверс функциясы қатарынан 3 рет қосылса, жүк арту бөлігінің есігінің электрлік жетегінің автоматты түрде ашу және жабу функциясы сөндіріледі, ал жүк арту бөлігінің есігін әдеттегідей ашуға, жабуға болады. Жүк арту бөлігінің есігінің ашылуы немесе жабылуы оның жұмысының автоматты режімі сөндірілгенге дейінгі биіктігіне тәуелді. Әлдекімнің денесін жүк арту бөлігінің есігі соқпауы үшін немесе денесінің қандай да бір бөлігін қысып қалмауы үшін сақ болыңыз.**
- **Сенсорлық қадағаларды зақымдамау үшін сақ болыңыз. Әйтпесе реверс функциясы сөніп қалуы мүмкін.**

Егер электрлік жетектің көмегімен жүк арту бөлігінің есіктерін ашу немесе жабу кезінде ол адамды немесе қол жүгін қысып қалатын болса немесе қандай да бір кедергіге соғылатын болса үш рет электрондық дыбыстық сигнал беріледі және жүк арту бөлігінің есігі былайша жұмыс істейтін болады.

Жүк арту бөлігінің есігін ашу барысында: жүк арту бөлігінің есігі автоматты түрде жабылады.

Жүк арту бөлігінің есігін жабу барысында: жүк арту бөлігінің есігі автоматты түрде ашылады.



1) Сенсорлық қадаға.

Сенсорлық қадағалар жүк арту бөлігінің есігінің сол және оң жақ бұрыштарына орнатылған. Егер сенсорлық қадағалар электрлік жетектің көмегімен жүк арту бөлігінің есігін жабу кезінде саусақтың, қол жүктің және т.б. бар екендігін анықтаса, үш рет электрондық дыбыстық сигнал беріледі және жүк арту бөлігінің есігі автоматты түрде ашылады.

ЕСКЕРТПЕ

Егер жүк арту бөлігінің есігі реверс функциясының көмегімен ашылатын болса, ол толық немесе жад функциясының көмегімен тіркелген биіктікке дейін ашылады.

▼ Жүк арту бөлігінің есігінің түсуін болдырмау функциясы

Жүк арту бөлігінің есігі қар мен т.б. ауырлығының салдарынан түседі, бұл ретте қысқа электрондық дыбыстық сигнал беріледі және жүк арту бөлігінің есігі автоматты түрде жабылады.

ЕСКЕРТПЕ

- **Егер жүк арту бөлігінің есігінде қар болса, электрлік жетегінің функциясын қар алынғаннан кейін ғана пайдаланыңыз.**
- **Егер Сіз жүк арту бөлігінің есігін электр жетегінің көмегімен толық ашылғаннан кейін тікелей қолмен жапсаңыз, жүк арту бөлігінің есігінің құлауын болдырмау функциясы іске қосылып, оны автоматты түрде жабады. Мұндай жағдайда бұл ақау болып табылмайды.**

Төбедегі қақпақты терезе (егер орнатылған болса)

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Ешкімнің қолын, басын немесе қандай да бір затты қақпақты терезеден шығарып тұруына жол бермеңіз. Мынадай жағдайлардың бірі орын алғанда ауыр жарақаттың болуы ықтимал.

- **Автокөлік кенеттен тоқтағанда.**
- **Автокөлік шұғыл бұрылғанда.**
- **Автокөлік апатқа ұшырағанда.**
- **Сыртынан тұрған заттар жағынан дененің сыртқы шығыңқы бөліктеріне соққы жасалса.**

Қысылып қалудан туындауы мүмкін ауыр жарақаттарды болдырмау үшін келесі ережелерді бұлжытпай орындау қажет.


- **Қақпақты терезені жабар алдында бұл бастың, қолдың немесе қандай да бір заттардың қысылуына ұшыратпайтынына көз жеткізіңіз.**
- **Автокөліктен түскен кезде қауіпсіздік мақсатында міндетті түрде кілтті өзіңізбен бірге алыңыз. Ешқашан баланы автокөлікте қараусыз қалдырмаңыз. Әйтпесе, қақпақты терезені ашқан немесе жапқан кезде бала өзіне жарақат келтіреді.**
- **Қысылып қалуды болдырмайтын құрылғының жұмысын тексеру үшін ешқашан өзіңіздің денеңіздің бөліктерін арнайы қоя отырып тексермеңіз.**
- **Жүргізуші өзіне есеп беріп, өзі үшін жауапкершілікті сезінуі керек.**

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Ашық тұрған қақпақты терезенің шетінде отыруға тыйым салынады.**
- **Егер ол қар жауғаннан кейін немесе аязды күндерден кейін төбеге жабыса қатқан болса, қақпақты терезені пайдалануға тырыспаңыз.**
- **Қақпақты терезенің жұмысы барысында оның қозғалатын бөлшектерін ұстамаңыз.**
- **Егер қақпақты терезе жабылмаса біз Сізге жүйені SUBARU дилерінде тексеруді ұсынамыз.**

Қақпақты терезе оталдыру құлпы "ON" күйінде болған жағдайда ғана жұмыс істейді.

■ Қақпақты терезені ауыстырып-қосқыш



1) Ашуды/ жабуды ауыстырып-қосқыш.
2) Ашық.
3) Жабық.

Қақпақты терезені ашу үшін
Ашуды/ жабуды ауыстырып-қосқыштың артқы жағын басыңыз. Бұл ретте қақпақты тереземен бірге күннен қорғайтын перде ашылады. Қақпақты терезе толық ашық қалпынан шамамен 15 см қашықтықта тоқтайды. Қақпақты терезені толық ашу үшін, ашу/жабу ауыстырып-қосқышының артқы жағын тағы да басыңыз.

Қақпақты терезені жабу үшін
Ашуды/ жабуды ауыстырып-қосқыштың алдыңғы жағын басыңыз. Қақпақты терезені ашқан немесе жапқан кезде оны таңдалған аралық күйде тоқтату үшін ауыстырып-қосқыштың алдыңғы немесе артқы жағын аз уақытқа басыңыз.
Автокөлікті жуғаннан немесе жаңбырдан кейін қақпақты терезені ашпас бұрын, автокөліктің салонына судың түсуін болдырмау үшін төбесін құрғатыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Жоғары жылдамдықпен жүрген кезде қақпақты терезе толық ашық тұрған болса, мазаны алатын дыбыстың пайда болуы мүмкін. Егер осы жағдай орын алса қақпақты терезені аздап жабыңыз - 15 см.

■ Қысып қалуды болдырмау функциясы

Егер қысылып қалуды болдырмау жүйесі жабу кезінде қақпақты терезе мен автокөліктің төбесі арасында қыстырылып қалған қатты затты анықтаса, қақпақты терезе толық ашылуына 15 см. қалатын қалыпқа дейін автоматты түрде ашылады немесе толық ашылады да, осындай күйде тоқтайды. Қақпақты терезе бетіне тиген қатты соққы автокөліктің төбесі мен қақпақты терезенің арасында ешқандай зат болмаған жағдайда да ұқсас реакция тудырады.


⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Саусақтардың, қолдардың немесе дененің басқа бөліктерінің көмегімен осы функцияның жұмысын тексеруге тырыспаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Қауіпсіздік мақсатында толық ашық тұрған қақпақты тереземен жүру ұсынылмайды.

■ Күннен қорғайтын перде



Қақпақты терезе жабық болған кезде, Сіз күннен қорғайтын перделерді қолша алға немесе артқа жылжыта аласыз.
Қақпақты терезені ашқан кезде күннен қорғайтын перде артқа қарай жылжиды.

Бақылау-өлшеу аспаптары және автокөлікті басқару бөлшектері

Оталдыру құлпы (түйменің көмегімен қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату жүйесі жоқ моделдер) 3-5
- **Кілттің қалпы 3-6**
- **Кілттің дыбыстық ескерту сигналы (егер орнатылған болса) 3-7**
- **Оталдыру құлпын жарықтандырғыш (егер қарастырылған болса) 3-7**

Қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесі (түйменің көмегімен қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату жүйесі бар моделдер) 3-7
- **Сақтық шаралары 3-7**
- **Түйменің көмегімен қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату жүйесінің әрекерт ету аймағы 3-7**
- **Түйменің орналасуы 3-8**
- **Электрлік қуаттау режімдерін ауыстырып қосу 3-8**
- **Қашықтықтан басқару салпыншағының жұмысындағы іркілістер кезіндегі әрекеттер 3-10**

Апаттық жарық сигналы 3-10

Бақылау-өлшеу аспаптары 3-11
- **Спидометр 3-11**
- **Тахометр 3-11**
- **Одометр 3-11**
- **Жүрілген жолдың қос есептегіші 3-12**
- **Жанармай мөлшерінің көрсеткіші 3-13**
- **Эконометр (егер орнатылған болса) 3-13**
- **Аспаптар комбинациясын баптау 3-14**

Аспаптар жарығының жарықтығын реттеу 3-15
- **Аспаптар жарығының жарықтығын реттеуді автоматты түрде өшіру функциясы (егер қарастырылған болса) 3-16**

Ескерту және бақылау шамдары 3-16
- **Жүйені тексеру үшін шамның бастапқы қосылуы 3-16**
- **Қауіпсіздік белдіктерінің тағылмағандығы туралы жарықтық және дыбыстық ескерту сигналы 3-17**
- **Артқы орындықтың қауіпсіздік белдігінің бақылау шамдары және дыбыстық сигналы (Аустралияға арналған моделдер) 3-20**
- **Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ескерту шамы 3-20**
- **Алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосылуын және сөндірілуін бақылау шамдары (егер орнатылған болса) 3-21**
- **Ақауды анықтаудың бақылау шамы ("Check Engine" бақылау шамы) 3-22**
- **Салқындатқыш сұйықтықтың температурасының төмендігін бақылау шамы / Салқындатқыш сұйықтықтың температурасының жоғарылауын ескерту шамы 3-23**
- **Аккумуляторлық батареяның отыруын ескерту шамы 3-24**
- **Май қысымының төмендігін ескерту шамы 3-24**

Мотор майы деңгейінің төмендігін ескерту шамы 3-25
ATF температурасының ескерту шамы 3-26
Артқы дифференциалдың май температурасының ескерту шамы (егер орнатылған болса) 3-26
Шиналардағы ауа қысымының төмендігін ескерту шамы (егер орнатылған болса)..... 3-27
ABS жүйесінің ескерту шамы..... 3-29
VDC жүйесінің ескерту шамы/ VDC жүйесі жұмысының бақылау шамы..... 3-30
VDC жүйесінің сөнуін бақылау шамы 3-31
Тежегіш жүйесінің ескерту шамы (қызыл) 3-32
Электрлік тұрақтық тежегіштің ескерту шамы (сары) 3-32
Электрлік тұрақтық тежегіштің бақылау шамы....3-33
Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясын қосуды бақылау шамы..... 3-34
Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясын іске қосуды бақылау шамы 3-34
Тежегіш басқышын басуды бақылау шамы (егер қарастырылған болса) 3-34
Жанармай мөлшерінің төмендігін ескерту шамы 3-34
Шыны жуу сұйықтығы деңгейінің төмендігін ескерту шамы 3-34
Қозғалтқыш қақпағын ашуды ескерту шамы 3-34
Есіктің ашылғандығын ескерту шамы 3-35
Толық жетектің ескерту шамы..... 3-35
Рөлдік басқарудың үдеткішінің ескерту шамы.. 3-35
Шамдардың жарық шоғырының деңгейін автоматты түрде реттегіштің ескерту шамы (егер орнатылған болса)..... 3-36
Жарықдиодтық шамдардың ескерту шамы.....3-36
Бейімді бұрылыс шамдары жүйесінің ескерту шамы/ Бейімді бұрылыс шамдары жүйесін сөндірудің бақылау шамы (егер орнатылған болса)..... 3-36
Алысқа түсірілетін бейімді жарық жүйесінің ескерту индикаторы/ Алысқа түсірілетін бейімді жарық жүйесінің индикаторы (егер орнатылған болса)..... 3-37
Шамның алысқа түсірілетін жарығының ассистентінің бақылау шамы (егер орнатылған болса)..... 3-37
Түйменің көмегімен қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату функциясы бар қашықтықтан басқару жүйесінің дыбыстық және жарықтық ескерту сигналдары (егер орнатылған болса) 3-37
Иммобилайзердің бақылау шамы 3-44
SI-DRIVE жүйесінің бақылау шамы (егер орнатылған болса)..... 3-45
Селектордың/ қосулы берілістің иінтірегі орналасуының индикаторы (егер қарастырылған болса) 3-45
Бұрылысты көрсеткіштің бақылау шамдары.... 3-46
Шамның алысқа түсірілетін жарығын бақылау шамы..... 3-46
Круиз-бақылау жүйесінің бақылау шамы (егер орнатылған болса)..... 3-46
Круиз-бақылауды орнатудың бақылау шамы (егер орнатылған болса)..... 3-46

Шам жарығының бақылау шамы (егер орнатылған болса) 3-46
Тұманға қарсы шамдардың бақылау шамы (егер орнатылған болса) 3-47
Артқы тұманға қарсы шамның бақылау шамы (егер орнатылған болса) 3-47
X-MODE режімінің бақылау шамы 3-47
Еңіске түсуді бақылау жүйесінің бақылау шамы (егер орнатылған болса) 3-47
Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/тоқтату жүйесінің ескерту шамы/ Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/тоқтату жүйесін ажыратудың бақылау шамы (сары) (егер орнатылған болса) 3-47
Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/тоқтату жүйесінің бақылау шамы (жасыл) (егер орнатылған болса) 3-48
Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/тоқтату жүйесінің белсенділігінің жоқтығын бақылау шамы (егер орнатылған болса) 3-48
SRVD жүйесінің ескерту шамы (егер орнатылған болса) 3-48
SRVD жүйесінің сөнуін бақылау шамы (егер орнатылған болса) 3-48
Артқы жүріспен қозғалыс кезінде автоматты түрде тежеу жүйесінің ескерту шамы (егер орнатылған болса) 3-48
Артқы жүріспен қозғалыс кезінде автоматты түрде тежеу жүйесін сөндіру индикаторы (егер орнатылған болса) 3-49
Жол жамылғысының мұздануының мүмкін екендігі туралы ескерту шамы (егер қарастырылған болса).....3-49
Аспаптар комбинациясының дисплейі (түрлі-түсті сұйықкристалды дисплей) (болса)..... 3-49

Негізгі операциялар 3-51
Сәлемдесу экраны (бастапқы анимация) және қоштасу экраны (соңғы анимация) .. 3-51
Ескерту экраны 3-52
Индикаторлар экраны.....3-52
Негізгі экрандар.....3-54
Мәзір экрандары.....3-56
Көпфункциялы дисплей (қара-ақ) (егер орнатылған болса).....3-58
Сапар туралы ақпараты бар дисплей.....3-59
Сыртқы ауа температурасының индикаторы 3-64
X-MODE режімінің индикаторы.....3-65
Сағат.....3-65
Көпфункциялы дисплей (түрлі-түсті сұйықкристалды дисплей) (егер орнатылған болса) 3-65
Функциялары 3-66
Сәлемдесу экраны және қоштасу экраны 3-66
Өзіндік диагностика экраны 3-66
Үзу экраны 3-67
Негізгі операциялар 3-68
Негізгі экрандар.....3-68
Баптаулар экраны 3-76
Ашық бастапқы код бағдарламасы бойынша бастапқы кодты қалай алуға болады..... 3-89

Сағат 3-89
Сағатты қолша реттеу 3-89
Сағатты автоматты түрде реттеу 3-93
Реттеуші ақпарат 3-93
Жарықтандыруды ауыстырып- қосқыш 3-94
Шамдар 3-94
Шамның жақынға/алысқа түсірілетін жарығын ауыстырып-қосқыш 3-96
Шамдардың "жыпылықтауы" 3-97
Шамның алысқа түсірілетін жарығы ассистентінің функциясы 3-97
(егер қарастырылған болса) 3-97
Күндізгі жүру шамдары жүйесі (егер орнатылған болса) 3-100
Бейімді бұрылыс шамдары жүйесі (егер орнатылған болса) 3-100
Бейімді бұрылыс шамдарының жүйесін ажыратқыш 3-101
Бейімді алысқа түсірілетін жарық жүйесі (егер орнатылған болса) 3-102
Бейімді алысқа түсірілетін жарық жүйесін пайдалану тәртібі 3-102
Шамдардың жұмыс режімін қолша қалай ауыстырып қосу керек 3-103
Шамның алысқа түсіретін жарығының, жақынға түсіретін жарығының және бейімді алысқа түсіретін жарық жүйесінің арасында автоматты түрде ауыстырып-қосу шарттары 3-103
Бейімді алысқа түсірілетін жарық жүйесін пайдалану бойынша ұсыныстар 3-104
Бұрылыс көрсеткіштерінің иінтірегі 3-105
Қозғалыс жолағын бір шерту арқылы ауысуын көрсеткіш 3-106
Шамның жарық шоғырының деңгейін реттегіш 3-106
Шамның жарық шоғырының деңгейін автоматты түрде реттегіш (егер орнатылған болса) 3-106
Шамның жарық шоғырының деңгейін қолша басқарылатын реттегіші (егер орнатылған болса) ... 3-106
Тұманға қарсы шамдарды ауыстырып-қосқыш (жарықшамдарды) 3-109
Тұманға қарсы шамдарды ауыстырып-қосқыш (егер орнатылған болса) 3-109
Артқы тұманға қарсы жарықшамның ауыстырып-қосқышы (егер орнатылған болса) 3-110
Сыртқы айналардың шынысын ауыстырып-қосқыштары
Шыны тазартқыштар және шыны жуғыштар 3-111
Шыны тазартқыштың және жел әйнегін жуғыштың ауыстырып-қосқышы 3-115
Шыны тазартқыштың және артқы шыны Жуғыштың ауыстырып-қосқышы 3-118
Шамдарды жуғыштар (егер орнатылған болса) 3-119
Айналар 3-120
Ішкі айна 3-120
Сыртқы айналар 3-120
Артқы шынының, сыртқы айнаның жылытқышы және жел әйнегінің шыны тазартқыш щөткелерінің антимұзданғышы 3-123
Бұру/ еңкейту бұрышымен реттелетін рөл дөңгелегі 3-125
Рөл дөңгелегін жылыту жүйесі (егер орнатылған болса) 3-125
Дыбыстық сигнал 3-126


Оталдыру құлпы (түйменің көмегімен қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату жүйесі жоқ моделдер)

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Автокөліктің қозғалысы кезінде, сондай-ақ оны сүйреп келе жатқанда оталдыру құлпын ешқашан "LOCK" күйіне ауыстырмаңыз, себебі рөл дөңгелегінің бұғатталуы салдарынан рөл дөңгелегін бұрау мүмкін болмай қалуы ықтимал. Сонымен қатар қозғалтқыш сөніп тұрған кезде рөл дөңгелегін бұрау үшін біршама күштің қажет екендігін атап өткен жөн.**
- **Қауіпсіздік мақсатында автокөліктен түсер алдында кілтті оталдыру құлпынан алуды ұмытпаңыз. Ешқашан баланы автокөлікте қараусыз қалдырмаңыз. Әйтпесе бұл баланың өзінің де, өзге тұлғалардың да жарақаттануына әкелуі мүмкін. Баланың электрлік шыны көтергіштерді немесе басқа да механизмдерді қосып жіберуі, тіпті, автокөліктің қозғалуына алып келуі мүмкін.**

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Кілтті үлкен салпыншаққа немесе басқа кілттер байламына тақпаңыз. Егер қозғалыс кезінде олар Сіздің тізеңізге тиетін болса, онда бұл оталдыру құлпын "ON" күйінен "ACC" күйіне немесе "LOCK" күйіне ауыстыруы, сәйкесінше, қозғалтқыштың тоқтауына әкелуі мүмкін.



Оталдыру құлпының төрт күйі бар: "LOCK", "ACC", "ON" және "START".

ЕСКЕРТПЕ

- **Автокөліктің қозғалтқышы жұмыс істемегенде оталдыру құлпы "LOCK" күйінде болуы керек.**
- **Оталдыру құлпы "ON" немесе "ACC" күйінде болған кезде автокөліктің қосалқы электрлік жабдығы ұзақ уақыт пайдаланылатын болса автокөліктің аккумуляторлық батареясы отырып қалуы мүмкін.**
- **Егер Сіз оталдыру құлпын "LOCK" күйіне немесе "ACC" күйіне ауыстыра алмасаңыз, онда оған қол жеткізу үшін бір мезетте рөл дөңгелегін оң жаққа және сол жаққа сәл бұрып көріңіз.**


■ Кілттің қалпы

Күйі	Сипаттамасы
LOCK	Бұл кілтті қоюға және алуға мүмкіндік беретін оталдыру құлпының жалғыз күйі. Оталдыру құлпынан кілтті алған кезде рөл дөңгелегі бұғатталады.
ACC	Оталдыру құлпының бұл күйі Сіздің автокөлігіңіздегі қосалқы электрлік жабдықтарды (аудиожүйе, қосымша электрлік жабдықты және т.б. қосуға арналған розетка) пайдалануға мүмкіндік береді.
ON	Бұл қозғалтқышты іске қосқаннан кейінгі оталдыру құлпының қалыпты жұмыстық күйі.
START	Оталдыру құлпы осы күйде болғанда қозғалтқышты іске қосу орындалады.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ


Қозғалтқыштың жұмысы барысында оталдыру құлпын "START" күйіне бұрмаңыз.

ЕСКЕРТПЕ




301690

- **Кілтті "ACC" күйінен "LOCK" күйіне ауыстыру үшін селектор иінтірегі "P" қалпында болуы тиіс, ал кілтті құлып жаққа қарай басып, содан кейін бұру қажет.**
- **Егер Сіздің қозғалтқышты тіркелген кілттің көмегімен іске қосу мүмкін болмаса, кілтті алыңыз (айдап кетуге қарсы жүйенің бақылау шамы жыпылықтайды), содан кейін кілтті терісінен салып, қозғалтқышты іске қосу үшін "START" күйіне келтіріңіз.**
- **Мынадай жағдайларда қозғалтқыштың іске қосылмауы мүмкін.**


301691

– Кілттің сабы басқа кілтке немесе металл салпыншаққа тиеді.


301692

– Кілттің жанында иммобилайзер транспондері бар басқа кілт бар.

- Кілт басқа таратқыштың жанында немесе оған тиеді.

■ Кілттің дыбыстық ескерту сигналы (егер орнатылған болса)

Дыбыстық сигнал жүргізушінің есігін ашқанда оталдыру құлпы "LOCK" немесе "ACC" күйінде болса беріле бастайды.

Дыбыстық сигнал беру келесі жағдайларда тоқтатылады:
- Оталдыру құлпы "ON" күйіне ауыстырылғаннан кейін.
- Кілтті оталдыру құлпынан алғаннан кейін.
- Жүргізуші есігі жабылғаннан кейін.

■ Оталдыру құлпын жарықтандырғыш (егер қарастырылған болса)

Қараңғы уақытта оталдыру құлпын басқару ыңғайлы болу үшін оталдыру құлпының жарықтандырғышы жүргізушінің есігі ашылған кезде немесе жүргізушінің есігі есіктің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі арқылы ашылған кезде қосылады.

Төменде келтірілген жағдайларда шам бірнеше секунд бойы жанып тұра береді, ал одан кейін оның жарық түсіру қарқындылығы біртіндеп азаяды және шам сөнеді.
- Жүргізуші есігі жабылғаннан кейін.
- Есіктің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі таратқышының көмегімен есіктерді ашқаннан кейін.


Жарықтандыру шамы келесі жағдайларда дереу сөнеді:
- Оталдыру құлпы "ON" күйіне ауыстырылғаннан кейін.
- Барлық есіктерді есіктің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі таратқышының көмегімен құлыптағаннан кейін, жүк арту бөлігінің есігін қоса алғанда.

Қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату түймесі (түйменің көмегімен қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату жүйесі бар моделдер)

■ Сақтық шаралары

"Сақтық шаралары" бөлімін қараңыз ☞2-5.

■ Түйменің көмегімен қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату жүйесінің әрекет ету аймағы




1) Антенна.
2) Әрекет аймағы.


ЕСКЕРТПЕ

- **Егер қашықтықтан басқару салпыншағы автокөліктің ішіндегі антенналардың әрекет ету аймағында анықталмаса, онда электрлік қуаттау қоректендіру режімдерін ауыстырып қосу және қозғалтқышты іске қосу мүмкін емес.**
- **Қашықтықтан басқару салпыншағы автокөліктен тыс, бірақ оның шынысына тым жақын жерде болса да электрлік қуаттауыштың қосылуы немесе қозғалтқыштың іске қосылуы мүмкін.**
- **Төменде көрсетілген жерлерде қашықтықтан басқару салпыншағын қалдырмаңыз. Бұл электрлік қуаттау режімдерін ауыстырып қосудың және қозғалтқышты іске қосудың мүмкін болмауына себеп болуы мүмкін. Сондай-ақ бұл іс жүзінде ақау болмаса да ескерту шамының жалған іске қосылуын тудыруы мүмкін немесе кез келген ақау орын алған кезде ескерту шамының қосылуына мүмкіндік бермеуі ықтимал.**
  - **– Аспаптар комбинациясында.**
  - **– Автокөліктің еденінде.**
  - **– Қолғаптарға арналған бөлікте.**
  - **– Есік қалталарында.**
  - **– Артқы орындықта.**
  - **– Жүк арту бөлігінің бұрыштарында.**
- **Егер электрлік қуаттау режімдерін ауыстырып қосу немесе қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату түймесінің көмегімен қозғалтқышты іске қосу кезінде қашықтықтан басқару салпыншағының қуаттау элементі отырған болса, "Қашықтықтан басқару салпыншағы - қашықтықтан басқару салпыншағының жұмысындағы іркілістер кезіндегі әрекеттер" бөлімін қараңыз ☞9-22. Мұндай жағдайда қуаттау элементін дереу арада ауыстыру керек. "Қашықтықтан басқару салпыншағының қуаттау элементін ауыстыру" бөлімін қараңыз ☞11-53.**

■ Түйменің орналасуы



Сол жақтан басқарылатын моделдер



Оң жақтан басқарылатын моделдер

1) Жұмыс режімінің индикаторы.
2) Қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесі.

■ Электрлік қуаттау режімдерін ауыстырып қосу

Қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесін басқан сайын автокөліктің электрлік қуаттау режімдерінің ауысуы орын алады.

1. Қашықтықтан басқару салпыншағын алып, жүргізушінің орындығына отырыңыз.
2. Селектор иінтірегін "P" қалпына келтіріңіз.
3. Тежеуіштің басқышын баспастан бұрын қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесін басыңыз. Қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесін басқан сайын автокөліктің электрлік қуаттау режімдері

мынадай ретпен ауысатын болады: "OFF", "ACC", "ON" және "OFF". Төменде беріліп отырған кестеде қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесіндегі жұмыс режімі индикаторының жұмыс схемасы сипатталған.

Автокөлікті электрлік қуаттау режимі	Индикатордың түсі	Ықтимал операциялар
OFF	Индикатор сөндірулі	Автокөліктің электрлік қуаттауышы сөндірулі.
ACC	Қызғылт сары	Мынадай жүйелерді пайдалануға болады: аудиожүйе және қосымша электрлік жабдықты қуаттайтын розеткасы.
ON	Қызғылт сары (қозғалтқыш тоқтатылған кезде)	Индикатор сөндірулі (қозғалтқыштың жұмысы барысында)
	Барлық электрлік жүйелерді қосуға болады	

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Егер ұзақ уақыт бойы қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесімен орнатылған автокөліктің электрлік қуаттауышы "ON" немесе "ACC" режимінде қалса, онда бұл аккумуляторлық батареяның отыруына әкелуі мүмкін.**
- **Қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесіне сусындарды және басқа да сұйықтықтарды төгіп алмаңыз. Бұл ақауға әкелуі мүмкін.**
- **Егер қолдарыңыз май болса немесе таза болмаса, қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймелеріне тимеңіз. Бұл ақауға әкелуі мүмкін.**
- **Егер қозғалтқышты қосу/тоқтату түймесін басқан кезде оның жұмысының қателігі байқалса, онда осы түйме мен жұмысты тоқтатқан жөн. Мұндай жағдайларда біз Сізге дереу арада SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.**

- **Егер қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесі аспаптар панелінің жарықтандырғышы қосулы болғанда жанбайтын болса, біз Сіздің автокөлігіңізге диагностика жүргізу үшін SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.**
- **Егер автокөлік ұзақ уақыт бойы аптап күннің астында болса, онда қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесінің беті қатты қызады. Күйіп қалмау үшін сақ болыңыз.**

ЕСКЕРТПЕ

- **Қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесімен жұмыс істеген кезде оны тірелгенге дейін басу керек.**
- **Егер қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесі тез басылса электрлік қуаттау режимдері ауыспай қалуы мүмкін.**
- **Егер қозғалтқыштың іске қосу/тоқтату түймесін басқанда түйменің индикаторы жасыл түспен жыпылықтаса, рөл колонкасы бұғатталады. Егер осындай жағдай орын алса, рөл дөңгелегін солға және оңға бұрып, қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесін басыңыз.**

- ЖАЛҒАСЫ –


▼ Аккумуляторлық батареяның отыруын болдырмау функциясы

Егер қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесімен орнатылған автокөліктің электрлік қуаттауышы шамамен 1 сағат бойы "ON" немесе "ACC" режімінде қалатын болса, онда аккумуляторлық батареяның отыруын болдырмау мақсатында автокөліктің электрлік қуаттауышы "OFF" режіміне ауысады. (Бұл функция селектор иінтірегі "P" күйінде болған жағдайда іске қосылады.)

■ Қашықтықтан басқару салпыншағының жұмысындағы іркілістер кезіндегі әрекеттер

"Қашықтықтан басқару салпыншағы - қашықтықтан басқару салпыншағының жұмысындағы іркілістер кезіндегі әрекеттер" бөлімін қараңыз ☞9-22.

Апаттық жарық сигналы



Апаттық жарықтық сигналы басқа жүргізушілерге Сіздің мәжбүрлі түрде шұғыл жағдайдың салдарынан аялдама жасағандығыңызды хабарлау үшін қарастырылған. Апаттық жарық сигналы оталдыру құлпының кез келген қалпына қосыла алады.

Апаттық жарықтық сигналды қосу үшін аспаптар панеліндегі тиісті түймені басыңыз. Апаттық жарықтық сигналды сөндіру үшін сол түймені қайта басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- **Апаттық жарықтық сигнал қосылған кезде бұрылыс көрсеткіштері жұмыс істемейді.**
- **Егер Сіз тежеуіш басқышын кенеттен бассаңыз, апаттық жарықтық сигналдың тез жыпылықтауы мүмкін. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін "Шұғыл тежелту сигналы" бөлімін қараңыз ☞7-27.**

Бақылау-өлшеу аспаптары

ЕСКЕРТПЕ

Кейбір бақылау-өлшеу құралдарында аспаптар комбинациясында сұйыққристалды дисплейлер пайдаланылады. Егер Сіз поляризацияланған көзілдірік кисеңіз, онда бұл олардың көрсеткіштерін оқу кезінде қиындық тудыруы мүмкін.

■ Спидометр

Спидометр автокөлік қозғалысының жылдамдығын анықтауға арналған.

▼ **Жылдамдықты арттыру туралы дыбыстық ескерту сигналы (егер орнатылған болса)**

Егер автокөліктің жылдамдығы шамамен 120 ш./сағ. асатын болса, дыбыстық ескерту сигналы беріледі.


■ Тахометр

Тахометр қозғалтқыштың иінді білігінің минуттағы мың айналыммен өрнектелген айналу жиілігін көрсетеді.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде тахометрдің тілі қызыл аймақта болуына жол бермеңіз. Осы аймақта болғанда қозғалтқышты басқару блогы қозғалтқышты иінді білігінің айналу жиілігінің артуынан қорғау үшін жанармай беруді тоқтатады. Қозғалтқыш қозғалтқыштың иінді білігінің айналу жиілігі қызыл аймақтан төмен түскеннен кейін қалыпты жұмысына оралады.

■ Одометр



1) Жүрілген жолды есептегіштің көрсеткіштерін бастапқы жағдайға түсіру түймесі.
2) "A" түрлі аспаптардың комбинациясы.
3) "B" түрлі аспаптардың комбинациясы.


ЕСКЕРТПЕ

- **Оталдыру құлпы "ON" күйінде болғанда, дисплейде одометр көрсеткіші беріледі.**
- **Одометр Сіздің автокөлігіңіз жүріп өткен жалпы қашықтықты көрсетеді.**
- **Егер жүрілген жолды есептегіштің көрсеткіштерін бастапқы жағдайға түсіру түймесі оталдыру құлпы "LOCK"/" OFF" немесе "ACC" күйінде болған кезде басылатын болса, онда жүрілген жолды есептегіштің/одометрдің аралас дисплейі жанады.**

Индикаторлар мынадай жағдайларда сөнеді:

- **Жүрілген жолды есептегіштің көрсеткіштерін бастапқы жағдайға түсіру түймесі шамамен 10 секунд бойы басылмайды.**
- **Жүргізуші есігі ашылған, содан кейін жабылған.**

■ Жүрілген жолдың қос есептегіші




1) Жүрілген жолды есептегіштің көрсеткіштерін бастапқы жағдайға түсіру түймесі.
2) "A" түрлі аспаптардың комбинациясы.
3) "B" түрлі аспаптардың комбинациясы.

Аспаптардың бұл комбинациясында жүрілген жолдың екі есептегіші бар.

Жүрілген жолдың есептегіші аспаптар комбинациясында көрсетіледі, егер оталдыру ажыратқышы "ON" күйіне ауысатын болса.

Жүрілген жолдың есептегіші оның көрсеткіштерін соңғы рет бастапқы жағдайға түсіргеннен кейін автокөлік жүріп өткен қашықтықты көрсетеді.

Жүрілген жолды есептегіштің көрсеткіштерін бастапқы жағдайға түсіру түймесін басқанда көрсеткіштер дисплейде мынадай ретпен ауысатын болады.



Жүрілген жолдың есептегішінің көрсеткіштерін бастапқы жағдайға түсіру үшін оның индикациялау режімін таңдаңыз, ол үшін жүрілген жолдың есептігішінің көрсеткіштерін бастапқы жағдайға түсіру түймесін аз уақытқа басып, содан кейін осы түймені қайта басып, оны осындай басулы күйде кемінде 2 секунд бойы басулы күйде ұстап тұрыңыз.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Қауіпсіздік мақсатында жүріп өткен жолды индикациялау режімін өзгертуге тырыспаңыз. Бұл апатқа әкелуі мүмкін.


ЕСКЕРТПЕ

- **Электрлік байланыс үзілгенде, мысалы, автокөлікке техникалық қызмет көрсету барысында, сақтандырғышты ауыстыру кезінде немесе басқа да себептер нәтижесінде электрлік байланыс үзілетін болса, жүрілген жолды есептегіштің жадында сақталатын деректер өшіп қалады.**
- **Егер жүрілген жолды есептегіштің көрсеткіштерін бастапқы жағдайға түсіру түймесі оталдыру құлпы "LOCK"/" OFF" немесе "ACC" күйінде болған кезде басылатын болса, онда жүрілген жолды есептегіштің/одометрдің аралас дисплейі жанады. Бұл дисплей жанған кезде, Сіз жүрілген жолдың "A" есептегіші мен жүрілген жолдың "B" есептегіші арасындағы индикация режімдері арасында ауыса аласыз.**
- **Бұдан басқа, жүрілген жолды есептегішінің көрсеткіштерін, егер жүрілген жолды есептегішінің көрсеткіштерін бастапқы жағдайға түсіру түймесін басып, ұстап тұратын болсаңыз, бастапқы жағдайға келтіруге болады.**

Индикаторлар мынадай жағдайларда сөнеді:

- **Жүрілген жолды есептегіштің көрсеткіштерін бастапқы жағдайға түсіру түймесі шамамен 10 секунд бойы басылмайды.**
- **Жүргізуші есігі ашылған, содан кейін жабылған.**

■ Жанармай мөлшерінің көрсеткіші



1) Жүрілген жолды есептегіштің көрсеткіштерін бастапқы жағдайға түсіру түймесі.
2) "A" түрлі аспаптардың комбинациясы.
3) "B" түрлі аспаптардың комбинациясы.

Жанармай мөлшерінің көрсеткіші оталдыру құлпы "ON" күйінде болғанда жұмыс істеп тұрса және жанармай бағында қалған жанармайдың шамалық мөлшерін көрсетсе.

Автокөліктің тежелуі, бұрылуы немесе үдеуі кезінде көрсеткіштің мәндері жанармай бағындағы жанармайдың ығыстырылуына байланысты аздап өзгеруі мүмкін.


ЕСКЕРТПЕ

- **Жанармай мөлшерінің көрсеткішінің шкаласында Сіз "⛽▶ " белгішесін көруіңіз мүмкін. Бұл автокөліктің жанармай құятын мойнының есігінің (қақпағының) автокөліктің оң жағында орналасқанын білдіреді.**
- **Егер Сіз жүрілген жолды есептегіштің түймесін оталдыру құлпы "LOCK"/"OFF" немесе "ACC" күйінде болғанда бассаңыз, жанармай деңгейі көрсеткішінің жарықтандырғышы қосылады, ал оның тілі бакта қалған жанармай мөлшерін көрсетеді.**

Индикаторлар мынадай жағдайларда сөнеді:

- **Жүрілген жолды есептегіштің көрсеткіштерін бастапқы жағдайға түсіру түймесі шамамен 10 секунд бойы басылмайды.**
- **Жүргізуші есігі ашылған, содан кейін жабылған.**

■ Эконометр (егер орнатылған болса)



Эконометр жүрілген жолды есептегіштің көрсеткіштері соңғы рет бастапқы жағдайға түсірілген сәттен бастап жанармайдың ағымдағы жұмсалуы мен жанармайдың орташа жұмсалуы арасындағы айырмашылықты көрсетеді.
Егер эконометрдің тілі оңға жылжыса, ол қозғалыстың үнемділігін көрсетеді.

ЕСКЕРТПЕ

- **Эконометр үнемділіктің тек ықтимал мәнін ғана көрсетеді.**
- **Жүрілген жолды есептегіштің көрсеткіштерін бастапқы жағдайға түсіргеннен кейін жанармайдың орташа жұмсалуын Сіз 1 ш. дейін көре алмайсыз. Осы уақытқа дейін эконометр жұмыс істемейді.**

- ЖАЛҒАСЫ –

■ Аспаптар комбинациясын баптау

Аспаптар комбинациясы мен автокөлікті баптауды аспаптар комбинациясына орнатуға болады.

▼ "A" түрлі аспаптар комбинациясы

Әртүрлі баптаулар орындалады, мысалы, аспаптар комбинациясында көрсетілетін бірліктерді ауыстырып-қосу.

Егер оталдыру құлпы "OFF" күйінде болса, жүрілген жолды есептегіштің бастапқы жағдайға дейін түсіру түймесін басқан сайын төменде көрсетілген позициялар ауыстырылатын болады.

Позициясы	Аспаптар комбинациясының дисплейі	Ықтимал қондырғылар
A жүрілген жолды есептегіш	A 888.8	—
B жүрілген жолды есептегіш	B 555.5	—
Нұсқауыш тілінің ауытқу функциясы	1 on	Қос./Сөнд.
Өлшем бірліктерін ауыстыру*	2 km/h	миль/ш.


* Егер қарастырылған болса.

ЕСКЕРТПЕ

- **Егер Сіз өлшем бірліктерді аспаптар комбинациясында ауыстыратын болсаңыз, тиісінше, көпфункционалды дисплейдегі (қара-ақ) өлшем бірліктер де ауыстырылып-қосылады.**
- **Төменде көрсетіліп отырған шарттардың кез келгені орындалғанда, аспаптар комбинациясын баптау режімі тоқтатылады.**
  - **– Жүргізуші есігін ашыңыз.**
  - **– Жүрілген жолдың есептегішінің көрсеткіштерін бастапқы жағдайға түсіру түймесі шамамен 10 секунд немесе одан да көп уақыт бойы басылмайды.**

▽ Ауыстырып қосу тәсілі

1. Оталдыру құлпын "ON" қалпына ауыстырыңыз.




1) Жүрілген жолды есептегіштің көрсеткіштерін бастапқы жағдайға түсіру түймесі.

2. Өзгерткіңіз келетін позиция көрінгенше жүрілген жолдың есептегішінің көрсеткіштерін бастапқы жағдайға келтіру түймесін бірнеше рет басыңыз.
3. Өзгерткіңіз келетін позиция пайда болғанша өткен жол есептегішінің көрсеткіштерін қалпына келтіру түймесін басып тұрыңыз. Позиция баптаулары өзгереді.


▼ "B" түрлі аспаптар комбинациясы

Аспаптар комбинациясы мен автокөлікті баптауды аспаптар комбинациясында (түрлі-түсті сұйықкристалды дисплейде) орнатуға болады. "Мәзір экрандары" бөлімін қараңыз ☞ 3-56.

Аспаптар жарығының жарықтығын реттеу



Сол жақтан басқарылатын моделдер
1) Шам жарығы шоғырының деңгейін реттеуіші бар моделдер
2) Шам жарығы шоғырының деңгейін реттеуіші жоқ моделдер



Оң жақтан басқарылатын моделдер
1) Шам жарығы шоғырының деңгейін реттеуіші жоқ моделдер
2) Шам жарығы шоғырының деңгейін реттеуіші бар моделдер

Аспаптар панелінің жарықтығы келесі жағдайларда төмендейді:

- Жарықтандыруды ауыстырып-қосқыш "" немесе қалпында болғанда (Аустралияға арналған моделдерден басқа).
- Жарықтандыруды ауыстырып-қосқыш "" немесе "" қалпында болғанда (Аустралияға арналған моделдер).
- Жарықтандырудың ауыстырып-қосқышы "AUTO" қалпында болғанда және шамдар автоматты түрде қосылған болса (шамдардың жарығын автоматты түрде қосу/ ажырату жүйесі бар моделдер). "Шамдар" бөлімін қараңыз ☞ 3-94.

Сондай-ақ, Сіз жарықтандырғыштың жарықтығын жақсы көріну үшін былайша реттей аласыз.
Жарықтықты арттыру үшін дискіні жоғары қарай бұрыңыз.
Жарықтықты азайту үшін дискіні төмен қарай бұрыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- **Реттеу дискісі толығымен жоғары бұрылғанда, жарықтың жарықтығы ең жоғарғы болады, ал жарықтықты автоматты түрде төмендету функциясы жұмыс істемейді.**
- **Тіпті оталдыру құлпын "LOCK"/ "OFF" қалпына ауыстырғанда да жарықтық деңгейін орнату жұмыс істемейді.**

- ЖАЛҒАСЫ –

■ Аспаптар жарығының жарықтығын реттеуді автоматты түрде өшіру функциясы (егер қарастырылған болса)

Сырттан жарықтандыруда жарықтандырғыштың жарықтығы реттеу дискісінің жағдайына қарамастан ең жоғары деңгейге орнатылады. Мұндай жағдайда Сіз жарықтандырғыштың жарықтығын дискісінің көмегімен реттей алмайсыз. Сырттан жарықтандыру қараңғыланған болса, Сіз жарықтандырғыштың жарық деңгейін жоғарыда сипатталғандай реттей аласыз.

Жарықтандырғыштың жарығын автоматты түрде сөндірудің сезімталдығын Сіздің SUBARU дилерінде сөндіруге/ қосуға және баптауға болады. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін біз Сізге өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласуды ұсынамыз.

Ескерту және бақылау шамдары

■ Жүйені тексеру үшін шамның бастапқы қосылуы

Оталдыру құлпын "ON" қалпына ауыстыру кезінде бірқатар ескерту және бақылау шамдары қосылады. Осы арқылы олардың жұмысқа қабілеттілігін тексеру қамтамасыз етіледі.

Автокөлікті тұрақтық тежегішке орнатыңыз және оталдыру құлпын "ON" күйіне ауыстырыңыз. Жүйені тексеру үшін келесі шамдар қосылады, содан кейін бірнеше секундтан соң немесе қозғалтқышты іске қосқаннан кейін сөнеді.

- : Қауіпсіздік белдігінің тағылмағандығын ескерту шамы (Жүргізуші орындығының қауіпсіздік белдігінің тағылмағандығын ескерту шамы және алдыңғы орындықтағы жолаушының қауіпсіздік белдігінің тағылмағандығын ескерту шамы әрбір қауіпсіздік белдігін тағу кезінде ғана сөнеді).
- : Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ескерту шамы
- : Артқы орындықтың қауіпсіздік белдігінің бақылау шамы (егер орнатылған болса).
- ON/ : Алдыңғы орындықтағы жолаушының қауіпсіздік жастығының қосылғандығын бақылау шамы (егер орнатылған болса).
- OFF/ : Алдыңғы орындықтағы жолаушының қауіпсіздік жастығының сөндірілгендігін бақылау шамы (егер орнатылған болса).
- : Ақаулықты анықтауды бақылау шамы ("Check Engine" бақылау шамы).
- : Салқындатқыш сұйықтықтың төменгі температурасын бақылау шамы / Салқындатқыш сұйықтықтың жоғары температурасын ескерту шамы
- : Аккумуляторлық батареяның отыруын бақылау шамы.
- : Май қысымының төмендігін ескерту шамы.
- : Мотор майы мөлшерінің аздығын ескерту шамы.
- : Шыны жуатын сұйықтық мөлшерінің төмендігін ескерту шамы
- AT OIL TEMP: ATF температурасының ескерту шамы.

R.DIFF. TEMP: Артқы дифференциалдың майының температурасының ескерту шамы (егер орнатылған болса).

(ABS): ABS жүйесінің ескерту шамы.

(!): Тежегіш жүйесінің ескерту шамы (қызыл).

: Жанармай мөлшерінің аздығын ескерту шамы.

(!): Шинадағы ауа қысымының төмендігін ескерту шамы (егер орнатылған болса).

: Есіктің ашық екендігін ескерту шамы.

AWD: Толық жетек жүйесінің ескерту шамы

: Рөлдік басқарудың үдеткішінің ескерту шамы.

: VDC жүйесінің ескерту шамы/ VDC жүйесінің жұмысын бақылау шамы.

OFF: VDC жүйесінің сөндірілуін бақылау шамы.

: Круиз-бақылау жүйесінің бақылау шамы (егер орнатылған болса).

SET: Круиз-бақылау қондырғысының бақылау шамы (егер орнатылған болса).

: Шамдардың жарық шоғырының деңгейін автоматты реттегіштің ескерту шамы (егер орнатылған болса).

: Жарықдиодтық шамдардың ескерту шырағы.

SRH OFF: Бейімді бұрылыс шамдары жүйесінің ескерту шамы/ Бейімді бұрылыс шамдары жүйесін сөндіруді бақылау шамы (егер орнатылған болса).

: Бейімді алысқа түсірілетін жарық жүйесінің ескерту шамы / Бейімді алысқа түсірілетін жарық жүйесінің бақылау шамы (егер орнатылған болса).

: Шамның алысқа түсірілетін жарығы ассистентінің бақылау шамы (егер қарастырылған болса).

: Қашықтан басқару кілтінің ескерту шамы (егер орнатылған болса).

: X-MODE режімінің бақылау шамы.

(A): Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/тоқтату жүйесінің ескерту шамы / Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/тоқтату жүйесін ажыратудың бақылау шамы (сары) (егер орнатылған болса).

(A): Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесінің бақылау шамы (жасыл) (егер орнатылған болса).

: Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/тоқтату жүйесінің белсенділігінің жоқтығын бақылау шамы (егер орнатылған болса).

Егер қандай да бір ескерту немесе бақылау шамы жанбайтын болса, бұл шамның жанып кетуін немесе тиісті жүйенің жарамсыз екендігін куәландырады.
Мұндай жағдайларда біз Сізге жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін SUBARU ресми дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

■ Қауіпсіздік белдіктерінің тағылмағандығы туралы жарықтық және дыбыстық ескерту сигналы


ЕСКЕРТПЕ

Егер қауіпсіздік белдіктерінің тағылмағандығын ескертетін құрылғы Сіздің автокөлігіңізде төменде сипатталғандай жұмыс істемесе, ол ақаулы болуы мүмкін. Мұндай жағдайда біз Сізге бұл құрылғыны жақын жердегі SUBARU дилерінде тексеруді және қажет болса жөндеуді ұсынамыз.

- ЖАЛҒАСЫ –

▼ Жүргізушінің қауіпсіздік белдігінің тағылмағандығын ескерту құрылғысы

Сіздің автокөлігіңіз жүргізушінің қауіпсіздік белдігінің тағылмағандығын ескерту құрылғысымен жабдықталған.



Жүргізушінің қауіпсіздік белдігінің тағылмағандығын ескерту шамы

Оталдыру құлпын "ON" күйіне ауыстырғанда, бұл құрылғы жүргізушіге қауіпсіздік белдігін тағу қажеттілігі туралы ескерту жасап, аспаптар комбинациясындағы тағылмаған қауіпсіздік белдігінің ескерту шамын қосады.


Егер автокөлік 20 ш./сағ. аспайтын жылдамдықпен қозғалса және бұл ретте жүргізушінің қауіпсіздік белдігі тағылмаған болса, онда үнемі жанып тұратын ескерту шамы қосылады.

Егер одан әрі автокөлік жылдамдығы 20 ш./сағ. жететін болса, осы кезде жүргізушінің қауіпсіздік белдігі тағылмаған болса, онда ескерту шамы жанып, дыбыстық сигнал жұмыс істейтін болады. Егер осы уақытта қауіпсіздік белдігі тағылса, ескерту шамы сөнеді, ал дыбыстық сигнал дереу арада өз жұмысын тоқтатады.

Мұндай жұмыс режімі 2 минутқа созылады. Егер жүргізушінің қауіпсіздік белдігі тіпті 2 минуттық кезең өткеннен кейін де тағылмаған болса, ескерту шамы жыпылықтайды, ал дыбыс сигналы өз жұмысын тоқтатады. Дегенмен, ескерту шамы қауіпсіздік белдігі тағылғанша жанып тұратын болады.

▼ Алдыңғы орындықтың жолаушысының қауіпсіздік белдігінің тағылмағандығын ескерту құрылғысы (егер орнатылған болса)

Сіздің автокөлігіңіз алдыңғы орындықтағы жолаушының қауіпсіздік белдігінің тағылмағандығын ескерту құрылғысымен жабдықталған.



Алдыңғы орындықтағы жолаушының қауіпсіздік белдігінің тағылмағандығын ескерту шамы

Оталдыру құлпын "ON" күйіне ауыстырғанда, бұл құрылғы алдыңғы орындықтың жолаушысына суретте көрсетілген ескерту шамының көмегімен қауіпсіздік белдігін тағудың қажет екендігі туралы ескерту береді.

Егер автокөлік 20 ш./сағ. аспайтын жылдамдықпен қозғалса және бұл ретте алдыңғы орындықтағы жолаушының қауіпсіздік белдігі тағылмаған болса, онда тағылмаған қауіпсіздік белдігіне сәйкес келетін үнемі жанып тұратын ескерту шамы қосылады. Егер одан әрі автокөлік жылдамдығы 20 ш./сағ. жететін болса, осы кезде алдыңғы орындықтың жолаушысының қауіпсіздік белдігі тағылмаған болса, онда ескерту шамы жанып, дыбыстық сигнал жұмыс істейтін болады.
Егер осы уақытта қауіпсіздік белдігі тағылса, ескерту шамы сөнеді, ал дыбыстық сигнал дереу арада өз жұмысын тоқтатады.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


- **Жолаушының отыруын анықтау жүйесі жолаушының отыруын төменде келтірілген жағдайларда анықтай алмай қалуы мүмкін.**
  - **Жастықтар мен т. б. пайдаланғанда.**
  - **Егер орындықта бала немесе кішкентай ересек адам отырса.**
- **Төменде келтірілген сақтық шараларын ұстаныңыз. Оларды сақтамау алдыңғы орындықтың жолаушысының алдыңғы қауіпсіздік жастығының тиісті түрде жұмыс істеуіне кедергі келтіруі немесе жүйенің істен шығуына соқтыруы мүмкін.**
  - **Алдыңғы жолаушының орындығын қатты соққыламаңыз.**
  - **Артқы орындықтардың жолаушыларына аяқтарын алдыңғы орындықтың арқасының және жастығының арасына салуына жол бермеңіз.**
  - **Алдыңғы орындықтың арқасы мен жастығының арасында ешқандай затты қалдырмаңыз.**
  - **Алдыңғы жолаушының орындығына сұйықтық төкпеңіз. Сұйықтық төгілген жағдайда оны дереу арада сүртіңіз.**
  - **Алдыңғы жолаушының орындығын босатып алмаңыз және бөлшектемеңіз.**
  - **Алдыңғы жолаушының орындығының астына ешқандай заттарды (аяқ киім, қолшатырлар және т. б.) қоймаңыз.**

ЕСКЕРТПЕ

- **Егер жүргізушінің және алдыңғы жолаушының орындығының қауіпсіздік белдіктері бір мезетте тағылмаған болса (егер белдіктің біреуі екіншісінен едәуір бұрын немесе одан кешірек тағылса), дыбыстық сигнал біраз уақытқа ұзақ жұмыс істеуі мүмкін (максимум 10 секунд).**
- **Жолаушының отыруын анықтау жүйесі алдыңғы жолаушының орындығының бос еместігін анықтайды. Алайда, егер орындықта қандай да бір зат болса, егер орындықтар бос болса да тиісті қауіпсіздік белдіктерінің ескерту жүйесі қосылуы мүмкін.**

Егер жүргізушінің қауіпсіздік белдігі тіпті 2 минуттық кезең өткеннен кейін де тағылмаған болса, ескерту шамы жыпылықтайды, ал дыбыс сигналы өз жұмысын тоқтатады. Соған қарамастан, ескерту шамы тиісті қауіпсіздік белдігі тағылғанша жануды жалғастыратын болады.

■ Артқы орындықтың қауіпсіздік белдігінің бақылау шамы және дыбыстық сигналы (Австралияға арналған моделдер)



1) Артқы орындық (сол жақтағы).
2) Артқы орындық (ортаңғы).
3) Артқы орындық (оң жақтағы).

Бұл бақылау шамының орналасуы суретте көрсетілген. Тек қана қауіпсіздік белдіктері тағылмаған орындықтардың
ескерту шамдары жанады.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Жолаушының отыруын анықтау жүйесі жолаушының (жолаушылардың) отыруын төменде келтірілген жағдайларда анықтай алмай қалуы мүмкін.**
  - **Жастықтар мен т. б. пайдаланғанда.**
  - **Егер орындықта бала немесе кішкентай ересек адам отырса.**
- **Төменде келтірілген сақтық шараларын ұстаныңыз.**
  - **Артқы орындықта қатты соққы жасамаңыз.**
  - **Егер орындықта қандай да бір заттар болса, орындықтың арқасын алға қарай бүктемеңіз.**
  - **Артқы орындыққа сұйықтықты төкпеңіз. Сұйықтық төгілген жағдайда оны дереу арада шүберекпен сүртіңіз.**
  - **Артқы орындықты алып тастамаңыз және бөлшектемеңіз.**

ЕСКЕРТПЕ

Жолаушының отыруын анықтау жүйесі алдыңғы жолаушының орындығының бос еместігін анықтайды. Алайда, егер орындықта қандай да бір зат болса, егер орындықтар бос болса да тиісті қауіпсіздік белдіктерінің ескерту жүйесі қосылуы мүмкін.

■ Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ескерту шамы

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


Егер қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ескерту шамының жұмысының сипаты төменде көрсетілген тармақтардың кез келген біреуіне сәйкес келсе, бұл кергіштер және/немесе қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ақауын білдіруі мүмкін. Жүйені тексеру үшін дереу арада SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз. Егер тексеру мен қажетті жөндеу жүргізілмесе, бұл соқтығысу жағдайында қауіпсіздік белдіктерінің кергіштері мен қауіпсіздік жастықтарының дұрыс жұмыс істемеуіне әкелуі мүмкін, ал бұл өз кезегінде жарақат алу қаупінің жоғары болуымен байланысты.

- **Ескерту шам жыпылықтайды немесе жарқырайды.**

- **Оталдыру құлпын "ON" күйіне ауыстырған кезде ескерту шамы жанбайды.**
- **Ескерту шамы үнемі жанып тұрады.**
- **Ескерту шамы автокөліктің қозғалысы кезінде жанып тұрады.**

Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ескерту шамы туралы неғұрлым толық ақпарат алу үшін "Қауіпсіздік жастығы жүйесінің күйін бақылау" бөлімін қараңыз ☞1-96.

■ Алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосылуын және сөндірілуін бақылау шамдары (егер орнатылған болса)



ON/ Алдыңғы орындықтағы жолаушының қауіпсіздік жастығының қосылуын бақылау шамы.

OFF/ :Алдыңғы орындықтағы жолаушының қауіпсіздік жастығының сөндірілуін бақылау шамы.

Алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосылуын және сөндірілуін бақылау шамдары алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының жай-күйін көрсетеді.

Оталдыру құлпын "ON" күйіне ауыстырғаннан кейін екі бақылау шамы да, қосылуы мен сөндірілуінің, жүйені тексеру барысында 6 секундқа қосылады. Жүйені тексеру кезінде екі бақылау шамы да 2 секундқа сөндіріледі. Осыдан кейін бақылау шамдарының бірі, алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының күйіне байланысты қосылады.

Егер алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы қосулы болса, алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосылуын бақылау шамы жанады, ал сөнуін бақылау шамы сөнетін болады.
Егер алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы сөндірулі болса, алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосылуын бақылау шамы сөнген күйде қалады, ал сөнуін бақылау шамы жанады.

Оталдыру құлпын "ON" күйіне ауыстырған кезде, егер екі бақылау шамы да, қосылуы мен сөндірілуінің, бір мезетте

жанса немесе тексеру кезеңі аяқталғаннан кейін сөнсе, онда жүйе ақаулы. Мұндай жағдайларда біз Сізге диагностика жұмыстарын жүргізу үшін дереу арада өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласуды ұсынамыз.

■ Ақауды анықтаудың бақылау шамы ("Check Engine" бақылау шамы)

▼ OBD жүйесімен жабдықталған моделдер

Кейбір едерде сатылатын автокөліктер де OBD жүйесімен жабдықталуы мүмкін. Біз Сізге Сіздің автокөлігіңіздің OBD жүйесімен жабдықталғанын немесе жабдықталмағандығын SUBARU дилерінде анықтауға кеңес береміз.

OBD жүйесі қоршаған ортаны қорғауға арналған. Оның жұмысы автокөліктің барлық қызмет мерзімі бойы атмосфераға шығарындысының деңгейінің нормадан аспауына бағытталған.

Егер қозғалтқыштың жұмысы барысында ақауды анықтаудың бақылау шамы жыпылықтаса, онда бұл кемінде пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесінде ақаудың барын немесе ықтимал ақаудың барын, сондай-ақ диагностика және жөндеу бойынша тиісті жұмыстарды жүргізу қажеттілігін білдіреді. OBD жүйесі техникалық орталық қызметкерлерінің ақау себебін дұрыс анықтауына көмектеседі.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Егер ақауды анықтауды бақылау шамы автокөліктің қозғалысы барысында жанса, біз Сізге мүмкіндік пайда бола салысымен диагностика/ жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласуды ұсынамыз. Олай болмаған жағдайда Сіздің автокөлікті пайдалануды жалғастыруыңыз басқа да ақаулардың орын алуына әкеліп соқтыруы мүмкін, ал кепілдік міндеттемелер оларға қатысты емес.

▽ Егер ақауды анықтауды бақылау шамы үнемі жанып тұрса

Егер бақылау шамы автокөліктің қозғалысы кезінде жанатын болса және қозғалтқышты іске қосқаннан кейін тоқтаусыз жанатын болса, онда бұл пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесінің ақаулығын білдіреді.

Мұндай жағдайларда біз Сізге Сіздің автокөлігіңізге диагностика жүргізу үшін SUBARU ресми дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

▽ Егер ақауды анықтауды бақылау шамы жыпылықтаса

Егер бақылау шамы автокөліктің қозғалысы кезінде жыпылықтайтын болса, онда бұл қозғалтқышта оталдырудың кемшілігінің анықталғанын білдіреді, ал бұл өз кезегінде пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесінің зақымдануына әкеліп соқтыруы мүмкін. Пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесінің айтарлықтай зақымдануын болдырмау үшін Сізге келесі шараларды қолдану- ыңыз қажет.

- Автокөліктің жылдамдығын төмендетіңіз.
- Шұғыл жеделдетуден аулақ болыңыз.
- Биік өрге қарай жүруден аулақ болыңыз.
- Мүмкін болса, тасымалданатын жүктің салмағын азайтыңыз.
- Мүмкіндік пайда бола салысымен тіркемені тіркеп сүйреуді тоқтатыңыз.

Бірнеше сапардан кейін ақауды анықтауды бақылау шамы жыпылықтауды тоқтатып,

үздіксіз жануды бастауы мүмкін. Мұндай жағдайларда біз Сізге Сіздің автокөлігіңізге диагностика жасау жұмыстарын жүргізу үшін дереу арада SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

▼ Борттық диагностика жүйесімен (OBD) жабдықталмаған моделдер

Егер ақауды анықтауды бақылау шамы қозғалтқыш жұмысы кезінде жанатын болса, онда бұл қозғалтқышты басқару жүйесінде қандай да бір ақаулардың бар екендігін білдіруі мүмкін.
Егер ақауды анықтауды бақылау шамы автокөліктің қозғалысы кезінде жанса немесе қозғалтқышты іске қосқаннан кейін сөнбейтін болса, біз Сізге дереу арада жақын жердегі SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

■ Салқындатқыш сұйықтықтың температурасының төмендігін ескерту шамы/ Салқындатқыш сұйықтықтың температурасының жоғарылауын ескерту шамы

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Егер оталдыру құлпын "ON" күйіне ауыстырғаннан кейін бұл бақылау/ ескерту шамы төменде сипатталғандай жұмыс істесе, бұл электрлік жүйеде ақаудың болуы мүмкін екенін көрсетеді. Мұндай жағдайларда біз Сізге диагностика жұмыстарын жүргізу үшін дереу арада өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласуды ұсынамыз.**
  - **Шам ҚЫЗЫЛ түспен жыпылықтауды жалғастырады.**
  - **Шам 2 секундтан астам уақыт бойы ҚЫЗЫЛ түспен жанып тұруды жалғастырады.**
  - **Шам ҚЫЗЫЛ және КӨК түспен кезекпен жыпылықтауды жалғастырады.**
- **Егер қозғалыс кезінде бұл бақылау/ ескерту шамы төменде сипатталғандай жұмыс істесе, төменде көрсетілген тиісті шараларды қолданыңыз.**
  - **ҚЫЗЫЛ түспен жыпылықтату немесе жану:**
    Барынша дереу арада автокөлікті қауіпсіз жерде тоқтатыңыз және қозғалтқыш қызып кететін жағдай үшін қарастырылған әрекеттерді орындаңыз. Осыдан кейін біз Сізге жүйені тексеру үшін ең жақын жердегі SUBARU дилеріне хабарласу керектігі туралы кеңес береміз. "Қозғалтқыштың қызып кетуі" бөлімін қараңыз ☞9-16.
  - **ҚЫЗЫЛ және КӨК түспен кезекпен жыпылықтау: Электрлік жүйеде ақаудың болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда біз Сізге диагностика жұмыстарын жүргізу үшін SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.**

Осы салқындатқыш сұйықтықтың температурасының төмендігін ескерту шамы/ Салқындатқыш сұйықтықтың температурасының жоғарылығын ескерту шамы үш функцияны орындайды.

- ЖАЛҒАСЫ –

- **КӨК** түспен жанады - қозғалтқыштың қыздырылуының жеткіліксіздігін көрсетеді.
- **ҚЫЗЫЛ** түспен жыпылықтайды - қозғалтқыштың қызып кетуге жақын екендігін көрсетеді.
- **ҚЫЗЫЛ** түспен жанады - қозғалтқыштың қызып кеткендігін көрсетеді.

Жүйені оталдыру құлпын "ON" күйіне ауыстырғаннан кейін бақылау үшін бұл бақылау/ ескерту шамы шамамен 2 секунд бойы **ҚЫЗЫЛ** түспен жанып тұрады. Осыдан кейін бұл бақылау/ ескерту шамының түсі **КӨК** түске өзгереді және **КӨК** түспен жанады. Қозғалтқышты жеткілікті қыздырғаннан кейін **КӨК** түспен жанып тұрған бұл шам сөнеді.

Егер қозғалтқышты салқындату сұйықтығының температурасы қалыптастырылған деңгейден асып кетсе, осы бақылау/ ескерту шамы **ҚЫЗЫЛ** түспен жыпылықтайтын болады. Мұндай жағдай қозғалтқыштың қызып кетуге жақын екендігін білдіреді.

Егер қозғалтқышты салқындату сұйықтығының температурасы жоғарылауын жалғастыратын болса, осы бақылау/ ескерту шамы **ҚЫЗЫЛ** түспен жанатын болады. Мұндай жағдай қозғалтқыштың қызып кетуінің мүмкін екендігін білдіреді.

Егер осы бақылау/ ескерту шамы **ҚЫЗЫЛ** түспен жанатын немесе жыпылықтайтын болса, барынша дереу арада автокөлікті қауіпсіз жерде тоқтатыңыз және қозғалтқыш қызып кететін жағдай үшін қарастырылған әрекеттерді орындаңыз. "Қозғалтқыштың қызып кетуі" бөлімін қараңыз ☞9-16. Осыдан кейін біз Сізге жүйені тексеру үшін ең жақын жердегі SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

Сонымен қатар, егер бұл бақылау/ ескерту шамы **ҚЫЗЫЛ** түспен жиі жыпылықтаса, бұл электрлік жүйеде ақаудың болуының мүмкін екендігін білдіреді. Мұндай жағдайларда біз Сізге диагностика жүргізу үшін өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласуды ұсынамыз.

ЕСКЕРТПЕ

Бұл бақылау/ ескерту шамы белгілі бір жағдайлардағы қозғалыстан кейін қозғалтқышты қайта іске қосу кезінде ҚЫЗЫЛ түспен жануы мүмкін. Алайда, егер бұл бақылау/ ескерту шамы аз уақыт аралығы өткеннен кейін сөнетін болса, онда бұл ақаудың бар екендігін білдірмейді.

■ Аккумуляторлық батареяның отыруын ескерту шамы



Егер бұл бақылау шамы қозғалтқыш жұмысы кезінде жанатын болса, онда бұл аккумуляторлық батарея жүйесінде қандай да бір ақаулардың бар екендігін білдіруі мүмкін.

Егер бұл шам автокөліктің қозғалысы кезінде немесе қозғалтқышты іске қосқаннан кейін жанатын болса, мүмкіндік пайда бола салысымен қозғалтқышты тиісті сақтық шараларын сақтай отырып сөндіріңіз және генератордың белдігінің күйін тексеріңіз. Егер генератордың белдігі бос керілген немесе үзілген болса, сондай-ақ белдіктің күйі жақсы болғанда шам жанбайтын болса, біз Сізге дереу арада жақын жердегі SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

■ Май қысымының төмендігін ескерту шамы



Егер бұл шам қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде жанса, онда бұл майдың қысымының төмен екендігін, сондай-ақ майлау жүйесінде ақаулардың бар екендігін білдіруі мүмкін.

Егер бұл шам автокөліктің қозғалысы кезінде немесе қозғалтқышты іске қосқаннан кейін жанатын болса, мүмкіндік пайда бола салысымен қозғалтқышты тиісті сақтық шараларын сақтай отырып сөндіріңіз және генератордың белдігінің күйін тексеріңіз. Майдың деңгейі төмен болса дереу арада қозғалтқышқа май құйыңыз. Егер мотор майының деңгейі қалыпты шама шегінде болса, ал шам сөнбесе, біз Сізге дереу арада жақын жердегі SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.
Май деңгейін тексеру және моторға май құю тәртібі туралы толығырақ ақпарат алу үшін "Мотор майы" бөлімін қараңыз ☞11-14.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Май қысымының төмен екендігін ескерту шамы жанып тұрса, қозғалтқыштың жұмыс істеуіне жол бермеңіз. Керісінше жағдайда бұл қозғалтқыштың елеулі сынықтарына әкеліп соқтыруы мүмкін.

■ Мотор майы деңгейінің төмендігін ескерту шамы



Бұл бақылау шамы мотор майының деңгейі төменгі шегіне дейін азайған жағдайда жанады.

Егер автокөліктің қозғалысы барысында ескерту шамы жанса, көлікті көлденең бетті қауіпсіз жерде тоқтатып, мотор майының деңгейін тексеріңіз. Егер мотор майының деңгейі қалыпты ауқымға сәйкес келмесе, қажет болса моторға май құйыңыз. "Мотор майы" бөлімін қараңыз ☞ 11-14.
Егер мотор майын құйғаннан кейін ескерту шамы сөнбесе немесе шам мотор майының деңгейі қалыпты шамада болғанда да жанып тұрса, біз SUBARU дилерінде автокөлікті тексертуге кеңес береміз.

ЕСКЕРТПЕ

Егер қозғалтқыш мотор майын құйған соң немесе майды ауыстырған соң бірден іске қосылған болса, ескерту шамы қосулы күйде қалуы мүмкін. Мұндай жағдайда автокөлікті тегіс алаңда тоқтатыңыз және май деңгейі орнатылғанша бір минуттан артық уақыт күтіңіз,

содан кейін ескерту шамы сөнеді.

▼ Ұсыныстар

Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/тоқтату жүйесі бар моделдер үшін:

- Мотор майының деңгейінің төмендегін ескерту шамы мотор майын ауыстырғаннан кейін немесе майды құйғаннан кейін бірден сөнбейді. Ол автокөліктің қозғалысы басталғаннан кейін сөнеді. Қозғалыс жағдайы мен қоршаған орта жағдайына байланысты автокөліктің қозғалысы барысында шамның сөнуі шамамен 10 минут уақыт аралығын алуы мүмкін. Егер шам 15 минут өткеннен кейін сөндірілмесе, біз Сізге өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласуды ұсынамыз.
- Келесі жағдайларда ескерту индикаторы уақытша қосылуы мүмкін, өйткені, қозғалтқышта майдың айтарлықтай шайқалуы нәтижесінде оның мөлшерінің аздығы анықталатын болады:
  – егер автокөлік еңістe немесе баспалдақта едәуір еңкейтілген болса;
  – егер автокөлік ұзақ уақыт бойы жылдамдаса немесе баяуласа;

– егер автокөлік ұзақ уақыт бойы бұрылатын болса;
– егер автокөлік ұзақ уақыт бойы қыры мен еңісі кезектесіп отыратын жолмен ұзақ уақыт бойы қозғалатын болса.

Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/тоқтату жүйесі жоқ моделдер үшін:

- Мотор майының деңгейінің төмендігін ескерту шамы оталдыру құлпын "LOCK"/"OFF"күйіне ауыстырған кезде сөнеді. Алайда, қозғалтқышты келесі іске қосу кезінде, егер мотор майының деңгейі төменгі шегіне дейін төмендесе, ескерту шамы қозғалтқыш іске қосылғанда қайта қосылатын болады.
- Автокөлік қатты көлбеу немесе тік жерде болған кезде, ескерту шамы қозғалтқышта мотор майының шайқалуына байланысты уақытша жануы мүмкін.

■ ATF температурасының ескерту шамы

AT OIL TEMP

Егер бұл шам қозғалтқыш жұмысы кезінде жанса, онда бұл трансмиссиялық сұйықтықтың температурасының нормадан жоғары екенін білдіреді.

Бұл шам автокөліктің жұмысы кезінде қосылатын болса, дереу арада ең жақын қауіпсіз жерге автокөлікті тоқтатыңыз және ескерту шамы сөнгенше қозғалтқыштың бос жүріс режімінде жұмыс істеуіне мүмкіндік жасаңыз.

▼ Трансмиссияны басқару жүйесінің ақаулары туралы ескерту

Егер қозғалтқышты іске қосқаннан кейін ATF температурасының ескерту шамы жыпылықтаса, онда бұл трансмиссияны басқару жүйесінің жұмысының ақауының бар екендігін білдіреді. Біз Сіздің автокөлігіңізге техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды жүргізу үшін дереу арада жақын жердегі SUBARU дилеріне жүгінуге кеңес береміз.

■ Артқы дифференциалдың май температурасының ескерту шамы (егер орнатылған болса)

R.DIFF TEMP

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Егер артқы дифференциалдың майының температурасының ескерту шамы ("R.DIFF TEMP") жанса, қозғалыс жылдамдығын төмендетіңіз, содан кейін мүмкіндік пайда бола салысымен автокөлікті жақын маңдағы қауіпсіз жерде тоқтатыңыз. Осы шам қосулы болғанда қозғалысты ұзақ уақыт бойы жалғастыру артқы дифференциалдың және басқа да күш беру бөлшектерінің зақымдануына әкелуі мүмкін.

Егер бұл шам қозғалтқыш жұмысы кезінде жанса, онда бұл артқы дифференциалға арналған сұйықтықтың температурасының нормадан жоғары екенін білдіреді.Егер бұл ескерту шамы автокөліктің қозғалысы кезінде жанатын болса, қозғалыс жылдамдығын төмендетіңіз, содан кейін мүмкіндік пайда бола салысымен автокөлікті жақын маңдағы қауіпсіз жерде тоқтатыңыз. Автокөлікті бірнеше

минутқа тұрақтатыңыз. Шам сөнгеннен кейін, Сіз қозғалысты жалғастыра аласыз.
Егер бұл шам сөнсе, тексеру және жөндеу үшін жақын жердегі SUBARU дилеріне жүгінуіңізді ұсынамыз.

ЕСКЕРТПЕ

- **Шиналардағы қысым дұрыс болмаса және/ немесе барлық шиналардың өлшемдері мен маркалары бірдей болмаса, онда автокөліктің қозғалысы барысында артқы дифференциалға қатты күштің түсуі, соның нәтижесінде май температурасының шамадан тыс артуы мүмкін.**
- **Егер артқы дифференциал майының температурасы ескерту шамы жанатындай артатын болса, майдың сапасы нашарлайды. Мүмкіндік пайда бола салысымен артқы дифференциалға арналған майды ауыстырған жөн.**

■ Шиналардағы ауа қысымының төмендігін ескерту шамы (егер орнатылған болса)

Егер оталдыру құлпы "ON" күйіне келтірілген болса, шинадағы ауаның қысымының төмендігін ескерту шамы шиналардағы ауа қысымының мониторинг жүйесінің (TPMS) жұмысының дұрыстығын тексеру үшін шамамен 2 секундқа қосылады. Егер жүйе қалыпты жұмыс істесе, ал барлық төрт шинадағы ауа қысымы TPMS жүйесі таңдаған режимге сәйкес келсе, ескерту шамы сөнеді. TPMS жүйесінің режімінің шиналардағы қысымның нормативтік шамалары тақтайшада көрсетілген қысым шамасына сәйкес болуы тиіс. Режімді ауыстыру және оны таңдау туралы ақпарат "Шиналардағы ауа қысымының мониторингі жүйесі (TPMS)" бөлімінде берілген ☞11-26.
Қосалқы дөңгелектің шинасын қоса алғанда (егер орнатылған болса), әрбір шина айына бір рет суық күйде тексерілуі тиіс және автокөліктің өндірушісі ұсынған шиналардағы қысымның нормативтік шамалар тақтайшасындағы қысымға дейін үрілуі тиіс. (Егер Сіздің автокөлігіңізде шиналардағы ауа қысымының нормативтік шамаларының тақтайшасында көрсетілгеннен басқа өлшемді шиналар орнатылған болса, Сіз осы шиналар үшін дұрыс ауа қысымын анықтауыңыз керек.)
Қауіпсіздік деңгейін арттыратын қосымша функция ретінде Сіздің автокөлігіңіз шиналардағы ауа қысымының мониторинг жүйесімен (TPMS) жабдықталған, ол бір немесе одан да көп шиналардың желі айтарлықтай шыққан болса, шинадағы қысымның азайғандығын ескерту шамын қосады. Сәйкесінше, шиналардағы ауа қысымының төмендігін ескерту шамы қосылған кезде Сіз мүмкіндігінше тез арада тоқтап, шиналарды тексеруіңіз және оларды қажетті қысымға дейін үруіңіз керек. Желі едәуір шыққан шиналармен қозғалыс шиналардың қызып кетуіне және олардың ақауланауына әкеледі. Сонымен қатар, шиналардың желі шыққан кезде жанармайдың шығыны артады және шина протекторының қызмет ету мерзімі азаяды, сондай-ақ бұл автокөліктің басқарылуын және оның тоқтауға қабілеттілігін төмендетуі мүмкін.
TPMS жүйесінің шиналарға дұрыс қызмет көрсетудің қажеттілігінің орнын толтырмайтындығына және шинадағы ауа қысымының қажетті шамада болуы үшін жүргізуші жауапты екендігіне назар аударуыңызды өтінеміз, егер тіпті қысымның кему шамасы TPMS жүйе-

- ЖАЛҒАСЫ –

сінің шиналардағы ауа қысымының төмендігін ескерту шамының іске қосылатын деңгейіне дейін төмендемеген болса да. Сонымен қатар, Сіздің автокөлігіңіз TPMS жүйесінің жұмысының дұрыстығын көрсететін жүйені бақылау шамымен жабдықталған. TPMS жүйесінің ақаулығын бақылау шамы шиналардағы ауа қысымының төмендігін ескерту шамымен біріктірілген. Егер жүйе ақауды анықтаса, ескерту шамы шамамен бір минут бойы жыпылықтайды, содан кейін үнемі қосулы күйде қалады. Бұл кезек қозғалтқышты келесі іске қосу кезінде де, ақау жойылмайынша сақталады. Егер ақауды бақылау шамы қосулы болса, жүйе күтілетіндей, шиналардағы ауа қысымының төмендігін анықтауға және ол туралы сигнал беруге қабілетсіз болуы мүмкін. TPMS жүйесінің ақауы әр түрлі себептермен пайда болуы мүмкін, соның ішінде автокөлікке қосалқы немесе балама шиналарды немесе дөңгелектерді орнату да бар, бұл TPMS жүйесінің қалыпты жұмыс істеуіне кедергі келтіреді. Автокөліктің бір немесе одан көп шинасын немесе дөңгелектерін ауыстырғаннан кейін қосалқы немесе балама шиналардың немесе дөңгелектің TPMS жүйесінің қалыпты жұмыс істеуіне мүмкіндік беретіндігіне көз жеткізу үшін TPMS жүйесінің ақауын бақылау шамын міндетті түрде тексеріңіз. Егер ескерту шамы жыпылықтағаннан кейін бір минут бойы үздіксіз жанатын болса, біз дереу арада жақын жердегі SUBARU дилерінде жүйені тексертуді ұсынамыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Егер бұл шам оталдыру құлпын "ON" күйіне ауыстырғаннан кейін аз уақыт аралығында қосылмаса немесе шам жыпылықтағаннан кейін шамамен бір минут бойы жанып тұратын болса, біз дереу арада SUBARU дилерінде шиналардағы ауа қысымының мониторинг жүйесін тексеруді ұсынамыз.

Егер бұл шам қозғалыс кезінде қосылса, кенеттен тежемеңіз, жылдамдықты қозғалысты жалғастыра отырып бірте - бірте төмендетіңіз. Содан кейін байыппен жол шетіне шығып, қауіпсіз жерде тұрақтаңыз. Керісінше жағдайда, автокөліктің зақымдалуы мүмкін және жарақаттауы ықтимал.

Егер бұл шам шинадағы қысымды реттегеннен кейін қозғалыс кезінде жануды жалғастырса, шинаның айтарлықтай зақымдануы мүмкін және қатты жылымдану ауаның жылдам ағуына әкелуі ықтимал. Егер Сіздің шинаңыздан жел шығып кеткен болса, оны мүмкіндігінше тезірек ауыстырыңыз.

Егер қосалқы дөңгелек орнатылса немесе ауыстырылған дөңгелектің жиегіне түпнұсқа қысым қадағасы/таратқыш орнатылған болса, шинадағы ауаның қысымының төмендігін ескерту шамы бір минут бойы жыпылықтағаннан кейін үздіксіз жанатын болады. Бұл TPMS жүйесінің барлық төрт дөңгелекті бақылауға қабілетсіздігін көрсетеді. Біз Сіздің шина мен қадағаны ауыстыру және/немесе жүйені қайта баптау үшін SUBARU дилеріне барынша дереу арада хабарласқаныңыздың дұрыс екендігін ескертеміз.

Егер шам шамамен бір минут бойы жыпылықтаудан соң үздіксіз жанып тұрса, жүйені тексеру үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Шиналардағы ауа қысымының мониторинг жүйесі шиналардағы ауа қысымын қолша тексеруді алмастыру БОЛЫП ТАБЫЛМАЙДЫ. Шиналардағы ауа қысымын арасында (кемінде ай сайын) манометрдің көмегімен тексеріп отыру қажет. TPMS жүйесінің режимін шиналардағы ауа қысымының нормативтік шамаларының тақтайшасында белгіленген қысымға сәйкес өзгертіңіз. Шинадағы (шиналардағы) ауа қысымының кез келген өзгерісінен кейін автокөліктің жылдамдығы алғашқы сапарда 40 ш./сағ. дейін жетпейінше шинадағы ауа қысымының мониторинг жүйесі қысымды тексермейді. Шиналардағы ауа қысымын реттегеннен кейін, TPMS жүйесі арқылы шиналардағы ауа қысымын қайта тексеруді іске қосу үшін автокөліктің жылдамдығын кемінде 40 ш./сағ. дейін арттырыңыз.

Егер шиналардағы ауа қысымы қысымның төмендеуінің шектік мәнінен асып кетсе, шиналардағы ауа қысымының төмендігін ескерту шамы бірнеше минуттан кейін қосылуы тиіс. Сәйкесінше, алдыңғы және артқы шиналар үшін берілген өлшемдерді қалыптастырыңыз.

■ ABS жүйесінің ескерту шамы

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Төменде көрсетілген жағдайлардың кез келгені туындаған жағдайда Сізге мүмкіндік пайда бола салысымен Сіздің SUBARU дилерінде ABS жүйесін тексертуге кеңес береміз.**
  - **Ескерту шамы оталдыру құлпын "ON" күйіне ауыстырғанда жанбайды.**
  - **Оталдыру құлпын "ON" күйіне ауыстырғанда ABS жүйесінің ескерту шамы жанады, алайда, ол автокөліктің қозғалыс жылдамдығы шамамен 40 ш./сағ. болғанда да сөнбейді.**
  - **Ескерту шамы автокөліктің қозғалысы кезінде жанады.**
- **Егер ABS жүйесінің ескерту шамы қосулы болса (тежегіш жүйесінің ескерту шамы сөндірулі), ABS жүйесінің функциялары сөнеді. Алайда дәстүрлі тежеу жүйесі қалыпты жұмыс істеуін жалғастырады.**

ABS жүйесінің ескерту шамы EBD жүйесінде ақау болған кезде тежеу жүйесінің ескерту шамымен бірге жанады. EBD жүйесінің апаттық индикациясы туралы неғұрлым толық ақпарат алу үшін "Тежеу күшінің таратылуының электрондық жүйесінің ескерту шамы (EBD)" бөлімін қараңыз" ☞3-32.

ЕСКЕРТПЕ

ABS жүйесінің жұмысының қалыпты екендігін ABS жүйесінің ескерту шамының төменде көрсетіліп отырған жұмыс режимдері білдіреді.

- **Ескерту шамы оталдыру құлпын "ON" күйіне ауыстырғанда жанады және қозғалтқышты іске қосқаннан кейін шамамен 2 секундтан кейін сөнеді.**

- **Ескерту шамы қозғалтқыш іске қосылғаннан кейін бірден жанады, бірақ, бірден сөнеді де, одан кейін жанбайды.**
- **Ескерту шамы қозғалтқышты іске қосқаннан кейін жанады және автокөліктің жылдамдығы шамамен 40 ш./ сағ. жеткенге дейін жанып тұрады.**
- **Ескерту шамы автокөліктің қозғалысы кезінде жанады, бірақ, бірден сөнеді де, одан кейін жанбайды.**

ABS жүйесінің ескерту шамы отырған аккумуляторлық батареямен қозғалғанда, мысалы, автокөлікті сыртқы қуат көзінен іске қосқаннан кейін жануы мүмкін. Бұл аккумуляторлық батареяның қуатының төмендігінің салдары болып табылады және ақаудың бар екендігін білдірмейді. Аккумуляторлық батарея толық қуатталғаннан кейін ABS жүйесінің ескерту шамы сөнеді.

■ VDC жүйесінің ескерту шамы / VDC жүйесі жұмысының бақылау шамы



▼ VDCжүйесінің ескерту шамы

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

VDC жүйесі ABS жүйесінің электрлік тізбегі арқылы ABS жүйесін басқаруды жүзеге асырады. Сәйкесінше, егер ABS жүйесі істен шықса, онда VDC жүйесі оны басқаруды жүзеге асыра алмайды. Нәтижесінде VDC жүйесі істен шығады, ал бұл ескерту шамның іске қосылуына себеп болады. Тіпті ABS жүйесі мен VDC жүйесі жұмыс істемеген жағдайда да, автокөліктің дәстүрлі тежегіш жүйесі өзінің жұмысқа қабілеттілігін сақтайды. Бұл ретте басқару қауіпсіздігі сақталады, бірақ автокөлікті ұқыптылықпен басқару керек. Мұндай жағдайларда біз Сізге диагностика жұмыстарын жүргізу үшін мүмкіндік пайда бола салысымен SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

ЕСКЕРТПЕ

- **VDC жүйесінің электрлік тізбегі істен шыққанда немесе ақаулы болса тек қана ескерту шамы жанады. Бұл ретте ABS жүйесі (тежегіштерді бұғаттауға қарсы жүйе) өзінің жұмысқа қабілеттілігін толық сақтайды.**
- **Ескерту шамы ABS жүйесінің/ VDC жүйесінің электрондық басқару жүйесі істен шаққанда немесе ақаулы болғанда жанады.**

VDC жүйесінің ескерту шамының төменде келтіріліп отырған жұмыс режімдері жүйенің істен шыққандығын білдіруі мүмкін. Мұндай жағдайларда біз Сізге Сіздің автокөлігіңізге диагностика жасау жұмыстарын жүргізу үшін дереу арада SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

- Ескерту шамы оталдыру құлпын "ON" күйіне ауыстырғанда жанбайды.
- Ескерту шамы автокөліктің қозғалысы кезінде жанады.

ЕСКЕРТПЕ

VDC жүйесінің жұмысының қалыпты екендігін VDC жүйесінің ескерту шамының төменде көрсетіліп отырған жұмыс режімдері білдіреді.

- **Ескерту шамы оталдыру құлпын "ON" күйіне ауыстырғанда жанады және қозғалтқышты іске қосқаннан кейін шамамен 2 секундтан кейін сөнеді.**
- **Ескерту шамы қозғалтқыш іске қосылғаннан кейін бірден жанады, бірақ, бірден сөнеді де, одан кейін жанбайды.**
- **Ескерту шамы қозғалтқышты іске қосқаннан кейін жанады және автокөлік қозғалысты бастағаннан кейін сөнеді.**
- **Ескерту шамы автокөліктің қозғалысы кезінде жанады, бірақ, бірден сөнеді де, одан кейін жанбайды.**
- **Ескерту шамы қозғалтқышты сөндіргенде қосылады және қайтадан іске қосқаннан кейін жануын жалғастырады. Алайда, ол автокөлік қозғалысты бастағанда сөнеді.**

▼ VDC жүйесі жұмысының бақылау шамы

Бұл бақылау шамы сырғып кетуін болдырмау функциясын іске қосқан кезде және тарту күшін реттеу функциясын іске қосқан кезінде жыпылықтайды.

ЕСКЕРТПЕ

- **Бақылау шамы қозғалтқышты іске қосқаннан кейін, әсіресе, ауа-райы суық болғанда, біраз уақытқа қосылуы мүмкін. Бұл қандай да бір ақаудың бар екендігінің дәлелі емес. Қозғалтқыш қызғаннан кейін бақылау шамы бірден сөнеді.**
- **Бұл бақылау шамы ақауды анықтауды бақылау шамының/ "CHECK ENGINE" ескерту шамының ("Қозғалтқышты тексеріңіз") қосылуына соқтырған қозғалтқыштың қандай да бір ақауы анықталған кезде жанады.**

Бұл шамның төменде беріліп отырған жұмыс режімі VDC жүйесінің ақауының ықтимал екендігін білдіреді. Біз Сіздің автокөлігіңізді диагностикалау бойынша жұмыстарды жүргізу үшін SUBARU дилеріне мүмкіндік пайда бола салысымен баруға кеңес береміз.

- Бақылау шамы қозғалтқышты іске қосқаннан кейін бірнеше минуттан кейін де сөнбейді (қозғалтқыш қыздырылып үлгерген кезде).

■ VDC жүйесінің сөнуін бақылау шамы



Бұл шам VDC жүйесін сөндіру үшін VDC жүйесінің ажыратқышын басқан кезде немесе ауыстырып қосқан кезде жанады.

Бұл шамның төменде беріліп отырған жұмыс режімі VDC жүйесінің ақауының ықтимал екендігін білдіреді. Мұндай жағдайларда біз Сізге Сіздің автокөлігіңізге диагностика жасау жұмыстарын жүргізу үшін дереу арада SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

- Шам оталдыру құлпын "ON" күйіне ауыстырғанда жанбайды.
- Шам оталдыру құлпын "ON" күйіне ауыстырғаннан кейін біраз уақыт, шамамен 2 секунд өткеннен кейін де сөнбейді.

■ Тежегіш жүйесінің ескерту шамы(қызыл)

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Тежегіш жүйесінің ақауын ескерту шамы жанып тұрған кезде автокөлікпен қозғалу - қауіпті. Бұл Сіздің автокөлігіңіздің тежегіш жүйесінің тиісінше жұмыс істей алмайтындығын білдіреді. Егер ескерту шамы жанып тұруды жалғастыратын болса, біз Сізге Сіздің автокөлігіңіздің тежегіш жүйесіне диагностика жүргізу үшін дереу арада SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.**
- **Егер Сізде автокөліктің тежегіш жүйесінің жұмысқа қабілеттілігіне қатысты үлкен күмән туындаса автокөлікті басқармаған жөн. Жөндеу жүргізу үшін Сіздің автокөлігіңізді SUBARU ресми дилеріне жеткізу үшін біз Сізге эвакуатор қызметін пайдалануды ұсынамыз.**

Бұл ескерту шамы келесі функцияларды орындайды.

▼ Тежеу күшінің таратылуының электрондық жүйесінің ескерту шамы (EBD)

Егер ескерту шамы тұрақ тежегішін сөндіргеннен кейін де жанып тұратын болса, бұл тежегіш сұйықтық мөлшерінің аздығын немесе тежеу күшін тарату жүйесінің (EBD) ықтимал ақауын білдіреді. Автокөлікті қауіпсіз жерде тұрақтандырыңыз да, дереу арада SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

▼ Тежегіш сұйықтығының деңгейінің төмендігі туралы ескерту

Егер оталдыру құлпы "ON" күйіне келтірілген болса, ал автокөліктің тұрақтық тежегіші толығымен алынып тасталса, онда бұл ескерту шамы тежегіш сұйықтығының багындағы тежегіш сұйықтығының деңгейі "MIN" белгісіне дейін түскен жағдайда жанады.

Егер шам автокөліктің қозғалысы кезінде, ал оталдыру құлпы "ON" күйінде болғанда, автокөліктің тұрақтық тежегіші толығымен алынып тасталғанда жанатын болса, онда бұл тежегіш сұйықтығының ағып кетуін немесе тежегіш қалыптарының тозуын білдіруі мүмкін. Мұндай жағдайларда автокөлікті жақын жердегі қауіпсіз орынға дереу арада тоқтатыңыз және тежегіш сұйықтығының мөлшерін тексеріңіз. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін "Тежегіш сұйықтығы" бөлімін қараңыз ☞11-23. Егер тежегіш сұйықтығының багындағы тежегіш сұйықтығының деңгейі "MIN" белгісінен төмен болса, онда автокөлікте әрі қарай қозғалуға тыйым салынады. Мұндай жағдайда біз Сізге автокөлікті SUBARU ресми дилеріне жеткізу үшін эвакуатор қызметін пайдалануды ұсынамыз. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін "Сүйрету" бөлімін қараңыз ☞ 9-17.

■ Электрлік тұрақтық тежегіштің ескерту шамы (сары)

Бұл шам электрлік тұрақтық тежегіш жүйесінің ақауы болған жағдайда жанады.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Электрлік тұрақтық тежегіш жүйесінің ескерту шамы қосылғанда дереу арада автокөлікті қауіпсіз жерде тоқтатыңыз. Мұндай жағдайларда біз Сізге өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласуды ұсынамыз.

ЕСКЕРТПЕ

- **Егер ескерту шамының жұмыс режимі төменде сипатталып отырған жағдайларға сәйкес келсе, бұл электрлік тұрақтық тежегіш жүйесінің жұмысының қалыпты екендігін білдіреді.**
  - **Ескерту шамы қозғалтқышты іске қосқаннан кейін жанып тұра береді, бірақ автокөлікті электрлік тұрақтық тежегіштен алғаннан кейін ол сөнеді және ескерту шамы сөндірулі күйде қалады.**
  - **Ескерту шамы автокөліктің қозғалысы кезінде жанады, бірақ, сөнеді де, одан кейін жанбайды.**
- **Егер Сіз қозғалтқышты іске қоса отырып электрлік тұрақтық тежегіштің ажыратқышын басатын болсаңыз, электрлік тұрақтық тежегіштің ескерту шамы сөнуі мүмкін. Мұндай жағдайда қозғалтқышты қайта іске қосыңыз, содан кейін тұрақтық тежегіштің ажыратқышын басыңыз. Егер ескерту шамы сөнсе, жүйе жарамды деп саналуы мүмкін.**

▼ Вакуумдық жүйенің ескерту шамы

Вакуумдық жүйенің ескерту шамы сирету қадағасында ақау болған жағдайда немесе тежегіш жүйесінің үдеткішіндегі қысым төмендеген жағдайда жанады.
Егер вакуумдық жүйенің ескерту шамы қозғалтқышты іске қосқаннан кейін бірнеше минут бойы жануды жалғастырса, вакуумдық жүйеде ақаудың болуы мүмкін. Мұндай жағдайда біз Сізге жүйеге диагностика жүргізу үшін жақын жердегі SUBARU дилеріне дейін ерекше сақтықпен жетіп алуды ұсынамыз.

■ Электрлік тұрақтық тежегіштің бақылау шамы

Бұл шам электрлік тұрақтық тежегішті қосқан кезде жанады. Егер Сіз тұрақтық тежегіштің ажыратқышын электрлік тұрақтық тежегішті қосу мүмкін болмаған кезде бассаңыз, бұл шам 10 секунд бойы жыпылықтайды. Егер электрлік тұрақтық тежегіш жүйесі жарамсыз болса, бұл шам жыпылықтауы мүмкін.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Егер электрлік тұрақтық тежегіштің бақылау шамы жыпылықтаса, электрлік тұрақтық тежегіш жүйесі ақаулы болуы мүмкін (автокөлік жоғары/төмен еңісте тоқтатылған немесе электрлік тұрақтық тежегіш тежегіштердің температураларының жоғары болуы салдарынан қосылатын жағдайларды қоспағанда). Дереу арада автокөлікті қауіпсіз жерде тоқтатыңыз.Мұндай жағдайларда біз Сізге өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласуды ұсынамыз.**
- **Егер электрлік тұрақтық тежегіштің бақылау шамы Сіз қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда электрлік тұрақтық тежегішті сөндірсеңіз де сөнбесе, дереу арада автокөлікті қауіпсіз жерде тоқтатыңыз. Біз Сізге өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласып, электрлік тұрақтық тежегіш жүйесін тексертуді ұсынамыз.**

- ЖАЛҒАСЫ –

■ Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясын қосуды бақылау шамы

AVH

Бұл бақылау шамы автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы қосылған кезде жанады. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін "Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру" бөлімін қараңыз ☞7-46.

■ Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясын іске қосуды бақылау шамы

Бұл бақылау шамы автокөлік автоматты түрде ұстап тұру функциясымен тоқтатылғанда жанады. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін "Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру" бөлімін қараңыз☞7-46.

■ Тежегіш басқышын басуды бақылау шамы (егер қарастырылған болса)

Бұл шам тежегіштің басқышы мына-дай жағдайларда
басылмайтын болса жанады.

- Осы функцияны сөндіру үшін автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесінің ауыстырып қосқышы автокөлік осы функция арқылы тоқтатылғанда басылған.
- Егер электрлік тұрақ тежегіші сөндірулі болса.

■ Жанармай мөлшерінің төмендігін ескерту шамы

Егер жанармай багындағы жанармай 9,5 л. жуық шамада қалған болса, жанармай деңгейінің төмендігін ескерту шамы жанады. Бұл ескерту шамы оталдыру құлпы "ON" күйінде болған жағдайда ғана жұмыс істейді. Бұл шам қосылған кезде дереу арада автокөлікке жанармай құйыңыз.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Жанармай деңгейінің төмендігін ескерту шамы жанған жағдайда дереу арада жанармай багына жанармай құйыңыз. Жанармай багында жанармайдың болмауы салдарынан қозғалтқыштың жұмысындағы іркілістер қозғалтқыштың зақымдануына әкелуі мүмкін.

■ Шыны жуу сұйықтығы деңгейінің төмендігін ескерту шамы

Бұл шам жел қағатын шыныны жуу сұйықтығы багындағы сұйықтықтың деңгейі төменгі шегіне дейін түскен кезде қосылады (шамамен 0,6 л).

■ Қозғалтқыш қақпағын ашуды ескерту шамы

Ескерту шамы қозғалтқыштың қақпағы толық жабылмаған
жағдайда жанады. Бұл функция оталдыру құлпы "LOCK"/"OFF" немесе "ACC" күйінде болған жағдайда да немесе кілт оталдыру құлпынан алынған кезде де жұмыс істейді.

Сапардың алдында бұл шамның жанып тұрмағанына көз жеткізіңіз.

■ Есіктің ашылғандығын ескерту шамы



Ескерту шамы автокөліктің есіктерінің бірі, соның ішінде жүк арту бөлігінің де есігі бар, толық жабылмаған жағдайда жанады. Бұл функция оталдыру құлпы "LOCK"/"OFF" немесе "ACC" күйінде болған жағдайда да немесе кілт оталдыру құлпынан алынған кезде де жұмыс істейді.

Сапардың алдында бұл шамның жанып тұрмағанына көз жеткізіңіз.

■ Толық жетектің ескерту шамы AWD

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Толық жетектің ескерту шамы жыпылықтап тұрған жағдайда сапарды жалғастыру күш берілісінің зақымдануына әкелуі мүмкін. Егер толық жетектің ескерту шамы жыпылықтай басташа, дереу арада қауіпсіз жерде тоқтаңыз және шиналардың диаметрлерінің әртүрлі еместігін, сондай-ақ шиналардың қайсыбірінде қысымның тым төмен болмауын тексеріңіз.

ЕСКЕРТПЕ

Егер уақытша қосалқы дөңгелек орнатылған болса, толық жетектің ескерту шамы жыпылықтауы мүмкін. Сәйкесінше, уақытша қосалқы дөңгелекті пайдалану уақыты да мүмкіндігінше барынша қысқартылуы тиіс. Мүмкіндігінше тез арада уақытша қосалқы дөңгелекті әдеттегісіне ауыстырыңыз.

Егер автокөлік онда орнатылған диаметрлері әртүрлі шиналармен қозғалатын болса немесе кез келген шинадағы ауа қысымы тым төмен болса осы шам жыпылықтайды.

■ Рөлдік басқарудың үдеткішінің ескерту шамы

Егер осы ескерту шамы қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде жанса, бұл рөлдік басқарудың электрлік үдеткішінің жүйесінде ақаудың анықталғанын білдіреді.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Рөлдік басқарудың үдеткішінің ескерту шамы жанғанда, рөл дөңгелегін бұрған кезде Сіз үлкен кедергіні сезуіңіз мүмкін. Мұндай жағдайда, біз Сізге тиісті сақтық шараларын ұстана отырып, Сіздің автокөлігіңізге диагностика жүргізу үшін жақын жердегі SUBARU дилеріне жетуді ұсынамыз.

ЕСКЕРТПЕ

Рөл дөңгелегімен келесі әрекеттерді жасау кезінде рөлдік басқарудың үдеткіші басқару блогы және жетектік электрлік қозғалтқыш сияқты тораптарды қызып кетуден

сақтау мақсатында қосалқы үдеуді уақытша шектеуі мүмкін.

- **Автокөліктің жылдамдығы барынша төмен болған кезде маневр жасау барысында рөл дөңгелегін жиі және шұғыл бұру, мысалы, қатарынан тұрақтату кезінде рөл дөңгелегінің жиі бұрылуы барысында.**
- **Рөл дөңгелегі ұзақ уақыт бойы толық бұрылған күйінде қалады.**

Мұндай жағдайда рөл дөңгелегін бұру барысында Сіз үлкен кедергіні сезуіңіз мүмкін. Бұл бір ақау болып табылмайды. Рөлдік басқарудың қалыпты үдеуі рөл дөңгелегі біраз уақыт бойы бұрылмағаннан кейін қалпына келтірілетін болады және рөлдік басқарудың үдеткішінің тораптары үшін салқындау мүмкіндігі пайда болады. Алайда, егер рөлдік басқарудың үдеткіші қосалқы үдеуді шектегіштің тым жиі іске қосылуына әкеліп соғатын бейстандарт тәсілмен пайдаланылса, бұл рөлдік басқарудың үдеткішінің жарамсыздығына әкелуі мүмкін.

■ Шамдардың жарық шоғырының деңгейін автоматты түрде реттегіштің ескерту шамы (егер орнатылған болса)



Бұл шам шамдардың жарық шоғырының деңгейін автоматты түрде реттегіштің жұмысы дұрыс болмағанда жанады.

Егер бұл шам автокөліктің қозғалысы кезінде іске қосылатын болса немесе оталдыру құлпы "ON" күйіне ауыстырылғаннан кейін шамамен 3 секундтан кейін сөнбесе біз Сізге Сіздің автокөлігіңізге диагностика жүргізу үшін өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласуды ұсынамыз.

■ Жарықдиодтық шамдардың ескерту шамы



Бұл шам жарықдиодтық шамдарда ақау болған жағдайда жанады. Біз Сізге Сіздің автокөлігіңізді диагностикалау бойынша жұмыстарды жүргізу үшін SUBARU дилеріне мүмкіндік пайда бола салысымен хабарласуға кеңес береміз.

■ Бейімді бұрылыс шамдары жүйесінің ескерту шамы/ Бейімді бұрылыс шамдары жүйесін сөндірудің бақылау шамы (егер орнатылған болса)

Бұл индикатор бейімді бұрылыс шамдары жүйесінің ажыратқышын оны сөндіру мақсатында басқан кезде қосылады. Сонымен қатар, бейімді бұрылыс шамдары жүйесінде ақау пайда болған кезде индикатор жыпылықтайды. "Бейімді бұрылыс шамдары жүйесі" бөлімін қараңыз ☞3-100.

■ Алысқа түсірілетін бейімді жарық жүйесінің ескерту индикаторы/ Алысқа түсірілетін бейімді жарық жүйесінің индикаторы (егер орнатылған болса)

▼ Алысқа түсірілетін бейімді жарық жүйесінің ескерту индикаторы

Бұл индикатор жүйеде ақау болған жағдайда мультиақпараттық дисплейде жанады. Егер осы индикатор жанатын болса, біз Сізге Сіздің автокөлігіңізді тексеру үшін SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.


▼ Алысқа түсірілетін бейімді жарық жүйесінің индикаторы

Бұл индикатор шамның алысқа түсірілетін жарығы функциясы белсендірілген кезде жанады.

■ Шамның алысқа түсірілетін жарығының ассистентінің бақылау шамы (егер орнатылған болса)

Бұл бақылау шамы шамның алысқа түсірілетін жарығының ассистентінің функциясы белсендірілген кезде жанады. Шамның алысқа түсірілетін жарығының ассистентінің функциясы туралы толық ақпарат "Шамның алысқа түсірілетін жарығының ассистентінің функциясы" бөілімінде берілген ☞3-97.

■ Түйменің көмегімен қозғалтқышты іске қосу/тоқтату функциясы бар қашықтықтан басқару жүйесінің дыбыстық және жарықтық ескерту сигналдары (егер орнатылған болса)



Қате әрекеттер санын төмендету мақсатында, сондай - ақ автокөлікті айдап кетуден қорғау үшін түйменің көмегімен қозғалтқышты іске қосу/тоқтату функциясы қарастырылған қашықтықтан басқару жүйесінде дыбыстық ескерту сигналдарының берілуі, сондай - ақ аспаптар комбинациясын қашықтықтан басқару кілтінің ескерту

шамының жыпылықтауы қарастырылған.
Дыбыстық ескерту дабылы берілгенде және/немесе ескерту шамы жыпылықтаған кезде тиісті шараларды қолданыңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Қозғалтқыш іске қосулы болғанда қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату түймесіндегі жұмыс режімінің индикаторы жасыл түспен жыпылықтаса автокөлікте қозғалуға тыйым салынады. Индикатордың мұндай күйі рөл колонкасының бұғатталғандығын білдіреді. Салынатын мұндай тыйымды сақтамаудың нәтижесі ауыр жарақат немесе өлім құшу болып табылатын апатқа әкелуі мүмкін.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Қозғалтқышты қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату түймесіндегі жұмыс режімінің индикаторы жасыл түспен жыпылықтағаннан кейін қайталап іске қосу барысында рөл колонкасын бұғаттау құлпының ақауын туындауы мүмкін. Мұндай жағдайларда біз Сізге өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласуды ұсынамыз.**
- **Егер қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату түймесіндегі жұмыс режімінің индикаторы қызғылт сары түспен жыпылықтаса, біз Сізге дереу арада SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.**

ЕСКЕРТПЕ

- **Қашықтықтан басқару салпыншағының күйіне және қоршаған орта жағдайларына байланысты қозғалтқышты іске қосу үшін қашықтықтан басқару кілтінің ескерту сигналдарын беруі қашықтықтан басқару кілті автокөліктің ішінде, әрекет ету аймағында болғанда да мүмкін.**
- **Егер қашықтықтан басқару салпыншағы автокөліктің ішінен терезесі арқылы шығарылатын болса, онда қашықтықтан басқару салпыншағының шығарылуы немесе қашықтықтан басқару салпыншағын жолаушының шығаруы туралы дыбыстық ескерту дабылын беру көзделмеген.**

▼ Ескерту сигналдарының тізілімі

Ескерту сигналдарының тізілімі	Сыртқы дыбыстық ескерту сигналы	Қашықтықтан басқару кілтінің аспаптар комбинациясындағы ескерту шамы	Қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесіндегі жұмыс режімінің индикаторы	Күйі	Әрекеті
"Динь-динь..." (үзік сигнал) (Тек қана Таяу Шығыс елдеріне арналған моделдер үшін)	—	—	—	Жүргізуші есігі қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату түймесі арқылы электрлік қуаттаудың "ACC" режімі орнатылған кезде (селектор иінтірегі "P" қалпында болған кезде) ашық.	Қозғалтқыштың іске қосу/ тоқтату түймесі арқылы автокөліктің электрлік қуаттауышын "OFF" режіміне ауыстырып қосыңыз немесе жүргізушінің есігін жабыңыз. * Автокөліктен шыққан кезде қозғалтқыштың іске қосу/тоқтату түймесі арқылы автокөліктің электрлік қуаттауышы "OFF" режіміне ауыстырылғанына көз жеткізіңіз.
				Қозғалтқыштың іске қосу/тоқтату түймесі арқылы автокөліктің электрлік қуаттауының "OFF" режімі жүргізушінің есігі ашық болғанда ауыстырылған.	Жүргізуші есігін жабыңыз.
"Динь"	Қысқа дыбыстық сигнал (ұзақтығы 2 с)	—	—	**Есіктердің құлыпталып қалуын болдырмауды ескерту сигналы** Қашықтықтан басқару салпыншағы автокөліктің ішінде қалып қойған кезде автокөліктің барлық есіктерін құлыптауға тырысу әрекеті.	Автокөліктен қашықтықтан басқару салпыншағын алып, содан кейін барлық есіктердің құлыптарын құлыптаңыз. * Қашықтықтан басқару салпыншағы автокөліктің ішінде болғанда есіктерді құлыптау мүмкін емес. * Дыбыстық ескерту сигналы беріледі, ал есіктер құлыпталмаған күйде қалады.

Ескерту сигналдарының тізілімі	Сыртқы дыбыстық ескерту сигналы	Қашықтықтан басқару кілтінің аспаптар комбинациясындағы ескерту шамы	Қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесіндегі жұмыс режімінің индикаторы	Күйі	Әрекеті
—	Қысқа дыбыстық сигнал (ұзақтығы 2 секунд)	—	—	**Автокөліктің ішінде қалып қойған қашықтықтан басқару кілтінің құлыпталып қалуын болдырмайтын дыбыстық ескерту сигналы** Қозғалтқыштың іске қосу/тоқтату түймесі арқылы автокөліктің электрлік қуаты "OFF" режіміне орнатылғанда, ал қашықтықтан басқару салпыншағы автокөліктің ішінде болғанда есіктерді құлыптау қадағасын басу.	Автокөліктен қашықтықтан басқару салпыншағын алып, содан кейін барлық есіктердің құлыптарын құлыптаңыз. * Қашықтықтан басқару салпыншағы автокөліктің ішінде болғанда есіктерді құлыптау мүмкін емес.
"Динь"	Ұзақ дыбыстық сигнал (60 секундтан ұзақ емес)	—	—	**Электрлік қуаттауды ажыратудың қажет екендігін ескерту сигналы** Қашықтықтан басқару салпыншағы Сізде болған кезде , қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесі арқылы автокөліктің электрлік қуаттауышы "OFF" режімінен басқа режімге орнатылғанда (селектор иінтірегі "P" күйінде болғанда) есіктерді құлыптау қадағасына жанасу.	Қашықтықтан басқару салпыншағын автокөліктің ішіне салыңыз немесе қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесінің көмегімен электрлік қуаттауышты "OFF" режіміне ауыстырыңыз. * Егер қозғалтқыштың іске қосу/тоқтату түймесінің көмегімен электрлік қуаттауышы "OFF" режіміне ауыстырылмаған болса, онда есіктерді құлыптау мүмкін емес.

Ескерту сигналдарының тізілімі	Сыртқы дыбыстық ескерту сигналы	Қашықтықтан басқару кілтінің аспаптар комбинациясындағы ескерту шамы	Қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесіндегі жұмыс режімінің индикаторы	Күйі	Әрекеті
"Динь-динь..." ... (7 секунд)	—	 (Үзік жыпылықтау аралығы 1 с.)	—	**Қашықтықтан басқару кілтінің ескерту сигналы** Қашықтықтан басқару салпыншағы автокөліктің ішінде болмаған кездегі автокөліктің қозғалысы.	Өзіңізбен бірге қашықтықтан басқару салпыншағын алыңыз, содан кейін автокөліктің қозғалысын бастаңыз.
"Динь"	—	 (Үзік жыпылықтау аралығы 1 с.)	—	**Қозғалтқышты іске қосқан кездегі қашықтықтан басқару кілтінің ескерту сигналы** Қашықтықтан басқару салпыншағы автокөліктің ішінде болмағанда қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесі басылған.	Өзіңізбен бірге қашықтықтан басқару салпыншағын алыңыз, содан кейін қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесін басыңыз.
"Динь"	3 рет берілетін дыбыстық сигнал	 (Үзік жыпылықтау аралығы 1 с.)	—	**Қашықтықтан басқару кілтін автокөліктен шығаруды ескерту сигналы** Жүргізуші қозғалтқыштың іске қосу/тоқтату түймесі арқылы автокөліктің электрлік қуаттауышын "OFF" режімінен басқа режімге орнатып (селектор иінтірегі "P" күйінде болғанда) қашықтықтан басқару салпыншағын алып автокөліктен шықты және жүргізушінің есігін жапты.	Қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесі арқылы автокөліктің электрлік қуаттауышын "OFF" режіміне ауыстырып қосыңыз, содан кейін автокөліктен шығыңыз.

- ЖАЛҒАСЫ –

Ескерту сигналдарының тізілімі	Сыртқы дыбыстық ескерту сигналы	Қашықтықтан басқару кілтінің аспаптар комбинациясындағы ескерту шамы	Қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесіндегі жұмыс режімінің индикаторы	Күйі	Әрекеті
"Динь"	3 рет берілетін дыбыстық сигнал	 (Үзік жыпылықтау аралығы 1 с.)	—	**Автокөліктен қашықтықтан басқару кілтін жолаушының шығаруын ескерту сигналы** Жолаушы қозғалтқыштың іске қосу/тоқтату түймесі арқылы автокөліктің электрлік қуаттауышын "OFF" режімінен басқа режімге орнатып қашықтықтан басқару салпыншағын алып автокөліктен шықты және жүргізушінің есігі болып табылмайтын есікті жапты.	Қашықтықтан басқару салпыншағын автокөліктің ішіне салыңыз немесе қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесінің көмегімен электрлік қуаттауышты "OFF" режіміне қайтарыңыз.
Ұзақ дыбыстық сигнал (үздіксіз)	Ұзақ дыбыстық сигнал (үздіксіз)	 (Үзік жыпылықтау аралығы 1 с.)	—	Жүргізуші қозғалтқыштың іске қосу/тоқтату түймесі арқылы автокөліктің электрлік қуаттауышын "OFF" режімінен басқа режімге орнатып, ал селектор иінтірегі "P" күйінен басқа күйде болғанда, қашықтықтан басқару кілтін алып автокөліктен шықты және өзінің есігін жапты.	Селектор иінтірегін "P" күйіне ауыстырыңыз, қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесі арқылы автокөліктің электрлік қуаттауышын "OFF" (барлық моделдер) режіміне ауыстырыңыз, содан кейін автокөліктен шығыңыз.

Ескерту сигналдарының тізілімі	Сыртқы дыбыстық ескерту сигналы	Қашықтықтан басқару кілтінің аспаптар комбинациясындағы ескерту шамы	Қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесіндегі жұмыс режімінің индикаторы	Күйі	Әрекеті
Ұзақ дыбыстық сигнал (үздіксіз)	—	—	—	**Селектор иінтірегі күйінің ескерту сигналы** Жүргізушінің есігі қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесі арқылы автокөліктің электрлік қуаттауышы "OFF" режімінен басқа режимге орнатылғанда, ал селектор иінтірегі "P" күйінде болғанда ашық.	Селектор иінтірегін "P" күйіне ауыстырыңыз, қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесі арқылы автокөліктің электрлік қуаттауышын "OFF" режиміне ауыстырыңыз, содан кейін автокөліктен шығыңыз.
Ұзақ дыбыстық сигнал (үздіксіз)	—	—	—	**Селектор иінтірегі күйінің ескерту сигналы** Қозғалтқыш селектордың иінтірегі "P" күйінде болғанда қозғалтқышты іске қосу/тоқтату тетігін басу арқылы сөндірілген.	Селектор иінтірегін "P" күйіне ауыстырыңыз немесе қозғалтқышты іске қосыңыз.
"Динь"	—	—	—	Қашықтықтан басқару салпыншағының қуаттау элементі отырған.	Қашықтықтан басқару салпыншағының қуаттау элементін ауыстырыңыз.
"Динь"	—	—	Жасыл түспен жыпылықтайды (максимум 15 секунд)	**Рөл колонкасын бұғаттаудың ескерту сигналы** Қозғалтқыш іске қосылған, бірақ, рөл колонкасы әлі де бұғаттаулы.	Рөл дөңгелегін оңға-солға аздап бұра отырып, тежегіш басқышын басып, қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесін басыңыз.
"Динь"	—	—	Қызғылт сары түспен жыпылықтайды	**Жүйенің жарамсыздығын ескерту сигналы** Электрлік қуаттау жүйесінде немесе рөл колонкасын бұғаттау құлпында ақау анықталды.	Біз Сізге автокөлігіңізді диагностикалау үшін дереу арада SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

- ЖАЛҒАСЫ –

■ Иммобилайзердің бақылау шамы



Бұл шам мынадай жағдайларда жыпылықтай бастайды.

Түйменің көмегімен қозғалтқышты іске қосу/тоқтату функциясы бар қашықтықтан басқарылатын жүйесі бар моделдерде:

- Қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату түймесі арқылы электрлік қуаттау режімін "OFF" күйіне орнатқаннан кейін бірден.
- Жүргізуші есігі ашылғаннан немесе жабылғаннан кейін келесі шарттардың барлығы сақталған жағдайда бірден.
  - Қозғалтқыштың іске қосу/тоқтату түймесімен электрлік қуаттау режімі "ON" немесе "ACC" режіміне орнатылған.
  - Қозғалтқыш жұмыс істемейді.

Егер қозғалтқыштың іске қосу/тоқтату түймесі электрлік қуаттау режімін "ON" режіміне қосу немесе қозғалтқышты тіркелмеген кілттің көмегімен іске қосу үшін басылса (мысалы, кілт тіркелмеген немесе сәйкестендіру коды сәйкес келмейді), электрлік қуаттаудың "ON" режімі қосылмайды, ал иммобилайзердің бақылау шамы жыпылықтауды жалғастырады.

Қозғалтқышты түйменің көмегімен іске қосу/ тоқтату функциясы қарастырылған қашықтықтан басқару жүйесі жоқ моделдерде

- Оталдыру құлпын "ON" күйінен "ACC" немесе "LOCK" күйіне ауыстырғаннан кейін шамамен 60 секундтан кейін.
- Кілтті алғаннан кейін бірден.

Егер бақылау шамы жоғарыда көрсетілген жағдайларда жыпылықтамайтын болса, онда бұл иммобилайзер жүйесінің жұмысының дұрыс істемейтінін білдіруі мүмкін. Мұндай жағдайларда біз Сізге жақын жердегі SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

Қозғалтқышты іске қосу үшін тіркелмеген кілтті пайдаланған жағдайда (мысалы, тіркелмеген түпнұсқасы) иммобилайзердің бақылау шамы жыпылықтайды. Иммобилайзер жүйесі туралы неғұрлым толық ақпарат алу үшін "Иммобилайзер" бөлімін қараңыз ☞2-19.


ЕСКЕРТПЕ

- **Иммобилайзердің бақылау шамы мынадай жағдайларда сөндірулі күйде қалады. Бұл сәйкестендіру кодын салыстырудың аяқталғанын, иммобилайзер жүйесінің белсендірілгендігін білдіреді және ақаудың бар-жоғын білдірмейді.**

  Түйменің көмегімен қозғалтқышты іске қосу/тоқтату функциясы қарастырылған қашықтықтан басқару жүйесі бар моделдерде:
  - **қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда;**
  - **қозғалтқыштың іске қосу/тоқтату түймесі арқылы электрлік қуаттаудың "ON" немесе "ACC" режімі орнатылған, ал жүргізушінің есігі ашылмаған немесе жабылмаған.**

  Түйменің көмегімен қозғалтқышты іске қосу/тоқтату функциясы бар қашықтықтан басқару жүйесі жоқ моделдерде:
  - **қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда;**
  - **оталдыру құлпын "ON" күйінен "ACC" немесе "LOCK" күйіне ауыстырғаннан кейін шамамен 60 секундтан кейін.**
  - **егер оталдыру құлпы "ON" күйінде болса;**
- **Тіпті ақауды бақылау шамы үнемі жыпылықтамайтын ақау болатын жағдайдың өзінде де бұл иммобилайзер жүйесінің функциясына әсер етпейді.**


■ SI-DRIVE жүйесінің бақылау шамы (егер орнатылған болса)




1) "Sport" (S) режімі.
2) "Intelligent" (I) режімі.

Бұл шам SI-DRIVE жүйесінің ағымдағы жұмысын көрсетеді.
SRVD жүйесінің жұмыс режімдері туралы неғұрлым толық ақпарат алу үшін "SI-DRIVE жүйесі" бөлімін қараңыз
☞7-22.

■ Селектордың/ қосулы берілістің иінтірегі орналасуының индикаторы (егер қарастырылған болса)



"A" түрі
1) Берілісті арттыру индикаторы.
2) Берілісті төмендету индикаторы.
3) Селектордың/ қосулы берілістің иінтірегі қалпының индикаторы.



"B" түрі
1) Берілісті арттыру индикаторы.
2) Берілісті төмендету индикаторы.
3) Селектордың/ қосулы берілістің иінтірегі қалпының индикаторы.

Селектордың иінтірегінің қалпы аспаптар комбинациясында көрсетіледі. Сонымен қатар, қолша басқару режімі бар моделдерде қолша басқару режімі қосулы болса, ағымдағы қосылған беріліс берілісті арттыру/ төмендету индикаторымен бірге көрсетіледі. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін "Қолша басқару режімін таңдау" бөлімін қараңыз☞7-18.

■ Бұрылысты көрсеткіштің бақылау шамдары

Бұл бақылау шамдары бұрылыс көрсеткішінің немесе қозғалыс жолағының ауыстырылу көрсеткіші қосылғандығын білдіреді.
Егер бұл бақылау шамдары жыпылықтамаса немесе тым жиі жыпылықтаса, онда бұл бұрылыстың бағытын көрсету шамдарының жанып кеткендігін білдіруі мүмкін. Мүмкіндік пайда бола салысымен бұрылыстың бағытын көрсететін жанып кеткен шамдарды ауыстырыңыз. "Бұрылыстың алдыңғы көрсеткішінің шамы" бөлімін ☞ 11-46 немесе "Бұрылыстың артқы көрсеткішінің шамы" бөлімін ☞ қараңыз 11-47.

■ Шамның алысқа түсірілетін жарығын бақылау шамы

Бұл шамның қосылуы шамдардың жарықты алысқа түсіру режімінде жанып тұрғандығын көрсетеді.
Шамдардың алысқа түсірілетін жарығын бақылау шамы шамдар "жыпылықтағанда" да жанады.

■ Круиз-бақылау жүйесінің бақылау шамы (егер орнатылған болса)

Бұл шам круиз-бақылау жүйесінің негізгі түймесін круиз-бақылау жүйесін қосу үшін басқанда жанады.
Егер бұл шам жыпылықтаса, круиз-бақылау жүйесін пайдаланбаңыз. Сонымен қатар, егер ол жиі жыпылықтаса, біз Сізге диагностика жұмыстарын жүргізу үшін SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Егер ақауды анықтаудың бақылау шамы ("Check Engine" шамы) қосылса, круиз-бақылау жүйесінің шамы қатарынан жыпылықтай бастайды. Мұндай жағдайларда жоғары жылдамдықпен жүруден бас тартыңыз және біз Сізге диагностика жұмыстарын жүргізу үшін мүмкіндік пайда бола салысымен SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

ЕСКЕРТПЕ

Егер осы бақылау шамы Сіз круиз-бақылау жүйесінің негізгі түймесін басқан да жанбайтын болса, онда круиз-бақылау жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Мұндай жағдайларда біз Сізге Сіздің автокөлігіңізге диагностика жүргізу үшін өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласуды ұсынамыз.

■ Круиз-бақылауды орнатудың бақылау шамы (егер орнатылған болса)

Бұл индикатор автокөліктің қозғалыс жылдамдығы круиз-бақылау режімінде орнатылған жағдайда жанады.

■ Шам жарығының бақылау шамы (егер орнатылған болса)

Бұл бақылау шам келесі жағдайларда жанады:

- жарықтандыруды ауыстырып-қосқыш "" немесе қалпында болғанда (Аустралияға арналған моделдерден басқа).
- Жарықтандыруды ауыстырып-қосқыш "" немесе "" қалпында болғанда (Аустралияға арналған моделдер).
- Жарықтандырудың ауыстырып-қосқышы "AUTO" қалпында болғанда және шамдар автоматты түрде қосылған болса (шамдардың жарығын автоматты түрде қосу/ажырату жүйесі бар моделдер).

■ Тұманға қарсы шамдардың бақылау шамы (егер орнатылған болса)




Бұл бақылау шамы тұманға қарсы шамдар қосылған кезде жанады.

■ Артқы тұманға қарсы шамның бақылау шамы (егер орнатылған болса)



Бұл бақылау шамы артқы тұманға қарсы жарықшам қосылғанда жанады.

■ X-MODE режімінің бақылау шамы



Бұл шам X-MODE режімі қосылған кезде жанады. Ал X-MODE режімі сөндірілгенде сөнеді.

■ Еңіске түсуді бақылау жүйесінің бақылау шамы (егер орнатылған болса)



Бұл бақылау шамы еңіске түсіруді бақылау функциясы күту режімінде болғанда жанады. Еңіске түсуді бақылау функциясы іске қосылғанда ол жыпылықтайды. Еңіске түсіруді бақылау функциясына қолжетімді болмаса, ол сөнеді.

■ Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/тоқтату жүйесінің ескерту шамы/ Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/тоқтату жүйесін ажыратудың бақылау шамы (сары) (егер орнатылған болса)



▼ Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесінің ескерту шамы

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Егер қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/тоқтату жүйесінің ескерту шамы сары түспен жанаса, қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/тоқтау жүйесінде ақау болуы мүмкін. Біз Сіздің автокөлігіңізді диагностикалау бойынша жұмыстарды жүргізу үшін SUBARU дилеріне мүмкіндік пайда бола салысымен баруға кеңес береміз.**
- **Егер қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/тоқтату жүйе-сінің ескерту шамы төменде көрсетілген жағдайлардан бас-қа кез келген уақытта сары түс- пен жанатын болса және қоз-ғалтқышты автоматты түрде іс-ке қосу/тоқтату жүйесінің ажы-ратқышын басқанда және басу-лы күйде ұстап тұрғанда да сөнбейтін болса, біз Сізге Сіз-дің автокөлігіңізді диагностика-лау бойынша жұмыстарды жүргізу үшін SUBARU дилеріне мүмкіндік пайда бола салысы-мен хабарласуға кеңес береміз.**

Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/тоқтату жүйесінің ескерту шамы қозғалтқыш қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесінің көмегімен уақытша сөндірілген кезде келесі операциялардың бірі орындалған болса сары түспен жанады:

- қақпағы ашық;
- жүргізуші орындығының қауіпсіздік белдігі ағытылған;
- жүргізушінің есігі ашық.

Мұндай жағдайларда қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында қозғалтқыш келесі әрекеттер орындалғанда да автоматты түрде іске қосылмайды. Қозғалтқышты әдеттегі жолмен іске қосыңыз.

- Тежегіш басқышы босатылған.

- ЖАЛҒАСЫ –

▼ **Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесінің бақылау шамы**

Бұл шам қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/тоқтату жүйесінің жүйенің іске қосылуының алдын алатын ажыратқышын басқанда сары түспен жанады. Ол жүйенің жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін қозғалтқыштың автоматты түрде іске қосу/тоқтату жүйесінің ажыратқышын қайтадан басқан кезде сөнеді.

■ Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесінің бақылау шамы (жасыл) (егер орнатылған болса)

Бұл бақылау шамы қозғалтқыш қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесі арқылы уақытша тоқтатылған кезде жасыл түспен жанады. Ол қозғалтқышты қайта іске қосқан кезде сөнеді.

■ Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесінің белсенділігінің жоқтығын бақылау шамы (егер орнатылған болса)

Автокөлік тоқтатылғанда бұл бақылау шамы автокөлікті тоқтату барысында қозғалтқышты сөндіру шарттары орындалмаса жанады. Бұл шам автокөлік қозғалысты бастағанда сөнеді.

■ SRVD жүйесінің ескерту шамы (егер орнатылған болса)

Бұл ескерту шамы SRVD жүйесі ақаулы болған жағдайда жанады. Осы индикатор қосылған кезде біз Сізге автокөлікті тексеру үшін барынша дереу арада SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

■ SRVD жүйесінің сөнуін бақылау шамы (егер орнатылған болса)

Бұл индикатор SRVD жүйесінің ажыратқышын оны сөндіру мақсатында немесе жүйенің жұмысы уақытша тоқтатылған кезде басқанда жанады. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін "SRVD жүйесінің ажыратқышы" бөлімін қараңыз □7-73.

■ Артқы жүріспен қозғалыс кезінде автоматты түрде тежеу жүйесінің ескерту шамы (егер орнатылған болса)

Бұл индикатор артқы жүріспен қозғалыс кезінде автоматты түрде тежеу жүйесінде ақау болғанда жанады. "Артқы жүріспен қозғалыс кезінде автоматты түрде тежеу жүйесі" бөлімін қараңыз ☞7-76.

■ Артқы жүріспен қозғалыс кезінде автоматты түрде тежеу жүйесін сөндіру индикаторы (егер орнатылған болса)



Бұл индикатор, егер артқы жүріспен қозғалыс кезінде автоматты түрде тежеу жүйесі сөндірілген болса немесе артқы жүріспен қозғалған кезде автоматты түрде тежеу жүйесі уақытша сөндірілген болса қосылады. "Артқы жүріспен қозғалыс кезінде автоматты түрде тежеу жүйесі" бөлімін қараңыз ☞7-76.

■ Жол жамылғысының мұздануының мүмкін екендігі туралы ескерту шамы (егер қарастырылған болса)



Егер сыртқы ауаның температурасы 3°C болса немесе одан да төмен болса, жол жабынының мұздануының мүмкін екендігін ескерту индикаторы қосылып, жүргізушіні жол жабынының мұздануы мүмкін екендігі жайлы хабардар етеді.

ЕСКЕРТПЕ


- **Сыртқы ауа температурасының индикаторында қадаға маңындағы температура көрсетіледі. Сәйкесінше, сыртқы ауа температурасының индикаторының көрсеткіштері сыртқы ауа температурасының нақты шамасынан өзгеше болуы мүмкін.**
- **Жол жабынының мұздануының мүмкін екендігі туралы ескерту индикаторының көрсеткіштерін тек мұздануың мүмкін екендігі туралы болжамдық ақпарат ретінде қарастыру керек. Сапар алдында міндетті түрде жол жабынының жай-күйін тексеріңіз.**
- **Жол жабынының мұздануының мүмкін екендігін ескерту индикаторы қосылғаннан кейін ол сыртқы ауа температурасы 5°C дейін көтерілгенше немесе одан жоғары болғанша сөнбейді.**

Аспаптар комбинациясының дисплейі (түрлі-түсті сұйыққристалды дисплей) (егер орнатылған болса)

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Автокөліктің қозғалысы кезінде аспаптар комбинациясының дисплейін (түрлі-түсті сұйық-кристалды дисплей) пайдалану кезінде міндетті түрде қауіпсіздікке тиісінше назар аударыңыз. Егер аспаптар комбинациясы дисплейін (түрлі-түсті сұйыққристалды дисплей) пайдалану Сіздің жүргізуге бөлетін назарыңызға кедергі келтіретін болса, дисплеймен қандай да бір әрекеттер орындау алдында автокөлікті тоқтатыңыз. Сонымен қатар, жүргізу кезінде бар назарды тек дисплейге аудармаңыз. Бұл жолдан алаңдап, апатқа әкеліп соқтыруы мүмкін.

Аспаптар комбинациясы дисплейінде (түрлі-түсті сұйықкристалды дисплейде) әртүрлі ақпарат көрсетіледі. Сондай-ақ, ақау және т. б. анықталған жағдайда дисплейде ескерту хабарламасы көрсетіледі. Бұдан басқа, көрсетілген ақпараттың кейбір баптауларын қалыптастыруға болады.




Аспаптар комбинациясының дисплейі (түрлі-түсті сұйықкристалды дисплей)

1) Эконометр.
2) Ескерту экраны (Ескерту экраны" бөлімін қараңыз ☞3-52)/ Негізгі экран ("Негізгі экран" бөлімін қараңыз ☞3-54).
3) EyeSight жүйесінің экраны.
4) Круиз-бақылау жүйесінің ақпараттық экраны.
5) Индикаторлар экраны.
6) Селектордың/ қосулы берілістің иінтірегінің қалпының индикаторы (б. қараңыз).
7) X-MODE режімінің индикаторы ("X-MODE режімінің бақылау шамы" бөлімін қараңыз ☞ 3-47)/ SI-DRIVE жүйесі индикаторы ("SI-DRIVE жүйесі" бөлімін қараңыз ☞7-22).
8) Одометр ("Одометр" бөлімін қараңыз ☞3-11) /Жүрілген жолдың қос есептегіші ("Жүрілген жолдың қос есептегіші" бөлімін қараңыз ☞3-12).
9) Жанармай мөлшерінің көрсеткіші ("Жанармай мөлшерінің көрсеткіші" бөлімін қараңыз ☞3-13).

A: EyeSight жүйесі сөндірілген немесе EyeSight жүйесі жоқ моделдер.
B: EyeSight жүйесі қосылған.

■ Негізгі операциялар



Басқару пернелері блогы
1) ▲(Жоғары).
2) i/SET (Енгізу).
3) ▼(Төмен).

Басқару пернелері блогындағы "▲" және "▼" пернелерінің көмегімен экрандар мен таңдалған позицияларды ауыстырып жылжытуға болады. Егер "i/SET" пернесін тартсаңыз, қажетті позицияны таңдауға және орнатуға болады.

Автокөлік туралы ақпарат, ескерту және т. б. сияқты кейбір пайдалы хабарламалар пайда болғанда олар ағымдағы экранның көрсетілуін тоқтатады және экранда дыбыстық сигналмен бірге пайда болады.

Мұндай экран пайда болған кезде экрандағы хабарламаға сәйкес қажетті әрекеттерді орындаңыз.Ескерту экраны бірнеше секундтан кейін бастапқы экранға оралады. Дисплейде ақпараттың бар екендігі туралы ескерту белгішесі "i" болғанда, ескерту экранын қайтадан шығаруға болады. Дисплейде "i" белгішесімен белгіленген хабарламаны шақырту үшін рөл дөңгелегіндегі "i/SET" пернесін өзіңізге қарай тартыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Егер көпфункциялы дисплейде баптау экраны (түрлі-түсті сұйықкристалды дисплей) орнатылған болса,аспаптар комбинациясын басқару пернелері (түрлі-түсті сұйықкристалды дисплей) блогындағы "▲", "▼" және "i/SET" пернелері арқылы басқару мүмкін емес.

■ Сәлемдесу экраны (бастапқы анимация) және қоштасу экраны (соңғы анимация)

Жүргізушінің есігі ашылғанда және ашылғаннан кейін жабылған кезде аспаптар комбинациясы дисплейінде (түрлі-түсті сұйықкристалды дисплейде) шамамен 20 секундқа сәлемдесу экраны (бастапқы анимация) пайда болады.
Оталдыру құлпы "LOCK"/ "OFF" күйіне бұрылғанда аспаптар комбинациясының дисплейі (түрлі-түсті сұйық-кристалды дисплей) біртіндеп сөнеді, сөнумен қатар бір мезгілде қоштасу экранын (соңғы анимация) көрсетеді.

ЕСКЕРТПЕ

- **Нақты мәтін мен сәлемдесу экраны және қоштасу экраны әр түрлі болуы мүмкін.**
- **Егер оталдыру құлпы "ON" күйіне ауыстырылатын болса, көрсетіліп тұрған сәлемдесу экранында негізгі экран пайда болады.**
- **Сәлемдесу экраны пайда болғаннан кейін оны қайта көрсету үшін белгілі уақыт кезеңі өтуі керек.**
- **Егер жүргізушінің есігі ашылғаннан кейін оталдыру құлпы бұрылса, жүргізушінің есігі ашылып, жабылатын болса да сәлемдесу экраны көрсетілмейді.**
- **Егер Сіз жүргізушінің есігін есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесінің көмегімен (барлық моделдер) немесе сәлемдесу экраны көрсетулі тұрған кезде**

- ЖАЛҒАСЫ –

қашықтықтан басқару жүйесінің көмегімен ашатын болсаңыз сәлемдесу экраны жойылады.

- **Егер көрсетілген сәлемдесу экранында қандай да бір есік ашылса (жүк арту бөлігінің есігін қоса алғанда) есіктің толық жабылмағандығы туралы ескерту пайда болады.**
- **Сәлемдесу экранын қосуға немесе сөндіруге болады. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін "Welcome Screen (Сәлемдесу экраны)" бөлімін қараңыз☞3-56.**
- **Қоштасу экранын қосуға немесе сөндіруге болады. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін "Good-bye Screen (Қоштасу экраны)" бөлімін қараңыз ☞3-56.**


■ Ескерту экраны



Ескерту мысалы

Ескерту хабарламасы немесе техникалық қызмет көрсетудің қажет екендігі туралы мәлімдеме пайда болған кезде ол дисплейде шамамен 5 секундқа пайда болады. Көрсетілген хабарламаға сәйкес қажетті әрекеттерді орындаңыз.

■ Индикаторлар экраны



1) Индикаторлар экраны.

Индикаторлар экранында тиісті жағдай пайда болғанда төменде аталған индикаторлар көрсетіледі.

ЕСКЕРТПЕ

Егер ескерту ақпараттарын шығару қажет болса сол жақтан бастап өсу ретімен бес ескерту индикаторына дейін пайда болады. Егер ескерту шамдары алтау немесе одан да көп болса, "i/SET" пернесін тартып, ақпаратты тексеріңіз.

Белгі	Мәні	Беті
	Есіктің ашылғандығын бақылау шамы	3-35
	Қозғалтқыш қақпағының ашылуын ескерту шамы	3-34
	Жарықдиодтық шамдардың ескерту индикаторы	3-36
	Шамның алысқа түсірілетін жарығының асситентінің бақылау шамы (егер орнатылған болса)	3-37
	Алысқа түсірілетін бейімді жарық жүйесінің индикаторы (егер орнатылған болса)	3-37
SRH OFF	Бейімді бұрылыс шамдары жүйесінің ескерту индикаторы.	3-36
	Мотор майы мөлшерінің төмендігін ескерту шамы	3-25
R.DIFF TEMP	Артқы дифферен-циалдың майының температурасының ескерту шамы (егер орнатылған болса)	3-26

Белгі	Мәні	Беті
RAB	Артқы жүріспен қозғалыс кезінде автоматты тежеу жүйесінің ескерту шамы (егер орнатылған болса)	3-48
RAB OFF	Артқа қарай жүру кезіндегі автоматты тежеу жүйесін сөндіру индикаторы (егер орнатылған болса)	3-49
	SRVD жүйесінің ескерту шамы (егер орнатылған болса)	3-48
	SRVD жүйесінің сөндірілуін бақылау шамы (егер орнатылған болса)	3-48
	X-MODE режимінің бақылау шамы	3-47
	Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесінің ескерту шамы / Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/тоқтату жүйесін ажыратудың бақылау шамы (сары) (егер орнатылған болса)	3-47


Белгі	Мәні	Беті
	Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/тоқтату жүйесінің белсенділігінің болмауын бақылау шамы	3-48
	Шамдардың жарық шоғырының деңгейін автоматты түрде реттеу жүйе**с**інің ақауын ескерту шамы (жарықдиодтық шамдары бар моделдер)	3-36
	Бейімді алысқа түсірілетін жарық жүйесінің ескерту шамы (егер орнатылған болса)	3-37
	Шыны жуатын сұйықтық мөлшерінің төмендігін ескерту шамы	3-34
	Қозғалтқышты автоматты іске қосу/тоқтату жүйесінің бақылау шамы (жасыл) (егер орнатылған болса)	3-48
	Еңіске түсіруді бақылау жүйесінің индикаторы	3-47
	Жол жамылғысының мұздануының мүмкін екендігі туралы ескерту индикаторы	3-49

- ЖАЛҒАСЫ –

■ Негізгі экрандар

Сіз үнемі көрсетілетін экранды рөл дөңгелегіндегі ▲ және ▼ пернелерінің көмегімен өзгерте аласыз.

Жанармайдың орташа жұмсалуының экраны




: Жанармайдың орташа жұмсалуы.
: Қалған жанармай жететін қашықтық.

Бұл индикатор жүрілген жолды есептегіш соңғы рет бастапқы күйіне түсірілген сәттен бастап жанармайдың орташа шығынын көрсетеді.

ЕСКЕРТПЕ

Қашықтық индикаторының көрсеткіштері болжамдық шама болып табылады. Көрсетілген шама қалған жанармай жететін нақты қашықтықтан өзгеше болуы мүмкін. Сондықтан, ескерту шамы жанармай деңгейінің төмендігін ескертіп жанған жағдайда Сіз дереу арада автокөлікке жанармай құюыңыз керек.

Жанармайдың ағымдағы жұмсалуының экраны



: Жанармайдың ағымдағы жұмсалуы.
: Қалған жанармай жететін қашықтық.


Бұл экран жанармайдың қазіргі уақыттағы шығынын көрсетеді.

ЕСКЕРТПЕ

Қашықтық индикаторының көрсеткіштері болжамдық шама болып табылады.

Көрсетілген шама қалған жанармай жететін нақты қашықтықтан өзгеше болуы мүмкін. Сондықтан, ескерту шамы жанармай деңгейінің төмендігін ескертіп жанған жағдайда Сіз дереу арада автокөлікке жанармай құюыңыз керек.


Сапар туралы ақпараты бар дисплей



: Сапардың уақыты
Сапардың ұзақтығы.

Бұл экран сапардың ұзақтығын (оталдыру құлпы "ON" күйіне бұрылған сәттен бастап өткен уақыт) және сапардың ұзақтығын (оталдыру құлпы "ON" күйіне бұрылған сәттен бастап жүрілген қашықтық) көрсетеді.


Жылдамдықтың сандық экраны



1) Шекті жылдамдықтың индикаторы (егер қарастырылған болса).
2) Автокөліктің жылдамдығы.

Бұл экранда автокөліктің ағымдағы жылдамдығы көрсетіледі.

Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесінің экраны (егер орнатылған болса)



Ⓐ: Қозғалтқыштың қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/тоқтату жүйесі арқылы тоқтатылған толық уақыты.
⛽: Қозғалтқыштың автоматты түрде іске қосу/тоқтату жүйесі арқылы тоқтатылуы нәтижесінде үнемделген жанармайдың толық мөлшері.


Көрсетілген шамалар жүрілген жолдың есептегішінің соңғы рет бастапқы жағдайға түсірілген сәтінен бастап қазіргі уақытта көрсетіліп тұрған сәтке дейін есептеледі. Көрсету мынадай ауқымдарда жүзеге асырылады.

- Толық уақыты: 00’00" бастап 9999 сағ.59'59" дейін.
- Үнемделген жанармайдың толық мөлшері: 0 мл. бастап 9999,999 л. дейін.

ЕСКЕРТПЕ

- **Жүрілген жолдың есептегішінің көрсеткішін бастапқы жағдайға түсірген жағдайда қозғалтқыш тоқтатылған толық уақыт пен жанармайдың үнемдеген мөлшерінің сәйкес мәндері де түсіріледі.**
- **Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/тоқтату жүйесі арқылы тоқтатылған уақыт та сапардың ұзақтығына қосылады.**

TPMS жүйесінің экраны (егер орнатылған болса)




Бұл экранда әрбір шинадағы ауа қысымы көрсетіледі.
Егер шинаның желі шыққан болса, онда бұл шина және ондағы ауа қысымы экранда сары түспен көрсетіледі.

ЕСКЕРТПЕ

Шинадағы ауа қысымының мәні сапардан кейін бірнеше минут бойы көрсетіледі.

Мәзір экранына өту экраны



Егер осы экран таңдалған болса, "i /SET" пернесін тартып, ұстай отырып мәзір экранына өтуге болады.

■ Мәзір экрандары

Егер төменде келтірілген шарттар қанағаттандырылса, мәзір экранына өту үшін "i/ SET пернесін тартып, ұстап тұрыңыз.

- Мәзір экранына өту экраны таңдалған.
- Ақпараттың бар екендігі туралы еске салу "i" белгішесі сөндірулі.

ЕСКЕРТПЕ

- **Қозғалыс барысында аспаптар комбинациясы дисплейінде (түрлі-түсті сұйықкристалды дисплейде) көрсетілетін баптау позициялары шектеулі болады.**
- **Функцияларды баптау және оларды аспаптар комбинациясы дисплейінде өзгерту туралы ақпарат "Функцияларды орнату" бөлімінде берілген☞29.**

Рөл дөңгелегіндегі ▲ және ▼ пернелерінің көмегімен Сіз мәзірді таңдай аласыз. Таңдалған мәзірге кіру үшін "i/SET" пернесін тартыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Егер Сіз Go Back (Оралу) мәзіріне кірсеңіз, жүйе алдыңғы экранға оралады.

▼ Экран баптаулары

"Screen Settings" (Экран баптаулары) мәзіріне кіргеннен кейін келесі мәзірдің бірін таңдаңыз.

▽ Welcome Screen (Сәлемдесу экраны)

Сәлемдесу экранын қосуға немесе сөндіруге болады.

▽ Good-bye Screen (Қоштасу экраны)

Қоштасу экранын қосуға немесе сөндіруге болады.

▽ **Gauge Initial Movement (Нұсқауыш тілінің бастапқы ауытқуы)**

Аспаптардың тілдері мен нұсқауыштардың оталдыру құлпын "ON" күйіне ауыстырған кезде орын алатын ауытқуларын қосуға немесе сөндіруге болады.

▽ **Units (Өлшем бірліктер)** Аспаптар комбинациясы дисплейінде (түрлі-түсті сұйықкристалды дисплейде), "A" түрлі көпфункциялы дисплейде (қара-ақ) және "B" түрлі көпфункциялы дисплейде (түрлі-түсті сұйық-кристалды дисплейде) көрсетілетін өлшем бірліктер өзгереді.

▽ **Tire Pressure Units (Шинадағы ауа қысымын өлшеу бірлігі) (егер қарастырылған болса)**

TPMS жүйесі көрсететін өлшем бірліктер өзгереді.

▽ **Тілдер**

Аспаптар комбинациясы дисплейінде (түрлі-түсті сұйықкристалды дисплей) және көпфункциялы дисплейде (түрлі-түсті сұйықкристалды дисплей) көрсетілетін тіл өзгереді.

▼ **Ескерту сигналы дыбысының қаттылығын білдіреді) (егер қарастырылған болса)**

EyeSight жүйесінің, артқы жүріспен қозғалыс кезінде автоматты түрде тежеу жүйесінің және SRVD жүйесінің ескерту сигналының дыбысының деңгейі орнатылады.

▼ **EyeSight (EyeSight жйесі) (EyeSight жүйесі бар моделдер)**

ЕСКЕРТПЕ

EyeSight жүйесі бар моделдер үшін автокөлікті пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың қосымшасын қараңыз - "EyeSight жүйесін пайдалану жөніндегі нұсқаулық".

▼ **RAB (Артқы жүріспен қозғалғанда автоматты түрде тежеу жүйесі) (егер орнатылған болса)**

Сонардың дыбыстық ескерту сигналын қосу/сөндіру және артқы жүріспен қозғалғанда автоматты түрде тежеу жүйесін қосу/ сөндіру орнатылады.

ЕСКЕРТПЕ

Артқы жүріспен қозғалғанда автоматты түрде тежеу жүйесі бар моделдер үшін "Артқы жүріспен қозғалған кезде автоматты түрде тежеу жүйесі" бөлімін қараңыз ☞7-76.

▽ **Sonar Audible Alarm (Сонар дыбыстық ескерту сигналы)**

Егер артқы жүріспен қозғалғанда автоматты түрде тежеу жүйесі қосулы болса, артынан кедергінің табылғандығы туралы хабарлайтын дыбыстық сигналдың қосылуы немесе сөндірілуі мүмкін.

▽ **Automatic Braking (Автоматты түрде тежеу)**

Артқы жүріспен қозғалған кезде автоматты түрде тежеу жүйесі қосылады немесе сөндіріледі.

▼ **Vehicle Setting (Автокөліктің баптаулары)**

"Vehicle Setting" (Автокөліктің баптаулары) мәзіріне кіргеннен кейін келесі мәзірдің бірін таңдаңыз.

▽ **Keyless Entry System (Есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі)**

Қашықтықтан басқару функциясының жұмысы кезінде қолданылатын баптаулар орнатылады.

- Hazard Warning Flasher (Апаттық жарықтық синал)

- ЖАЛҒАСЫ –

Есік құлыптаулы немесе ашық болғанда жыпылықтайтын апаттық жарық сигналының жұмысы бапталады.

- Security Relocking (Қауіпсіздік мақсатында есіктерді қайта құлыптау) (егер қарастырылған болса)
  Есіктердің автоматты түрде құлыпталу аралығын қосуға немесе баптауға болады. Іске қосылу кезеңін баптауда қалаған ұзақтықты секундпен таңдаңыз.

▽ **Defogger (Артқы шынының жылытқыш)**

Артқы шынының жылытқыштың жұмысы бапталады және орнатылады.

▽ **Interior Light (Салонды жарықтандыру)**

Салонның жарықтандырғышын сөндіруді кідірту таймерін орнату және баптау.

▽ **Қозғалыс жолағын бір шертіп ауыстыру көрсеткіші**

Қозғалыс жолағын бір шертіп ауыстыру көрсеткіші қосылады/сөндіріледі.

▽ **Сыртқы айналардың баптаулары (егер қарастырылған болса)**

- Артқы жүріспен қозғалған кезде иілу функциясы бар айна.
  Артқа қарай қозғалғанда сыртқы айналардың көлбеу иілу функциясы қосылады немесе сөндіріледі.
- Жинайтын электр жетегі бар сыртқы айналар
  Сыртқы айналарды автоматты түрде жинау функциясын электр жетегінің көмегімен қосуға және сөндіруге болады.


▼ **Default Settings (Дағдылық баптаулар)**

Баптауларды пайдаланушылық жағдайынан дағды бойынша қалыптастырылған зауыттық баптауларға сәйкес етіп қалпына келтіру мақсатында мәзір экранын пайдалану үшін "Yes" (Иә) тармағын таңдаңыз. Әдепкі зауыттық дағдылық баптауларды қалпына келтірместен алдыңғы экранға оралу үшін "No" (Жоқ) тармағын таңдаңыз.

Көпфункциялы дисплей (қара-ақ) (егер орнатылған болса)

ЕСКЕРТПЕ

Көпфункциялы дисплейі бар моделдер үшін (түрлі-түсті сұйық-кристалды дисплей) Көпфункциялы дисплей (түрлі-түсті сұйықкристалды дисплей) (егер орнатылған болса)" бөлімін қараңыз
☞3-65.



1) Сыртқы ауа температурасының индикаторы.
2) X-MODE режімінің индикаторы.
3) Сапар туралы ақпараты бар дисплей.
4) Сағат.

Егер оталдыру құлпы "ACC" күйінде болса, дисплейде сағат пайда болады.

Егер оталдыру құлпы "ON" күйінде болса, дисплейде сыртқы температураның индикаторы, сапар туралы ақпараты бар дисплей және сағат пайда болады.

ЕСКЕРТПЕ


Көрсетілетін мән автокөліктің қозғалысы жағдайларының өзгеруіне сәйкес өзгереді. Сонымен қатар, көрсетілген мәндер нақты мәндерден сәл өзгеше болуы мүмкін және тиісінше, мәндерді тек болжамдық көрсеткіш ретінде қарастыру керек.

■ Сапар туралы ақпараты бар дисплей

ЕСКЕРТПЕ


Сіз бір мезетте өлшем бірліктерін қатарынан көпфункциялы дисплейде (ақ қара) де, аспаптар комбинациясы дисплейінде де өзгерте аласыз. Тілді және өлшем бірліктерді баптау туралы толық ақпарат алу үшін "Аспаптар комбинациясының баптаулары" бөлімін ☞3-14 немесе "Мәзір экрандары" бөлімін қараңыз ☞3-56.

▼ Дисплейдегі ақпаратты өзгерту тәртібі



1) "INFO" түймесі.


Рөл дөңгелегіндегі "INFO" түймесін басу дисплейдегі суретті келесі ретпен ауыстырады.



*1 Аспаптар комбинациясы дисплейі жоқ моделдер (түрлі-түсті сұйықкристалды дисплей).


* 2 Егер қарастырылған болса.

▼ Қалған жанармай жететтін қашықтық



1) Егер "MPH "(миль/сағ.) өлшем бірліктері орнатылған болса.
2) Егер "km/h" (ш./сағ.) өлшем бірліктері орнатылған болса.

Қалған жанармай жететін қашықтықты көрсететін индикаторда автокөліктің жанармай багында қалған жанармайдың мөлшері мен жанармайдың орташа жұмсалу шамасы негізінде есептелген жүре алатын қашықтығы көрсетіледі.




1) Егер "MPH "(миль/сағ.) өлшем бірліктері орнатылған болса.
2) Егер "km/h" (ш./сағ.) өлшем бірліктері орнатылған болса.

Егер қалған жанармай жететін қашықтық индикаторында " --- ", көрсетілсе, бұл автокөліктің багында жанармайдың қалмағандығын білдіреді.

ЕСКЕРТПЕ


Қашықтық индикаторының көрсеткіштері болжамдық шама болып табылады. Көрсетілген шама қалған жанармай жететін нақты қашықтықтан өзгеше болуы мүмкін. Сондықтан, жанармай деңгейінің төмендігін ескерту шамы жанған жағдайда Сіз дереу арада жанармай багына жанармай құюыңыз керек.

▼ Жанармайдың орташа жұмсалуының индикаторы



1) Жанармай галлонында жүрілетін қашықтықты көрсетеді.
2) Жанармай литрінде жүрілетін қашықтықты көрсетеді.
3) Жанармайдың 100 ш. жұмсалуын көрсетеді.

Бұл индикатор жүрілген жолды есептегіш соңғы рет бастапқы күйіне түсірілген сәттен бастап жанармайдың орташа шығынын көрсетеді.




1) Жүрілген жолды есептегіштің көрсеткіштерін бастапқы жағдайға түсіру түймесі.

Жүрілген жолдың A есептегіші көрсететін жүрілген жолдың шамасына сай келетін жанармайдың орташа жұмсалу көрсеткіші мен жүрілген жолдың B есептегіші көрсететін жүрілген жолдың шамасына сай келетін көрсеткіштері арасында ауысу үшін жүрілген жолды есептегішітің түймесін басыңыз.
Жүрілген жолдың есептегішін бастапқы күйге келтіру кезінде осы есептегішке сәйкес келетін жанармайдың жұмсалу мәні де жойылады.

ЕСКЕРТПЕ

Жүрілген жолдың есептегішін бастапқы күйге келтіру кезінде осы есептегішке сай келетін жанармайдың орташа жұмсалуының мәні автокөлік осындай бастапқы күйге келтіру орындалғаннан кейін 1 ш. қашықтықта жүргенге дейін көрінбейді.


▼ Жанармайдың ағымдағы жұмсалуы



1) Жанармай галлонында жүрілетін қашықтықты көрсетеді.
2) Жанармай литрінде жүрілетін қашықтықты көрсетеді.
3) Жанармайдың 100 ш. жұмсалуын көрсетеді.


Бұл индикатор жанармайдың қазіргі уақыттағы шығынын көрсетеді.

▼ Сапар ұзақтығы (аспаптар комбинациясы дисплейі жоқ моделдер (түрлі-түсті сұйықкристалды дисплей))



Сапардың ұзақтығы оталдыру құлпы "ON" күйіне ауыстырылған сәттен бастап өткен уақытты көрсетеді.

- ЖАЛҒАСЫ –




Сапар ұзақтығының индикаторы әр сағат өткеннен кейін жыпылықтайды. Егер дисплейге сапардың ұзақтығының орнына басқа көрсеткіштер берілсе, онда дисплей сапардың ұзақтығына ауысады, 5 секунд бойы жыпылықтайды және әр сағат өткеннен кейін бастапқы көрсеткіштерге оралады.

ЕСКЕРТПЕ

Оталдыру құлпын "LOCK"/"OFF" немесе "ACC" күйіне ауыстырғанда сапардың ұзақтығы жойылады.

▼ **Автокөліктің орташа жылдамдығы**



1) Егер "MPH "(миль/сағ.) өлшем бірліктері орнатылған болса.
2) Егер "km/h" (ш./сағ.) өлшем бірліктері орнатылған болса.


Бұл индикатор жүрілген жолды есептегіш соңғы рет бастапқы күйге түсірілген сәттен бастап жанармайдың орташа жылдамдығын көрсетеді.
Жүрілген жолдың A есептегіші көрсететін жүрілген жолдың шамасына сай келетін орташа жылдамдық көрсеткіші мен жүрілген жолдың B есептегіші көрсететін жүрілген жолдың шамасына сай келетін орташа жылдамдық арасында ауысу үшін жүрілген жолды есептегішітің түймесін басыңыз.

Жүрілген жолдың есептегішін бастапқы күйге келтіру кезінде осы есептегішке сәйкес келетін орташа жылдамдықтың мәні де жойылады.

ЕСКЕРТПЕ

Жүрілген жолдың есептегішін бастапқы күйге келтіру барысында осы есептегішке сай келетін жанармайдың орташа жұмсалуының мәні автокөлік осындай бастапқы күйге келтіру орындалғаннан кейін 1 ш. қашықтықта жүргенге дейін көрінбейді.

▼ Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесі жұмысының ұзақтығы (егер орнатылған болса)



1) Жүрілген жолдың есептегішімен байланыста болған толық уақыт.
2) Оталдыру құлпымен байланыста болған толық уақыт.

Бұл дисплейде қозғалтқыш қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесі арқылы тоқтатылған толық уақыт былайша көрсетіледі.

Жүрілген жолдың есептегішімен байланыста болған толық уақыт. Осы сәтте көрсетіліп тұрған жүрілген жолдың есептегішінің көрсеткіштері соңғы рет бастапқы жағдайға түсірілген сәттен бастап қозғалтқыш қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/тоқтату жүйесі арқылы сөндірілгенге дейінгі толық уақытты көрсетеді. Жүрілген жолдың есептегішінің түймесін басу арқылы Сіз жүрілген жолдың А есептегіші мен В есептегіші бойынша қозғалтқыштың тоқтатылған уақытының ұзақтығы көрсеткіштерін ауыстыра аласыз.


ЕСКЕРТПЕ

Жүрілген жолдың есептегішін бастапқы күйге келтіру барысында осы есептегішке сай келетін жанармайдың орташа жұмсалуының мәні автокөлік осындай бастапқы күйге келтіру орындалғаннан кейін 1 ш. қашықтықта жүргенге дейін көрінбейді.

Оталдыру құлпымен байланыста болған толық уақыт. Қозғалтқыштың қозалтқышты автоматты түрде іске қосу/тоқтату жүйесі арқылы тоқтатылған оталдыру құлпы "ON" күйіне бұрылған сәттен бастап осы уақытқа дейінгі толық уақытын көрсетеді.

▽ **Көрсеткіштерді ауыстырып қосу тәртібі**

Көрсеткіштерді толық уақытша, жүрілген жолды есептегішпен байланыстырылған және толық уақытша мен оталдыру құлпымен байланыстырылған арасында ауыстырып қосу үшін келесі операцияларды орындаңыз.



1. Ақпараттық дисплейдің бүйіріндегі "+" түймесін басыңыз және ұстап тұрыңыз. Тоқтату уақыты жыпылықтай бастайды.
2. Тоқтау уақыты жыпылықтай бастағаннан кейін 5 секунд бойы ақпараттық дисплейдің бүйіріндегі " - " түймесін басыңыз және ұстап тұрыңыз. Дисплейдің көрсеткіштері өзгереді және 2 секундтан кейін тоқтаудың таңдалған уақыты көрсетіледі.
3. Дисплей көрсеткіштері жыпылықтап тұрған кезде " - " түймесін әрбір 3 секунд бойы басқанда және ұстап тұрғанда, олар өзгереді және тағы 2 секунд жыпылықтайды. Егер дисплей көрсеткіші жыпылықтап тұрғанда 3 секунд ішінде " - " басылмаса және ұстап тұрылмаса,

- ЖАЛҒАСЫ –

таңдалған тоқтату уақыты көрсетіледі.


▼ Сапар туралы ақпараты бар дисплейді сөндіру

Сапар туралы ақпараты бар дисплейді таңдау режімінен шығу үшін мәзірдің бос тармағын таңдаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- **Жанармайдың орташа шығыны мен автокөліктің орташа жылдамдығы автокөлік туралы ақпараты бар дисплей сөндірулі болған жағдайда да есептеледі.**
- **Сіз автокөлік туралы ақпараты бар дисплейді сөндірсеңіз де, ол аккумуляторлық батареяны немесе сақтандырғышты ауыстыру үшін аккумулятор батареясын сөндіргенде және қайталап қосқанда автоматты түрде іске қосылады.**


■ Сыртқы ауа температурасының индикаторы



ЕСКЕРТПЕ

- **Сыртқы ауа температурасының индикаторында қадаға маңындағы температура көрсетіледі. Сәйкесінше, сыртқы ауа температурасының индикаторы көрсеткіштерінің сыртқы ауа температурасының нақты шамасынан өзгеше болуы мүмкін.**
- **Температураны өлшеу бірліктерін өзгертуге болмайды.**

▼ Жол жамылғысының мұздануының мүмкін екендігі туралы ескерту индикаторы



Сыртқы ауа температурасы белгілі температураға дейін немесе одан төмен шамаға төмендеген кезде сыртқы ауа температурасы индикаторының көрсеткіштері жол жамылғысының мұздануының мүмкін екендігін ескерте отырып, 5 секунд ішінде жыпылықтай бастайды.

Егер дисплей оталдыру құлпы "ON" күйіне ауыстырылған кезінде сыртқы ауа температурасының төмен екенін көрсетсе, көрсеткіштер жыпылықтамайды.

ЕСКЕРТПЕ

- **Сыртқы ауа температурасы индикаторының көрсеткіштері сыртқы ауа температурасының нақты шамасынан өзгеше болуы**

мүмкін. Жол жабынының мұздануының мүмкін екендігі туралы ескерту индикаторының көрсеткіштерін тек мұзданудың мүмкін екендігі туралы болжамдық ақпарат ретінде қарастыру керек. Сапар алдында міндетті түрде жол жабынының күйін тексеріңіз.

- **Дисплейде жол жамылғысының мұздануының мүмкін екендігін ескерту индикаторы пайда болған соң, сыртқы ауа температурасы 3 °C дейін түссе де немесе одан төмен болса да, ол бұған дейін бір рет 5°C шамасына немесе одан жоғары көтерілмейінше ескерту сигналы қайтадан берілмейді.**

■ X-MODE режімінің индикаторы



Бұл индикатор X-MODE режімі қосылған кезде көрсетіледі. Ол X-MODE режімі сөндірілген кезде сөнеді.

■ Сағат

Сағат туралы неғұрлым толық ақпарат алу үшін "Сағат" бөлімін қараңыз ☞3-89.

Көпфункциялы дисплей (түрлі-түсті сұйықкристалды дисплей) (егер орнатылған болса)

ЕСКЕРТПЕ

Көпфункциялы дисплейі (ақ-қара) бар моделдер үшін "Көпфункциялы дисплей (ақ-қара)" бөлімін қараңыз ☞3-58.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Автокөліктің қозғалысы кезінде көпфункциялы дисплейді (түрлі-түсті сұйықкристалды дисплейді) пайдалану кезінде міндетті түрде қауіпсіздікке тиісінше назар аударыңыз. Егер көпфункциялы дисплейді (түрлі-түсті сұйықкристалды дисплейді) Сіздің жағдайдан хабардар болуыңызға және жүргізуге бөлетін назарыңызға кедергі келтіретін болса, дисплеймен қандай да бір әрекеттер орындау алдында автокөлікті қауіпсіз жерде тоқтатыңыз. Сонымен қатар, жүргізу кезінде бар назарды тек дисплейге аударманыз. Бұл жолдан алаңдап, апатқа соқтыруы мүмкін.

■ Функциялары

Көпфункциялы дисплейдің (түрлі-түісті сұйықкристалды дисплейдің) мынадай функциялары бар.

Сипаттамасы	Беті
Ескерту және т. б. сияқты пайдалы хабарламаларды көрсету.	3-68
Негізгі экрандарды көрсету (мысалы, жанармайдың жұмсалуы және т. б.).	3-68
Техникалық қызмет көрсету қажеттілігі туралы ескертулерді орнату және баптау	3-87

Сонымен қатар, көпфункциялы дисплей (түрлі-түісті сұйықкристалды дисплейдің) көпфункциялы дисплей-дің өзін баптау және инициали-зациялау үшін де қолданылуы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

- **Автокөлік қозғалыста болғанда, кейбір функциялар мен таңдау нұсқаларына қол жетімді болмауы мүмкін.**
- **Сіз тіл мен өлшем бірліктерді көп функциялы дисплейде де (түрлі-түсті сұйықкристалды дисплей-де), аспаптар комбинациясы дисплейінде де бір мезгілде баптай аласыз. Тілді және өлшем бірліктерді баптау туралы туралы неғұрлым толық ақпарат алу үшін "Экран баптаулары" бөлімін қараңыз ☞3-56.**
- **Қолдану бойынша осы нұсқаулықта берілген суреттер мысал болып табылады. Іс жүзіндегі суреттер өткізу нарығы мен жинынтыққа байланысты ерекшеленуі мүмкін.**

■ Сәлемдесу экраны және қоштасу экраны

Егер жүргізушінің есігі ашық және жабық болса, онда аз уақытқа сәлемдесу экраны пайда болады.
Оталдыру құлпы "LOCK"/ "OFF" күйіне бұрылғанда көпфункциялы дисплей біртіндеп сөнеді (қоштасу анимациясы).

ЕСКЕРТПЕ

- **Егер оталдыру құлпы "ON" күйіне сәлемдесу экраны көрсетіліп тұрғанда ауыстырылатын болса, бұл экран жойылады.**
- **Сәлемдесу экраны мен қоштасу экраны қосулы немесе сөндірулі болуы мүмкін. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін "Экран баптаулары" бөлімін қараңыз ☞3-56.**
- **Сәлемдесу экраны қосылғаннан кейін біраз уақыт ішінде оның қайтадан қосылмауы мүмкін, тіпті жүргізушінің есігі қайтадан ашылып, жабылатын болса да. Бұл қандай да бір ақаудың бар екендігінің дәлелі емес.**


■ Өзіндік диагностика экраны

ЕСКЕРТПЕ

Өзіндік диагностика экраны баптауларда "ON" (Қос.) мәні орнатылғанда пайда болады. Бұл баптау туралы неғұрлым толық ақпарат алу үшін "Қосу/ сөндіру баптаулары" бөлімін қараңыз ☞3-88.

Оталдыру құлпын "ON" қалпына ауыстыру кезінде автокөліктің өзіндік диагностикасы орындалады.

Келесі тармақтарға сәйкес келетін экрандардың әрқайсысы бірнеше секундқа бірінен кейін бірі пайда болады.



1) Мотор майы: мотор майын ауыстыру аралығын тексеру.
2) Май сүзгісі: май сүзгісін ауыстыру аралығын тексеру.
3) Шиналар: шиналардың орнын ауыстыру аралығын тексеру.
4) Диагностика және техникалық қызмет көрсету: диагностика және техникалық қызмет көрсету аралығын тексеру.


Тексеру кезінде тексерілетін тармақ үшін таңбашаның түсі жарықтау болады. Ауыстырып қосу ретпен, солдан оңға қарай жүреді.
Хабарлама болған жағдайда хабарлама көрсетіледі. Көрсетілген хабарлама негізінде қажетті әрекеттерді орындаңыз.

Өзіндік диагностика аяқталғаннан кейін ағымдағы күн, сақталған туған күн мен жылдық күндері көрсетіледі.

ЕСКЕРТПЕ

- **Техникалық қызмет көрсетілгеннен кейін техникалық қызмет көрсетудің тиісті тармағының баптауын өзгертіңіз. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін "Техникалық қызмет көрсету баптауларының кестесі" бөлімін қараңыз ☞3-88.**
- **Техникалық қызмет көрсету туралы хабарлама экраны келесі шарттардың бірінде көрсетіледі.**
  - **– Хабарлама тіркелген күнге дейін қалған уақыт кезеңі 15 күнді немесе одан аз уақытты құрайды.**
  - **– Хабарлама үшін тіркелген жүріске дейін қалған жалпы жүрілген жол шамамен 500 ш. немесе одан төменді құрайды.**
- **Техникалық қызмет көрсету туралы хабарлама экраны келесі шарттардың бірі орындалғанға дейін көрсетіледі.**
  - **– Хабарлама тіркелген күннен бастап өткен уақыт кезеңі 15 күнді немесе одан аз уақытты құрайды.**
  - **– Хабарлама үшін тіркелген жүрістен кейінгі жалпы жүрілген жол шамамен 500 ш. немесе одан төменді құрайды.**

■ Үзу экраны




Мысал

Ескерту сияқты пайдалы хабарлар ағымдағы экранның көрсетілуін үзіп, дыбыс сигналымен бірге жүретін дисплейде пайда болуы мүмкін. Хабарламаға сәйкес қажетті шараларды қолданыңыз.

Үзу экраны бірнеше секундтан кейін бастапқы экранға оралады. Сонымен қатар, тоқтату экранын "INFO" түймесін басу арқылы өткізіп жіберуге болады.

■ Негізгі операциялар




Басқару пернелерінің блогы
1) "INFO" түймесі.
2) "▲" (Жоғары)
3) "i/SET (Енгізу)
4) "▼"(Төмен)

Негізгі экранда көрсетілетін позицияларды ауыстыру үшін рөл дөңгелегіндегі "INFO" түймесін басыңыз. Сіз баптаулар экранындағы позицияларды "▲", "▼" және "i/SET" пернелерінің көмегімен басқара аласыз.

■ Негізгі экрандар

Негізгі экран оталдыру құлпы "ON" күйінде болғанда көрсетіледі.



1) Сағат.
2) Климат-бақылау жүйесі.*
3) Сыртқы ауа температурасы.
4) Ақпараттық экран.

* Егер оталдыру құлпы "ACC" күйінде болса, көпфункциялы дисплейде (түрлі - түсті сұйықкристалды дисплейде) көрсетілмейді.

▼ Сыртқы ауа температурасының индикаторы


Көпфункциялы дисплейде (түрлі-түсті сұйықкристалды дисплейде) сыртқы ауа температурасы көрсетіледі.

ЕСКЕРТПЕ

- **Сыртқы ауа температурасының индикаторында қадаға маңындағы температура көрсетіледі. Сәйкесінше, сыртқы ауа температурасы индикаторының көрсеткіштері сыртқы ауа температурасының нақты температурасынан өзгеше болуы мүмкін.**
- **Температураны өлшеу бірліктерін өзгертуге болмайды.**

▼ Климат-бақылау жүйесінің экраны

Көпфункциялы дисплейде (түрлі-түсті сұйықкристалды дисплейде) климат-бақылау жүйесінің күйі көрсетіледі.



Климат-бақылау жүйесінің экраны

1) Температураны орнату индикаторы (сол жағы).*1
2) "FULL AUTO" индикаторы.
3) "AUTO" индикаторы.
4) Ауа ағындарын бөлу индикаторы.
5) Температураны орнату индикаторы (оң жағы).*1
6) Ауа жинағышты басқару индикаторы.
7) "SYNC" индикаторы.*2
8) Желдеткіш жылдамдығының индикаторы.
9) Кондиционерді қосу индикаторы.

*1 Синхрондау функциясы жоқ моделдерде индикатор тек жүргізуші жақта көрсетіледі.

*2 Тек синхрондау функциясы бар моделдер.

Климат-бақылау жүйесімен жұмыс істеу кезінде негізгі экран климат-бақылау жүйесінің экранына ауысады. Климат-бақылау жүйесінің жұмысы туралы неғұрлым толық ақпарат алу үшін "Климат-бақылау жүйесін басқару панелі" бөлімін қараңыз ☞4-3.

▼ Сағат

Сағаттың 12 сағаттық немесе 24 сағаттық форматта көрсетілуі мүмкін. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін "Сағат" бөлімін қараңыз ☞3-89.


▼ Ақпараттық экран

Ақпараттық экранда көрсетілетін позицияларды ауыстыру үшін рөл дөңгелегіндегі "INFO" түймесін басыңыз.


Мазмұны	Сипаттамасы	Беті
Электрлік компоненттердің жұмыстық күйінің экраны*	Электрлік компоненттер мен жабдықтардың жұмыстық күйін көрсетеді.	3-71
Превентивтік қауіпсіздік экраны	Сіздің автокөлігіңіздің күйін көрсетеді.	3-72
EyeSight жүйесінің экраны*1	EyeSight жүйесінің жұмыстық күйін көрсетеді.	3-72
Таңдаулы экраны	Таңдау бойынша 3 позицияға дейін көрсетеді.	3-73
Навигация жүйесінің экраны *2	Навигация жүйесіне қатысты ақпаратты көрсетеді.	3-74
Аудиожүйе экраны	Аудиожүйенің ақпаратын көрсетеді.	3-74
Жанармай жұмсалуының экраны	Жанармайдың жұмсалуы туралы ақпаратты көрсетеді.	3-74
Сағат/ күн экраны	Сағатты көрсетеді.	3-75
Нұсқаулықтар экраны	Баптаулар экранына өту.	3-75

*1 EyeSight жүйесі бар моделдер.
*2 Навигация жүйесі бар моделдер.
* 3 Егер қарастырылған болса.

▽ Электрлік компоненттерінің жұмыстық күйінің экраны (егер қарастырылған болса)



Сол жақтан басқарылатын моделдер



Оң жақтан басқарылатын моделдер

1) Көрінбейтін жерлердегі кедергілерді анықтау (BSD) функциясы/ қиылысатын жолда автокөліктің артындағы қозғалыс туралы (RCTA) ескерту функциясы.*1
2) Артқы жүріспен қозғалыс кезінде автоматты түрде тежеу жүйесі. *1
3) Апаттық жағдайларда қозғалыс жолағында ұстап қалуға көмек көрсету жүйесі.*1
4) Қозғалыс жолағынан шығу туралы ескерту индикаторы. *1
5) Апат алдындағы тежеу жүйесінің индикаторы. *1
6) EyeSight жүйесі.*1
7) Шамның алысқа түсірілетін жарығы ассистенті. *1
8) Бүйірлік шолу мониторы*.1
9) Алдыңғы шолу мониторы. *1 *2
10) Жүргізуші жағдайының мониторинг жүйесі.*1 *2

*1 Егер қарастырылған болса.
*2Тек оң жақтан басқарылатын моделдер


Бұл экранда автокөліктің электрлік компоненттерінің жұмыстық күйлері көрсетіледі.
Сондай - ақ, экранда электрлік жабдықтың компоненттері туралы ақпараттың көрсетілуі мүмкін.

1 Қажетті тармақты таңдау үшін "▲" немесе "▼" түймесін басыңыз.
2 Таңдалған тармаққа ауысу үшін "INFO" түймесін басып, ұстап тұрыңыз.


ЕСКЕРТПЕ

- **Автокөлікте орнатылмаған функциялар үшін индикаторлар көрсетілмейді.**
- **Жұмыс істемейтін функциялардың индикаторлары сұр болып көрсетіледі.**

▽ **Превентивтік қауіпсіздік экраны**



1) Индикаторлар экраны.
2) Дөңгелектерді бұру бұрышы.
3) Автокөліктің қалпы.
4) Қозғалыс жағдайлары.




1) Автокөліктің қалпы.
2) X-MODE режимі

Бұл экранда автокөліктің қозғалыс кезіндегі күйі және функцияларының жұмысы көрсетіледі. Жұмыс істейтін функциялар үшін индикаторлар жанып немесе жыпылықтап тұрады.

ЕСКЕРТПЕ

- **Автокөлік қалпының көрсеткіштері автокөліктің нақты қалпынан өзгеше болуы мүмкін.**
- **Егер X-MODE режимі қосулы болса, көпфункциялы дисплей превентивтік қауіпсіздік экранына ауысады.**
- **Автокөліктің шанағының көлбеулену бұрыштары жол жабынының көлбеулену бұрышына ғана емес, жүргізуші мен жолаушылардың, тасымалданатын жүктің салмағының әсеріне де, сондай-ақ үдету немесе бәсеңдеу нәтижесіне де байланысты.**

▽ **EyeSight жйесінің экраны (EyeSight жүйесі бар моделдер)**




1) Алдында келе жатқан автокөлік индикаторы.
2) Сіздің автокөлігіңіздің индикаторы.
3) Стоп-сигналдар.
4) Жол белгілерінің индикаторы.
5) Қозғалыс жолағы индикаторы.

Бұл экран EyeSight жүйесінің жұмыстық күйін көрсетеді.
Алда келе жатқан автокөліктің индикаторы алда келе жатқан автокөлікке дейінгі қашықтыққа байланысты

алға және артқа қарай жылжиды. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін автокөлікті пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың қосымшасын - "EyeSight жүйесін пайдалану жөніндегі нұсқаулық" қараңыз.

▽ **Таңдаулы экраны**



Таңдаулы экраны
(экран мазмұнының мысалы)

Бұл экранда келесі позициялар арасында таңдауға болатын үш ақпараттық позицияға дейін көрсетіледі.

Позициясы	Толық ақпарат
	Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығының температурасы көрсетіледі.
	Мотор майының температутарсы көрсетіледі.
	Автокөліктің орташа жылдамдығы көрсетіледі.
	Акселератордың басқышын басу коэффициенті көрсетіледі.
	Автокөліктің қалпы көрсетіледі.
	Жанармайдың ағымдағы жұмсалуы көрсетіледі.
	Автокөлік қозғалысының бағыты көрсетіледі. *1
	Сіз қазіргі уақытта қозғалып келе жатқан жолда жылдамдықтың шектелуі көрсетіледі. *1

Позициясы	Толық ақпарат
	Күнтізбе көрсетіледі.
	Жүргізуші жағдайының мониторинг жүйесінің ақпараты көрсетіледі.*1
	Ештеңе көрсетілмейді.


*1 Егер қарастырылған болса.

ЕСКЕРТПЕ

Моделі мен жиынтығына байланысты кейбір позициялар көрсетілмеуі мүмкін.

Таңдаулы экранында көрсетілген позициялар өзгеруі мүмкін. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін "Таңдаулы баптаулары" бөлімін қараңыз ☞3-84.

▽ Навигация жүйесінің экраны (егер қарастырылған болса)




Экранда навигация жүйесінің межелі орны туралы ақпарат көрсетіледі.

ЕСКЕРТПЕ


Егер навигация жүйесіне белгіленген пункт берілмеген болса, экранда тұсбағдар, автокөлік қозғалып келе жатқан жолдың атауы мен белгіленуі, сондай-ақ жылдамдықтың шектеуі көрсетіледі.

▽ Аудиожүйенің экраны



Қазіргі уақытта таңдалған аудиожүйенің экраны көрсетіледі.
Аудиожүйені пайдалану тәртібі туралы толық ақпарат алу үшін навигация жүйесін/ аудиожүйені пайдалану жөніндегі жеке нұсқаулықты қараңыз.

▽ Жанармайдың жұмсалуының экраны



1) Пайдаланушы туралы ақпарат (егер қарастырылған болса)
2) Жүрілген жолды есептегіштің әрқайсысы бойынша жүрілген қашықтыққа сәйкес келетін жанармайдың орташа шығыны.
3) Жанармайдың ағымдағы жұмсалуы.
4) Қалған жанармай жететін қашықтық.

Экранда жанрмайдың жұмсалуы туралы ақпарат көрсетіледі.

ЕСКЕРТПЕ


Қалған жанармай жететін қашықтық индикаторының көрсеткіштері болжамдық шама болып табылады. Көрсетілген шама қалған жанармай жететін нақты қашықтықтан өзгеше болуы мүмкін. Сондықтан, ескерту шамы жанармай деңгейінің төмендігін ескертіп жанған жағдайда, Сіз дереу арада автокөлікке жанармай құюыңыз керек.

▽ Сағат/ күн экраны




Уақыт пен күн көрсетіледі.
Сіз уақыт пен күнді таңдай аласыз. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін "Сағат" бөлімін қараңыз ☞3-89.

▽ Таңдаулы экраны



Егер осы экранда рөл дөңгелегіндегі "INFO" түймесін басып, ұстап тұрсаңыз, баптаулар экранын шығаруға болады.
Неғұрлым толық ақпарат алу үшін "Баптаулар экраны" бөлімін қараңыз ☞3-76.

ЕСКЕРТПЕ



Егер аспаптар комбинациясы дисплейінде (түрлі-түсті сұйықкристалды дисплей) мәзірге кіру экраны көрсетілсе, жүйе "INFO" түймесі басылып, ұсталып тұратын болса да, баптаулар экранына өтпейді.

■ Баптаулар экраны

1. Нұсқаулықтар экранында "INFO" түймесін басып, ұстап тұрыңыз. Жоғарғы деңгейдегі мәзір көрсетіледі.
2. "▲" және "▼" пернелерінің көмегімен жоғарғы деңгейдегі мәзірден қажетті мәзірді -таңдаңыз.
3. Таңдалған мәзірге кіру үшін "i/SET" пернесін тартыңыз.
4. "▲" және "▼" пернелерінің көмегімен 2-деңгейдегі мәзірден қажетті мәзірді -таңдаңыз.
5. Таңдалған мәзірге кіру үшін "i/SET" пернесін тартыңыз.

Төменде мәзір тармақтарының тізімі берілген.

Жоғарғы деңгей мәзірі	2-деңгейлі мәзір	Сипаттамасы		Беті
Time/Date (Уақыт/Күн)	Time/Date (Уақыт/Күн)*	Күнді орнату және өзгерту. Уақыттың 12 сағаттық немесе 24 сағаттық форматын таңдауға болады.		3-79
	Birthday (Туған күн)	Туған күнді орнату.		3-79
	Anniversary (Жылдық)	Жылдық күнін орнату.		3-79
	Go Back (Оралу)	1-деңгейлі мәзірге оралу.		—
Display/Beep (Дисплей/ Дыбыстық сигнал)	Screen Off (Дисплейді сөндіру) *	Дисплейді қосу немесе сөндіру.	Yes (Иә) немесе No (Жоқ)	3-84
	Favorite (Таңдаулы)	Көп позициялы экранды орнату және өзгерту.		3-84
	Bypass Screen (Экранды өткізу)	Әрбір позиция үшін экранды өткізуді баптау.	On (Қос.) немесе Off (Сөнд.)	3-85
	Beep (Дыбыстық сигнал)	Дыбыс сигналының дыбыс деңгейін реттеу.	High (Жоғары), Low (Төмен) немесе Off (Сөнд.)	3-85
	Go Back (Оралу)	1-деңгейлі мәзірге оралу.		—
Climate control (Климат-бақылау жүйесі)	Mode Setting (Режімдерді баптау)	Климат-бақылау жүйесінің бастапқы баптауларын орнату.	Normal, Mild, ECO or Power (Қалыпты, Жұмсақ, Үнемді немесе Жоғары қарқынды)	3-86
	Occupant Detection (Жолаушының отыруын анықтау жүйесі)	Жолаушылардың болуына байланысты климат-бақылау жүйесінің жұмыс режімін орнатады	On (Қос.) немесе Off (Сөнд.)	3-86
	Go Back (Оралу)	1-деңгейлі мәзірге оралу.		—

- ЖАЛҒАСЫ –

Жоғарғы деңгей мәзірі	2-деңгейлі мәзір	Сипаттамасы		Беті
Camera settings (Камера баптаулары)	Brightness (Жарықтық)	Дисплейдің жарықтығын орнату және реттеу.		3-86
	Contrast (Контраст)	Дисплей контрастын орнату және реттеу.		3-87
	Camera Shift Link (Камераны ауыстырып қосу)	Камераны ауыстырып қосу режімін орнату.	On (Қос.) немесе Off (Сөнд.)	3-87
	Go Back (Оралу)	1-деңгейлі мәзірге оралу.		—
Maintenance (Техникалық қызмет көрсету)	Engine Oil (Мотор майы)	Майды ауыстыру қажеттілігі туралы хабарлама күнін орнату және өзгерту.		3-87
	Oil Filter (Май сүзгісі)	Май сүзгісін ауыстыру қажеттілігі туралы хабарлама күнін орнату және өзгерту.		3-88
	Tires (Шиналар)	Шиналарға техникалық қызмет көрсету туралы хабарлама күнін орнату және өзгерту.		3-88
	Maintenance Schedule (Техникалық қызмет көрсету кестесі)	Автокөлікке техникалық қызмет көрсету туралы хабарлама күнін орнату және өзгерту.		3-88
	ON/ OFF (ҚОС.)/СӨНД.)	Оталдыру құлпын "ON" күйіне ауыстыру кезінде қосылатын немесе сөндірілетін өзіндік диагностика жүйесі.	On (Қос.) немесе Off (Сөнд.)	3-88
	Clear All Settings (Барлық баптауларды өшіру)	Техникалық қызмет көрсету позициялары бойынша барлық баптауларды өшіру.	Yes (Иә) немесе No (Жоқ)	3-88
	Go Back (Оралу)	1-деңгейлі мәзірге оралу.		—
Initialize (Инициализация)	—	Барлық баптауларды олардың әдепкі мәндеріне дейін қалпына келтіру.	Yes (Иә) немесе No (Жоқ)	3-89
Go Back (Оралу)	—	Баптаулар экранына оралу.		—

* Сіз қозғалыс кезінде осы теңшеуді қалыптастыра аласыз.

▼ Күн мен уақыт баптаулары


Сіз күнді, уақытты орната аласыз және уақытты 12 сағаттық немесе 24 сағаттық форматта көрсетуді таңдай аласыз.

▽ Ағымдық күн мен уақытты орнату

Неғұрлым толық ақпарат алу үшін 3-89 бөлімін қараңыз.

▽ Туған күнді орнату

1. Баптаулар экранында 2-деңгейдің мәзіріндегі "Birthday" (туған күн) тармағын таңдаңыз. "Баптаулар экраны" бөлімін қараңыз ☞3-76.



2. Тізімнен Сіз тіркегіңіз келетін нөмірді таңдаңыз.



3. Басқару пернелері арқылы күн мен мәтінді енгізіңіз.
4. Баптаулар режімінен шығу үшін "Set" (Орнату) тармағын таңдаңыз. Өзгертілген баптауларды қолданбай, алдыңғы экранға оралу үшін "Go Back" (Оралу) тармағын таңдаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Сіз ең көбі 5 туған күнге дейін сақтай аласыз.

Егер туған күн жақындап қалса, онда оталдыру құлпын "ON" күйіне ауыстырғанда ескерту экраны көрсетіледі. Бұл функцияны қосуға немесе сөндіруге болады. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін "Экранды өткізу баптаулары" бөлімін қараңыз ☞3-85.

▽ Жылдық күнін орнату

1. Жылдық күнін орнату рәсімі "Туған күнді орнату" рәсіміне ұқсас ☞3-79, 1-қадамда "Anniversary" (Жылдық) тармағының таңдалатынын санамағанда.

ЕСКЕРТПЕ


Сіз ең көбі 5 жылдыққа дейін сақтай аласыз.

▼ Жүргізуші жағдайының мониторингі жүйесін баптау (Австралияға арналған моделдер)

Жүргізуші жағдайының мониторингі жүйесін баптауларын пайдаланушы қалыптастыра алады.


▽ Бетін қайтадан сканерлеу

1. Баптаулар экранындағы 2-деңгейдің мәзіріндегі "Repeat facial scan" (Бетін қайтадан сканерлеу) тармағын таңдаңыз. "Баптаулар экраны" бөлімін қараңыз ☞3-76.



305917

2. Бетін қайтадан сканерлеуді бастау үшін "Yes" (Иә) таңдаңыз. Алдыңғы экранға оралу үшін "No" (Жоқ) таңдаңыз.
3. Жүргізушінің орындығында отырып, бетіңізді алға бұрыңыз және бірнеше секунд күтіңіз.




305918

Пайдаланушыны тану үрдісі аяқталғаннан кейін сәлемдесу экраны пайда болады, содан кейін осы пайдаланушы үшін ақпараттың негізгі экранына ауысу орын алады.

▽ Пайдаланушыны тіркеу

1. Жүргізу үшін дұрыс қалыпқа отырып алып, артқа жүріспен қозғалу барысында орындықтың қалпын, сыртқы айналардың көлбеу бұрышын реттеңіз.
2. Баптаулар экранындағы 2-деңгейдің мәзіріндегі "Register User" (Пайдаланушыны тіркеу) тармағын таңдаңыз. "Баптаулар экраны" бөлімін қараңыз ☞3-76.



305919

3. Тізімнен Сіз тіркегіңіз келетін нөмірді таңдаңыз.




305920

4. Тіркеу мақсатында бетті сканерлеу үшін "Set" (Орнату) тармағын таңдаңыз.

Алдыңғы экранға оралу үшін Go Back (Оралу) тармағын таңдаңыз.


5. Жүргізушінің орындығында отырып, бетіңізді алға бұрыңыз және бірнеше секунд күтіңіз.



Экран мазмұнының өзгеруі тіркелетін бетті сканерлеудің аяқталғандығын көрсетеді.

ЕСКЕРТПЕ

- **Егер экран мазмұны өзгермесе, онда тану үрдісін жеңілдету үшін жүргізушінің орындығында отырып бетті көп функциялы дисплей жаққа және алға қарай кезекпен бұрып отыру қажет.**
- **Егер "Unable to register" (Пайдаланушыны тіркеу мүмкін емес) хабарламасы көрсетілсе, 4 - қадамнан бастап рәсімді қайта орындаңыз.**



6. Басқару пернелері арқылы мәтінді енгізіңіз.
7. Басқару пернелерінің көмегімен қажетті позицияларды таңдаңыз.
8. Баптаулар экранынан шығу үшін "Set" (Орнату) тармағын таңдаңыз.



ЕСКЕРТПЕ

- **Пайдаланушыға арналған тіркелу туралы ұсынысы бар экран мынадай жағдайларда пайда болады.**
  - **Егер жүргізуші пайдаланушыны тіркеу рәсімін аяқтамаса**
  - **Егер 4 немесе одан аз пайдаланушы тіркелген болса**
- **3-қадам экранын шақырту үшін басқаруыштың ауыстырып-қосқышының көмегімен "Yes" (Иә) тармағын таңдаңыз. Содан кейін пайдаланушыны тіркеу рәсімін аяқтау үшін тіркеу рәсімін орындаңыз.**
  - **Тіркеліп қойған пайдаланушының нөмірін таңдау арқылы қайта жазу мүмкіндігі қарастырылған. Егер пайдаланушы**


- ЖАЛҒАСЫ –

тіркеліп қойған пайдаланушыны қайта жазу жолымен тіркелетін болса, пайдаланушы үшін жанармайдың шығыны туралы деректер жойылады.


- **Егер "User Recognition" (Пайдаланушыны тану) параметрінің OFF (СӨНД.) мәні орнатылған болса, онда тіркеу экранына ену мүмкін емес.**

▽ Пайдалануды басқару

1. Баптаулар экранындағы 2-деңгейдің мәзіріндегі "Delete User" (Пайдаланушыны өшіру) тармағын таңдаңыз. "Баптаулар экраны" бөлімін қараңыз ☞3-76.




2. Тізімнен Сіз өшіргіңіз келетін нөмірді таңдаңыз.



3. Нөмірді сөндіру үшін "Yes" (Иә) бұйырымын таңдаңыз. Алдыңғы экранға оралу үшін "No" (Жоқ) бұйырымын таңдаңыз.

▽ Барлық пайдаланушыларды өшіру


1. Баптаулар экранындағы 2-деңгейдің мәзіріндегі "Delete All Users" (Барлық пайдаланушыларды өшіру) тармағын таңдаңыз. "Баптаулар экраны" бөлімін қараңыз ☞3-76.



2. Барлық пайдаланушыларды сөндіру үшін "Yes" (Иә) бұйырымын таңдаңыз. Алдыңғы экранға оралу үшін "No" (Жоқ) бұйырымын таңдаңыз.

▽ Пайдаланушының баптауларын жаңарту

1. Баптаулар экранындағы 2-деңгейдің мәзіріндегі "Update User Settings" (Пайдаланушының баптауларын жаңарту) тармағын таңдаңыз. "Баптаулар экраны" бөлімін қараңыз ☞3-76.



305927

2. Жүргізушінің қалпын қайта тіркеу үшін "Set" (Қалыптастыру) тармағын таңдаңыз. Алдыңғы экранға оралу үшін "Go Back" (Оралу) тармағын таңдаңыз.

▽ Жүргізуші орындығының қалпын өшіру

1. Баптаулар экранындағы 2-деңгейдің мәзіріндегі "Delete Driver Position" (Жүргізуші орындығының қалпын өшіру) тармағын таңдаңыз. "Баптаулар экраны" бөлімін қараңыз ☞3-76.




305928

2. Жүргізушінің қалпын өшіру үшін "Yes" (Иә) бұйырымын таңдаңыз. Алдыңғы экранға оралу үшін "No" (Жоқ) бұйырымын таңдаңыз.

▽ Отыру кезінде орындықты автоматты түрде артқа жылжыту функциясын баптау

1. Баптаулар экранының 2-мәзірінде "Automatically retract seat on entry" (Отыру кезінде орындықты автоматты түрде артқа жылжыту) тармағын таңдаңыз. "Баптаулар экраны" бөлімін қараңыз ☞3-76.



305929

2. Басқару пернелерінің көмегімен отыру/ түсу барысында орындықтың автоматты түрде артқа жылжытуды қосу немесе сөндіру үшін "ON" немесе "OFF" таңдаңыз.
3. Баптаулар режімінен шығу үшін "Set" (Орнату) тармағын таңдаңыз. Алдыңғы экранға оралу үшін "Go Back" (Оралу) тармағын таңдаңыз.

- ЖАЛҒАСЫ –

▽ **Пайдаланушыны тану функциясын баптау**

1. Баптаулар экранындағы 2-деңгейдің мәзіріндегі "User Recognition" (Пайдаланушыны тану) тармағын таңдаңыз. "Баптаулар экраны" бөлімін қараңыз ☞3-76.



305930


2. Басқару пернелерінің көмегімен пайдаланушыны тану функциясын қосу немесе сөндіру үшін "ON" немесе "OFF" таңдаңыз.
3. Баптаулар режімінен шығу үшін "Set" (Орнату) тармағын таңдаңыз. Алдыңғы экранға оралу үшін "Go Back" (Оралу) тармағын таңдаңыз.

▼ **Дисплей/дыбыстық сигнал баптаулары**

Сіз дисплей мен дыбыстық сигналдың дыбысының деңгейінің баптауларын орната аласыз.

▽ **Дисплейді сөндіру баптаулары**

1. Баптаулар экранындағы 2-деңгейдің мәзіріндегі "Screen Off" (Дисплейді қосу) тармағын таңдаңыз. "Баптаулар экраны" бөлімін қараңыз ☞3-76.



305122

2. Экранды сөндіру үшін "Yes" (Иә) бұйырымын таңдаңыз. Алдыңғы экранға оралу үшін "No" (Жоқ) бұйырымын таңдаңыз.

Дисплейді қосу

Егер оталдыру құлпын "ON" күйіне немесе "ACC" күйіне ауыстырғаннан кейін "INFO" түймесі басылатын болса, дисплей қосылады. Қосылған кезде дисплейде сөндірілгенге дейін көрсетілген экран пайда болады.

ЕСКЕРТПЕ

Экран сөндірулі болған уақытта климат-бақылау жүйесімен жұмыс істеу кезінде климат-бақылау жүйесінің экраны ғана қосылады.

▽ **Таңдаулы баптаулары**

1. Баптаулар экранындағы 2-деңгейдің мәзіріндегі "Favorite" (Таңдаулы) тармағын таңдаңыз. "Баптаулар экраны" бөлімін қараңыз ☞3-76.



305123

2. Басқару пернелерінің көмегімен қалаған позицияларды таңдаңыз. Позициялар туралы неғұрлым толық ақпарат

алу үшін "Баптаулар экраны" бөлімін қараңыз ☞3-76.


3. Баптаулар режімінен шығу үшін "Set" (Орнату) тармағын таңдаңыз. Өзгертілген баптауларды қолданбай, алдыңғы экранға оралу үшін "Go Back" (Оралу) тармағын таңдаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- **Сіз ең көбі 3 позицияға дейін сақтай аласыз.**
- **Сол жақта, ортада немесе оң жақта орналасқан жер үшін бірдей тармақ таңдалмайды.**

▽ Экранды өткізу баптаулары


1. Баптаулар экранындағы 2-деңгейдің мәзіріндегі "Bypass Screen" (Экранды өткізу) тармағын таңдаңыз. "Баптаулар экраны" бөлімін қараңыз ☞3-76.



2. Басқару пернелерінің көмегімен позициялардың көрсетілуін қосу немесе сөндіру үшін қосуды немесе сөндіруді таңдаңыз.
3. Баптаулар режімінен шығу үшін "Set" (Орнату) тармағын таңдаңыз. Өзгертілген баптауларды қолданбай, алдыңғы экранға оралу үшін "Go Back" (Оралу) тармағын таңдаңыз.

▽ Дыбыстық сигналдарды баптау

1. Баптаулар экранындағы 2-деңгейдің мәзіріндегі "Beep" (Дыбыстық сигнал) тармағын таңдаңыз. "Баптаулар экраны" бөлімін қараңыз ☞3-76.



2. Басқару пернелерінің көмегімен дыбыстық сигнал дауысының деңгейін орнатыңыз.
3. Баптаулар режімінен шығу үшін "Set" (Орнату) тармағын таңдаңыз. Өзгертілген баптауларды қолданбай, алдыңғы экранға оралу үшін "Go Back" (Оралу) тармағын таңдаңыз.

▼ Климат-бақылау жүйесін баптау

Климат-бақылау жүйесінің баптауларын пайдаланушы қалыптастыра алады.

▽ Режімдерді баптау

1. Баптаулар экранындағы 2-деңгейдің мәзіріндегі "Mode Setting" (Режімдерді баптау) тармағын таңдаңыз. "Баптаулар экраны" бөлімін қараңыз ☞3-76.



305931

2. Басқару пернелерінің көмегімен "Normal", "Mild", "Power" немесе "ECO" (Қалыпты, Жайлы, Үнемді немесе Жоғары қарқынды) режімдерін таңдаңыз Режімдерді баптау туралы неғұрлым толық ақпарат алу үшін "Климат – бақылаудың автоматты жүйесін баптау режімдері" бөлімін қараңыз ☞4-8.
3. Баптаулар режімінен шығу үшін "Set" (Орнату) тармағын таңдаңыз. Өзгертілген баптауларды қолданбай, алдыңғы экранға оралу үшін "Go Back" (Оралу) тармағын таңдаңыз.

▽ Жолаушының отыруын анықтау жүйесінің баптаулары

1. Баптаулар экранындағы 2-деңгейдің мәзіріндегі "Occupant Detection" (Жолаушының отыруын анықтау жүйесі) тармағын таңдаңыз. "Баптаулар экраны" бөлімін қараңыз ☞3-76.



305932

2. Басқару пернелерінің көмегімен жолаушының отыруын анықтау жүйесін қосу немесе сөндіру үшін "ON" немесе "OFF" таңдаңыз.
3. Баптаулар режімінен шығу үшін "Set" (Орнату) тармағын таңдаңыз.


Өзгертілген баптауларды қолданбай, алдыңғы экранға оралу үшін "Go Back" (Оралу) тармағын таңдаңыз.

▼ Камера баптаулары (егер орнатылған болса)

Сіз алдыңғы шолу камерасынан суреттің шығарылуының баптауларын орната аласыз.

▽ Жарықтықты баптау

1. Баптаулар экранындағы 2-деңгейдің мәзіріндегі "Brightness" (Жарықтық) тармағын таңдаңыз. "Баптаулар экраны" бөлімін қараңыз ☞3-76.




305958

2. Басқару пернелері арқылы жарықтық деңгейін таңдаңыз.
3. Баптауларды растау үшін "i/SET" пернесін басыңыз.

▽ **Контрастты баптау**

1. Баптаулар экранындағы 2-деңгейдің мәзіріндегі "Contrast" (Контраст) тармағын таңдаңыз. "Баптаулар экраны" бөлімін қараңыз ☞3-76.



2. Басқару пернелері арқылы контраст деңгейін таңдаңыз.
3. Баптауларды растау үшін "i/SET" пернесін басыңыз.

▽ **Камераны ауыстырып қосу баптаулары**

1. Баптаулар экранындағы 2-деңгейдің мәзіріндегі "Camera Shift Link" (Камераны ауыстырып қосу) тармағын таңдаңыз. "Баптаулар экраны" бөлімін қараңыз ☞3-76.



2. Басқару пернелерінің көмегімен "ON" (Қос.) немесе "OFF" (Сөнд.) бұйырымын таңдаңыз.
3. Баптаулар режімінен шығу үшін "Set" (Орнату) тармағын таңдаңыз. Өзгертілген баптауларды қолданбай, алдыңғы экранға оралу үшін "Go Back" (Оралу) тармағын таңдаңыз.

▼ **Техникалық қызмет көрсету баптаулары**

Сіз техникалық қызмет көрсету туралы ескертулердің жасалуын баптай аласыз.

▽ **Мотор майын ауыстыру туралы хабарламаны баптау**

1. Баптаулар экранындағы 2-деңгейдің мәзіріндегі "Engine Oil" (Мотор майы) тармағын таңдаңыз. "Баптау-лар экраны" бөлімін қараңыз ☞3-76.



2. Басқару пернелері арқылы күн мен жүрілген жол шамасын хабарлама үшін енгізіңіз.
3. Баптаулар режімінен шығу үшін "Set" (Орнату) тармағын таңдаңыз. Жүрілген жолды хабарлама жасалатын шамаға дейін өзгерту үшін үшін "Update" (Жаңарту) тармағын таңдаңыз.

- ЖАЛҒАСЫ –

Өзгертілген баптауларды қолданбай, алдыңғы экранға оралу үшін "Go Back" (Оралу) тармағын таңдаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- **Хабарлама баптауларға немесе күнге, болмаса жүрілген жолға сәйкес көрсетіледі.**
- **Қалқымалы экран "Day" (Күн) немесе "Distance" (Жүрілген жол) мәндері "_ _" ретінде көрсетілгенде пайда болады.**
- **Хабарлама келесі шарттардың бірі орындалғанға дейін көрсетіледі.**
  - **Хабарлама тіркелген күннен бастап өткен уақыт кезеңі 15 күнді немесе одан аз уақытты құрайды.**
  - **Хабарлама үшін тіркелген жүрістен кейінгі жалпы жүрілген жол шамамен 500 ш. немесе одан аз.**

▽ Май сүзгісін ауыстыру туралы хабарламаны баптау

Баптау рәсімі "Мотор майын ауыстыру туралы хабарламаны баптау" бөліміне ұқсас ☞3-87, бірақ, 1-қадамда "Oil Filter" (Май сүзгісі) тармағын таңдаңыз.

▽Шиналарды ауыстыру туралы хабарламаны баптау

Баптау рәсімі "Мотор майын ауыстыру туралы хабарламаны баптау" бөліміне ұқсас ☞3-87, бірақ, 1-қадамда "Tires" (Шиналар) тармағын таңдаңыз.

▽ Техникалық қызмет көрсету кестесін баптау

Баптау рәсімі "Мотор майын ауыстыру туралы хабарламаны баптау" бөліміне ұқсас ☞3-87, бірақ, 1-қадамда "Maintenance Schedule (Техникалық қызмет көрсету кестесі)" тармағын таңдаңыз.

▽ Қосуды/ сөндіруді баптау

1. Баптаулар экранындағы 2-деңгейдің мәзіріндегі "On/Off" (Қосу/ Сөндіру) тармағын таңдаңыз. "Баптаулар экраны" бөлімін қараңыз ☞3-76.




305127

2. Басқару пернелерінің көмегімен ашылатын экранды сөндіруді немесе қосуды таңдаңыз.
3. Баптаулар режімінен шығу үшін "Set" (Орнату) тармағын таңдаңыз. Өзгертілген баптауларды қолданбай, алдыңғы экранға оралу үшін "Go Back" (Оралу) тармағын таңдаңыз.

▽ Баптауларды өшіру

1. Баптаулар экранындағы 2-деңгейдің мәзіріндегі "Clear AII Settings" (Барлық баптауларды өшіру) тармағын таңдаңыз. "Баптаулар экраны" бөлімін қараңыз ☞3-76.



305128

2. Басқару пернелерінің көмегімен "Yes" (Иә) немесе "No" (Жоқ) бұйырымын таңдаңыз.

▼ Initialize (Инициализация)

Сіз өз қалауыңыз бойынша орнатылған позицияларды инициализациялай аласыз.

1. Баптаулар экранындағы 2-деңгейдің мәзіріндегі "Initialize (Инициализация)" тармағын таңдаңыз. "Баптаулар экраны" бөлімін қараңыз ☞3-76.



2. Басқару пернелерінің көмегімен "Yes" (Иә) немесе "No" (Жоқ) бұйырымын таңдаңыз.

■ Ашық бастапқы код бағдарламасы бойынша бастапқы кодты қалай алуға болады

Ашық бастапқы коды бар бағдарламалық жасақтама туралы ақпарат

Бұл бұйымда ашық бастапқы коды бар бағдарламалық жасақтама (FOSS) бар. Лицензиялық ақпарат және/ немесе осындай бағдарламалық жасақтамаға арналған бастапқы кодты төменде көрсетілген мекенжай бойынша табуға болады.

http://www.globaldenso.com/en/opensource/ivi/subaru/

Сағат


Аудиожүйесі мен навигация жүйесі SUBARU түпнұсқалық болып табылатын моделдерде сағатты автоматты түрде немесе қолша реттеуге болады.

- Автоматты режім: сағатты автоматты түрде реттеу.
- Қолша режім: сағатты қолша реттеу.

■ Сағатты қолша реттеу


▼ А түрлі көпфункциялы дисплей (қара-ақ)

1. Оталдыру құлпын "ON" қалпына ауыстырыңыз.



2. ⌂ түймесін басыңыз.

3. "Settings" (Баптаулар) түймесін шертіңіз.
4. "Vehicle" (Автокөлік) түймесін шертіңіз.
5. "Clock adjustment" (Сағатты реттеу) түймесін шертіп, "Manual" (Қолша реттеу) түймесін шертіңіз.



6. Сағаттың жанындағы "+" немесе " - " түймесін басыңыз.


▽ **Уақыттың 12 сағаттық немесе 24 сағаттық көрсетілуін баптау**

Сағаттың уақытты 12 сағаттық немесе 24 сағаттық форматта көрсетуін таңдауға болады. Уақытты көрсету форматын ауыстыру үшін, келесі рәсімдерді орындаңыз.

1. Оталдыру құлпын "LOCK"/"OFF" қалпына ауыстырыңыз.
2. Сағат дисплейіне жақын орналасқан " - " түймесін шамамен 5 секунд бойы басып тұрыңыз. Сағаттың дисплейі жыпылықтай бастайды.
3. Сағаттың дисплейі жыпылықтап тұрғанда, "+" түймесін басып, шамамен 2 секунд бойы басулы күйде ұстап тұрыңыз. Уақытты көрсету форматы өзгереді.
4. Сағаттың дисплейі Сізге уақытты көрсету форматының өзгергендігін ескертіп, тағы да шамамен 3 секунд бойы жыпылықтайды.


▼ **В түрлі көпфункциялы дисплей (түрлі-түсті сұйыққристалды дисплей)**

ЕСКЕРТПЕ




Егер аспаптар комбинациясы дисплейінде (түрлі-түсті сұйыққристалды дисплей) мәзірге кіру экраны көрсетілсе, жүйе "INFO" түймесі басылса да, баптаулар экранына өтпейді. Сағатты реттеу алдында міндетті түрде аспаптар комбинациясы дисплейін (түрлі-түсті сұйыққристалды дисплейді) мәзірге кіру экранынан басқа кез келген экранға ауыстырыңыз.

1. Оталдыру құлпын "ON" қалпына ауыстырыңыз.




2. ⌂ түймесін басыңыз.
3. "Settings" (Баптаулар) түймесін шертіңіз.
4. "Vehicle" (Автокөлік) түймесін шертіңіз.
5. "Clock adjustment" (Сағатты реттеу) түймесін шертіп, "Manual" (Қолша реттеу) түймесін шертіңіз.




1) "INFO" түймесі.

6. Сырғымалы сілтеуді көрсету үшін рөл дөңгелегіндегі "INFO" түймесін басыңыз.




7. Сырғымалы сілтеудің көрсетілу барысында рөл дөңгелегіндегі "INFO" түймесін басып тұрыңыз. Экран таңдау экранына ауысады.

- ЖАЛҒАСЫ –




1) ▲ (Жоғары)
2) i /SET (Енгізу)
3) ▼ (Төмен)

8. Қажетті элементті таңдау үшін "▲" немесе "▼" пернесін басыңыз.



9. "Time/Date" (Уақыт/ Күн) пернесін таңдаңыз және "i / SET" пернесін тартыңыз.



10. "Time/Date" (Уақыт/ Күн) пернесін таңдаңыз және "i / SET" пернесін тартыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Егер "Clock adjustment" (Сағатты реттеу) баптауларында қолша реттеу режімі орнатылмаса, онда сіз "Time/Date" (Уақыт/ Күн) тармағын таңдай алмайсыз. Міндетті түрде 2-қадамнан бастап 5-қадамға дейінгі әрекеттерді орындаңыз.



11. Экранды қажетті тармаққа дейін "▲", "▼" пернелерінің көмегімен айналдырыңыз.
    (1) Өзгерткіңіз келетін тармақты i /SET пернелері арқылы таңдаңыз.
    (2) Өзгерту үшін "▲", "▼" пернелерін тартыңыз.
12. "SET" (Орнату) тармағын таңдап, сағатты баптауды аяқтау үшін i /SET пернесін тартыңыз.


баптауларды сақтамай алдыңғы экранға оралу үшін Go Back (Оралу) тармағын таңдаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Туған күндерді/ жылдықтарды еске салу функциясы көпфункциялы дисплейдегі (түрлі-түсті сұйықкристалды дисплейдегі) уақыт пен күнге негізделеді.

■ Сағатты автоматты түрде реттеу

1. Оталдыру құлпын "ON" қалпына ауыстырыңыз.



2. ⌂ түймесін басыңыз.
3. "Settings" (Баптаулар) түймесін шертіңіз.
4. "Vehicle" (Автокөлік) түймесін шертіңіз.
5. "Clock adjustment" (Сағатты реттеу) түймесін шертіп, "AUTO" (Автоматты түрде реттеу) түймесін шертіңіз.
6. Баптауды аяқтау үшін "⌂" түймесін басыңыз.

▼ Навигация жүйесі бар моделдер,
Егер GPS сигналына қол жетімді болса, сағат автоматты түрде реттеледі.

▼ Навигация жүйесі жоқ моделдер

Егер смартфон Bluetooth® арнасы арқылы телефон кітабы деректерін беру үшін жалғанған болса, сағат автоматты түрде бапталатын және реттелетін болады.

1. Смартфонды аудиожүйеде тіркеңіз. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін "Bluetooth баптаулары" бөлімін навигация жүйесін және аудиожүйені пайдалану бойынша қосымша нұсқаулықтан қараңыз.
2. Телефон кітабы деректерін жүйеге ауыстырыңыз. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін "Bluetooth баптаулары" бөлімін навигация жүйесін және аудиожүйені пайдалану бойынша қосымша нұсқаулықтан қараңыз. Сағат автоматты түрде реттелетін болады.

ЕСКЕРТПЕ

Смартфонның моделіне байланысты жалғанған смартфонның баптауларын өзгерту қажет болуы мүмкін. (Мысалы, IOS немесе басқа моделдер үшін хабарламаларды белсендіру қажет болуы мүмкін.)
Неғұрлым толық ақпарат алу үшін жалғанған смартфондарды пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарды қараңыз.

■ Реттеуші ақпарат

Bluetooth®

"Bluetooth®" сауда белгісінің сөздік белгісі және логотиптері "Bluetooth SIG, Inc." компаниясының иелігіндегі тіркелген сауда маркасы болып табылады.

Жарықтандыруды ауыстырып- қосқыш

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Қозғалтқыш ажыратылған кезде ұзақ уақыт бойы жарықтандыратын құралдарды пайдаланудың аккумуляторлық батареяның отыруына әкелуі мүмкін.**
- **Автокөліктен түсу алдында жарықтандыратын құралдардың ауыстырып-қосқышының сөндірулі күйде екендігіне көз жеткізіңіз. Егер автокөлік жарықтандыратын құралдарының ауыстырып-қосқыштары сөндірулі күйден басқа күйде ұзақ уақытқа қалатын болса, онда мұның аккумуляторлық батареяның отыруына әкелуі мүмкін.**

Қозғалтқышты түйменің көмегімен іске қосу/ тоқтату функциясы қарастырылған қашықтықтан басқару жүйесі бар моделдер Жарықтандыру құралының ауыстырып-қосқышы қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесі арқылы электрлік қуаттаудың "ACC" немесе "ON" режімі таңдалған жағдайда ғана жұмыс істейді. Егер электрлік қуаттауы қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату түймесімен сөндірілген болса, жарық жарықтандырғыштың ауыстырып-қосқышының қандай күйде тұрғанына қарамастан сөнеді,

Қозғалтқышты түйменің көмегімен іске қосу/ тоқтату функциясы қарастырылған қашықтықтан басқару жүйесі жоқ моделдер

Жарықтандырғыштың ауыстырып-қосқышы оталдыру кілті оталдыру құлыптарында болған жағдайда ғана жұмыс істейді.


Жарық кілт оталдыру құлпынан алынған кезде жарықтандырғыштың ауыстырып-қосқышының қандай күйде тұрғанына қарамастан сөнеді.

ЕСКЕРТПЕ

Жарықтандыруды ауыстырып-қосқышты келесі жағдайларда да пайдалануға болады (шамдарды автоматты түрде қосуды/сөндіруді санамағанда):


- **егер кілт оталдыру құлпына салынбаған болса (түйменің көмегімен қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату функциясы қарастырылған қашықтықтан басқару жүйесі жоқ моделдер);**
- **егер қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату түймесі арқылы автокөліктің электрлік қуаттауы "OFF" режімінде болса (қозғалтқышты түйменің көмегімен қашықтықтан іске қосу/ тоқтату функциясы қарастырылған қашықтықтан басқару жүйесі бар моделдер). Егер осындай жағдайларға шамдар сөндірілген кезде жүргізушінің есігі ашылса, жүргізушіге жарықтың қосылғандығын хабарлайтын бір реттік дыбыстық сигнал беріледі.**

■ Шамдар



Аустралияға арналған моделдерден басқа

1) Екінші қалып.
2) Бірінші қалып.
3) Автоматты режімнің қалпы (егер қарастырылған болса).
4) Сөндірулі қалып.



Аустралияға арналған моделдер
1) Екінші қалып.
2) Бірінші қалып.
3) Автоматты режімнің қалпы.
4) Сөндірулі қалып.

Шамдарды қосу үшін бұрылысты көрсеткіштердің иінтірегінің ұшында орналасқан сапты бұраңыз.

Екінші қалып
Шамдар, алдыңғы габариттік шамдар, аспаптар панелінің жарықтандырғышы, артқы габариттік жарықшамдар және нөмірлік белгіні жарықтандырғыш қосылған.

Бірінші қалып
Алдыңғы габариттік жарықшамдар, аспаптар панелінің жарықтандырғышы, артқы габариттік жарықшамдар және нөмірлік белгіні жарықтандырғыш қосылған.

Автоматты режімнің қалпы: шам жарығын автоматты түрде қосу/ өшіру
(егер қарастырылған болса)
Оталдыру құлпы "ON" күйінде болған кезде, шамдар, алдыңғы габариттік жарықшамдар, аспаптар панелінің жарықтандырғышы, артқы габариттік жарықшамдар және нөмірлік белгінің жарықтандырғышы жалпы жарық деңгейіне байланысты **автоматты түрде қосылады немесе сөндіріледі.**

Сөндірулі қалып
Шамдар толығымен сөндірулі.

ЕСКЕРТПЕ


Автоматты түрде қосу/ сөндіру жүйесінің сезімталдығын Сіздің SUBARU дилеріңізде өзгертуге болады. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін біз Сізге SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

▼ Шамды өшіруді кідіртуді баптау

Шамдардың өшірілуін кідірту функциясы автокөліктен түнде түскенде немесе қараңғы жерде түскенде қолайлылы болу үшін шамдарды және т.б. қосулы күйде қалдыруға мүмкіндік береді.

ЕСКЕРТПЕ

Шамдардың және сыртқы жарықтандырғыштың жұмыстарының ұзақтығы үшін зауыттық баптау (дағды бойынша) 30 секундқа тең. Бұл баптауды СӨНД. (функция сөндірулі) күйіне, 30 секундқа, 60 секундқа немесе 90 секундқа SUBARU дилерінде өзгертуге болады. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін біз Сізге өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласуды ұсынамыз.



Егер оталдыру құлпы сөндірулі болса, ал жарықтандырғыштың ауыстырып-қосқышы "AUTO" (егер қарастырылған болса) немесе "OFF" күйінде болғанда Сіз бұрылыс көрсеткіштерінің иінтірегін өзіңізге қарай тартқанда шамдардың жақынға түсірілетін жарығы және кейбір сыртқы жарықтандыру құралдары қосылады.


- ЖАЛҒАСЫ –

- Жүргізуші есігі жабылғаннан кейін 30 секундқа қосылады.
- Сіз қашықтықтан басқару салпыншағын-дағы/ қашықтықтан басқару пультіндегі құлыптау түймесін қатарынан екі рет бассаңыз қосылады.
- Сіз қатарынан екі рет есіктің тұтқасындағы есіктерді құлыптау қадағасын басмаңыз (қозғалтқышты түйменің көмегімен іске қосу/тоқтату функциясы қарастырылған қашықтықтан басқару жүйесі бар моделдер) қосылады.

ЕСКЕРТПЕ

- **Шамды өшіруді кідірту функциясы қосулы болғанда Сіз төменде аталған операциялардың кез келгенін орында-саңыз, шамдар мен сыртқы жарықт-андыру құралдары сөнеді.**
  - **Оталдыру құлпын "ON" қалпына ауыстырыңыз.**
  - **Бұрылыстың көрсеткіштерінің иінтірегін өзіңізге қарай тартыңыз.**
  - **Жарықтандырғыштың ауыстырып-қосқышын "AUTO" (егер қарастырылған болса) және "OFF" күйінен басқа күйге орнатыңыз.**
- **Егер жүргізушінің есігі ашылмаса және жабылмаса, бұл жарықтандыру құралдары 3 минуттан кейін сөнеді.**

▼ Шамдарды автоматты түрде іске қосу/тоқтату жүйесінің қадағасы (жаңдыр/ жарықтандыру қадағасы) (егер орнатылған болса)




Қадаға суретте көрсетілгендей, жел әйнегінде орналасқан.

⚠ ОСТОРОЖНО

Егер қадағада немесе оның маңайында қандай да бір зат бекітілсе, қадағаның жалпы жарықтандыру деңгейін дұрыс анықтай алмауы мүмкін, ал шамдардың жарығын автоматты түрде қосу/ажырату жүйесі дұрыс жұмыс істей алмайды.


■ Шамның жақынға/алысқа түсірілетін жарығын ауыстырып-қосқыш



Шамның жақынға түсірілетін жарығын алысқа түсірілетін жарыққа ауыстыру үшін бұрылысты көрсеткішінің иінтірегін алға қарай ауыстырыңыз. Шамның алысқа түсірілетін жарығы қосылғаннан кейін аспаптар комбинациясында шамның алысқа түсірілетін жарығын бақылау шамы жанады "".

Шамның жарығын жақынға түсірілетін түріне ауыстыру үшін иінтіректі артқа қарай, ортаңғы күйіне бұрыңыз.

■ Шамдардың "жыпылықтауы"



⚠ ОСТОРОЖНО

Шамдар "жыпылықтағанда" шамдардың алысқа түсірілетін жарығын бірнеше секундтан артық уақытқа қоспаңыз.

Шамдарды "жыпылықтату" үшін бұрылыс көрсеткішінің ауыстырып-қосқышының иінтірегін өзіңізге қарай тартып, содан кейін оны босатыңыз. Шамның алысқа түсірілетін жарығы Сіз иінтіректі ұстап тұрған уақытқа ғана қосылады. Шамдарды жарықтандырғыштың ауыстырып-қосқышы сөндірулі күйде болғанда да "жыпылықтатуға" болады.

Шамның алысқа түсірілетін жарығы қосылғаннан кейін аспаптар комбинациясында шамның алысқа түсірілетін жарығын бақылау шамы қосылады.

■ Шамның алысқа түсірілетін жарығы ассистентінің функциясы (егер қарастырылған болса)

ЕСКЕРТПЕ

- **Шамның алысқа түсірілетін жарығының ассистенті функциясы алдыңғы нүктелі жарықшамдар орнында орнатылған стереокамераны пайдаланады.**
- **Стереокамераны пайдалану туралы толық ақпарат алу үшін Eye-Sight жүйесі бойынша автокөлікті пайдалану жөніндегі қосымша нұсқаулықты қараңыз.**

Шамның алысқа түсірілетін жарығының ассистентінің функциясы шамның алысқа түсірілетін жарығын жақынға түсірілетін жарыққа (немесе керісінше) автоматты түрде өзгертеді. Төменде көрсетілген барлық шарттар сақталған жағдайда шамның жұмысының режімі алысқа түсірілетін жарыққа ауысады.

- Егер автокөліктің жылдамдығы белгіленген деңгейге жетсе немесе одан асатын болса.
- Алдында келе жатқан автокөліктер жоқ.
- Автокөліктің алдындағы маңай қараңғы.

Төменде келтірілген шарттардың кез келгені сақталған жағдайда шамның жұмыс режімі жақынға түсірілетін жарыққа ауыстырылады.

- Егер автокөліктің жылдамдығы белгіленген деңгейге дейін түсее немесе одан төмен болса.
- Егер автокөліктің алдындағы маңай жарық болса.
- Егер алдында немесе жақындап келе жатқан көлік болса.

ЕСКЕРТПЕ

Автокөліктің қалыптастырылған жылдамдығы моделіне байланысты.


- **Бұл функция үшін зауыттық күй (дағдылық күйі) "қосулы" күйі болып табылады. Бұл баптауды СӨНД. (функция сөндірулі) түріне SUBARU дилерінде өзгертуге болады. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін біз Сізге SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.**

▼ Шамның алысқа түсірілетін жарығының ассистентінің функциясын пайдалану тәртібі

Шамның алысқа түсірілетін жарығының ассистентінің функциясы келесі шарттар орындалғанда белсендіріледі.

- Жарықты ауыстырып-қосқыш "AUTO" күйінде болады және шамның жақынға түсірілетін жарығы автоматты түрде қосылады.
- Бұрылыс көрсеткіштерінің иінтірегі алға қарай басылған.

- ЖАЛҒАСЫ –



Шамның алысқа түсірілетін жарығы ассистентінің индикаторы

Егер шамның алысқа түсірілетін жарығының ассистентінің функциясы белсендірілген болса, аспаптар комбинациясында шамның алысқа түсірілетін жарығының ассистентінің индикаторы қосылады.

Шамның алысқа түсірілетін жарығының ассистентінің функциясының уақытша тоқтатылуы

Егер шамның алысқа түсірілетін жарығының ассистенттің функциясы нашар көріну немесе аномалиялық температура салдарынан уақытша тоқтайтын болса, аспаптар комбинациясында хабарлама пайда болады. Мұндай жағдай тоқтаған кезде жүйенің жұмысы қалпына келтіріледі.

ЕСКЕРТПЕ

Тіпті шамның алысқа түсірілетін жарығының ассистеннің жұмыстық шарттары сақталғанда да шамның алысқа түсірілетін жарығының ассистентінің индикаторы қосылып, аномалиялық жағдайы туралы ескертудің берілетін жағдайының пайда болуы мүмкін. Мұндай жағдайда оталдыру құлпын "OFF" күйіне ауыстыруды, содан кейін қайтадан "ON" күйіне ауыстыруды ұсынамыз. Шамның алысқа түсірілетін жарығының асистентінің индикаторының қосылғанын тексеріңіз. Егер индикатор қосылмаса, біз Сізге автокөлікті тексеру үшін SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

▼ Шамдардың жұмыс режімін қолша қалай ауыстырып қосу керек

Жақынға түсірілетін жарыққа ауыстырып-қосу

Егер Сіз бұрылыс көрсеткіштерінің иінтіргін ортаңғы күйге ауыстыратын болсаңыз, шамның алысқа түсірілетін бейімді жарығының функциясы сөнеді, ал шамның алысқа түсірілетін жарығының индикаторы сөнеді.

Алысқа түсірілетін жарыққа ауыстырып қосу

Егер Сіз жарықтың ауыстырып-қосқышын "" немесе "" күйіне ауыстыратын болсаңыз, шамдардың жұмыс режимі алысқа түсірілетін жарыққа ауысады. Бұл ретте шамның алысқа түсірілетін жарығының ассистентінің функциясын сөнеді, шамның алысқа түсірілетін жарығының ассистентінің индикаторы сөнеді, ал шамның алысқа түсірілетін жарығын бақылау шамы қосылады.

ЕСКЕРТПЕ

- **Шамды алысқа түсірілетін жарыққа қолша ауыстырғаннан кейін Сіз шамның алысқа түсірілетін жарығының ассистентінің функциясын қоссаңыз, жарықтың ауыстырып-қосқышын "AUTO" күйіне қайтарыңыз.**
- **Шамдардың жарығы алысқа түсірілетін жарыққа қолша ауыстырылғаннан кейін жарықтың ауыстырып-қосқышын "" күйіне ауыстырғанда (Австралияға арналған моделдерден басқа) немесе "" күйіне ауыстырғанда (Аустралияға арналған моделдер) аспаптардың жарықтандырғыштары, тұрақ шамдары, габариттік шамдар және нөмірлік белгінің жарықтандырғышы қосылады.**

▼ Шамның алысқа түсірілетін жарығының ассистенті жүйесі бойынша кеңестер

- Шамның алысқа түсірілетін жарығының ассистенті Сіздің автокөлігіңізді алдындағы жарыққа және т.б. негізге ала отырып автокөліктің маңындағы жағдайды бағалайды. Тиісінше, шамның жұмысының режімінің жүргізушінің сезіміне сәйкес келмейтін кейбір жағдайларда ауысуы мүмкін.

- Велосипедтің немесе каргоциклдің табылмауы мүмкін.
- Төменде келтірілген жағдайларда сырттағы жарықтың дұрыс анықталмауы мүмкін және шамның алысқа түсірілетін жарығының ассистентінің тиісті түрде жұмыс істемеуі мүмкін. Нәтижесінде шамдардың алысқа түсірілетін аса өткір жарығының жақындап келе жатқан немесе алда немесе келе жатқан автокөлікті басқаруға кедергі келтіруі мүмкін. Сондай-ақ, қарсы және жақындап келе жатқан автокөліктердің жоқтығына қарамастан, шамның жақынға түсірілетін жарығының режімінің сақталуы мүмкін. Мұндай жағдайларда шамдардың жұмыс режімін қолша ауыстырып қосыңыз.

– Ауа-райының қолайсыздығына байланысты (тұман, қар, боран, нөсер жауын және т. б.).
– Егер жел әйнегінде ластанған болса немесе буланса.
– Егер жел әйнегі жарылса немесе зақымданса.
– Егер стереокамера деформацияланған болса немесе стереокамераның объективтері ластанған болса.
– Егер автокөліктің жанында шамына немесе габариттік шамдарға ұқсас жарық көзі болса.
– Егер жақындап немесе алда келе жатқан автокөлік шамдарын немесе габариттік шамдарын қоспай қозғалып келе жатса.
– Егер алда немесе жақындап келе жатқан автокөліктің шамдары немесе алдында келе жатқан автокөліктің габариттік шамдары ластанса немесе түсін өзгерт-се, болмаса шамның жарық шоғырының деңгеі тиісінше реттелмеген болса.
– Қозғалыс кезінде жарықты жылдам ауыстырғанда.
– Көптеген қырлары бар және ойлы жолдармен жүргенде немесе тегіс емес жолмен қозғалғанда.
– Иірімдері көп жолмен жүріп келе жатқанда.
– Автокөліктің алдында жарықты шағылыстыратын заттар, мысалы, жол белгілері немесе айналар болған жағдайда.
– Егер алда келе жатқан автокөліктің артқы жағы, мысалы, контейнер, жарықты қатты шағылыстырса.
– Егер Сіздің автокөлігіңіздің шамдары зақымдалған немесе ластанған болса.
– Егер Сіздің автокөлігіңіз еңкейтілген болса, мысалы, дөңгелектің желі шыққанда немесе тіркемені сүйреген жағдайда.
  - Төменде келтірілген жағдайларда шам жұмысының режімі алысқа түсірілетін жарықтан жақынға түсірілетін жарыққа ауыстырылмайды.
– Егер Сіздің автокөлігіңіз кенеттен жабық бұрылыста қарсы келе жатқан автокөліктің жанынан өтсе.
– Егер басқа автокөлік Сіздің автокөлігіңіздің алдынан өтсе.
– Егер алда немесе жақындап келе жатқан автокөлік жиі кездесетін бұрылыстардың, автомагистраль бойымен жиі кездесетін бөлу қоршауының, жол жиегіндегі ағаштар мен т. б. салдарынан көз алдынан жоғалып, қайта көрінсе.

- Егер стереокамера жақындап келе жатқан автокөліктің тұманға қарсы шамының жарығын анықтаса, шам жұмысының режімінің автоматты түрде алысқа түсірілетін жарықтан жақынға түсірілетін жарыққа ауыстырылуы мүмкін.
- Жолды жарықтандырғыштың, бағдаршам сигналдарының, жарнама қалқандарын жарықтандырғыштардың немесе жол белгілері немесе жарнама қалқандары сияқты заттардан шағылысатын жарық әсерінен шамдардың жұмыс режімінің алысқа түсірілетін жарықтан жақынға түсірілетін жарыққа ауысуы мүмкін немесе шамдардың жақынға түсірілетін жарығы режімінің сақталуы мүмкін.
- Шамдардың жұмыс режімін ауыстырып-қосу сәтінің келесі факторларға байланысты өзгеше болуы мүмкін.

– Жақындап келе жатқан автокөліктің шамдарының немесе алда келе жатқан автокөліктің габаритік шамдарының түсінің немесе жарығының өрткірлігі.
– Алда немесе жақындап келе жатқан автокөлік қозғалысының жылдамдығы мен бағыты.

- ЖАЛҒАСЫ –

– Егер алда немесе жақындап келе жатқан автокөліктің шамдары немесе алдында келе жатқан автокөліктің шамдары тек қана бір жағынан қосылған болса.
– Егер алда немесе жақындап келе жатқан автокөлік мотоцикл болып табылса.
– Жолдың жағдайы (еңіс, иірімдер, жол жабыны және т.б.).
– Жолаушылар саны немесе артылған қолжүктің салмағы.
– Стереокамераның анықтау қабілетінің шектелуі.
– Егер EyeSight жүйесінің негізгі қозғалыс жолағын таңдауының баптаулары қозғалыстың нақты бағытын ескерусіз орнатылса.

■ Күндізгі жүру шамдары жүйесі (егер орнатылған болса)

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Егер күндізгі жүріс оттары қосылған болса, габариттік шамдар жанбай-ды. Егер сыртта қараңғы болса, шамдар мен габариттік шамдарды қосу үшін жарықтандыруды ауыс-тырып-қосқышты "немесе "" күйіне ауыстырыңыз. Бұл көрінуді жақсартады және басқа жүргізу-шілердің Сіздің


Күндізгі жүріс оттары төмендегі шарттар орындалса автоматты түрде қосылады.
- Қозғалтқыш жұмыс істейді.
- Жарықтандырғыштың ауыстырып-қосқышы "AUTO" (егер қарастырылған болса) күйінде немесе сөндірулі күйде.

ЕСКЕРТПЕ

- **Егер қозғалтқышты іске қосу барысында тұрақтық тежегіш қосулы болса, күндізгі жүріс оттары автокөлікті тұрақтық тежегішінен шығарған кезде қосылады.**
- **Егер шам жарығының ауыстырып-қосқышы " " немесе "" күйде болса, күндізгі жүріс оттары сөнеді (Аустралияға арналған моделдерден басқа).**
- **Егер шам жарығының ауыстырып-қосқышы "" немесе "" күйінде болса, күндізгі жүріс оттары сөнеді (Аустралияға арналған моделдер).**
- **Шамның жарығын автоматты түрде қосу/сөндіру жүйесі бар моделдер үшін шам жарығының ауыстырып-қосқышы "AUTO" күйінде болады және шамдар автоматты түрде қосылады, күндізгі жүріс оттары сөнеді.**

Бейімді бұрылыс шамдары жүйесі (егер орнатылған болса)

Бейімді бұрылыс шамдары жүйесі рөл дөңгелегінің бұрылу бұрышына және автокөліктің жылдамдығына сәйкес шамдардық жарығының шоғырын автоматты түрде солға немесе оңға қарай бұрады. Бұл функция түнгі уақытта автокөлік алдына, бұрылыстар мен қиылыстарда жарық түсіру арқылы көрінуді жақсартуға көмектеседі.




1) Бұл бейімді бұрылыс шамдары жүйесі қосылғанда жарықтандырылатын аумақ.
2) Бұл бейімді бұрылыс шамдары жүйесі сөндірілгенде жарықтандырылатын аумақ.


ЕСКЕРТПЕ

Бейімді бұрылыс шамдары жүйесі автокөлік алға қарай шамамен 8 ш./сағ. (5 миль/ сағ.) және одан жоғары жылдамдықпен қозғалғанда ғана іске қосылады.

■ Бейімді бұрылыс шамдарының жүйесін ажыратқыш




Сол жақтан басқарылатын моделдер



Оң жақтан басқарылатын моделдер

Бейімді бұрылыс шамдары жүйесін ажыратқышты баса отырып, Сіз бейімді бұрылыс шамдары жүйесін қоса аласыз немесе сөндіре аласыз.



1) Бейімді бұрылыс шамдары жүйесін сөндіру индикаторы.

Бейімді бұрылыс шамдары жүйесін сөндіру индикаторы аспаптар комбинациясында бейімді бұрылыс шамдары жүйесін қосқанда сөнеді.
Бейімді бұрылыс шамдары жүйесін сөндіру индикаторы аспаптар комбинациясында бейімді бұрылыс шамдары жүйесін қосқанда сөнеді.

Бейімді бұрылыс шамдары жүйесі жарамсыз болған жағдайда аспаптар комбинациясындағы бейімді бұрылыс шамдары жүйесін сөндіруді бақылау шамы "ON" күйінде болғанда жыпылықтайды. Бұл бейімді бұрылыс шамдары жүйесінің сөндірілгендігін білдіреді. Мұндай жағдайларда біз

- ЖАЛҒАСЫ –

Сізге диагностика жүргізу үшін SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

ЕСКЕРТПЕ

- **Егер бейімді бұрылыс шамдары жүйесі сөндірілген кезде Сіз оталдыру құлпын "OFF" күйіне ауыстыра аласыз, содан кейін қайтадан қозғалтқышты іске қоссаңыз, бейімді бұрылыс шамдары жүйесі автоматты түрде іске қосылады.**
- **Оталдыру құлпын "ON" күйіне ауыстырғанда бейімді бұрылыс шамдары жүйесінің сөнуінің индикаторы жанады және бірнеше секундтан кейін сөнеді.**

Бейімді алысқа түсірілетін жарық жүйесі (егер орнатылған болса)

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Тек бейімделген алысқа түсірі-летін жарық функциясына сүйен- беңіз. Қоршаған орта жағдайла-рына байланысты жарықтандыр-ғыштың ауыстырып-қосқышын пайдаланыңыз. Жел әйнегінің жоғарғы жағына орнатылған стереокамераны пайда-лана отырып, бейімді алысқа түсірілетін жарық жүйесі жарық-тандырылатын аумақты анықтау үшін жақындап келе жатқан және алда келе жатқан автокөлікті таниды. Бұл жақсы шолуды қамтамасыз ету және алда келе жат- қан немесе қарсы келе жатқан автокөліктер жоқ аумақты ғана жарықтандыра отырып, қарсы немесе алда келе жатқан автокөліктердің көзді қарығытуына жол бермеу үшін жасалады.


ЕСКЕРТПЕ

- **Алысқа түсірілетін бейімді бұрылыс жарығы жүйесі алдыңғы нүктелі жарықшамдар орында орнатылған стереокамераны пайдаланады.**
- **Стереокамераны пайдалану туралы толық ақпарат алу үшін EyeSight жүйесі бойынша автокөлікті пайдалану жөніндегі қосымша нұсқаулықты қараңыз.**
- **Бұл функция үшін зауыттық күй (дағдылық күйі) "қосулы" күйі болып табылады. Бұл баптауды СӨНД. (функция сөндірулі) түріне SUBARU дилерінде өзгертуге болады.**

■ Бейімді алысқа түсірілетін жарық жүйесін пайдалану тәртібі

Алысқа түсірілетін жарық жүйесі төменде аталған барлық шарттар сақталған жағдайда іске қосылатын болады.

- Жарықты ауыстырып-қосқыш "AUTO" күйінде болады және шамның жақынға түсірілетін жарығы автоматты түрде қосылады.
- Бұрылыс көрсеткіштерінің иінтірегі алға қарай басылған



Алысқа түсірілетін бейімді жарық жүйесінің бақылау шамы

Егер шамның алысқа түсірілетін жарығының жүйесі белсендірілген болса, аспаптар комбинациясында шамның алысқа түсірілетін жарығының бақылау шамы қосылады.

ЕСКЕРТПЕ

- **Алысқа түсірілетін бейімді жарық жүйесі бұзылғанда немесе уақытша тоқтағанда шамдар жақынға түсірілетін жарық күйінде бекітіледі. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін автокөлікті пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың қосымшасын қараңыз - "EyeSight жүйесін пайдалану жөніндегі нұсқаулық".**
- **Егер автокөлік алысқа түсірілетін бейімді жарық жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде шамның жақынға түсірілетін жарығымен 100 ш./сағ. (62 миль/сағ.) артық жылдамдықпен қозғалатын болса, жарықтандыру жақынға түсірілетін жарықты қалыпты пайдалану кезіндегіге қарағанда біршама алыс қашықтыққа түсіріледі.**

■ Шамдардың жұмыс режімін қолша қалай ауыстырып қосу керек

Жақынға түсірілетін жарыққа ауыстырып-қосу

Егер Сіз бұрылыс көрсеткіштерінің иінтірегін ортаңғы күйге ауыстыратын болсаңыз, шамның алысқа түсірілетін бейімді жарығының жүйесі сөнеді, ал шамның алысқа түсірілетін жарығының бақылау шамы сөнеді.

Алысқа түсірілетін жарыққа ауыстыру Егер Сіз шамның алысқа түсірілетін жарығының ауыстырып-қосқышын төменде көрсетілген күйге ауыстырсаңыз, (Австралияға арналған моделдерден басқа) немесе күйіне ауыстыратын болсаңыз (Австралияға арналған мо-делдер), шамдардың жарығы алысқа түсірілетін режімге ауысады.

Бұл кезде шамның алысқа түсірілетін жарығы функциясы сөндіріледі, шамның алысқа түсірілетін бейімді жарығының бақылау шамы сөнеді, ал шамның алысқа түсірілетін жарығының бақылау шамы қосылады.

ЕСКЕРТПЕ

- **Шамды алысқа түсірілетін жарыққа қолша ауыстырғаннан кейін Сіз шамның алысқа түсірілетін жарығының ассистентінің функциясын қоссаңыз, жарықтың ауыстырып-қосқышын "AUTO" күйіне қайтарыңыз.**
- **Шамдардың жарығы алысқа түсірілетін жарыққа қолша ауыстырылғаннан кейін жарықтың ауыстырып-қосқышын "" күйіне ауыстырғанда (Австралияға арналған моделдерден басқа) немесе "" күйіне ауыстырғанда (Австралияға арналған моделдер) аспаптардың жарықтандырғыштары, тұрақ шамдары, габариттік шамдар және нөмірлік белгінің жарықтандырғышы қосылады.**

■ Шамның алысқа түсіретін жарығының, жақынға түсіретін жарығының және бейімді алысқа түсіретін жарық жүйесінің арасында автоматты түрде ауыстырып-қосу шарттары

Алысқа түсірілетін жарыққа ауыстырып қосу шарттары

- Автокөліктің жылдамдығы 30 ш./ сағ. немесе одан да жоғары.
- Автокөлік алдында қарсы немесе алда келе жатқан автокөліктердің болмауына байланысты жарықсыз қозғалып келе жатса.
- Бұрылыс шұғыл емес.

- ЖАЛҒАСЫ –

Жақынға түсірілетін жарыққа ауыстырып қосу шарттары

- Автокөліктің жылдамдығы 15 ш./ сағ. немесе одан да төмен.
- Автокөліктің алдындағы аймақ жарықтандырылған, өйткені қозғалыс көше шамдарының астында немесе қалада жүзеге асырылады.
- EyeSight жүйесінің жұмысы уақытша тоқтатылған.

Қолша басқарылатын алысқа түсірілетін бейімді

- Автокөліктің жылдамдығы 30 ш./ сағ. немесе одан да жоғары.
- Қарсы немесе алда келе жатқан автокөліктер шамдарын қосқан.
- Автокөліктің алдындағы маңай қараңғы.
- Белгілі бір уақыт ішінде жоғары жылдамдықпен қозғалғанда қарсы бағыттағы автокөліктер жоқ.

■ Бейімді алысқа түсірілетін жарық жүйесін пайдалану бойынша ұсыныстар

- Шамның алысқа түсірілетін жарығының жүйесі Сіздің автокөлігіңіздің алдындағы жарыққа және т.б. негізге ала отырып автокөліктің маңындағы жағдайды бағалайды. Сәйкесінше, шам жұмысының режімінің жүргізушінің сезіміне сәйкес келмейтін жағдайларда ауысып қосылуы мүмкін.
- Велосипедтің немесе каргоциклдің табылмауы мүмкін.
- Төменде келтірілген жағдайларда сырттағы жарықтың дұрыс анықталмауы мүмкін және шамның алысқа түсірілетін бейімді жарығының жүйесінің тиісті түрде жұмыс істемеуі мүмкін. Нәтижесінде шамдардың алысқа түсірілетін аса өткір жарығының жақындап келе жатқан немесе алда келе жатқан автокөліктерді басқаруға кедергі келтіруі мүмкін. Сондай-ақ, жақындап келе жатқан немесе алда келе жатқан автокөліктердің жоқтығына қарамастан, шамның жақынға түсірілетін жарығының режімінің сақталуы мүмкін. Мұндай жағдайларда шамдардың жұмыс режімін қолша ауыстырып қосыңыз.

– Ауа-райының қолайсыздығына байланысты (тұман, қар, боран, нөсер жауын және т. б.).
– Егер жел әйнегі ластанған болса немесе буланса.
– Егер жел әйнегі жарылса немесе зақымданса.
– Егер стереокамера деформацияланған болса немесе стереокамераның объективтері ластанған болса.
– Егер автокөліктің жанында шамына немесе габариттік шамдарға ұқсас жарық көзі болса.
– Егер жақындап немесе алда келе жатқан автокөлік шамдарын немесе габариттік шамдарын қоспай қозғалып келе жатса.
– Егер алда немесе жақындап келе жатқан автокөліктің шамдары немесе алдында келе жатқан автокөліктің габариттік шамдары ластанса немесе түсін өзгертсе, болмаса шамның жарық шоғырының деңгеі тиісінше реттелмеген болса.
– Қозғалыс кезінде жарықты жылдам ауыстырғанда.
– Көптеген қырлары бар және ойлы жолдармен жүргенде немесе тегіс емес жолмен қозғалғанда.
– Иірімдері көп жолмен жүріп келе жатқанда.
– Автокөліктің алдында жарықты шағылыстыратын заттар, мысалы, жол белгілері немесе айналар болған жағдайда.
– Егер алда келе жатқан автокөліктің артқы жағы, мысалы, контейнер, жарықты қатты шағылыстырса.
– Егер Сіздің автокөлігіңіздің шамдары зақымдалған немесе ластанған болса.
– Егер Сіздің автокөлігіңіз еңкейтілген болса, мысалы, дөңгелектің желі шыққанда немесе тіркемені сүйреген жағдайда.
– Қозғалтқышты іске қосқаннан кейін бірден.


- Төменде аталған жағдайларда алысқа түсірілетін бейімді жарық жүйесінің дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

– Егер Сіздің автокөлігіңіз кенеттен жабық бұрылыста қарсы келе жатқан автокөліктің жанынан өтсе.
– Егер басқа автокөлік Сіздің автокөлігіңіздің алдынан өтсе.
– Егер алда немесе жақындап келе жатқан автокөлік жиі кездесетін бұрылыстардың, автомагистраль бойымен жиі кездесетін бөлу қоршауының, жол жиегіндегі ағаштар мен т. б. салдарынан көз алдынан жоғалып, қайта көрінсе.

• Егер стереокамера жақындап келе жатқан автокөліктердің тұманға қарсы шамдарының жарығын анықтаса, алысқа түсірілетін бейімді жарық жүйесінің дұрыс іске қосылмауы мүмкін.
• Алысқа түсірілетін бейімді жарық жүйесінің көшедегі жарықшамның, бағдаршамның, жарнама қалқандарын жарықтандырғыштардың немесе жол белгілері, жарнама қалқандары сияқты заттардан шағылысатын жарық әсерінен жұмыс істемейді.
• Төменде берілген жағдайларда алысқа түсірілетін бейімді жарық жүйесінің дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

– Қарсы келе жатқан автокөліктің шамдарының немесе алда келе жатқан автокөліктің габаритік шамдарының түсі немсе жарығының өткірлігі.
– Қарсы келе жатқан автокөліктің шамдары немесе алда келе жатқан автокөліктің габариттік шамдары ластанған, оларды қар және т. б. басқан.
– Алда немесе жақындап келе жатқан автокөлік қозғалысының жылдамдығы мен бағыты.
– Егер жақындап келе жатқан автокөліктің шамдары немесе алда келе жатқан автокөліктің габариттік шамдары тек бір жағынан ғана қосылған болса.
– Егер алда немесе жақындап келе жатқан автокөлік мотоцикл болып табылса.
– Жолдың жағдайы (еңіс, иірімдер, жол жабыны және т.б.).
– Жолаушылар саны немесе артылған қолжүктің салмағы.
– Стереокамераның анықтау қабілетінің шектелуі.
– Егер EyeSight жүйесінің негізгі қозғалыс жолағын таңдауының баптаулары қозғалыстың нақты бағытын ескерусіз орнатылса.

Бұрылыс көрсеткіштерінің иінтірегі



1)Оң жаққа бұрылу.
2)Қозғалыс жолағын оңға қарай ауыстыру сигналы.
3)Қозғалыс жолағын солға қарай ауыстыру сигналы.
4)Сол жаққа бұрылу.

Оң жақ бұрылыстың көрсеткіштерін қосу үшін бұрылыс көрсеткішінің ауыстырып-қосқышының иінтірегін жоғары қарай ауыстырып қосыңыз. Оң жақ бұрылыстың көрсеткіштерін қосу үшін ауыстырып-қосқышының иінтірегін төмен қарай ауыстырып қосыңыз. Бұрылу аяқталғаннан кейін иінтірек автоматты түрде бастапқы күйіне оралады. Егер бұрылыс аяқталғаннан кейін ауыстырып-қосқыштың иінтірегі бастапқы күйге оралмаса, оны бейтарап күйге қолша ауыстырыңыз.

- ЖАЛҒАСЫ –

Қозғалыс жолағының ауысуы туралы сигнал беру үшін ауыстырып қосу иінтірегін сәл төмен қарай немесе жоғары қарай басыңыз да, оны осындай басу-лы күйде қозғалыс жолағын ауыстыру барысында ұстап тұрыңыз. Бұл ретте бұрылыстың көрсеткіштері бұрылыс-тың бағытын немесе қозғалыс жола-ғын көрсете отырып жыпылықтайды. Сіз ауыстырып-қосқыштың иінтірегін босатқаннан кейін, ол автоматты түрде бейтарап күйге оралады.

ЕСКЕРТПЕ

Бұрылыс көрсеткішінің иінтірегі рөл дөңгелегінің оң жағында орналастырылған моделдерде бұрылыс көрсеткіштерінің иінтірегінің ауыстырылып-қосылу бағыты жоғарыда сипатталғанға қарама-қарсы болып келеді.

■ Қозғалыс жолағын бір шерту арқылы ауысуын көрсеткіш

Бұрылыс көрсеткіштерінің иінтірегін жоғары немесе төмен қарай сәл басыңыз және оны бірден сөндіріңіз. Бұрылыс көрсеткіштері және бұрыс көрсеткіштерін бақылау шамы үш рет жыпылықтайды.

Қозғалыс жолағын бір шертіп ауыстыру көрсеткішінің функциясын SUBARU дилерінде қосуға/сөндіруге болады. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін біз Сізге SUBARU ең жақын дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

Шамның жарық шоғырының деңгейін реттегіш


■ Шам жарығы шоғырының деңгейін автоматты түрде реттегіш (егер орнатылған болса)

Жарықдиодтық шамдар галогендік шырақтары бар қарапайым шамдарға қарағанда көбірек жарық шығарады.


Осыған байланысты қарсы келе жат-қан автокөліктердің жүргізушілерінің Сіздің автокөлігіңіздің ауыр жүктерді тасымалдау нәтижесінде шамдардың жарық шоғыры деңгейінің көтерілуі салдарынан "көздерінің қарылуы" мүмкін.

Шам жарығы шоғырын автоматты түрде реттегіш шам жарығы шоғырының биіктігін автоматты түрде және автокөліктің артылуына байланысты ең оңтайлы деңгейде реттейді.

■ Шамның жарық шоғырының деңгейін қолша басқарылатын реттегіші (егер орнатылған болса)



Сол жақтан басқарылатын моделдер



Оң жақтан басқарылатын моделдер

1) Шам жарығы шоғырының деңгейін көтеру.
2) Шам жарығы шоғырының деңгейін түсіру.

Сіз автокөліктің артылу балансына байланысты шам жарығы шоғырының деңгейін қолша реттей аласыз. Дискінің орналасу қалпының нөмірін 5 өзгерту, шам жарығы шоғырының деңгейін түсіреді. Шамның жарығын шам жарығы шоғырын жолаушылар саны мен тасымалданатын жүк көлеміне қарай тиісті күйге орната отырып, реттеуішпен реттеңіз.

Дискінің қалпы	Автокөліктің алдыңғы орындықтарындағы адамдар саны	Автокөліктің артқы орындықтарындағы жолаушылар саны	Жүк арту бөлігінде тасымалданатын жүк	Тіркемені сүйрету (егер қарастырылған болса)
0	1 немесе 2	0	Жүксіз	Жоқ
1	2	3	Жүксіз	Жоқ
2	2	3	Толық артылған*	Жоқ
3	2	3	Толық артылған*	Иә
	1	0	Толық артылған*	Жоқ
	1	0	Толық артылған*	Иә
4-5	Пайдаланылады арнайы жағдайларда	Пайдаланылады арнайы жағдайларда	Пайдаланылады арнайы жағдайларда	Пайдаланылады арнайы жағдайларда


* Максималды рұқсатты салмаққа дейін.

ЕСКЕРТПЕ

Жоғарыда берілген кестеге сәйкес дискінің қолайлы қалпын пайдаланыңыз. Керісінше жағдайда Сіздің автокөлігіңіздің жеткілікті дәрежеде алдағы жолды жарықтандыра алмауы немесе маңайдағы автокөліктерге шағылысуы мүмкін. "Арнайы жағдайларда қолданылады" қалпы Сіздің автокөлігіңіздің қозғалысы шамдары алдында келе жатқан автокөліктің айнасына немесе жақындап келе жатқан автокөліктердің жел әйнегіне жарық түсіретін еңісте болатын жағдайларға ғана арналған.


Тұманға қарсы шамдарды ауыстырып-қосқыш (жарықшамдарды)

■ Тұманға қарсы шамдарды ауыстырып-қосқыш (егер орнатылған болса)



Тұманға қарсы шамдардың жұмыс шарттары (Аустралияға арналған моделдерден басқа)

1) Шам жарығын ауыстырып-қосқыш.
2) Тұманға қарсы шамдарды ауыстырып-қосқыш (жарықшамдарды).



Тұманға қарсы шамдардың жұмыс шарттары (Аустралияға арналған моделдер)

1) Шам жарығын ауыстырып-қосқыш.
2) Тұманға қарсы шамдарды ауыстырып-қосқыш (жарықшамдарды).


Тұманға қарсы шамдар тұманға қарсы шамдардың (жарықшамдардың) ауыстырып-қосқышы "≢D" күйіне орнатылған болса, ал шамдар келесі күйлердің бірінде болса қосылады:

- шамдардың жарығын ауыстырып-қосқыш " ≣D " немесе "≣D" қалпында болғанда (Аустралияға арналған моделдерден басқа);
- шамдардың жарығын ауыстырып-қосқыш "O" немесе "≣D" қалпында болғанда (Аустралияға арналған моделдер);
- "AUTO" күйінде болғанда және шамдар автоматты түрде шамның жарығын автоматты түрде қосу/ сөндіру жүйесі бар моделдер үшін шам жарығының ауыстырып-қосқышы

Тұманға қарсы шамдарды сөндіру үшін ауыстырып-қосқышты қайтадан төменде көрсетіліп отырған күйлердің біріне ауыстырыңыз:


- "O" күйі (Аустралияға арналған моделдерден басқа);
- "OFF" күйі (Аустралияға арналған моделдер).

қосылғанда.




Тұманға қарсы шамдар қосылғаннан кейін аспаптар комбинациясында бақылау шамы қосылады.

■ Артқы тұманға қарсы жарықшамның ауыстырып-қосқышы (егер орнатылған болса)



Артқы тұманға қарсы шамның жұмыс шарттары (Аустралияға арналған моделдерден басқа)
1) Шам жарығын ауыстырып-қосқыш.
2) Тұманға қарсы шамдарды ауыстырып-қосқыш (жарықшамдарды).




Артқы тұманға қарсы шамның жұмыс шарттары (Аустралияға арналған моделдер)
1) Шам жарығын ауыстырып-қосқыш.
2) Тұманға қарсы шамдарды ауыстырып-қосқыш (жарықшамдарды).

Артқы тұманға қарсы шамдар тұманға қарсы шамдардың (жарықшамдардың) ауыстырып-қосқышы "" күйіне орнатылған болса, ал шамдар келесі күйлердің бірінде болса қосылады:
- Жарықтандыруды ауыстырып-қосқыш " " немесе "" қалпында болғанда (Аустралияға арналған моделдерден басқа);
- шамдардың жарығын ауыстырып-қосқыш "" немесе "" қалпында болғанда (Аустралияға арналған моделдер);
- шам жарығын ауыстырып-қосқыш " " немесе "" қалпында болғанда (Аустралияға арналған моделдерден басқа);
- шамның жарығын автоматты түрде қосу/сөндіру жүйесі бар моделдер үшін шам жарығының ауыстырып-қосқышы "AUTO" күйінде болғанда және шамдар автоматты түрде қосылғанда.

Ауыстырып-қосқышты түсіргенде ол мынадай күйге оралады:
- "" күйіне (тұманға қарсы шамдары бар моделдер);
- "" күйіне (тұманға қарсы шамдары жоқ моделдер).

Артқы тұманға қарсы шамды сөндіру үшін келесі рәсімдердің бірін орындаңыз.
- Тұманға қарсы шамдардың (жарықшамдардың) ауыстырып-қосқышын қайтадан жоғары қарай "" күйіне дейін бұраңыз (барлық моделдер).
- Тұманға қарсы шамдардың (жарықшамдардың) ауыстырып-қосқышын қайтадан төмен қарай "" күйіне дейін бұраңыз (тұманға қарсы шадары бар моделдер).



Артқы тұманға қарсы шамдар қосылғаннан кейін аспаптар комбинациясында бақылау шамы қосылады.

ЕСКЕРТПЕ

Артқы тұманға қарсы шамды байқаусызда қосулы күйде қалдырмау үшін, оның электрлік тізбегі келесі әрекеттердің бірі орындалғанда сөнетіндей конструкцияланған.

- **Шам жарығының ауыстырып-қосқышы немесе "O" күйінде.**
- **Шам жарығының ауыстырып-қосқышы "AUTO" қалпында және шамдар автоматты түрде сөндірілген (шамдардың жарығын автоматты түрде қосу/ сөндіру жүйесі бар моделдер).**
- **Кілт оталдыру құлпынан алынған (қозғалтқышты түйменің көмегімен іске қосу/тоқтату функциясы қарастырылған қашықтықтан басқару жүйесі жоқ моделдер).**
- **Қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесі арқылы автокөліктің электрлік қуаттауышы "OFF" режімінде (қозғалтқышты түйменің көмегімен қашықтықтан іске қосу/ тоқтату функциясы қарастырылған қашықтықтан басқару жүйесі бар моделдер);**

Сонымен қатар, бұл артқы тұманға қарсы шамның жарықшамының шам жарығының ауыстырып-қосқышы " " күйіне ауыстырыл-ғаннан кейін немесе оталдыру құлыпты "ON" күйіне қайта ауыстырғаннан кейін қосылады деген сөз емес. Сәйкесінше, егер Сіз артқы тұманға қарсы шамды қайтадан қосқыңыз келсе, тұманға қарсы шамның (жарықшамның) ауыстырып-қосқышын "" күйіне ауыстырыңыз.

Шыны тазартқыштар және шыны жуғыштар

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Күн аяз болғанда жел әйнегін жуғышты оны жел әйнегінің жылытқышы қыздырғанша қоспаңыз.

Олай істемеген жағдайда шыны жуғыш сұйықтықтың жел әйнегінде қатып қалуы және көріністі нашарлатуы мүмкін.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Шыны жуғыштың үздіксіз 10 секундтан артық немесе бакта шыны жуғыш сұйықтық болмаған жағдайда жұмыс істеуіне жол бермеңіз. Әйтпесе бұл шыны жуғыштың электрлік қозғалтқышының қызып кетуіне соқтыруы мүмкін. Үнемі, мысалы, әрбір толтырып құю кезінде, бактағы шыны жуғыш сұйықтықтың мөлшерін тексеріңіз.**
- **Егер жел әйнегі (немесе артқы шыны) құрғақ болса, шыны тазартқышты қоспаңыз. Бұл шыныда сызаттардың пайда болуына, щөткенің резеңке таспаларының зақымдануына немесе шыны тазартқыштың электрлік қозғалтқышының жарамсыздануына соқтыруы мүмкін. Егер жел әйнегі немесе артқы шыны құрғақ болса, онда шыны тазартқышты қосу алдында үнемі тиісті шыны жуғыштарды қосыңыз.**
- **Күн аяз болғанда шыны тазартқыштарды қосу алдында шыны тазартқыштардың щөткелерінің резеңке таспаларының жел әйнегіне (немесе артқы шыныға) жабысып қатып қалмағанына көз жеткізіңіз. Шыны щөткелерінің резеңке таспалары жабысып қатып қалған шыны тазартқыштарды қосу әрекетінің шыны тазартқыштың щөткелерінің резеңке таспаларының зақымдануына ғана емес, сонымен қатар шыны тазартқыштың электрлік қозғалтқышының істен шығуына да әкеліп соқтыруы мүмкін. Егер шыны тазартқыштың щөткелерінің резеңке таспалары шынығa жабысып қатып қалған болса, онда шыны тазартқыштарды қосу алдында міндетті түрде жел әйнегінің жылытқышын, жел әйнегінің щөткелерінің антимұзданғышын (егер орнатылған болса) немесе артқы шынының жылытқышын қосыңыз.**
- **Егер шыны тазартқыштың жұмысы барысында қатқан мұздың немесе шыныдағы басқа да кедергілердің салдарынан шыны тазартқыштың тоқтауы орын алса, бұл шыны тазартқышты сөн-дірген жағдайдың өзінде де шыны тазартқыштың электрлік қозғалтқышының істен шығуына әкеліп соқтыруы мүмкін.**

Егер бұл орын алса, дереу арада автокөлікті қауіпсіз жерде тоқтатыңыз, оталдыру құлпын "LOCK"/ "OFF" күйіне ауыстырыңыз және шыны тазартқыштың қалыпты жұмысын қамтамасыз ете отырып, жел әйнегін сүртіңіз.

- **Арнайы шыны жуғыш сұйықтық болмаған жағдайда тек қана таза суды пайдаланыңыз. Қыста су қатып қалатын аудандарда SUBARU шыны жуғыш сұйықтығын немесе оның баламасын пайдаланыңыз. "Шыны жуатын сұйықтық" бөлімін қараңыз ☞11-35.**
- **Сондай-ақ, автокөлікті күн аяз болғанда пайдаланғанда шыны тазартқыштың щөткелерінің арнайы "қатпайтын" резеңке таспаларын пайдалану керек екендігін ескеру керек.**
- **Шыны тазартқыштың щөткесін немесе шыны тазартқыштың резеңке таспаларын жанармаймен немесе ерітіндімен (мысалы, бояуға арналған сұйылтқышпен немесе бензинмен) тазартпаңыз. Бұл шыны тазартқыштың щөткелерінің жұмысын немесе шыны тазартқыштың щөткелерінің резеңке таспаларын нашарлатады.**

Жаңбыр қадағасымен жабдықталған моделдер үшін.

- **Шыны тазартқыштың ауыстырып-қосқышы "AUTO" күйінде болғанда жел әйнегінің жанында жаңбыр/жарықтандыру қадағасына тимеңіз және олардың жанына ылғалды шүберекпен жанаспаңыз. Керісінше жағдайда шыны тазартқыштың кездейсоқ іске қосылып, жарақат келтіруі мүмкін.**
- **Автокөлікті жуу барысында шыны тазартқыштың сөндірілгендігіне көз жеткізіңіз. Керісінше жағдайда шыны тазартқыш кездейсоқ іске қосылып, жарақат келтіруі мүмкін.**
- **Егер Сіз автокөлікті автоматты түрде жуу қызметтерін пайдаланатын болсаңыз, шыны тазартқыштың сөндірілгендігіне көз жеткізіңіз. Керісінше жағдайда шыны тазартқыштың иінтіректері мен щөткелерінің зақымдануы мүмкін, өйткені, шыны тазартқыштың кездейсоқ іске қосылуы және автокөліктерді автоматты түрде жуғыштардың щөткелерінің олардың айналасында шатасып қалуы мүмкін.**

ЕСКЕРТПЕ

• Жел әйнегін тазартқыштың электрлік қозғалтқышы артық жүктелуден автоматты түрде ажыратқышпен қорғалған. Электрлік қозғалтқыш шамадан тыс жүктелім жағдайында үнемі жұмыс істейтін болса, автоматты түрде ажыратқыштың электрлік қозғалтқышты уақытша сөндіруі мүмкін. Егер бұл орын алса, автокөлікті қауіпсіз жерде тұрақтатыңыз, шыны тазартқыштың ауыстырып-қосқышын сөндіріңіз де, шамамен 10 минут күтіңіз. Автоматты түрде ажыратқыштың жұмыстық күйге оралуы орын алады да, шыны тазартқыш қайтадан қалыпты режімде жұмыс істей алады.

• Мезгіл-мезгіл шыны тазартқыштың щөткесінің резеңке таспасын жәнешынылардықалдықтар мен жол тұзын немесе жол шаңын кетіру үшін сумен жуып отырыңыз. Сұйықтықтың жел әйнегіне немесе артқы шыныға толығымен бүркілуі үшін шыны жуғышты кемінде 1 секунд бойы қосулы күйде ұстап тұрыңыз.

• Жел әйнегіне немесе шыны тазартқыштың щөткелерінің резеңке таспаларына жәндіктердің, балауыздың, майдың және басқа да заттардың жабысуы шыны тазартқыштың жұмысының біркелкілігінің бұзылуына және шыны бетінде лас жолақтардың пайда болуына әкеліп соғады. Егер шынының бетінде оны шыны жуғыш жуғаннан кір жолақ қалса немесе шыны жуғыш дұрыс жұмыс істемесе жел әйнегінің (немесе артқы шынының) сыртқы бетін, сондай - ақ шыны тазартқыштың щөткелерін бейтарап жуу құралы ерітіндісінің көмегімен немесе ысқыштың немесе жұмсақ шүберектің көмегімен орташа абразивті тазарту құралымен тазалаңыз. Тазалағаннан кейін жел әйнегін және шыны тазартқыштың щөткелерінің резеңке таспаларын таза сумен шайыңыз. Ағатын су тамшы ізін қалдырмаса, шыны таза болып табылады.

• Егер шыныдағы қалдықтар жоғарыда сипатталған рәсімнен кейін де кетпесе, щөткелердің резеңке таспаларын жаңасына ауыстырыңыз. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін "Шыны тазартқыштардың щөткелерін ауыстыру" бөлімін қараңыз ☞**11-37.**

ЕСКЕРТПЕ


Жаңбыр қадағасымен жабдықталған моделдер үшін.

- **Шыны тазартқыштың ауыстырып-қосқышы "AUTO" күйінде болғанда, ал оталдыру құлпы "ON" күйінде болғанда шыны тазартқыш бір рет іске қосылады. Бұл шыны тазартқыштың ауыстырып-қосқышының "AUTO" күйіне ауыстырылғандығын көрсетеді.**
- **Шыны тазартқыштың ауыстырып-қосқышы "AUTO" күйіне орнатылған кезде келесі жағдайлардың туындауы мүмкін.**
  - **Шыны тазартқыштың жаңбыр/жарықтандыру қадағасы немесе жел әйнегі дірілдеген кезде, сондай-ақ оларға жәндіктер, шаң немесе кір жабысса іске қосылуы мүмкін. Егер жаңбыр немесе қар жаумаса шыны тазартқышты сөндіріңіз.**
  - **Егер жаңбыр/жарықтандыру қадағасы жаңбырды немесе қарды анықтамаса, шыны тазартқыш жұмыс істемейді. Қажет болған жағдайда шыны тазартқышты басқару иінтірегін төмен қарай жұмыстың төмен жылдамдығына дейін немесе жоғары жылдамдығына қарай басыңыз.**
  - **Егер жаңбыр/ жарықтандыру қадағасы жел әйнегінің суды сіңдірмейтін жабынмен көмкерілуіненемесе жел әйнегінің жоғарғы бөлігінде мұздың немесе кірдің қатуына байланысты жаңбыр тамшыларының тиісті мөлшерін анықтамаса, шыны тазартқыштың іске қосылмауы мүмкін.**
  - **Егер шыны тазартқыштың іске қосылу аралығы жауын-шашын мөлшеріне байланысты өзгермейтін болса, онда бұл жаңбыр/ жарық қадағасының ақауын білдіруі мүмкін. Шыны тазартқыштың ауыстырып-қосқышын қажет болған жағдайда "AUTO" күйінен басқа кез келген күйге ауыстырыңыз. Мұндай жағдайларда біз Сізге жүйеге диагностика жүргізу үшін мүмкіндік пайда бола салысымен өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласуды ұсынамыз.**
  - **Егер сыртқы ауа температурасы -15 °C дейін түссе немесе одан төмен болса, шыны тазартқыштар жұмысын тоқтатады. Шыны тазартқыштар сыртқы ауа температрасы -10 °C дейін көтерілгенде немесе одан жоғары болғанда жұмысын қайта бастайды. Егер Сізге шыны тазартқыштардың -15 °C төмен температурада жұмыс істеуі қажет болса, шыны тазартқыштарды басқару иінтірегін төмен қарай жұмыстың төмен немесе жоғары жылдамдығына дейін басыңыз.**
  - **Егер жаңбырдың/ жарықтандырғыштың қадағасы маңындағы температура 80 °C астам болса, онда шыны тазартқыштың жұмыс істемей қалуы мүмкін, себебі, температура мұндай болғанда жүйе жаңбыр тамшыларының мөлшерін анықтай алмайды.**
  - **Сонымен қатар бұл жүйе автокөліктің жылдамдығына байланысты шыны тазартқыштардың үзілісті жұмысы функциясымен жабдықталған. Автокөлік тоқтаған кезде шыны тазартқыштар жұмысының аралығы жаңбыр кезінде болған аралықпен салыстырғанда ұзағырақ болады.**
  - **Бұл жүйенің күшті радиосәуле немесе шу болатын жерлерде жұмыс істемеуі мүмкін.**


■ ыны тазартқыштыңжәне жел әйнегін жуғыштың ауыстырып-қосқышы

Шыны тазартқыш оталдыру құлпы "ON" күйінде болғанда ғана жұмыс істейді.

▼ **Жел әйнегініңшынысын тазартқыш (жел әйнегінің жаңбырды автоматты түрде анықтайтын шыны тазартқышы бар моделдері)**



Аустралияға арналған моделдерден басқа



Аустралияға арналған моделдер

△ / MIST Шыны тазартқыштың бір рет іске қосылуы.

○/ OFF: Сөндірулі.

AUTO / AUTO: Автоматты жұмыс режимі.

▼ / LO: Шыны тазартқыш жұмысының төмен жылдамдығы.

▼▼ / HI: Шыны тазартқыш жұмысының жоғары жылдамдығы.


Шыны тазартқышты қосу үшін шыны тазартқышты басқару иінтірегін төмен қарай ауыстырыңыз. Шыны тазартқыштың ауыстырып-қосқышы "AUTO" күйінде болған кезде шыны тазартқыш автоматты түрде жаңбыр/жарықтандырғыш жел әйнегіне жаңбыр тигенде іске қосылады. Шыны тазартқыштың іске қосылу аралығы жаңбыр күшіне байланысты автоматты түрде реттеледі.

Шыны тазартқышты сөндіру үшін шыны тазартқыштарды басқару иінтірегін "OFF"/"○" күйіне ауыстырыңыз. Шыны тазартқыштың бір рет іске қосылуы үшін иінтіректі жоғары қарай басыңыз. Шыны тазартқыш Сіз иінтіректі төмен қарай түсіргенше жұмыс істейтін болады.

ЕСКЕРТПЕ


Шыны тазартқыштың іске қосылу аралығын автоматты түрде реттеу режимі жұмыстың жаңбыр қадағасы бойынша режімінен жұмыстың автокөліктің жылдамдығына байланысты режіміне өзгеруі мүмкін. Баптауларды SUBARU дилерінде өзгертуге болады. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін біз Сізге SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

▽ Жаңбыр/ жарықтандыру қадағасы



Жаңбыр/ жарықтану қадағасы жел әйнегінде орналасқан.


▽ Қадағаның сезімталдығын реттеу



1) Аустралияға арналған моделдерден басқа.
2) Аустралияға арналған моделдер.

Жаңбыр/ жарықтандыру қадағасының сезімталдығын реттеу үшін шыны тазартқышты басқару сақинасын бұрыңыз. Сезімталдығын арттыру үшін сақинаны төмен қарай бұрыңыз. Сезімталдығын төмендету үшін сақинаны жоғары қарай бұрыңыз.

▼ Жел әйнегініңшыныТазартқышы (жел әйнегінің жаңбырды автоматты түрде анықтайтын шыны тазартқышы бар моделдері)




: Шыны тазартқыштың бір рет іске қосылуы.
: Сөндірулі.
: Үзілісті жұмыс режімі.
: Шыны тазартқыш жұмысының төмен жылдамдығы.
: Шыны тазартқыш жұмысының жоғары жылдамдығы.

Шыны тазартқышты қосу үшін шыны тазартқышты басқару иінтірегін төмен қарай ауыстырыңыз.

Шыны тазартқышты сөндіру үшін шыны тазартқыштарды басқару иінтірегін "O" күйіне ауыстырыңыз.


Шыны тазартқыштың бір рет іске қосылуы үшін иінтіректі жоғары қарай басыңыз. Шыны тазартқыш Сіз иінтіректі төмен қарай түсіргенше жұмыс істейтін болады.

▽ **Үзілісті жұмыс режімінде шыны тазартқыштың іске қосылу аралығының реттеуіші**



Шыны тазартқыштың ауыстырып-қосқышы "" күйінде болғанда талап етілетін іске қосылу аралығын орнату сақинаны бұрумен қамтамасыз етіледі. Бірнеше уақыт аралығының бірінің орнатылуы мүмкін: ең қысқа уақыттан ең ұзақ уақытқа дейін.

▼ **Жел әйнегін жуғыш**




1) Аустралияға арналған моделдерден басқа.
2) Аустралияға арналған моделдер.

Жел әйнегін жуғышты іске қосу үшін шыны тазартқыштарды басқару иінтірегін өзіңізге қарай тартыңыз. Сіз иінтіректі босатқанша сұйықтық бүркілетін болады. Сіз иінтіректі тартып тұрғанда шыны тазартқыш жұмыс істейтін болады.

ЕСКЕРТПЕ

Егер Сіздің автокөлігіңіз шамдарды жуғышпен жабдықталған болса және шам жарықтарын ауыстырып-қосқыш "" күйінде болса, шыны тазартқыштарды басқару иінтірегін тартып, осы күйде 1 секундтан астам уақыт бойы ұстап тұрғанда шамдарды жуғыштар іске қосылады. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін "Шамдарды жуғыштар" бөлімін қараңыз☞3-119.

ЕСКЕРТПЕ




Шыны жуатын сұйықтық деңгейінің төмендігін ескерту шамы

Шыны жуғыш сұйықтықтың деңгейінің төмендігін ескерту шамымен жабдықталған моделдерде бактағы шыны жуғыш сұйықтықтың деңгейі төменгі шегіне дейін түссе, шам қосылады. Егер ескерту шамы қосылса, бакқа сұйықтықты құйыңыз. Құю рәсімі "Шыны жуатын сұйықтық" бөлімінде берілген ☞11-35.

- ЖАЛҒАСЫ –

■ Шыны тазартқыштың және артқы шыны жуғыштың ауыстырып-қосқышы



1) Австралияға арналған моделдерден басқа.
2) Австралияға арналған моделдер.

: Шыны жуғыш (бір мезгілде шыны тазартқыш жұмыс істейді).
—/HI: Үздіксіз жұмыс режімі.
- - -/LO: Үзілісті жұмыс режімі.
O/OFF: Сөндірулі.
: Шыны жуғыш (бір мезгілде шыны тазартқыш жұмыс істейді).

▼Артқы шынының шынысын тазартқыш

Артқы шыны тазартқышты іске қосу үшін тұтқаны жоғары қарай бұраңыз. Шыны тазартқышты сөндіру үшін тұтқаны "O"/"OFF" күйіне ауыстырыңыз.

Егер тұтқа "---"/"LO" күйіне орнатылса, артқы шынының тазартқыш автокөліктің жылдамдығына сәйкес үзілісті режимде жұмыс істейтін болады. Егер сіз селектор иінтірегін "R" күйіне ауыстырсаңыз, онда артқы шынының әйнегін тазартқыш үздіксіз жұмыс режіміне ауысады. Егер Сіз селектор/берілістерді ауыстырып-қосқыш иінтірегін "R" (артқы жүріс берілісі) күйінен басқа кез келген күйге ауыстырсаңыз, онда артқы шынының әйнегін тазартқыш үзілісті жұмыс режіміне оралады.

Артқа жүру берілісін қосу кезінде автоматты түрде қосылатын артқы шынының тазартқышы

Тіпті артқы шынының әйнегін тазартқыштың ауыстырып-қосқышы "O"/"OFF" күйінде болса да, артқы шынының әйнегін тазартқыш Сіз жел әйнегін тазартқышының жұмыс режімі үздіксіз режімде болғанда селектордың иінтірегін "P" (артқы жүріс) күйіне ауыстырсаңыз үзілісті режімде жұмыс істейтін болады.

Артқы шынының әйнегін тазартқышты қосу функциясы үшін зауыттық күй (дағдылық күйі) артқы жүріс берілісі қосулы болса "қосулы" күйі болып табылады.

Бұл баптауды SUBARU дилерінде өзгертуге болады. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін біз Сізге өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласуды ұсынамыз.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Жүк арту бөлігінің есігіне артқы шынының жұмысына кедергі келтіруі мүмкін ештеңе орнатпаңыз. Бұл жұмыс кезінде артқы шынының әйнегін тазартқыштың зақымдануына әкелуі мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ


Артқы шынының шынысын тазартқыштың ауыстырып-қосқышы сөндірулі күйде болса да, селектордың/ берілісті ауыстырып-қосқыштың иінтірегі "R" күйінде болғанда, ал жел әйнегінің шыны тазартқышы үздіксіз режімде жұмыс істеп тұрғанда, артқы шынының шынысын тазартқыш үзілісті режімде жұмыс істейтін болады.

▼ Жуғыш

Шыны тазартқыш жұмыс істеп тұрғанда артқы шынының жуғышты қосу барысында тұтқасын жоғары қарай "" күйіне дейін көтеріңіз. Сіз иінтіректі босатқанша сұйықтық бүркілетін болады.

Артқы шынының шынысын жуғышты қосу үшін шыны тазартқыш жұмыс істемей тұрғанда тұтқаны төмен қарай " " күйіне дейін бұрыңыз. Сіз тұтқаны босатқанша жалғасатын шыны жуғыш сұйықтықты бүрку және шыны тазартқыштың жұмысы басталады.

Шамдарды жуғыштар (егер орнатылған болса)



Егер шыны тазартқыштарды басқару иінтірегін оталдыру құлпы "ON" күйінде болғанда өзіңізге қарай тартып және оны 1 секундтан астам уақыт бойы ұстап тұратын болсаңыз, онда келесі жағдайларда жел әйнегін жуғышпен бірге шамдарды жуғыштар да жұмыс істейтін болады:

- жарықтандыруды ауыстырып-қосқыш " " қалпында болғанда (Аустралияға арналған моделдерден басқа);
- Жарықтандыруды ауыстырып-қосқыш " " қалпында болғанда (Аустралияға арналған моделдер);
- жарықтандыруды ауыстырып-қосқыш "AUTO" қалпында болғанда және шамдар автоматты түрде қосулы болғанда (шамдардың жарығын автоматты түрде қосу/ сөндіру жүйесі бар моделдер).

Сіз шыны тазартқыштарды басқару иінтірегін босата салысымен шыны жуатын сұйықтықты бүрку тоқтатылады. Шыны жуғыш үшін сұйықтықты бүркуді шамды жуғыштар 1 секунд бойы жүзеге асырады, содан кейін автоматты түрде тоқтатылады.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Егер шыны жуғыш сұйықтықтың бағы бос болса, шамдарды жуғышты қоспаңыз. Керісінше жағдайда бұл шыны жуғыштың электрлік қозғалтқышының қызып кетуіне соқтыруы мүмкін. Үнемі, мысалы, әрбір толтырып құю кезінде, бактағы шыны жуғыш сұйықтықтың мөлшерін тексеріңіз.

ЕСКЕРТПЕ


Егер шамды жуғыштардың қақпақтарын және оның маңындағы жерлерді мұз басса, онда шыны жуғыштарды пайдалану алдында мұзды кетіру керек.

- ЖАЛҒАСЫ –

Айналар

Қозғалысты бастар алдында автокөліктің ішкі және сыртқы айналарының дұрыс реттелгендігіне көз жеткізіңіз.

■ Ішкі айна



1) Қалыпты күй.
2) Шағылысуды болдырмауға арналған күй.

Әдеттегі пайдалану үшін айнадағы тоғаны басыңыз. Автокөліктің артында келе жатқан көліктің шамының жарығының шағылысу деңгейін азайту үшін, тоғаны тартыңыз және айнаны жарық шағылыспайтын күйге ауыстырыңыз.


■ Сыртқы айналар

▼ Дөңес айна (жолаушы жақта)

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Дөңес айнада заттар кіші болып және тегіс айнаға қарағанда алыс көрінеді. Қозғалыс жолағын ауыстырған кезде Сіздің автокөлігіңіз бен артта келе жатқан автокөліктің арасындағы қашықтықты анықтау үшін дөңес айнаны пайдаланбаңыз. Объектілердің нақты көлемін және қашықтықты анықтау үшін ішкі айнаны қолданыңыз немесе артқа қараңыз.

▼ Сыртқы айналарды қашықтықтан басқаруды ауыстырып-қосқыш



: Реттелетін жағын таңдау.
: Реттеу бағыты.

Сыртқы айналарды қашықтықтан басқару жүйесі оталдыру құлпы "ACC" немесе "ON" күйінде болған жағдайларда ғана жұмыс істейді.

1. Қашықтықтан басқару ауыстырып-қосқышын Сіз реттегіңіз келетін жаққа қарай бұрыңыз. "L" - сол жақтағы айна үшін, "R" - оң жақтағы айна үшін.
2. Сыртқы айналарды реттеу ауыстырып-қосқышын Сіз таңдаған сыртқы айналардың реттелуі тиіс бағытқа қарай басыңыз.

3. Айналардың байқаусызда реттелуіне жол бермеу үшін, айналарды таңдау ауыстырып-қосқышын бейтарап күйге келтіріңіз.
   Сыртқы айналарды қолша реттеуге де болады.

▽ **Артқа қарай қозғалғанда сыртқы айналардың иілу функциясы (егер қарастырылған болса)**

Автокөліктің артқы жүріспен қозғалысы барысында артқы шолуды жақсарту үшін оң және/немесе сол жақтағы сыртқы айналардың автоматты түрде иілуі орындалады.

1. Оталдыру құлпын "ON" қалпына ауыстырыңыз.
2. Берілістерді ауыстырып қосу иінтірегін "R" (артқы жүріс) күйіне бұрыңыз.
3. Сыртқы айналардың беті төмен қарай бұрылады.


Сыртқы айналардың беті келесі шарттар сақталған жағдайда бастапқы күйіне оралады.

- Егер берілістерді ауыстырып қосу иінтірегін "R" (артқы жүріс) күйінен өзгеше кез келген күйге ауыстырған сәттен бастап шамамен тоғыз секундтай уақыт өтсе.
- Оталдыру құлпы "OFF" күйіне ауыстырылғанда.

ЕСКЕРТПЕ

- **Бұл функцияны аспаптар комбинациясының дисплейі (түрлі-түсті сұйықкристалды дисплей) көмегімен қосуға/сөндіруге болады. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін "Функцияларды орнату" бөлімін қараңыз☞29.**
- **Оң және сол жақтағы айналардың немесе тек оң жақтағы айнаның жұмыс тәртібін SUBARU дилерінен өзгертуге болады. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.**

▼ **Айналарды жинайтын электрлік жетектің ауыстырып-қосқышы (егер орнатылған болса)**



Айналарды жинайтын электрлік жетектің ауыстырып-қосқышы оталдыру құлпы "ON" немесе "ACC" күйінде болғанда ғана жұмыс істейді.
Сыртқы айналарды жинау үшін айналарды жинайтын электрлік жетектің ауыстырып-қосқышын басыңыз. Айналарды жұмыстық күйге қайтару үшін ауыстырып-қосқышты тағы бір рет басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- **Егер сыртқы айналар қолша жиналған және қайта ашылған болса, оталдыру құлпын "LOCK/OFF" күйінен "ACC" немесе "ON" күйіне бұрғанда сыртқы айналардың айналарды жинайтын электрлік жетектің ауыстырып-қосқышының күйіне байланысты автоматты түрде реттелуі мүмкін.**
- **Егер сыртқы айналар қолша жиналған және ашылған жұмыстық күйден сәл өзгеше күйде болса, оталдыру құлпын "LOCK/OFF" күйінен "ACC" немесе "ON" күйіне бұрғанда айналардың айналарды жинайтын электрлік жетектің ауыстырып-қосқышының күйіне байланысты әрі қарай автоматты**

түрде жиналуы мүмкін. Егер бұл орын алса, айнаны жинайтын электрлік жетектің ауыстырып-қосқышын басыңыз. Осыдан кейін ең шеткі күйге дейін бүктелген айналар жұмыстың ашылған күйге оралады, ал содан кейін әдеттегі тәсілмен қайта бүктелуі мүмкін. Сыртқы айналарды ашу үшін ауыстырып-қосқышты тағы бір рет басыңыз.

- **Егер Сіз сыртқы айналарды қолша жинайтын болсаңыз, жұмыс істеп тұрған электрлік қозғалтқыштың дауысы істелсе де, олардың ауыстырып-қосқышты басқанда ашылмауы мүмкін. Егер бұл орын алса, айнаны жинайтын электрлік жетектің ауыстырып-қосқышын қайта басыңыз.**
- **Егер Сіз сыртқы айналарды қолша ашатын болсаңыз, айналардың ырғалуы мүмкін. Айналарды міндетті түрде электрлік жетектің көмегімен ашыңыз. Егер сыртқы айналар ырғалып кетсе, айналарды бүктеңіз, содан кейін оларды электрлік жетектің көмегімен тағы да ашыңыз.**
- **Температура төмен болғанда сыртқы айналардың жұмыс барысында тоқтап қалуы мүмкін. Егер бұл орындалмаса, ауыстырып-қосқышты тағы бір рет басыңыз.**

Егер сыртқы айналарауыстырып-қосқыштың пәрмендері бойынша жұмыс істемейтін болса, оларды бірнеше рет қолша жылжытыңыз. Бұл оларды ауыстырып-қосқыштың көмегімен іске қосуға жәрдемдеседі.

- **Айналарды бүктейтін электрлік жетектің ауыстырып-қосқышы ұзақ уақыт бойы басылатын болса, айналар жұмыс істемеуі мүмкін. Бұл ақау болып табылмайды. Біраз уақыттан кейін тағы да қайталап көріңіз.**


▽ **Сыртқы айналар жинайтын электрлік жетегі бар**

Сыртқы айналардың автоматты түрде жиналуы сыртқы айналарды жинайтын электрлік жетектің ауыстырып-қосқышы айналарды ашу
күйінде болса, ал оталдыру құлпы "OFF" күйінде болса, есіктер жабық күйіде болғанда жүзеге асырылады.
Сыртқы айналардың автоматты түрде ашылуы сыртқы айналарды бүктейтін электрлік жетекті басқаратын ауыстырып-қосқыш ашу күйінде болса, ал есіктер ашық болғанда жүзеге асырылады.

ЕСКЕРТПЕ


- **Егер сыртқы айналарды бүктейтін электрлік жетекті басқаратын ауыстырып-қосқыш жинау күйінде болса сыртқы айналарды бүктеу функциясы жұмыс істемейді.**
- **Сыртқы айналарды бүктеу функциясы жұмысының тәртібін Сіздің SUBARU дилеріңізде ауыстыруға болады. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін біз Сізге SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз. Сонымен қатар, аспаптар комбинациясының дисплейі бар моделдерде (түрлі - түсті сұйықкристалды дисплей) сыртқы айналардың бүктейтін электрлік жетегі бар сыртқы айналардың жұмысының баптауларын аспаптар комбинациясының дисплейі (түрлі-түсті сұйықкристалды дисплей) арқылы өзгертуге болады. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін "Функцияларды орнату" бөлімін қараңыз☛29.**

Артқы шынының, сыртқы айнаның жылытқышы және жел әйнегініңшыны-тазартқыш щөткелерінің антимұзданғышы




1) Артқы шыныны жылытқыш.
2) Сыртқы айналарды жылытқыш (егер орнатылған болса).
3) Жел әйнегініңшыны тазартқышының щөткелерінің антимұзданғышы (егер орнатылған болса).

Артқы шыныны жылытқыштың, сыртқы айналарды жылытқыштың және жел әйнегініңшыны тазартқышының щөткелерінің антимұзданғышын жүйесі) оталдыру құлпы "ON" күйінде болған жағдайда ғана жұмыс істеуі мүмкін.



"А" түрлі климат-бақылау жүйесін басқару панелі



"В" түрлі климат-бақылау жүйесін басқару панелі

Жылыту жүйесін қосу үшін климат-бақылау жүйесін басқару панелінде орналасқан түймені басыңыз. Артқы шыныны жылытқыш, сыртқы айналарды жылытқыш, жел әйнегінің шыны тазартқышыныңщөткелерінің антимұзданғышы бір уақытта қосылады. Жылыту жүйесі қосылғанда түймеде тиісті бақылау шамы қосылады.

Оны сөндіру үшін сол түймені қайта басыңыз. Сондай-ақ ол оталдыру құлпын "ACC" немесе "LOCK"/"OFF" күйіне ауыстырғанда да сөндірілуі мүмкін.

- ЖАЛҒАСЫ –

Артқы шынының, сыртқы айналарды және жел әйнегінің шынысын тазартқыштың щеткесінің антимұзданғышын жылыту жүйесі шамамен 15 минуттық жұмыстан кейін сөнеді. Егер артқы шыны мен сыртқы айналардың буланuы, сондай-ақ жел әйнегініңшыны тазартқыштарының щеткелерінің резеңке таспаларының мұздануы осы уақыт өткенше толығымен жойылған болса, жүйені сөндіру үшін осы түймені қайта басыңыз. Егер артқы шыны мен сыртқы айналардың буланuы, сондай-ақ жел әйнегініңшыны тазартқыштарының щеткелерінің резеңке таспаларының мұздануы жойылмаса осы түймені қайта басыңыз.

SUBARU дилерінде жылыту жүйесі жұмысының режімін үздіксіз жұмыс режіміне өзгерту мүмкіндігі бар. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін біз Сізге SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз. Сонымен қатар, аспаптар комбинациясының дисплейі бар моделдер үшін (түрлі-түсті сұйықкристалды дисплей) жылыту жүйесі жұмысының режімін үздіксіз жұмыс режіміне өзгертуге болады. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін "Vehicle Setting (Автокөліктің баптаулары)" бөлімін қараңыз ☞3-57.

Егер аккумуляторлық батареяның кернеуі рұқсатты шамадан төмен түсетін болса, онда жұмыстың үздіксіз режімі және жылыту жүйесі өз жұмысын тоқтатады.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Аккумуляторлық батареяның отыруын болдырмау мақсатында жылыту жүйесінің қажетті уақыттан ұзақ жұмыс істеп тұруына жол бермеңіз.**
- **Артқы шынының ішкі жағын тазалау үшін үшкір заттарды немесе абразивті тазарту құралдарын пайдаланбаңыз. Олардың шыныға салынған баспа өткізгіштерді зақымдауы мүмкін.**


ЕСКЕРТПЕ

- **Егер шыны тазартқыштардың щеткелері жел әйнегіне жабысып қатып қалған болса, жылыту жүйесін қосыңыз.**
- **Егер жел әйнегін қар басқан болса, жел әйнегін тазартқышщеткесінің антимұзданғышының тиімді болуы үшін оны тазартыңыз.**
- **Егер жылыту жүйесі үздіксіз режімде жұмыс істесе:**
  - **Егер автокөліктің жылдамдығы 15 минут бойы 15 ш./сағ. деңгейінде сақталса немесе одан төмен болса, жел әйнегінің антимұзданғышы өз жұмысын тоқтатады. Алайда, артқы шынының жылытқыш пен сыртқы айналардың жылытқышы үздіксіз режімде жұмысын жалғастыратын болады.**
  - **Егер аккумуляторлық батарея кернеуі рұқсатты деңгейден төмен түссе, жылыту жүйесі өз жұмысын тоқтатады.**

Бұру/еңкейту бұрышымен реттелетін рөл дөңгелегі

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Рөл дөңгелегінің бұру/еңкейту бұрышын жаңбыр кезінде реттемеңіз. Бұл автокөлікті басқаруды жоғалтып алуға және соның салдарынан жарақаттануға әкелуі мүмкін.**
- **Егер иінтірек бекітілген күйге көтерілмесе, рөл дөңгелегінің күйін қайтадан реттеңіз. Рөл колонкасы бекітілмеген автокөлікті басқару қауіпті! Бұл автокөлікті басқаруды жоғалтып алуға және соның салдарынан жарақаттануға әкелуі мүмкін.**




1 Еңкейту бұрышын реттеу
2 Бұру бұрышын реттеу.
3 Бұру/ еңкейту бұрышын реттеуді бұғаттау иінтірегі.

1. Орындықтың қалпын реттеңіз. "Алдыңғы орындықтар" бөлімін қараңыз☞1-3.
2. Бұру/еңкейту бұрышын бұғаттау иінтірегін төмен қарай жылжытыңыз.
3. Рөл дөңгелегін талап етілетін күйге келтіріңіз.
4. Рөл дөңгелегінің күйін бекіту үшін иінтіректі жоғары қарай тартыңыз.
5. Рөл дөңгелегінің мұқият бекітілгендігін тексеру үшін оны жоғары және төмен, алға және артқа қарай қозғаңыз.

Рөл дөңгелегін жылыту жүйесі (егер орнатылған болса)

Рөл дөңгелегін жылыту жүйесі рөл дөңгелегін жылытады және оның температурасының тұрақты болуын қамтамасыз етеді.



1) Рөл дөңгелегін жылытқышты ажыратқыш
2) Бақылау шамы.
3) Жылыту аймағы.

Рөл дөңгелегінің жылыту жүйесін қосу үшін рөл дөңгелегінің жылытқышының ажыратқышын оталдыру құлпы "ON" күйінде болғанда тартыңыз. Рөл дөңгелегі жылытылады және ажыратқыштағы бақылау шамы жанады.

- ЖАЛҒАСЫ –

Рөл дөңгелегінің жылыту жүйесін сөндіру үшін ажыратқышты қайта тартыңыз. Бұл кезде бақылау шамы сөнеді.


⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Рөл дөңгелегін жылыту жүйесін қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде қолданыңыз. Керісінше жағдайда аккумуляторлық батареяның кернеуінің рұқсатты деңгейден төмен түсіп, қозғалтқышты іске қосу мүмкін болмайды.**
- **Рөл дөңгелегін жылытқыш жүйесін ұзақ уақыт бойы пайдалану кезінде, тіпті қоршаған ортаның температурасы төмен болғанда да, терісі сезімтал адамдардың жеңіл күйік алуы мүмкін. Рөл дөңгелегін жылыту жүйесін пайдаланғысы келетін жолаушыларға осы жайлы ескертіңіз.**
- **Жылыту жүйесі бар рөл дөңгелегін ешқандай заттармен, атап айтқанда, рөл дөңгелегінің тысымен жаппаңыз. Бұл рөл дөңгелегін жылыту жүйесінің қызып кетуіне әкелуі мүмкін.**

ЕСКЕРТПЕ

- **Егер рөл дөңгелегінің бетінің температурасы жүйені сөндірген кезде 40°C астам болса, бақылау шамы жанады, бірақ жүйе рөл дөңгелегін жылытпайды.**
- **Рөл дөңгелегін жылыту жүйесі қосылғаннан кейін шамамен 30 минуттан кейін автоматты түрде сөнеді.**

Дыбыстық сигнал




Дыбыстық сигналды қосу үшін рөл дөңгелегінің жылытқышын басыңыз.

Желдету жүйесін басқару 4-2
Орталық және бүйірлік дефлекторлар 4-2
Артқы дефлекторлар 4-2
Климат-бақылау жүйесін басқару панелі 4-3
"A" түрі 4-4
"B" түрі 4-5
Климат-бақылау жүйесі жұмысының автоматты режімі.....4-6
"A" түрі 4-6
"B" түрі 4-7
Қадағалар 4-7
Климат-бақылау жүйесінің автоматты режімін баптау.....4-8
Климат-бақылау жүйесін қолша басқару 4-9
Ауа ағындарын бөлу режімдері.....4-9
Кондиционер жұмысының максималды қуатрежімі ("B" түрі) 4-10
Температураны реттеу 4-11
Желдеткіш жылдамдығын реттеу 4-11
Кондиционерді басқару.....4-11
Ауа жинағышты басқару 4-11
Климат-бақылау жүйесін сөндіру.....4-12
Жел әйнегін жылытқыш.....4-12
Жылыту жүйесі мен ауаны кондиционерлеу жүйелеріне қызмет көрсету және пайдалану бойынша ұсыныстар.....4-13
Желдету жүйесінің ауа жинағышының торын тазарту.....4-13
Күн астында тұрғаннан кейін автокөліктің салонын тиімді салқындату.....4-13
Салқындатқыш агент контурындағы майлауыштың циркуляциясы 4-13
Жазғы маусым басталар алдында ауаны кондиционерлеу жүйесін тексеру 4-14
Жоғары ылғалдылықпен және төмен температурамен сипатталатын ауа-райы жағдайында автокөліктің салонындағы ауаны салқындату және құрғату 4-14
Қозғалтқыш ауыр жүктememен жұмыс істейтін кезде ауа кондиционерінің сығымдауышын сөндіру 4-14
Сіздің автокөлігіңіздің климат-бақылау жүйесіне арналған салқындатқыш агент 4-14
Ауаны тазарту жүйесі.....4-15
Салонның ауа сүзгісін ауыстыру.....4-15


Желдету жүйесін басқару

■ Орталық және бүйірлік дефлекторлар



Орталық дефлекторлар


Ауа беру бағытын реттеу үшін тілді жылжытыңыз. Дефлекторды жабу үшін тілді соңына дейін төмен қарай жылжытыңыз.



Бүйірлік дефлекторлар
1) Жабу.
2) Ашық.

Ауа беру бағытын реттеу үшін тілді жылжытыңыз.

■ Артқы дефлекторлар



Артқы дефлекторлар
1) Жабу.
2) Ашық.


Ауа беру бағытын реттеу үшін тілді жылжытыңыз.

Климат-бақылау жүйесін басқару панелі

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Салқындату функциясы автокөліктің қозғалтқышы жұмыс істеп тұрған жағдайда жұмыс істеуі мүмкін.**
- **Басқа адамдардың көмек көрсетуі қажет болуы мүмкін балаларды немесе ересек адамдарды көлікте жалғыз қалдырмаңыз. Сондай-ақ жануарларды да жалғыз қалдырмау керек. Ыстық немесе күн шақырайып түсіп тұрған күндері жабық автокөліктегі температураның тез көтерілуінен адамдарға ыстықтың өтіп кетуі мүмкін немесе тіпті өлімге соқтыруы ықтимал.**

■ "A" түрі




1) Ауа ағындарын бөлу режімдерін орнату тұтқасы ("Климат-бақылау жүйесі жұмысының автоматты режімі" бөлімін ☞4-6 және/немесе "Температураны реттеу" бөлімін қараңыз ☞4-11).
2) Желдеткіш жылдамдығын реттеу тұтқасы ("Климат-бақылау жүйесі жұмысының автоматты режімі" бөлімін ☞4-6 және/немесе "Желдеткіш жылдамдығын реттеу" бөлімін қараңыз ☞4-11).
3) Температураны реттеу тұтқасы ("Климат-бақылау жүйесі жұмысының автоматты режімі" бөлімін ☞4-6 және/немесе "Температураны реттеу" бөлімін қараңыз ☞4-11).
4) Ауа кондиционерін қосу түймесі ("Кондиционерді басқару" бөлімін қараңыз ☞4-11).
5) Ауа жинағышты басқару түймесі ("Ауа жинағышты басқару" бөлімін қараңыз☞4-11).
6) Артқы шынының жылытқышты қосу түймесі және айналарды жылытқышты қосу түймесі (егер орнатылған болса) ("Рөл дөңгелегін жылыту жүйесі" бөлімін қараңыз ☞3-125).

ЕСКЕРТПЕ

Температураны реттеу ауқымының автокөліктің аймақтық сипаттамаларына байланысты өзгеруі мүмкін.

■ "B" түрі



1) Температураны реттеу тұтқасы (сол жағы) ("Климат-бақылау жүйесі жұмысының автомат-ты режімі" бөлімін ☞4-6 және/немесе "Тем-ператураны реттеу" бөлімін қараңыз ☞4-11).
2) "AUTO" түймесі ("Климат-бақылау жүйесі жұмысының автоматты режімі" бөлімін қараңыз ☞4-6).
3) Ауа кондиционерін қосу түймесі ("Кондицио-нерді басқару" бөлімін қараңыз ☞4-11).
4) Ауа жинағышты басқару түймесі ("Ауа жинағышты басқару" бөлімін қараңыз☞4-11).
5) "MAX A/C" түймесі ("Кондиционер жұмысының ең жоғарғы қуат режімі ("B" түрі)" бөлімін қараңыз ☞4-10).
6) Жел әйнегінің жылыту түймесі ("Жел әйнегін жылытқыш" бөлімін қараңыз ☞4-12).
7) Артқы шыныны жылытқышты қосу түймесі және сыртқы айналарды жылытқышты қосу түймесі (егер орнатылған болса) ("Рөл дөңгелегін жылыту жүйесі" бөлімін қараңыз ☞3-125).
8) Температураны реттеу тұтқасы (оң жағы) ("Кондиционерді басқару" бөлімін қараңыз ☞4-11).
9) "SYNC" түймесі ("SYNC" синхрондау режімі" ("B" түрі)" бөлімін қараңыз ☞4-11).
10) Желдеткіш жылдамдығын реттеу тұтқасы ("Желдеткіш жылдамдығын реттеу" бөлімін қараңыз ☞4-10).
11) Ауа ағындарын бөлу режімдерін орнату тұтқасы ("Климат-бақылау жүйесі жұмысының автоматты режімі" бөлімін қараңыз ☞4-8).
12) "ON/OFF" түймесі ("Климат-бақылау жүйесі жұмысының автоматты режімі" бөлімін қараңыз ☞4-6).

- ЖАЛҒАСЫ –

ЕСКЕРТПЕ

- **Жоғарыдағы суреттерде сол жақтан басқарылатын моделге тән мысал көрсетілген. Оң жақтан басқарылатын моделдерде кейбір түймелердің/ иінсаптар-дың орналастырылуы сурет-терде көрсетілгеннен өзгеше.**
- **Климат-бақылау жүйесінің экра-ны көпфункциялы дисплейде (түрлі-түсті сұйықкристалды дисплейде) көрсетіледі. "Климат-бақылау жүйесінің экраны" бөлімін қараңыз ☞3-68.**

Климат бақылау жүйесі жұмысының автоматты режимі

Егер климат-бақылау жүйесінің жұмысының автоматты режимі таңдалса, желдеткіштің айналу жиілігі, ауа ағынының бөлінуі, ауаның жиналуын басқару және кондиционердіңсығымдауышының жұмысы автоматты түрде реттеледі. Бұл режимді іске қосу үшін келесі әрекеттерді орындаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- **Климат-бақылаудың автоматты жүйесін басқару тек автокөліктің қоз-ғалтқышы жұмыс істеп тұрған кезде ғана жүзеге асырылады.**
- **Ауаны салқындау қажет болмаса да, кондиционердің сығымдауышы авто-көліктің салонына осы сәтте беріліп тұрған ауа температурасынан неғұр-лым төмен температура анықталған жағдайда автоматты түрде қосылатын болады. Мұндай жағдайда басқару панелінде "A/C" бақылау шамы жанады.**
- **Кондиционердің келесі жағдайларда жұмыс істемеуі мүмкін:**
  - **салондағыауа температурасытөмен кезде;**
  - **сыртқы ауа температурасы 0°C жуық шамаға дейін түскен кезде.**
- **Температураны реттеу ауқымының автокөліктің аймақтық сипаттамаларына байланысты өзгеруі мүмкін**

■ "A" түрі

1. Режімді таңдау тұтқасын бұрыңыз және желдеткіш жылдамдығын реттеу тұтқасын "AUTO" күйіне келтіріңіз.
2. Температураны реттеу тұтқасының көмегімен температураның қажетті деңгейін қалыптастырыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Климат-бақылау жүйесінің әрбір функциясын қалған функцияларға қарамастан "AUTO" режиміне орнатуға болады. "AUTO" режиміне ауыстырылған кез келген функцияны басқару автоматты түрде жүзеге асырылады. Егер қандай да бір функция "AUTO" режиміне ауыстырылмаса, оны реттеуді қолша орындауға болады.

Климат-бақылау жүйесін сөндіру үшін желдеткіштің жылдамдығын реттеу тұтқасын "OFF" күйіне бұрыңыз.

Климат-бақылау жүйесі сөндірілгенде ауа жинауыш жұмысының таңдалған режімі төмендегідей өзгереді.

- Егер "AUTO" режімі таңдалса, сыртқы ауаны жинау режімі орнатылады.
- Егер "MANUAL" режімі таңдалса, климат-бақылау жүйесін сөндіргенге дейін сақталған жұмыс режімі сақталады.

■ "B" түрі

1. "AUTO" түймесін басыңыз. Көпфункциялы дисплейде (түрлі-түсті сұйыққристалды дисплей) "FULL AUTO" индикаторы жанады.
2. Температураны реттеу тұтқасының көмегімен температураның қажетті деңгейін қалыптастырыңыз.


ЕСКЕРТПЕ

Егер толығымен автоматты түрдегі жұмыс режімінде Сіз басқару панеліндегі "ON/OFF" түймелерінен, артқы шынының жылытқыштың түймелерінен, "SYNC" (егер қарастырылған болса) түймесінен және температураны реттеу тұтқасы (тұтқалары) реттеу түймесінен басқа қандай да бір түймені басатын болсаңыз, онда басқару панеліндегі "FULL" бақылау шамы сөнеді, ал "AUTO" бақылау шамы жанып тұрады. Сонымен қатар бұл кезде Сіз жүйенің жұмысын Сіз басқа түйменің көмегімен реттей аласыз. Жүйені қайтадан толығымен автоматты режімге қайтару үшін "AUTO" түймесін басыңыз.

Климат-бақылау жүйесін сөндіру үшін "ON/OFF" түймесін басыңыз. Климат-бақылау жүйесі сөндірілгенде ауа жинауыш жұмысының таңдалған режімі төмендегідей өзгереді.

- Егер "AUTO" режімі таңдалса, сыртқы ауаны жинау режімі орнатылады.
- Егер "MANUAL" режімі таңдалса, климат-бақылау жүйесін сөндіргенге дейін сақталған жұмыс режімі сақталады.

■ Қадағалар



1) Автокөліктің салонындағы ауа температурасының қадағасы
2) Күн сәулесінің қарқындылығының қадағасы

Климат-бақылаудың автоматты жүйесінде бірнеше қадағалар қолданылады. Бұл қадағалардың конструкциясы нәзік. Абайсыз пайдалану кезінде олардың оңай зақымдануы мүмкін, салдарынан климат-бақылау жүйесі салондағы температураны дұрыс реттеуді жүзеге асыра алмайды. Қадағалардың зақымдану қаупін болдырмау үшін келесі қауіпсіздік шараларын қолданыңыз.

– Қадағаларды соққыға ұшыратпаңыз.
– Қадағаға судың түсуіне жол бермеңіз.
– Қадағаның үстіне ештеңе жаппаңыз.

■ Климат-бақылау жүйесінің автоматты режімін баптау

Көпфункциялы дисплейде (түрлі-түсті сұйықкристалды дисплей) климат-бақылаудың автоматты жүйесі жұмысының режімін ауыстыруға болады. Баптауларды өзгерту тәртібі туралы ақпарат "Ақпараттық экран" бөлімінде берілген ☞3-70.

▼Режімдерді өзгерту тәртібі

Климат бақылау жүйесі жұмысының мынадай режімдерін орнату мүмкіндіктері қарастырылған.

▽ Қалыпты режім

Бұл режім климат-бақылау жүйесінің стандартты жұмыс режімі болып табылады.

▽ "Жайлы" режім

Бұл режім ауа ағындарын берудің біркелкі қарқынын орнатады.

▽Жоғары қуат режімі

Бұл режімді климат-бақылау жүйесінің көмегімен тез арада жайлы жағдай қалыптастыру қажет болған жағдайларда пайдаланыңыз. Бұл режімді орнату қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесі жұмысының ауқымының шектелуіне әкеледі.

▽ "ECO" режімі

Бұл режімді жайлылық деңгейіне қарағанда жанармайдың үнемделу деңгейінің маңыздылығы басым болған жағдайларда пайдаланыңыз. Бұл режімді орнату қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесі жұмысының ауқымын ұлғайтады.

▼ Жолаушылардың отыруын анықтау жүйесі

Бұл режим жолаушылардың санына байланысты климат-бақылау жүйесінің жұмысын реттейді.

▼ Алдыңғы орындыққа жолаушының отыруын анықтау жүйесі

Бұл режімде алдыңғы орындыққа жолаушының отыруын анықтау жүйесінің көмегімен жолаушы болмаған кезде осы орындықты жылытқыш сөндіріледі. Жүргізуші орындығын жылыту температурасын орнату автоматты режімде орындалады.

ЕСКЕРТПЕ

Жүйенің қадағасы жолаушының бар-жоғын анықтай алмауы мүмкін, бұл олардың денесінің орналасу қалпына, салмағы мен тұрпатына байланысты. Алдыңғы орындыққа жолаушының отыруын анықтау функциясы дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

▽ Артқы орындықтарға жолаушының отыруын анықтау жүйесі

Бұл функция артқы орындықтарда жолаушылардың бар-жоғын есіктердің ашылуы және жабылуы бойынша анықтайды. Егер артқы орындықтарда жолаушылар болмаса, онда климат-бақылау жүйесі беретін ауа ағынының қарқындылығы төмендейді және алдыңғы жолаушының орындығы басымдық белгіленеді.

ЕСКЕРТПЕ


Егер жүйе артқы есіктердің ашылуы және жабылуы бойынша артқы орындықтарда жолаушылардың бар-жоғын дұрыс анықтай алмаса (мысалы, жүкті тиеу үшін артқы есіктерді ашқан кезде), онда жүйенің жұмысының дұрыс болмауы мүмкін.

Климат-бақылау жүйесін қолша басқару


■ Ауа ағындарын бөлу режімдері

Ауа ағындарын бөлу режімдерін ауа ағындарын бөлу режімдерін орнату түймесінің ("A" түрі) немесе ауа ағындарын бөлу режімдерін орнату түймесінің ("B" түрі) көмегімен таңдаңыз.


Ауа ағынын таратудың мынадай режімдері бар.



Желдету: Аспаптар панелінің желдету саңылауы.




"B" түрі үшін желдету 2:Аспаптар панелінің желдету саңылаулары және аяқты үрлеуіштің желдету саңылаулары.




Екі деңгейлі жылытқыш: Аспаптар панелінің желдету саңылаулары және аяқты үрлеуіштің желдету саңылаулары.


- ЖАЛҒАСЫ –



Жылытқыш: Ауаның аяқты үрлеуіштің желдету саңылаулары арқылы, аспаптар панеліндегі бүйірлік желдету саңылаулары арқылы негізгі берілуі және жел әйнегін жылытқыштың желдеткіш саңылаулары арқылы аздап берілуі (ауаның аздаған ағымы жел әйнегіне және бүйірлік шыныларға олардың буланып кетуін болдырмау үшін беріледі).



Салонды/ жел әйнегін жылытқыш: Жел әйнегінің желдету саңылаулары, аяқты үрлеуіштің желдету саңылаулары және аспаптық панелдердегі бүйірлік желдеткіш саңылаулары ("Жел әйнегін жылытқыш" бөлімін қараңыз ☞4-12).



"A" түрі үшін жел әйнегін жылытқыш: Жел әйнегінің желдету саңылаулары және екі жақтағы аспаптық панелдердегі бүйірлік желдеткіш саңылаулары. (Жел әйнегін жылытқыш" бөлімін қараңыз ☞4-12.)

■ Кондиционер жұмысының максималды қуат режімі ("B" түрі)

Неғұрлым жылдам салқындау үшін "MAX A/C" түймесін басыңыз.
Егер кондиционер жұмысының ең жоғарғы қуаттағы режімі қосылған болса, баптаулары автоматты түрде былайша өзгереді.

- Кондиционер қосылады.

- Ең төменгі температура орнатылады.
- Желдеткіштің ең жоғарғы айналу жылдамдығы орнатылады.
- Ауа жинағыштың жұмыс режімі рециркуляцияға орнатылады.
- Ауа ағындарын бөлу режімі желдетуге орнатылады.

Кондиционердің жұмысының ең жоғарғы қуаттағы режімін сөндіру және алдыңғы баптауларға оралу үшін "MAX A/C" түймесін қайта басыңыз.

■ Температураны реттеу

Салондағы ауа температурасының қажетті шамасын қалыптастыру үшін температураны реттеу тұтқасын бұрыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Температураны реттеу ауқымы автокөліктің аймақтық сипаттамаларына байланысты өзгеруі мүмкін.

▼ "SYNC" синхрондау режімі ("B" түрі)

Егер синхрондау режімі қосылса, екі жақтағы температура, жүргізуші мен алдыңғы орындықтың жолаушысы жақтағы температура жүргізуші жақтағы температураны реттеу тұтқасының көмегімен синхронды түрде басқарылады.
Синхрондау режімін қосу үшін "SYNC" түймесін басыңыз. "SYNC" түймесінің индикаторы жанады.
Синхрондау режімінен шығу үшін "SYNC" түймесін қайта басыңыз немесе алдыңғы орындықтағы жолаушы жақтағы температураны реттеу тұтқасын бұрыңыз. "SYNC" түймесінің индикаторы сөнеді. Мұндай жағдайда алдыңғы орындықтағы жолаушы жақтан және жүргізуші жақтан температураны реттеу бөлек болады. Температура жүргізуші жақтағы және алдыңғы орындықтағы жолаушы жақтағы температураны реттейтін жеке тұтқалармен реттелетін болады.

■ Желдеткіш жылдамдығын реттеу

Желдеткіштің жылдамдығын реттеу тұтқасын бұрып, желдеткіш жұмысының қажетті жылдамдығын таңдаңыз.

■ Кондиционерді басқару

Кондиционер тек автокөліктің қозғалтқышы жұмыс істеп тұрған жағдайда жұмысістейді.
Кондиционерді қосу желдеткіш жұмыс істеп тұрғанда ауа кондиционерін қосу түймесін басу арқылы жүзеге асырылады. Егер кондиционер қосылған болса, "A/C" бақылау шамы жанады.
Кондиционерді сөндіру үшін сол түймені қайта басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Шынының буланuын тиімді жою үшін немесе ауаны құрғату үшін күн суық болғанда кондиционерді қосыңыз. Алайда, егер сыртқы ауа температурасы шамамен 0°C болса, ауа кондиционерінің және құрғату жүйесінің тиісті түрде жұмыс істемеуі мүмкін.

■ Ауа жинағышты басқару

Ауа жинағышты басқару түймесін басу арқылы ауа жинау режимін таңдаңыз.

• Рециркуляция

Егер ауа жинағышты басқару режімін таңдау түймесіндегі бақылау шамы жанып тұрса, салондағы ауа автокөліктің ішінде рециркуляцияланады. Ауаны кондиционермен жылдам суыту қажет болғанда немесе шаңды жолмен жүргенде ауа жинағышты басқару түймесін "Қосулы" күйіне ауыстыра отырып басыңыз.

- ЖАЛҒАСЫ –

• Сыртқы ауаны жинау
Егер ауа жинағышты басқару режімін таңдау түймесіндегі бақылау шамы жанып тұрмаса, салонға сырттағы ауа берілетін болады. Автокөліктің салонындағы ауа жылы температураға дейін салқындағанда, ал автокөліктің қозғалысы енді шаңды жолмен болмағанда ауа жинағышты басқару түймесін "Сөндірулі" күйіне ауыстыра отырып басыңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Ауа жинағышты басқару түймесі "Қосулы" күйінде ұзақ уақыт болғанда шынылар булануы мүмкін. Сіз жолдың шаңды жерінен өткеннен кейін бірден бұл түймені "Сөндірулі" күйіне ауыстырыңыз.

ЕСКЕРТПЕ


- **Егер ауа жинағышты басқару түймесіндегі бақылау шамы қозғалтқышты іске қосу кезінде жыпылықтаса, электрлік жүйеде ақаудың болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда біз Сізге диагностика жүргізу үшін SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.**
- **Ауа жинағышты басқару түймесіндегі бақылау шамының келесі жағдайларда жыпылықтауы мүмкін. Алайда, бұл қандай да бір ақаудың бар екендігінің дәлелі емес.**
  - **Автокөліктің аккумуляторлық батареясын ажыратқаннан және қосқаннан кейін.**
  - **Автокөліктің аккумуляторлық батареясының кернеуі төмен болғанда.**

■ Климат-бақылау жүйесін сөндіру

Климат-бақылау жүйесін сөндіру үшін:
- "A" түрі: желдеткіштің жылдамдығын реттеу тұтқасының көмегімен "OFF" күйін таңдаңыз.
- "B" түрі: "ON/ OFF" түймесін басыңыз.

Жел әйнегін жылытқыш

Бұл функция жел әйнегі мен алдыңғы шынылардың қатып қалуының алдын алу үшін қолданылады.




Жел әйнегін жылыту режімін қосу үшін:
- "A" түрі: ауа ағынын бөлуді орнату тұтқасының көмегімен "" немесе "" күйін таңдаңыз.
- "B" түрі: жел әйнегін жылытқыштың түймесін басыңыз немесе ауа ағынын бөлу режімдерін орнату түймесі арқылы "" күйін таңдаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- **Ауа кондиционерін қосу түймесінің күйіне қарамастан жел әйнегінің "" немесе "" режімін таңдаған кезде, ауа кондиционерінің сығымдауышы автоматты түрде қосылады. Осымен қатар бір мезгілде автоматты түрде сыртқы ауаны жинау режімі орнатылады.**
- **"B" түрлі климат-бақылау жүйелері үшін жел әйнегін жылытқыштың түймесін басу арқылы жел әйнегін жылытқаннан кейін түймені қайтадан басу жүйені де жел әйнегін жылытқыштың түймесі басылғанға дейінгі баптауларға қайтарады.**

Жылыту жүйесі мен ауаны кондиционерлеу жүйелеріне қызмет көрсету және пайдалану бойынша ұсыныстар

■ Желдету жүйесінің ауа жинағышының торын тазарту



1) Желдету жүйесінің ауа жинағышының алдыңғы торы.

Салонның және жел әйнегінің тиімді жылытылуын қамтамасыз ету үшін желдету жүйесінің ауа жинағышының алдыңғы торын үнемі қардан, жапырақтардан және басқа да заттардан тазартылуын қадағалаңыз. Конденсатор радиатордың алдыңғы жағында болуына байланысты бұл жерді үнемі таза ұстау керек, себебі, онда жиналатын жәндіктер мен жапырақтар салқындатудың тиімділігін нашарлатады.

■ Күн астында тұрғаннан кейін автокөліктің салонын тиімді салқындату

Күн астында тұрғаннан кейін жол жүрудің алғашқы бірнеше минуты ішінде Сіз автокөліктің терезелерін ашып, сол арқылы автокөліктің салонына сыртқы ауа ағынының енуін және оның циркуляциялануын қамтамасыз етуіңіз керек. Бұл ауа кондиционерінің салондағы ауаны тез салқындатуына мүмкіндік береді. Ауаны салқындатудың ең жоғары тиімділігін қамтамасыз ету үшін ауа кондиционері жұмыс істеген кезде автокөліктің терезелерін жабыңыз.

■ Салқындатқыш агент контурындағы майлауыштың циркуляциясы

Ауаны кондиционерлеу жүйесінде майдың циркуляциялануы үшін маусым арасында айда бір рет қозғалтқыштың иіндібілігінің айналу жилігі төмен

болған кезде (бос жүрісрежімінде немесе аз жылдамдықта жүргенде) оның компрессорының бірнеше минут бойы жұмыс жасауын қамтамасыз ету керек.

■ Жазғы маусым басталар алдында ауаны кондиционерлеу жүйесін тексеру

Әр көктем сайын Сіздің автокөлігіңіздің ауаны кондиционерлеу жүйесінің жұмыс істеу қабілетін және құбыршектерінің күйін тексеруді, сондай-ақ оның салқындатқыш агентінің ағып кетуін тексеруді жүргізіңіз. Біз Сізге мұндай тексеру жұмыстарын Сіздің SUBARU дилеріңізде жүргізуді ескертеміз.

■ Жоғары ылғалдылықпен және төмен температурамен сипатталатын ауа-райы жағдайында автокөліктің салонындағы ауаны салқындату және құрғату


Белгілі ауа-райы жағдайларында (ауаның салыстырмалы ылғалдылығы жоғары болғанда, температура төмен болса және т.б.) автокөліктің салонына ауа беретін желдеткіш саңылауларынан су буының бөлінуінің байқалуы мүмкін. Бұл қалыпты құбылыс және ауаны кондиционерлеу жүйесінде қандай да бір ақаулардың бар екендігін білдірмейді.

■ Қозғалтқыш ауыр жүктемемен жұмыс істейтін кезде ауа кондиционерінің сығымдауышын сөндіру

Автокөліктің динамикалық сипаттамаларын жақсарту үшін және жанармайды үнемдеу мақсатында ауа кондиционерінің сығымдауышының конструкциясында автокөлік кенеттен үдегенде немесе биік өрге қарай жүргенде акселератордың басқышы толық басылған кезде оның уақытша сөндірілуі көзделген.

■ Сіздің автокөлігіңіздің климат-бақылау жүйесіне арналған салқындатқыш агент

Сіздің кондиционерде озон үнемдеуші R134a (R-1234yf) салқындатқыш агенті қолданылады. Сондықтан, салқындатқыш агентті толтыру, ауыстыру немесе тексеру тәсілдері CFC12 (R12) немесе HFC134a (R134a) фреонымен жұмыс істеу барысына қарағанда өзгеше. Салқындатқыш агентті құю, ауыстыру немесе тексеру алдында кондиционердің суретте көрсетілген жеріндегі тақтайшасын Сіздің автокөлігіңізде салқындатқыш агенттің қандай түрінің пайдаланылатынын анықтау үшін тексеріңіз. Қызмет көрсету мәселелері бойынша біз Сізге кеңес алу үшін SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз. Кепілдік міндеттемелер тиісті емес салқындатқыш агентті пайдалану салдарынан жүргізілген жөндеу жұмыстарына берілмейді.



1) Ауа кондиционерінің тақтайшасы.
A) Салқындатқыш агенттің атауы.
B) Сығымдауыштық майдың атауы.

Ауаны тазарту жүйесі

Сүзгілеу элементін ауыстыруды автокөлікке техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес жүзеге асырыңыз. "Техникалық қызмет көрсету кестесі" бөлімін қараңыз ☞11-3. Аталған кестені сақтау ауаны шаңнан тиімді тазартуды қамтамасыз етеді.Егер Сіздің автокөлігіңіз ауа қатты шаңданған жағдайда қолданылатын болса, онда сүзгіш элементтің жиі ауыстырылуы тиіс. Біз Сізге ауаны тазарту жүйесінің күйін тексеруді және сүзгіш элементті ауыстыруды Сіздің SUBARU дилеріңізде жүзеге асыруды ұсынамыз. Сүзгіш элементті ауыстыру кезінде біз Сізге тек SUBARU түпнұсқа ауа сүзгісі жиынтығын ғана пайдалану керектігін ескертеміз.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Төменде аталып отырған жағдайларда біз Сізге SUBARU дилеріне ауа сүзгісін ауыстыру уақыты келмесе де хабарласуды ұсынамыз.

- **Ауа өткізгіштер арқылы келетін ауа мөлшері төмендеді.**
- **Жел әйнегі аздап терлей бастайды немесе онда ылғал тамшылары пайда болады.**

ЕСКЕРТПЕ


Ауа сүзгісіне қызметтің тиісінше жүргізілмеуі ауаны кондиционерлеу, салонды және жел әйнегін жылыту жүйелерінің жұмысына әсер етуі мүмкін.

■ Салонның ауа сүзгісін ауыстыру


1. Қолғаптарға арналған бөлікті алыңыз.
   (1) Қолғаптарға арналған бөлікті ашыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Біз алдымен орталық консолді қорғау үшін қорғаушы таспамен тиісті шараларды қолдануды ұсынамыз, бұл орталық консолде қолғаптарға арналған бөлікте сызаттардың пайда болуына жол бермейді.




(2) Демпфердің тартқышын қолғаптарға арналған бөліктен ажыратыңыз.




1) Шектеуіш.


(3) Қолғаптарға арналған бөліктің екі жағындағы шектегіштерді басыңыз, содан кейін мүмкіндігінше қолғаптарға арналған бөлікті төмен қарай тартып, суырып алыңыз.



(4) Қолғаптарға арналған бөлікті көлденеңінен алып, ілгектерді шешіңіз. Осы операцияны орындау кезінде ілгектерді зақымдамау үшін сақ болыңыз.




2. Салонның ауасы сүзгісін ауа сүзгісінің корпусының ішіне шаңның түсуін болдырмау үшін төменде келтірілген рәсімдерге сәйкес алыңыз.
   (1) Оларды ажырату үшін төрт бекіткішті басыңыз, содан кейін салонның ауасының сүзгісін корпустан 1 см. баяу суырып алыңыз.
   (2) Алдыңғы жағын төмен қарай еңкейте отырып, салонның ауасының сүзгісін толығымен алыңыз.



3. Сүзу элементін жаңасына ауыстырыңыз.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Сүзгідегі сызық түріндегі белгінің ЖОҒАРЫ қаратылуы тиіс.




4. Қолғаптарға арналған бөлікті орнына салыңыз және демпфердің тартқышын жалғаңыз.
5. Қолғаптарға арналған бөлікті жабыңыз.

Антенна 5-2
Төбесіндегі антенна.....5-2

Аудиожүйе.....5-2

Антенна

■ Төбесіндегі антенна



Антенна төбенің артқы жағының ортасында орнатылған.

Аудиожүйе

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Тасымалды радиотелефонды, сондай-ақ басқа да радиотаратқыш құрылғыларды орнату алдында кеңес алу үшін SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз. Егер мұндай құрылғыларды орнату дұрыс жүргізілмесе немесе егер ол осы автокөлікке арналмаған болса, онда бұл құрылғылардың автокөліктің электрондық жүйелерінің істен шығуына себеп болуы мүмкін.**
- **Аккумуляторлық батареяның отыруын болдырмау үшін аудиовизуалдық жүйені қозғалтқыш сөндірулі болғанда қосулы күйде қалдырмаңыз.**

Егер Сіздің автокөлігіңіз SUBARU аудиожүйесімен және навигация жүйесімен жабдықталған болса, оларды пайдалану тәртібі туралы толық ақпарат алу үшін навигация жүйесін/аудиожүйені пайдалану жөніндегі жеке нұсқаулықты қараңыз.


Салонның жарықтандырылуы....6-2
Нүктелі шамдар....6-2
Салонды жарықтандыру плафоны....6-2
Жүк арту бөлігін жарықтандыру плафоны....6-3
Сөндіруді кідірту таймері....6-3
Күннен қорғайтын күңқағарлар....6-4
Күннен қорғайтын күңқағардың суырмалы панелі....6-4
Күннен қорғайтын күңқағардағы айна....6-5
Күннен қорғайтын күңқағардағы жарықтандырғышы бар айна (егер орнатылған болса)....6-5
Заттарды сақтауға және тасымалдауға арналған бөлік....6-6
Қолғаптарға арналған бөлік....6-6
Орталық консоль....6-6
Жоғарғы консоль....6-7
Стақан сауыты....6-7
Алдыңғы орындықтағы жолаушыға арналған стақан сауыты....6-7
Артқы орындықтардағы жолаушыларға арналған стақан сауыты (егер орнатылған болса) 6-8
Құты ұстағыштар....6-8
Қосымша электрлік жабдықтарын қосуға арналған розетка....6-9
Тұтатқыш (егер орнатылған болса)....6-11
USB қосқышынан қуаттау көзі (егер қарастырылған болса)....6-12
USB электрлік қуаттау қосқышын пайдалану тәртібі....6-13
Едендік кілемше (егер орнатылған болса)....6-14
Киімге арналған ілгек....6-15
Сөмкелерге арналған ілгек....6-16
Қосалқы ілгек....6-16
Жүк арту бөлігінің жылжымалы пердесі....6-17
Жылжымалы пердені пайдалану тәртібі 6-17
Перденің алдыңғы жағын орнату....6-17
Перденің алдыңғы жағын шешу....6-18
Жылжымалы пердені шешу....6-18
Жылжымалы перденің тысын сақтау....6-18
Жылжымалы перденің тысын кигізу....6-19
Жүкті бекітуге арналған ілгек....6-19
Жүкартқыштың/ жүк арту бөлігі еденінің астында орналасқан заттарды сақтауға және тасымалдауға арналған бөлік (егер қарастырылған болса)....6-20
Алдыңғы шолу мониторы (егер орнатылған болса)....6-21
Алдыңғы шолу мониторын қалай қосуға болады 6-21
Алдыңғы шолу мониторын қалау сөндіруге болады 6-22
Дисплейдің контрастынжәне жарықтығын реттеу тәртібі....6-22
Экранда көрсету ауқымы....6-22
Қосалқы сызықтар....6-23
Камераны пайдалану....6-24
(Бүйірлік шолу мониторы) (егер орнатылған болса)....6-25
Бүйірлік шолу мониторын пайдалану тәртібі....6-26
Бүйірлік шолу мониторын қалау сөндіруге болады....6-26
Дисплейдің контрастын және жарықтығын реттеу тәртібі....6-27
Экранда көрсетілетін шолу ауқымы....6-27
Қосалқы сызықтар....6-29
Камераны пайдалану....6-30

Салонның жарықтандырылуы

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Аккумуляторлық батареяның отыруына жол бермеу үшін жарықтандырғыштың сөндірілгендігіне көз жеткізіңіз.

■ Нүктелі шамдар



1) Есіктерді ашқан кезде жарықтандырғыштың қосылуын ауыстырып-қосқыш.


Нүктелі шамды қосу үшін оның ыдыратқышын басыңыз.
Оны сөндіру үшін ыдыратқышты қайта басыңыз.

▼ Автоматты түрде жарықтандыру

Егер есіктерді ашу кезінде жарықтандыруды ауыстырып-қосқыш "DOOR" күйінде тұрса, төменде көрсетілген жағдайларда нүктелі шамдар автоматты түрде қосылады.

- Жүк арту бөлігінің есігінен басқа кез келген есік ашық.
- Есіктер қашықтықтан басқару функциясының көмегімен ашылған (егер қарастырылған болса). "Қашықтықтан басқару салпыншағының көмегімен есіктерді құлыптау және ашу" бөлімін қараңыз ☞2-9.
- Есіктер автокөліктің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесінің көмегімен ашылған. "Есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі" бөлімін қараңыз ☞2-20.
- Оталдыру құлпы "ACC" күйінен "LOCK"/"OFF" күйіне ауыстырылған.

■ Салонды жарықтандыру плафоны



1) "ON" күйі.
2) "DOOR" күйі.
3) "OFF" күйі.


Салонды жарықтандыру плафонының ауыстырып-қосқышы келесі күйлерге келтірілген. **"ON" күйі.** Жарықтандыру үнемі қосылған.
"OFF" күйі. Жарықтандыру сөндірілген.
"DOOR" күйі. Салонды жарықтандыру плафоны келесі жағдайларда автоматты түрде қосылады.

- Жүк арту бөлігінің есігі немесе кез келген есік ашық.
- Есіктер немесе жүк арту бөлігінің есігі қашықтықтан басқару жүйесі арқылы ашылған (егер

қарастырылған болса). "Қашықтықтан басқару салпыншағының көмегімен есіктерді құлыптау және ашу" бөлімін қараңыз ☞2-9.

- Есіктер немесе жүк арту бөлігінің есігі есіктердің құлыптарын қашық-тықтан басқару жүйесінің көмегімен ашылған. "Есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі" бөлімін қараңыз ☞2-20.
- Оталдыру құлпы "ACC" күйінен "LOCK"/"OFF" күйіне ауыстырылған.

■ Жүк арту бөлігін жарықтандыру плафоны



Жүк арту бөлігін жарықтандыру плафоны

1) "ON" күйі.
2) "OFF" күйі.
3) "DOOR" күйі.

"ON" күйі. Жарықтандыру үнемі қосылған.
"OFF" күйі. Жарықтандыру сөндірілген.
"DOOR" күйі. Жүк арту бөлігін жарықтандыру плафоны келесі жағдайларда автоматты түрде қосылады.

- Жүк арту бөлігінің есігі ашық.
- Есіктер немесе жүк арту бөлігінің есігі есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесінің көмегімен ашылған. "Есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі" бөлімін қараңыз ☞2-20.

■ Сөндіруді кідірту таймері

Келесі шамдар автоматты түрде қосылу функциясымен жабдықталған:


- Салонды жарықтандыру плафоны
- Нүктелі шамдар
- Жүк арту бөлігін жарықтандыру плафоны

Егер салонды жарықтандыруды ауыстырып-қосқыш "DOOR" күйінде болса, жарық автоматты түрде есіктердің құлыпталуына және құлпының ашылуына, есіктердің жабылуына және ашылуына, сондай-ақ оталдыру құлпы күйінің ауысуына байланысты қосылады немесе сөнеді.

ЕСКЕРТПЕ


Нүктелі шамдарды сөндіруді кідіртудің баптауларын (сөндіруді кідірту таймері) SUBARU дилерінде өзгертуге болады. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін біз Сізге SUBARU ең жақын дилеріне хабарласуды ұсынамыз. Аспаптар комбинациясының дисплейі бар моделдерде (түрлі - түсті сұйыққристалды дисплей) баптауды аспаптар комбинациясының дисплейі (түрлі-түсті сұйыққристалды дисплей) арқылы өзгертуге болады. Қосымша ақпарат алу үшін "Vehicle Setting (Автокөліктің баптаулары)" бөлімін қараңыз ☞3-57.

Күннен қорғайтын күнқағарлар




Өткір жарықтың шағылыспауы үшін күннен қорғайтын күнқағарды төменге түсіріңіз.
Бүйірдегі терезедегі күннен қорғайтын күнқағарды пайдалану үшін оны төмен түсіріп, тиісті терезеге қарай бұрыңыз.

■ Күннен қорғайтын күнқағардың суырмалы панелі



Күннен қорғайтын күнқағарды бүйірдегі терезенің үстінде пайдаланған жағдайда күнқағардың суырмалы панелі күннен қорғайтын күнқағар мен автокөліктің ортаңғы тіреуіші арасындағы саңылауды жаба отырып, Сізді шақырайған жарықтан қорғауды қамтамасыз етеді. Күннен қорғайтын күнқағардың суырмалы панелін пайдалану үшін оны автокөліктің артқы жағына қарай тартыңыз. Сізге суырмалы панель енді қажет болмаса, оны автокөліктің алдыңғы жағына қарай басу арқылы күнқағардың ішіне қарай ығыстырып, алып тастаңыз.




⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Күннен қорғайтын күнқағар жел әйнегінің үстінде орналасқан кезде суырмалы панелді тартпаңыз. Керісінше жағдайда суырылып алынған панел Сіз үшін артқы көрініс айнасын жауып қалады.

■ Күннен қорғайтын күнқағардағы айна

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Автокөліктің қозғалысы кезінде жарықтың шағылыспауы үшін айнаның қақпағын жабық күйде ұстаңыз.




Айнаны пайдалану үшін күннен қорғайтын күнқағарды түсіріп, айнаның қақпағын көтеріңіз.

Күннен қорғайтын күнқағардағы жарықтандырғышы бар айна (егер орнатылған болса)

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Көлік қозғалысы кезінде Сізді жарықтың алаңдатпауы үшін айнаның қақпағын жабулы күйде ұстаңыз.



Айнаны пайдалану үшін күннен қорғайтын күнқағарды түсіріп, айнаның қақпағын көтеріңіз.
Айнаның жарықтандырғышы айнаның қақпағын ашқанда қосылады.

ЕСКЕРТПЕ


Орындықты жылытқышты ұзақ уақыт бойы қосу кезінде аккумулятор батареясының бәсеңдеуінің мүмкін екенін ескеру қажет.

Заттарды сақтауға және тасымалдауға арналған бөлік

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Кенеттен тежелу немесе апат кезінде жарақат алу қаупін азайту үшін қозғалыс кезінде заттарды сақтауға және тасымалдауға арналған бөлік жабық болуы тиіс.**
- **Заттарды сақтауға және тасымалдауға арналған бөлікте аэрозольды баллондарды, өртену қаупі бар заттарды немесе агрессивті сұйықтықтарды немесе басқа да қауіпті заттарды тасымалдамаңыз және сақтамаңыз.**


■ Қолғаптарға арналған бөлік



Қолғаптарға арналған бөліктің қақпағын ашу үшін оның тұтқасын өзіңізге қарай тартыңыз. Оны жабу үшін қақпақтың жоғарғы жағынан қысып, үстінен басыңыз.

■ Орталық консоль


Орталық консолде орналасқан бөлік заттарды сақтауға арналған орын болып табылады.



1) Ұсақ-түйектерге арналған суырма.
2) Аксессуарларға арналған суырма.

Консолдің жоғарғы бөлігін шынтақ тіреуіш ретінде пайдалануға болады.

■ Жоғарғы консоль



Консолді ашу үшін консоль қақпағына сәл басыңыз. Қақпағы автоматты түрде ашылады.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Қозғалыс басталар алдында жоғарыдағы консолдің жабық екендігіне көз жеткізіңіз.**
- **Сіздің автокөлігіңіз ұзақ уақыт бойы күннің астында немесе ауа райы жылы болғанда ұзақ уақыт бойы тұратын болса, жоғарыдағы консолдің ішкі жағы қызады. Сондықтан, жоғарыдағы консоль бөлігінде пластмассадан жасалған немесе тез тұтанатын заттарды (мысалы, оттықтарды), сондай - ақ жылудың әсеріне сезімтал заттарды сақтамаңыз.**

Стақан сауыты


⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Сақ болыңыз және сусындарды төгіп алмауға тырысыңыз. Ыстық сусындар Сізді және/ немесе Сіздің автокөлігіңіздің жолаушыларын күйдіруі мүмкін. Оның үстіне төгілген сұйықтықтың қаптаманы, кілемдік жабынды және аудиоаппаратураны зақымдауы мүмкін.

■ Алдыңғы орындықтағы жолаушыға арналған стақан сауыты

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Жүргізушінің өз бетімен автокөлікті басқарып келе жатқанда стақан сауытынан стақанды алмауы немесе оны стақан сауытына салмауы керек. Бұл жүргізушінің назарын алаңдатып, апатқа әкелуі мүмкін.



Қосарланған стақан сауыты консолге кіріктіріп орнатылған.


ЕСКЕРТПЕ

- **Алдыңғы орындықтағы жолаушыға арналған стақан сауытының пішіні моделдерге байланысты сәл өзгеше болуы мүмкін.**
- **Қалқаны алынып тасталған кезде стақан сауытын заттарды сақтауға арналған бөлік ретінде пайдалануға болады.**

■ Артқы орындықтардағы жолаушыларға арналған стақан сауыты (егер орнатылған болса)

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Егер артқы орындықтардың жолаушыларына арналған стақан сауытында сусын болса, артқы орындықтың арқасын бүктемеңіз. Әйтпесе сусынның төгіліп қалуы мүмкін. Егер сусын ыстық болса, оның Сізді және/ немесе Сіздің автокөлігіңіздің жолаушыларын күйдіруі мүмкін.




Стақанның қосарланған сауыты консолге кіріктіріп орнатылған.

Құты ұстағыштар


⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Жүргізушінің өз бетімен автокөлікті басқарып келе жатқанда құты ұстауыштан құтыны алмауы немесе оны құты ұстауышқа салмауы керек. Бұл жүргізушінің назарын алаңдатып, апатқа әкелуі мүмкін.**
- **Егер Сіз құты ұстауышқа сусыны бар құтыны салсаңыз, құтының қақпақпен жабылғанына көз жеткізіңіз. Керісінше жағдайда есікті ашу/ жабу кезінде, сондай-ақ қозғалыс барысында сусынның төгілуі мүмкін. Егер сусын ыстық болса, оның Сізді және/ немесе Сіздің автокөлігіңіздің жолаушыларын күйдіруі мүмкін.**




Әрбір есіктің ішкі әрлемесінде орнатылған құты ұстағыштарды сусындары бар құтыларды және басқа да заттарды сақтау үшін қолдануға болады.


Қосымша электрлік жабдықтарын қосуға арналған розетка



Климат-бақылау жүйесін басқару панелі астындағы розетка



Орталық консолдегі розетка




Жүк арту бөлігіндегі розетка

Егер оталдыру құлпы "ACC" немесе "ON" күйіне орнатылса, онда аккумуляторлық батареядан қосымша электрлік жабдықтарды қосуға арналған розеткаларға 12В тұрақты тоқ кернеуі беріледі.
Сіз бұл розеткаларға әртүрлі электрлік жабдықтарды қоса аласыз.
Розеткаларға қосылатын электрлік жабдықтардың ең жоғарғы рұқсатты қуаты 120 Вт құрайды.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Қосымша электрлік жабдықтарды қосуға арналған розеткаларды тұтатқышқа арналған ұяшық ретінде пайдаланбаңыз.**
- **Қосымша электрлік жабдықтарды қосуға арналған розеткаға қандай да бір бөтен заттардың, әсіресе, монета немесе алюминий фольга сияқты металл заттардың түсуіне жол бермеңіз. Бұл қысқа тұйықталуды тудыруы мүмкін. Розетка пайдаланылмаса, оны үнемі қалпақшамен жабыңыз.**
- **Кернеуі 12В болатын тұрақты тоқ желісінде жұмыс істеуге арналған электрлік жабдықтарды ғана пайдалануға рұқсат етіледі.**

  Розеткаларға қосылатын электрлік жабдықтардың ең жоғарғы рұқсатты қуаты 120 Вт құрайды. Қуаты әрбір розетка үшін белгіленген шектен асатын электрлік жабдықтарды пайдаланбаңыз.
- **Екі розеткаға қатарынан электрлік жабдықтар қосылатын болса, олардың жалпы тұтынатын қуатының 120 Вт артық болмауы керек. Розеткалардың шамадан тыс жүктелуінің қысқа тұйықталуға әкелуі мүмкін. Бейімдеуіштер мен таратқыштарды пайдаланбаңыз және бір розеткаға бірнеше электрлік жабдықты қоспаңыз.**
- **Егер қосылатын электрлік жабдықтың ашасы розеткаға өте бос немесе өте тығыз салынатын болса, онда бұл байланыстың осал болуына немесе ұяшықтың розеткада кептеліп қалуына соқтырады. Розеткаға қосу үшін сәйкестігі жақсы ашаларды ғана пайдаланыңыз.**
- **Электрлік аспаптар электрлік жабдықтарды қосуға арналған розеткаға ұзақ уақыт бойы қосулы болған кезде аккумулятор батареясының отыруының мүмкін екендігін ескеру қажет.**
- **Қозғалыс басталмас бұрын қосылатын электрлік жабдықтың ашасы мен баусымының берілісті ауыстырып қосу кезінде, сондай-ақ акселератор мен тежегіштің басқышын басқан кезде кедергі жасамайтынына көз жеткізіңіз. Керісінше жағдайда қозғалыс барысында мұндай электрлік жабдықты пайдаланбаңыз.**



ЕСКЕРТПЕ

Орталық консолдің қақпағы жабық болғанда орталық консоль мен қақпақтың арасында орталық консолдегі қосымша электрлік жабдықты қосуға арналған розетканы пайдалануға мүмкіндік беретін ойық қалады. Электрлік жабдықтың сымын осы ойық арқылы өткізіңіз.

■ Тұтатқыш (егер орнатылған болса)

Қосымша электрлік жабдықтарды қосуға арналған розетканың орнына тұтатқыштың орнатылуы мүмкін. Сіздің тұтатқышты Сіздің SUBARU дилерінен алуыңызға болады. Тұтатқыштар оталдыру құлпы "ACC" немесе "ON" күйінде болғанда ғана жұмыс істейді. Тұтатқыштарды пайдалану үшін оның тұтқасын басып, бірнеше секунд күтіңіз. Ол жұмысқа дайын болған кезде өзіне тән сырт еткен сипатпен бастапқы күйіне оралады.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Күйіктен аулақ болу үшін ешқашан тұтатқышты қыздыру элементі орналасқан жағынан ұстамаңыз. Керісінше жағдайда Сіздің жарақат алуыңыз, ал қыздыру элементі істен шығуы мүмкін.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Тұтатқышты қызғаннан кейін ұяшықта ұстамаңыз, себебі бұл тұтатқыштың шамадан тыс қызуына әкеледі.**
- **Розеткаға түпнұсқа болып табылмайтын тұтатқыштарды салмаңыз. Керісінше жағдайда мұның қысқа тұйықталу мен қызып кетудің себебі болуы мүмкін, ал бұл өз кезегінде өртке әкелуі ықтимал.**
- **Егер розетка әдетте ұялы телефон сияқты розеткаға тікелей қосылатын электрлік жабдықтарды қуаттау үшін қолданылатын болса, бұл электрлік жабдықтардың ашаларының розетканың ішкі механизмдерін зақымдауы мүмкін, ал бұл өз кезегінде тұтандырғыштың қыздыру элементі қызғаннан кейін оның розеткадан "ытқып шығуына" соқтырады. Осыған байланысты тұтандырғышты бір рет болса да аталған электрлік жабдықты қосу үшін қолданылған розеткаға салмаңыз. Керісінше жағдайда мұның тұтатқыштың ұстасып қалуы және қызып кетуі мүмкін, ал бұл өрттің пайда болуының ықтимал қаупін тудырады.**

USB қосқышынан қуаттау көзі (егер қарастырылған болса)

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ


- Қолданылатын USB қосқышының техникалық сипаттамалары A түріне сәйкес келеді. Егер техникалық сипаттамалары басқа жалғауыш қосылған болса, электрлік қуаттау немесе қуаттау мүмкін емес немесе құрылғыда ақаудың болуы мүмкін.
- Жабдықтардың жарамсыздығына немесе деректердің бұзылуына ешқандай кепілдік берілмейді. Құрылғыны қосудың Сіздің жауапкершілігіңізбен орындалуы керек.
- Электрлік тоққа түсіп қалмау үшін немесе жарамсыздыққа жол бермеу үшін келесі сақтық шараларын ұстаныңыз.
  - USB концентраторын қоспаңыз.
  - USB жалғауышына ешқандай метал немесе басқа да бөтен заттарды салмаңыз.
  - USB жалғауышына сұйықтықтарды немесе суды төкпеңіз.
- Шоғырсымды жалғағанда жалғанған шоғырсымды аяқпен іліп, суырып алмауға назар аударыңыз. Керісінше жағдайда оның Сізге құлау кезінде жарақат келтіруі немесе жалғанған құрылғыда ақаудың пайда болуына себеп болуы мүмкін.
- Егер жабдық қозғалтқыш ажыратылған кезде ұзақ уақыт бойы жарықтандыратын құралдарды пайдаланудың аккумуляторлық батареяның отыруына әкелуі мүмкін. Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда да, біз қажет болмаған жағдайда жабдықты қоспауға кеңес береміз.
- Жарамсыз құрылғыны қоспаңыз. Бұл түтін мен өрт қаупін тудыруы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ


- Әрбір USB қосқышының номиналды кернеуі 5 В құрайды. Максималды қуаттылықтың мәні бойынша неғұрлым толық ақпарат алу үшін "USB электрлік қуат жалғауышын пайдалану тәртібі" бөлімін қараңыз☞6-13. Құрылғыны қосу алдында міндетті түрде құрылғыны пайдалану нұсқаулығын оқыңыз және құрылғының қуаттық параметрлерінің оған сәйкестігін тексеріңіз. Егер электрлік қуаттауды талап ететін құрылғы қуаттың максималды параметрлерінен артық болса, электрлік қуаттаудың немесе қуаттаудың мүмкін болмауы ықтимал. Қуаттау мүмкін болған жағдайда да қуаттау үшін талап етілетін уақыттың түпнұсқа қуаттау құрылғысын пайдаланғандағы уақыттан артық болуы мүмкін.
- Құрылғыға байланысты қуаттаудың арнайы шоғырсымды пайдаланғанда ғана орындалуы мүмкін. Мұндай жағдайда құрылғыны міндетті түрде арнайы шоғырсым арқылы жалғаңыз.
- Егер ДК байланысты құрылғы қосылған болса, электрлік қуаттаудың немесе қуаттаудың мүмкін болмауы ықтимал.

- **Егер құрылғы қуаттау үшін қосылған болса, қуаттау аяқталғаннан кейін құрылғыны бірден ажыратыңыз.**

■ USB электрлік қуаттау қосқышын пайдалану тәртібі



Алдыңғы орындыққа арналған USB электрлік қуаттау қосқышы (аудиоқұрылғыларды жалғауға және пайдалануға болады)




Консолге арналған USB электрлік қуат қосқышы (тек электрлік қуаттау функциясы) (егер орнатылған болса)

Егер оталдыру құлпы "ACC" немесе "ON" күйінде болса, ал USB жалғауышына USB электрондық құрылғысы қосылған болса, құрылғыға 5В тұрақты тоқ кернеуінің электрлік қуатын беруге болады. Электрондық құрылғыны пайдалану немесе қуаттау үшін USB жалғауышын пайдаланыңыз. Пайдалану үшін USB электрлік қуаттау қосқышының қақпағын ашыңыз. Пайдаланғаннан кейін USB электрлік қуаттау қосқышының қақпағын жабыңыз.


ЕСКЕРТПЕ

Максималды қуат қосқыштардың санына байланысты өзгереді.

USB қосқыштарының саны	Максималды қуаты
	**5 В/1 А тұрақты тоқ**
	**5 В/2,1 А тұрақты тоқ***

* Екі USB қосқышының максималды тоқ күші 4,2 А құрайды.

Едендік кілемше (егер орнатылған болса)




⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Егер автокөліктің қозғалысы барысында еденге төселетін кілемше алға қарай жылжып, басқыштың қозғалуына кедергі келтірсе, бұл апатқа әкелуі мүмкін. Еденге төселетін кілемшенің алға қарай жылжып кетпеуі үшін мынадай сақтық шараларын сақтаңыз.


- **Міндетті түрде SUBARU түпнұсқа еденге төселетін кілемшелерін немесе тиісті жерлерде сақиналар қарастырылған балама түрлерін пайдаланыңыз.**
- **Жүргізуші жағынан еденге төселетін кілемшенің қажетті жағдайда бекіткіш ілмектерге дұрыс бекітілгеніне көз жеткізіңіз.**
- **Біреуден артық еденге төселетін кілемшені пайдаланбаңыз.**

- Сол жақтан басқарылатын моделдер



Жүргізуші жақтан еденде бекіткіш ілгектер орналасқан.
Еденге төселетін кілемшенің жүргізуші жақтан оған кіріктіріліп орнатылған сақиналардың көмегімен мұқият бекітілуі тиіс. Еденге төселетін кілемшені бекіту үшін осы сақиналарды ілгектерге кигізіп, оларды төмен қарай басыңыз.


- Оң жақтан басқарылатын моделдер




1) Алдымен төлкектерді бекіткішке орнатыңыз да, оларды төмен қарай басыңыз.
2) Содан кейін бекіткіштерді еденге төселетін кілемшені бекіту үшін 90 градусқа бұрыңыз.

Жүргізуші жақтан еденде бекіткіштер орналасқан.
Еденге төселетін кілемшенің суреттерде көрсетілгендей, кіріктіріп орнатылған төлкектердің көмегімен мұқият бекітулі керек.

Киімге арналған ілгек



Киімге арналған ілгектер артқы орындықтағы жолаушыларға арналған жоғарыдағы тұтқада қарастырылған.



⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Келесі нұсқаулықтарды сақтаңыз.

- **Киімге арналған ілгектерге киім ілгіштерді немесе өзге де қатты заттарды, болмаса жиегі өткір заттарды ілмеңіз. Киімдерді киімге арналған ілгектерге тікелей іліңіз; киім ілгіштерді пайдаланбаңыз.**
- **Киімге арналған ілгектерге киімдерді ілер алдында оның қалтасында өткір заттардың жоқ екеніне көз жеткізіңіз.**

Бұл нұсқаулықтар сақталмаған жағдайда кенеттен тежелгенде соқтығысқан жағдайда, мынадай жағдайлардың орын алуы мүмкін:

- **Салонға лақтырылған заттардан ауыр жарақаттар;**
- **қауіпсіздік жастықтары-перделерінің дұрыс ашылмауы (қауіпсіздік жастықтары-перделері бар моделдер үшін).**


⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Киімге арналған ілгектерге жүргізушінің шолуын шектейтін немесе кенеттен тежелу немесе соқтығысу кезінде жолаушыларға жарақат тигізуі ықтимал заттарды ілмеңіз.

Сөмкелерге арналған ілгек

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Сонымен қатар сөмкелерге арналған ілгекке ілінген заттардың салмағының 3 келіден аспауы тиіс.




Сөмкелерге арналған ілгектер жүк арту бөлігінің екі жағында орналасқан.

Қосалқы ілгек

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Киімге арналған ілгекке ілінген заттардың салмағының 3 келіден аспауы тиіс. Пайдалану жағдайларына байланысты (мысалы, төмен температураларда және т.б.) жүк арту бөлігінің есігінің температура төмен болғанда да төмен түсірілуі мүмкін. Алайда, бұл ақау болып табылмайды. Бастың немесе дененің басқа бөліктерінің соққы алмау үшін сақ болыңыз.**
- **Қосалқы тұтқаны пайдаланған кезде жүк арту бөлігінің есігін жабуға тырыспаңыз. Бұл тұтқаға ілініп тұрған заттардың жүк арту бөлігінің есігіне қысылып қалуына және олардың зақымдануына әкелуі мүмкін. Жүк арту бөлігінің есігін жабу алдында тұтқада ілулі тұрған заттардың барлығын алып тастаңыз.**




Қосалқы ілгек жүк арту бөлігі есігінің ішкі әрлемесінде орнатылған. Жүк арту бөлігінің есігі ашық болса, Сіз тұтқаға жарықшам, дымқыл киім және т. б. іле аласыз.

Жүк арту бөлігінің жылжымалы пердесі

Жүк арту бөлігінің жылжымалы пердесі жүк арту бөлігін жабуға да, тасымалданатын жүкті күннің көзінен қорғауға да арналған. Жылжымалы пердені шешіп алуға болады, бұл жүкті тасымалдау үшін қосымша орынның пайда болуын қамтамасыз етеді.

■ Жылжымалы пердені пайдалану тәртібі



Жылжымалы пердені орнату үшін оны тысынан толық тартып шығарыңыз да, оның қалпын суретте көрсетілгендей ілгектермен бекітіңіз. Жылжымалы пердені орау үшін ілгектерді ажыратыңыз, содан кейін перде автоматты түрде тысына қарай тартылады.
Орау кезінде пердені оның қозғалысын бағыттай отырып ұстап тұру керек.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Жүк арту бөлігінің жылжымалы пердесіне ешқандай заттарды қоймаңыз. Аса ауыр заттардың жылжымалы пердені зақымдауы мүмкін, ал кенеттен тежелу немесе соқтығысу кезінде күшпен лақтырылатын болады. Бұл ауыр жарақаттарға әкелуі мүмкін.


⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Пердені тарту немесе орау барысында жүк арту бөлігінің есігінің тіреуішінің сызылып қалмауы үшін сақ болыңыз. Тіректердегі сызаттардың тіректерден газдың шығуына алып келуі мүмкін, нәтижесінде олар жүк арту бөлігінің есігін ашық күйде бекіте алмайды.

■ Перденің алдыңғы жағын орнату

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Артқы орындықтың арқасын еңкейту тетігі бар моделдерде пердені зақымдамау үшін алдыңғы жағын жылжытыңыз.



1. Пердені орнына бекіту алдында перденің алдыңғы бөлігінің оң жағын үшбұрышты белгімен біріктіріңіз.
2. Пердені орнына бекіту алдында перденің алдыңғы бөлігінің оң жағын үшбұрышты белгімен біріктіріңіз.
3. Қажет болғанда оның ұзындығын реттеу үшін перденің алдыңғы жағын оңға қарай басыңыз.


- ЖАЛҒАСЫ –

■ Перденің алдыңғы жағын шешу

1. Оның ұзындығын азайту үшін перденің алдыңғы жағын оңға қарай басыңыз.
2. Перденің алдыңғы жағын шешіңіз.

■ Жылжымалы пердені шешу


1. Пердені ораңыз.




2. Оның ұзындығын азайту үшін тақтайшасын оңға қарай басыңыз.
3. Тысын бекіткіштерден шығарып алыңыз.

■ Жылжымалы перденің тысын сақтау

Жылжымалы пердешенің тысын жүк арту бөлігінің еденінің астында сақтауға болады.




1. Жүк арту бөлігінің еденінің ортаңғы бөлігін ашу үшін белдігінен тартыңыз, содан кейін қақпақты алып тастаңыз.
2. Жүк арту бөлігі еденінің қақпағының сол және оң жақ бөліктерін алып тастаңыз.




3. Жылжымалы перденің тысын жүк арту бөлігінің артқы шетіне салып қойыңыз.

■ Жылжымалы перденің тысын кигізу




1. Тысының оң жағындағы шығыңқы жерді бекіткіштің кетігіне салыңыз.



2. Оның ұзындығын азайту үшін перденің корпусын оңға қарай басыңыз.
3. Басқа шығыңқы жерді басқа бекіткіштің кетігіне салыңыз.

Жүкті бекітуге арналған ілгек



Сіздің автокөлігіңіздіңжүкарту бөлігіндетасымалданатынжүктердібекітугеарналғанбекіткішторлардынемесеарқандардыбекітугеарналғанбірнешеілмектербар.
Алдыңғы бекіту ілгектерін пайдалану үшін оларды қуыстан ілгекті төмен қарай бұра отырып шығарыңыз.


⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Жүкті бекітуге арналған ілгектер тек жеңіл жүктердің қалпын бекітуге арналған. Егер бекітілетін жүктің салмағы ең жоғарғы рұқсат етілген мөлшерден асып кетсе, бұл ілгектерді қолданбаңыз. Әрбір ілгекке ілінетін заттардың салмағыны 20 келіден аспауы тиіс.

Жүкартқыштың/ жүк арту бөлігі еденінің астында орналасқан заттарды сақтауға және тасымалдауға арналған бөлік (егер қарастырылған болса)

ЕСКЕРТПЕ

Заттарды сақтауға және тасымалдауға арналған бөліктің пішінінің моделге байланысты ерекшеленуі мүмкін.




Жүкартқыштың/ жүк арту бөлігі еденінің астында орналасқан заттарды сақтауға және тасымалдауға арналған бөліктің шағын заттарды тасымалдау үшін қолданылуы мүмкін. Жүк арту бөлігі еденінің ортаңғы бөлігін ашу үшін белдігінен тартыңыз, содан кейін қақпақты алып тастаңыз.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Кенеттен тежелу немесе апат кезінде жарақат алу қаупін азайту үшін қозғалыс кезінде заттарды сақтауға және тасымалдауға арналған бөліктің қақпағы жабық болуы тиіс.**
- **Заттарды сақтауға және тасымалдауға арналған бөлікте аэрозольды баллондарды, өртену қаупі бар заттарды немесе агрессивті сұйықтықтарды немесе басқа да қауіпті заттарды тасымалдамаңыз және сақтамаңыз.**

Алдыңғы шолу мониторы (егер орнатылған болса)




Радиатор торының ішінде орнатылған камераның суреті көпфункциялы дисплейге (түрлі-түсті сұйықкристалды дисплей) шығарылады. Бұл көрінбейтін жерлерді жояды және жүргізушіге екі жағынан да автокөліктің алдындағы аумақты бақылау мүмкіндігін береді.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Автокөлікті жүргізу барысында ешқашан алдыңғы шолу мониторына ғана сүйенбеңіз. Монитордың экранындағы сурет нақты жағдайдан өзгеше болуы мүмкін. Егер Сіз автокөлікті монитордағы суретке ғана қарап жүргізетін болсаңыз, соқтығысып қалу немесе апаттың орын алуы мүмкін. Автокөлікті жүргізу кезінде автокөлік айналасындағы жол жағдайын тікелей өз көзіңізбен және айналар арқылы міндетті түрде тексеріңіз.**
- **Автокөлікті үнемі ол алдыңғы шолу камерасымен жабдықталмағандай жүргізіңіз.**
- **Төменде көрсетілген жағдайларда алдыңғы шолу мониторын пайдаланбаңыз.**
  - **Сіз сазды жолмен немесе қар басқан жолмен жүресіз.**
  - **Камера ақаулы (мысалы, объектив немесе кронштейн сынған).**
- **Сыртқы ауаның температурасы төмен болған кезде монитор экранының қарайып кетуі немесе күңгірттелуі мүмкін. Атап айтқанда, жылжымалы заттың суретінің деформациялануы немесе экраннан жоғалуы мүмкін. Автокөлікті жүргізу кезінде Сіздің міндетті түрде автокөліктің маңындағы жол жағдайын тікелей өз көзіңізбен тексеруіңіз керек.**

■ Алдыңғы шолу мониторын қалай қосуға болады



1) "VIEW" түймесі

Суретті камерадан көрсету экранына ауыстырып қосу үшін келесі әрекеттердің бірін оталдыру құлпы "ACC" немесе "ON" күйінде болғанда орындаңыз.
- "VIEW" түймесін басыңыз.
- Селектордың иінтірегін "R" күйінен "D" күйіне бұрыңыз.

■ Алдыңғы шолу мониторын қалай сөндіруге болады

▼ Қолша сөндіру

"VIEW" түймесін қайта басыңыз.

▼ Автоматты түрде сөндіру

Төменде көрсетіліп отырған шарттардың кез келгені орындалғанда, алдыңғы шолу мониторы автоматты түрде сөнеді.

Егер алдыңғы шолу мониторын басқару "VIEW" түймесі арқылы жүзеге асырылса:
- Соңғы операциядан кейін шамамен 3 минут өтті.
- Автокөліктің жылдамдығы 20 ш./сағ. немесе одан да жоғарығажетті*.
- Селектор иінтірегі "P" қалпына ауыстырылған.
- Тұрақ тежегіші қосылған.

* Алдыңғы шолу мониторын автокөліктің жылдамдығына қарамастан "VIEW" түймесін басу арқылы қосуға болады.


Егер алдыңғы шолу мониторын басқару селектор иінтірегін бұру арқылы жүзеге асырылса:
- Селектор иінтірегін "P" қалпына орнатыңыз.
- Автокөліктің жылдамдығы 8 ш./ сағ. немесе одан да жоғарыны құрайды*.
- Соңғы операциядан кейін шамамен 9 минут өтті.
- Тұрақтық тежегіші қосулы.

* Егер алдыңғы шолу мониторы 20 ш./сағ. жылдамдықта қосылған болса, алдыңғы шолу мониторын сөндіру үшін автокөліктің жылдамдығын 20 ш./сағ. төмендету қажет, содан кейін 20 ш./сағ. арттыру қажет.

■ Дисплейдің контрастын және жарықтығын реттеу тәртібі

Бүйірлік шолу мониторы дисплейінің контрасты мен жарықтығын реттеуге болады. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін "Камераларды баптау" бөлімін қараңыз☞3-86.

■ Экранда көрсету ауқымы



A) Нашар көрінетін жағдайдағы тығыз қозғалыс.
B) Бетін қабырғаға қаратып тұрақтату.
1) Көрсетілетін суреттің ауқымы.

2) Кедергілер (мысалы, ғимараттар, қоршаулар немесе басқа автокөліктер).

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Камерадан алынатын шолу ауқымы шектеулі болғандықтан, көлік жүргізу кезінде міндетті түрде автокөліктің айналасындағы жол жағдайын көзіңізбен тексеріңіз.

ЕСКЕРТПЕ


- **Экранда көрсетілген шолу ауқымының автокөліктің күйіне және жолдың бетіне байланысты өзгеше болуы мүмкін.**
- **Алдыңғы шолу мониторы жүйесінің арнайы әзірленген объективті пайдаланатындығына байланысты, қашықтықтың бейнеленген шамасы мен нақты қашықтықты сезінуден өзгеше болуы мүмкін.**
- **Төменде аталған жағдайларда камераның суреті нашар көрінетін болады. Бұл ақау болып табылмайды.**
  - **– Қараңғы жер (түнде).**
  - **– Объектив маңындағы жоғары немесе төментемпература.**
  - **– Объективге су тиген немесе ылғалдылық жоғары (жауынды ауа райы).**
  - **– Камера жанындағы бөтен заттар (мысалы, саз).**
  - **– Күн немесе шамдардың сәулелері камераның объективіне тікелей түседі.**
- **Жасанды жарықтандыру кезінде, мысалы, флюоресцентті шамдармен, натрийлі немесе сынапты шамдармен, жарықтандырылған аумақтың жарқырауы (жарқырау әсері) мүмкін.**
- **Егер дисплей суыса, ондағы суреттің із қалдыруы немесе әдеттегіден қараңғылануы мүмкін, бұл көру кезінде қиындықтар тудырады. Автокөлікті жүргізу кезінде автокөлік айналасындағы жол жағдайын көзбен міндетті түрде тексеріңіз.**
- **Төменде аталған жағдайлар ақау ретінде қарастырылмауы тиіс.**

– Камераның объективі жауынды күні ылғалдылық жоғары болғанда буланады.


– Алдында тұрған автокөліктің немесе ғимараттың жарығының түнде жүргенде камераға шағылысуы мүмкін.

– Қараңғы жерде немесе түнде қараңғы жермен жүргенде кедергілердің аз көрінуі үшін камераны реттеуге болады. Тиісінше, суреттіңмонохромды көрінуі мүмкін немесе суреттің түстерінің нақты түстерден өзгеше болуы ықтимал. Камерадан көрсетілетін суреттің қанықтығы суреттің ортасында және экранның төрт бұрышында нашарлауы мүмкін. Бұл ақау болып табылмайды.

■ Қосалқы сызықтар



Сол жақтан басқарылатын моделдер



Оң жақтан басқарылатын моделдер
1) Қосалқы сызықтар.
2) Ескерту хабарламасы.

Мониторда Сіздің автокөлігіңіздің ені мен алдыңғы шетін білдіретін қосалқы сызықтар көрсетіледі.

■ Камераны пайдалану

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ


Келесі нұсқаулықтарды сақтаңыз. Керісінше жағдайда жүйенің жарамсыз болуы мүмкін.

- **Камераға қатты соққы жасамаңыз, атап айтқанда, оны тарсылдатпаңыз және оны басқа заттармен ұрмаңыз. Орнату бұрышының өзгеруі мүмкін.**
- **Камера блогының су өткізбейтін конструкциясы бар. Блокты алып тастауға, бөлшектеуге немесе түрлендіруге тырыспаңыз.**
- **Камераның бетін қатты ысқыламаңыз және қатты щөткемен немесе абразивті құраммен сүртпеңіз. Объективтің сызылып қалуы мүмкін, ал бұл суреттің сапасының нашарлауына әкеледі.**
- **Камераның объективі шыныдан немесе пластиктен жасалған. Кез келген органикалық еріткіштердің, шанаққа арналған балауыз құрамының, май қабатының немесе шыныға арналған көмкеру қабаттарының объективтің бетіне түсуіне жол бермеңіз. Тиген жағдайда тез арада сүртіп тастаңыз.**
- **Камераның объективін температураның ешқандай күрт өзгерісіне ұшыратпаңыз, мысалы, оған суық ауа райында ыстық суды шашыратпаңыз.**
- **Автокөлікті жуу кезінде жоғары қысымды суды бүріккішті камераға немесе қоршаған маңайға бағыттамаңыз. Жоғары қысымды су ағынының соққысы камераның шығып кетуіне әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, судың камераның ішіне кіріп, ақаудың себебі болуы мүмкін.**
- **Егер камера қатты соққыға ұшыраса, бұл камераның ақаулығына әкелуі мүмкін. Мүмкіндік пайда бола салысымен Сіздің SUBARU дилеріңізде камераны тексеруді жүргізіңіз.**
- **Ешқандай жағдайда бумен тазартқышты пайдаланбаңыз. Бумен тазартқыштардың кейбір түрлері ыстық бу шығарады.**
- **Камераның беті ұшатын тастармен зақымдануы мүмкін.**


ЕСКЕРТПЕ

Камераның объективі ластанған жағдайда суреттің айқындығы жоғалады. Егер камера су тамшыларымен, қармен немесе балшықпен ластанған болса, оны сумен жуып, кез - келген ылғалды жұмсақ шүберекпен сүртіңіз. Қатты ластанған жағдайда бейтарап жуу құралымен жуыңыз.

(Бүйірлік шолу мониторы) (егер орнатылған болса)



Сол жақтан басқарылатын моделдер



Оң жақтан басқарылатын моделдер

1) Камера.

Сол жақтағы немесе оң жақтағы айнаның төменгі жағында орналастырылған камераның суреті көпфункциялы дисплейге беріледі. Бұл көрінбейтін аймақтарды жояды және жүргізушіге алдыңғы орындықтағы жолаушы жақтағы алдыңғы маңайды бақылау мүмкіндігін береді.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Қозғалыс кезінде алдыңғы және оң жақтағы/ сол жақтағы қауіпсіздікті міндетті түрде өз көзіңізбен тексеріңіз.**

- **Экрандағы адамның немесе объектінің бейнесі камерадағы қалпы мен қашықтығы іс жүзіндегіден өзгеше болады, бұл камераның сипаттамасына байланысты.**
- **Бүйірлік шолу мониторы жүйесіне шамадан тыс сенім артпаңыз. Автокөлікті бүйірлік шолу камерасы болмаған кездегідей ұқыпты жүргізіңіз.**
- **Автокөліктің қозғалысы барысында ешқашан тек бүйірлік шолу мониторына ғана сенім артпаңыз. Монитор экранындағы суреттің нақты жағдайдан өзгеше болуы мүмкін. Егер Сіз автокөлікті тек қана монитордың суретіне қарап жүргізсеңіз, соқтығысып қалудың немесе апаттың орын алуы мүмкін. Автокөлікті жүргізу барысында автокөлік айналасындағы қауіпсіздікті тікелей өз көзіңізбен және айналар арқылы тексеріңіз.**
- **Төменде көрсетілген жағдайларда бүйірлік шолу мониторын пайдаланбаңыз.**


  - Сыртқы айналар жинаулы.

- ЖАЛҒАСЫ –

- **Алдыңғы орындықтың жолаушысы жақтағы есігі толық жабылмаған.**

- **Сыртқы ауаның температурасы төмен болған кезде монитор экранының қарайып кетуі немесе күңгірттелуі мүмкін. Атап айтқанда, жылжымалы заттың суреті деформациялануы немесе экраннан жоғалуы мүмкін. Автокөлікті жүргізу кезінде Сіз міндетті түрде автокөліктің айналасындағы қауіпсіздікті тікелей өз көзіңізбен тексеруіңіз қажет.**

■ Бүйірлік шолу мониторын пайдалану тәртібі



1) "VIEW" түймесі

Егер оталдыру құлпы "ON" күйінде болса, камера экранына ауыстырып қосу үшін төменде көрсетілген операцияларды орындаңыз.

- "VIEW" түймесін басыңыз.*1
- Артқы жүріспен қозғалу берілісін ауыстырып қосу кезінде функцияның іске қосылуы қосулы болса, селектор иінтірегін "R" күйіне ауыстырыңыз. *2

*1 Егер көпфункциялы дисплейде негізгі экраннан өзгеше экран көрсетілсе, камераның суретіне ауыстырып қосу мүмкін болмайды.

*2 Артқы жүріспен қозғалу берілісін ауыстырып қосу кезінде функцияның қосылуы немесе сөндірілуі мүмкін. "Камераны ауыстырып қосуды баптау" бөлімін қараңыз ☞3-87.

■ Бүйірлік шолу мониторын қалай сөндіруге болады

▼ Егер бүйірлік шолу мониторы "SVM/ENTER" түймесі арқылы қосылған болса

▽ Бүйірлік шолу мониторын қолша сөндіру

"VIEW" түймесін қайта басыңыз.

▽ Бүйірлік шолу мониторын автоматты түрде сөндіру

Төменде көрсетіліп отырған шарттардың кез келгені орындалғанда, бүйірлік шолу мониторы автоматты түрде сөнеді.

- Соңғы операциядан кейін шамамен 3 минут өтті.
- Автокөліктің жылдамдығы 20 ш./ сағ. немесе одан да жоғарыны құрайды.
- Селектор иінтірегі "P" қалпына ауыстырылған.
- Тұрақ тежегіші қосылған.

*: Бүйірлік шолу мониторын автокөліктің жылдамдығына қарамастан "VIEW" түймесін басу арқылы қосуға болады.

▼ Егер сурет артқа жүру берілісін қосу кезінде іске қосылатын функция арқылы қосылған болса

▽ Бүйірлік шолу мониторын қолша сөндіру

"VIEW" түймесін қайта басыңыз.

▽ Бүйірлік шолу мониторын автоматты түрде сөндіру


Төменде көрсетіліп отырған шарттардың кез келгені орындалғанда, бүйірлік шолу мониторы автоматты түрде сөнеді.

- Тұрақ тежегіші қосылған.
- Автокөліктің жылдамдығы 8 ш./ сағ. немесе одан да жоғары.
- Селектордың иінтірегі "R" күйінен "P" күйіне ауыстырылған.
- Селектор иінтірегін "R" күйінен "P" күйінен басқа күйге ауыстырған сәттен бастап шамамен 9 секунд өтті.


■ Дисплейдің контрастын және жарықтығын реттеу тәртібі

Бүйірлік шолу мониторы дисплейінің контрасты мен жарықтығын реттеуге болады. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін "Камераларды баптау" бөлімін қараңыз☞3-86.

■ Экранда көрсетілетін шолу ауқымы



Экранда көрсетілетін шолу ауқымы (сол жақтан басқарылатын моделдер)



Экранда көрсетілетін шолу ауқымы (оң жақтан басқарылатын моделдер)


⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Камерадан алынатын шолу ауқымы шектеулі болғандықтан, көлік жүргізу кезінде міндетті түрде автокөліктің айналасындағы қауіпсіздікті тексеріңіз.


ЕСКЕРТПЕ

- **Экранда көрсетілген шолу ауқымы автокөліктің күйіне және жолдың бетіне байланысты өзгеше болуы мүмкін.**
- **Бүйірлік шолу мониторы жүйесінің арнайы әзірленген объективті пайдаланатындығына байланысты, суреттегі қашықтықтың нақты қашықтықты сезінуден өзгеше болуы мүмкін.**
- **Төменде аталған жағдайларда камераның суреті нашар көрінетін болады. Бұл ақау болып табылмайды.**
  - **Қараңғы жер (түнде).**
  - **Объектив маңындағы өте жоғары немесе төментемпература.**
  - **Объективке су тиюі немесе жоғары ылғалдылық (жауынды ауа райы).**
  - **Камера маңында бөтен заттар (мысалы, балшық).**
  - **Күн немесе шамдардың сәулелері камераның объективіне тікелей түседі.**
- **Жасанды жарықтандыру кезінде, мысалы, флюоресцентті шамдармен, натрийлі немесе сынапты шамдармен, жарықтандырылған аумақтың жарқырауы (жарқырау әсері) мүмкін.**
- **Егер дисплей суыса, ондағы суреттің із қалдыруы немесе әдеттегіден қараңғылануы мүмкін, бұл көру кезінде қиындықтар тудырады. Автокөлікті жүргізу кезінде автокөлік айналасындағы қауіпсіздікті көзбен міндетті түрде тексеріңіз.**
- **Төменде аталған жағдайлар ақау ретінде қарастырылмауы тиіс.**
  - **Камераның объективі жауынды күні ылғалдылық жоғары болғанда буланады.**
  - **Алдында тұрған автокөліктің немесе ғимараттың жарығының түнде жүргенде камераға шағылысуы мүмкін.**
- **Қараңғы жерде немесе түнде қараңғы жермен жүргенде кедергілердің аз көрінуі үшін камераны реттеуге болады. Сәйкесінше, суреттің монохромды көрінуі мүмкін немесе сурет түстерінің нақты түстерден өзгеше болуы ықтимал. Камераның суреті орталық және экранның төрт бұрышында күрт нашарлауы мүмкін. Бұл ақау болып табылмайды.**

■ Қосалқы сызықтар



Сол жақтан басқарылатын моделдер



Оң жақтан басқарылатын моделдер

1) Автокөліктің алдыңғы сызығы.
2) Алдыңғы дөңгелектің ортаңғы сызығы.
3) Автокөліктің бүйірлік сызығы.

Мониторда автокөліктің ені мен алдыңғы шетін білдіретін қосалқы сызықтар көрсетіледі.

- Автокөліктің алдыңғы сызығы
  Сызық автокөліктің алдыңғы жағын көрсетеді.
- Алдыңғы дөңгелектің ортаңғы сызығы
  Сызық алдыңғы дөңгелектің ортасын көрсетеді.
- Автокөліктің бүйірлік сызығы
  Сызық автокөліктің енін көрсетеді, сыртқы айналарын қоса алғанда.

ЕСКЕРТПЕ

Бұрылу көрсеткішін автокөліктің бүйірлік сызығының жабуы мүмкін. Бұл ақау болып табылмайды.

■ Камераны пайдалану

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Келесі нұсқаулықтарды сақтаңыз. Керісінше жағдайда жүйенің жарамсыз болуы мүмкін.

- **Камераға қатты соққы жасамаңыз, атап айтқанда, оны тарсылдатпаңыз және оны басқа заттармен ұрмаңыз. Орнату бұрышы өзгеруі мүмкін.**
- **Камераның бетін қатты ыспаңыз және қатты щөткемен немесе образивті құраммен сүртпеңіз. Объективтің сызылып қалуы мүмкін, ал бұл суреттің сапасын нашарлататын болады.**
- **Камераның объективі шыныдан немесе пластиктен жасалған. Кез келген органикалық еріткіштердің, шанаққа арналған балауыз құрамының, май қабатының немесе шыныға арналған көмкеру қабаттарының объективтің бетіне түсуіне жол бермеңіз. Тиген жағдайда тез арада сүртіп тастаңыз.**
- **Камераның объективін температураның ешқандай күрт өзгерісіне ұшыратпаңыз, мысалы, оған суық ауа райында ыстық суды шашыратпаңыз.**
- **Автокөлікті жуу барысында жоғары қысымды суды бүрікішті камераға немесе қоршаған маңайға бағыттамаңыз. Жоғары қысымды су ағынының соққысы камераның шығып кетуіне әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, су камераның ішіне кіріп, ақаудың себебі болуы мүмкін.**
- **Егер камера қатты соққыға ұшыраса, бұл камераның ақаулығына әкелуі мүмкін. Мүмкіндік пайда бола салысымен Сіздің SUBARU дилеріңізде камераны тексеруге жүргізіңіз.**
- **Ешқандай жағдайда бумен тазартқышты пайдаланбаңыз. Бумен тазартқыштардың кейбір түрлері ыстық буды шығарады.**
- **Камера бетінің ұшатын тастармен зақымдануы мүмкін.**
- **Камераның объективі ластанған жағдайда суреттің айқындығы жоғалады. Егер камера су тамшыларымен, қармен немесе балшықпен ластанған болса, оны сумен жуып, кез келген ылғалды жұмсақ шүберекпен сүртіңіз. Қатты ластанған жағдайда бейтарап жуу құралымен жуыңыз.**

Қозғалтқышты іске қосу және автокөлікті басқару

Жанармай 7-3
- Жанармайға қойылатын талаптар 7-3
- Жанармай құятын мойынның тесігі мен қақпағы 7-4

Сапарларға дайындық 7-8

Қозғалтқышты іске қосу және тоқтату (түйменің көмегімен қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату жүйесі жоқ моделдер) 7-8
- Қозғалтқышты іске қосу 7-8
- Қозғалтқышты тоқтату 7-10

Қозғалтқышты іске қосу және тоқтату (түйменің көмегімен қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату жүйесі бар моделдер) 7-11
- Сақтық шаралары 7-11
- Түйменің көмегімен қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату жүйесінің әрекет ету аймағы 7-11
- Қозғалтқышты іске қосу 7-11
- Қозғалтқышты тоқтату 7-13
- Қашықтықтан басқару салпыншағының жұмысындағы іркілістер кезіндегі әрекеттер 7-14

Сатысыз трансмиссия 7-14
- Селектор иінтірегі 7-16
- Қолша басқару режімін таңдау ..... 7-18 (егер қарастырылған болса) 7-18
- "L" режімін таңдау (егер қарастырылған болса) 7-20
- Селектор иінтірегін бұғаттау функциясы 7-20
- Жүргізу бойынша кеңестер 7-22
- SI-DRIVE жүйесі (егер орнатылған болса) 7-22
- "Intelligent" (I) режімі 7-23
- "Sport" (S) режімі 7-23
- SI-DRIVE жүйесінің ауыстырып-қосқыштары 7-23

Рөлдік басқарудың үдеткіші 7-24

Тежегіштер 7-25
- Тежеу бойынша кеңестер 7-25
- Тежегіш жүйесі 7-25
- Дискілі тежегіш қалыптарының тозу индикаторы 7-27

ABS жүйесі (тежегіштердің бұғаттауға қарсы жүйесі) 7-27
- ABS жүйесінің өзіндік диагностикасы 7-28
- ABS жүйесінің ескерту шамы 7-28
- EBD жүйесі (тежеу күшін таратудың электрондық жүйесі) 7-28
- EBD жүйесі жарамсыз болғандағы әрекеттер 7-29
- VDC жүйесі (динамикалық тұрақтандыру жүйесі) 7-30
- VDC жүйесінің жұмысын бақылау 7-32
- VDC жүйесінің ажыратқышы 7-32

X-MODE режімі 7-34
- X-MODE жүйесінің режімдерін қосу/ сөндіру 7-35
- Еңіске түсіруді бақылау функциясы (егер орнатылған болса) 7-37

Шиналардағы ауа қысымының мониторинг жүйесі (TPMS) (егер орнатылған болса) 7-38
- TPMS жүйесінің экраны ("B" түрлі аспаптар комбинациясы) (егер орнатылған болса) 7-40

TPMS жүйесі режімін орнату 7-40
Сіздің автокөлігіңізді тұрақтату.....7-43
Электрлік тұрақ тежегіші..... 7-43
Тұрақтату бойынша кеңестер 7-51
Еңістегі орнынан қозғалу кезіндегі көмек жүйесі.....7-52
Круиз-бақылау жүйесі (егер орнатылған болса).....7-53
Круиз-бақылауды орнату 7-54
Круиз-бақылау жүйесін уақытша сөндіру.....7-55
Круиз-бақылау жүйесін сөндіру 7-56
Круиз-бақылау режімінде қалыптастырылған жылдамдықты өзгерту (егер орнатылған болса) 7-56
Круиз-бақылау жүйесінің бақылау шамы 7-58
Круиз-бақылаудыорнатудың бақылау шамы 7-58
Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/тоқтату жүйесі.....7-58
Жүйенің жұмысы..... 7-58
Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесінің күйін көрсету 7-64
Жүйенің ескерту хабарламалары..... 7-65
SRVD жүйесі (егер орнатылған болса).....7-66
Жүйенің функциялары 7-66
Жүйенің жұмысы..... 7-68
Жақындауды бақылау шамы/ SRVD жүйесінің дыбыстық ескерту сигналы..... 7-70
SRVD жүйесін сөндіру индикаторы 7-72
SRVD жүйесінің ескерту индикаторы 7-73
SRVD жүйесінің ажыратқышы 7-73
Радарлық қадағаларды пайдалану..... 7-75
Артқы жүріспен қозғалыс кезінде автоматты тежеу жүйесі (егер орнатылған болса) 7-76
Артқы жүріспен қозғалыс кезінде автоматты тежеу жүйесіне шолу..... 7-77
Жұмыс шарттары 7-78
Артқы жүріспен қозғалыс кезінде автоматты тежеу жүйесінің жұмысы..... 7-82
Артқы жүріспен қозғалыс кезінде автоматты тежеу жүйесінің жұмысын тоқтату 7-85
Артқы жүріспен қозғалыс кезінде автоматты тежеу жүйесінің жұмысын қосуды/ сөндіруді баптау..... 7-86
Артқы жүріспен қозғалыс кезінде автоматты тежеу жүйесінің ескерту индикаторы.....7-87
Сонарлық қадағаларды пайдалану 7-87

Жанармай

■ Жанармайға қойылатын талаптар

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Төмен сапалы жанармайды немесе қарастырылмаған қосымды пайдалану қозғалтқыштың және/ немесе жанармай жүйесінің зақымдануына әкеліп соқтыруы мүмкін.**
- **Автокөліктің сыртына жанармай тамшыларының түсуіне жол бермеңіз. Жанармайдың лак-бояу жабынды зақымдауы мүмкін болғандықтан, оның барлық ағындыларын бірден сүрту керек. Лак-бояу жабынның оған жанармайдың түсуі салдарынан зақымдануына SUBARU шектеулі кепілдігі берілмейді.**

- **Жанармай құятын мойынның конструкциясы этилденбеген бензинді құюға арналған ұшы арқылы ғана құйылатындай қарастырылған. Этилденбеген бензиннің ешқандай жағдайларда пайдаланылмауы тиіс, өйткені, бұның пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесінің істен шығуына әкеледі және Сіздің автокөлігіңізді басқарудың жалпы сипаттамаларын да, жанармайды үнемдеуге де әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар, бұл Сіздің техникалық қызмет көрсетуге жұмсайтын шығындарыңызды арттырады.**

▼ **Жанармай түрі**

Тек этилденбеген бензин

▼ **Зерттеу әдісі бойынша қажетті октандық сан**

▽ **2.0 L моделдері**

Аустралияға арналған моделдер
91 немесе одан көп ұсынылады.
Қозғалтқыш пен автокөлік жұмысының оңтайлы сипаттамаларына қол жеткізу үшін тұтастай алғанда этилденбеген бензинді пайдалану ұсынылады.

Аустралияға арналған моделдерден басқа
95 немесе одан көп ұсынылады.
Октандық саны саны 95 немесе одан да көп этилденбеген бензин болмаған жағдайда октандық саны 90 немесе одан да көп этилденбеген бензинді пайдалануға болады.

▽ **2.5 L моделдері**

Аустралияға арналған моделдер
91 немесе одан көп ұсынылады.
Қозғалтқыш пен автокөлік жұмысының оңтайлы сипаттамаларына қол жеткізу үшін тұтастай алғанда этилденбеген бензинді пайдалану ұсынылады.

Аустралияға арналған моделдерден басқа
95 немесе одан көп ұсынылады.
Қозғалтқыш пен автокөлік жұмысының оңтайлы сипаттамаларына қол жеткізу үшін тұтастай алғанда этилденбеген бензинді пайдалану ұсынылады.


▼ **Этанол қосылған бензинді пайдалану**

SUBARU этанол қосылған бензинді пайдалануға жол береді, егер этанолдың құрамы 10% аспайтын болса. Қолданылатын этанол қосылған бензиннің зерттеу әдісі бойынша жанармайдың жоғарыда аталған санатына сәйкес келетін октандық санының бар екендігіне көз жеткізіңіз.

- ЖАЛҒАСЫ –

■ Жанармай құятын мойынның тесігі мен қақпағы


▼**Автокөлікке жанармайды** толтырып құю Автокөлікке жанармайды құюды тек бір адам ғана жүргізуі керек. Басқа тұлғалардың автокөлікке жанармай құю барысында жанармай құю мойнының жанында болуларына жол бермеңіз. Міндетті түрде басқа сақтық шараларын сақтаңыз, оларға қатысты ақпарат автожанармай құю станциясында орналастырылған.



1. Жанармай құю мойнының қақпағын ашу үшін келесі рәсімдердің бірін орындаңыз.
   – Қашықтықтан басқару салпыншағындағы ашу түймесін басыңыз.
   – Есіктерді бұғаттауыштың ауыстырып-қосқышының ашатын жағын басыңыз.
   – Оталдыру құлпын "ACC" немесе "LOCK"/"OFF" қалпына ауыстырыңыз.
2. Жанармай құятын мойынның қақпағының артқы жағын ашыңыз.
3. Жанармай құю мойнының қақпағы автоматты түрде сәл ашылады. Осыдан кейін оны қолша ашыңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Жанармай құю мойнының қақпағын алу алдында Сіздің денеңізде жиналуы мүмкін статикалық электрлік қуатты кетіру үшін автокөліктің шанағына немесе май құятын колонканың металл бөлігіне немесе соған ұқсас затқа жанасыңыз. Сіздің денеңізде статикалық электрлік қуат болған кезде жанармайдың тұтануы ықтимал электрлік ұшқынының пайда болуы мүмкін, ал бұл күйік алуға соқтырады. Статикалық электрлік қуаттың тағы да пайда болмауы үшін автокөлікке жанармай құю рәсімі аяқталғанша отырмаңыз.




1) Ашу.
2) Жабу.

4. Жанармай құю мойнының қақпағын оны сағат тілінің бағытына қарсы қарай отырып ашыңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

• Жанармайдың буының өртену қаупі бар. Автокөлікке жанармайды толтырып құю алдында міндетті түрде оталдыру құлпын "LOCK"/ "OFF" күйіне ауыстырыңыз, содан кейін автокөліктің барлық есіктері мен терезелерін жабыңыз. Жақын жерде тұтатылған темекінің, ашық оттың немесе электрлік ұшқынның жоқтығына көз жеткізіңіз. Жанармаймен жүргізілетін барлық операцияларды үй-жайлардан тыс жерде жүргізіңіз. Төгілген жанармайды мүмкіндігінше тез арада сүрту қажет.
• Жанармай құятын мойынның қақпағын ашу барысында оны қолыңызбен қатты қысып, солға қарай бірқалыпты бұраңыз. Қақпақты шұғыл қимылмен ашпаңыз. Жанармайдың қысымды болуы мүмкін, сондықтан оның аздаған мөлшерінің жанармай құю мойнынан ытқып бүркілуі мүмкін, әсіресе, күн ыстық болғанда. Егер жанармай құю мойнының қақпағы алынып тасталған кезде Сіз шуылдаған дыбыс естісеңіз, онда жанармайдың шашырауын және өрттің орын алу қаупін болдырмау үшін осындай дыбыстың тоқтауын күтіңіз, содан кейін қақпақты баяу ашыңыз.



5. Жанармай құю мойнының қақпағын жанармай құю мойнының қақпағының ішкі жағында орналасқан ұстағышқа салыңыз.

- ЖАЛҒАСЫ –

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Автокөлікке жанармай құюды орындай отырып жанармай құю пистолетінің ұшы жанармай құю мойнының толығымен құбырға салынғандығына және онда сенімді ұсталатынына көз жеткізіңіз. Егер ұшы толық салынбаса немесе жанармай ағынының екпінімен жанармай құю мойнынан ішінара шығып кететін болса, онда жанармайдың берілуін автоматты түрде тоқтату тетігінің іске қосылмай қалуы ықтимал, салдарынан, жанармай жанармай багынан төгіліп, өрт шығу қаупін тудыруы ықтимал.**
- **Жанармайды беруді автоматты түрде тоқтату тетігі іске қосылғанда, құюды тоқтатыңыз. Егер Сіз жанармай құюды жалғастыратын болсаңыз, онда температуралық өзгерістер немесе басқа да бірқатар жағдайлар салдарынан жанармай жанармай багынан төгі-ліп, өрт шығу қаупі**

6. Отын құю колонкасының сорғысы автоматты түрде тоқтаған кезде, құюды тоқтатыңыз Енді жанармайды толтырып құймаңыз.
7. Қақпақты жанармай құю мойнына салыңыз да, оны Сіз сырт еткен дыбыс естілгенше сағат тілінің бағытымен бұраңыз. Жанармай құю мойынының қақпағына бекітілген арқан оны созған кезде қақпақтың астына түспеуіне көз жеткізіңіз.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Апат болған жағдайда жанармайдың төгілуін болдырмау үшін қақпақтың сырт еткенше бұралғандығына көз жеткізіңіз.

8. Жанармай құю мойнының мұқият жабылғандығын тексеріңіз.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Егер жанармай боялған бетке төгілген болса, оны дереу арада сүртіңіз. Керісінше жағдайда бұл боялған беттердің зақымдануына әкелуі мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

Жанармай деңгейінің көрсеткішінің шкаласында Сіздің "⛽►" белгішесін көруіңіз мүмкін. Бұл автокөліктің жанармай құятын мойнының есігі (қақпағы) автокөліктің оң жағында орналасқанын білдіреді.


⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Ешқашан жанармай багына ешқандай тазалау құралдарын қоспаңыз. Тазартқыштарды қосудың жанармай жүйесінің істен шығуына әкелуі мүмкін.**
- **Автокөлікке жанармайды толтырып құйғаннан кейін қақпағын сағат тілінің бағытымен қақпақтың толық жабылғандығын білдіретін сырт еткен дыбыс естілгенше бұраңыз. Егер қақпақ толық бұралмаған болса, онда жанармай автокөліктің қозғалысы кезінде отын багынан төгіліп немесе апат кезінде шашырауы мүмкін, ал бұл өрттің пайда болу қаупін тудырады.**
- **Автокөліктің сыртына жанармай тамшыларының түсуіне жол бермеңіз. Жанармайдың лак-бояу жабынды зақымдауы мүмкін болғандықтан, оның барлық ағындыларын бірден сүрту керек. Лак-бояу жабынның оған жанармайдың түсуі салдарынан зақымдануына SUBARU шектеулі кепілдігі берілмейді.**


- **Біз Сізге тек қана SUBARU түпнұсқа жанармай құю мойнының қақпағын пайдалануға кеңес береміз. Егер Сіз сай келмейтін қақпақты пайдаланатын болсаңыз, оның ойығы немесе өлшемі бойынша жабылмауы, сондай-ақ жанармай будың тиісінше бұрылуын қамтамасыз етпеуі салдарынан жанармай багының зақымдануына және пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесінің бұзылуына әкелуі мүмкін. Бұның бактан жанармайдың шашырауына және өртке соқтыруы ықтимал.**
- **Егер жанармай деңгейінің төмендігін ескерту шамы жанған жағдайда дереу арада жанармай багына жанармай құйыңыз. Жанармай багында жанармайдың болмауы салдарынан қозғалтқыштың жұмысындағы іркілістер қозғалтқыштың зақымдануына әкелуі мүмкін.**

▼ Егер жанармай құю мойнының қақпағы ашылмаса

Егер жанармай құю мойнының қақпағы қандай да бір ақаудың немесе аккумуляторлық батареяның отыруы салдарынан ашылмаса, оны жүк арту бөлігі жақтан ашу мүмкіндігі қарастырылған.




1. Тегіс бұрағыштың көмегімен жүк арту бөлігінің оң жағында орналасқан технологиялық қақпақты алып тастаңыз.



1) Бекіткіш.

2. Бекіткіштен қызғылт сары ұштықты алыңыз.



3. Жанармай құю мойнының қақпағын ашу үшін қызғылт сары ұштықты алып тастаңыз.

- ЖАЛҒАСЫ –

Сапарларға дайындық

Күн сайын сапар алдында Сіздің мынадай тексерулер мен реттеулерді орындауыңыз қажет.

1. Барлық терезелердің, айналардың, шамдардың және сыртқы шамдардың таза екендігіне көз жеткізіңіз.
2. Дөңгелектерді сырттай қарап шығыңыз және олардың күйін тексеріңіз. Шинадағы ауаның қысымын тексеріңіз.
3. Автокөліктің астында ағындылардың іздері жоқтығына көз жеткізіңіз және автокөліктің астында ұсақ жануарлардың жоқтығын тексеріңіз.
4. Ұсақ жануарлардың мотор бөлігіне кірмегеніне көз жеткізіңіз.
5. Қақпағы мен жүк арту бөлігінің есігі жабық екеніне көз жеткізіңіз.
6. Орындықтардың дұрыс реттелгендігіне көз жеткізіңіз.
7. Ішкі және сыртқы айналардың дұрыс реттелгендігіне көз жеткізіңіз.
8. Қауіпсіздік белдіктерін тағыңыз. Сіздің жолаушыларыңыздың да қауіпсіздік белдіктерін таққандықтарына көз жеткізіңіз.
9. Оталдыру құлпы "ON" күйіне ауыстырылғанда ескерту және бақылау шамдарының дұрыс жұмыс істейтіндігіне көз жеткізіңіз.
10. Қозғалтқышты іске қосқаннан кейін нұсқауыштардың, ескерту және бақылау шамдарының дұрыс жұмыс істейтіндігіне көз жеткізіңіз.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Ұсақ жануарлардың салқындату желдеткішіне немесе жетек белдіктерінің арасына түсуінің автокөліктің ақауына әкелуі мүмкін. Қозғалтқышты іске қосу алдында ұсақ жануарлардың мотор бөлігіне түспегендігіне немесе автокөліктің астына кірмегендігіне көз жеткізіңіз.

ЕСКЕРТПЕ

- **Мотор майының, салқындату сұйықтығының, тежегіш сұйықтықтың, шыны жуатын сұйықтықтың, сондай-ақ басқа сұйықтықтардың деңгейін күн сайын, апта сайын немесе автокөлікке жанармай құйған сайын тексеру керек.**
- **Тіркемені тіркеп сүйреген жағдайда "Тіркеу құрылғылары (дилерлік опция)" бөлімін қараңыз☞8-20.**

Қозғалтқышты іске қосу және тоқтату (түйменің көмегімен қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату жүйесі жоқ моделдер)

■ Қозғалтқышты іске қосу

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Электрлік қозғалтқыштың стартерінің 10 секундтан астам уақыт бойы үздіксіз жұмыс істеуіне жол бермеңіз. Егер қозғалтқыш стартердің жұмысынан кейін 5-10 секунд ішінде іске қосылмаса, кемінде 10 секунд кідіріс жасаңыз, содан кейін қозғалтқышты қайтадан іске қосуға тырысыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- **Сіздің қозғалтқышты іске қосуыңыз барысында қиындықтардың туындауы мүмкін, егер аккумуляторлық батарея (техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды жүргізген кезде немесе басқа себептер бойынша) ажыратылған, содан кейін қайта жалғанған болса. Бұл қиындықтар дросселдік қалқанның электрондық басқарғышының өздігінен диагностика-**

лану функциясының болуына байланысты орын алады. Бұл мәселені шешу үшіноталдыру құлпы "ON" күйіне ауыстырылғаннан кейін және қозғалтқышты іске қосу алдында ұзақтығы шамамен 10 секунд болатын үзіліс жасаңыз.

- **Стартер қозғалтқыштың иінді білігін айналдырып тұрғанда селектордың иінтірегін жылжытпаңыз.**

▼ **Қозғалтқышты іске қосу кезіндегі жалпы сақтық шаралары**

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Автокөліктен тыс жерде болғанда ешқашан қозғалтқышты іске қосуды орындамаңыз. Бұл апатқа әкелуі мүмкін.**
- **Нашар желдетілетін жерлерде, мысалы, көлікжайда немесе басқа да үй-жайларда қозғалтқыштың ұзақ уақыт бойы жұмыс істеуіне жол бермеңіз. Үй-жайға немесе автокөлікке пайдаланылған газдардың толуы және көміртегі оксидімен улануға себеп болуы мүмкін.**
- **Қозғалтқышты құрғақ жапырақтардың, қағаздардың және жанғыш заттардың қасында іске қоспаңыз. Шығару құбыры мен пайдаланылған газдардың жоғары температура салдарынан тұтануға соқтыруы мүмкін.**

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Егер қозғалтқыш автокөліктің қозғалысы кезінде тоқтаса, каталитикалық бейтараптандырғыштың қызып, жанып кетуі мүмкін.**
- **Қозғалтқышты іске қосуды міндетті түрде жүргізушінің орнында болғанда жүргізіңіз.**

ЕСКЕРТПЕ

- **Қозғалтқышты іске қосқаннан кейін жедел үдетілуге немесе иінді біліктің айналу жылдамдығының кенеттен артуына жол бермеңіз.**
- **Қозғалтқыш жеткілікті қызған сәтке дейін қозғалтқыштың иінді білігінің айналу жиілігі жоғары болып тұрады. Қозғалтқыштың қыздыры-луына байланысты иінді біліктің айналу жиілігі төмендейді.**
- **Сирек жағдайларда қозғалтқыш-ты іске қосудың қолданылатын жанармайдың сапасына немесе пайдалану жағдайларына байла-нысты қиын болуы ықтимал (қоз-ғалтқыш тиісті түрде қызбайтын бірнше сапар). Мұндай жағдай-ларда жанармайдың басқа маркасына ауысу ұсынылады.**
- **Сирек жағдайларда акселератордың басқышын кенеттен басқанда, мысалы, орыннан шұғыл қозғалғанда немесе тез үдеткенде қозғалтқышта дотонациялық соққының естілуі мүмкін. Бұл ақау болып табылмайды.**
- **Егер шамдар, ауа кондиционері және артқы шынының жылытқышы сөндірулі болса, қозғалтқышты іске қосу оңай жүзеге асырылады.**

1. Автокөлікті тұрақ тежегішіне орнатыңыз.
2. Барлық қажетсіз электр құралдарын және жарықты өшіріңіз.
3. Селектор иінтірегін "P" күйіне немесе "N" күйіне ауыстырыңыз (неғұрлым қолайлы нұсқасы - "P" күйі).
4. Оталдыру құлпын "ON" қалпына ауыстырыңыз және ескерту және бақылау шамдарын тексеріңіз. "Ескерту және бақылау шамдары" бөлімін қараңыз☞3-16.
5. Оталдыру құлпын "START" күйіне ауыстырыңыз, бұл ретте акселератордың **басқышын баспаңыз**. Қозғалтқыш іске қосылғаннан кейін кілтті бірден босатыңыз.

Егер қозғалтқыш іске қосылмаған болса, мынадай әрекеттерді орындап көріңіз.

(1) Оталдыру құлпын "LOCK" күйіне ауыстырыңыз және кемінде 10 секунд кідіріс жасаңыз. Автокөліктің тұрақ тежегішімен

- ЖАЛҒАСЫ –

бекітілуінің сенімділігіне көз жеткізгеннен кейін оталдыру құлпын қатарынан акселератордың басқышын баса отырып (басқыш жүрісінің шамамен төрттен біріне дейін) баса отырып "START" күйіне ауыстырыңыз. Қозғалтқыш іске қосылғаннан кейін акселератордың басқышын бірден босатыңыз. Қозғалтқыш іске қосылғаннан кейін акселератордың басқышын бірден босатыңыз.

(2) Егер бұл қозғалтқышты іске қосуға әкелмесе, оталдыру құлпын "LOCK" күйіне қайтадан ауыстырыңыз және кемінде 10 секунд күтіңіз. Содан кейін тірелгенше акселератордың басқышын басып, оталдыру құлпының күйін "START" күйіне қайта қойыңыз. Егер қозғалтқыш іске қосылмаса, акселератор басқышын тез босатыңыз.

(3) Егер бұл әрекеттер қозғалтқышты іске қосуға әкелмесе, оталдыру құлпын "LOCK" күйіне қайта ауыстырып қойыңыз. Кемінде 10 секундқа тең үзілістен кейін оталдыру құлпын "START" күйіне ауыстырыңыз, бұл ретте газдың басқышын баспаңыз.

(4) Егер аталған әрекеттерді орындағаннан кейін қозғалтқыш іске қосылмаса, Сізге жақын жердегі SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

6. Қозғалтқышты іске қосқаннан кейін барлық ескерту және бақылау шамдарының сөнгеніне көз жеткізіңіз.

Қозғалтқышты қыздыру барысында селектор иінтірегінің "P" қалпында немесе "N" қалпында, ал автокөлік тұрақ тежегішіне қойылғандығына көз жеткізіңіз.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Қозғалтқышты қайта іске қосу кезінде автокөліктің қозғалысы барысында селектордың иінтірегін "N" күйіне ауыстырыңыз. Автокөліктің қозғалысы барысында ешқашан селектордың иінтірегін "P" күйіне ауыстыруға әрекет жасамаңыз.

■ Қозғалтқышты тоқтату

Оталдыру құлпын автокөлік тоқтағанда, ал автокөліктің қозғалтқышы бос жүріс режімінде жұмыс істеп тұрғанда ғана бұрыңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Автокөліктің қозғалысы кезінде қозғалтқышты сөндірмеңіз. Бұл рөлдік басқару үдеткішінің және тежегіш жүйесі үдеткішінің жұмысының тиімділігін төмендетуге алып келеді, ал бұл өз кезегінде рөлді басқару және тежеу кезінде үлкен физикалық күш-жігерді талап етеді. Сонымен қатар, қозғалтқышты сөндіру кезінде Сіздің оталдыру құлпын байқаусызда "LOCK" күйіне ауыстыруыңыз мүмкін, бұл рөл дөңгелегінің бұғаттауға әкеледі.

Қозғалтқышты іске қосу және тоқтату (түйменің көмегімен қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату жүйесі бар моделдер)

Егер автокөлікке отырып жатқанда Сізде өзіңізбен бірге қашықтықтан басқару салпыншағы бар болса, онда Сіз автокөліктің электрлік қуаттау режімдерін ауыстырып, қозғалтқышты іске қоса аласыз.

■ Сақтық шаралары

"Сақтық шаралары" бөлімін қараңыз ☞2-5.

■ Түйменің көмегімен қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату жүйесінің әрекет ету аймағы

Қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесі (түйменің көмегімен қозғалтқышты іске қосу/тоқтату жүйесі бар моделдер)" ☞3-7.

■ Қозғалтқышты іске қосу

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Қозғалтқышты іске қосу кезінде жалпы сақтық шаралары сақталуы тиіс . "Қозғалтқышты іске қосу" бөлімінде сипатталған сақтық шаралармен мұқият танысыңыз ☞7-9.**
- **Қозғалтқышты іске қосқаннан кейін қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесіндегі жұмыс режімінің индикаторы жасыл түспен жыпылықтаса, қозғалысты бастауға қатаң түрде тыйым салынады. Рөл дөңгелегі бұғаттаулы қалған, сондықтан автокөліктің қозғалысының апатқа ұшыратуы мүмкін. Рөл колонкасын бұғаттан алу үшін рөл дөңгелегін оңға-солға бұра отырып тежегіштің басқышын толық басып, қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесін тағы бір рет басыңыз.**


⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Егер қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату түймесіндегі жұмыс режімінің индикаторы қызғылт сары түспен жыпылықтаса, бұл автокөлікте ықтимал ақаудың бар екендігін білдіруі мүмкін. Мұндай жағдайларда біз Сізге дереу арада SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.**
- **Қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату түймесін 10 секундтан артық басып ұстамаңыз. Бұл оның ақауына әкелуі мүмкін. Егер қозғалтқыш іске қосылмаса, қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесін басуды тоқтатыңыз. Оның орнына электрлік қуаттау "OFF" режіміне ауысу үшін тежегіштің басқышын толық баспастан қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесін басыңыз. 10 секундтық үзіліс жасаңыз, содан кейін қозғалтқышты іске қосу үшін қозғалтқыштын іске қосу/тоқтату түймесін қайта басыңыз.**


- **Қозғалтқышты іске қосқаннан кейін оның иінді білігінің айналу жиілігі салқындатқыш сұйықтықтың температурасының төмендігін бақылау шамы сөнгенге дейін сақталады. "Салқындатқыш сұйықтықтың температурасының төмендігін бақылау шамы/ Салқындатқыш сұйықтықтың температурасының жоғарылығын ескерту шамы" бөлімін қараңыз ☞3-23.**

ЕСКЕРТПЕ

- **Қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түй-месі тежегіштің басқышы толық ба-сулы болған кезде басылатын болса, онда қозғалтқыштың стартері 10 секундтан аспайтын уақытқа жұмыс іс-тейді, ал қозғалтқышты іске қос-қаннан кейін автоматты түрде сөнеді.**
- **Сіз тежегіштің басқышы толық басулы болған кезде қозғалтқышты іс-ке қосу/тоқтату түймесін басатын болсаңыз, қозғалтқыштың іске қосы-луы автокөлікті іске қосу/ тоқтату түймесінің күйіне қарамастан жүзеге асырылады.**
- **Егер қозғалтқышты іске қосуға бағытталған әрекеттерді жасау барысында ол іске қосылмаған болса және иммобилайзердің бақылау шамы жанып тұратын болса, қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесінің көмегі-, мен электрлік қуаттаудың "OFF" режімін орнатыңыз, содан кейін қозғалтқышты іске қосып көріңіз.**
- **Егер қозғалтқыш іске қосылмаса, электрлік қуаттаудың "OFF" режіміне ауысу үшін тежегіштің басқышын баспай, қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын басыңыз. Содан кейін, тежегіштің басқышын басулы күйде күштеп ұстап тұрыңыз да, қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесін басыңыз.**
- **Қозғалтқышты іске рәсімінің автокөліктің айналасында радиосигналдардың таралу жағдайларына байланысты жұмыс істемеуі мүмкін. Осындай жағдайларда "Қозғалтқышты іске қосу" бөлімін қараңыз ☞9-23.**
- **Егер аккумуляторлық батарея отырған болса, онда рөл колонкасын бұғаттан алу мүмкін емес. Аккумуляторлық батареяны қуаттаңыз.**
- **Стартер қозғалтқыштың иінді білігін айналдырып тұрғанда селектордың иінтірегін жылжытпаңыз.**



Сол жақтан басқарылатын моделдер



Оң жақтан басқарылатын моделдер
1) Жұмыс режімінің индикаторы.
2) Қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесі.

Сіз тежегіштің басқышы толық басулы болған кезде қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесін басатын болсаңыз, қозғалтқыштың іске қосылуы жүзеге асырылады. Төменде қозғалтқышты іске қосу рәсімі сипатталған.

1. Қашықтықтан басқару салпыншағын алып, жүргізушінің орындығына отырыңыз.
2. Автокөлікті тұрақ тежегішіне орнатыңыз.
3. Селектор иінтірегін "P" қалпына келтіріңіз. Селектордың иінтірегін "N" күйінде болған жағдайда ғана қозғалтқышты іске қосуға болады. Дегенмен, қауіпсіздік мақсатында қозғалтқышты іске қосуды селектордың иінтірегі "P" қалпында болғанда орындаңыз.
4. Тежегіштің басқышын толық басыңыз және қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесіндегі индикатор жасыл түспен жанғанша басулы күйде ұстап тұрыңыз. Егер қозғалтқышты іске қосу селектор иінтірегі "N" күйінде тұрғанда орындалатын болса, онда қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесіндегі бақылау шамы жасыл түспен жанбайды.
5. Тежегіштің басқышын басулы күйде ұстап тұрыңыз да, қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- **Егер селектордың иінтірегіндегі түймені басқаннан кейін селектордың иінтірегі "P" күйінде болғанда да қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесіндегі жұмыс режімінің индикаторы жасыл түспен жанбаса.**
- **Егер қозғалтқышты іске қосудың стандартты рәсімдерін орындау кезінде қозғалтқыш іске қосылмаса, селектордың иінтірегін "P" күйіне ауыстырыңыз да, қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату түймесі арқылы электрлік қуаттаудың "ACC" режімін орнатыңыз. Іліністіру басқышын толық басыңыз, содан кейін қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату түймесін басып, оны осы күйде кемінде 15 секунд ұстап тұрыңыз. Бұл қозғалтқышты іске қосуы мүмкін. Қозғалтқышты іске қосудың мұндай рәсімін тек аса қажет болған жағдайда ғана пайдаланыңыз.**
- **Егер қозғалтқыш іске қосылмаған болса, тежегіштің басқышының қатты болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда тежегіштің басқышын әдеттегіден үлкен күшпен басу қажет. Қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесіндегі жұмыс режімінің индикаторының жасыл түспен жанғанына көз жеткізіңіз, содан кейін қозғалтқышты іске қосу үшін қозғалтқышты іске қосу /тоқтату түймесін басыңыз.**

■ Қозғалтқышты тоқтату

1. Автокөлікті толық тоқтатыңыз.
2. Селектор иінтірегін "P" қалпына келтіріңіз.
3. Қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесін басыңыз. Бұл қозғалтқышты тоқтатуға, сондай-ақ автокөліктің электрлік қуатын "OFF" режіміне ауыстыруға әкеледі.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Автокөліктің қозғалысы барысында қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату түймелеріне тимеңіз.**
- **Егер іске қосу/тоқтату түймесін төмендегідей бассаңыз, қозғалтқыш тоқтайды.**
  - **Түйме басылады және 3 секунд бойы немесе одан да ұзақ басулы күйде ұсталып тұрады.**
  - **Түйме аз уақытқа қатарынан 3 рет немесе одан да көп рет басылады.**

  Қозғалтқыш тоқтаған кезде тежегіш жүйесінің үдеткіші жұмыс істемейді. Мұндай жағдайда тежегіштің басқышын үлкен күшпен басу қажет болады.

- ЖАЛҒАСЫ –

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Сондай-ақ, қозғалтқыш тоқтатылған кезде рөлдік басқару да жұмыс істемейді. Мұндай жағдайда рөл дөңгелегіне көп күш салу қажет болады, ал бұл апатқа әкелуі мүмкін.

- **Қозғалтқышты автокөліктің қозғалысы барысында тоқтатқанда қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату түймесін баспаңыз және автокөлікті қауіпсіз жерде толық тоқтатқанға дейін есіктерді ашпаңыз. Бұл қауіпті, себебі, керісінше жағдайда рөл колонкасын бұғаттаудың электрондық құлпы іске қосылуы мүмкін. Автокөлікті қауіпсіз жерде тоқтатыңыз. Сонымен қатар мұндай жағдайларда біз SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.**

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Егер селектордың иінтірегі "P" күйінен басқа күйде болса, қозғалтқышты тоқтатпаңыз.**
- **Егер қозғалтқыш селектордың иінтірегі "P" күйінен басқа күйде болған кезде тоқтатылса, онда автокөліктің электрлік қуаты "ACC" режиміне ауысады. Егер автокөлік осындай күйде қалдырылатын болса, аккумуляторлық батарея отыруы мүмкін.**

ЕСКЕРТПЕ

Сіз қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату түймесінің көмегімен қозғалтқышты тоқтата алсаңыз да, апаттық жағдайлардан басқа кезде оны осындай тәсілмен тоқтатпаңыз.

■ Қашықтықтан басқару салпыншағының жұмысындағы іркілістер кезіндегі әрекеттер

Қашықтықтан басқару
"Қашықтықтан басқару салпыншағы - қашықтықтан басқару салпыншағының жұмысындағы іркілістер кезіндегі әрекеттер" бөлімін қараңыз ☞9-22.

Сатысыз трансмиссия

Электрондық басқаруышы бар сатысыз трансмиссияның алдыңғы жүрістің шексіз берілісі және артқы жүрістің бір берілісі бар. Кейбір моделдерде қолша басқару режімі немесе "L" күйі бар.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Акселератордың басқышы басулы болғанда "P" немесе "N" күйінен "D" немесе "R" күйіне ауыспаңыз. Бұл ретте автокөліктің алға немесе артқа жұлқынуы мүмкін.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Төменде келтірілген сақтық шараларын ұстаныңыз. Керісінше жағдайда трансмиссияның зақымдануы мүмкін.**
  - **Автокөлік толық тоқтағаннан кейін ғана "P" немесе "R" күйіне ауысуға болады.**

- Автокөлік толық тоқтағанда трансмисияны "D" күйінен "R" күйіне немесе керісінше ауыстырмаңыз.

• Селектордың иінтірегі "N" немесе "P" күйінен басқа күйлерде болғанда, ал автокөлік тұрақ тежегішіне қойылғанда немесе автокөліктің дөңгелегінің астына тежегіш табандар орнатылған болса қозғалтқышты 5 секундтан ұзақ екпіндетпеңіз. Бұл трансмиссиялық сұйықтықтың қызып кетуіне әкелуі мүмкін.

• Автокөлікті ешқашан төменде көрсетілгендей басқармаңыз. Бұл апатқа немесе ақауға ұшыратуы мүмкін.

– Селектордың иінтірегі алға қарай жүру күйінде болғанда инерциямен артқа қарай жылжу.

– Селектордың иінтірегі "R" күйінде болғанда алға қарай қозғалу.

• Автокөлікті тұрақтату кезінде алдымен автокөлікті тұрақ тежегішіне қойыңыз, содан кейін селектор иінтірегін "P" күйіне ауыстырыңыз. Селектордың иінтірегі кез келген басқа күйде болғанда автокөліктің ұзақ уақытқа тоқтатылуына жол бермеңіз. Керісінше жағдайда бұл аккумуляторлық батареяның отыруына әкеледі.

ЕСКЕРТПЕ

• Қозғалтқыш әлі қыздырылмаған кезде трансмиссия қозғалтқыштың иінді білігінің айналу жылдамдығы салқындатқыш сұйықтық қызғаннан кейінгіге қарағанда жоғары болса неғұрлым жоғары немесе неғұрлым төмен беріліске ауысатын болады. Осыған орай қозғалтқышты қыздыру уақытының азаюымен қатар, Сіздің автокөлігіңіздің жалпы басқарылуы да жақсарады. Қозғалтқышты қыздырғаннан кейін трансмиссия берілістің кешіктірілген режімнен қалыпты режімге автоматты түрде ауысады.

• Трансмиссиялық сұйықтықты ауыстырғаннан кейін Сіздің бірден жұмыстың біраз ерекше сипатын сезуіңіз мүмкін. Бұл борттық компьютердің трансмиссияның берілістерді ауыстырыпқосудың Сіздің автокөлігіңізді пайдаланудың ағымдық жағдайлары үшін неғұрлым оңтайлы режімін қамтамасыз ету мақсатында жинақтап, сақтаған деректерінің жойылуына байланысты орын алады. Берілістердің ауыстырылыпқосылуын оңтайландыру автокөлік біраз қашықтықты жүргеннен соң қалпына келтіріледі.


• Сатысыз трансмиссиямен жабдықталған автокөлікпен ұзақ уақыт бойы ауыр жүктememен жүргенде, мысалы, кемперді тіркеп сүйреген кезде немесе созылыңқы биік өрмен жоғары қарай жүргенде қозғалтқыштың иінді білігінің айналу жиілігінің немесе автокөліктің жылдамдығының автоматты түрде төмендеуі мүмкін. Бұл қандай да бір ақаудың бар екендігінің дәлелі емес. Бұл құбылыс автокөліктің қозғалтқышының салқындауының тиісті сипаттамаларын қамтамасыз ететін қозғалтқышты басқару функциясы жұмысының нәтижесі болып табылады. Қозғалтқыштың иінді білігінің айналу жиілігінің және автокөліктің жылдамдығының жүктеме төмендегеннен кейін қозғалтқыш салқындаудың оңтайлысипаттамаларын ұстап тұруға қабілетті болады. Ауыр жүктеме жағдайында қозғалыстың аса сақтықпен жүзеге асырылуы тиіс. Тіркелген тіркеме бар кезде биік өрмен жоғары қарай жүргенде алда келе жатқан автокөлік-

- ЖАЛҒАСЫ –


терді басып озуға тырыспаңыз.

- **Сатысыз трансмиссияның шынжырлы жүйесі трансмиссияның жанармайдың барынша үнемделуін қамтамасыз ететін керемет сипаттамаларын қамтамасыз етеді. Арасында, пайдалану жағдайларының өзгеруіне байланысты шынжырдың жұмыстық шуының естілуі мүмкін, бұл жүйелердің осындай түріне тән дыбыс.**


■ Селектор иінтірегі



"A" түрі
1) Селектор иінтірегінің түймесі



"B" түрі
1) Селектор иінтірегінің түймесі



1) "L" қалпы бар моделдер.
2) Қолша басқару жүйесі бар моделдер.
⇨:Селектор иінтірегінің түймесі басулы болған кезде
тежегіштің басқышын толық басу арқылы ауыстырыңыз.
➡:Селектор иінтірегінің түймесі басулы болған кезде ауыстырыңыз.
⇨:Селектор иінтірегінің түймесін баспай ауыстырып-қосыңыз.

Селектор иінтірегінің төрт күйі бар - "P", "R", "N", "D", сондай-ақ "L" немесе "M".

ЕСКЕРТПЕ

Кейбір моделдерде қозғалтқышты қорғау үшін селектордың иінтірегі "P" немесе "N" күйінде болған кезде қозғалтқыш оның иінді білігінің айналу жилігін акселератордың басқышын қатты бассаңыз көп арттыруға болмайтындай басқарылады.

▼ "P" күйі (тұрақ)

Бұл күй автокөлікті тұрақтатуға және қозғалтқышты іске қосуға арналған. Мұндай жағдайда трансмиссияның механикалық бұғатталуы қамтамасыз етіледі, ал бұл автокөліктің еркін қозғалуына кедергі жасайды.

Автокөлікті тұрақтату алдында селектордың иінтірегін "P" күйіне ауыстырар алдында автокөлікті тұрақтау тежегішіне сенімді түрде орнатыңыз. Автокөлікті тек трансмиссияның

механикалық үйкелісі есебінен ұстап тұрмаңыз.

Селектордың иінтірегін "P" күйінен басқа кез келген күйге ауыстыру үшін Сіздің тежегіштің басқышын толық басуыңыз, содан кейін иінтіректі жылжытуыңыз керек. Бұл автокөлік қозғалған кезде жұлқынуға жол бермейді.

▼ "R" күйі (артқы жүріс)

Бұл күй артқы жүріспен қозғалуға арналған. "N" күйінен "R" күйіне ауыстыру үшін алдымен автокөліктің толық тоқтауын күтіңіз, содан кейін селектордың иінтірегінің түймесін баса отырып селектордың иінтірегін "R" күйіне ауыстырыңыз.

Оталдыру құлпын "LOCK"/"OFF" күйіне ауыстырғаннан кейін селектор иінтірегін "N" күйінен "R" күйіне ауыстыру тежегіштің басқышы толық басулы тұрған кезде шектеулі уақыт ішінде ғана мүмкін болады, содан кейін бұлай ауыстыру мүмкін болмайды. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін "Селектор иінтірегін бұғаттау функциясы" бөлімін қараңыз ☞7-20.

▼ "N" күйі (бейтарап)

Бұл күй сөнген қозғалтқышты қайта іске қосуға арналған.

Бұл жағдайда трансмиссия бейтарап күйде болады, бұл дөңгелектер мен трансмиссияның бұғатталмағандығын білдіреді. Сәйкесінше, егер автокөлік тұрақ тежегішіне қойылмаса немесе жұмыс істеп тұрған тежегішінің көмегімен ұсталып тұрса, онда оның кішкентай еңісте де сырғанап кетуі мүмкін.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Селектордың иінтірегі "N" (бейтарап) күйіде болғанда автокөліктің қозғалуына жол бермеңіз. Бұл ретте қозғалтқышпен тежеу мүмкін болмайды, ал бұл апаттық жағдайлардың орын алу қаупін арттырады.

ЕСКЕРТПЕ

Егер Сіздің автокөлігіңізді тоқтату барысында селектордың иінтірегі "N" күйінде болса Сіздің оны әрі қарай "R" немесе "P" күйіне ауыстыра алмай қалуыңыз мүмкін. Мұндай жағдайларда оталдыру құлпын "ON" күйіне ауыстырыңыз. Осыдан кейін Сіз селектордың иінтірегінің "P" күйіне ауыстыра аласыз.

▼ "D" күйі (қозғалыс)


Бұл күй автокөліктің қалыпты жағдайларда алға қарай қозғалуына арналған. Трансмиссия талап етілетін жылдамдық пен берілісті үдету деңгейі үшін оңтайлы беріліске автоматты түрде және үздіксіз ауыстырылуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, өрге қарай немесе одан төмен қарай жүргенде трансмиссия жолдың еңісіне байланысты жүрістік сипаттамаларын және қозғалтқыштың тежелуін бақылайды.

Егер "D" күйімен қозғалу барысында үдетуді арттыра түсу талап етілетін болса, акселератордың басқышын тірелгенше басыңыз және оны осы қалыпта ұстап тұрыңыз. Трансмиссиясы автоматты түрде неғұрлым төмен беріліске ауысатын болады. Трансмиссия әдеттегі автоматты трансмиссия ретінде жұмыс істейтін болады. Егер Сіз басқышты босататын болсаңыз, онда трансмиссиясы үдетуге дейін қосулы болған беріліске қайта ауысады.


Қолша басқару режімі бар моделде "D" күйінде болғанда рөл дөңгелегінің арғы жағында орналасқан рөл астындағы берілісті ауыстырып-қосқыштардың бірі басылатын болса, трансмиссия уақытша қолша басқару режіміне ауысады. Бұл режімде Сіз рөл астындағы ауыстырып-қосқыштардың көмегімен кез келген беріліске ауыса аласыз. Қолша басқару режімі туралы неғұрлым толық ақпарат алу үшін

"Қолша басқару режімін таңдау" бөлімін қараңыз ☞7-18. Автокөліктің жылдамдығы тұрақтағаннан кейін трансмиссия қолша басқару режімінен "D" режіміне қайтадан ауысады.

■ Қолша басқару режімін таңдау (егер қарастырылған болса)




"A" түрі




"B" түрі

Автокөлік қозғалып келе жатқанда немесе тұрса, қолша басқару режімін таңдау үшін селектор иінтірегін "D" күйінен "M" күйіне ауыстырыңыз.



"A" түрі

1) Берілісті арттыру индикаторы.
2) Берілісті төмендету индикаторы.
3) Қосулы берілістің индикаторы.




"B" түрі
1) Берілісті арттыру индикаторы.
2) Берілісті төмендету индикаторы.
3) Қосулы берілістің индикаторы.

Қолша басқару режімін таңдаған кезде аспаптар комбинациясында қосылған берілістің индикаторы, берілістің көтерілгендігін және/немесе төмендегенін білдіретін индикатор қосылады.

Қосылған беріліс индикаторы қосылған берілісті 1 бастап 7 дейінгі аралықта көрсетеді.

Берілістің жоғарылауының және төмендеуінің индикаторы берілісті ауыстырып қосудың мүмкін бағытын көрсетеді. Берілістің жоғарылауын білдіретін индикатор "▲" қосылған кезде неғұрлым жоғары беріліске ауысу мүмкін. Берілістің төмендеуін білдіретін индикатор "▼" қосылған кезде неғұрлым төмен беріліске ауысу мүмкін. Егер екі индикатор да қосылған болса, онда неғұрлым жоғары беріліске де, сондай-ақ неғұрлым төмен беріліске де ауысуға болады. Автокөлік тоқтаған кезде (мысалы, бағдаршам алдында) берілістің төмендеуін білдіретін индикатор сөнеді.

Берілістерді ауыстырып қосуды рөл дөңгелегінің арғы жағында орналасқан рөл астындағы берілісті ауыстырып-қосқыштардың көмегімен жүзеге асыруға болады.



Келесі, неғұрлым жоғары беріліске ауыстырып қосу үшін рөл астындағы "+" болып белгіленген ауыстырып-қосқышты тартыңыз. Неғұрлым төмен беріліске ауыстырып қосу үшін рөл астындағы "–" белгіленген берілісті ауыстырып-қосқышты тартыңыз.

Қолша басқару режімінен шығу үшін селектордың иінтірегін "M" күйінен "D" күйіне қайта бұрыңыз.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Рөл астындағы берілісті ауыстырып-қосқыштарға ешқандай заттарды қоймаңыз және ілмеңіз. Керісінше жағдайда бұның берілістердің кездейсоқ ауысып-қосылуына соқтыруы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

- **Сізден төменде беріліп отырған ережелермен мұқият танысып шығуыңызды және қолша басқару режімін пайдалану барысында оларды есте сақтауыңызды сұраймыз.**
- **Егер иінді біліктің айналу жиілігі өте жоғары болғанда Сіз неғұрлым төмен беріліске ауысуға тырысатын болсаңыз, демек, берілісті төмендету нәтижесінде тахометрдің көрсеткіші қызыл аймақ белгісінен тыс болса Сізге берілісті төмендетудің мүмкін еместігін ескертетін дыбыстық сигнал беріледі.**
- **Егер автокөліктің жылдамдығы өте төмен болғанда Сіз неғұрлым жоғары беріліске ауысуға тырысса-**


- ЖАЛҒАСЫ –

ңыз, трансмиссия бұны елемейді.
- **Егер Сіз берілісті өткізіп жібергіңіз келсе (мысалы, 4-берілістен 2-беріліске ауысқыңыз келсе), өзіңізге қарай рөл астындағы тиісті берілісті ауыстырып-қосқышты екі рет тартыңыз.**
- **Автокөлік тоқтаған кезде трансмиссия автоматты түрде 1-берілісті орнатады.**
- **Егер трансмиссиялық сұйықтықтың температурасы тым жоғары болса, онда аспаптар комбинациясында "AT OIL TEMP" ескерту шамы жанады. Дереу арада ең жақын қауіпсіз жерге автокөлікті тоқтаңыз және осы ескерту шамы сөнгенше қозғалтқыштың бос жүріс режімінде жұмыс істеуіне мүмкіндік жасаңыз.**


▼ Берілісті ауыстырып қосу индикаторы (егер орнатылған болса)

Егер жанармай шығынын төмендету үшін неғұрлым жоғары беріліске ауыстыру ұсынылатын болса, берілісті арттыру индикаторы жыпылықтайды. Егер неғұрлым төмен беріліске ауыстыру ұсынылатын болса, бірілісті төмендету индикаторы жыпылықтайды.

■ "L" режімін таңдау (егер қарастырылған болса)




"A" түрі



"B" түрі

"L" күйі қозғалтқышты өрден төмен қарай және т. б. қозғалыс кезінде қозғалтқышты тежеу үшін пайдалануға арналған. Бұл режімді таңдау үшін селектордың иінтірегін "D" күйінен "L" күйіне қарай сырғытыңыз.



Режімді таңдау кезінде аспаптар комбинациясында "L" индикаторы қосылады.

"L" режімін жою үшін селектордың иінтірегін "D" күйіне ауыстырыңыз.

■ Селектор иінтірегін бұғаттау функциясы

Селектор иінтірегін бұғаттау функциясы селектор иінтірегінің дұрыс жұмыс істемеуін болдырмауға көмектеседі.

- Селектордың иінтірегі оталдыру құлпы "ON" күйіне ауыстырылғанша және тежегіштің басқышы толық басылмайынша жылжытылмайды.
- Тежегіштің басқышын басқанға дейін селектордың иінтірегін "P" күйінен кез келген басқа күйге ауыстыру мүмкін емес. Алдымен тежегіштің басқышын толық басыңыз, содан кейін селектор иінтірегін жылжытыңыз.
- Сіз оталдыру құлпын "ACC" күйінен "LOCK"/"OFF" күйіне бұрып, оталдыру құлпынан кілтті тек селектордың иінтірегі "P" күйінде болғанда ғана ала аласыз.
- Егер селектордың иінтірегі "N" күйінде болғанда оталдыру құлпы "LOCK"/"OFF" күйіне ауыстырылса, онда біраз уақыт бойы селектордың иінтірегін "P" күйіне ауыстыру мүмкін емес. Сондықтан, селектордың иінтірегін "P" күйіне ауыстыруды тежегіштің басқышы басулы болғанда, оталдыру құлпы "LOCK"/"OFF" күйіне ауыстырылғаннан кейін барынша тез арада жүзеге асыру керек.

▼Селектордың иінтірегін бұғаттан алу Егер селектордың иінтірегі жылжымайтын болса, оталдыру құлыптарын қайтадан "ON" күйіне ауыстырыңыз, содан кейін тежегіштің басқышын толық басып және селектордың иінтірегінің түймесін баса отырып селектордың иінтірегін "P" күйіне ауыстырыңыз.
Егер жоғарыда сипатталған рәсімдерді орындағаннан кейін селектордың иінтірегі жылжымаса, келесі әрекеттерді орындаңыз.

- **Егер селектордың иінтірегі "P" күйінен "N" күйіне ауыстырылмаса:**
  "Селектордың иінтірегін селектордың иінтірегін бұғаттан алу түймесі арқылы бұғаттан алу" бөлімін қараңыз ☞7-21.
- **Егер селектордың иінтірегі "N" күйінен "R" немесе "P" күйіне ауыстырылмаса**
  Оталдыру құлпы "ACC" күйіне ауыстырылғаннан кейін 60 секунд ішінде тежегіштің басқышын толық басып және селектор иінтірегіндегі түймені басып селектордың иінтірегін "P" күйіне ауыстырыңыз.


Егер Сіздің жоғарыда көрсетілген рәсімдерді орындауыңызға тура келсе, онда селектордың иінтірегін бұғаттан алу жүйесінің (немесе автокөлікті басқару жүйесінің) ақаулы болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда біз Сізге Сіздің автокөлігіңізге диагностика жүргізу үшін мүмкіндік пайда бола салысымен SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

Егер селектордың иінтірегі жоғарыда көрсетілген рәсімдерді орындағаннан кейін жылжымайтын болса, "Селектордың иінтірегін селектордың иінтірегін бұғаттан алу түймесі арқылы бұғаттан алу" бөлімін қараңыз☞7-21.

▼ Селектордың иінтірегін селектордың иінтірегін бұғаттан алу түймесі арқылы бұғаттан алу


Селектордың иінтірегін бұғаттан алу үшін төмендегі рәсімдерді орындаңыз.

1. Автокөлікті тұрақ тежегішіне қойыңыз және қозғалтқышты сөндіріңіз.



2. Тегіс бұрағыштың ұштығын винил таспамен немесе шүберекпен ораңыз және оны селектордың иінтірегінің бұғаттау құлпының бітеуішін алу үшін пайдаланыңыз. Селектордың иінтірегін бұғаттан алу түймесі селектордың

иінтірегін бұғаттау құлпының бітеуішінің астында болса.



3. Тежегіштің басқышын толық басып тесікке бұрағышты салыңыз, онымен селектордың иінтірегін бұғаттан алу түймесін баса отырып, селектордың иінтірегін жылжытыңыз.

Егер жоғарыда көрсетілген рәсімдерді орындағаннан кейін де селектордың иінтірегін жылжыту мүмкін болмаса, онда селектордың иінтірегін бұғаттан алу жүйесінің ақаулы болуы мүмкін. Біз Сіздің автокөлігіңізді диагностикалау бойынша жұмыстарды жүргізу үшін SUBARU дилеріне мүмкіндік пайда бола салысымен баруға кеңес береміз.

■ Жүргізу бойынша кеңестер

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Егер акселератордың басқышы және тежегіштің басқышы бір уақытта басылса, айналу сәтінің шектелуі мүмкін. Бұл ақау болып табылмайды.


- Автокөлік тоқтаған кезде селектордың иінтірегі "D" немесе "P" күйінде тұрса, автокөліктің қалпын үнемі жұмыстық немесе тұрақ тежегішінің көмегімен бекітіңіз.
- Сіздің автокөлігіңізді тұтақтату кезінде автокөлікті үнемі тұрақ тежегішіне қойыңыз. Автокөлікті тек трансмиссияның механикалық үйкелісі есебінен ұстап тұрмаңыз.
- Жоғары қарай көтерілетін еңісте "D" күйінде тұрған трансмиссияның көмегімен автокөлікті қозғалыссыз күйде ұстап тұруға болмайды. Оның орнына тежегішті пайдалану қажет.
- Сирек жағдайларда, автокөлікті кенеттен үдеткенде немесе орнынан шұғыл қозғалғанда қозғалтқышта детонациялық соққының естілуі мүмкін. Бұл қандай да бір ақаудың бар екендігінің дәлелі емес.

SI-DRIVE жүйесі (егер орнатылған болса)

S1-DRIVE жүйесі (SUBARU Intelligent Drive - "Subaru интеллектуалды жетегі") қозғалтқыштың мүмкіндіктерін барынша пайдалану, басқару тиімділігін арттыру және жанармайдың үнемділік сипаттамаларын жақсарту үшін әзірленген.
Бұл жүйенің екі режімі бар: "Intelligent" (I) режімі және "Sport" (S) режімі SI-DRIVE жүйесінің ауыстырып-қосқыштарының көмегімен қуаттық агрегаттың жұмыстық сипаты өзгереді.

■ "Intelligent" (I) режімі

▼ Біркелкі, үнемді жүру үшін




"Intelligent" (I) режімнің үдетілу қатарының сипаттамасы қарапайым күнделікті режімдегі қозғалыс үшін керемет.
"Intelligent" (1) режімі жанармайдың жоғары үнемделуі мен артық жүктемесіз біркелкі қозғалысты қамтамасыз ете отырып пайдаланушылық сипаттамаларын мінсіз теңдестіреді. Жанармайдың үнемделуінің жоғары болуы үшін үдету барысында қуат біртіндеп беріледі.
Бұл режім қала ішіндегі сапарлар үшін және толық қуат талап етілмейтін жағдайлар үшін өте қолайлы.

акселератор басқышын басуға қатысты орындалатын әрекеттердің жайлы болуы арқасында осы режімде тайғақ жолдар немесе беті борпылдақ жолдар сияқты қиын жағдайларда жүруді басқаруды мінсіз болуы қамтамасыз етіледі.

■ "Sport" (S) режімі

▼ Әмбебап сипаттамаларды жаңарта отырып жүру үшін




"Sport" (S) режімі қуаттың әр сапар сайын жүргізу тәжірибесін іске асыру үшін қажетті шамада берілуін қамтамасыз етеді.

■ SI-DRIVE жүйесінің ауыстырып-қосқышы

ЕСКЕРТПЕ

SI-DRIVE жүйесінің қандай да бір индикаторының жыпылықтауы жүйеде ақаудың болуы мүмкін екендігін білдіреді. Мұндай жағдайларда біз Сізге өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласуды ұсынамыз.



SI-DRIVE жүйесінің ауыстырып-қосқыштары


"Intelligent" (1) режімін таңдау үшін "I" ауыстырып-қосқышын басыңыз. "Sport" (S) режімін таңдау үшін, "S" ауыстырып-қосқышын басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

SI-DRIVE жүйесі дағды бойынша "Intelligent" (I) режімінде жұмыс істейді. Қозғалтқышты сөндіргеннен кейін алдында бапталған режім жойылады және SI-DRIVE жүйесі қозғалтқышты келесі қосу кезінде "Intelligent" (I) режіміне оралады.

Рөлдік басқарудың үдеткіші

Рөлдік басқарудың үдеткіші тек қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде ғана жұмыс істейді.



Оталдыру құлпын "ON" күйіне ауыстырғанда аспаптар комбинациясында рөлдік басқарудың үдеткішінің ескерту шамы жүргізушіні ескерту жүйесінің жұмысының дұрыстығын хабарлай отырып жанады. Содан кейін, қозғалтқышты іске қосқаннан кейін ескерту шамы сөніп, жүргізушіге рөлдік басқарудың үдеткішінің жұмысының қалыпты екендігі жайлы ақпараттандырады.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Рөлдік басқарудың үдеткішінің ескерту шамы жанғанда, рөл дөңгелегін бұрған кезде Сіз үлкен кедергіні сезуіңіз мүмкін. Мұндай жағдайда біз Сізге тиісті сақтық шараларын ұстана отырып, Сіздің автокөлігіңізге диагностика жүргізу үшін жақын жердегі SUBARU дилеріне жетуді ұсынамыз.

ЕСКЕРТПЕ

Рөл дөңгелегімен келесі әрекеттерді жасау кезінде рөлдік басқарудың үдеткішінің басқару блогы және жетектік электрлік қозғалтқыш сияқты тораптарды қызып кетуден сақтау мақсатында қосалқы үдеуді уақытша шектеуі мүмкін.

- **Автокөліктің жылдамдығы барынша төмен болған кезде маневр жасау барысында рөл дөңгелегін жиі және шұғыл бұру, мысалы, қатарынан тұрақтату кезінде рөл дөңгелегінің жиі бұрылуы барысында.**
- **Рөл дөңгелегі ұзақ уақыт бойы толық бұралған күйінде қалады.**

Мұндай жағдайда рөл дөңгелегін бұру барысында Сіздің үлкен кедергіні сезуіңіз мүмкін. Бір бұл ақау болып табылмайды. Рөлдік басқарудың қалыпты үдеуі рөл дөңгелегі біраз уақыт бойы бұрылмағаннан кейін қалпына келтірілетін болады және рөлдік басқарудың үдеткішінің тораптары үшін салқындау мүмкіндігі пайда болады. Алайда, егер рөлдік басқарудың үдеткіші қосалқы үдеуді шектегіштің тым жиі іске қосылуына әкеліп соғатын бейстандарт тәсілмен пайдаланылса, бұл рөл басқарудың үдеткішінің жарамсыздығына әкелуі мүмкін.

Тежегіштер

■ Тежеу бойынша кеңестер

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Автокөліктің қозғалысы кезінде аяғыңызды тежегіштің басқышында ұстамаңыз. Бұл тежегіш қалыптарының қауіпті қызып кетуіне және уақытынан бұрын тозуына әкелуі мүмкін.

▼ Тежегіштер суланған кездегі әрекеттер тәртібі

Жаңбырлы күні жол жүргеннен кейін немесе автокөлікті жуғаннан соң оның тежегішінің сулануы мүмкін. Бұның нәтижесінде автокөліктің тежелу жолы артады. Тежегішті кептіру үшін, тежегішті қыздыру мақсатында тежегіштің басқышын аздап басу арқылы қауіпсіз жылдамдықпен біраз жүріңіз.

▼ Қозғалтқышты тежеу

Жұмыстық тежегіш жүйесіне қосымша Сіз қозғалтқышпен тежелуді жүзеге асыра алатыныңызды ұмытпаңыз. Тек қана жұмыстық тежегіш жүйесін пайдалана отырып еңіспен төмен қарай жүрудің тежегіш қалыптарының қызып кетуін, ал салдарынан тежегіш сұйықтығының қызып кетуін тудыруы мүмкін, ал бұл өз кезегінде тежегіш жүйесінің қалыпты жұмысына нұқсан келтіруі ықтимал. Мұны болдырмау үшін неғұрлым төмен беріліске ауысып, қозғалтқышты тежеуді пайдаланыңыз.

▼Шина тесілгенде тежеу

Егер шина тесілген болса, тежегіштің басқышының бірден басылуына жол бермеңіз.
Бұл автокөлікті бақылауды жоғалтуға әкелуі мүмкін. Қозғалысты түзу бағытта, жылдамдықты бірте - бірте баяулата отырып жалғастырыңыз. Содан кейін байыппен жол жетіне шығып, қауіпсіз жерде тұрақтаңыз.

■ Тежегіш жүйесі

▼Екі бөлек контур

Сіздің автокөлігіңіздің тежеу жүйесінде екі бөлек контур бар. Бөлек контурлардың әрқайсысы диагональ бойынша орналасқан. Егер тежегіш жүйесінің контурларының бірі жарамсызданатын болса, онда автокөліктің тежелуі екінші контурмен қамтамасыз етіледі. Тежегіш жүйесінің контурларының бірі істен шығатын болса, тежегіштің басқышының жүрісі әдеттегіден үлкен болады, ал тежегіштің басқышы үлкен күшпен басылатын болады. Сонымен қатар мұндай жағдайларда автокөліктің

- ЖАЛҒАСЫ –

тежелу жолы ұлғаяды.

▼ Тежегіш жүйесінің үдеткіші

Тежегіш жүйесінің үдеткішінің жұмысы қозғалтқыштың енгізетін коллекторындағы сиретілуді пайдалануға негізделген.

Автокөліктің қозғалысы кезінде қозғалтқышты сөндірмеңіз, өйткені, бұл кезде тежегіш жүйесінің үдеткіші де жұмысын тоқтатады, ал бұл тежеу күштің азаюына соқтырады.

Автокөлікті тежегіш жүйесінің үдеткіші толығымен жұмысқа қабілетті болмаған кезде де тежеуге болады. Алайда, бұл кезде тежегіштің басқышы әдеттегі қалыпты жағдайға қарағанда үлкен күшпен басылады, ал автокөліктің тежелу жолы артады.

▼ Вакуумдық жүйе жарамсыз болғанда қосымша үдету функциясы

Егер оталдыру құлпы "ON" күйінде болса, ал қозғалтқыш жұмыс істеп тұрса, онда вакуумдық үдеткіштің тиімділігінің жеткіліксіздігі нәтижесінде тежеу жүйесінің үдеткішінің сипаттамалары төмендеген кезде қосымша үдету функциясы іске қосады.

Егер қосымша үдету функциясы жұмыс істеп тұрған кезде тежегіштің басқышы басылса, тежегіштің басқышында дірілдің байқалуы және жұмыстық дыбыстың естілуі мүмкін. Бұл ақау болып табылмайды.

▼ Шұғыл тежеу кезіндегі көмек жүйесі

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Шұғыл тежеу кезіндегі көмек жүйесіне шамадан тыс сенбеу керек. Бұл жүйе автокөліктің тежегіш жүйесі қамтамасыз ететін тежеу сипаттамаларына қол жеткізуге мүмкіндік бермейді. Автокөлігіңізді басқару кезінде өте сақ болыңыз! Жылдамдық режімін және қауіпсіз қашықтықты сақтаңыз.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Егер кенеттен шұғыл тежеу қажеттігі пайда болса, онда шұғыл тежеу кезіндегі көмек жүйесінің тиісінше іске қосылуын қамтамасыз ету үшін тежегіш басқышын күштеп басуды жалғастыру керек.

Шұғыл жағдайдағы көмек жүйесі жүргізушіге шұғыл жағдайда тежеуді жүзеге асыруға көмектеседі. Ол жүргізуші тежегіш басқышын қатты баса алмаған жағдайда және тежеу күші жеткіліксіз болған тежеу күшін арттыруға көмектеседі.

Шұғыл жағдайдағы көмек жүйесі жүргізуші тежегіш басқышын басатын жылдамдыққа сәйкес тежеу күшін генерациялайды.

ЕСКЕРТПЕ

Егер Сіз тежегіштің басқышын кенеттен және қатты басатын болсаңыз, төменде сипатталған қауіпті құбылыстардың пайда болуы мүмкін. Дегенмен, тіпті олар орын алса да бұл қандай да бір ақаулардың бар екендігін білдірмейді, шұғыл тежеу кезіндегі көмек жүйесінің қалыпты жұмыс істейтіндігін куәландырады.

- **Сіздің тежегіштің басқышын қатты күшпен басқанда үлкен тежеу күшінің генерацияланатынын байқауыңыз мүмкін.**
- **Сіздің мотор бөлігінен жұмыс істеп тұрған ABS жүйесінің дыбысын естуіңіз мүмкін.**

▼Шұғыл тежеу сигналы

Шұғыл тежеу сигналы тежегіштің басқышы кенеттен басылған кезде автоматтық жарықтық сигналды қысқа аралықпен автоматты түрде жыпылықтауға мәжбүрлейтін функция болып та-былады. Апаттық жарықтық сигналдың тез жыпылықтауы артта келе жатқан автокөліктерге ескерту жасайды және соқтығысу ықтималдығын азайтады.

▽ Іске қосылу шарттары

Шұғыл тежеу сигналы төменде беріліп отырған шарттардың бірі сақталған жағдайда іске қосылады.

- Апаттық жарықтық сигнал сөндірулі.
- Автокөліктің жылдамдығы 60 ш./ сағ. немесе одан да жоғары.
- Жүйе тежегіштің басқышын басқан кезде автокөліктің баяулағандығы туралы деректерге сүйеніп шұғыл тежеудің орын алғанын анықтайды.


▽ Автоматты түрде сөндіру

Шұғыл тежеу сигналы келесі жағдайлардың бірінде сөнеді.

- Апаттық жарықтық сигнал қосылған.
- Тежегіштің басқышын босатылған.
- Жүйе автокөліктің баяулағандығы туралы деректерге сүйеніп шұғыл тежеудің аяқталғандығын анықтайды.

Шұғыл тежеу сигналының функциясын SUBARU дилерінде қосуға/ сөндіруге болады. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін біз Сізге өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласуды ұсынамыз.

■ Дискілі тежегіш қалыптарының тозу индикаторы



Дискілі тежегіштердегі қалыптардың тозу индикаторлары тежегіш қалыптардың белгілі тозу дәрежесінде ескерту шуының берілуін қамтамасыз етеді.

Егер тежеу барысында дискілік тежегіштерде шиқылдаған немесе сықырлаған дыбыс естілсе, біз Сізге диагностика жұмыстарын жүргізу үшін дереу арада өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласуды ұсынамыз.

ABS жүйесі (тежегіштердің бұғаттауға қарсы жүйесі)

ABS жүйесі тайғақ жолда кенеттен тежеу немесе тежеу кезінде болуы мүмкін дөңгелектердің бұғатталуына жол бермейді. Бұл дөңгелектер бұғатталған кезде басқаруды жоғалтудың алдын алады және автокөліктің бағыттық тұрақтылығын арттырады.

ABS жүйесінің жұмысы кезінде дірілдейтін бөлшектердің аздаған шуының естілуі немесе тежегіштің басқышында шамалы дірілдің сезілуі мүмкін. Бұл ABS жүйесінің жұмысы кезіндегі қалыпты құбылыстар.

Егер автокөліктің жылдамдығы шамамен 10 ш./ сағ. төмен болса ABS жүйесінің жұмыс істеуі мүмкін емес.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Сіздің автокөлігіңізді басқару кезінде өте сақ болыңыз! Сіздің автокөлігіңіздің ABS жүйесімен жабдықталғандығынан туындаған артық сенімділіктің ауыр апаттарға әкелуі мүмкін.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **ABS жүйесі тежеу жолының азаюына үнемі ықпал ете бермейді. Сондықтан, қозғалыс кезінде міндетті түрде қауіпсіз қашықтықты сақтаңыз.**
- **Жамылғысы нашар, қиыршық тас жамылғысы бар жолдармен немесе мұзданған жолдармен жүргенде, сондай-ақ жаңа жауған қар жамылғысы қалың жолмен жүргенде ABS жүйесі бар автокөліктің тежеу жолының мұндай жүйесі жоқ автокөлікке қарағанда артық болуы мүмкін. Сондықтан, осындай жағдайларда қозғалыс жылдамдығын төмендетіп, басқа автокөліктерден жеткілікті қашықтықты сақтаңыз.**
- **Егер сырғанауға қарсы шынжырлар тағылған болса ABS жүйесі бар автокөліктің тежеу жолының мұндай жүйесі жоқ автокөлікке қарағанда артық болуы мүмкін. Міндетті түрде жылдамдықты төмендетіңіз және алда келе жатқан автокөлікке дейін қауіпсіз қашықтықтың сақталуын қамтамасыз етіңіз.**
- **Сіз ABS жүйесінің іске қосылғанын сезген кезде Сіздің тежегіштің басқышын үнемі басулы күйде ұстауыңыз керек. Тежегіштің басқышының бірнеше рет басылуына жол бермеңіз, өйткені, бұл ABS жүйесінің жұмысының тоқтауына әкелуі мүмкін.**

■ ABS жүйесінің өзіндік диагностикасы

Қозғалтқышты іске қосқаннан кейін бірден Сіз тежегіштің басқышында ABS жүйесі іске қосылған кезде пайда болатын діріл сияқты дірілді сезуіңіз және мотор бөлігінен жұмыс істеп тұрған ABS жүйесінің дыбысын естуіңіз мүмкін. Бұл ABS жүйесінің автоматты функциялық тестінің жүзеге асуынан туындайды және ешқандай ақаудың бар екендігін білдірмейді.

■ ABS жүйесінің ескерту шамы


"ABS жүйесінің ескерту шамы" бөлімін қараңыз ☞3-29.

EBD жүйесі (Тежеу күшінің таратылуының электрондық жүйесі)

EBD жүйесі үлкен тежеу күшін артқы тежегіштерге бөлу жолымен тежеудің тиімділігін арттырады. Реттеу және тежеу күшін артқы дөңгелектерге бөлу автокөліктің жүктелуі мен оның жылдамдығына байланысты жүзеге асырылады.
EBD жүйесі тежеу күшін бөлуді оңтайландыру бойынша дербес функцияларын орындау үшін ABS жүйесінің кейбір компоненттерін пайдалана отырып, ABS жүйесінің құрамына кіреді. ABS жүйесінің EBD жүйесі пайдаланатын кез келген компоненттерінде ақау болған кезде соңғысы жұмысын тоқтатады.

EBD жүйесінің жұмысы кезінде дірілдейтін бөлшектердің аздаған шуының естілуі немесе тежегіштің басқышында шамалы дірілдің сезілуі мүмкін. Бұлар белгілі ақаулардың дәлелі болып табылмайтын қалыпты құбылыстар.

■ EBD жүйесі жарамсыз болғандағы әрекеттер



EBD жүйесінде қандай да бір ақау пайда болғанда ол жұмыс істеуін тоқтатады, ал аспаптар панелінде бір мезгілде тежегіш жүйесі мен ABS жүйесінің ескерту шамдары қатарынан жанады.

Егер автокөліктің қозғалысы кезінде бір уақытта тежегіш жүйесінің және ABS жүйесінің ескерту шамдары жанатын болса, онда мұның EBD жүйесінде ақаудың бар екендігін білдіруі мүмкін. Дәстүрлі тежегіш жүйесі EBD жүйесінде ақау болған кезде де өзінің жұмысқа қабілеттілігін сақтап қалады. Сонымен қатар, тежеу басқышын әдеттегіден неғұрлым қатты басқанда артқы дөңгелектердің бұғатталу ықтималдығы артады. Бұл автокөлікті басқаруды қиындатуы мүмкін.

Тежегіш жүйесінің ескерту шамы мен ABS жүйесінің ескерту шамы бір уақытта қосылатын болса мынадай әрекеттерді орындаңыз.

1. Автокөлікті жақын маңдағы қауіпсіз жерде көлденең бетте тоқтатыңыз.
2. Қозғалтқышты сөндіріңіз, автокөлікті тұрақтық тежегішіне орнатыңыз, содан кейін қозғалтқышты қайта іске қосыңыз.
3. Автокөлікті тұрақ тежегішінен алып тастаңыз. Егер екі ескерту шамы сөнетін болса, онда бұл EBD жүйесі жұмысының дұрыс еместігін білдіруі мүмкін. Мұндай жағдайда біз Сізге жүйеге диагностика жүргізу үшін жақын жердегі SUBARU дилеріне дейін ерекше сақтықпен жетіп алуды ұсынамыз.
4. Егер екі ескерту шамы қайта жанса және қозғалтқышты қайта іске қосқаннан кейін жануды жалғастырса, қозғалтқышты тағы да сөндіріңіз, автокөлікті тұрақтық тежегіш күйіне келтіріңіз және тежегіш сұйықтықтың "Тежегіш сұйықтығы" бөлімін қараңыз☞11-23.
5. Егер тежегіш сұйықтығының деңгейі "MIN" белгісінен төмен түспесе, онда бұл EBD жүйесінің дұрыс еместігін білдіреді. Мұндай жағдайда біз Сізге жүйеге диагностика жүргізу үшін жақын жердегі SUBARU дилеріне дейін ерекше сақтықпен жетіп алуды ұсынамыз.
6. Егер тежегіш сұйықтығының деңгейі "MIN" белгісінен төмен түссе, онда автокөлікті әрі қарай пайдалануға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ. Мұндай жағдайда біз Сізге автокөлікті SUBARU ресми дилеріне жеткізу үшін эвакуатор қызметін пайдалануды ұсынамыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Тежегіш жүйесінің ақауын ескерту шамы жанып тұрған кезде автокөлікпен қозғалу - қауіпті. Бұл Сіздің автокөлігіңіздің тежегіш жүйесінің тиісінше жұмыс істей алмайтындығын білдіреді. Егер ескерту шамы жанып тұруды жалғастыратын болса, біз Сізге Сіздің автокөлігіңіздің тежегіш жүйесіне диагностика жүргізу үшін дереу арада SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.**
- **Егер Сізде оның тежегіш жүйесінің жұмысқа қабілеттілігіне қатысты үлкен күмән туындаса автокөлікті басқармаған жөн. Жөндеу жүргізу үшін Сіздің автокөлігіңізді SUBARU ресми дилеріне жеткізу үшін біз Сізге эвакуатор қызметін пайдалануды ұсынамыз.**

VDC жүйесі (динамикалық тұрақтандыру жүйесі)

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Сіздің автокөлігіңізді басқару кезінде өте сақ болыңыз! Сіздің автокөлігіңіздің VDC жүйесімен жабдықталғандығынан туындаған артық сенімділіктің ауыр апаттарға әкелуі мүмкін.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Сіздің автокөлігіңіз VDC жүйесімен жабдықталған болса да, қарлы немесе мұзданған жолдармен жүргенде қысқы шиналардың немесе сырғанауға қарсы шынжырлардың қолданылуы керек. Сонымен қатар, қозғалыс жылдамдығының айтарлықтай төмендетілуі тиіс. Алайда, VDC жүйесінің болуы ғана Сіздің автокөлігіңіздің кез келген жағдайда апатқа ұшырамауының кепілдігі емес.**
- **Сырғанауға қарсы шынжырларды пайдаланғанда VDC жүйесінің жұмысының тиімділігі төмендейді. Мұны осындай жағдайларда сапарға шығу кезінде назарға алу қажет.**
- **VDC жүйесінің белсендірілуі Сіздің автокөлігіңіз жүріп келе жатқан жолдың тайғақ екенін көрсетеді. VDC жүйесінің болуының кез келген жағдайда автокөлікті толық бақылауды сақтаудың кепілі болып табылмайтынын ескере отырып, бұл жүйені іске қосудың Сіздің автокөлігіңіздің қозғалыс жылдамдығының айтарлықтай төмендеуінің сигналы ретінде қарастырылуы тиіс.**
- **Аспаның, рөл басқарудың немесе автокөліктің өсінің қандай да бір элементтерін ауыстырғаннан кейін біз Сізге осы жүйені тексеру үшін SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.**
- **VDC жүйесінің қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін Сіздің келесі сақтық шараларын сақтауыңыз керек.**

– Сіздің автокөлігіңіздің төрт дөңгелегінің барлығының өлшемдерінің, түрі мен маркасының бірдей болуы тиіс. Сонымен қатар, барлық төрт шинаның тозу дәрежесінің бірдей болуы керек.

– Шиналардағы қысымның жүргізуші жағындағы ортаңғы тіректе орналасқан олардың қысымы туралы ақпарат көрсетілген тақтайшадағы шамаларға сай болуы керек.

– Желі шыққан шинаны ауыстыру кезінде тек қана шиналар туралы ақпараты бар тақтайшада көрсетілген уақытша қосалқы дөңгелекті ғана пайдаланыңыз. Алайда, аталған уақытша қосалқы дөңгелекті пайдаланғанның өзінде де VDC жүйесі жұмысының тиімділігі төмендейді. Мұны осындай жағдайларда сапарға шығу кезінде назарға алу қажет.

- **Өлшемдері әртүрлі шиналарды пайдаланған кезде VDC жүйесінің дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.**

- **VDC жүйесі тежегіш жүйесінің жұмысын және қозғалтқыштың қуатын басқару арқылы автокөліктің сырғу сияқты тұрақсыз қозғалысын болдырмауға көмектеседі. Аса қажет болмаса VDC жүйесін сөндірмеңіз. Егер Сіздің VDC жүйесін сөндіруіңізге тура келсе, жол жабынының күйіне байланысты аса сақтықпен қозғалыңыз.**

Жетекші дөңгелектер тайғанақтағанда, сондай-ақ автокөлік тайғақ жолдан сырғып кеткенде, бұрылысты жүзеге асыру кезінде немесе соқтығысудан қашу барысында маневр жасағанда VDC жүйесі қозғалтқыш автокөліктің әрбір дөңгелегіне әсер ететін, оңтайлы тарту күшін қолдайтын және көліктің бағыттық тұрақтылығын қамтамасыз ететін қуатын және тежеу күшін реттеуді қамтамасыз етеді.

- **Тарту күшін реттеу функциясы**

Тарту күшін реттеу функциясы жол жамылғысы тайғақ жерлермен жүргенде жетекші дөңгелектердің тайғанақтауының алдын алуға арналған, бұл оңтайлы тарту күшін қолдайды және көліктің бағыттық тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Бұл функцияның жұмыс істейтіндігін VDC жүйесінің бақылау шамының жыпылықтауы көрсетеді.

- **Сырғуды болдырмау функциясы**

Сырғуды болдырмау функциясы дөңгелектердің рөл дөңгелегін бұру барысында бір жаққа қарай сырғуын болдырмау арқылы автокөліктің бағыттық тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Бұл функцияның жұмыс істейтіндігін VDC жүйесінің жұмысын бақылау шамының жыпылықтауы көрсетеді.

ЕСКЕРТПЕ

- **VDC жүйесі төмендегі шарттар болса жарамды деп танылады.**
  - **– Тежегіштің басқышының аздап тартылуы сезіледі.**
  - **– Автокөлік немесе рөл дөңгелегі аздап дірілдейді.**
  - **– Қозғалтқыш іске қосылғаннан кейін және қозғалыс басталған соң бірден аз уақытқа мотор бөлігінен жұмыстық шудың естілуі мүмкін.**
  - **– Қозғалтқышты іске қосқаннан кейін орнынан қозғалу кезінде тежегіштің басқышының итерілуі сезілуі мүмкін.**
- **Келесі жағдайларда автокөліктің қозғалысы жүргізушінің байқауына қарағанда тұрақсыздау болуы мүмкін. Алайда, VDC жүйесі іске қосыла алады. Мұндай іске**

- ЖАЛҒАСЫ –


қосылу жүйеніңжарамсыздығын білдірмейді:
- **– қиыршықтас жамылғысы бар жолдарда немесе айқын иірімді жолдарда;**
- **– төселуі аяқталмаған жолдарда;**
- **– автокөлікке тіркемені тіркеп сүйреу кезінде;**
- **– қысқы немесе тікенекті шиналармен жүргенде.**

- **VDC жүйесінің жұмысы кезінде рөл дөңгелегін басқаруды Сіздің қалыпты жағдайда қозғалысқа қарағанда сәл басқаша сезуіңіз мүмкін.**
- **Тіпті автокөлік VDC жүйесімен жабдықталса да, бұрылу алдында автокөліктің қозғалу жылдамдығын үнемі төмендету қажет.**
- **Дөңгелекті ауыстыру алдында қозғалтқышты міндетті тұрде сөндіріңіз. Бұл сақтық шараларын сақтамаудың VDC жүйесінің тиісті түрде жұмыс істей алмауына әкелуі мүмкін.**


■ VDC жүйесінің жұмысын бақылау

"VDC жүйесінің ескерту шамы/ VDC жүйесі жұмысының бақылау шамы" бөлімін ☞3-30 және "VDC жүйесінің сөнуін бақылау шамы" бөлімдерін қараңыз ☞.


■ VDC жүйесінің ажыратқышы



"A" түрі (сол жақтан басқарылатын моделдер)



"A" түрі (оң жақтан басқарылатын моделдер)




"B" түрі

VDC жүйесінің ажыратқышын басу немесе бұру VDC жүйесін сөндіреді.

VDC жүйесін сөндіру арқылы тиісті дөңгелектердің сырғытылуы келесі жағдайлардан шығуға көмектесе алады. Қажет болған жағдайда VDC жүйесінің ажыратқышын пайдаланыңыз:

- биік қар басқан немесе қиыршық тас-пен көмкерілген еңістерден немесе үсті тайғанақ еңісте орыннан қозғалғанда;
- қалың қарда немесе батпақта тұрып қалған автокөлікті шығару барысында.



Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде ажыратқышты басқанда немесе бұрғанда VDC жүйесінің сөндірілуін бақылау шамы жанады. Бұл ретте VDC жүйесі сөндіріледі және автокөлік жолда осындай жүйемен жабдықталмаған автокөлік сияқты жүретін болады. Ажыратқышты қайта басқанда ("A" түрі) немесе ажыратқышты ("B" түрі) "NORMAL" күйіне бұрғанда, бақылау шамы сөнеді. VDC жүйесін сөндірген кезде тарту күшін реттеу жүйесі және осы жүйе арқылы қамтамасыз етілетін тұрақтылықты арттыру функциясы сөнеді. Сондықтан, жоғарыда сипатталған жағдайлардан басқа кездерде VDC жүйесінің сөндірілмеуін қамтамасыз етуге тырысыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- **Егер VDC жүйесі VDC жүйесін ажыратқышты басу ("A" түрі) арқылы немесе ажыратқышты бұру арқылы ("B" түрі) сөндірілген болса, онда оталдыру құлпын келесі рет "LOCK"/"OFF" күйіне ауыстырғанда және қозғалтқышты іске қосқанда VDC жүйесі автоматты түрде іске қосылады.**
- **Егер ажыратқыш басылса ("A" түрі) немесе бұрылып ("B" түрі), басулы күйде 30 секундтан астам уақыт бойы ұстап тұрылса, онда бақылау шамы сөнеді, ал VDC жүйесі белсендіріліп, одан кейін ажыратқыштың басылуын елемейтін болады. Ажыратқыштың функционалдығын қалпына келтіру үшін оталдыру құлпын "LOCK"/"OFF" күйіне ауыстырыңыз, содан кейін қозғалтқышты қайтадан іске қосыңыз.**
- **Осы ажыратқышты VDC жүйесін сөндіру үшін басқаннан кейін ("A" түрі) немесе бұрғаннан кейін ("B" түрі) Сіздің автокөлігіңіздің жүріс сапасы VDC жүйесімен жабдықталмаған автокөліктің жүріс сапасымен теңдесетін болады. Аса қажет болмаса VDC жүйесін сөндірмеңіз.**
- **VDC жүйесі сөндірулі болса да, тежегішті басқару жүйесінің компоненттерінің белсендірілуі мүмкін. Тежегішті басқару жүйесін іске қосу кезінде VDC жүйесінің жұмысын бақылау шамы жанады.**

X-MODE режімі

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Автокөлігіңізді басқару кезінде өте сақ болыңыз! Сіздің автокөлігіңіздің X-mode режімімен жабдықталғандығынан туындаған артық сенімділік ауыр апаттарға әкелуі мүмкін.**
- **Автокөлігіңізді басқару кезінде өте сақ болыңыз! Сіздің автокөлігіңіздің еңіске түсіруді бақылау жүйесімен жабдықталғандығынан туындаған артық сенімділіктің ауыр апаттарға әкелуі мүмкін. Ерекше сақ болыңыз және өте биік еңіспен, мұзданған, батпақ немесе құмды жолмен жүргенде қажет болса тежегіштің басқышын басыңыз. Автокөліктің жылдамдығының тиісінше бақыланбауының оны бақылауды жоғалтып, салдарынан ауыр апаттың орын алуы ықтимал.**

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Сіздің автокөлігіңіз X-MODE жүйесімен жабдықталған болса да, қарлы немесе мұзданған жолдармен жүргенде қысқы шиналардың немесе сырғанауға қарсы шынжырлардың қолданылуы керек. Сонымен қатар, қозғалыс жылдамдығының айтарлықтай төмендетілуі тиіс. X-MODE жүйесінің болуы ғана Сіздің автокөлігіңіздің кез келген жағдайда апатқа ұшырамауының кепілдігі емес.**
- **Егер Сіз төмен жылдамдықпен жүргенде жолдың өте тайғақ екенін сезсеңіз, X-MODE режімін белсендіріңіз. X-MODE жүйесінің болуы кез келген жағдайда автокөлікті толық бақылауды сақтаудың кепілі болып табылмайды. X-MODE режімі белсендірілген болса да автокөліктің жылдамдығын айтарлықтай төмендетіңіз.**

- **Аспаның, рөлдік басқарудың немесе автокөліктің өсінің қандай да бір элементтерін ауыстырғаннан кейін біз Сізге осы жүйені тексеру үшін SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.**
- **X-MODE режімінің қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін Сіздің келесі сақтық шараларын сақтауыңыз керек.**
  - **Сіздің автокөлігіңіздің төрт дөңгелегінің барлығының өлшемдерінің, түрі мен маркасының бірдей болуы тиіс. Сонымен қатар, барлық төрт шинаның тозу дәрежесінің бірдей болуы керек.**
  - **Шиналардағы қысымның жүргізуші жағындағы ортаңғы тіректе орналасқан олардың қысымы туралы ақпарат көрсетілген тақтайшадағы шамаларға сай болуы керек.**

- Желі шыққан шинаны ауыстыру кезінде тек қана шиналар туралы ақпараты бар тақтайшада көрсетілген уақытша қосалқы дөңгелекті ғана пайдаланыңыз. Алайда, аталған уақытша қосымша дөңгелекті пайдаланғанда да X-MODE жүйесінің жұмысының тиімділігі төмендейді. Мұны осындай жағдайларда сапарға шығу кезінде назарға алу қажет.

- **Егер еңіске түсіруді бақылау функциясы ұзақ уақыт бойы үздіксіз жұмыс істесе, тежегіш дискілерінің температурасы артуы және еңіске түсіруді бақылау функциясы уақытша сөнуі мүмкін. Мұндай жағдайда еңіске түсіруді бақылау функциясының бақылау индикаторы сөнеді. Егер еңіске түсіруді бақылау функциясының бақылау шамы сөнсе, еңіске түсіруді бақылау функциясы сөндіріледі.**


X-MODE режимі нашар жолдармен жүргенде қозғалтқышты басқарудың интеграцияланған жүйесі, толық жетектің жүйесі, VDC және т.б. жүйесі болып табылады.

X-MODE режімін пайдалана отырып Сіз жол тайғанақ болғанда да, еңіске жоғары көтерілуді және төмен қарай түсуді қоса алғанда, барынша ыңғайлы жүре аласыз.
X-MODE режімінің мынадай функциялары бар.


- **Еңіске түсуді бақылау функциясы**
Еңіске түсуді бақылау функциясы арқылы Сіз еңіспен төмен қарай қозғалған кезде автокөліктің жылдамдығын үнемі бір шамада ұстап тұра аласыз. Егер автокөліктің жылдамдығы артатын болса, оны реттеу үшін тежегішті басқару жүйесі қосылады.

- **Басқаруды бақылау**
Бұл режім өрге қарай көтерілу қабілетін және басқарылуын жақсартады, сондай-ақ рөл дөңгелегін бұруды жеңілдете отырып, айналу сәтінің біркелкі арттырылуына мүмкіндік береді.


■ X-MODE жүйесінің режимдерін қосу/ сөндіру



X-MODE режімінің ауыстырып-қосқышы (түрі "A")



X-MODE режімінің ауыстырып-қосқышы (түрі "B")



▼ Қосу "A" түрі

X - MODE жүйесінің ауыстырып-қосқышын оңға немесе солға қарай бұрып, "SNOW/DIRT" (Қар/Балшық) немесе "D.SNOW/MUD" (Қалың қар/Балшық) режімін таңдаңыз. X-MODE режімін қосқанда X-MODE режімінің индикаторы жанады.

"B" түрі

X-MODE режімінің ауыстырып-қосқышын басыңыз. X-MODE режімін қосқанда X-MODE режімінің индикаторы жанады.

▼ Сөндіру "A" түрі және "B" түрі

X-MODE режімінің ауыстырып-қосқышын басыңыз. X-MODE режімін сөндіргенде X-MODE режімінің индикаторы сөнеді.

ЕСКЕРТПЕ

- **"SNOW/DIRT" режімі (Қар/Балшық) қар басқан, шинаның беті жолдың бетімен түйісуінің ізі қалатын жолмен жүргенде, сондай-ақ топырақты жолдармен жүру үшін оңтайлы.**
- **"D.SNOW/MUD" режімі (Қалың қар/Балшық) қалың қар басқан, шинаның беті жолдың бетімен түйісуінің ізі қалмайтын жолмен жүргенде, сондай-ақ балшықты жолдармен жүру үшін оңтайлы.**
- **Сіз автокөліктің жылдамдығы 20 ш./ сағ. немесе одан да артық болғанда X-MODE режімін X-MODE режімінің ауыстырып-қосқышын бұру ("A" түрі) немесе басу арқылы ("B" түрі) қосуға тырыссаңыз да, X-MODE режімі қосылмайды. Бұл ретте екі рет дыбыстық ескерту сигналы естіледі.**
- **Егер X-MODE режімі қосулы болған кезде автокөліктің жылдамдығы 40 ш./ сағ. немесе одан да артық болса дыбыстық ескерту сигналы бір рет беріледі, ал X-MODE режімі сөндіріледі.**
- **SI-DRIVE жүйесі бар моделдерде X-MODE режімін сөндіргенде SI-DRIVE жүйесінің жұмыс режімі "Intelligent" (1) түріне өзгереді.**
- **SI-DRIVE жүйесі бар моделдерде SI-DRIVE жүйесінің жұмыс режімі X-MODE режімі қосулы болғанда SI-DRIVE ауыстырып-қосқышын басқан кезде де өзгермейді. Бұл ретте екі рет дыбыстық ескерту сигналы естіледі.**
- **Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесі бар моделдерде X-MODE жүйесі қосылған кезде жүйе жұмысын тоқтатады.**
- **Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде X-MODE режімі төменде көрсетіліп отырған жағдайлардың кез келгенінде сөнетін болады. Мұндай жағдайда X-MODE режімін қосу мүмкін емес. Сонымен қатар, SI-DRIVE жүйесі бар моделдерде "Sport" (S) режімі орнатылады және басқа режімге ауысу мүмкін болмайды.**
  - **Ақаулықты анықтаудың бақылау шамы ("Check Engine" шамы) қосылған.**
  - **ATF температурасының ескерту шамы жыпылықтайды.**
  - **ABS жүйесінің ескерту шамы қосылған.**
  - **VDC жүйесінің ескерту шамы қосылған.**
- **Егер салқындатқыш сұйықтықтың температурасының артуы салдарынан қозғалтқыштың қызып кету қаупі болса,**

онда X-MODE режімін қосу мүмкін емес. X-MODE режімі қосулы болса да, ол қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығының температурасы артқанда сөнеді. Мұндай жағдайда SI-DRIVE жүйесі бар моделдер үшін "Sport" (S) режімі орнатылады.

"SI-DRIVE" жүйесі бар моделдер үшін:

- **X-MODE режімін сөндіргенде SI-DRIVE жүйесінің жұмыс режімі "Intelligent" (1) түріне өзгереді.**
- **X-MODE режімін қосқанда "SI-DRIVE" жүйесінің жұмыс режімін өзгерту мүмкін емес. Бұл ретте екі рет дыбыстық ескерту сигналы естіледі.**
- **Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде X-MODE режімі төменде көрсетіліп отырған жағдайлардың кез келгенінде сөнетін болады. Мұндай жағдайда X-MODE режімін қосу мүмкін емес. Сонымен қатар, SI-DRIVE жүйесі бар моделдерде "Sport" (S) режімі орнатылады және басқа режімге ауысу мүмкін болмайды.**
  - **Ақаулықты анықтаудың ескерту шамы ("CHECKENGINE") қосылады.**
  - **ATF температурасының ескерту шамы жыпылықтайды.**
  - **ABS жүйесінің ескерту шамы қосулы.**
  - **VDC жүйесінің ескерту шамы қосулы.**
- **Егер салқындатқыш сұйықтықтың температурасының артуы салдарынан қозғалтқыштың қызып кету қаупі болса, онда X-MODE режімін қосу мүмкін емес. Егер автокөлік X-MODE режімінде болса, онда салқындатқыш сұйықтықтың температурасы артқан кезде "Sport" (S) режіміне ауысу жүзеге асырылады.**
- **Қозғалтқыш сөндірулі болса, X-MODE жүйесін қосу мүмкін емес, себебі, еңіске түсуді бақылау функциясы белсенді емес.**

■ Еңіске түсуді бақылау функциясы (егер орнатылған болса)

Егер X-MODE режімі қосулы болса, ал автокөліктің жылдамдығы шамамен 20 ш./ сағ. кем болса, еңіске түсуді бақылау функциясы күту режіміне ауысады.
Егер автокөліктің жылдамдығы шамамен 20 ш./ сағ. кем болса, ал акселератордың басқышын басу бұрышы шамамен 10% кем болса функция іске қосылады.
Егер автокөліктің жылдамдығы шамамен 20 ш./ сағ. артық және акселератордың басқышы басулы болса функция сөнеді.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Еңіске түсуді бақылау функциясының тежеу күші үлкен тежеу күші талап етілетін жағдайда жеткіліксіз болуы мүмкін (мысалы, тіркемені сүйреткен кезде еңісте тұрақтайтын жағдайда).

ЕСКЕРТПЕ


- **Еңіске түсіруді бақылау функциясы жұмыс істеп тұрғанда да Сіз тежегіштің басқышының немесе акселератордың басқышының көмегімен автокөліктің жылдамдығын өзгерте аласыз.**
- **Еңіске түсуді бақылау функциясымен тежеу кезінде тежеу жүйесінің бақылау шамы қосылады.**
- **Еңіске түсуді бақылау функциясы жол еңісінің бұрышына қарамастан жұмыс істейді.**
- **Егер келесі жағдайлар орын алса, еңіске түсуді бақылау функциясының жұмысы дұрыс болып саналады.**
  - **Еңіске түсуді бақылау жүйесінің жұмысы барысында**

- ЖАЛҒАСЫ –

мотор бөлігінен оның жұмысына тән қысқа дыбыс естілуі мүмкін.


- **Еңіске түсуді бақылау функциясы жұмыс істеп тұрған кезде тежегіштің басқышын басқанда басу сезімі әдеттегіден өзгеше (әдеттегіден қатты және т.б.) болуы мүмкін.**

▼ Еңіске түсуді бақылау жүйесінің бақылау шамы



Бұл шам еңіске түсуді бақылау функциясы күту режімінде болғанда жанады. Функцияның жұмысы кезінде ол жыпылықтайды. Функция ажыратылғанда, ол сөнеді. Егер функция жұмыстық режімнен жұмыстық емес режімге ауысса, ол автокөліктің жылдамдығы шамамен 30 ш./ сағ. жеткенде сөнеді.

Шиналардағы ауа қысымының мониторинг жүйесі(TPMS) (егер орнатылған болса)



Шинадағы ауа қысымының төмендігін ескерту шамы

Шинадағы ауа қысымының мониторинг жүйесі жүргізушіге егер шинадағы ауа қысымы TPMS жүйесінің таңдалған режіміне сәйкес келетін шамадан айтарлықтай төмен болса, әрбір дөңгелекте орнатылған қадағалар сигнал арқылы ескертетін хабарлама береді. "Шинадағы ауа қысымының төмендігін ескерту шамы" бөлімін қараңыз ☞3-27.

Шинадағы ауа қысымының мониторинг жүйесі автокөлік қозғалысының жылдамдығы 40 ш./сағ. асып кеткен кезде ғана қосылады. Сонымен қатар, бұл жүйе шинадағы ауа қысымының күрт төмендеуі бойынша дереу әрекет етпеуі мүмкін (мысалы, жарылған кезде, үшкір затқа соғылған кезде).

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Егер қозғалыс кезінде шинадағы ауа қысымының төмендігін ескерту шамы жанса, ешқашан кенет тежемеңіз. Оның орнына мынадай қадамдарды орындаңыз. Керісінше жағдайда автокөліктің қатты зақымдануы және жарақат алып қалуы ықтимал.**
  - **(1) Қозғалысты түзу бағытта, жылдамдықты бірте - бірте баяулата отырып жалғастырыңыз.**
  - **(2) Содан кейін баяу жол шетіне шығып, қауіпсіз жерде тұрақтаңыз.**

(3)Шиналарды жүргізуші жағынан есіктің тірегінде орналасқан шиналар туралы ақпараты бар кестеде келтірілген САЛҚЫН шиналардағы қысымның үш мәнінен (қалыпты, тиеу кезінде, сүйреу кезінде) ең сәйкес келетін қысымға дейін реттеңіз және қысымды тексеріңіз.

Автокөлік өте аз қашықтықта жүрсе де, шиналар қызады және олардың қысымы сәйкесінше артады. Шиналардағы қысымды шиналар туралы тақтайшада көрсетілген номиналды шамаларға дейін реттеу алдында міндетті түрде олардың толық сууына мүмкіндік беру керек. "Шиналар және дискілер" бөлімін қараңыз ☞11-26. Шинадағы ауа қысымының мониторингі жүйесі тұрақтатылған автокөлікте жұмыс істемейді. Шиналардағы ауа қысымын реттегеннен кейін, TPMS жүйесі арқылы шиналардағы ауа қысымын қайта тексеруді іске қосу үшін автокөліктің жылдамдығын кемінде 40 ш./сағ. дейін арттырыңыз.

Егер шиналардағы ауа қысымы қысымның төмендеуінің шектік мәнінен асып кетсе, шиналардағы ауа қысымының төмендігін ескерту шамы бірнеше минуттан кейін қосылуы тиіс.
Егер бұл шам шинадағы қысымды реттегеннен кейін қозғалыс кезінде жануды жалғастырса, шина айтарлықтай зақымдануы мүмкін және қатты жылымдану ауаның жылдам ағуына әкелуі ықтимал. Егер Сіздің шинаңыздан жел шығып кеткен болса, оны мүмкіндігінше тез ауыстырыңыз.


- Егер қосалқы дөңгелек орнатылса немесе ауыстырылған дөңгелектің жиегіне түпнұсқа қысым қадағасы/ таратқыш орнатылған болса, шинадағы ауа қысымының төмендігін ескерту шамы бір минут бойы жыпылықтағаннан кейін үздіксіз жанатын болады. Бұл TPMS жүйесі барлық төрт дөңгелекті бақылауға қабілетті емес екенін көрсетеді. Біз Сіздің шина мен қадағаны ауыстыру және/немесе жүйені қайта баптау үшін SUBARU дилеріне барынша дереу арада хабарласқаныңыздың дұрыс екендігін ескертеміз.

- Егер шина сұйық герметиктің көмегімен жөнделген болса шинадағы ауа қысымын ескертетін клапан және қабылдағыш тиісті түрде жұмыс істемеуі мүмкін. Егер сұйық герметик пайдаланылса, біз Сіздің барынша дереу арада SUBARU дилеріне немесе жақын жердегі басқа да білікті қызмет көрсету орталығына жүгінуіңіздің керектігін ескертеміз. Шинаны ауыстыру кезінде шинадағы қысымды ескертетін қақпағы мен қабылдағышты міндетті түрде ауыстыру керек. Сіз дөңгелектің дискісін қайталап пайдалана аласыз, егер оның зақымы болмаса, герметик қалдықтары мұқият тазартылып, алынып тасталса. Егер шам шамамен бір минут бойы жыпылықтаудан соң үздіксіз жанып тұрса, жүйені тексеру үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Жүк арту бөлігіне металл жабынды немесе кез келген металл заттарды қоймаңыз. Бұл шиналардағы ауа қысымының қадағаларының сигналдарының нашар қабылдануына әкелуі мүмкін, салдарынан қысымның мониторинг жүйесі тиісті түрде жұмыс істемейді.

■ TPMS жүйесінің экраны ("B" түрлі аспаптар комбинациясы) (егер орнатылған болса)



Бұл экранда әрбір шинадағы ауа қысымы көрсетіледі. "Негізгі экрандар" бөлімін қараңыз ☞3-54.

■ TPMS жүйесі режімін орнату

Автокөліктің қозғалысын бастар алдында, TPMS жүйесінің автокөліктің жүктелуіне сәйкес келетін режімінің орнатылғандығына көз жеткізіңіз.
Режім келесі жағдайларда орнатылады:

- автокөлік қозғалмайды;
- егер оталдыру құлпы "ON" күйінде болса;

Жиынтықталуына байланысты автокөліктің TPMS жүйесінің баптау режімінің 2 немесе 3 түрі болуы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

Егер жүргізуші жақтағы есіктің тіреуішінде шиналар туралы ақпарат көрсетілген 2 тақтайша бекітілген болса (қалыпты режім және жүктелген кездегі режім), P3 немесе TPMS3 баптауларын пайдаланбаңыз. "Шиналар және дискілер" бөлімін қараңыз ☞11-26.

▼ "A" түрлі аспаптар комбинациясы дисплейі


P1:	Қалыпты режім	
P2:	Жүктеу режімі	
P3:	Сүйреу режімі	

▼ "B" түрлі аспаптар комбинациясы дисплейі


TPMS1:	Қалыпты режім	
TPMS2:	Жүктеу режімі	
TPMS3:	Сүйреу режімі	

▼ TPMS жүйесі режімін таңдау

1.




Сол жақтан басқарылатын моделдер




Оң жақтан басқарылатын моделдер

1. Аспаптар комбинациясында жүрілген жолдың есептегіші көрсетілгенде TPMS жүйесінің режімін орнатудың ауыстырып-қосқышын басыңыз және басулы күйде ұстап тұрыңыз (шамамен 3 секунд). Жүрілген жолдың есептегішінің дисплейінде TPMS жүйесінің ағымдағы режімі көрсетіледі және оны өзгертуге болады.




"A" түрлі аспаптар комбинациясы дисплейі




"B" түрлі аспаптар комбинациясы дисплейі

2. Режімді ауыстыру үшін аз уақытқа TPMS режімін орнатудың ауыстырып-қосқышын басыңыз. Режімдер мынадай ретпен өзгеретін болады.

"A" түрлі аспаптар комбинациясы дисплейі



"B" түрлі аспаптар комбинациясы дисплейі




- ЖАЛҒАСЫ –

ЕСКЕРТПЕ


Егер жүргізуші жақтағы есіктің тіреуішінде шиналар туралы ақпарат көрсетілген 2 тақтайша бекітілген болса (қалыпты режим және жүктелген кездегі режим), P3 немесе TPMS3 баптауларын пайдаланбаңыз. "Шиналар және дискілер" бөлімін қараңыз ☞11-26.

3. Егер қажетті режим көрсетілетін болса, баптауды растау үшін ажыратып-қосқышты басыңыз да, басулы күйде ұстап тұрыңыз (шамамен 3 секунд бойы). Баптау аяқталған соң растайтын хабарлама көрсетіледі.

Мысал
- "A" түрлі аспаптар комбинациясы дисплейі: егер Сіз P3 режімін таңдасаңыз, "set.3" хабарламасы көрсетіледі.
- "B" түрлі аспаптар комбинациясы дисплейі: егер Сіз TPMS3 режімін таңдасаңыз, "TPMS 3 SET" хабарламасы көрсетіледі.



"A" түрлі аспаптар комбинациясы дисплейі



"B" түрлі аспаптар комбинациясы дисплейі

TPMS жүйесінің режимі көрсетілгеннен кейін тағы да жүрілген жолдың есептегіші пайда болады.

ЕСКЕРТПЕ


Егер TPMS жүйесінің режимдерін таңдау басталғаннан кейін ешқандай әрекет орындалмайтын болса, дисплей 10 секундтан кейін жүрілген жолдың есептегішін көрсетуге оралады. TPMS жүйесінің режимін шиналардағы ауа қысымының нормативтік шамаларының тақтайшасында белгіленген қысымға сәйкес өзгертіңіз.

Сіздің автокөлігіңізді тұрақтату


⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Ешқашан балаларды, ересектерді немесе жануарларды автокөлікте қараусыз қалдырмаңыз. Олардың кездейсоқ әрекеттері автокөлікті қозғалысқа келтіріп, нәтижесінде олардың өздері де, айналасындағылар да жарақат алуы мүмкін. Сондай - ақ ыстық немесе күн шақырайып түсіп тұрған күндері жабық автокөліктегі температура тез көтерілуі және оларға ыстықтың өтіп кетуі мүмкін немесе тіпті өлімге әкеліп соқтыруы ықтимал.**
- **Автокөлікті құрғақ шөп, макулатура немесе ескі шүберек сияқты тез тұтанатын материалдарда тұрақтатпаңыз, себебі, ыстық қозғалтқыштың немесе түтін шығару жүйесінің бөлшектерінің жанында болғанда олар тез тұтануы мүмкін.**
- **Егер автокөлікте аздап ұйықтап алғыңыз келсе, қозғалтқыштың сөндірулі екендігіне көз жеткізіңіз. Қозғалтқыштың пайдаланылған газдарының автокөліктің салонына кіруі пайдаланылған газдардың құрамында болатын улы газдың (CO) әсерінен жүргізушінің және жолаушылардың қаза болуына әкеліп соқтыруы мүмкін.**

■ Электрлік тұрақ тежегіші



Сол жақтан басқарылатын моделдер



Оң жақтан басқарылатын моделдер

1) Тұрақ тежегішін ажыратқыш.
2) Бақылау шамы.
3) Автокөлікті электрлік тұрақ тежегішінен алу.
4) Автокөлікті электрлік тұрақ тежегішіне орнату.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Автокөліктен шығу алдында қозғалтқыштың сөндірілгендігіне көз жеткізіңіз. Керісінше жағдайда электрлік тұрақ тежегіші бұғаттан алынып, жазатайым оқиғаның орын алуына әкеліп соқтыруы мүмкін.**

- ЖАЛҒАСЫ –


- **Егер электрлік тұрақ тежегішінің ескерту шамы жанса, онда электрлік тұрақ тежегіші жүйесі жарамсыз болуы мүмкін. Автокөлікті дереу арада қауіпсіз жерде тоқтатыңыз және автокөліктің сырғуын болдырмау үшін дөңгелектің астына тежегіш табандарды салыңыз. Сонымен қатар мұндай жағдайларда біз Сізге өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласуды ұсынамыз.**

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Электрлік тұрақ тежегіші жүйесі жарамсыз болғанда және автокөлікті электрлік тұрақ тежегішіне қою мүмкін болмаса, біз Сізге диагностика жұмыстарын жүргізу үшін дереу арада өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласуды ұсынамыз. Егер Сіз осындай жағдайларда автокөлікті тұрақтатын болсаңыз, келесі әрекеттерді орындаңыз.**
  - **Автокөлікті тегіс жерде тоқтатыңыз.**
  - **Селектор иінтірегін "P" қалпына келтіріңіз. Егер селектордың иінтірегін "P" күйіне ауыстыру мүмкін болмаса, Сіз селектордың иінтірегін бұғаттан алуыңыз керек. "Селектор иінтірегін бұғаттау функциясы" бөлімін қараңыз ☞7-20.**
  - **Автокөліктің жылжуын болдырмау үшін дөңгелектердің астына тежегіш табанды орнатыңыз.**
- **Тұрақ тежегіші қосулы болғанда ешқашан жүрмеңіз. Бұл тежегіш қалыптардың қосымша тозуына әкеледі. Орыннан қозғалу алдында автокөлік тұрақ тежегішінен алынып тасталғанына және электрлік тұрақ тежегішінің ескерту шамы жанып тұрмағандығына көз жеткізіңіз.**
- **Электрлік тұрақ тежегішінің тежеу күші үлкен тежеу күші талап етілетін жағдайда жеткіліксіз болуы мүмкін (мысалы, тіркемені тіркеп сүйреу кезінде еңістеде тұрған жағдайда).**

Сіздің автокөлігіңіз электрлік тұрақ тежегішімен жабдықталған. Сіз тұрақ тежегішін тұрақ тежегішін ажыратқыштың көмегімен орната/алып тастай аласыз.

Автокөлікті тұрақ тежегішіне орнату:
Тұрақ тежегішінің ажыратқышын жоғары қарай тартыңыз.
Автокөлікті тұрақ тежегішінен алу:
Оталдыру құлпы "ON" күйінде болғанда және тежегіштің басқышы толық басулы болғанда тұрақ тежегішінің ажыратқышын басыңыз.



Электрлік тұрақтық тежегіштің бақылау шамы

Егер тежегіш оталдыру құлпы "ON" күйінде болғанда қосылса, келесі бақылау шамдары қосылады:

- тұрақ тежегішінің ажыратқышындағы бақылау шамы.
- аспаптар комбинациясындағы электрлік тұрақ тежегішінің бақылау шамы (толық ақпарат "Электрлік тұрақ тежегішінің бақылау шамы" бөлімінде берілген ☞3-33).

ЕСКЕРТПЕ

- **Егер Сіз төменде көрсетілген жағдайларда тұрақ тежегішінің ажыратқышын бассаңыз, автокөлік тұрақ тежегішінен алынбайды.**
  - **Оталдыру құлпы "ACC" немесе "LOCK"/"OFF" қалпында.**
  - **Сіз тежегіштің басқышын толық басқан жоқсыз.**
- **Автокөлікті тұрақ тежегішіне орнату үшін электрлік тұрақ тежегіші жүйесі электрлік қозғалтқышты пайдаланады. Сондықтан, автокөлікті тұрақ тежегішіне орнату кезінде немесе оны тұрақ тежегішінен алу барысында жұмыс істеп тұрған электрлік қозғалтқыштың дыбысы естілуі мүмкін. Автокөлікті тұрақ тежегішіне орнатқан кезде немесе оны тұрақ тежегішінен алған кезде жұмыс істеп тұрған электрлік қозғалтқыштың дыбысы естілетіндігіне көз жеткізіңіз. Сонымен қатар, жұмыс істеп тұрған электрлік қозғалтқыштың дыбысы селектордың иінтірегін жылжытқанда және тежегіштің басқышын басқанда да естілетін болады. Бұл ақау болып табылмайды. Бұл дыбыстар электрлік тұрақ тежегіші жүйесі электрлік қозғалтқышты автоматты түрде басқаруды орындайтын кезде естіледі.**
- **Егер Сіз төмендегідей жағдайда тұрақ тежегішінің ажыратқышын бассаңыз, дыбыстық сигнал беріледі және электрлік тұрақ тежегішінің бақылау шамы жанады:**
  - **электрлік тұрақ тежегішінің жүйесі жарамсыз болса;**
  - **егер электрлік тұрақ тежегішінің іске қосылуына уақытша тыйым салынса.**
- **Егер электрлік тұрақ тежегіші төменде аталған жағдайлардың кез келгенінде қосылса, электрлік тұрақ тежегішінің жұмысының дыбысын электрлік тұрақ тежегішінің бақылау шамы қосылғаннан кейін бірнеше минуттан кейін естуге болады. Алайда, бұл қандай да бір ақаудың бар екендігінің дәлелі емес.**
  - **Тұрақ тежегіші қызып кеткен.**
  - **Автокөлік биік еңісте тұрақтатылған.**
  - **Тұрақ тежегішінің ажыратқышы оталдыру құлпы "OFF" күйіне ауыстырылғаннан кейін басылады.**
- **Егер Сіз электрлік тұрақ тежегішін мынадай жағдайларда пайдаланатын болсаңыз, электрлік тұрақ тежегішінің бақылау шамы жыпылықтауы мүмкін.**
  - **Тұрақ тежегіші қызып кеткен.**
  - **Автокөлік биік еңісте қалдырылған.**

Тіпті осындай жағдайларда да электрлік тұрақ тежегіші жұмыс істейді. Алайда, тежегіш табандарды пайдаланыңыз, себебі, автокөлік жылжып кетуі мүмкін.

- **Электрлік тұрақ тежегішін қосқан кезде қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесі (егер орнатылған болса) сөнеді.**
- **Егер Сіз қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесі іске қосулы тұрған кезде электрлік тұрақ тежегішінің ажыратқышын бассаңыз, қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесі (егер орнатылған болса) сөнеді. Электрлік тұрақ тежегіші қозғалтқышты**

- ЖАЛҒАСЫ –

қайта іске қосқаннан кейін іске қосылады. Электрлік тұрақ тежегішінің бақылау шамын қосқаннан кейін тежегіштің басқышынан аяғыңызды алыңыз.

- **Қозғалтқышты іске қосу немесе оны автоматты тұрде іске қосу/тоқтату жүйесінің көмегімен қайта іске қосу кезінде (егер орнатылған болса) Сіз электрлік тұрақ тежегішінің ажыратқышын басатын болсаңыз, электрлік тұрақ тежегішінің бақылау шамы уақытша жыпылықтауы мүмкін. Алайда, егер автокөлікті электрлік тұрақ тежегішінен алғаннан кейін шам сөніп қалса, бұл ақаудың бар екендігін білдірмейді.**

▼ Автокөлікті акселератордың көмегімен автоматты түрде тұрақ тежегішінен алу функциясы

Электрлік тұрақ тежегішінің жүйесінде автокөлікті акселератордың көмегімен автоматты түрде тұрақ тежегішінен алу функциясы бар. Автокөлік автоматты түрде акселератор басқышын басқан кезде тұрақ тежегішінен алынады. Алайда, автокөлікті акселератордың басқышының көмегімен автоматты түрде тұрақ тежегішінен алу функциясы келесі жағдайларда жұмыс істемейді.

- Есіктердің кез келгені ашық.
- Жүргізушінің қауіпсіздік белдігі тағылмаған.
- Селектордың иінтірегі "P" немесе "N" күйінде.

Автокөлікті акселератордың көмегімен автоматты түрде тұрақ тежегішінен алу кезінде электрлік тұрақ тежегіштің бақылау шамы және тұрақ тежегішінің ажыратқышындағы бақылау шамы сөнеді.

ЕСКЕРТПЕ

Егер Сіз тұрақ тежегішін жоғары қарай тартатын болсаңыз, автокөлік акселератордың көмегімен автоматты түрде тұрақ тежегішінен алынбайды.

▼ Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы

Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы тежегіш басқышын босатқаннан кейін де автокөліктің қозғалыссыз күйін автоматты түрде автокөлік толық тоқтағанда, мысалы, бағдаршамда, сақтап қалады. Бұл функция келесі әрекеттердің бірінің нәтижесінде сөнеді.

- Акселератор басқышын басу.
- Тежегіштің басқышын қайта басу.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Биік еңісте немесе тайғақ жолда автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясын пайдаланбаңыз. Автокөлік автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясын пайдаланғанда да қозғала алады, сондықтан жарақаттар мен апаттарға себеп болуы мүмкін.**
- **Биік еңісте немесе тайғақ жолда автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясын пайдаланбаңыз. Автокөлік ауыр жарақаттар мен апаттарға себеп бола отырып, кенеттен сырғып кетуі мүмкін. Төменде аталып отырған жағдайларда селектор иінтірегі "P" қалпына келтірілгендігіне, ал автокөлік электрлік тұрақ тежегішке қойылғандығына көз жеткізіңіз.**
  - **Егер Сіз автокөлікті тұрақтататын болсаңыз.**
  - **Егер жолаушылар автокөлікке отырса немесе одан түссе.**
  - **Егер сіз жүкті тиеуді немесе түсіруді жүзеге асырсаңыз.**

- **Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясын пайдаланғанда автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының іске қосылуын бақылау шамы жанғанша тежегіштің басқышын босатпаңыз. Автокөлік ауыр жарақаттар мен апаттарға себеп бола отырып, кенеттен сырғып кетуі мүмкін.**
- **Келесі жағдайларда автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясын сөндіріңіз. Керісінше жағдайда автокөлік ауыр жарақаттар мен апаттарға себеп бола отырып, кенеттен сырғып кетуі мүмкін.**
  - **Сіздің автокөлігіңізді автоматты жуғышта жуу барысында.**
  - **Сіздің автокөлігіңізді тіркеп сүйреген жағдайда.**


⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы қосулы болған кезде биік еңісте тоқтау барысында автоматты түрде электрлік тұрақ тежегіші қосылуы мүмкін. Бұл ретте электрлік тұрақ тежегішінің бақылау шамы жыпылықтайтын болады. Мұндай жағдайда тұрақ барысында тежегіштің басқышын басып, басулы күйде ұстап тұрыңыз. Керісінше жағдайда автокөлік жүріп кетуі мүмкін.


ЕСКЕРТПЕ

Біз еңісте тоқтаған кезде автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясын қосуды ұсынамыз. Егер автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы сөндірулі болса, автокөлік орнынан қозғалғанда артқа қарай жылжып кетуі мүмкін.


▽ Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясын қосу/сөндіру



Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының ажыратқышы (сол жақтан басқарылатын моделдер)



Оң жақтан басқарылатын моделдер



Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясын қосуды бақылау шамы

Қосу

Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының қосылуын бақылау шамы сөндірулі болғанда автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының ажыратқышын басыңыз. Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясын қосуды бақылау шамы жанады.

Автокөліктің автоматты түрде автокөлікті ұстап тұру функциясын қосқаннан кейін де ол оталдыру құлпын "LOCK"/"OFF" күйіне ауыстырғаннан кейін автоматты түрде сөнеді. Оталдыру құлпын "ON" күйіне ауыстырған кезде функция сөндірулі күйде қалады.

Сөндіру

Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының қосылуын бақылау шамы жанып тұрғанда автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының ажыратқышын басыңыз. Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының қосылуын бақылау шамы сөнеді.

ЕСКЕРТПЕ


- **Егер автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы қосулы тұрған кезде электрлік тұрақ тежегіші жүйесінде ақау пайда болса, дыбыстық белгі беріледі, автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының қосылуын бақылау шамы сөнеді, ал тежегіш жүйесінің ескерту шамы жанады.**
- **Егер автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының ажыратқышы басылған және 30 секундтан астам уақыт бойы басулы күйде ұсталып тұрған болса, автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының қосылуын бақылау шамы сөнеді, ал одан кейін ажыратқыштың басылуы еленбейді. Функцияны қайта іске қосу үшін қозғалтқышты қайта іске қосыңыз.**
- **Егер автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы ажыратылған кезде автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясында ақау пайда болса, дыбыстық сигнал беріледі.**

▽ Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының іске қосылуы

Төменде көрсетілген барлық талаптар орындалған жағдайда тежегіштің басқышын басу арқылы автокөлікті тоқтатыңыз. Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы іске қосылады.

- Жүргізуші есігі жабық.
- Жүргізуші орындығының қауіпсіздік белдігі тағылған.

- Селектордың иінтірегі "P" күйінен басқа күйде орналасады.



Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясын іске қосуды бақылау шамы

Автокөлік автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы арқылы қозғалыссыз күйде болғанда автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының іске қосылуын бақылау шамы жанады.

▽ Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясынан алу

Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясынан автокөлікті шығару үшін төмендегі операциялардың кез келгенін орындаңыз.

- Акселератордың басқышын толық басыңыз.
- Тежегіш басқышын қайтадан толық басыңыз.
- Автокөлікті электрлік тұрақ тежегішіне орнатыңыз.
- Селектор иінтірегін тежегіштің басқышы толық басулы болғанда "P" қалпына ауыстырыңыз.
- Тежегіштің басқышы толық басулы тұрған кезде автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының ажыратқышын басыңыз.

Егер автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясынан автокөлік алынған болса, автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының іске қосылуын бақылау шамы сөнеді.

Төменде көрсетілген кез келген жағдайларда автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру режімінен автокөлік алынады және автоматты түрде электрлік тұрақ тежегішіне қойылады.

- Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының іске қосылуы 10 минутқа жалғасады.
- Жүргізуші орындығының қауіпсіздік белдігі ағытылған.
- Жүргізушінің есігі ашық.
- Оталдыру құлпы "LOCK"/"OFF" күйіне ауыстырылған.
- Автокөлік биік еңісте тоқтатылған.
- Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясында ақау пайда болды.

Мұндай жағдайларда автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының іске қосылуын бақылау шамы сөнеді, ал электрлік тұрақ тежегішінің бақылау шамы жанады.

▽Ұсыныстар

- Егер автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы арқылы автокөлік қозғалыссыз күйде болған кезде автоматты түрде электрлік тұрақ тежегіші қосылса, орыннан қозғалу алдында автокөлікті төменде көрсетілген операциялардың кез келгенін орындай отырып электрлік тұрақ тежегішінен алып тастаңыз. Содан соң электрлік тұрақ тежегішінің бақылау шамы сөнгеніне көз жеткізіңіз.
  - Жүргізуші орындығының қауіпсіздік белдігі тағылғанда және есік жабық болғанда акселератордың басқышын толық басыңыз.
  - Тежегіштің басқышы толық басулы тұрған кезде электрлік тұрақ тежегішінің ажыратқышын басыңыз.
- Белгілі жағдайларда, автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының ақаулы болған жағдайын қоса алғанда, дыбыстық ескерту сигналы беріледі, ал аспаптар комбинациясы дисплейінде

- ЖАЛҒАСЫ –

(түрлі-түсті сұйықкристалды дисплейде) ескертетін хабарлама пайда болады. Барлық ескертілетін хабарламаларды қатаң ескеру қажет.

- Аса биік еңістерде автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы автокөлікті ұстап тұра алмайды. Мұндай жағдайда тежегіштің басқышын басып, басулы күйде ұстап тұрыңыз.
- Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы қосулы болғанда аса биік еңісте тоқтағанда тұрақ барысында автоматты түрде электрлік тұрақ тежегіші қосылуы мүмкін, ал электрлік тұрақ тежегішінің бақылау шамы жыпылықтай бастайды. Мұндай жағдайда тежегіштің басқышын басып, басулы күйде ұстап тұрыңыз. Керісінше жағдайда автокөлік жүріп кетуі мүмкін. Автокөліктен түсер алдында оны тегіс жерде тоқтатыңыз, содан кейін электрлік тұрақ тежегішін қосыңыз.
- Егер автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының қосылуын білдіретін шам жұмыстық шарттарды сақтай отырып автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының ажыратқышын басқан кезде жанбайтын болса, функцияда ақау болуы мүмкін. Мұндай жағдайда біз Сізге диагностика жүргізу үшін өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласуды ұсынамыз.
- Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы арқылы автокөлікті ұстап тұрған кезде Сіз дыбысты естуіңіз мүмкін. Бұл қандай да бір ақаудың бар екендігін білдірмейтін қалыпты құбылыс.
- Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы арқылы автокөлікті ұстап тұрған кезде тежегіштің басқышы қатты болып сезілуі мүмкін. Алайда, бұл ақау болып табылмайды.
- Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы арқылы автокөлікті ұстап тұрған кезде тежегіштің басқышын қатты басыңыз. Керісінше жағдайда автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы іске қосылмауы мүмкін.
- Егер автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының ажыратқышы басылған және 30 секундтан астам уақыт бойы басулы күйде ұсталып тұрған болса, автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының қосылуын бақылау шамы сөнеді, ал одан кейін ажыратқыштың басылуы еленбейді. Ажыратқыштың функционалдылығын қалпына келтіру үшін оталдыру құлпын "LOCK"/"OFF" күйіне, содан кейін қайтадан "ON" күйіне ауыстырыңыз.

▼ Апаттық тежегіш

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Апаттық тежегішті тек шұғыл жағдайларда ғана пайдаланыңыз. Апаттық тежегішті шамадан тыс жиі пайдалану кезінде тежегіш жүйесінің бөлшектері тез тозатын болады немесе тежегіш жүйесі жұмысының тиімділігі артқы дөңгелектердің тежегіштерінің қызып кетуі салдарынан жеткіліксіз болуы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

Апаттық тежегішті пайдалану барысында электрлік тұрақ тежегішінің бақылау шамы мен тұрақ тежегішінің ажыратқышындағы бақылау шамы жанып, дыбыстық сигнал беріледі.

Егер Сіздің автокөлігіңіздің жұмыстық тежегіші ақаулы болса, Сіз автокөлікті тұрақ тежегішінің ажыратқышын ұзақ басу арқылы тоқтата аласыз.
Апаттық тежегішті пайдалану барысында электрлік тұрақ тежегішінің бақылау шамы мен тұрақ тежегішінің ажыратқышындағы бақылау шамы жанып, дыбыстық сигнал беріледі.

▼ **Электрлік тұрақ тежегішінің ескерту сигналдары**

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Егер электрлік тұрақ тежегішінің бақылау шамы жыпылықтаса, онда электрлік тұрақ тежегішінің жүйесі жарамсыз болуы мүмкін. Дереу арада автокөлікті қауіпсіз жерде тоқтатыңыз. Мұндай жағдайларда біз Сізге өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласуды ұсынамыз.


Егер электрлік тұрақ тежегіші жүйесінде ақаудың бары анықталса, тежегіш жүйесінің ескерту шамы жанады. "Тежегіш жүйесінің ескерту шамы (қызыл)" бөлімін қараңыз ☞3-32.

■ Тұрақтату бойынша кеңестер


Сіздің автокөлігіңізді тұрақтату кезінде міндетті түрде төменде беріліп отырған нұсқауларды орындаңыз.

- Автокөлікті тұрақ тежегішіне орнатыңыз.
- Селектор иінтірегін "P" (Тұрақ) күйіне келтіріңіз.

Ешқашан Сіздің автокөлігіңізді қозғалыссыз ұстап тұруға арналған трансмиссияның механикалық үйкелісіне ғана сенім артпаңыз.



Еңісте тұрған кезде міндетті түрде рөл дөңгелегін бұрыңыз. Егер еңісте тұрғанда Сіздің автокөлігіңіз жоғары қарай қаратылса, онда алдыңғы дөңгелектерді жиектастардан кері бұрыңыз.




Егер ол төмен қарай қаратылған болса, алдыңғы дөңгелектерді жиектасқа қарай бұрыңыз.

Еңістегі орнынан қозғалу кезінде көмек жүйесі

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Еңістегі орыннан қозғалу кезіндегі көмек жүйесі тек қана автокөлік еңістің жоғарғы жағына қарай бағытталғанда орнынан қозғалуды жеңілдетуге арналған. Сіздің автокөлігіңіз еңісте тұрғанда апаттық жағдайларды болдырмау үшін оның қалпын үнемі тұрақ тежегішінің көмегімен мұқият бекітіңіз. Тұрақ тежегішін орнату барысында Сіздің автокөлігіңіз ілінісу басқышы мен тежегіштің басқышын босатқанда қозғалмайтындығына көз жеткізіңіз.**
- **Еңістегі орыннан қозғалу кезіндегі көмек жүйесі жұмыс істеп тұрғанда оталдыру құлпын "LOCK"/ "OFF" күйіне бұрмаңыз. Еңістегі орнынан қозғалу кезіндегі көмек жүйесі сөніп, апаттың орын алуына себеп болады.**

Еңістегі орыннан қозғалу кезіндегі көмек жүйесі автокөліктегі мынадай операцияларды жеңілдететін құрылғы болып табылады.



1) Орыннан алға қарай қозғалып, өрге қарай бетпен көтерілгенде.
2) Орыннан артқа қарай қозғалып, еңіске қарай бетпен түскенде.

A) Тежегіш басқышы


Екі жағдайда да еңістегі орыннан қозғалу кезіндегі көмек жүйесі мынадай жағдайларда жұмыс істемейді:

- егер автокөлік тежегіштің басқышын басу арқылы тоқтатылса.

Тежегіштің басқышын босатқан кезде еңістегі орыннан қозғалу кезіндегі көмек жүйесі тежеу күшін уақытша (шамамен 2 секундқа) ұстап тұрады. Осылайша, жүргізушінің тек қана ілінісу басқышы мен акселератордың басқышын пайдалану арқылы орыннан тегіс жерде қозғалғандай қозғалуына мүмкіндік туады.

Егер еңістегі орыннан қозғалу кезіндегі көмек жүйесінің тежеу күші тежегіштің басқышы босатылғаннан кейін автокөлікті ұстап тұруға жеткіліксіз болса, тежегіштің басқышын қайта басу арқылы тежеу күшін арттырыңыз.

Еңістегі орыннан қозғалу кезіндегі көмек жүйесі аса биік емес еңістерде жұмыс істемеуі мүмкін. Оның үстіне, еңістегі орыннан қозғалу кезіндегі көмек жүйесі мынадай жағдайларда жұмыс істемейді:



- артқа қарай бетін жоғары қарай қаратып қозғалғанда;
- алға қарай бетін төмен қарай қаратып қозғалғанда;
- егер тұрақ тежегіші қосулы болса;
- егер оталдыру құлпы "ACC" немесе "LOCK"/"OFF" күйінде болса.

- VDC жүйесінің ескерту шамы қосулы болса. "VDC жүйесінің ескерту шамы / VDC жүйесі жұмысының бақылау шамы" бөлімін қараңыз☞3-30.
- егер қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесінің ескерту шамы жанып тұрса. "VDC жүйесінің бақылау шамы" бөлімін қараңыз☞3-31.

Артқы жүріспен, еңістегі орыннан қозғалу кезіндегі көмек жүйесін пайдалану арқылы қозғалу барысында тежеу әсері тежегіштің басқышы босатылғаннан кейін де сезілуі мүмкін.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Еңістегі орыннан қозғалу кезіндегі көмек жүйесінің тежеу күші тежегіштің басқышы босатылғаннан кейін автокөлікті ұстап тұруға үлкен тежеу күші талап етілгенде (мысалы, тіркемені тіркеп сүйрегенде) жеткіліксіз болуы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

Артқы жүріспен қозғалғаннан кейін көліктің алға жылжуы басталғанда, сіз кішкене түрткі сезе аласыз.

Круиз-бақылау жүйесі (егер орнатылған болса)

ЕСКЕРТПЕ

EyeSight жүйесі бар моделдер үшін: Автокөлікті пайдалану нұсқаулығының қосымшасын қараңыз - "EyeSight жүйесін пайдалану бойынша нұсқаулық".

Круиз-бақылау жүйесі Сізге акселератордың басқышын баспастан автокөліктің қозғалыс жылдамдығының тұрақтылығын ұстап тұруға мүмкіндік береді. Круиз-бақылау жүйесі автокөліктің жылдамдығы шамамен 30 ш./ сағ. асса ғана жұмыс істейтін болады.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Төменде көрсетілген жағдайларда круиз-бақылау жүйесін пайдаланбаңыз. Бұл автокөлікті бақылауды жоғалтуға әкелуі мүмкін:


- **еңіспен жоғары немесе төмен қарай қозғалғанда;**
- **тайғақ немесе иірімді жолдармен жүргенде;**
- **көлік ағыны тығыз болған жағдайдағы қозғалыс кезінде;**
- **тіркемені тіркеп сүйреу кезінде.**

- ЖАЛҒАСЫ –

ЕСКЕРТПЕ


- **Круиз-бақылау жүйесінің кездейсоқ іске қосылуын болдырмау үшін круиз-бақылау жүйесі пайдаланылмайтын кезде оның сөндірулі екендігіне көз жеткізіңіз.**

■ Круиз-бақылауды орнату




Круиз-бақылау жүйесінің негізгі түймесі

1. Қозғалтқышты іске қосқаннан кейін круиз-бақылаудың негізгі түймесін басыңыз.




Круиз-бақылау жүйесінің индикаторы ("A" түрі)



Круиз-бақылау жүйесінің индикаторы ("B" түрі)

Аспаптар комбинациясында круиз-бақылау жүйесінің индикаторы жанады.


2. Автокөліктің қажетті жылдамдығын акселератордың көмегімен орнатыңыз.



3. "RES/SET" ауыстырып-қосқышының "SET" жағын басыңыз, содан кейін оны босатыңыз. Содан кейін акселератордың басқышын босатыңыз.


ЕСКЕРТПЕ

Круиз-бақылау жүйесінің жылдамдығын алғаш рет орнату кезінде круиз-бақылаудың бастапқы жылдамдығын қалыптастыру үшін екі түйме де, "SET" және "RES", қолданылуы мүмкін.



Круиз-бақылау жүйесін орнату индикаторы ("A" түрі)

1) Егер "MPH "(миль/сағ.) өлшем бірліктері орнатылған болса.
2) Егер "km/h" (ш./сағ.) өлшем бірліктері орнатылған болса.



Круиз-бақылау жүйесін орнату индикаторы ("B" түрі)

1) Егер "MPH "(миль/сағ.) өлшем бірліктері орнатылған болса.
2) Егер "km/h" (ш./сағ.) өлшем бірліктері орнатылған болса.

Бұл ретте аспаптар комбинациясында круиз-бақылау жүйесін орнату индикаторы жанады. Қалыптастырылған жылдамдық аспаптар комбинациясында көрсетіледі. Сіз өлшем бірліктерді аспаптар комбинациясының дисплейі арқылы өзгерте аласыз.


- "A" түрлі аспаптар комбинациясына арналған толық ақпарат "Аспаптар комбинациясының баптаулары" бөлімінде берілген ☞3-14.
- "B" түрлі аспаптар комбинациясына арналған толық ақпарат "Мәзір экрандары" бөлімінде берілген ☞3-56.

Осыдан кейін автокөлік қажетті қозғалыс жылдамдығын ұстап тұрады.

Уақытша үдеуді жүзеге асыру мүмкіндігі круиз-бақылау режімі белсендірілгенде де сақталады. Автокөліктің жылдамдығын арттыру үшін тек акселератордың басқышын басу керек. Акселератордың басқышын босатқаннан кейін автокөлік алдыңғы тұрақты жылдамдықты сақтай отырып қозғалысқа қайта оралады.

■ Круиз-бақылау жүйесін уақытша сөндіру

Круиз-бақылау жүйесін келесі тәсілдердің бірімен уақытша сөндіруге болады.




- "CANCEL" түймесін басыңыз.
- Тежегіш басқышын толық басыңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Сіз круиз-бақылау жүйесін селектордың иінтірегін "N" күйіне ауыстыру арқылы сөндіре аласыз. Алайда, шұғыл жағдайларды қоспағанда, селектор иінтірегін қозғалыс кезінде "N" күйіне ауыстырмаңыз. Егер селектордың иінтірегі "N" күйіне ауыстырылып қосылған болса, қозғалтқышты тежеуді тоқтатыңыз. Бұл апатқа әкелуі мүмкін.

Круиз-бақылау жүйесі ажыратылған кезде аспаптар комбинациясында круиз-бақылауды орнату индикаторы сөнеді.



Егер Сіздің автокөлігіңіздің қозғалыс жылдамдығы шамамен 30 ш./сағ. (20 миль/ сағ.) болса немесе одан жоғары болса, онда круиз-бақылау жүйесінің жұмысын ол уақытша сөндірілгеннен кейін қайта жаңарту үшін "RES/SET" ауыстырып-қосқышының "RES" жағын басыңыз, бұл осыған дейін қалыптастырылған тұрақты қозғалыс жылдамдығын қайта қалыпқа келтіреді.

Бұл ретте аспаптар комбинациясында круиз-бақылауды орнату индикаторы жанады.


■ Круиз-бақылау жүйесін сөндіру

Круиз-бақылау жүйесін сөндірудің екі тәсілі бар.

- Круиз-бақылау жүйесінің негізгі түймесін тағы басыңыз.
- Оталдыру құлпын "ACC" немесе "LOCK"/"OFF" күйіне ауыстырыңыз (бірақ автокөлік толық тоқтағаннан кейін ғана).

■ Круиз-бақылау режімінде қалыптастырылған жылдамдықты өзгерту

▼ Қалыптастырылған жылдамдықты "RES/SET" ауыстырып-қосқышының көмегімен арттыру



"RES/SET" ауыстырып-қосқышының "RES" жағын басыңыз және оны басулы күйде автокөлік қажетті жылдамдығына жеткенше басулы күйде ұстап тұрыңыз. Содан кейін ауыстырып-қосқышты босатыңыз.

Бұл ретте Сіздің автокөлігіңіздің осы сәтте қозғалып келе жатқан жылдамдығы жадта сақталады және оны круиз-бақылау жүйесі қозғалыстың қалыптастырылған жылдамдығы ретінде қабылдайтын болады.


Егер "MPH" (миль/сағ.) өлшем бірліктері орнатылған болса.
"RES/SET" түймесінің "RES" жағын аз уақытқа басқан сайын круиз-бақылау режімінің қалыптастырылған жылдамдығы 1 миль/сағ. (1,6 ш./сағ.) артатын болады.

Егер "km/h" өлшем бірліктері орнатылған болса (ш./сағ.).
"RES/SET" түймесінің "RES" жағын аз уақытқа басқан сайын круиз-бақылау режімінің қалыптастырылған жылдамдығы 1 ш./ сағ. артатын болады.

▼ Қалыптастырылған жылдамдықты акселератордың басқышының көмегімен арттыру

1. Автокөліктің қажетті жылдамдығын акселератордың көмегімен орнатыңыз.
2. "RES/SET" ауыстырып-қосқышының "SET" жағын бір рет басыңыз. Енді автокөлік қозғалып келе жатқан жылдамдық круиз-бақылаудың акселераторының басқышын баспастан ұсталып тұратын жылдамдығына айналады.

▼ Қалыптастырылған жылдамдықты "RES/SET" ауыстырып-қосқышының көмегімен азайту



"RES/SET" ауыстырып-қосқышының "RES" жағын басыңыз және оны басулы күйде автокөлік қажетті жылдамдығына жеткенше басулы күйде ұстап тұрыңыз. Содан кейін ауыстырып-қосқышты босатыңыз. Бұл ретте Сіздің автокөлігіңіздің осы сәтте қозғалып келе жатқан жылдамдығы жадта сақталады және оны круиз-бақылау жүйесі қозғалыстың қалыптастырылған жылдамдығы ретінде қабылдайтын болады.

Егер "MPH" (миль/сағ.) өлшем бірліктері орнатылған болса.
"RES/SET" түймесінің "RES" жағын аз уақытқа басқан сайын круиз-бақылау режімінің қалыптастырылған жылдамдығы 1 миль/сағ. (1,6 ш./сағ.) кемитін болады.

Егер "km/h" өлшем бірліктері орнатылған болса (ш./сағ.).
"RES/SET" түймесінің "RES" жағын аз уақытқа басқан сайын круиз-бақылау режімінің қалыптастырылған жылдамдығы 1 ш./ сағ. кемитін болады.

▼ Қалыптастырылған жылдамдықты тежегіш басқышының көмегімен азайту

1. Тежегіштің басқышын басыңыз, сол арқылы круиз-бақылау жүйесінің уақытша сөндірілуін жүзеге асырасыз.
2. Сіздің автокөлігіңіздің жылдамдығы талап етілген шамаға дейін төмендегенде, "RES/SET" ауыстырып-қосқышының "SET" жағын бір рет басыңыз. Енді автокөлік қозғалып келе жатқан жылдамдық круиз-бақылаудың акселераторының басқышын баспастан ұсталып тұратын жылдамдығына айналады.

- ЖАЛҒАСЫ –

■ Круиз-бақылау жүйесінің бақылау шамы

Круиз-бақылау жүйесінің бақылау шамы" бөлімін қараңыз ☞3-46.

■ Круиз-бақылауды орнатудың бақылау шамы

«Круиз-бақылау жүйесін орнатуды бақылау шамы» бөлімін қараңыз ☞3-46.

Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесі

Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтау жүйесі қозғалтқышты автоматты түрде тоқтатуға және егер автокөлік аз уақыт аралығында қозғалыссыз күйде (бағдаршамның жасыл сигналын күту, жол кептелісінде тұру және т.б.) болғаннан кейін қозғалтқыш қызған соң қайта іске қосуға арналған. Жүйе жанармай шығыны мен пайдаланылған газдың шығарылуын, сондай-ақ бос жүріс режімінде қалаусыз шудың деңгейін төмендетуге арналған.

■ Жүйенің жұмысы

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ


- **Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесі қозғалтқышты автоматты түрде тоқтатуға және оны автокөлік аз уақыт аралығында бос жүріс режімінде қозғалыссыз күйде болғаннан кейін қайта іске қосуға арналған. Автокөлікті әдеттегідей тұрақтату кезінде жүйені пайдаланбаңыз.**
- **Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесі тіркеу құрылғысының жалғауышы қосылған жағдайда жұмыс істемейді. Егер қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесі тіркеу құрылғысының жалғауышы қосулы болғанда жұмыс істейтін болса, біз Сізге өзіңіздің SUBARU дилеріңізден кеңес алуды ұсынамыз. Осындай жағдайларда жүйені пайдалана отырып автокөліктің қозғалысын жалғастыру аударылуға немесе еңіспен жоғары қарай жүру барысында артқа сырғып кетуге әкеліп соқтыруы мүмкін, сондай-ақ трансмиссияны зақымдауы ықтимал.**

Пайдалану қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз ету мақсатында жүргізушінің іс-әрекеттерімен қоса қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесі автокөліктің күйін, сондай-ақ қозғалтқышты тоқтатуды және қайта іске қосуды басқара отырып, автокөліктің ішіндегі және сыртындағы ортасын үздіксіз бақылап отырады.


Автокөлік тежегіштің басқышын басу арқылы селектордың иінтірегі "D" күйінде болған кезде толық тоқтатылған жағдайда, қозғалтқыш автоматты түрде тоқтайды.

Егер Сіз тежегіштің басқышын селектордың иінтірегі "D" күйінде болғанда босатсаңыз, қозғалтқыш автоматты түрде қайтадан іске қосылады.

Алайда, егер автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының бақылау шамы жанып тұрса, қозғалтқышты қайта іске қосу мүмкін емес.



Қозғалтқышты автоматты іске қосу/ тоқтату жүйесінің бақылау шамы (жасыл) ("A" түрі)



Қозғалтқышты автоматты іске қосу/ тоқтату жүйесінің бақылау шамы (жасыл) ("B" түрі)

Егер қозғалтқышты жүйе уақытша тоқтатқан болса, онда қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесінің бақылау шамы аспаптар комбинациясында жасыл түспен жанады. Жүйе қозғалтқышты іске қосқан кезде бұл бақылау шамы сөнеді.

ЕСКЕРТПЕ

- **Қозғалтқышты іске қосқаннан кейін автокөлік қозғалыссыз бос жүріс режімінде қалатын болса, қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесі жұмыс істемейді.**
- **Сіздің автокөлігіңіз көлемі ұлғайтылған арнайы аккумуляторлық**

- ЖАЛҒАСЫ –

батареямен жабдықталған. Автокөліктің аккумуляторлық батареясын ауыстырған кезде оны міндетті түрде автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесімен жабдықталған автокөліктерде пайдалану үшін арнайы әзірленген SUBARU түпнұсқа аккумуляторлық батареясына (немесе баламасына) ауыстырыңыз. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін біз Сізге SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

▼ Іске қосылу шарттары

Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесі төменде аталған барлық шарттар орындалған жағдайда қозғалтқышты автоматты түрде тоқтата алады:

- қозғалтқыш жеткілікті қыздырылған;
- қақпағы жабық;
- жүргізуші есігі жабық;
- жүргізуші орындығының қауіпсіздік белдігі тағылған;
- ақауды анықтаудың бақылау шамы ("Check Engine" шамы) сөндірулі;
- ауа жинағышты басқару режимі "" режімінен басқа режимге орнатылған;
- артқы шыныны жылытқыш қолданылмайды;
- X-MODE режимі сөндірулі (егер қарастырылған болса);
- жүк арту бөлігі есігінің электрлік жетегі сөндірулі (егер орнатылған болса).

Автокөлік тоқтағаннан кейін қозғалтқыш төменде аталған шарттар орындалғанда автоматты түрде тоқтатылады:

- рөл дөңгелегі түзу сызықты қозғалыс күйіне орнатылған;
- рөл дөңгелегі бұрылмайды.

ЕСКЕРТПЕ

- **Автокөлік қозғалғаннан кейін келесі жағдайларда қозғалтқыш автоматты түрде тоқтамауы мүмкін:**
  - **автокөлік тік еңісі бар жолда тоқтатылған;**
  - **автокөлік кенеттен тежеу кезінде тоқтатылған;**
  - **тежегіш жүйесінің үдеткішіндегі сирету жеткіліксіз.**
- **Автокөлік тоқтағаннан кейін тежегіштің басқышы толық басулы болмаса, қозғалтқыш автоматты түрде тоқтамауы мүмкін. Автокөлікті тоқтатқан кезде тежегіштің басқышы толық басылғандығына көз жеткізіңіз,**
- **Келесі жағдайларда қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату үшін біраз уақыт талап етілуі мүмкін:**
  - **егер аккумуляторлық батарея автокөліктің ұзақ уақыт бойы пайдаланбауы салдарынан отырған болса;**
  - **салқындату сұйықтығының температурасы төмен болса;**
  - **егер аккумуляторлық батареяның клеммалары аккумуляторлық батареяны және т. б. ауыстырғаннан кейін қайта жалғанса.**

▼ Іске қосылуына мүмкіндік бермейтін шарттар

Келесі жағдайлардың кез келгенінде қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесі жұмыс істемейді.

- Егер қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/тоқтату жүйесінің ескерту шамы/ Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесін сөндіруді бақылау шамы (сары) жанып тұрса немесе жыпылықтаса.
- Егер ақауды анықтауды бақылау шамы ("Check Engine" шамы) жанып тұрса.
- Егер электрлік тұрақ тежегіші қосулы болса.
- Егер қақпағы ашулы болса.
- Егер автокөлік теңіз деңгейінен шамамен 2 000 м. биіктікте болса.
- Егер сатысыз трансмиссияға арналған сұйықтық жеткілікті қыздырылмаған болса.
- Егер сатысыз трансмиссияға арналған сұйықтықтың температурасы тым жоғары болса.

- Егер автокөліктің аккумуляторлық батареясының күйі нашар болса.
- Егер климат-бақылау жүйесін пайдалану кезінде автокөлік ішіндегі температура мен қалыптастырылған температура арасында айтарлықтай айырмашылық бар болса.
- Егер климат-бақылау жүйесін пайдалану кезінде берілетін ауа ағыны қатты болса.

ЕСКЕРТПЕ

Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесі жұмыс істемейді, егер ақауды анықтауды бақылау шамы ("Check Engine" шамы) немесе аспаптар комбинациясындағы басқа да шамдар жанып тұрса немесе жыпылықтап тұрса.

▼ Қозғалтқышты қайта іске қосу шарттары

Төменде көрсетілген жағдайлардың кез келгенінде тежегіштің басқышы басулы күйде болса да қозғалтқыш автоматты түрде іске қосылады:

- Егер тежегіштің басқышы биік еңісті жолда басылатын болса, автокөлік сырғанай бастайды;
- Егер тежегіштің басқышы қатты басылса;
- Егер акселератордың басқышы басылса;
- Егер Сіз селектордың иінтірегін "P" күйіне ауыстырсаңыз.
- Егер рөл дөңгелегі бұрылса.
- Егер электрлік тұрақ тежегішінің ажыратқышы басылса;
- Егер X-MODE режімі белсендірілсе (егер қарастырылған болса);
- егер ауа жинағыш жұмысының "" режімі орнатылған болса;
- Егер климат-бақылау жүйесі қалыптастырылған температураны енді ұстап тұра алмаса;
- Егер жүргізушінің қауіпсіздік белдігі ағытылса;
- Егер жүк арту бөлігінің есігі ашылмайтын болса;
- Егер жүргізушінің есігі ашылса;
- Егер артқы шынының жылытқыш қосылса.
- Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясын сөндіру туралы неғұрлым толық ақпарат алу үшін "Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру" бөлімін қараңыз ☞7-46.

▼ Қозғалтқышты қайта іске қосуға мүмкіндік бермейтін шарттар

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесі жұмыс істеп тұрғанда қақпақ ашық болса, қозғалтқыш автоматты түрде іске қосылмайды. Мұндай жағдайда қоршаған кеңістікті тексеріңіз және қозғалтқышты әдеттегі жолмен іске қосыңыз. Сонымен қатар, егер автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының бақылау шамы жанып тұрса, қозғалтқышты қайта іске қосу мүмкін емес.

ЕСКЕРТПЕ


- **Егер қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесі жұмыс істеп тұрса, тежегіштің басқышы қатты сезілуі мүмкін. Алайда, бұл ақау болып табылмайды.**
- **Төменде көрсетілген жағдайларда Сіз тежегіштің басқышын басулы күйде ұстап тұрсаңыз да қозғалтқыш автоматты түрде іске қосылады:**
  - **– егер аккумуляторлық батарея отырған болса;**
  - **– егер тежегіш жүйесінің үдеткішіндегі сирету төмендесе.**
- **Келесі жағдайларда қозғалтқыштың қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесі арқылы уақытша тоқтатылу аралығы қысқаруы мүмкін:**
  - **– егер климат-бақылау жүйесі іске қосылса;**
  - **– егер сыртқы ауа температурасы жоғары немесе төмен болса**

- ЖАЛҒАСЫ –


(өйткені, климат-бақылау жүйесі қалыптастырылған температураны енді ұстап тұра алмайды);
– электрлік құралдар электр энергиясын көп шығындағанда.

- **Егер қозғалтқыш қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесі арқылы іске қосылса, қосымша электрлік жабдықтарын қосуға арналған розетка арқылы берілетін электр қуатының кернеуі төмендейді. Қосылған құрылғының түріне байланысты оның электрлік қуаты уақытша сөндірілуі мүмкін.**

▼ Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесінің ескерту шамы



Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесінің ескерту шамы (сары) ("A" түрі)



Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесінің ескерту шамы (сары) ("B" түрі)


Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесінің ескерту шамы электрлік қуаттау режімі бастапқыда қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату түймесі арқылы "ON" күйіне орнатылғанда сары түспен жанады. Қозғалтқышты іске қосқаннан кейін шам сөнеді.

Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесінде ақау болғанда қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесінің ескерту шамы жыпылықтайды. Мұндай жағдайларда біз Сізге диагностика жүргізу үшін өзіңіздің SUBARU ресми дилеріне хабарласуды ұсынамыз.


⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Егер қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесінің ескерту шамы қозғалтқышты іске қосқаннан кейін сөнбейтін болса, қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесінде ақау болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда біз Сізге диагностика жүргізу үшін өзіңіздің SUBARU ресми дилеріңізге хабарласуды ұсынамыз.


▼ Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесін ажыратқыш




Сол жақтан басқарылатын моделдер



Оң жақтан басқарылатын моделдер



Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесінің сөнуін бақылау шамы (сары) ("A" түрі)



Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесінің сөнуін бақылау шамы (сары) ("B" түрі)

Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесінің ажыратқышын басқан кезде қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесі сөнеді. Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесінің сөнуін бақылау шамы сары түспен жанады. Ажыратқышты қайта басқанда қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесі қайта қосылады. Бұл кезде қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесінің сөнуін бақылау шамы сөнеді.

Қозғалтқышты жүйе уақытша тоқтатқанда, қозғалтқышты


- ЖАЛҒАСЫ –

автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесінің ажыратқышын қайта басқанда, Сіз тежегіштің басқышын босатсаңыз да қозғалтқыш іске қосылмайды.


ЕСКЕРТПЕ

- **Егер қозғалтқыш қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесі жұмыс істемейтін күйде тұрған кезде, ал оталдыру құлпы "LOCK"/"OFF" күйінде болғанда іске қосылса, қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесі қайтадан қосылады.**
- **Автокөліктен шыққан кезде оталдыру құлпын "LOCK"/"OFF" қалпына ауыстырыңыз. Бұл талаптың орындалмауы аккумуляторлық батареяның отыруына әкелуі мүмкін.**

▼ Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/тоқтату жүйесі белсенділігінің болмауын бақылау шамы



Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/тоқтату жүйесі белсенділігінің болмауын бақылау шамы ("A" түрі)



Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/тоқтату жүйесі белсенділігінің болмауын бақылау шамы ("B" түрі)

Егер автокөлік тоқтағаннан кейін талаптар сақталмаса, қозғалтқыш тоқтамайды және қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/тоқтату жүйесінде белсенділіктің жоқтығын білдіретін бақылау шамы жанады. Ол автокөлік қозғалысын жаңартқанда сөнеді.

■ Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесінің күйін көрсету

Көпфункциялы дисплейде (ақ-қара) немесе аспаптар комбинациясы дисплейінде (түрлі - түсті сұйықкристалды дисплейде)

қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/тоқтату жүйесінің қозғалтқышты сөндіру ұзақтығының және/ немесе үнемделген жанармай мөлшерінің болжамдық мәндерін көрсетілуі мүмкін. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін "Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесі жұмысының ұзақтығы" бөлімін ☞3-63 немесе "Негізгі экрандар" бөлімін қараңыз ☞3-54.

■ Жүйенің ескерту хабарламалары

Пайдалану қауіпсіздігі мен жайлылығы мақсатында жүргізушінің іс-әрекеттеріне қосымша ретінде қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесі автокөліктің күйін, сондай-ақ қозғалтқышты тоқтатуды және қайта іске қосуды басқара отырып, автокөліктің ішіндегі және сыртындағы ортасын үздіксіз бақылап отырады, жүргізушіге ескерту және/ немесе бақылау шамдарының көмегімен, сондай-ақ дыбыстық сигнал арқылы ескерту жасайды. Ескерту және бақылау шамдары туралы неғұрлым толық ақпарат "Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/тоқтату жүйесінің ескерту шамы /Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/тоқтату жүйесін сөндіруді бақылау шамы (сары)" бөлімінде берілген☞3-47.

▼ Дыбыстық ескерту сигналы

Дыбыстық ескерту сигналы қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесі арқылы қозғалтқыш тоқтатылған кезде қақпақ ашылған жағдайда беріледі.
Егер бұл орын алса, ескерту сигналының берілуі келесі әрекеттерді орындағанда тоқтатылады:

- қозғалтқыш әдеттегі рәсімді орындау арқылы іске қосылған ("Сапарға дайындық" бөлімін қараңыз☞7-8);
- Оталдыру құлпы "LOCK"/"OFF" күйіне ауыстырылған.

▼ Ескерту хабарламаларының көрсетілуі (аспаптар комбинациясы дисплейі бар моделдер) (түрлі-түсті сұйықкристалды дисплей)

Егер қозғалыс барысында аспаптар комбинациясы дисплейінде (түрлі-түсті сұйыққристалды дисплей) ескерту хабарламасы көрсетілсе, қозалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесінде ақау пайда болуы мүмкін. Мұндай жағдайда қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/ тоқтату жүйесінің ескерту шамы сары түспен жанады немесе жыпылықтайды. Біз Сіздің автокөлігіңізді диагностикалау бойынша жұмыстарды жүргізу үшін SUBARU дилеріне мүмкіндік пайда бола салысымен баруға кеңес береміз.

SRVD жүйес (егер орнатылған болса)

Автокөліктің артындағы көлік құралдарын анықтау жүйесі (SRVD) көзге көрінбейтін жерлердегі кедергілерді анықтау функциясы қарастырылған артқы жақты шолу радарынан, қозғалыс жолағын ауыстыру кезіндегі көмек функциясынан және қиылысатын жолда автокөліктің артындағы қозғалыс туралы ескерту функциясынан тұрады.

Бұл функциялар жүйеге Сіздің автокөлігіңіздің артындағы объектілер мен көлік құралдарын анықтауға және қозғалыс жолағын ауыстыру барысында немесе артқы жүріспен қозғалғанда жүргізушінің назарын аудартуға көмектеседі.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Қозғалыс қауіпсіздігі үшін жүргізуші жауапты. Қозғалыс жолағын ауыстырған кезде немесе артқы жүріспен қозғалғанда қоршаған жағдайды міндетті түрде көзбен тексеріңіз. Жүйе жүргізушіге қозғалыс жолағын ауыстырғанда немесе артқы жүріспен қозғалғанда автокөліктің айналасындағы артқы жағын және бүйір жағын бақылауға көмектесетіндей жобаланған.

Алайда, Сізге қозғалыс жолағын ауыстыру барысында немесе артқы жүріспен қозғалу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін осы жүйеге ғана сенуіңізге болмайды. Бұл жүйеге шамадан тыс сенім арту апатқа себеп болуы мүмкін және ауыр жарақатқа немесе адам өліміне ұшыратуы ықтимал. Жүйенің жұмысы әртүрлі шектеулермен байланысты болғандықтан, SRVD жүйесінің жақындауды бақылау шамының жыпылықтауы немесе қосылуының кідіруі мүмкін немесе оның көрші жолақта автокөлік болған кезде немесе ол кез келген жағынан жақындағанның өзінде мүлдем жұмыс істемеуі мүмкін.

Жүргізуші көлік айналасындағы артқы жақтағы және бүйір жақтағы жағдайға назар аудару үшін жауапты.

■ Жүйенің функциялары

ЕСКЕРТПЕ


SRVD жүйесінің радарлық қадағасы әр елдегі радиожиіліктерді пайдалануды реттейтін заңдарға сәйкес сертификатталған. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін "Техникалық ақпарат" бөлімін қараңыз☞13-51.

SRVD жүйесі келесі функцияларды қамтиды:

- көрші қозғалыс жолағындағы автокөлікті көзге көрінбейтін жерлерде анықтау немесе автокөліктің қозғалысы барысында жоғары жылдамдықпен жақындап келе жатқан көлік құралын анықтау (көзге көрінбейтін жерлерде кедергілерді анықтау және қозғалыс жолағын ауыстыру кезіндегі көмек көрсету);
- артқы жүріспен қозғалу барысында оң жақтан немесе сол жақтан жақындап келе жатқан автокөлікті анықтау (қиылысатын жолда автокөліктің артындағы қозғалыс туралы ескерту).


Бұл функциялардың жұмыс істеуі үшін жүйе радарлық қадағаларды пайдаланады.

▼ Көзге көрінбейтін жерлердегі кедергілерді анықтау функциясы



1) Әрекет ету аймағы.


Жүйе жүргізушіге қауіп туралы ескертуді былайша жасайды.



SRVD жүйесінің жақындауды бақылау шамы

- Егер жүйе көзге көрінбейтін аймақта автокөліктің бар екендігін анықтаса, SRVD жүйесінің жақындауды бақылау шамы (шамдары) қосылатын болады.
- Егер жүргізуші бұрылыс көрсеткішінің иінтірегін SRVD жүйесінің жақындауды бақылау шамы қосылған жаққа қарай ауыстыратын болса, SRVD жүйесінің жақындауды анықтауды бақылайтын тиісті шамы жыпылықтайды.

▼Қозғалыс жолағын ауыстыру барысындағы көмек функциясы




1) Әрекет ету аймағы.

Жүйе жүргізушіге қауіп туралы ескертуді былайша жасайды:

- Егер жүйе көрші жолақта жоғары жылдамдықпен келе жатқан автокөлікті анықтаса, сыртқы айнадағы (лардағы) SRVD жүйесінің жақындауды бақылау шамы (шамдары) қосылады.
- Егер жүргізуші бұрылыс көрсеткішінің иінтірегін SRVD жүйесінің жақындауды бақылау шамы қосылған жаққа қарай ауыстыратын болса, SRVD жүйесінің жақындауды анықтауды бақылайтын тиісті шамы жыпылықтайды.

▼ Қиылысатын жолдағы автокөліктің артындағы қозғалыс туралы ескерту функциясы



1) Әрекет ету аймағы.

Функция жүргізушіге артқы жүріспен қозғалыс кезінде басқа автокөліктің кез келген жақтан жақындағаны туралы ескерту жасайды. Бұл функция жүргізушіге артқы жүріспен қозғалғанда автокөліктің айналасындағы артқы жағын және бүйір жағын бақылауға көмектеседі.


Егер артқы жүріспен қозғалыс кезінде жүйе кез келген жақтан жақындап келе жатқан автокөлікті анықтаса, жүргізушіге қауіп туралы ескертуді былайша жасайды:

- ЖАЛҒАСЫ –

- SRVD жүйесінің жақындауды бақылау шамы (дары) сыртқы айнада (ларда) жыпылықтайды.
- Дыбыстық ескерту сигналы естіледі.
- Артқы көрініс камерасының экранында белгіше пайда болады (аудиожүйе мониторы/ навигация жүйесі).

▽ **Қиылысатын жолдағы автокөліктің артындағы қозғалыс туралы ескерту функциясының анықтау қабілетінің шектеулері**


Қиылысатын жолдағы автокөліктің артындағы қозғалыс туралы ескерту функциясының анықтау қабілетінің шектеулі болуына байланысты қиылысатын жолдағы автокөліктің артындағы қозғалыс туралы ескерту функциясы бұрыштап тұрақтату кезінде тиісінше жұмыс істемеуі мүмкін.



Мысал 1
1) Радарлық қадағалардың анықтау аймағы.
2) Радарлық қадағалардың анықтау аумағынан тыс жерлер.
A) Анықталмауы мүмкін автокөлік.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Жақындап келе жатқан автокөлік (A) анықталмауы мүмкін, өйткені, артқы жүріспен қозғалып келе жатқан автокөлік тұрақтатылған автокөлікпен жабылған. Артқы жүріспен қозғалған кезде қоршаған жағдайды міндетті түрде көзбен тексеріңіз.



Мысал 2
1) Радарлық қадағалардың анықтау аймағы.
2) Анықталуы мүмкін автокөлік.

ЕСКЕРТПЕ

Жүйе Сіздің автокөлігіңіздің алдында жолды қиып өтетін автокөлікті (B) анықтай алады. Артқы жүріспен қозғалған кезде қоршаған жағдайды міндетті түрде көзбен тексеріңіз.

■ Жүйенің жұмысы

▼ Жұмыс шарттары

SRVD жүйесі төменде аталған барлық шарттар сақталған жағдайда жұмыс істейтін болады.
- Оталдыру құлпы "ON" күйінде.

- SRVD жүйесінің ескерту индикаторы және SRVD жүйесін сөндіру индикаторы сөндірулі.
- Автокөлік 12 ш./ сағ. асатын жылдамдықпен қозғалады (артқы жүріспен қозғалуды санамағанда).
- Селектордың иінтірегі "R" күйіне келтірілген (тек қана қиылысатын жолдағы автокөліктің артындағы қозғалыс туралы ескерту функциясы үшін).
- SRVD жүйесі келесі жағдайларда жұмыс істемеуі мүмкін:
- SRVD жүйесін сөндіру индикаторы жанып тұр.
- SRVD жүйесін сөндіру индикаторы сөніп тұрса да автокөліктің жылдамдығы 12 ш./ сағ. төмен (артқы жүріспен қозғалуды санамағанда).

ЕСКЕРТПЕ

- **Жүйеде ақау анықталған жағдайда (SRVD жүйесінің жақындауды анықтауды бақылау шамын қоса алғанда) SRVD жүйесі өз жұмысын тоқтатады және SRVD жүйесінің ескерту индикаторы жанады. Егер SRVD жүйесінің ескерту индикаторы жанса, біз Сізге Сіздің автокөлігіңізге диагностика жүргізу үшін SUBARU дилеріне тезірек хабарласуды ұсынамыз.**
- **Төменде аталған жағдайларда SRVD жүйесі жұмысын уақытша тоқтатады (немесе жұмысын толық тоқтатуы мүмкін) және SRVD жүйесінің ескерту индикаторы жанады. SRVD жүйесі осы жағдайлар түзетілгеннен кейін өз жұмысын қайта жаңартады, ал SRVD жүйесінің сөнуін ескерту индикаторы сөнеді. Алайда, егер SRVD жүйесінің ескерту индикаторы ұзақ уақыт бойы жанып тұрса, біз Сізге Сіздің автокөлігіңізге диагностика жүргізу үшін SUBARU дилеріне тезірек хабарласуды ұсынамыз.**
  - **Артқы бампердің үстіне көп қар жабысса немесе радарлық қадағалардың маңына мұз қатса.**
  - **Егер автокөлік қар жатқан жолда немесе ұзақ уақыт бойы маңайында объектілер болмайтын жағдайда (мысалы, шөл далада) жүрсе.**
  - **Егер радарлық қадағалар айналасындағы температура жазда және т. б. биік еңіске көтерілу үшін ұзақ уақыт бойы қозғалу нәтижесінде шамадан тыс артатын болса.**
  - **Егер радарлық қадағалар айналасындағы температура тым төмен болса.**
  - **Аккумуляторлық батареяның кернеуі төмендейтін болса.**
  - **Автокөліктің аккумуляторлық батареясындағы кернеу шамадан тыс болған кезде.**
  - **Радарлық қадаға номиналды күйден айтарлықтай ығысатын болса. (Егер қандай да бір себепке байланысты радарлық қадағаның күйі ығысса, қайта реттеу талап етіледі. Біз Сізге қадағаны тексеруді SUBARU дилерінде жүргізуге кеңес береміз.)**
- **Радарлық қадағалардың анықтау қабілеті шектеулі. Мынадай жағдайларда SRVD жүйесінің анықтау қабілетінің кемуі және ол тиісінше жұмыс жасай алмауы мүмкін.**
  - **Артқы бампердің радарлық қадағасының айналасы деформацияланған болса.**
  - **Артқы бамперге радарлық қадағалардың маңына қар немесе батпақ жабысқан болса.**
  - **Егер артқы бамперге радарлық қадағалардың маңында жапсырмалар және т. б. бекітілген болса.**
  - **Ауа-райы нашар болғанда, мысалы, жаңбыр, қар немесе тұман болса.**
  - **Ылғалды жолмен жүргенде, мысалы, қар жапқан жолмен, шалшықпен жүргенде.**

- ЖАЛҒАСЫ –


- **Радарлық қадағалар мынадай автокөліктерді немесе объектілерді анықтай алмауы немесе оларды анықтауының қиын болуы мүмкін.**
  - **– Шағын мотоциклдер, велосипедтер, жаяу жүргіншілер, жолдағы немесе жол жиегіндегі стационарлық объектілер және т. б.**
  - **– Шанағының пішіні радар сәулесін шағылыстырмайтын автокөліктер (шанағы төмен автокөліктер, мысалы, жүксіз тіркеме немесе спорттық автокөлік).**
  - **– Сіздің автокөлігіңізге жақындамайтын (немесе көрші жолақтағы, болмаса артқы қозғалыспен жүрген кезде Сіздің көлігіңіздің жанындағы) автокөліктер. (Жүйе жақындап келе жатқан автокөлікті радарлық қадағалардың деректерінің негізінде анықтайды.)**
  - **– Айтарлықтай айырмашылығы бар жылдамдықпен қозғалатын автокөліктер.**
  - **– Сіздің автокөлігіңізбен қатарынан бірдей жылдамдықпен ұзақ уақыт бойы қозғалатын автокөліктер.**
  - **– Қарсы келе жатқан автокөліктер.**
  - **– Көрші жолақтың арғы жағындағы жолақтағы автокөліктер.**
  - **– Жылдамдығы Сіздің басып озғыңыз келетін автокөліктің жылдамдығынан айтарлықтай төмен автокөліктер.**
  - **– Қозғалыс жолақтары өте тар жолда жүйе көрші жолақтан кейінгі жолақта қозғалып келе жатқан автокөліктерді анықтауы мүмкін.**
  - **– 8-дюймдік дисплейі/ навигация жүйесі бар аудиожүйені бағдарламалық жасақтаманың көмегімен жаңартуды орындау барысында жаңарту аяқталғанша аудиожүйенің/ навигация жүйесінің дисплейінде қиылысатын жолдағы автокөліктің артындағы қозғалыс туралы ескерту белгішелері көрсетілмеуі мүмкін.**

■ Жақындауды бақылау шамы/ SRVD жүйесінің дыбыстық ескерту сигналы

Егер SRVD жүйесі белсенді болса, жүргізушіге ескерту міндетін мынадай элементтер орындайды.

- SRVD жүйесінің жақындауды бақылау шамы (көрші қозғалыс жолағында автокөлік болған жағдайда).
- SRVD жүйесінің жақындауды бақылау шамы және дыбыстық ескерту сигналы (егер автокөлік артқы жүріспен қозғалғанда оң жақтан немесе сол жақтан жақындайтын болса).

▼ SRVD жүйесінің жақындауды бақылау шамдары



SRVD жүйесінің жақындауды бақылау шамы

Сыртқы айналардың әрбір жағында орнатылған.

Егер артынан жақындап келе жатқан автокөлік анықталса, бақылау шамы (шамдары) жанады.

Бақылау шамы жүргізушіге қауіп туралы ескерту жасай отырып мынадай жағдайларда жыпылықтайды:

- егер бақылау шамы жанып тұрғанда Сіз бұрылыс көрсеткіштерінің иінтірегін шам қосулы тұрған жаққа қарай ауыстырсаңыз.
- егер артқы жүріспен қозғалу барысында жүйе кез келген жақтан жақындап келе жатқан автокөлікті анықтаса.

▽ SRVD жүйесінің жақындауды бақылау шамының жарықтығын төмендету функциясы

Егер шамдар қосулы болса, SRVD жүйесінің жақындауды бақылау шамының жарықтығы төмендейді.

ЕСКЕРТПЕ

- **SRVD жүйесінің бақылауды анықтау шамын келесі жағдайларда байқау қиын болуы мүмкін:**
  - **Күн сәулесі тігінен түсетін болса.**
  - **Артта келе жатқан автокөліктердің шамдарының алысқа түсірілетін жарығы түссе.**
- **Егер жарықтандырғыштың жарықтығын реттеу дискі жоғарғы шеткі күйде болса шамдар қосулы болса да SRVD жүйесінің бақылауды анықтау шамының жарықтығы төмендемейді. Жарықтандырғыштың жарықтығын реттеу дискі туралы толық ақпарат "Аспаптардың жарықтандырғышының жарықтығын реттеу" бөлімінде берілген ☞3-15.**

▼ SRVD жүйесінің жақындауды ескертетін дыбыстық сигналы (тек артқы жүріспен қозғалғанда)

Дыбыстық ескерту дабылы SRVD жүйесінің жақындауды бақылау шамының жыпылықтауымен қатар жүргізушіге қауіп туралы ескерту жасайды.

Ескерту сигналдарының дыбысының қаттылығын баптауды аспаптар комбинациясының дисплейі (сұйық кристалды дисплей) арқылы өзгертуге болады. Толық ақпарат алу үшін "Мәзір экрандары" бөлімін қараңыз ☞3-56.


▼ SRVD жүйесінің жақындауды бақылау шамының қауіпсіздігіне/ дыбыстық ескерту сигналына қатысты ұсынымдар

- Төменде аталып отырған жағдайларда SRVD жүйесінің жақындауды бақылау шамының және дыбыстық ескерту сигналының іске қосылуының кідіруі мүмкін немесе жүйе аталған ескертулерді бермеуі ықтимал.
  - Егер автокөлік қозғалыстың көрші жолақтан кейінгі жолағына ауысса.
  - Биік еңістеде қозғалғанда немесе тік еңістер мен ойлы жерлер қайталанатын жолмен жүру кезінде.
  - Басып озуды іске асыру кезінде.
  - Егер Сіздің автокөлігіңіз және көрші қозғалыс жолағында келе жатқан автокөлік өз жолақтарының шеткі жағымен қозғалатын болса.
  - Егер бір-біріне жақын келе жатқан автокөліктер қатары жақындаса.
  - Радиусы кіші бұрылыстарда (биік иірімдер немесе қиылыстардағы бұрылыстар).
  - Егер Сіздің қозғалыс жолағыңыз бен қозғалыстың көрші жолағының биіктіктерінде айырмашылық болса.
  - SRVD жүйесін SRVD жүйесінің ажыратқышын басу арқылы іске қосқаннан кейін.
  - Селектордың иінтірегін "P" күйіне ауыстырғаннан кейін.
  - Егер жүк арту бөлігіне өте ауыр жүк артылса.
- Артқы жүріспен қозғалыс жағдайында SRVD жүйесінің жақындауды бақылау шамының және дыбыстық ескерту сигналының іске қосылуы кідіруі мүмкін немесе жүйе атал-

- ЖАЛҒАСЫ –

ған ескертулерді келесі жағдайлардың салдарынан бермеуі ықтимал.


– Бұрышта орналасқан тұрақтық орыннан артқы жүріспен шыққан кезде.
– Егер Сіздің автокөлігіңіздің жанында үлкен автокөлік тұрақтатылған болса (мұндай автокөлік радиосигналдардың таралуына кедергі жасайды).
– Еңісті жолмен артқа жүріп келе жатқанда.
– Жоғары жылдамдықпен артқа қарай жүргенде.



- SRVD жүйесінің жақындауды бақылау шамы жолдағы немесе жолдың жиегіндегі тұтас объектілердің жанында жүргенде (мысалы, қоршаулар, туннелдер және бүйір қабырғалары) жануы мүмкін.
- Қалалық аумақтардағы қиылыстағы бұрылыс кезінде SRVD жүйесінің жақындауды бақылау шамы жыпылықтауы мүмкін.
- Егер артқы жүріспен қозғалу бағытында ғимарат немесе қабырға болса, SRVD жүйесінің жақындауды бақылау шамының жыпылықтауы және дыбыстық ескерту сигналы іске қосылуы мүмкін.
- Келесі жағдайларда жүйе Сіздің автокөлігіңізден екі жолақ алшақ қозғалып келе жатқан автокөлікті анықтай алады.
  – Егер Сіздің автокөлігіңіз тиісті автокөлікке қарағанда өзінің қозғалыс жолағының жақын жағымен қозғалып келе жатса.
  – Егер Сіздің автокөлігіңізден екі жолақ алшақ қозғалып келе жатқан автокөлік Сіздің автокөлігіңізге қарағанда өзінің қозғалыс жолағының жақын шетінде қозғалып келе жатса.

■ SRVD жүйесін сөндіру индикаторы

▼ Жүйені уақытша тоқтату




1) Жүйені уақытша тоқтату туралы хабарлама.
2) SRVD жүйесін сөндіру индикаторы.

Бұл индикатор төменде аталған жағдайларда пайдаланылса пайда болады.

- Температура тым жоғары немесе өте төмен.
- Автокөліктің аккумуляторлық батареясының кернеуі аса төмен.
- Радарлық қадағаның орнынан айтарлықтай ығысуы.

Осы жағдай түзетілгеннен кейін жүйе өз жұмысын уақытша тоқтату күйінен қайта жаңарады, ал индикатор сөнеді. Егер индикатор ұзақ уақыт бойы қосулы күйде қалатын болса, біз Сізге жүйені тексеру үшін SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

▼ Жүйені радардың сезімталдығының төмендеуі салдарынан уақытша тоқтату




1) Жүйені радардың сезімталдығының төмендеуі салдарынан уақытша тоқтату туралы хабарлама.
2) SRVD жүйесін сөндіру индикаторы.

Бұл индикатор радарлық қадағалардың анықтау қабілеті төмендеген кезде пайда болады. Осы жағдай түзетілгеннен кейін жүйе өз жұмысын уақытша тоқтату күйінен қайта жаңарады, ал индикатор сөнеді. Егер индикатор ұзақ уақыт бойы қосулы күйде қалатын болса, біз Сізге жүйені тексеру үшін SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

■ SRVD жүйесінің ескерту индикаторы


▼ Жүйенің ақауы




1) SRVD жүйесінің ақауы туралы хабарлама.
2) Алдымен осы хабарлама пайда болады.
3) Содан кейін осы хабарлама пайда болады.
3) SRVD жүйесінің ескерту индикаторы.

Бұл экран жүйеде ақау пайда болған жағдайда көрсетіледі. Біз Сізге жүйені диагностикалау үшін SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.


■ SRVD жүйесінің ажыратқышы



SRVD жүйесінің ажыратқышы (сол жақтан басқарылатын моделдер)



SRVD жүйесінің ажыратқышы (оң жақтан басқарылатын моделдер)



SRVD жүйесін сөндіру индикаторы

ЕСКЕРТПЕ

Төменде аталған жағдайларда SRVD жүйесінің ажыратқышын оны сөндіру үшін басыңыз. Жүйе радар толқындарының бұғатталуынан тиісті түрде жұмыс істемеуі мүмкін.

- **Тіркемені тіркеп сүйреу кезінде.**
- **Егер автокөліктің артында велосипедті тасымалдауға арналған құрылғы немесе басқа да заттар бекітілсе.**
- **Роликті сынау стендін, еркін роликтерді және т. б. пайдаланған кезде.**
- **Егер автокөлік көтерілген болса (мысалы, көтергіште), қозғалтқыш қосылған болса және дөңгелектер айналып тұрса.**

▼Аустралияға арналған моделдерден басқа SRVD жүйесінің ажыратқышын басқанда

SRVD жүйесінің сөну индикаторы аспаптар комбинациясы дисплейінде жанады, ал SRVD жүйесі сөнеді.

Ажыратқышты қайта басу SRVD жүйесін қосады. SRVD жүйесін сөндіру индикаторы сөнеді.

Егер бұл орын алса, артқы көрініс айнасының бүйіріндегі SRVD жүйесінің жақындауды бақылау шамы бірнеше секундқа жанады, содан кейін сөнеді.

ЕСКЕРТПЕ

Оталдыру құлпын "LOCK"/"OFF" күйіне ауыстырғанда жүйенің соңғы белгілі болған күйі сақталады. Мысалы, егер оталдыру құлпы SRVD жүйесі сөндірулі болғанда "LOCK" /"OFF" күйіне ауыстырылса, SRVD жүйесі оталдыру құлпын "ON" күйіне келесі ауыстыру кезінде сөндірулі күйде қалады.

▼ Аустралияға арналған моделдерSRVDжүйесінің ажыратқышын аз уақытқа басқанда

апаттық жағдайларда қозғалыс жолағында ұстап қалуға көмек жүйесі сөнеді.


Апаттық жағдайларда қозғалыс жолағында ұстап қалуға көмек жүйесі мен SRVD жүйесін сөндіру үшін SRVD жүйесінің ажыратқышын қайта басыңыз. Аспаптар комбинациясында автокөліктің артында келе жатқан көлік құралдарын анықтау жүйесін сөндіруді бақылау шамы жанады.

Апаттық жағдайларда қозғалыс жолағында ұстап қалуға көмек жүйесі мен SRVD жүйесін қайта қосу үшін SRVD жүйесінің ажыратқышын аз уақытқа қайта басыңыз. SRVD жүйесін сөндіру индикаторы сөнеді.

ЕСКЕРТПЕ

- **Егер қозғалтқыш тоқтатылған, ал оталдыру құлпы "LOCK"/"OFF" күйіне ауыстырылған болса, онда апаттық жағдайларда қозғалыс жолағында ұстап қалуға көмек жүйесі және SRVD жүйесі қозғалтқышты қайта іске қосу кезінде автоматты түрде қосылады.**
- **Апаттық жағдайларда қозғалыс жолағында ұстап қалуға көмек жүйесі туралы неғұрлым толық ақпарат алу үшін автокөлікті пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың қосымшасын қараңыз - "EyeSight жүйесін пайдалану жөніндегі нұсқаулық".**

■ Радарлық қадағаларды пайдалану



1) Қадағалар.

Радарлық қадағалар автокөліктің әрбір жағында бір-бірден, артқы бампердің ішінде орналастырылған.

ЕСКЕРТПЕ

- **SRVD жүйесінің дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін Сіз келесі сақтық шараларын сақтауыңыз керек.**
  - **Бампердің радарлық қадағаларға жақын жерлерін міндетті түрде тазалықта ұстаңыз.**
  - **Ешқандай жапсырмаларды немесе басқа заттарды бамперге радар қадағасына жақын жабыстырмаңыз.**
  - **Бампердің радарлық қадағаларға жақын жерлерін түрлендірмеңіз.**
  - **Бамперді радарлық қадағаларға жақын боямаңыз.**
  - **Бампердің радарлық қадағаларға жақын жерлерін соққыға ұшыратпаңыз. Қадағаның қалпы бұзылған жағдайда жүйеде ақау туындауы мүмкін, соның ішінде анықтау аймағына кірген автокөліктерді анықтау қабілеті нашарлауы да бар. Егер бамперге күшті соққы тиген болса, біз жүйені тексеру үшін SUBARU дилеріне жүгінуге кеңес береміз.**
  - **Радарлық қадағаларды бөлшектемеңіз.**
- **Егер радарлық қадағаларды жөндеу немесе ауыстыру қажет болса немесе артқы бампердің радарлық қадағаларға жақын жерлерін жөндеу, бояу немесе ауыстыру қажет болса, Сіздің SUBARU дилерінің көмегіне жүгінгеніңіздің дұрыс екендігін ескертеміз.**

Артқы жүріспен қозғалыс кезінде автоматты тежеу жүйесі (егер орнатылған болса)

Артқы жүріспен қозғалғанда автоматты түрде тежеу жүйесі жүргізушіге көмек көрсетуге арналған және соқтығысудың алдын алуға немесе артқы жүріспен қозғалыс кезінде болатын соқтығысу салдарынан болатын зақымдар деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді. Егер артқы жүріспен қозғалыс барысында анықтау жүйесі қабырғаны немесе басқа да кедергіні анықтайтын болса, жүйе жүргізушіні дыбыстық ескерту сигналымен хабардар етеді және автокөліктің тежегіштерін автоматты түрде іске қоса алады.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Артқы жүріспен қозғалу кезінде автоматты түрде тежеу жүйесі соқтығысуды болдырмау мақсатында жүргізушінің автокөлікті қоршаған ортаны және кедергілерді бақылау бойынша жауапкершілігін өзіне қабылдауға арналмаған.**
- **Қозғалыс қауіпсіздігі үшін жүргізуші жауапты. Артқы жүріспен қозғалған кезде қоршаған жағдайды міндетті түрде көзбен тексеріңіз.**
- **Бұл жүйенің мүмкіндіктері шектеулі, сондықтан, кейбір жағдайларда соқтығысудың алдын алу мүмкін емес. Дыбысты ескерту сигналы немесе автоматты тежеу артқы жүріспен қозғалу бағытында кедергі болған күннің өзінде де кідіруі немесе мүлде жұмыс істемеуі мүмкін.**
- **Жүйе адамдарды (балаларды қоса алғанда), жануарларды және басқа да жылжымалы объектілерді анықтауға арналмаған.**
- **Автокөлік пен қоршаған ортаның жағдайына байланысты радарлық қадағалардың объектілерді анықтау қабілеті төмендеуі мүмкін.**

ЕСКЕРТПЕ

Автоматты түрде тежеу іске қосылған кезде автоматты түрде тежеу жүйесі артқы жүріспен қозғалған кезде төменде аталған деректерді жазады және сақтайды. Ол сөйлесулерді,

дербес деректерді және басқа да ақпаратты жазып алмайды.

- **Объектіге дейінгі қашықтық .**
- **Автокөліктің жылдамдығы.**
- **Акселератордың басқышын басу күйі.**
- **Тежегіштің басқышын басу күйі.**
- **Селектор иінтірегінің күйі.**
- **Сырттағы ауаның температурасы**
- **Сонар қадағаларының сезімталдығын баптау.**

SUBARU және SUBARU келісім-шарт жасасқан үшінші тұлғалар сақталған деректерді автокөліктерді әзірлеу және зерттеу мақсатында ала алады және пайдалана алады. SUBARU және SUBARU келісім-шарт жасасқан үшінші тұлғалар жинақталған деректерді үшінші тарапқа төменде аталып отырған жағдайларды санамағада, ашпайды және бермейді.


- **Автокөлік иесі келісім берді.**
- **Ақпаратты ашу/ беру соттың қаулысына немесе басқа да заңды міндеттеуші сұрау салуға негізделген.**
- **Пайдаланушыны және автокөлікті сәйкестендіру мүмкін болмайтындай етіп модификацияланған деректер зерттеу институтына**

статистикалық өңдеу және басқа да осыған ұқсас мақсаттар үшін беріледі.

■ Артқы жүріспен қозғалыс кезінде автоматты түрде тежеу жүйесіне шолу


Жүйе объектілерді артқы бамперге орнатылған сонар қадағаларының көмегімен анықтайды.

- Егер жүйе артқы жүріспен қозғалыс бағытында соқтығысудың мүмкін екендігін анықтаса, автоматты түрде тежеу іске қосылады. Сонымен қатар дыбыстық сигнал қосылады.
- Егер автокөлік артқы жүріспен қозғалысын жалғастыра берсе, кенеттен автоматты түрде тежеу іске қосылады және үздіксіз дыбыстық сигнал қосылады.



1) Артқы жүріспен қозғалыс барысында.
2) Егер соқтығысуды болдырмау үшін кенеттен автоматты түрде тежеу орындалса немесе айналу сәті бірталай өзгертілетін болса (мұндай жағдайларда қысқа немесе үздіксіз дыбыстық ескерту сигналдары беріледі).
3) Егер автокөліктің тоқтатылуына осы жүйе бастамашы болса (мұндай жағдайда үздіксіз дыбыстық сигнал беріледі).
4) Объект (мысалы, қабырға).

▼ Анықтау ауқымы




1) Анықтау ауқымы (ені): автокөліктің ені шегінен шамамен 15 см. тыс.
2) Анықтау мүмкін емес ауқым: шамамен автокөліктің артқы жағынан 50 см.
3) Анықтау ауқымы (ұзындығы): шамамен автокөліктің артқы жағынан 1,5 м.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Егер Сіздің автокөлігіңіз темір жол өткелінде тұрып қалса және Сіз шлагбаумнан артқы жүріспен шығуға тырыссаңыз, жүйе шлагбаумды кедергі ретінде анықтап, тежегіштің іске қосылуы мүмкін. Мұндай жағдайда сабыр сақтаңыз және акселератордың басқышын басуды жалғастырыңыз, немесе жүйені сөндіріңіз. Жүйені сөндіру туралы ақпарат "Артқы жүріспен қозғалғанда автоматты түрде тежеу жүйесінің жұмысын тоқтату" бөлімінде берілген ☞7-85.

■ Жұмыс шарттары

Артқы жүріспен қозғалғанда автоматты түрде тежеу жүйесі төменде аталған шарттардың барлығы орындалғанда жұмыс істейді.



1) EyeSight жүйесінің ескерту хабарламасы
2) Артқы жүріспен қозғалғанда автоматты тежеу жүйесінің ескерту индикаторы
3) Артқы жүріспен қозғалыс кезінде автоматты түрде тежеу жүйесін сөндіру индикаторы

- Оталдыру құлпы "ON" күйінде.
- EyeSight жүйесінің ескерту шамы сөндірулі.
- Артқы жүріспен қозғалыс кезінде автоматты түрде тежеу жүйесінің ескерту индикаторы сөндірулі.
- Артқы жүріспен қозғалған кезде автоматты түрде тежеу жүйесін сөндіру индикаторы сөндірулі.

- Артқы жүріспен қозғалыс кезінде автоматты түрде тежеу жүйесі баптауларда қосылған.
- Селектордың иінтірегі "R" күйіне келтірілген.
- Автокөліктің жылдамдығы 1,5 ш./ сағ. бастап 15 ш./ сағ. дейінгі аралықта.

ЕСКЕРТПЕ

- **Төменде аталып отырған жағдайларда артқы жүріспен қозғалыс кезінде автоматты түрде тежеу жүйесі жұмыс істемейді. Біз Сізге жүйені диагностикалау үшін дереу арада SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.**
  - **EyeSight жүйесінің ескерту индикаторы жанады.**
  - **Артқы жүріспен қозғалғанда автоматты түрде тежеу жүйесінің ескерту индикаторы жанады.**
- **Егер артқы жүріспен қозғалыс кезінде автоматты түрде тежеу жүйесінің сөндірілгендігін көрсететін индикатор жанып тұрса, артқы жүріспен қозғалған кезде автоматты түрде тежеу жүйесін пайдалану мүмкін болмайды.**
- **Төменде аталған жағдайларда жүйе объектіні дұрыс анықтауға қабілетсіз болуы мүмкін. Біз Сізге жүйені диагностикалау үшін дереу арада SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.**
  - **Артқы бампердің сонар қадағаларына жақын жерлеріне немесе сонар қадағаларына жапсырма жабыстырылған, бояу немесе басқа химиялық заттар жағылған.**
  - **Артқы бампер түрлендірілген.**
  - **Артқы бампер алынып, қайтадан орнатылған.**
  - **Саңғалы автокөліктің артылуына немесе түрлендірілуіне байланысты өзгерді.**
  - **Артқы бампер сонар қадағасына жақын немесе сонар қадағасына мұз, қар немесе балшық қатқан.**
  - **Артқы бампер қатты соққыға ұшыраған немесе деформацияланған болса.**
- **8-дюймдік дисплейі/ навигация жүйесі бар аудиожүйені бағдарламалық жасақтаманың көмегімен жаңартуды орындау барысында жаңарту аяқталғанша артқы жүріспен қозғалыс кезінде автоматты түрде тежеу жүйесі аудиожүйенің/ навигация жүйесінің дисплейінде төмендегі элементтерді көрсете алмайды.**
  - **Функцияны қосу/ сөндіру белгішесі.**
  - **Қашықтық индикаторының суреті.**
  - **Ескерту хабарламасы.**
- **Еңісте автоматты түрде тежеу жүйесінің мүмкіндіктері төмендейді.**
- **Жүйе автокөлік шамамен 5 ш./сағ. төмен жылдамдықпен артқы жүріспен қозғалып келе жатқан кезде шұғыл автоматты түрде тежеу салдарынан соқтығысуды болдырмайтындай әзірленген. Алайда, жүйе автокөліктің кез келген жағдайда апатқа ұшырамауының кепілдігі емес.**
- **Егер автокөлік өте төмен жылдамдықпен артқы жүріспен қозғалса, жүргізушінің әрекеті басымдыққа ие болуы мүмкін. Мұндай жағдайда автоматты түрде тежеу іске қосылмайды.**
- **Жүйе келесі объектілерді анықтауға қабілетсіз болуы мүмкін.**
  - **Сонарлық қадағалар шығаратын дыбыстық толқындарды шағылыстыра алмайтын үшкір немесе жұқа объектілер, мысалы, бағаналар, қоршаулар және арқандар.**

- ЖАЛҒАСЫ –

– Селектор иінтірегі "R" күйіне ауыстырылған кезде артқы бамперге тым жақын орналасқан объектілер.
– Беттері сонарлық қадағалар шығаратын дыбыстық толқындарды шағылыстыра алмайтын объектілер, мысалы, торлы қоршаулар.

• Жүйе жаяу жүргіншілерді немесе келесі объектілерді анықтауға арналмаған.
– Қозғалыстағы объектілер, қозғалыстағы автокөліктерді қоса алғанда.
– Дыбыстық толқындарды жұтатын объектілер, мысалы, шүберек немесе қар.
– Беті бұрыштап орналасқан объектілер.
– Жерден тым төмен орналасқан объектілер, мысалы, тұрақтық блоктар.
– Жерден тым жоғары орналасқан объектілер, мысалы, ілулі тұрған объектілер.
– Көлемі автокөліктен немесе қабырғалардан кіші объектілер.


• Төменде келтірілген шарттар болған жағдайда жүйе объектілерді дұрыс анықтауға қабілетсіз болуы мүмкін немесе жүйеде ақаудың туындауы ықтимал.
– Жақын жердегі басқа көздерден шығатын жиілігі жоғары дыбыс.
– Басқа автокөліктің дыбыстық сигналы.
– Басқа автокөліктердің қозғалтқышы жұмысының дыбысы.
– Пневматикалық тежегіштердің дыбысы.
– Автокөлікті анықтауға арналған жабдық немесе басқа автокөліктің сонары.
– Жақын жерде сәулеленетін, автокөліктің жүйесіне жақын жиіліктегі дыбыстық толқындар.
– Сіздің қозғалыс траекторияңыздың бағытында артқы жүріспен қозғалып келе жатқан, осындай жүйемен жабдықталған автокөлік.


Ауа райы жағдайлары.
– Өте жоғары немесе өте төмен температуралар салдарынан сонар қадағаларының маңындағы жерлер жұмыс үшін өте ыстық немесе өте суық болса
– Артқы бампердің сонар қадағаларына жақын жері немесе сонар қадағалары қатты жауынның немесе көп мөлшердегі судың әсеріне ұшыраған.
– Тұман, қар немесе құмды боран және т. б.
– Тез ығысатын ауа, мысалы, қатты жел.
– Артқы бамперде сонар қадағаларына жақын орнатылған бөлшектер.
– Коммерциялық электрондық бөлшектер (тұманға қарсы жарықшам, қанат тіреуіші, радиоқабылдағыш антеннасы) немесе коммерциялық аксессуарлар (тіркеу құрылғысы, велосипедті тасымалдауға арналған құрылғы, бампердің қалғаны) орнатылған.
– Орнатылған, жиілігі жоғары дыбыс шығаратын бөлшектер, мысалы, дыбыстық сигнал немесе динамик.

Автокөліктің күйі.
– Автокөлік айтарлықтай еңкейтілген.
– Саңғалы автокөліктің артылуына және т.б. байланысты айтарлықтай азайған.
– Сонар қадағасы соқтығысу немесе апат салдарынан ығыстырылған.


Қоршаған орта.
– Артқы жүріспен қозғалу бағытында мата баннер, ту, салбырап тұрған бұталар немесе теміржол өткелінің кедергілері бар.

– **Қиыршық тасты немесе шөпті жермен артқы жүріспен қозғалу.**
– **Объектілер немесе қабырғалар автокөлікке жақын орналасқан жерлерде артқы жүріспен қозғалу, мысалы, тар туннелдер, тар көпірлер, тар жолдар немесе тар көлікжайлар.**
– **Артқы жүріспен қозғалу бағытында жүретін жердің бетінде дөңгелек іздері немесе шұңқырлар бар.**
– **Суағар қақпағының үстінде артқы жүріспен қозғалу барысында (торлы қақпақ).**





– **Артқы жүріспен қозғалыс траекториясы еңіске түседі, мысалы, көлбеу беткейде**
– **Артқы жүріспен қозғалу бағытында жиектас бар.**
– **Еңіспен артқы жүріспен қозғалғанда.**



– **Тегіс емес жолмен артқы жүріспен қозғалғанда.**

• **Келесі жағдайларда осы жүйенің жұмысы қалыпты болған кезде де соқтығысуының алдын алу мүмкін болмайды.**
– **Шинадағы ауа қысымы қажетті шамаға сәйкес емес.**
– **Автокөліктің шиналары тозған.**
– **Рұқсатталмаған өлшемді шиналар орнатылған.**
– **Тесілген шиналарды жөндеуге арналған жиынтықтың көмегімен шиналардың апаттық жөнделуі жүргізілді.**
– **Автокөліктің аспасы түрлендірілген.**

- ЖАЛҒАСЫ –

- **Сырғанауға қарсы шынжырлар орнатылған.**
- **Апаттың салдарынан немесе ақауға байланысты автокөліктің штаттан тыс режімдегі қозғалысы.**
- **Тежегіш жүйесінің ескерту шамы жанып тұр.**

■ Артқы жүріспен қозғалыс кезінде автоматты тежеу жүйесінің жұмысы

Артқы жүріспен қозғалған кезде автоматты түрде тежеу жүйесінің жұмысы барысында аудиожүйенің/ навигация жүйесінің дисплейінде автокөлік пен анықталған объект арасындағы қашықтық көрсетіледі. Сонымен қатар, жүргізушіге әлеуетті соқтығысуды ескерту үшін дыбыстық ескерту сигналының 3 деңгейі іске қосылады.


Артқы жүріспен қозғалу барысында автокөлікті автоматты түрде тежеу жүйесінің жұмысы барысында аудиожүйенің/ навигация жүйесінің дисплейінде және аспаптар комбинациясының дисплейінде (түрлі-түсті сұйықкристалды дисплей) ескерту хабарламасы көрсетіледі.

Анықтау ауқымы параметрлері


Ескерту деңгейі	Объектіні анықтау ауқымы*	Қашықтық индикаторы	Ескерту сигналының құрылымы
Алыс аймақ (объект анықталды)	90 см. (35 дюйм)	Жасыл	Дыбыстық ескерту сигналы жоқ
Ортаңғы аймақ туралы ескерту (объектіге жақындау)	70 - 90 см. (28 – 35 дюйм)	Сары	Қысқа дыбыстық сигналдар
Жақын аймақ туралы ескерту (объектіге жақындау)	50- 70 см. (20 – 28 дюйм)	Қызғылт сары	Қысқа жылдам дыбыстық сигналдар
Ең жақын аймақ туралы ескерту (объектіге қатты жақындау)	50 см. (20 дюйм) немесе одан да аз	Қызыл	Үздіксіз дыбыстық сигнал

* Анықтау ауқымы қоршаған ортаның жағдайына байланысты өзгеруі мүмкін.


▼ Анықталған кедергі және ескерту деңгейі




Жақын аймақ туралы ескерту (объект анықталды)
1) Жасыл: 90 см. немесе одан да артық.



Жақын аймақ туралы ескерту (объектіге жақындау)
1) Сары: 70 - 90 см.




Жақын аймақ туралы ескерту (объектіге жақындау)
1) Қызғылт сары: 50- 70 см.



Жақын аймақ туралы ескерту (объектіге қатты жақындау)
1) Қызыл: 50 см.

Егер артқы жүріспен қозғалыс бағытында объект анықталса, аудиожүйенің/ навигация жүйесінің дисплейінде анықталған объектіге дейінгі қашықтық көрсетіледі.
Дыбыстық ескерту сигналы беріледі және жылдамдыққа байланысты қозғалтқышты тежеу үшін айналу сәтін басқару немесе автоматты түрде тежеу іске қосылады.


▼Артта жақын жерде объектінің бар екендігі туралы ескерту



Автоматты түрде тежеу туралы ескерту
1) Ескерту хабарламасы.

Егер автокөлік артқы жүріспен қозғалуды жалғастыратын болса, жүйе объектімен соқтығысу қаупін анықтауы мүмкін. Мұндай жағдайда қысқа дыбыстық сигналдар немесе үздіксіз дыбыстық ескерту сигналы беріледі, сондай-ақ қатты автоматы түрде тежелу, болмаса соқтығысудың алдын алу үшін айналу сәтін басқару іске қосылады.

▼ Егер автокөлік жүйе арқылы тоқтатылған болса




Тежегіштің басқышы басудың қажет екендігі туралы ескерту
1) Ескерту хабарламасы.

Автокөлік автоматты тежегішпен тоқтатылғаннан соң тежегіштің басқышын міндетті түрде толық басыңыз. Оған дейін, тежегіштің басқышы басылмай тұрып аудиожүйенің/ навигация жүйесінің дисплейінде хабарлама көрсетіледі және үздіксіз дыбыстық сигналдың берілуі жалғасады.
Ескерту хабарламасы бір мезетте аспаптар комбинациясының дисплейінде де көрсетіледі (түрлі-түсті сұйыққристалды дисплей).

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Автокөлік автоматты түрде тежеу жүйесі арқылы тоқтатылғаннан кейін бірден тежегіштің басқышын басыңыз. Жол жабыны мен шиналардың күйіне байланысты автокөлік толық тоқтамай қалуы мүмкін, ал бұл апатқа ұшыраудың себебі болуы ықтимал.

▼ Автокөлікті жүйе арқылы тоқтатқаннан кейін



1) Артқы жүріспен қозғалыс кезінде автоматты түрде тежеу жүйесін сөндіру индикаторы.

Тежегіш басқышын басқаннан кейін артқы жүріспен қозғалғанда автоматты тежеу жүйесін ажырату индикаторы жанады, ал жүйе жұмысты тоқтатады. Тежегіш басқышын басқаннан кейін артқы жүріспен қозғалғанда автоматты тежеу жүйесін ажырату индикаторы сөнеді, егер селектор иінсабы "R" басқа қалыпқа келтірілген болса. Жүйе селектор иінтірегін "R" жағдайына ауыстырған кезде жұмысты жаңартады.

Келесі жағдайларда артқы жүріспен қозғалғанда автоматты тежеу жүйесі автоматты түрде ажыратылады және осы жүйені ажыратудың бақылау шамы жанады.

– Сонар қадағалары мұзбен, қармен, балшықпен немесе басқа заттармен жабылып қалған.
– Селектор иінтірегі кедергі артқы бамперге жақын болған кезде "R" күйіне ауыстырылды.
– Артқы жүріспен қозғалу кезінде автоматты тежелу жүйесінде пайдаланылатын сонар қадағалары жиілігіне жақын жиіліктегі дыбыстар анықталды.

ЕСКЕРТПЕ

Төменде көрсетілген жағдайларда автокөлік артқы жүріспен қозғалыс кезінде автоматты тежеу жүйесімен тоқтатылған болса, тежегіштерді басқару сөндіріледі және электрлік тұрақ тежегіші іске қосылады. Тұрақ тежегішін сөндіру туралы толығырақ ақпарат алу үшін "Электрлік тұрақ тежегіші" бөлімін қараңыз ☞7-43.

- **Егер автокөлікті тоқтағаннан кейін 2 минуттан артық уақыт өтсе.**
- **Егер кез келген есік ашық болса.**
- **Егер EyeSight жүйесінің жұмысы уақытша тоқтатылса.**
- **Келесі жағдайларда артқы жүріспен қозғалғанда автоматты тежеу жүйесінің уақытша ажыратылуы мүмкін, бұл ретте осы жүйенің сөнгендігін білдіретін бақылау шамы жанады.**

– Артқы бампер сонар қадағасына жақын немесе сонар қадағасына мұз, қар немесе балшық қатқан.
– Селектор иінтірегі "R" күйіне ауыстырылған кезде, артқы бамперге тым жақын орналасқан объектілер бар.
– Артқы жүріспен қозғалу кезінде автоматты тежелу жүйесінде пайдаланылатын сонар қадағалары жиілігіне жақын жиіліктегі дыбыстар анықталды.

■ Артқы жүріспен қозғалыс кезінде автоматты тежеу жүйесінің жұмысын тоқтату

Артқы жүріспен қозғалғанда автоматты тежеу жүйесінің жұмысы төменде келтірілген операциялардың кез келгенін орындағанда уақытша тоқтатылуы мүмкін.

- Тежегіш басқышын басу.*
- Акселератор басқышын басу.*
- Акселератор басқышын басу және ұстап қалу (бұл жағдайда үдеуге шектеу алынып тасталады және автокөлік қозғалысты артқа қарай жалғастырады.)
- Селектор иінтірегі "R" қалпынан басқа қалыпқа ауыстырылды.


* Автокөлік автоматты тежеу жүйесімен тоқтатылды.

ЕСКЕРТПЕ

Егер объект табылмаса, жүйе жұмысы тоқтатылады.

■ Артқы жүріспен қозғалыс кезінде автоматты тежеу жүйесінің жұмысын қосуды/сөндіруді баптау

Селектордың иінтірегі "R" қалпында болған кезде, автоматты тежеу жүйесінің төменде аталған функцияларының артқы жүріспен қозғалғанда аудиожүйенің/навигация жүйесінің дисплейінің көмегімен бапталуы тиіс.




1) Артқы жүріспен қозғалыс кезінде автоматты тежеу жүйесін қосу белгісі.
2) Артқы жүріспен қозғалыс кезінде автоматты тежеу жүйесін сөндіру белгісі.
3) Объект табылған кезде ескерту сигналын қосу белгісі.
4) Объект табылған кезде ескерту дыбысын сөндіру белгісі.

Егер қосу белгісі көрсетілсе, баптаудың тиісті элементі қосулы. Баптау элементін сөндіру үшін қосу белгісін басып, ұстап тұрыңыз.

Егер сөндіру белгісі көрсетілсе, баптаудың тиісті элементі сөндірілген. Баптау элементін қосу үшін сөндіру белгісін басып, ұстап тұрыңыз.

Егер артқы жүріспен қозғалғанда автоматты тежеу жүйесі сөндірілген болса, келесі индикатор жанады.



Артқы жүріспен қозғалыс кезінде автоматты тежеу жүйесінің жұмысын тоқтату индикаторы: егер артқы жүріспен қозғалғанда автоматты тежеу жүйесі сөндірілген болса жанады.

Артқы жүріспен қозғалыс кезінде автоматты тежеу жүйесін сөндіру индикаторы сөнеді, егер артқы

жүріспен қозғалыс кезінде автоматты тежеу жүйесі қосылған болса.

ЕСКЕРТПЕ


- **Егер баптауларды өзгерту мүмкін болмаса, баптау элементін қосу/сөндіру белгісі сұр түсті болады.**
- **Артқы жүріспен қозғалыс кезінде автоматты тежеу жүйесі жарамсыз болғанда баптау элементін қосу/сөндіру белгісі сұр түсті болуы мүмкін. Бұл жағдайда оталдыру құлпын "LOCK"/"OFF" күйіне, содан кейін қайтадан "ON" күйіне ауыстырыңыз. Егер баптауларды оталдыру құлпын "ON" күйіне қайта аударғаннан кейін де өзгерту мүмкін болмаса, Сіздің SUBARU дилеріне хабарласуыңызды ұсынамыз.**
- **Төмендегі аталып отырған баптаулар қалпына келтірілетін болады, егер оталдыру құлпы "LOCK"/"OFF" күйіне, содан кейін "ON" күйіне ауыстырылатын болса. Баптаулар бастапқыда аспаптар комбинациясы дисплейінде (түрлі-түсті сұйықкристалды дисплейде) орнатылады.**
  - **Артқы жүріспен қозғалыс кезінде автоматты тежеу жүйесін баптау**
  - **Объект табылған кезде берілетін дыбыстық ескерту сигналы.**

Бұдан басқа, төменде келтірілген баптауларды аспаптар комбинациясы дисплейінің (сұйықкристалды дисплей) көмегімен өзгертуге болады.

- Ескерту сигналының дыбысының қаттылығы.
- Сонардық дыбыстық сигналын қосу/сөндіру.
- Артқы жүріспен қозғалған кезде автоматты тежеу жүйесін қосу/сөндіру.

Толық ақпарат алу үшін "Мәзір экрандары" бөлімін қараңыз ☞3-56.

■ Артқы жүріспен қозғалыс кезінде автоматты тежеу жүйесінің ескерту индикаторы




Автоматты тежеу жүйесі бұзылған жағдайда артқы жүріспен қозғалыс кезінде аспаптар комбинациясында жоғарыда көрсетілген индикатор жанады. Толық ақпарат алу үшін біз SUBARU ең жақын дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

■ Сонарлық қадағаларды пайдалану

Артқы бамперде 4 бірдей сонарлық қадаға орналасқан. Артқы жүріспен қозғалған кезде

автоматты тежеу жүйесінің дұрыс болуын қамтамасыз ету үшін келесі сақтық шараларын сақтаңыз.



- Ешқандай жапсырмалар немесе басқа заттарды сонар қадағасының бетіне немесе бампердің сонар қадағасы орнатылған жеріне жақын жабыстырмаңыз.
- Сонар қадағаларын және артқы бампердің сонар қадағалары орналастырылған жерлерінің маңын міндетті түрде таза ұстаңыз.
- Артқы бамперді өзгертпеңіз.
- Бамперді сонар қадағаларына жақын боямаңыз.
- Артқы бамперге сонар қадағаларының маңында күшті соққылар қолданбаңыз. Қадағаның біріктірілуі жоғалған жағдайда жүйенің жарамсызданууы мүмкін, артқы бағытта қозғалыс кезінде объектілерді анықтау қабілетінің жоғалуын қоса алғанда. Егер артқы бамперде кез келген күшті соққы болса, біз жүйені тексеру үшін SUBARU дилеріне жүгінуге кеңес береміз.
- Сонар қадағаларын бөлшектемеңіз.

ЕСКЕРТПЕ

Егер сонар қадағаларын жөндеу немесе ауыстыру қажет болса немесе сонар қадағаларына жақын артқы бамперді жөндеу, бояу немесе ауыстыру қажет болса, Сіздің SUBARU дилерінің көмегіне жүгінгеніңіз дұрыс екендігін ескертеміз.

Жаңа автокөліктің алғашқы
1 600 шақырымын жүріп төселту 8-2
Жанармайды үнемдеу бойынша ұсыныстар..... 8-2
Қозғалтқыш шығаратын газдар
(улы газ) 8-3
Каталитикалық бейтараптандырғыш..... 8-3
Автокөліктің техникалық
күйін мерзімді тексеру 8-4
Автокөлікті шетелдерде басқару 8-5
Толық жетекті автокөлікті басқару бойынша
кеңестер 8-5
Жолмен және жолсыз жермен жүру 8-7
Автокөлікті қыста басқару.....8-9
Суық ауа райында автокөлікті пайдалану.....8-9
Қар басқан және
мұз қатқан жолдармен жүру 8-11
Коррозиядан қорғау 8-13
Қысқы шиналар.....8-13
Сырғанауға қарсы шынжырлар 8-14
Тұрып қалған автокөлікті қозғау 8-14
Жүктерді тасымалдау 8-15
Төбедегі молдингтер мен жүкартқыш
(егер орнатылған болса) 8-16
Төбедегі рейлингтер (егер орнатылған болса)....8-17
Тіркемені сүйрету
(егер қарастырылған болса)..... 8-18
Техникалық қызмет көрсету 8-19
Сүйретілетін тіркеменің салмағы 8-19
Тіркеу құрылғылары (дилерлік опция).....8-20
Егер сіз тіркемені сүйремейтін болсаңыз 8-20
Тіркеменің сақтандыру шынжырлары.....8-20
Сыртқы айналар 8-20
Тіркеменің жарықтық сигналдары.....8-21
Шиналар.....8-21
Тіркемені тіркеп сүйреу бойынша ұсыныстар 8-21

Жаңа автокөліктің алғашқы 1600 шақырымын жүріп төселту

Сіздің автокөлігіңіздің жүрістік сапасы мен ұзақ мерзімділігі Сіздің оны жүріп төселту кезінде қалай пайдаланатындығыңызға байланысты. Алғашқы 1 600 шақырым жүріс кезінде төменде келтірілген нұсқауларды сақтаңыз.

- Аса қажет болатын жағдайларды санамағанда, қозғалтқыштың иінді білігінің айналу жиілігінің 4 000 айн./мин. артық болуына жол бермеңіз.
- Иінді біліктің жоғары немесе төмен айналу жиілігі немесе автокөліктің қозғалысының жоғары немесе төмен жылдамдығы болсын, бір жылдамдықпен қозғалтқыштың ұзақ уақыт бойы жұмыс істеуіне жол бермеңіз.
- Аса қажет болатын жағдайларды санамағанда, орнынан күрт қозғалуға немесе күрт үдетуге жол бермеңіз.
- Аса қажет болатын жағдайларды санамағанда, кенеттен тоқтауға жол бермеңіз.

Бастапқы жүріп төселту бойынша осындай нұсқаулықтарды қозғалтқыш күрделі жөндеуден өткен жағдайларда да,

- Кондиционерді қосыңыз, егер тек жаңа қозғалтқышты автокөлікке орнатқаннан кейін де, сондай - ақ тежегіш қалыптарын ауыстырғаннан кейін де сақтау керек.

Жанармайды үнемдеу бойынша ұсыныстар

Келесі ұсыныстар жанармайды үнемдеуіңізге көмектеседі.

- Қозғалыс кезінде автокөліктің қозғалыс жылдамдығына және жол жағдайларына барынша сәйкес келетін беріліс қадамын таңдаңыз.
- Шұғыл үдеулер мен тежеуден аулақ болыңыз. Үдетуді талап етілген жылдамдыққа жеткенге дейін бірқалыпты жүргізу керек. Содан кейін қозғалыс жылдамдығын барынша ұзақ сақтауға тырысыңыз.
- Акселератор басқышымен "газдатудан" және қозғалтқыштың иінді білігінің жоғары айналу жиілігіне дейін үдеуінен аулақ болыңыз.
- Қажет болмаған жағдайда бос жүріс режімінде қозғалтқыштың жұмыс істеуіне жол бермеңіз.
- Автокөлігіңіздің қозғалтқышының тиісті түрде реттелуін қадағалаңыз.
- Шина қысымын жүргізуші жақтағы құлыптың бекіткішінің астындағы ортаңғы тіректе орналасқан кестеде көрсетілген шамаларға сәйкес ұстаңыз. Шиналардағы төмен қысымы олардың уақытынан бұрын тозуына, сондай - ақ жанармайдың көп мөлшерде жұмсалуына соқтыратын болады.
- Кондиционерді қажет болған жағдайда ғана қосыңыз.
- Алдыңғы және артқы дөңгелектердің бұрышын үнемі тексеріңіз.
- Автокөлікте қажетсіз жолжүкті немесе жүкті тасымалдаудан аулақ болыңыз.

Қозғалтқыш шығаратын газдары (улы газ)

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Қозғалтқыштан шығатын газдардың жұтылуынан сақ болыңыз. Қозғалтқыштың пайдаланылған газдарының құрамында көміртегі тотығы болады - түсі мен иісі жоқ, тыныс алу арқылы жұтылуы қауіпті болып табылатын және тіпті өлімге әкеліп соғуы мүмкін улы газ.**
- **Қозғалтқыштың шығару жүйесін жарамды күйде ұстай отырып, Сіз пайдаланылған газдардың автокөлік ішіне кіруін болдырмайсыз.**
- **Жабық жайларда, мысалы, көлікжайда қозғалтқыштың қосулы болуына жол бермеңіз, кіру және шығу кезіндегі қысқа мерзімді санамағанда.**
- **Қозғалтқышы жұмыс істеп тұрған автокөліктің жанында ұзақ уақыт бойы тұрмаңыз. Егер мұндай жағдай қалай да орын алатын болса, желдеткішті қосу арқылы автокөлікке сырттан таза ауаның келуін қамтамасыз етіңіз.**


ЕСКЕРТПЕ

Қозғалтқышты сөндіргеннен кейін біраз уақыт бойы шығару жүйесі жағынан шыртылдаған дыбыстың естілуі мүмкін, бұл шығару жүйесі жасалған металдың кеңеюімен және қысылуымен түсіндіріледі. Бұл дыбыс қалыпты құбылыс.

- **Желдету жүйесінің қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін желдету жүйесінің ауа жинағышының алдыңғы торының үнемі ауаның түсуіне кедергі келтіретін қардан, жапырақтардан және басқа заттардан таза болуын қадағалаңыз.**
- **Пайдаланылған газдардың автокөлік салонына кіргендігіне қатысты қандай да бір күдік туындаған жағдайда мәселені анықтау және жою үшін шұғыл шаралар қолданыңыз. Егер Сіздің қалай да жолға шығуыңыз керек болса, автокөліктің барлық терезелерін толығымен ашып қойыңыз.**
- **Пайдаланылған газдардың автокөліктің салонына түсуінің алдын алу үшін жүк арту бөлігінің есігінің қозғалыс барысында жабық болуын қадағалаңыз.**

Каталитикалық бейтараптандырғыш

Каталитикалық бейтараптандырғыш шығару



жүйесінде орнатылады. Ол пайдаланылған газдарды толық жағуды қамтамасыз етеді, осылайша, қозғалтқыштың пайдаланылған газдарын тазартуды жүзеге асыра отырып, ондағы көмірсутектер, көміртегі тотығы мен азот тотықтар құрамын азайтады.

Каталитикалық бейтараптандырғыштың зақымдануын болдырмау үшін келесі ұсынымдарды орындаңыз.

- Этилденбеген жанармайды ғана пайдаланыңыз. Этилденген жанармайдың шамалы мөлшерінің өзі каталитикалық бейтараптандырғыштың зақымдануына алып келеді.

- ЖАЛҒАСЫ –

- Қозғалтқышты ешқашан тіркеп сүйреу немесе автокөлікті итеру арқылы іске қоспаңыз.
- Қозғалтқыштың иінді білігінің ең жоғары айналу жиілігіне дейін екпіндеуіне жол бермеңіз.
- Автокөліктің қозғалысы кезінде оталғышты ешқашан өшірмеңіз.
- Автокөлігіңіздің қозғалтқышының тиісті түрде реттелуін қадағалаңыз. Егер Сіз қозғалтқыштың жұмысындағы іркілістерді сезсеңіз (оталдыру, тарсылдау немесе жанармайдың толық жанбауы), Сіздің автокөлігіңізді диагностикалау және жөндеу бойынша жұмыстарды жүргізу үшін SUBARU ресми дилеріне хабарласуыңызды ұсынамыз.
- Каталитикалық бейтараптандырғыштың жылудан қорғау экранына және шығару жүйесінің бөлшектеріне автокөліктің астына арналған қорғаушы мастикаларды және коррозияға қарсы құрамдарды пайдаланбаңыз.
- Автокөліктің жанармай мөлшері тым аз болғанда оның қозғалуына жол бермеңіз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Өрт қауіпсіздігі шараларын сақтаңыз. Жеңіл тұтанатын материалдарға (құрғақ шөп, қағаз, шүберек, жапырақтар сияқты) жақын жермен автокөліктің жүруіне немесе оның тұрақтауына жол бермеңіз, себебі каталитикалық бейтараптандырғыш өте жоғары температурада жұмыс істейді.**
- **Адамдар мен тез тұтанатын материалдардың автокөліктің шығару құбырының жанында қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде болуына жол бермеңіз. Пайдаланылған газдар өте жоғары температурада болады.**

Автокөліктің техникалық күйін мерзімді тексеру

Сіздің автокөлігіңізді барынша жақсы күйде ұстау үшін техникалық қызмет көрсету бойынша ұсынылған жұмыс қатарының көзделген уақыт аралығына немесе автокөліктің белгілі қашықтықтағы жүрісінен кейін техникалық қызмет көрсетуді жүргізу кестесіне сәйкес жүргізілуін қадағалаңыз.

Автокөлікті шетелдерде басқару

Егер Сіз басқа елде автокөлігіңізді пайдалануды жоспарласаңыз:

- Қажетті жанармай мөлшерінің бар екендігін тексеріңіз. "Жанармай" бөлімін қараңыз ☞7-3.
- Тиісті елде белгіленген барлық нормативтік актілер мен талаптарды сақтаңыз.
- "Негізгі" қозғалыс жолағының баптауы
  EyeSight жүйесінің нақты қозғалыс бағытына (сол жақты/ оң жақты) сәйкестігін тексеріңіз. "Функцияларды қалыптастыру" бөлімін қараңыз ☞29.

Толық жетекті автокөлікті басқару бойынша кеңестер

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Шұғыл бұрылыстар, күрт тежелулер және т.б. болған кезде апаттарды болдырмау үшін осы жол және ауа-райы жағдайлары үшін қауіпсіз болып табылатын автокөліктің қозғалыс жылдамдығын ұстаңыз.**
- **Автокөлігіңізді басқару кезінде өте сақ болыңыз! Сіздің автокөлігіңіздің толық жетекті болып табылатындығынан туындаған артық сенімділік ауыр апаттарға әкелуі мүмкін.**
- **Шинаны (шиналарды) ауыстырған немесе орнатқан кезде барлық төрт шинаның мынадай параметрлерінің бірдей болуы тиіс.**

  (a) Өлшемі.

  (b) Шеңбер ұзындығы.

  (c) Шекті жылдамдықтың белгіленуі.

  (d) Жүктеме индексі.

  (e) Конструкциясы.

  (f) Өндіруші.

  (g) Маркасы (протектордың суреті).

  (h) Тозу дәрежесі.

  (a) — (d) позицияларына қатысты шиналар туралы ақпараты бар тақтайшада көрсетілген талаптарды сақтау қажет. Шиналар туралы ақпараты бар кесте жүргізуші есігінің төменгі бөлігінде орналасқан.

  Егер барлық төрт шина (a) - (h) параметрлері бойынша бірдей болмаса, бұл Сіздің автокөлігіңіздің трансмиссиясын күрделі механикалық зақымдауға алып келеді және келесі факторларға әсер етеді.

  – Жүріс сипаттамалары.

  – Басқарылуы.

  – Тежелуі.

  – Спидометрдің/одометрдің калибрленуі.


  – Шанақ пен шиналардың арасындағы саңылау.

- ЖАЛҒАСЫ –

Бұл сондай-ақ қауіпті және автомобильді басқаруды жоғалтуға әкеп соқтыруы мүмкін, бұл авариядан әкеп соғады.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Шинасының желі шыққан дөңгелекті уақытша қосалқы дөңгелекке ауыстырған кезде Сіздің автокөлігіңіздің жинағына кіретін түпнұсқа уақытша қосалқы дөңгелекті ғана пайдаланыңыз. Басқа көлемді дөңгелектерді пайдалану автокөлік трансмиссиясының айтарлықтай механикалық зақымдануына әкелуі мүмкін.



800004

Толық жетек жүйесі автокөліктің барлық төрт дөңгелегіне қозғалтқыш қуатын бөледі. Толық жетекті автокөліктер тайғақ, сулы немесе қарлы жолдармен, сондай-ақ балшықпен, құммен немесе топырақпен қозғалғанда жолға жақсы ілінісуді қамтамасыз етеді.

Қауіпсіздік мақсатында, сондай - ақ толық жетек жүйесінің зақымдануына жол бермеу үшін Сіз келесі ұсынымдарды есте сақтауыңыз қажет:

- Толық жетекті автокөліктің биік қырларға тайғақ немесе қарлы жолдармен шығу қабілеті алдыңғы жетегі бар автокөліктерден жақсы. Алайда, бұл автокөліктерді шұғыл бұрылыстарда және шұғыл тежеу кезінде басқару сәл өзгеше. Сондықтан қырлы жерлермен төмен қозғалғанда немесе бұрылыс кезінде автокөліктің жылдамдығын төмендетіп, басқа автокөліктерден қауіпсіз қашықтықты сақтап қалу керек.
- Қозғалыс басталар алдында әрқашан ауа қысымын шиналар суық болғанда тексеріңіз. Шиналардағы қысымның ұсынылатын шамалары құлыптың бекіткішінің астындағы жүргізуші жағынан ортаңғы тіректе орналасқан кестеде келтірілген.
- Қажет болса, сырғанауға қарсы шынжырды тек қана алдыңғы дөңгелектерге кигізіңіз. Толық ақпарат алу үшін "Техникалық қызмет көрсету кестесі" бөлімін қараңыз. ☞11-3.
- Күрделі жағдайларда, мысалы, шаңды жолдармен немесе биік өрлермен жүруге толық жетекті автокөлікті жиі пайдалану төменде көрсетіліп отырған позицияларды "Қысқы шиналар" ☞ 8-13 бөлімінде көзделгендегіден жиі ауыстырудың қажеттілігіне әкеледі.
  – Мотор майы.
  – Тежегіш сұйықтығы.
  – Артқы дифференциалға арналған май.
  – Сатысыз трансмиссияға арналған сұйықтық
  – Алдыңғы дифференциалға арналған май.
- Сіз автокөлігіңізді сүйреу кезінде белгілі сақтық шараларын сақтауыңыз қажет. Толық ақпарат алу үшін "Сүйрету" бөлімін қараңыз ☞9-17.

Жолмен және жолсыз жермен жүру

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Автокөліктің аударылуына ұласатын апаттар кезінде қауіпсіздік белдігін тақпаған адамның қаза болу қаупі қауіпсіздік белдігін таққан адамға қарағанда едәуір жоғары. Ауыр жарақаттар алуға жол бермеу немесе өлім - жітімді болдырмау үшін Сіз жүргізуші ретінде, сондай - ақ Сіздің автокөлігіңіздегі барлық жолаушылар қауіпсіздік белдіктерін тағулары керек.**
- **Аса қажет болмаған жағдайларда жылдам маневрлер жасамаңыз немесе шұғыл бұрылмаңыз. Мұндай әрекеттер қауіп төндіреді. Сіз автокөлікті басқарудан айырылып қалуыңыз мүмкін, салдарынан ол аударылып, ауыр жарақаттарға немесе тіпті өлім-жітімге әкеліп соқтыруы мүмкін.**
- **Шұғыл бұрылыстар, күрт тежелулер және т.б. болған кезде апаттарды болдырмау үшін осы жол және ауа-райы жағдайлары үшін қауіпсіз болып табылатын автокөліктің қозғалыс жылдамдығын ұстаңыз.**
- **Қатты бүйірден соққан жел жағдайында автокөлікті толық бақылауды сақтау үшін Сіздің автокөлігіңіздің қозғалу жылдамдығын сақтауға болатын шамаға дейін төмендетіңіз. Есіңізде болсын, Сіздің автокөлігіңіз, сондай - ақ оның ауырлық ортасы басқа жеңіл автокөліктерге қарағанда жоғары. Сондықтан оған бүйірден соғатын желдің әсері басым.**
- **Автокөлігіңізді басқару кезінде өте сақ болыңыз! Сіздің автокөлігіңіздің толық жетекті болып табылатындығынан туындаған артық сенімділіктің ауыр апаттарға әкелуі мүмкін.**

Сіздің автокөлігіңіз кроссоверлер санатына жатады. Бұл санатқа жататын автокөліктер жолтабанының жоғарылығымен ерекшеленеді, ал бұл оны пайдалану ауқымын кеңейтіп, атап айтсақ, қимылы ойлы-қырлы жерлермен жүру мүмкіндігін береді. Дегенмен, Сіздің автокөлігіңіз, дәстүрлі түрмен айтатын болсақ, жол таңдамайтын көлік еместігін ұмытпаңыз, ол кез келген жермен жүре бермейтін көлік. Әдеттегі жеңіл автокөліктермен салыстырғанда Сіздің көліктің ауырлық ортасы биіктігі мен жолтабанының енінің биіктігінің қатынасы оның аударылу қаупінің неғұрлым жоғары екендігін білдіреді. Іс жүзінде осы санаттағы автокөліктердің басқа автокөліктерге қарағанда аударылуға бейімділігі өте жоғары. Екінші жағынан, осы автокөліктің саңғалының жоғарылығы артықшылық болып бағаланады, бұл жолдың жақсы көрінуін қамтамасыз ете отырып, жолдағы жағдайды алдын ала болжауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, әдеттегі жеңіл автокөліктермен салыстырғанда Сіздің кроссовер жоғары жылдамдықта бұрылыстардан өтуге жарамайтындығын есте сақтаған жөн. Жоғары жылдамдықпен күрт бұрылғанда Сіздің автокөлігіңіз аударылуы мүмкін. Төменде Сіздің сақтауыңыз тиіс ақылға қонымды сақтық шараларының кейбірінің тізбесі келтірілген, оларды Сіздің SUBARU жолсыз жермен жүрген кезде сақтаға-

- ЖАЛҒАСЫ –

ныңыз абзал:

- Автокөлікте тасымалданатын барлық жүкті мұқият бекітіңіз, сондай-ақ жүкті автокөліктің орындықтарының арқасынан жоғары орналастыруға жол бермеңіз. Қатты тежелу немесе шайқалу кезінде бекітілмеген жүк бір жаққа қарай лақтырылып, жарақаттауы мүмкін. Сіздің автокөлігіңіздің төбесінде ауыр жүктерді тасымалдауға болмайды. Мұндай жүктерді тасымалдау кезінде автокөліктің ауырлық орталығы жоғарылайды, соның нәтижесінде автокөлік аударылуға бейім болады.
- Автокөлікте белгілі апаттық жабдықтың болуы тиіс: сүйреу арқаны немесе шынжыр, күрек, тежегіш табандар, дәрі-дәрмек қобдишасы, ұялы телефон немесе портативті радиобекет.
- Ешқашан Сіздің автокөлігіңіздің дөңгелектеріне осы нұсқаулықта көрсетілген мөлшерден артық шиналарды орнатпаңыз.
- Сіз және Сіздің автокөлігіңіздегі барлық жолаушылар қауіпсіздік белдіктерін мұқият таққандықтарына көз жеткізіңіз.
- Автокөлікті басқарғанда ұқыпты болыңыз. Қауіпті және қималы ойлы-қырлы жерлерде орынсыз тәуекелге бармаңыз.
- Рөл дөңгелегін ішкі жағынан немесе шыбықтарынан ұстамаңыз. Қандай да бір кедергіге кездескенде рөл дөңгелегі жұлқынып, қолды жарақаттауы мүмкін. Сондықтан автокөлікті жүргізу кезінде рөл дөңгелегін құрсауының сыртқы жағынан ұстаңыз.
- Автокөліктің қозғалыс жылдамдығын төмендетіңіз және үнемі сақ болыңыз. Жолсыз жерлермен жүргенде Сізге белгіленген қозғалыс жолақтары, көлбеу, жол жағалауларының жол белгілері және т. б. көмектеспейді.
- Қозғалысты ойлы-қырлы жерлермен қиғашынан жүру арқылы жалғастырмаңыз. Ойлы-қырлы жерлермен қатаң түрде тек қана көтерілуге немесе тек қана төмен түсуге болады. Автокөліктің ұзына бойы бағытқа қарағанда, бүйірге қарай аударылуының ықтималдығы басым. Алайда, егер беткей тым еңіс болса, онда Сіз тек жоғары немесе тек төмен қарай қозғалудың өзінен бас тартқаныңыз жөн.
- Шұғыл бұрылудан аулақ болыңыз, әсіресе жоғары жылдамдықпен келе жатқан болсаңыз.
- Су айдыны арқылы қозғалғанда, мысалы, таяз жылғаларды қиып өткен кезде алдымен судың тереңдігін және су арнасының қаттылығының деңгейін тексеріңіз, сондай - ақ түбінің тегіс екеніне көз жеткізіңіз. Баяу қозғалыңыз және тоқтаусыз жүріп өтіңіз. Судың тереңдігі автокөліктің жүру бөлігіне жетпейтіндей болуы керек. Қозғалтқыштың ауа жинағышына немесе шығару құбырына судың түсуі, сондай - ақ автокөліктің электрлік жабдықтарына судың шашырауы автокөліктің зақымдануына әкеліп қана қоймай, қозғалтқыштың сөніп қалуына да әкеліп соқтыруы мүмкін. Ешқашан ағысы қатты су айрықтарынан өтуге тырыспаңыз, олардың тереңдіктеріне қарамастан ағысы қатты су Сіздің автокөлігіңіздің дөңгелектерінің астындағы суды шайып кетіп, су түбіндегі топырақпен дөңгелектің ілінісуінің жоғалуына, тіпті автокөліктің аударылуына әкеліп соқтыруы мүмкін.
- Егер сізге тұрып қалған автокөлікті құмнан немесе саздан итеріп шығару керек болса, акселератордың басқышын селектордың иінтірегін "1"/ "D" және "R" қалыптары арасында артқа және алға жылжыта отырып бірқалыпты басыңыз. Қозғалтқышты иінді біліктің жоғары айналу жиілігіне дейін айдамаңыз. Дөңгелектердің үстіңгі қабатпен жақсы ілінісуін қамтамасыз ету үшін тұрып қалған автокөлікті босатуға тырысу кезінде сүйретілуіне жол бермеңіз.
- Егер жол өте тайғақ болса, дөңгелектің беткейге жақсы ілінісуі

үшін орыннан қозғалу кезінде 1-емес, 2- берілісті (қолша басқарылатын трансмиссия) қосыңыз.

- Құм, балшық немесе суда жүргеннен кейін тежегіштердің жұмысын әрдайым тексеріңіз. Тексеру аз жылдамдықпен қозғалу кезінде тежегіш басқышына басу арқылы жүзеге асырылады. Тежегіш дискілер мен тежегіш қалыбын кептіру үшін осы әрекетті бірнеше рет қайталаңыз.
- Жеңіл тұтанатын материалдары бар жерлерде (құрғақ шөп немесе түскен жапырақтар) немесе олардың жанында Сіздің автокөлігіңіздің қозғалыста болуына немесе тұрақтауына жол бермеңіз, себебі олардың тез жануы мүмкін. Қозғалтқыш жұмысы кезінде және ол жүрістен кейін тоқтағаннан соң автокөліктің шығару жүйесінің температурасы өте жоғары болады. Бұл өрт тудыруы мүмкін.
- Биік өсетін шөп үстінен, батпақпен, тасты және құмды жермен, сумен және т. б. жүргеннен кейін автокөліктің шанағының астында шөптің, бұтақтардың, қағаздың, шүберектің, тастың, құмның және басқа да заттардың болмауын тексеріңіз. Осындай заттар табылған кезде оларды шанақ түбінен алып тастаңыз. Сіздің автокөлігіңіздің шанағының астына жабысып қалған осындай заттар бола тұра қозғалысты жалғастыра беру механикалық зақымдануға немесе өртке әкелуі мүмкін.
- Жолсыз жермен жүруден кейін сіздің автокөлігіңіздің шанағының түбін міндетті түрде жуыңыз. Автокөлік аспасының элементтері балшықтың жабысуына өте сезімтал, сондықтан оларды мұқият жуу керек.
- Толық жетекті моделді күрделі жағдайларда, мысалы, шоқалақ жолдармен немесе жолсыз жерлермен жүруге жиі пайдалану төменде көрсетіліп отырған позицияларды "Техникалық қызмет көрсету кестесі" ☞ 11-3 бөлімінде көзделгендегіден жиі ауыстырудың қажеттілігіне әкеледі.
  – Мотор майы.
  – Тежегіш сұйықтығы.

Есіңізде болсын, Сіздің SUBARU жолсыздық жағдайында жоғарыда аталған орынды және негізді сақтық шараларын сақтамастан пайдалану кезінде алған зақымдануларға кепілдік берілмейді.

Автокөлікті қыста басқару

■ Суық ауа райында автокөлікті пайдалану

Автокөлікте белгілі апаттық жабдықтың болуы тиіс: сырғанауға қарсы шынжырлар, әйнектерді тазалауға арналған қырғыштар, құм салынған қалта, сигналдық зымырандар, шағын қалақша және қозғалтқышты сыртқы тоқ көзінен іске қосуға арналған сымдар.

Аккумуляторлық батарея мен сымдардың күйін тексеріңіз. Аккумуляторлық батареяның салқын ауа-райында электрлік сыйымдылығы төмендейді. Автокөлікті суық қыста іске қосу үшін қажетті қуатты қамтамасыз ететіндей аккумуляторлық батареяның күйін қамтамасыз етіңіз.

Өте салқын ауа-райы жағдайында қозғалтқышты іске қосу әдетте көп уақытты талап етеді. Санаты мен тұтқырлығы суық ауа-райына сәйкес келетін мотор майын пайдаланыңыз. Ауыр жазғы майды пайдалану қозғалтқышты іске қосуды қиындатады.

Есіктің құлыптарын еріткішті немесе глицеринді бүрку арқылы қатып қалудан сақтаңыз.
Қатып қалған есікті күшпен ашу әрекеті есіктің айналасындағы резеңке тығыздағыштардың зақымдануына немесе үзілуіне әкелуі мүмкін. Егер есік қатып қалған болса, мұзды ыстық сумен ерітіңіз, содан кейін судың қалдықтарын есіктен кетіріңіз, оны мұқият сүртіңіз.

Жел әйнекті жуу үшін арнайы қатпайтын сұйықтықты пайдаланыңыз. Осы мақсатта қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығын немесе ұқсас сұйықтықтарды пайдалануға жол бермеңіз, себебі олар автокөліктің лак-бояулы жабынын зақымдауы мүмкін.
SUBARU шыны жуғышына арналған түпнұсқа сұйықтық құрамында 58,5% метил спирті және 41,5% бет-белсенді заттар бар. Оның қату температурасы төменде келтірілген кестедегі араластыру дәрежесіне байланысты болады.

Шыны жуғыш сұйықтықтың концентрациясы	Қату температурасы
30%	**-12 °C**
50%	**-20 °C**
100%	**-45 °C**

Қоршаған ауа температурасына сұйықтықтың концентрациясын келтіру кезінде шыны жуғышқа арналған сұйықтықтың қатып қалуын болдырмау мақсатында жоғарыда көрсетілген кесте бойынша қату температурасын тексеріңіз. Егер Сіз бакқа бұрын құйылған концентрациядан өзге концентрациядағы сұйықтықты құйсаңыз, шыны жуғыштың багы мен бүріккіштері арасындағы түтікті жаңа сұйықтықпен жуу үшін аздаған уақытқа жуғышты қосып қойыңыз. Әйтпесе, егер түтіктерде қалған сұйықтықтың концентрациясы сыртқы ауаның белгіленген температурасы үшін қажетті мөлшерден аз болса, онда қатып қалуы салдарынан ол бүріккіштердің қалыпты жұмысына кедергі келтіруі мүмкін.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Шыны жуғыш сұйықтықтың концентрациясын сыртқы ауа температурасына келтіріңіз. Концентрация сай келмейтін болса жел қағатын шыныға шашыратылған сұйықтық қатып, Сіздің көруіңізді нашарлатуы, сондай - ақ бактың ішінде қатып қалуы мүмкін.

▼ Сапар алдында

Машинаға отырар алдында, аяқ киіміңізді қар мен мұздан тазалаңыз, әйтпесе басқыштардың тайғақ болуы мүмкін, бұл автокөлікті басқару кезінде қауіпті салдарға әкеліп соқтыруы ықтимал.

Автокөлікті сапар алдында қыздырған кезде акселератор басқышының және тежегіш басқышының жүрісінің тегістігіне, ал барлық басқа басқару құралдарының қалыпты жұмыс істейтіндігіне көз жеткізіңіз.

Рөл тетігінің жұмысын қиындатпас үшін автокөлік қанаттарының астынан қатқан қар мен мұзды тазартыңыз. Қақаған қысқы маусымда автокөлікті пайдаланған кезде, қауіпсіз жерде тоқтай отырып, дөңгелек қуыстарында қар мен мұздың қатпауын тексеріп отырыңыз.

▼ Суық ауа райында тұрақтау

Салқын ауа-райында ұзақ уақыт бойы тұратын болса тұрақ тежегішін пайдаланбаңыз себебі бұл тежегіш қалыптарының қатып қалуына әкеліп соқтыруы ықтимал. Оның орнына келесі әрекеттерді орындау керек.

1. Селектор иінтірегін "P" қалпына келтіріңіз.
2. Автокөліктің жылжуын болдырмау үшін дөңгелектердің астына тежегіш табанды орнатыңыз.

Қар жауғанда автокөлікті қою кезінде әйнек тазартқыштың щөткелерінің зақымдануын болдырмау үшін оларды шынылдан көтеріңіз.

Автокөліктің қалың қармен жүріп келген сапарынан кейін ұзақ тұрған кезде, сондай - ақ бұрқасында ұзақ тұрған кезде тежеу жүйесінде мұздың қатуы мүмкін, ал бұл тежеу әсерінің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Автокөліктің ілінісуі, тежегіш дискілері және автокөлік түбінің астында орналасқан тежегіш құбыршектері жабысқан қар мен мұздан таза екендігін тексеріңіз.
Қатып қалған қар немесе мұз қатпары байқалса, тежегіш дискілерді, тежегіш құбыршектерін және ABS жүйесі сымдарының бұрауларын бұзбау үшін оларды сақтық талаптарын орындай отырып алып тастау керек.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Қар автокөліктің астында денсаулыққа зиянды пайдаланылған газдарды тұтып қалуы мүмкін. Егер сіз автокөлікті қар басқан жерде тоқтатқыңыз және оны қозғалтқышты іске қосулы күйде қалдырғыңыз келсе, шығару құбырын және автокөліктің айналасын қардан тазалаңыз.

▼ Суық ауа-райында автокөлікке жанармай құю

Суық ауа-райында жанармай бағына ылғалдың жанармай жүйесінде түзілуінің және оның қатуының алдын алатын арнайы аязға төзімді қоспаларды құю ұсынылады.
Осы мақсаттарға арнайы арналған қоспаларды ғана пайдаланыңыз. Мұндай қоспаларды пайдаланған кезде, егер жанармай бағы жартылай толтырылған болса, автокөлікке жанармайды қосымша құюды жүзеге асырудың тиімділігінің ұзақ сақталатындығын ескеру қажет.

Егер автокөлік ұзақ уақыт пайдаланылмайтын болса, онда оның жанармай бағының толық толтырылғаны жөн болады.

▼ Жүк арту бөлігінің есіктерін ашу (жүк арту бөлігінің есігінің электрлік жетегі бар моделдер)

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Электр аспаптарын қосар алдында жүк арту бөлігінің есігінің электр жетегі мен автокөлік шанағы бар жүк арту бөлігінің есігі арасында мұздың немесе қардың жоқтығына көз жеткізіңіз. Егер Сіз электрлік жетегі бар жүк арту бөлігінің есігінде қатқан мұзды немесе қарды және т.б. тапсаңыз, алып тастаңыз. Егер Сіз электрлік жетегі бар жүк арту бөлігінің есіктерін мұз немесе қар қатқан күйде мәжбүрлі түрде қоссаңыз,бұл ақауға әкелуі мүмкін.

■ Қар басқан және мұз қатқан жолдармен жүру

Автокөліктің қар басқан және мұз басқан жолдар бойынша қозғалысы кезінде дөңгелектердің кептелуін және сырғып кетуін болдырмау үшін күрт тежеулерден, үдетуден және бұрылулардан, сондай - ақ жоғары жылдамдықпен жүруден аулақ болыңыз. Күрт тежеуді болдырмау үшін әрқашан Сіздің автокөлігіңіз

бен алда келе жатқан көліктің арасындағы қашықтықты жеткілікті шамада сақтаңыз.
Автокөлік қозғалысының жылдамдығын реттеу үшін және жұмыстық тежегіш жүйесіне қосымша ретінде қозғалтқышты тежеуді тиімді пайдалану керек. (Қажет болған жағдайда төмен беріліске ауысу керек.)
Төмен берілістерге күрт ауысуға жол бермеңіз. Жүрудің мұндай стилі дөңгелектің бұғатталуына әкелуі мүмкін, ал бұл өз кезегінде автокөлікті бақылауды жоғалтуға себеп болуы мүмкін.

Тежегіштердің бұғаттауға қарсы жүйесі (ABS жүйесі) қар немесе мұз басқан жолда тежелудің тиімділігін арттырады. Тайғақ беттегі тежеу туралы ақпарат алу үшін) ☞7-27 "ABS жүйесі (тежегіштің бұғаттауға қарсы жүйесі)" және)☞7-30 "VDC жүйесі (динамикалық тұрақтандыру жүйесі)" бөлімдерін қараңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Тайғақ (қарлы, мұз қатқан) жолдармен жүргенде круиз-бақылау жүйесін пайдаланбаңыз. Бұның автокөлікті бақылауды жоғалтуға әкелуі мүмкін.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Бұрқасында үздіксіз ұзақ жолға шықпаңыз. Қар қозғалтқыштың енгізу жүйесіне түсіп, ауа ағынына кедергі келтіруі мүмкін. Бұл қозғалтқыштың тоқтауына немесе тіпті оның істен шығуына әкелуі мүмкін.

▼ Қар жауу жағдайындағы шыны тазартқыштардың жұмысы

Суық ауа-райында қозғалыс басталар алдында шыны тазартқыштардың щөткелерінің резеңке таспаларын жел қағатын немесе артқы шыныға қатып қалмағанына көз жеткізіңіз.

Егер шыны тазартқыштар щөткесінің резеңке таспалары жел қағатын немесе артқы шыныға жабыса қатқан болса, келесі әрекеттерді орындаңыз.

- Шыны тазартқыштың резеңке таспаларын жібіту үшін жел қағатын шынының жылытқышын қосыңыз және резеңке таспалар толық жібігенге дейін ең жоғары жылыту температурасын қалыптастырыңыз. "Жел қағатын шыны жылытқышы" бөлімін қараңыз ☞4-12.
- Егер Сіздің автокөлігіңіз жел қағатын шынының әйнегін тазартқыш щөткесінің антимұзданғышымен жабдықталса, оларды пайдаланыңыз. Ол шыны тазартқыш щөткелерінің резеңке таспаларын жібіту үшін өте пайдалы болады. "Артқы шынының жылытқыш, сыртқы айналар және шыны тазартқыш щөткесінің антимұзданғышы" бөлімін қараңыз ☞3-123.
- Артқы шынының әйнегін тазартқыштың щөткесінің резеңке таспасын жібіту үшін артқы шынының жылытқышты қосыңыз. "Артқы шынының жылытқыш, сыртқы айналар және шыны тазартқыш щөткесінің антимұзданғышы" бөлімін қараңыз ☞3-123.

Қар жауып тұрғанда жүру кезінде шыны тазартқыштың жұмысына қарамастан қатып қалған қар жел әйнегіне жабысып қалатын болса, жел әйнегін жылытқышты қосыңыз және ең жоғары жылыту температурасын қалыптастырыңыз. Жел әйнегі жеткілікті шамаға дейін қыздырылғаннан және қатып қалған қар ерігеннен кейін жел қағатын шыны жуғышты қосып, оны шайыңыз. "Жел қағатын шыны жуғыш" бөлімін қараңыз ☞3-117.

Шыны тазартқыштың иінтіректерінде қатып қалатын қар оның қалыпты жұмысын бұзады. Шыны тазартқыштардың иінтіректеріне қар қатқан кезде Сіз жолдан қауіпсіз жерге шығып, оны алып тастауыңыз керек. Жол шетіне тоқтаған кезде апаттық шам сигналын

басқа жүргізушілерге апаттық жағдай туралы ескерту жасау үшін қосыңыз. "Апаттық жарық сигналы" бөлімін қараңыз ☞3-10.

Автокөлікті қар түсуі мүмкін айларда пайдаланған кезде, ал температура судың қату температурасынан төмен түсетін болса, біз Сізге шыны тазартқыштардың "қатпайтын" (қысқы) щөткелерін орнатуды ұсынамыз. Мұндай түрдегі щөткелер қар жауу кезінде жел қағатын шыныны оңай тазарта алады. Мұндай щөткелерді пайдаланар алдында олардың Сіздің автокөлігіңізге сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Жоғары жылдамдықпен жүргенде "қатпайтын" шыны тазартқыштың щөткелерінің стандартты щөткелер сияқты тазартуды қамтамасыз ете алмауы мүмкін. Мұндай жағдайда Сізге автокөлік жылдамдығын азайту қажет.

ЕСКЕРТПЕ

Шыны тазартқыштың "қатпайтын" щөткесін орнату қажет болған маусым аяқталғаннан кейін оларды стандартты щөткелермен ауыстырыңыз.

■ Коррозиядан қорғау

"Коррозиядан қорғау" бөлімін қараңыз ☞10-5.

■ Қысқы шиналар

- **Түпнұсқа шиналарды қысқы түріне ауыстырған кезде барлық төрт шина келесі параметрлер бойынша бірдей болуы тиіс.**
  - **(a) Өлшемі.**
  - **(b) Шеңбер ұзындығы.**
  - **(c) Шекті жылдамдықтың белгіленуі.**
  - **(d) Жүктеме индексі.**
  - **(e) Конструкциясы.**
  - **(f) Өндіруші.**
  - **(g) Маркасы (протектордың суреті).**
  - **(h) Тозу дәрежесі.**

  (a) — (d) позицияларына қатысты шиналар туралы ақпараты бар тақтайшада көрсетілген талаптарды сақтау қажет. Шиналар туралы ақпараты бар кесте жүргізуші есігінің төменгі бөлігінде орналасқан.

  Егер барлық төрт шина (a) - (h) параметрлері бойынша бірдей болмаса, бұл Сіздің автокөлігіңіздің трансмиссиясын күрделі механикалық зақымдауға алып келеді және келесі факторларға әсер етеді.
  - **Жүріс сипаттамалары.**
  - **Басқарылуы.**
  - **Тежелуі.**
  - **Спидометрдің/одометрдің калибрленуі.**
  - **Шанақ пен шиналардың арасындағы саңылау.**

  Сондай-ақ бұл қауіпті болуы мүмкін және апатқа әкеліп соқтыруы мүмкін.
- **Автокөлікке бір мезгілде радиалды, диагоналды немесе диагоналды - буылған шиналарды орнатпаңыз, себебі бұл автокөліктің басқарылуына қауіпті әсер етуі және апатқа әкелуі мүмкін.**

Қысқы шиналарды пайдалану қысқы уақытта автокөліктің жүру сапасын жақсарта алады. Егер Сіз қысқы шиналарды орнату туралы шешім қабылдасаңыз, олардың өлшемі мен түрінің

- ЖАЛҒАСЫ –

Сіздің автокөлік үшін ұсынылған сипаттамаларға сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Барлық төрт шинаның өлшемінің, конструкциясының және маркасының бірдей болуы, сондай - ақ бірдей шекті жүктемеге арналуы тиіс. Автокөлікке бір мезгілде радиалды, диагоналды немесе диагоналды - буылған шиналарды орнатуға жол бермеңіз, себебі бұл автокөліктің басқарылуына қауіпті әсер етуі мүмкін. Сіздің автокөлігіңіздің дөңгелектерінде орнатылған шиналардың түріне қарамастан, автокөлікті басқару кезінде сақ болыңыз.

Егер Сіздің автомобиліңіздің дөңгелектерінде орнатылған қысқы шиналар "Q", "T" немесе "H" шекті рұқсат етілген жылдамдық белгісімен таңбаланған болса, онда қозғалыстың максималды жылдамдығы 160 ш./сағ., 190 ш./сағ. немесе 210 ш./сағ. аспауы тиіс.

■ Сырғанауға қарсы шынжырлар

Егер Сізге сырғанауға қарсы шынжыр қар басқан жерлермен немесе мұз қатқан жолдармен жүру үшін қажет болса келесі сақтық шараларын орындаңыз.

- Шынжырды тек алдыңғы дөңгелектерге орнатыңыз.
- Автокөлік шанағының зақымдануын немесе оның салбырауын болдырмау үшін тек қана Сіздің автокөлігіңіздің шинасының өлшеміне сәйкес келетін сырғанауға қарсы шынжырды қолданыңыз. Біз Сізге қолдануға болатын сырғанауға қарсы шынжырлар туралы ақпаратты Сіздің SUBARU дилерінен алуыңызды ұсынамыз.
- Сырғанауға қарсы шынжырды уақытша қосалқы дөңгелекке орнатпаңыз.
- Дөңгелектерге сырғанауға қарсы шынжыр орнатылған кезде жүру барысында қозғалыс жылдамдығының 30 ш./сағ. аспауы тиіс .

Дөңгелектеріне сырғанауға қарсы шынжыр орнатылған автокөлікті басқару кезінде өте мұқият болыңыз! Сіздің автокөлігіңіздің дөңгелектерінде сырғанауға қарсы шынжырдың орнатылуынан туындаған артық сенімділік ауыр апаттарға әкелуі мүмкін.


■ Тұрып қалған автокөлікті қозғау

Егер Сізге қардан, құмнан немесе балшықтан тұрып қалған автокөлікті итеріп шығару қажет болса, акселератордың басқышын берілістерді ауыстырып қосу / селектор иінтірегін артқа және "1"/"D" және "R" қалыптары арасында алға қарай ауыстыру арқылы біркелкі басыңыз. Қозғалтқышты иінді біліктің жоғары айналу жиілігіне дейін айдамаңыз. Дөңгелектердің жүретін жердің бетімен жақсы ілінісуін қамтамасыз ету үшін тұрып қалған автокөлікті итеріп шығару кезінде сүйретпеуге тырысыңыз.

Егер жол өте тайғақ болса, онда Сіз орнынан қозғалатын сәтте дөңгелектердің жақсы ілінісуі үшін 1- емес, 1- 1- (қолша режімі бар трансмиссия) берілістерін қосыңыз.

Егер Сіздің автокөлігіңіз қолша басқару режімі бар бес сатылы трансмиссиямен жабдықталса, онда 2 -берілісте трансмиссияны бұғаттау туралы ақпараттар алу үшін "Қолша басқару режімін таңдау" бөлімін қараңыз ☞7-18.

Жүктерді тасымалдау



100094

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Тасымалданатын жолжүктің немесе басқа да жүктердің орындықтың арқасынан жоғары орналастырылмауы тиіс, себебі ол кенеттен тоқтағанда немесе апат кезінде алға құлап, жолаушыларға жарақат келтіруі мүмкін. Тасымалдау кезінде жолжүкті немесе басқа да жүкті мүмкіндігінше еденге жақын орналастырыңыз.**
- **Жолаушыларды артқы арқалығы бүктелген орындықта немесе жүк арту бөлігінде тасымалдамаңыз. Бұл ауыр жарақаттарға әкелуі мүмкін.**
- **Егер Сіз жүкті автокөліктің салонында тасымалдасаңыз, оны тез тежелу, бұрылу немесе апат кезінде салон ішінде жылжып кетуден сақтау үшін бекітіп қойыңыз.**
- **Сіздің автокөлігіңіздің төбесінде ауыр жүктерді тасымалдауға болмайды. Мұндай жүктерді тасымалдау кезінде автокөліктің ауырлық орталығы артады, соның нәтижесінде автокөлік аударылуға анағұрлым бейім болады.**
- **Ұзын заттарды мұқият бекітіңіз, себебі олар шұғыл тежеу кезінде алға қарай лақтырылуы салдарынан ауыр жарақаттардың себебі болуы мүмкін.**
- **Жүк бөлігінің жылжымалы пердесіне ешқандай заттарды қоймаңыз. Кенеттен тежелу немесе соқтығысу кезінде олар алға қарай лақтырылуы мүмкін. Бұл ауыр жарақатқа әкеліп соқтыратын болады.**


⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Автокөлігіңізде аэрозоль баллондарын, от қауіпті немесе агрессивті сұйықтықтарды немесе басқа да қауіпті заттарды тасымалдауға жол бермеңіз.Егер жүк жүк бөлігінен шығып тұратын болса, жүк арту бөлігінің есігін жаппаңыз. Жүктің бүлінуі мүмкін. Жүк арту бөлігінің электрлік жетегі бар моделдерде жүк бөлігінің есігі реверс функциясының көмегімен ашылуы мүмкін.Жүк арту бөлігінің электрлік жетегі бар моделдерде есікті ашу барысында сақ болыңыз, төбеге тиелген жүктің жүк арту бөлігінің есікпен соғылуына жол бермеңіз. Олай болмаған жағдайда жүк арту бөлігінің есігі ашылған кезде жүктің соғылуы мүмкін, бұл жүк арту бөлігінің есігінің де, сондай-ақ жүктің өзінің де зақымдануына әкеліп соғады.

ЕСКЕРТПЕ

Жанармайды үнемдеу мақсатында қажетсіз жүкті тасымалдамаңыз.

■ Төбедегі молдингтер мен жүкартқыш (егер орнатылған болса)



⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Автокөліктің төбесінде жүкті тасымалдау үшін төбенің молдингтері жүкартқыштың өзімен және жүктерді тасымалдауға арналған тиісті құралдармен бірге пайдаланылуы тиіс. Әйтпесе автокөліктің төбесі немесе оның лак - бояу жабыны зақымдалуы мүмкін, сондай-ақ тасымалданатын жүктің құлауына байланысты қауіпті жағдайлар туындайтын болады.**
- **Жүк салғышты пайдалану кезінде жүк салғыштың, жүктерді тасымалдауға арналған айлабұйымдардың және тасымалданатын жүктің жалпы салмағы максималды рұқсат етілген салмақтан аспайтынына көз жеткізіңіз. Артық жүктеме автокөлікті зақымдауы және қауіпсіздікке қауіп төндіруі мүмкін.**

Жүкті жүкартқышты төбенің молдингіне бекіткеннен кейін және жүктерді тасымалдау үшін тиісті айлабұйымдар орнатылғаннан кейін тасымалдауға болады. Жүкартқышты орнату кезінде оны дайындаушының нұсқауларын орындаңыз.

Тасымалданатын жүктің, қолжүктің және жүктерді тасымалдауға арналған айлабұйымдардың жалпы салмағы **68 келіден** аспауы тиіс. Неғұрлым ауыр жүктерді мүмкіндігінше автокөліктің төбесіне жақындатып, мүмкіндігінше жүкартқыштың барлық ауданы бойынша біркелкі бөліп орналастырыңыз. Барлық тасымалданатын жүкті әрдайым мұқият бекітіңіз.


▼ Жүкартқышқа жүктерді тасымалдауға арналған айлабұйымдарды орнату

Жүкартқыш, велосипед, шаңғы, жарыс қайығы, жүк себеті сияқты жүктерді және т.б. тасымалдауға арналған кез келген айлабұйымдарды орнату кезінде дайындаушының максималды жүктемеге қатысты нұсқауларын орындаңыз және міндетті түрде айлабұйымдардың сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Тек жүк тасымалдауға арналған айлабұйымдарды пайдаланыңыз. Қозғалыс басталар алдында жүктің оны тасымалдауға арналған айлабұйымдармен мұқият бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

ЕСКЕРТПЕ


Автокөліктің төбесіндегі жүкартқышта жүкті тасымалдау кезінде Сіздің автокөлігіңіздің ауырлық орталығының биіктігінің өзгеретіндігін естен шығармаңыз, бұл автокөліктің жүріс сипаттамаларына теріс әсер етеді.
Автокөлікті басқарғанда ұқыпты болыңыз. Орнынан шұғыл қозғалудан, күрт бұрылулардан және күрт тежеуден аулақ болыңыз. Бұл ретте бүйірлік жел әсері күшейтіледі.

▼ Жүкартқышты алу және орнату



Төбедегі әрбір екі молдингте жүкартқышты бекітуге арналған екі орын бар. Жүкартқышты бекітуге арналған әрбір орын тығынмен жабылады. Тығындарды алу үшін тегіс бұрағышты пайдаланыңыз. Жүкартқышты төбедегі молдингке орнатқанда, оны дайындаушының нұсқауларын орындаңыз.

■ Төбедегі рейлингтер (егер орнатылған болса)



1) Төбенің рейлингтері

Төбедегі рейлингтерге жүк тасығыш бекітілгеннен кейін Сіз жүкті төбесінде тасымалдай аласыз. Жүкартқышты төбенің рейлингіне орнату кезінде оны дайындаушының нұсқауларын орындаңыз. Төбенің рейлингтерінің конструкциясы салмағы жүкартқышпен бірге **68 келіден** аспайтын жүктерді тасымалдауға арналған.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Сіздің автокөлігіңіздің төбесінде жүк салғышты пайдаланған кезде тасымалданатын жүктің және жүк салғыштың жалпы салмағының 68 келіден аспайтындығына көз жеткізіңіз. Шамадан артық тиеу автокөліктің зақымдануына әкелуі мүмкін.**
- **Автокөліктің төбесінде жүк тасымалдау үшін төбенің рейлингтері жүк салғыштың өзімен бірге пайдаланылуы тиіс. Төбедегі рейлингтің бірін ғана пайдалана отырып, автокөліктің төбесінде жүк алып жүрмеңіз. Керісінше жағдайда автокөліктің төбесі немесе оның лак-бояулы жабыны зақымдалуы мүмкін, сондай - ақ тасымалданатын жүктің құлауына байланысты қауіпті жағдайлардың туындауы мүмкін.**

Жүкартқыш, велосипед, шаңғы, жарыс қайығы, жүк себеті сияқты жүктерді және т.б. тасымалдауға арналған кез келген айлабұйымдарды орнату кезінде дайындаушының максималды жүктемеге қатысты нұсқауларын орындаңыз және міндетті түрде айлабұйымдардың сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

Тек жүк тасымалдауға арналған айлабұйымдарды пайдаланыңыз. Жүкартқышқа орнатуға арналған арнайы тәсілдерді ғана пайдаланыңыз. Қозғалыс басталар алдында жүк оны тасымалдауға арналған айлабұйымдармен мұқият бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

ЕСКЕРТПЕ

Автокөліктің төбесіндегі жүкартқышта жүкті тасымалдау кезінде Сіздің автокөлігіңіздің ауырлық орталығының биіктігінің өзгеретіндігін естен шығармаңыз, бұл автокөліктің жүріс сипаттамаларына теріс әсер етеді. Автокөлікті басқарғанда ұқыпты болыңыз. Орнынан шұғыл қозғалудан, күрт бұрылулардан және күрт тежеуден аулақ болыңыз. Бұл ретте бүйірлік жел әсері күшейтіледі.

Тіркемені сүйрету (егер қарастырылған болса)

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Тіркеу құрылғысына жарамды жұмыр тіректі ғана пайдаланыңыз. Тіркеу құрылғысын тек оның жүк көтергіштігі бойынша ғана қолданыңыз. Жүктеме шегі бар тіркеме құрылғыларының ешқандай түрін пайдаланбаңыз.**
- **Тіркеу құрылғысы алынғаннан кейін бампердің стандартты арқалығын орнату қажет. Егер Сізде түпнұсқасы болмаса, бампердің стандартты арқалығын сатып алу жөнінде SUBARU дилерімен кеңескеніңіз абзал.**
- **Егер тіркеу құрылғысы немесе бампердің стандартты арқалығы орнатылмаса, қауіпсіздік параметрлері төмендейді және апат болған жағдайда жолаушылар үшін жарақаттар тәуекелі артады. Олардың біреуі міндетті түрде автокөлікте орнатылуы тиіс.**
- **Егер тіркеу құрылғысы орнатылған болса, артқы сүйреу ілгегін (рым - болт) орнату мүмкін емес.**

Сіздің автокөлігіңіздің конструкциясы мен арналым мақсаты оның ең алдымен жолау-шыларға арналған көлік құралы ретінде қолданылуын қарастырады.

Тіркемені тіркеп сүйреу кезінде қозғалтқышқа, трансмиссияға, тежегіш жүйесіне, шиналарға және автокөліктің аспасына қосымша күш түсіріледі. Сонымен қатар, жанармайдың жұмсалуы артады. Кейбір елдерде тіркемені жеңіл автокөліктерге тіркеп сүйреу тәртібі арнайы нормативтік актілермен реттеледі. Егер Сіз тіркемені сүйрегіңіз келсе, онда Сіздің қауіпсіздігіңіз және тіркеп сүйреудің табыстылығы жаб-дықты дұрыс таңдауға, оны пайдалану ережелерін ұстануға, сондай - ақ Сіздің автокөлікті қаншалықты сақтықпен басқара алатыныңызға байланысты болады. Тіркеме құрылғысын және басқа да қажетті жабдықты сатып алу алдында біз Сіздің ав-токөлігіңізге сәйкес келетін осындай жаб-дықты таңдау бойынша SUBARU дилерінен кеңес алғаныңыз жөн екендігін ескертеміз. Сонымен қатар, Сіз өндірушілердің

тіркеп сүйреу, сондай - ақ тіркеменің өзін сүйреуді жүзеге асыру үшін қажетті жабдықты орнату және пайдалану бойынша нұсқауларын сақтауыңыз керек. SUBARU тіркемені тіркеп сүйреуді жүзеге асыру үшін қандай да бір жабдықты пайдалану салдарынан болған автокөліктің зақымдарына немесе жарақаттарға, осындай түрдегі жабдыққа қоса берілетін нұсқаулардағы қателерге немесе рұқсаттамаларға, сондай - ақ осы нұсқаулардың Сіздің сақтамауыңыз салдарынан болатын қателіктер үшін жауапты емес.

■ Техникалық қызмет көрсету

Егер сіз өзіңіздің автокөлігіңізді сүйреу үшін пайдалансаңыз, онда Сіздің автокөлігіңізге түсетін қосымша күш техникалық қызмет көрсету жұмыстарының неғұрлым жиі жүргізілуін қажет етеді. "Техникалық қызмет көрсету кестесі" бөлімін қараңыз ☞11-3.

Ешқандай жағдайда тіркемені жаңа автокөлікке немесе алғашқы 1 600 шақырымы жүрілмеген жаңа күш беретін торабы орнатылған автокөлікке (қозғалтқышпен, трансмиссиямен, дифференциалмен, дөңгелектердің мойынтіректерімен және т.б.) тіркеп сүйреуге жол берілмейді.

■ Сүйретілетін тіркеменің салмағы

Тіркемені сүйреу алдында Сіздің автокөлігіңіздің тарту күшінің Сіздің автокөлігіңіздің тарту күші мен жұмыр қосылымына түсетін шекті жүктеменің тіркемеңізді тіркеп сүйреуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретініне көз жеткізу үшін ең жақын SUBARU жеке дилеріне хабарласыңыз немесе автокөліктің тіркеу құжаттарын және/немесе тіркеу құрылғысын орнату нұсқаулығын қараңыз.

Тіркеменің жалпы салмағы (тежегіш жүйесімен бірге тіркеменің өзінің салмағы және жүктің салмағы) тіркеп сүйретілетін тіркеменің максималды рұқсат етілген салмағынан аспауы тиіс.

Есіңізде болсын, жұмыр жалғанымға түсетін жүктеме Сіздің автокөлігіңізге түсетін жүктемені арттырады. Бұл ретте келесі мәндердің ешқайсысының артпауы керек: максималды рұқсат етілген салмағы (MPW) және/немесе автокөліктің толық салмағы (GVM) және максималды рұқсат етілген артқы білікке түсетін күш (rear MPAW) және/немесе артқы білікке толық түсетін күш (rear GALR).

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Сүйретілетін тіркеме максимал-ды рұқсат етілген салмақтан асуына жол бермеңіз. Тіркеп сүйретілетін тіркеменің макси-малды рұқсат етілген салмағы-ның артуы автокөліктің зақымда-нуына және/немесе жарақат-тануға әкеліп соқтыратын болады.

Техникалық сипаттамада көрсетілген тіркеме салмағы теңіз деңгейінен 1000 м болатын биіктіктер үшін ғана жарамды. Үлкен биіктіктерде, теңіз деңгейінен жоғары биіктік артқан сайын қозғалтқыш қуаты төмендейді, бұл автокөліктің тартымдық сипаттамаларының төмендеуіне әкеледі. Бұл жағдайда "Жалпы максималды салмақтың" биіктіктің әрбір 1000 м үшін 10% төмендетілуі тиіс. Жолға шығар алдында салмақтың көрсетілген талаптарға сәйкес екендігіне көз жеткізіңіз.

ЕСКЕРТПЕ

"Жалпы максималды салмақ" - бұл "Автокөліктің максималды рұқсат етілген салмағының" және "Сүйретілетін тіркеменің максималды рұқсат етілген массасының" қосындысы.

- ЖАЛҒАСЫ –

■ Тіркеу құрылғылары (дилерлік опция)

SUBARU бастапқы тіркеу құрылғыларын қолдану ұсынылады. Толығырақ ақпарат алу үшін Сіздің SUBARU дилеріне хабарласуыңызды ұсынамыз.

Тіркеу құрылғыларының бекіту болттары мен гайкаларының беріктігін үнемі тексеріп тұрыңыз.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Сіздің автокөлігіңізге тіркеу құрылғысын орнату немесе тіркеп сүйреуге қажетті басқа да жабдықты орнату кезінде шығару жүйесінің конструкциясына, сондай - ақ Сіздің автокөлігіңіздің тежегіш және басқа да жүйелерінің конструкцияларына өзгерістердің енгізілуіне жол бермеңіз.

■ Егер сіз тіркемені сүйремейтін болсаңыз

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Байланыстырылатын жерлерде шанақтың таза және коррозиядан сақталған болуы керек. Бетін тек шүберекпен сүрту керек. Жанармайды немесе басқа да жағармайды пайдалануға тыйым салынады.**
- **Егер жұмыр бас орнатылмаса, оны қорғау және таза сақтау үшін пластик бітеуішті орнату қажет.**


Тіркеу құрылғысының жұмыр басы пайдаланылмаса, оған қақпақты кигізіп, ұқыпты сақтаңыз.

■ Тіркеменің сақтандыру шынжырлары

Тіркеу құрылғысының бекіткіші немесе тіркеу құрылғысының жұмыр басы сынған немесе ажыраған жағдайда тіркеме Сіздің автокөлігіңізден ажыратылып, жолда
апаттық жағдай туғызуы мүмкін.
Сондықтан, жол қозғалысының жалпы қауіпсіздігі мақсатында тіркеме мен Сіздің автокөлігіңіздің және тіркеменің бір-біріне жалғануын сақтандыру тізбектерімен үнемі қайталаңыз.

Барлығы екі тізбекті пайдалану керек, біреуі - тіркеменің оң ағашының оң жағынан, біреуі - сол жағынан. Тіркеу құрылғысын оң ағашының астынан айқастырып өткізіңіз, бұл оның жол үстінде оң ағаштың тіркеу құрылғысының жұмыр басынан ажырап қалуы барысында ұсталып қалуын қамтамасыз етеді. Алайда, олардың жолдың бетіне қатысты емес екеніне көз жеткізе отырып, шұғыл бұрылысты жерлерді есепке ала отырып, тізбектердің аздап салбырауын қамтамасыз етіңіз.

■ Сыртқы айналар



Көптеген елдерде қолданылатын нормативтік құжаттар тіркемені тіркеп сүйреу кезінде арнайы сыртқы айналарды міндетті түрде пайдалануды көздейді. Тіркемені Сіздің автокөлігіңіз-

ге тіркегеннен кейін штаттық сыртқы айналардың артын жақсы көруді қамтамасыз ететіндігіне, ал жүргізуші қарай алмайтын жерлердің болмашы екеніне көз жеткізіңіз. Егер штатты сыртқы айналарды пайдалану кезінде жүргізушіге көрінбей қалатын жерлер айтарлықтай болса, тиісті нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келетін қосымша сыртқы айналарды пайдаланыңыз.

■ Тіркеменің жарықтық сигналдары

Сіздің автокөлігіңіздің электрлік жүйесіне тіркеменің жарықтық сигнал беру жүйесін қосу Сіздің автокөлігіңіздің жарықтық сигналының электрлік схемасына белгілі өзгерту енгізуді талап етеді, бұл оның қуатының артық болуын қамтамасыз етеді, сондай - ақ электр сымындағы өзгерістерді бейімдейді. Тіркеменің жарықтық сигнал беру жүйесін тиісінше жалғау бойынша Сіздің SUBARU дилерінен кеңес алуыңызды ұсынамыз. Тіркемені Сіздің автокөлігіңізге жалғаған сайын бұрылыс көрсеткіштері мен тіркеменің стоп - сигналдарының жұмыс жасап тұрғандығына көз жеткізіңіз.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Тіркеменің жарықтық сигналдату жүйесінің дұрыс жалғанбауы, мысалы, сымдарды тікелей бұрау арқылы жалғау, автокөліктің электр жүйесінің зақымдалуына немесе оның электрлік сигналдату жүйесінің істен шығуына себеп болуы мүмкін.

■ Шиналар

Сіздің автокөлігіңіздің барлық шиналары жүргізуші жағынан есіктің тірегіне қойылған тақтайшада көрсетілген тізбекті тіркеп сүйреу үшін көзделген қысымда үрілгендігіне көз жеткізіңіз. Тіркеме шиналарына келетін болсақ, олардың күйі, мөлшері, олар есептелген шектік жүктелімі, сондай - ақ олардың қысымы тіркемені әзірлеуші көрсеткен техникалық сипаттамаларға сәйкес келуі тиіс.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Егер Сіздің автокөлігіңізде уақытша қосалқы дөңгелек орнатылған болса, тіркемені тіркеп сүйреуге тыйым салынады. Уақытша қосалқы дөңгелек тіркемені тіркеп сүйреу режіміндегі жүктемелерге есептелмеген. Уақытша қосалқы дөңгелек орнатылған автокөлікпен тіркемені сүйреу осы дөңгелектің зақымдануына және/ немесе автокөліктің тұрақтылығының төмендеуіне әкелуі мүмкін, ал бұл өз кезегінде апаттың себебі болуы ықтимал.

■ Тіркемені тіркеп сүйреу бойынша ұсыныстар

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Ыстық ауа-райында беткеймен жоғары қозғалғанда ауа кондиционері қозғалтқыштың қызып кетуін болдырмау үшін автоматты түрде ажыратылуы мүмкін.**

- **Ыстық ауа-райында биік өрге қарай көтерілу кезінде төменде аталып отырған аспаптар мен бақылау шамдарын қадағалаңыз, өйткені мұндай жағдайларда қозғалтқыштың және трансмиссияның қызып кетуі мүмкін.**
  - **Салқындатқыш сұйықтықтың температурасының жоғарылауын ескерту шамы**
  - **ATF температурасының ескерту шамы**
- **Тіркемесі бар автокөлікті басқару әдеттегі автокөлікті басқарудан ерекшеленеді, өйткені тежегіш сипаттамалары, орнықтылық сипаттамасы және басқарылуы, сондай-ақ тежегіш жолы өзгереді. Тіркемені сүйреткен кезде Сіздің ешбір жағдайда жылдамдықты асыра қозғалмауыңыз керек, міндетті түрде қосымша сақтық шараларын ұстану керек. Сонымен қатар, Сіз төменде берілген ұсынымдарды ескеруіңіз керек.**

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Тіркемені тіркеп сүйреу кезінде SRVD жүйесінің ажыратқышын (егер орнатылған болса) оны сөндіру үшін басыңыз. Жүйе радар толқындарының бұғатталуынан тиісті түрде жұмыс істемеуі мүмкін. SRVD жүйесінің ажыратқышы туралы толық ақпарат алу үшін "SRVD жүйесінің ажыратқышы" бөлімін қараңыз ☞7-73.**

Артқы қозғалыспен жүру (RAB) кезінде автоматты тежеу жүйесімен жабдықталған моделдермен тіркеп сүйреу туралы қосымша ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

Егер Сіздің автокөлігіңіз SI - DRIVE жүйесімен жабдықталған болса, онда биік беткеймен жоғары қозғалу үшін "Intelligent" (I) режімін қолданбау керек. "Sport" (S) режімінде жүру ұсынылады. Өз кезегінде, Сіз SI-DRIVE жүйесінің кез келген режімдерінде төмен қарай жүре аласыз.


▼ Сапар алдында

- Тіркемені сүйрейтін автокөлікті басқаруға қатысты максималды жылдамдықтар немесе шектеулер бойынша нормативтік құжаттармен танысыңыз. Егер Сізге бірнеше елден өту керек болса, сапар алдында әр елдің тиісті нормативтік құжаттарымен танысыңыз, өйткені олардың талаптары әр түрлі болуы мүмкін.
- Сіздің автокөлігіңіздің, сондай - ақ тіркеу құрылғысының бекіткішінің күйінің жақсы екендігіне көз жеткізіңіз. Қандай да бір кемшіліктер анықталған жағдайда тіркемені сүйретуден бас тартыңыз.
- Сіздің автокөлігіңіздің шанағының тіркеме жалғағаннан кейін көлденең қалпын сақтағанына көз жеткізіңіз. Автокөліктің алдыңғы бөлігі жоғары қарай көтерілген кезде немесе оның артқы бөлігі едәуір төмендеген кезде тіркеп сүйретілетін тіркеменің салмағын тексеріңіз, сондай - ақ автокөліктің артқы білігіне түсетін жүктеменің барынша рұқсат етілген шамадан аспайтынына көз жеткізіңіз.
- Барлық шинадағы қысымды тексеріңіз.
- Тіркеме мен автокөліктің дұрыс жалғанғанын тексеріңіз. Көз жеткізіңіз:
  - тіркеменің оқ ағашының тіркеу құрылғысының жұмыр басына мұқият бекітілгендігіне;
  - тіркеменің жарықтық сигналдату жүйесінің ұяшығының дұрыс қосылғандығына, сондай-

ақ тежегіш басқышына басқанда тіркеменің стоп-сигналының жанатындығына және бұрылыстың көрсеткіштері иінтірегін бұрған кезде тіркеме бұрылысы көрсеткіштері мен автокөлік бұрылысының көрсеткіштері қатар жыпылықтайтындығына;
– сақтандыру шынжырларының мұқият бекітілгендігіне;
– тіркемеде тасылатын барлық жүктің сенімді бекітілгендігіне;
– автокөліктің сыртқы айналарының артқы жақты жақсы көрсететіндігіне, ал жүргізушіге көрінбей қалған жердің шамалы ғана екендігіне.

▼ Тіркемені тіркеп сүйрейтін автокөлікті басқару

- Тіркемені тіркеп сүйреу кезінде автокөліктің тежегіш жолының айтарлықтай ұлғайатындығын есте сақтау керек. Шұғыл тежелуден сақтаныңыз, себебі бұл тіркеменің бүктетілуіне немесе сырғып кетуіне, сондай - ақ автокөлікті басқаруды жоғалтып алуға әкеліп соқтыруы мүмкін.
- Автокөліктің орыннан кенеттен қозғалуына және тез үдетілуіне жол бермеңіз.
- Жолда шұғыл маневрлеуден, қозғалу жолақтарын жиі ауыстырудан және шұғыл бұрылудан аулақ болыңыз.
- Автокөліктің қозғалыс жылдамдығын бұрылыс алдында төмендетіңіз. Тіркемені тіркеп сүйрейтін автокөліктің бұрылу радиусы үлкейтілуі тиіс, өйткені тіркеме дөңгелектері автокөлік дөңгелектеріне қарағанда бұрылу ортасына жақын болады. Шұғыл бұрылыс кезінде тіркеме автокөлікті соғуы мүмкін.
- Тіркемемен жолға шығу алдында автокөлік/тіркеме байламдарын "сезінуді" үйрену үшін жеткілікті уақыт бөліңіз. Автокөлік қозғалысынан бос жерде бұрылысты, тежеуді және артқы жүріспен қозғалуды жүзеге асыруды үйренуге жаттығыңыз.
- Бүйірден соғатын жел Сіздің автокөлік пен тіркемені басқаруыңызға кері әсер етуі мүмкін, салдарынан бір бүйірге қарай сырғу да ықтимал. Бүйірден соғатын жел қарама-қарсы бағытпен жүріп келе жатқан үлкен жүк автокөліктерінің қозғалысына да, ауа-райы жағдайына да байланысты болуы мүмкін. Сіздің автокөлігіңіз бүйірге қарай ығыстырылған кезде рөл дөңгелегін қатты ұстап тұрыңыз және бірден автокөлікті біртіндеп баяулатыңыз.
- Сіздің автокөлігіңізге тіркеме жалғанғаннан кейін оның салмағы мен ұзындығының артуы басқа көліктерді айналып өту кезінде оларға дейінгі қашықтықты айтарлықтай арттырудың керектігін айта кеткен жөн.
- Тіркемесі бар автокөліктің артқы жүріспен қозғалысы қиын болуы мүмкін және тәжірибелік дағдыларды талап етеді. Үдетілу мен шұғыл бұрылыстарға жол бермеңіз және рөл дөңгелегін төменгі жағынан бір қолмен ұстаңыз.



Бұрылыста артқы жүріспен қозғалғанда, келесі әрекеттерді орындаңыз.

1. Артқы жүріспен баяу жүріңіз және рөл дөңгелегін қалаған бұрылыстың бағытына қарай қарама - қарсы бұрыңыз.
2. Тіркеме қозғалыс бағытын өзгерткеннен кейін, рөл дөңгелегін түзу сызықты қозғалыс жолағына келтіріңіз.
3. Рөл дөңгелегін қарама-қарсы бағытта бұрыңыз.
4. Автокөлікті тіркемесімен бір жолда болатындай етіп бұрыңыз, содан кейін рөл дөңгелегін түзу сызықты қозғалыс жағдайына қайта келтіріңіз.

- Егер автокөлік қозғалысы кезінде ABS жүйесінің ескерту шамы жанса, тіркемені тіркеп сүйреуді тоқтатыңыз. Мұндай жағдайларда біз Сізге жөндеу жүргізу үшін дереу арада жақын жердегі SUBARU дилеріне хабарласқаныңыздың жөн екендігін ескертеміз.

▼ Автокөлікті еңістерде басқару

- Биік беткейден төмен түсер алдында қозғалыс жылдамдығын төмендетіңіз және төмен беріліске (қажет болған жағдайда - 1) қайта ауысыңыз, бұл Сіздің қозғалтқышты тежеуді жүзеге асыруыңызға мүмкіндік береді және Сіздің автокөлігіңіздің тежегіштеріңіздің қызып кетуін болдырмайды. Төмен берілістерге күрт ауысудан аулақ болыңыз.
- Ыстық ауа-райында өрге қарай қозғалғанда ауа кондиционері қозғалтқыштың қызып кетуін болдырмау үшін автоматты түрде сөнуі мүмкін.
- Ыстық ауа-райында биік өрге қарай көтерілу кезінде төменде аталып отырған аспаптар мен бақылау шамдарын қадағалаңыз, өйткені мұндай жағдайларда қозғалтқыш және трансмиссия қызып кетуі мүмкін.
  – Салқындатқыш сұйықтықтың температурасының жоғарылауын ескерту шамы
  – ATF температурасының ескерту шамы
- Төменде сипатталып отырған кез келген жағдай туындаған кезде ауа кондиционерін дереу өшіріп, жақын жердегі қауіпсіз жерде автокөлікті тоқтату керек. "Шұғыл жағдайда Сіздің автокөлігіңізді тұрақтату тәртібі" бөлімін ☞9-2 және "Қозғалтқыштың қызуы" бөлімін қараңыз ☞9-16.
  – Салқындатқыш сұйықтықтың температурасының жоғарылауының ескерту шамы жанады. "Салқындатқыш сұйықтықтың температурасының төмендігін бақылау шамы/ Салқындатқыш сұйықтықтың темпера-турасының жоғарылауының ескерту шамы" бөлімін қараңыз ☞3-23.
  – ATF температурасының ескерту шамы жанады. "ATF температурасының ескерту шамы" бөлімін қараңыз ☞3-26.

- Тұрақ немесе жұмыс тежегішінің орнына беткейде автокөлікті тұрақтандыру үшін акселератор басқышын пайдаланбаңыз. Бұл трансмиссиялық сұйықтықтың қызып кетуіне әкелуі мүмкін.
- Селектор иінтірегін төменде көрсетілгендей орналастырыңыз.

Жоғары еңіс кезінде: "D" қалпына.
Төмен еңіс кезінде: қозғалтқышпен тежеуді пайдалану үшін төмен беріліс қалпына (қолша басқарылатын моделдерде)/ қалпы "L" ("L" қалпы бар моделдер).

▼ Еңістегі тұрақ

Тұрақ кезінде автокөлігіңіздің тіркемесінің де, дөңгелектерінің де бұғаттамасын қамтамасыз етіңіз. Көлікті тұрақ тежегішіне мұқият қалыптастырыңыз. Биік немесе ойға қарай болатын беткейде көлікті тұрақтатудан аулақ болу керек. Биік немесе ойға қарай болатын беткейде көлікті тұрақтатпау мүмкін болмаса, мына әрекеттерді орындаңыз:

1. Тежегіш басқышын басыңыз және оны осы жағдайда ұстап тұрыңыз.
2. Көлік дөңгелегі мен тіркеме астына тежегіш табандарды біреудің қоюын сұраңыз.
3. Тежегіш табандарды қойғаннан кейін тежегіш табандарға барлық күш түсірілгенше тежегіш басқышын біртіндеп босатыңыз.
4. Тежегіш басқышын басыңыз және тұрақ тежегішін қалыптастырыңыз, содан кейін тежегіш басқышын біртіндеп босатыңыз.
5. Селектор иінтірегін "P" қалпына ауыстырыңыз және қозғалтқышты сөндіріңіз.


⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Тұрақ тежегішінің тежеуіш күшінің үлкен тежеуіш күш талап етілетін жағдайда жеткіліксіз болуы мүмкін (мысалы, тіркемені сүйреткен кезде еңісте тұрған жағдайда).

Шұғыл жағдайлардағы әрекеттер тәртібі

Сіздің автокөлігіңізді шұғыл жағдайларда тұрақтату тәртібі 9-2
Уақытша қосалқы дөңгелек (егер жиынтықта бар болса) 9-2
Пайдаланушылық жөндеу жұмыстарына арналған құрал-саймандар ……9-4
Бұрағыш және баллон кілті.....9-4
Артқы еден астында 9-4
Егер шинаның желі шықса 9-6
Желі шыққан дөңгелекті ауыстыру 9-6
Шиналардағы ауа қысымының мониторинг жүйесі (TPMS) (егер орнатылған болса) 9-10
Қозғалтқышты сыртқы қуат көзінен іске қосу (басқа автокөліктің аккумуляторлық батареясынан).....9-12
Аккумуляторлық батареяны пайдалану кезіндегі сақтық шаралары!.....9-12
Сіздің автокөлігіңізді сыртқы қуат көзінен іске қосу кезіндегі сақтық шаралары! 9-13
Қозғалтқышты сыртқы аккумуляторлық батареядан іске қосу тәртібі 9-14
Қозғалтқыштың қызуы 9-16
Егер қозғалтқыш қақпағының астынан бу шығатын болса 9-16
Егер қозғалтқыш қақпағының астынан бу шықпайтын болса..... 9-16
Сүйрету.....9-17
Сүйреу және бекіту ілгектері.....9-17
Автокөлікті платформалық эвакуаторда тасымалдау 9-20
Автокөлікті жол үстінен дөңгелектерін көтермей сүйрету 9-21
Қашықтықтан басқару салпыншағы — қашықтықтан басқару салпыншағының жұмысындағы іркілістер кезіндегі әрекеттер .. 9-22
Есіктерді ашу және жабу.....9-22
Электрмен қуаттау режімдерін ауыстырып қосу. 9-22
Қозғалтқышты іске қосу 9-23
Жүк арту бөлігінің есігі - егер жүк арту бөлігінің есігі ашылмаса 9-24
Қос құлыптау жүйесі бар моделдер 9-24
Егер Сіздің автокөлік апатқа ұшыраса 9-25

Сіздің автокөлігіңізді шұғыл жағдайларда тұрақтату тәртібі



Апаттық жарықтық сигнал түнде де, күндіз де қосылуы керек, бұл басқа жүргізушілерге Сіздің мәжбүрлі түрде шұғыл жағдайдың салдарынан аялдама жасағандығыңызды хабарлайды.
Жолда тоқтамауға тырысыңыз. Ақаулар пайда болған кезде, аса сақ бола отырып, жолдан шығу керек.

Апаттық жарық сигналы оталдыру құлпының кез келген қалпына қосыла алады.

Апаттық сигналдатуды қосу үшін апаттық жарық сигналының ажыратқышын басыңыз. Оны сөндіру үшін сол ажыратқышты қайтадан басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Апаттық жарықтық сигнал қосылған кезде бұрылыс көрсеткіштері жұмыс істемейді.

Уақытша қосалқы дөңгелек (егер жиынтықта бар болса)

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Егер Сіздің автокөлігіңізде уақытша қосалқы дөңгелек орнатылған болса, тіркемені тіркеп сүйреуге тыйым салынады. Уақытша қосалқы дөңгелек тіркемені тіркеп сүйреу режімінде жүк ретінде есептелмеген. Уақытша қосалқы дөңгелек орнатылған автокөлікпен тіркемені сүйреу осы дөңгелектің зақымдануына және/ немесе автокөліктің тұрақтылығының төмендеуіне әкелуі мүмкін, ал бұл өз кезегінде апаттың себебі болуы ықтимал.**

- **Егер қосалқы дөңгелек орнатылса немесе ауыстырылған дөңгелектің жиегіне түпнұсқа қысым қадағасы/ таратқыш орнатылған болса, шинадағы ауа қысымының төмендігін ескерту шамы бір минут бойы жыпылықтағаннан кейін үздіксіз жанатын болады. Бұл шинадағы қысымның мониторинг жүйесі (TPMS) барлық төрт дөңгелекті бақылай алмайтындығын білдіреді. Біз Сіздің шина мен қадағаны ауыстыру және/немесе жүйені қайта баптау үшін SUBARU дилеріне барынша дереу арада хабарласқаныңыздың дұрыс екендігін ескертеміз.**

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Сіздің автокөлігіңіз үшін қарастырылған уақытша қосалқы дөңгелектерден басқаларын пайдалануға тыйым салынады. Басқа өлшемдегі дөңгелектерді пайдалану Сіздің автокөлігіңіздің трансмиссиясының айтарлықтай механикалық зақымдануына әкелуі мүмкін.**


- **Уақытша қосалқы дөңгелекті пайдалану кезінде келесі нұсқаулықтарды сақтаңыз. Керісінше жағдайда, ауыр апатты жағдайдың туындауы мүмкін.**

Уақытша қосалқы дөңгелектің шинасы әдеттегі шинадан кіші және оңай. Уақытша қосалқы дөңгелектің шинасының конструкциясы оның тек шұғыл жағдайларда ғана пайдаланылуын көздеген. Мүмкіндік пайда болған сәтте уақытша қосалқы дөңгелекті әдеттегісіне алмастырыңыз, себебі, уақытша қосалқы дөңгелектің шинасының конструкциясы оны уақытша ғана пайдаланылуын көздейді.

Уақытша қосалқы дөңгелектің шинасындағы қысымды әрдайым пайдалануға дайын болу үшін тексеріп отырыңыз. "Шиналар" бөлімінде келтірілген дұрыс қысым ☞12-10.

Уақытша қосалқы дөңгелекті пайдалану кезінде мынадай ескертулерге назар аударыңыз.

- Егер автокөлікте уақытша қосалқы дөңгелек орнатылған болса, сақтықпен қозғалыңыз. Жылдам үдетілу мен тежеуден, сондай-ақ шұғыл бұрылудан аулақ болыңыз, өйткені бұндай жағдайда автокөлікті басқару қабілеттілігі жоғалуы мүмкін. Аса жоғары жылдамдықпен қозғалмаңыз, ол 80 ш./сағ. аспауы тиіс.
- Сырғанауға қарсы шынжырды уақытша қосалқы дөңгелекке орнатпаңыз. Сырғанауға қарсы шынжырды уақытша қосалқы дөңгелекке тиісті түрде орнату мүмкін емес, өйткені оның шинасының көлемі кіші.
- Бір уақытта екі немесе одан да көп уақытша дөңгелектерді пайдаланбаңыз.
- Кедергілер арқылы өтпеңіз. Уақытша қосалқы дөңгелектің шинасының диаметрі кішкентай, осыған байланысты саңғалы азаяды.



1) Протектордың тозу индикаторы.
2) Индикатордың орналасу белгісі.

- ЖАЛҒАСЫ –

- Протектор тозуының индикаторы пайда болған кезде шинаны ауыстырыңыз.
- Уақытша қосалқы дөңгелекті тек артқы дөңгелектің орнына орнатыңыз. Егер алдыңғы дөңгелек тесілген болса, бұл дөңгелекті артқы дөңгелектердің бірімен ауыстырыңыз және артқы дөңгелектің орнына уақытша қосалқы дөңгелекті орнатыңыз.

Пайдаланушылық жөндеу жұмыстарына арналған құрал-саймандар


Сіздің автокөлігіңіздің жиынтығына мынадай пайдалану барысында жөндеу құралдары кіреді.

- Домкрат.
- Домкрат иінсабы.
- Бұрағыш.
- Сүйреу ілгегі (рым-болт).
- Баллон кілті.

ЕСКЕРТПЕ

Бұл домкрат 2006/42/ЕС машина жабдықтарының қауіпсіздігі Директивасына сәйкес келеді. Сәйкестік декларациясы түпнұсқасының көшірмесі 13-тарауда келтірілген.

■Бұрағыш және баллон кілті




1) Бұрағыш.
2) Баллон кілті.


Бұрағыш, баллон кілті және т. б. автокөліктің ішінде сақталады. Құралдар саймандарға арналған контейнердің ішінде де сақталуы мүмкін.

■Артқы еден астында


Домкрат, домкрат иінсабы және сүйреткіш ілгек мынадай суреттерде көрсетілгендей сақталады.



1) Жүк арту бөлігінің еденінің астында орналасқан заттарды сақтауға және тасымалдауға арналған бөлік (егер орнатылған болса) ("Жүк арту бөлігінің еденінің/ жүк арту бөлігінде орналасқан заттарды сақтауға және тасымалдауға арналған бөлік" бөлімін қараңыз ☞6-20).
2) Домкрат иінсабы.
3) Қосалқы дөңгелек.
4) Құрал-саймандарға арналған контейнер.



1) Баллон кілті.
2) Бұрағыш.
3) Домкрат.
4) Сүйреу ілгегі (рым-болт).



Домкраттағы жапсырма үлгісі
1) Домкраттағы жапсырма.
2) АБАЙ БОЛЫҢЫЗ.
3) ШЕКТІК ЖҰМЫС ЖҮКТЕМЕСІ.

ЕСКЕРТПЕ

- **Домкратты пайдалану тәртібі туралы ақпарат алу үшін "Егер шинаның желі шықса" бөлімін қараңыз ☞9-6.**
- **Келесі позициялар моделге байланысты өзгеше болуы мүмкін.**
  - **Заттарды сақтауға және тасымалдауға арналған бөліктің сауыты**
  - **Пайдаланушылық жөндеуге арналған кейбір құрал-саймандардың орналасуы.**

- ЖАЛҒАСЫ –

Егер шинаның желі шықса

Егер Сіздің автокөлігіңіздің шиналарының бірі түссе, ешқандай жағдайда аяқ астынан тежеуге жол бермеңіз. Қозғалысты түзу бағытта, жылдамдықты бірте - бірте баяулата отырып жалғастырыңыз. Содан кейін байыппен жол жетіне шығып, қауіпсіз жерде тұрақтаңыз.

■ Желі шыққан дөңгелекті ауыстыру

▼ Сақтық шаралары

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Тек Сіздің автокөлігіңіздің жинағына енетін домкратты пайдаланыңыз. Сіздің автокөлігіңіздің жинағына енетін домкрат тек дөңгелекті ауыстыруға арналған. Егер автокөлік домкратпен көтерілген болса, ешқандай жағдайда да оның астына түспеңіз.**
- **Автокөлікті домкратпен еңісте немесе жол жабыны борпылдақ жерлерде көтеруге болмайды. Домкраттың киліктірілетін жерден секіріп кетуі немесе топыраққа шөгіп қалуы мүмкін. Екі жағдайда да бұл ауыр зардаптары бар жазатайым оқиғаның себебі болуы мүмкін.**
- **Автокөлікті домкратпен көтермес бұрын бортта жолаушылар мен жүктің жоқ екеніне көз жеткізіңіз.**
- **Желі шыққан дөңгелекті ауыстыру үшін автокөлігіңізді домкратпен көтермес бұрын қозғалтқышты міндетті түрде сөндіріңіз. Домкратпен көтерулі тұрған автокөлікті итеруге немесе шайқауға болмайды. Әйтпесе, домкраттың киліктірілетін жерден секіріп кетуі немесе топыраққа шөгіп қалуы мүмкін, бұл ауыр зардаптары бар жазатайым оқиғаның себебі болуы мүмкін.**

▽ Австралия және Жаңа Зеландияға арналған моделдер

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


Австралия және Жаңа Зеландияға арналған моделдер Келесі нұсқаулар Аустралиялық/ Жаңа Зеландиялық™ (AS/NZS 2693:2007) стандарттан алынған. Сіздің қауіпсіздігіңіз үшін міндетті түрде келесі нұсқаулар сақталуы керек.

- **Мүмкіндігінше, домкратты тегіс, қатты бетте пайдалану қажет.**
- **Автокөлікті домкратпен көтеру кезінде оның дөңгелектерін тежегіш табандармен бекіту керек және салонда ешкімді қалдырмау ұсынылады.**
- **Ешкім де дененің қандай да бір бөлігін домкрат көтерген автокөлік астына қалдырмауы тиіс.**

▼ Әрекеттер тәртібі

1. Алғашқы мүмкіндік пайда бола сала қатты және тегіс жерге тұрақтаңыз, содан кейін қозғалтқышты сөндіріңіз.
2. Тұрақтау тежегішін мұқият тартыңыз және селектор иінтірегін "P" (Тұрақ) күйіне ауыстырыңыз.


3. Апаттық жарық сигналын қосыңыз, барлық жолаушыларды түсіріңіз және жүкті автокөліктен түсіріңіз.



4. Дөңгелектің алдынан және артынан тежеуіш табандарды қойыңыз, оның желі шыққан дөңгелекке қарама-қарсы диагональ болуы тиіс.
5. Домкратты, домкраттың иінтірегін және баллон кілтін алыңыз. Құрал-саймандар мен қосалқы дөңгелек жүк бөлігі еденінің астына салынады. "Пайдаланушылық жөндеу жұмыстарына арналған құралдар" бөлімін қараңыз☞9-4.

ЕСКЕРТПЕ


Домкратты пайдаланар алдында оның жақсы майланғанын тексеріңіз.




6. Құрал-саймандар салынған контейнерді шығарып, сағат тіліне қарсы бекіту болтын бұраңыз, содан кейін қосалқы дөңгелекті тартыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- **Егер Сіздің автокөлігіңіз уақытша қосалқы дөңгелекпен жабдықталса, осы бөліммен мұқият танысыңыз және онда берілген нұсқауларды қатаң сақтаңыз.**




7. Егер Сіздің автокөлігіңіздің дөңгелектеріне сәндік қалпақтар орнатылса, онда оларды шешу үшін қолыңызға қорғаушы қолғаптарды киіңіз, сәндік қалпақтың шыбықтарынан ұстап, оны өзіңізге қарай тартыңыз.




- ЖАЛҒАСЫ –

8. Дөңгелектің бекіткішінің сақинасын баллон кілтімен босатыңыз, бірақ босатып бұрап алмаңыз.




Домкрат салу орындары


9. Домкратты желі шыққан дөңгелекке ең жақын орналасқан (алдыңғы немесе артқы) домкрат салу орнына салыңыз.




Домкрат бұрандасын домкрат басы салынатын жерге тығыз беттескенше қолша бұраңыз.



10. Иінсапты домкраттың бұрандасына салыңыз және дөңгелегі босағанша оны бұраңыз. Автокөлікті қажетті деңгейден жоғары көтермеңіз.
11. Дөңгелекті бекіту сақиналарын бұраңыз, содан кейін босатылған дөңгелекті алыңыз.





12. Қосалқы дөңгелекті орнатар алдында дөңгелектің бұралатын жерін және дөңгелектің күпшегін шүберекпен сүртіңіз.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ


Егер бұрандалы бөліктері зақымдалған болса, біз Сізге SUBARU дилеріне хабарласуыңызға кеңес береміз.

13. Қосалқы дөңгелекті орнатыңыз. Дөңгелекті бекіту сақиналарын ауыстырыңыз. Оларды қолша бұраңыз.


⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Қосалқы дөңгелекті орнату кезінде май немесе майлауыш заттарды дөңгелектің бекітпелері мен сақиналарына жақпаңыз. Олай болмаған жағдайда, бұл дөңгелектің бекіту сақиналарының әлсіреуіне әкелуі мүмкін, салдарынан жазатайым оқиғаның орын алуы ықтимал.

14. Автокөлікті түсіріңіз, сағат тіліне қарсы бағытпен домкратты айналдырыңыз.



15. Дөңгелектің бекітпесінің сақиналарын баллон кілтімен қарастырылған бұрау күшімен бұраңыз. Бұл жағдайда суретте көрсетілген бұрау тәртібін сақтаңыз. Дөңгелектерді бекіту сақиналарын бұрау сәті туралы ақпарат үшін "Шиналар" бөлімін қараңыз ☞12-10. Баллонды кілтті аяқпен басып тұрып дөңгелектерді бекіту сақиналарын ешқашан бекітпеңіз, сондай - ақ бұл мақсат үшін түтік түріндегі баллонды кілттің иінтірегінің ұзартылған сабын пайдаланбаңыз. Екі жағдайда да Сіз қарастырылған бұрау күшінен асып кетуіңіз мүмкін. Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету бекетінде дөңгелекті бекіту сақиналарын бұрау күшін тексеріңіз.



1) Ұстаушы.

16. Желі шыққан дөңгелекті қосалқы дөңгелектің орнына салыңыз. Ұстағышты бет жағын жоғары қаратып орнатыңыз, бекіту болтын мұқият бұрай дөңгелекті бекітіңіз.

ЕСКЕРТПЕ

Егер Сіз желі шыққан дөңгелекті мұқият бекіте алмасаңыз, ұстағышты жоғарғы жағынан төмен бұруға тырысыңыз.


17. Домкратты, домкраттың иінсабын және баллон кілтін оларды сақтауға арналған орындарда сақтаңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Автокөлік салонында желі шыққан босатып алынған дөңгелектің немесе оны ауыстыру кезінде пайдаланылған құралдардың тасымалдануына жол бермеңіз. Кенеттен тежелу немесе соқтығысу кезінде бекітілмеген дөңгелек немесе құралдар жүргізушіге немесе жолаушыға жарақат келтіруі мүмкін. Дөңгелекті және барлық құралдарды осы үшін арнайы қарастырылған жерлерде сақтаңыз.

Автокөлік салонында желі шыққан босатып алынған дөңгелектің немесе оны ауыстыру кезінде пайдаланылған құралдардың тасымалдануына жол бермеңіз. Кенеттен тежелу немесе соқтығысу кезінде бекітілмеген дөңгелек немесе құралдар жүргізушіге немесе жолаушыға жарақат келтіруі мүмкін. Дөңгелекті және барлық құралдарды осы үшін арнайы қарастырылған жерлерде сақтаңыз.

■ Шиналардағы ауа қысымының мониторинг жүйесі (TPMS) (егер орнатылған болса)



Шинадағы ауа қысымының мониторинг жүйесі жүргізушіге егер шинадағы ауа қысымы TPMS жүйесінің таңдалған режіміне сәйкес келетін шамадан айтарлықтай төмен болса, әрбір дөңгелекте орнатылған қадағалар сигнал арқылы ескертетін хабарлама береді. Шинадағы ауа қысымының мониторинг жүйесі автокөлік қозғалысының жылдамдығы 40 ш./сағ. асып кеткен кезде ғана қосылады. Сонымен қатар, бұл жүйе шинадағы ауа қысымының күрт төмендеуі бойынша дереу әрекет етпеуі мүмкін (мысалы, жарылған кезде, үшкір затқа соғылған кезде).

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Егер шинадағы ауаның төменгі қысымының ескерту шамы қозғалыс кезінде қосылса, тез тежемеңіз, жылдамдықты бірте-бірте төмендете отырып, тура жүруді жалғастырыңыз. Содан кейін байыппен жол шетіне шығып, қауіпсіз жерде тұрақтаңыз. Керісінше жағдайда, автокөліктің зақымдалуы және жарақаттауы ықтимал апат болуы мүмкін.

Жүргізуші жағынан есіктің тірегінде орналасқан шиналар туралы ақпараты бар кестеде келтірілген САЛҚЫН шиналардағы қысымның үш мәнінен (қалыпты, тиеу кезінде, сүйреу кезінде) ең сәйкес келетін қысымға дейін реттеңіз және қысымды тексеріңіз. Егер бұл шам шинадағы қысымды реттегеннен кейін қозғалыс кезінде жануды жалғастырса, шинаның айтарлықтай зақымдалуы мүмкін және қатты жылымдануы ауаның жылдам ағуына әкелуі ықтимал. Егер Сіздің шинаңыздан жел шығып кеткен болса, оны мүмкіндігінше тезірек ауыстырыңыз.

Егер қосалқы дөңгелек орнатылса немесе ауыстырылған дөңгелектің жиегіне түпнұсқа қысым қадағасы/ таратқыш орнатылған болса, шинадағы ауа қысымының төмендігін ескерту шамы бір минут бойы жыпылықтағаннан кейін үздіксіз жанатын болады. Бұл SIS-TPMS жүйесінің барлық төрт дөңгелекті бақылауға қабілетсіздігін көрсетеді. Біз Сізге шина мен қадағаны ауыстыру және/немесе жүйені қайта баптау үшін SUBARU дилеріне барынша дереу хабарласқаныңыздың дұрыс екендігін ескертеміз.

Егер шина сұйық герметиктің көмегімен жөнделген болса шинадағы ауа қысымын ескертетін клапаны және қабылдағыштың тиісті түрде жұмыс істемеуі мүмкін. Егер сұйық герметик пайдаланылса, біз Сізге барынша дереу арада SUBARU дилеріне немесе жақын жердегі басқа да білікті қызмет көрсету орталығына жүгінуіңіздің керектігін ескертеміз. Шинаны ауыстыру кезінде шинадағы қысымды ескертетін қақпағы мен қабылдауышты міндетті түрде ауыстыру керек. Сіз дөңгелектің дискісін оның зақымы болмаса, герметик қалдықтары мұқият тазартылып, алынып тасталса қайталап пайдалана аласыз.

Егер шам шамамен бір минут бойы жыпылықтаудан соң үздіксіз жанып тұрса, жүйені тексеру үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

- ЖАЛҒАСЫ –

Қозғалтқышты сыртқы қуат көзінен іске қосу (басқа автокөліктің аккумуляторлық батареясынан)

■ Аккумуляторлық батареяны пайдалану кезіндегі сақтық шаралары!

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Осы нұсқаулармен мұқият танысыңыз

Аккумуляторлық батареяны қауіпсіз және тиісті күтуді қамтамасыз ету мақсатында аккумуляторлық батареямен жұмыс жүргізу немесе оны тексеру алдында келтірілген сақтық шараларымен мұқият танысыңыз.

Қорғаныс көзілдірігін киіңіз

Сіз автокөлігіңіздің аккумуляторлық батареясынан тікелей жақын жерде жұмыс істеген кезде көзді қорғау құралдарын міндетті түрде киіңіз.

Электролиттің құрамында көзге тиген кезде көру қабілетінен айыруы мүмкін күкірт қышқылы бар. Сонымен қатар, аккумуляторлық батарея тез тұтанатын және өте жарылыс қауіпті газ - сутегін бөледі. осы газ тұтанған кезде көзді қорғау өмірлік қажеттілігі бар талап болып саналады.

Электролит құрамында күкірт қышқылы бар

Электролит құрамында күкірт қышқылы бар болғандықтан, аккумулятор батареясының жағдайын тексеру кезінде көзді қорғауға арналған құралдарды және қорғаныш қолғапты міндетті түрде киіңіз. Аккумулятор батареясының аударылуына және механикалық соққылануына жол бермеңіз, бұл одан электролиттің ағуына әкелуі мүмкін.

Ешқандай жағдайда Сіздің теріңізге, көзіңізге немесе киіміңізге электролиттің тиюіне жол бермеңіз, себебі бұл күйікке және көру қабілетін жоғалтуға әкеліп соқтыруы мүмкін. Егер электролиттің шашырандысы Сіздің теріңізге, көзіңізге немесе киіміңізге түссе, дереу арада оларды көм мөлшердегі ағынды сумен шайыңыз.

Егер электролиттің шашырандысы Сіздің көзіңізге түссе, дереу медициналық көмекке жүгініңіз.

Электролит ауыз қуысына, өңешке немесе асқазанға кездейсоқ түскен кезде бірден сүт немесе көп мөлшерде су ішу керек, содан кейін медициналық көмекке жүгінген дұрыс.

Электролит - күйдіргіш сұйықтық. Электролиттің тамшылары Сіздің автокөлігіңіздің боялған беттеріне немесе қаптау матасына түскен кезде, көп мөлшердегі сумен жуыңыз.

Балалардан сақтаңыз!

Аккумуляторлық батареяларға қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды онымен жұмыс істеу кезіндегі ықтимал қауіптер туралы хабарланған тұлғалар жүргізуі тиіс. Балалардың аккумулятор батареясының жанында болуына жол бермеу үшін ерекше сақтық шараларын қолданыңыз. Аккумуляторлық батареяны тиісінше пайдаланбау күйікке және көру қабілетін жоғалтуға әкеліп соқтыруы мүмкін.

Оттан сақтаңыз!

Аккумуляторлық батареямен жұмыс басталар алдында немесе оған тікелей жақын жерде жұмыс жүргізер алдында барлық шылымды, сіріңке мен оттықтарды сөндіріңіз. Аккумуляторлық батареяның жанында электр ұшқындарының пайда болуына, сондай-ақ оның жанында тез тұтанатын заттардың болуына жол бермеңіз. Аккумулятор батареясы тез тұтанғыш және төтенше жарылыс қауіпті сутегіні бөлетіндіктен, аккумулятор батареясының жанында ұшқын шашырауының пайда болуы немесе оның жанында жабық от көздерінің болуы жарылысқа әкелуі мүмкін.

Сіздің автокөлігіңіздің аккумуляторлық батареясына жақын жерде жұмыс жүргізу кезінде оның клеммасына (+) және (-) металл аспаптарымен тұйықталуына, сондай – ақ автокөлік шанағына оның оң клеммасына (+) тұйықталуына жол бермеңіз.

Бұл ретте ұшқын разрядтарының пайда болуымен ілесе жүретін қысқа тұйықталу пайда болады, бұл өз кезегінде жарылыстың себебі болуы мүмкін.

Аккумуляторлық батареямен жұмыс істеудің алдында ұшқын разрядтарының пайда болуын болдырмау немесе оған тікелей жақын жерде жұмыс жүргізбеу үшін барлық сақиналарды, қол сағаттарын және басқа да металл әшекейлері мен аксессуарларды шешіп тастаңыз.

Жарылыс қауіпі!

Қуаттау кезінде аккумуляторлық батареялар тез тұтанатын және өте жарылыс қауіпті газ-сутегін бөледі. Жарылыстың алдын алу үшін Сіздің автокөлігіңіздің аккумуляторлық батареясын жақсы желдетілетін жабдықпен қуаттаңыз, сондай - ақ оның жанында тез тұтанатын заттардың болуына жол бермеңіз.

■ Сіздің автокөлігіңізді сыртқы қуат көзінен іске қосу кезіндегі сақтық шаралары!

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Егер қуаттайтын аккумулятор батареясы отырып қалған болса, Сіздің автокөлігіңіздің қозғалтқышын сыртқы қуаттау көзінен іске қосуға әрекеттенбеңіз. Бұл батареяның корпусының жарылуына немесе тіпті жарылыс тудыруға әкелуі мүмкін.**
- **Сыртқы қуат көзінен іске қосу үшін пайдаланылатын сымдар мен олардың қысқыштарының ажыратылғандығына немесе жалаңаштанған жерлерінің жоқтығына көз жеткізіңіз.**

  Бұл үшін қолайлы сымдар болмаған жағдайда қозғалтқышты одан тыс көзден іске қосуды жүзеге асырмаңыз.

- ЖАЛҒАСЫ –

- **Жұмыс істеп тұрған қозғалтқыштың қауіпті болуы мүмкін. Саусақтарды, қолды, киімді, шашты және жұмыс құралдарын радиатор желдеткішінен, белдіктерден және қозғалтқыштың басқа да қозғалатын бөліктерінен алыс ұстаңыз. Жұмыс басталар алдында сақиналарды, сағаттарды және галстуктерді шешкен жөн.**
- **Сыртқы аккумуляторлық батареядан қозғалтқышты іске қосу аталған әрекеттер ретімен жүзеге асырылмайтын болса, Сіздің денсаулығыңыз үшін қауіпті болуы мүмкін. Егер Сіз автокөлікті сыртқы қуат көзінен іске қосу барысында орындалатын әрекеттердің дұрыстығына сенімді болмасаңыз, білікті автомеханикпен кеңесіңіз.**


⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Қозғалтқышты іске қосу үшін пайдаланылатын аккумуляторлық батарея кернеуінің 12 В құрауы тиіс. Аккумулятор батареясының кернеуі талап етілетін шамаға сәйкес келмейінше, қозғалтқышты басқа автокөліктің аккумуляторлық батареясынан іске қосуды жүзеге асырмаңыз.

Егер Сіз автокөлігіңіздің қозғалтқышын аккумуляторлық батареяның отыруы салдарынан іске қоса алмаған болсаңыз, оны Сіз басқа (қосымша) аккумуляторлық батареядан екі аккумуляторлық батареяны сыртқы қуат көзін іске қосуға арналған арнайы сымдармен жалғай отырып іске қоса аласыз.

■ Қозғалтқышты сыртқы аккумуляторлық батареядан іске қосу тәртібі

1. Қосалқы аккумуляторлық батареяның кернеуінің 12 В екендігіне, ал оның теріс клеммасының "массаға" қосылғанына көз жеткізіңіз.
2. Егер қозғалтқышты іске қосу үшін басқа автокөлікте орнатылған қосалқы аккумуляторлық батарея пайдаланылса, осы автокөліктердің шанақтарының жанасуына жол бермеңіз.
3. Барлық қажетсіз электр құралдарын және жарықты өшіріңіз.
4. Суретте көрсетілген тізбекті дәл сақтай отырып, екі аккумуляторлық батареяларды сымдармен жалғаңыз.



A) Қосалқы аккумуляторлық батарея.
B) Тіреуді бекіту сақинасы.

(1) Сымдардың бірін тазаланған аккумулятор батареясының оң (+) клеммасына қосыңыз.
(2) Осы сымның екінші ұшын қосалқы аккумулятор батареясының оң (+) клеммасына қосыңыз.
(3) Екінші сымды қосалқы аккумуляторлық батареяның теріс (-) клеммасына қосыңыз.
(4) Екінші сымның екінші ұшын тіреуіштің бекіту сақинасына қосыңыз.

Сымдардың қандай да бір қозғалыстағы бөлшектердің жанынан өтпейтіндігіне, ал олардың қысқыштарының қандай да бір басқа металл бөлшектермен жанаспайтынына көз жеткізіңіз.

5. Қосалқы аккумулятор батареясы орнатылған автокөлік қозғалтқышын іске қосыңыз және оның жұмысын иінді біліктің орташа айналу жиілігінде қамтамасыз етіңіз. Содан кейін батарея қуаты бар автокөлік қозғалтқышын іске қосыңыз.
6. Қозғалтқыш іске қосыла сала, іске қосу үшін пайдаланылатын сымдарды жалғаған ретке кері ретпен ажыратыңыз.

- ЖАЛҒАСЫ –

Қозғалтқыштың қызуы

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Қозғалтқышты сөндірместен және ол толық суығанша радиатордың қақпағын ашуға тырыспаңыз. Ыстық қозғалтқыштағы салқындатқыш сұйықтық қысымда болады. Егер қозғалтқыш әлі суымаған болса, онда радиатордың қақпағын алу кезінде Сіздің қайнаған салқындатқыш сұйықтықтың шашырауы салдарынан күйіп қалуыңыз мүмкін.

Қозғалтқыш қызған кезде Сіз сақтық шараларын ұстана отырып жолдың шетіне шығып, қауіпсіз жерде тоқтауыңыз керек.

■ Егер қозғалтқыш қақпағының астынан бу шығатын болса

- Қозғалтқышты сөндіріңіз және барлық жолаушылардың қозғалтқыш толық салқындағанға дейін автокөліктен шығуын қамтамасыз етіңіз.
- Мұндай жағдайларда біз SUBARU ресми дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

■ Егер қозғалтқыш қақпағының астынан бу шықпайтын болса

1. Қозғалтқыштың бос жүрісте жұмыс жасауын қамтамасыз етіңіз.
2. Мотор бөлігінің желдетілуін қамтамасыз ету үшін қақпағын ашыңыз. "Қозғалтқыштың қақпағы" бөлімін қараңыз ☞11-12. Радиатор желдеткішінің айналатынына көз жеткізіңіз. Егер радиатор желдеткіші айналмаса, дереу арада қозғалтқышты өшіріңіз және жөндеу жүргізу үшін SUBARU ресми дилеріне хабарласыңыз.
3. Салқындатқыш сұйықтықтың температурасының жоғары екендігін ескертетін жыпылықтаған немесе **ҚЫЗЫЛ** түспен жанған шам сөнгеннен кейін, қозғалтқышты сөндіріңіз. Ескерту шамдары туралы толық ақпарат алу үшін "Салқындатқыш сұйықтықтың температурасының төмендігін бақылау шамы/ Салқындатқыш сұйықтықтың температурасының жоғарылауын ескерту шамы" бөлімін қараңыз ☞3-23.
4. Қозғалтқыш толық салқындатылғаннан кейін күбідегі салқындату сұйықтығының мөлшерін тексеріңіз. Егер суытатын сұйықтық қозғалтқышының мөлшері "LOW" белгісінен төмен болса, салқындататын сұйықтықты "FULL" белгісіне дейін құйыңыз.


ЕСКЕРТПЕ

Салқындатқыш сұйықтықтың мөлшерін тексеру және салқындатқыш сұйықтықты толтыру тәртібі бойынша толығырақ ақпарат алу үшін "Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығы" бөлімін қараңыз ☞11-18.

5. Егер кеңейткіш күбі бос болса, оған салқындатқыш сұйықтықты құйыңыз. Содан кейін радиатор қақпағын алып, радиаторға салқындатқыш сұйықтықты толтырыңыз.
   Егер ыстық радиатордың қақпағын ашу керек болса, алдымен радиатордың қақпағын шүберекпен ораңыз, содан кейін ақырындап, үстінен баспай, сағат тілінің бағытына қарсы тірелгенше бұраңыз. Радиатордағы қысымды түсіріңіз. Радиатордағы қысым толығымен төмендетілгенде, радиатор қақпағын төмен қаратып алыңыз, бұл ретте қақпағын төмен қарай басып, босағанша бұрып алыңыз.

Сүйрету

Сіздің автокөлігіңізді тіркеп сүйреу қажеттілігі туындаған жағдайда, Сіз SUBARU дилеріне немесе автокөліктерді эвакуациялау жөніндегі коммерциялық қызметке жүгінуіңіз керек. Қауіпсіздік мақсатында келесі ұсыныстарды сақтаңыз.


900487

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Дөңгелектің бір жұбы (алдыңғы немесе артқы) жолдың үстіңгі бетінен көтерілген кезде, ал дөңгелектің екінші жұбы жолда сырғанаған кезде толық жетекті моделдерді сүйреуге тыйым салынады. Бұл білік арасындағы дифференциалдың іске қосылуы немесе зақымдануы нәтижесінде автокөліктің бір жаққа ығысуына алып келеді.

■ Сүйреу және бекіту ілгектері


Сүйреу ілгектерін тек шұғыл жағдайларда ғана пайдалану қажет.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ


Автокөлікті сүйреу немесе бекіту үшін осы мақсаттарға арналған ілгектерді ғана пайдаланыңыз. Ешқашан автокөлікті сүйреу немесе бекіту үшін аспа бөлшектерін немесе шанақ элементтерін пайдаланбаңыз.

Алдыңғы сүйрету ілгегі


1. Сүйреу ілгегін, бұрағышты және домкраттың иінсабын жүк бөлігінен алыңыз.


900976

2. Бамперді сызып тастамас үшін жалпақ бұрағыштың ұшын винил таспамен немесе матамен ораңыз. Тегіс бұрағышты бітеуіштің ойығына салыңыз да, бұрағышты иінсап ретінде пайдалана отырып бітеуішті алып тастаңыз.



3. Сүйреу ілгегін бұрандалы тесікке сүйреу ілгегіндегі ілгек бұрамасы толық енгенше бұраңыз.



4. Домкрат иінсабының көмегімен сүйрегіш ілгекті қатты тартыңыз. Тіркеп сүйреуден кейін автокөліктен тіркеп сүйреу ілгегін алып, оны сақтау орнына апарыңыз. Бамперге тіркеп сүйреу ілгегінің бітеуішін орнатыңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


- **Сіздің автокөлігіңізді сүйреуден басқа мақсат үшін сүйреу ілгегін пайдаланбаңыз.**
- **Тіркеп сүйреуден кейін сүйреу ілгегінің автокөліктен алынғанына көз жеткізіңіз. Егер автокөлікке орнатылған сүйреу ілгегі алынбай қалдырылса, бұл алдыңғы қақтығыс кезінде қауіпсіздік жастықтары жүйесінің қалыпты жұмысына кедергі келтіруі мүмкін.**

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ


Бампер мен тіркеп сүйреу ілгегінің деформациялануына жол бермеу мақсатында тіркеп сүйреу ілгегіне шамадан тыс көлденең күш түсірмеңіз.

Артқы сүйрету ілгегі


1. Сүйреу ілгегін, бұрағышты және домкраттың иінсабын жүк бөлігінен алыңыз.



2. Бұрағышты иінсап ретінде пайдалана отырып, артқы бамперден сүйреу ілгегін бұрандалы тесікке орнату үшін босатып алыңыз, оған сүйреу ілгегі бұралады.



3. Сүйреу ілгегін бұрандалы тесікке сүйреу ілгегіндегі ілгек бұрамасы толық енгенше бұраңыз.



4. Домкрат иінсабының көмегімен сүйрегіш ілгекті қатты тартыңыз. Тіркеп сүйреуден кейін автокөліктен тіркеп сүйреу ілгегін алып, оны сақтау орнына апарыңыз. Бамперге тіркеп сүйреу ілгегінің бітеуішін орнатыңыз.


⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Сіздің автокөлігіңізді сүйреуден басқа мақсат үшін сүйреу ілгегін пайдаланбаңыз.**
- **Тіркеп сүйреуден кейін сүйреу ілгегінің автокөліктен алынғанына көз жеткізіңіз. Егер сүйреу ілгегі автокөлікке орнатылған күйде қалдырылатын болса, оның артқы жақтан соққы болған кезде жанармай сорғысының айыру функциясының дұрыс жұмыс істеуіне кедергі келтіруі мүмкін.**
- **SRVD жүйесімен жабдықталған автокөліктерде тіркемені сүйреу алдында SRVD жүйесін өшіру керек. Тіркеме жүйенің радарының радиосигналдарын бұғаттайтын болады және SRVD жүйесінің дұрыс жұмыс істемеуіне әкеліп соқтырады.**

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ


Бампер мен тіркеп сүйреу ілгегінің деформациялануына жол бермеу мақсатында тіркеп сүйреу ілгегіне шамадан тыс көлденең күш түсірмеңіз.

Алдыңғы бекіту ілгектері



Алдыңғы бекіту ілгектері алдыңғы дөңгелектердің әрқайсысы мен алдыңғы бампер арасында орналасқан.

Артқы бекіту тесіктері



1) Артқы бекіту тесігі.


Артқы бекіткіш тесіктері әрбір домкрат салатын қатайтылған жердің жанында орналастырылған.

Әрбір артқы бекіту тесігінде бітеуіш бар. Артқы бекіту тесіктерін пайдалану үшін тығындарды алып тастаңыз. Артқы бекіту тесіктерін қолданғаннан кейін бітеуішті орнына бұраңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Артқы бекітпені тек қана автокөлікті сүйреу үшін арқанды төмен қарай созу арқылы бекіту үшін пайдаланыңыз. Егер оларды автокөлікті басқа бағыттарда бекіту үшін пайдаланатын болсаңыз, арқанның тесіктен сырғып кетуі салдарынан қауіпті жағдайдың туындауы мүмкін.

■ Автокөлікті платформалық эвакуаторда тасымалдау



Сіздің автокөлікті тасымалдаудың осы амалы ең қолайлысы болып табылады. Сіздің автокөлігіңіздің тасымалдануының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.


1. Селектор иінтірегін "P" қалпына келтіріңіз.
2. Автокөлікті тұрақтық тежегішке мұқият орнатыңыз.
3. Автокөлікті платформада бекіту тізбектерімен мұқият бекітіңіз. Барлық бекіту шынжырлары бірдей күшпен тартылуы тиіс.

Бекітпе шынжырларының тартылуы шамадан тыс болмауын және Сіздің автокөлігіңіздің жолтабанын азайтпауын қадағалаңыз.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Платформалы эвакуаторда автокөлікті тасымалдау шамдардың қалыптарының өзгеруіне әкелуі мүмкін. Мұндай жағдайда шамдарды орнату бұрышын тексеру үшін жақын жердегі SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

■ Автокөлікті жол үстінен дөңгелектерін көтермей сүйрету



1. Тұрақ тежегішінен автокөлікті алып тастаңыз және трансмиссияны бейтарап беріліске орнатыңыз.
2. Сүйрету кезінде оталдыру құлпы "ON" қалпында болуы тиіс.
3. Автокөліктің зақымдануын болдырмау үшін сүйрету арқанының салбырап тұрған жерін бірқалыпты тартыңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Оталдыру құлпының Сіздің автокөлігіңізді сүйрету барысында "LOCK"/ "OFF" күйіне ауысуына жол бермеңіз. Керісінше жағдайда рөл дөңгелегі және оның алдыңғы дөңгелектері бұғатталып қалуы мүмкін.**
- **Қозғалтқыш сөндірулі болғанда тежегіш жүйесінің үдеткіші мен рөлді басқару жүйесі жұмыс істемейтіндігін ескеріңіз. Тежегішті басу және қозғалтқышты өшіру кезінде рөлді басқару Сіздің әлдеқайда көп күш жұмсауыңызды талап етеді.**

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Сіздің автокөлігіңіздің трансмиссиясында ақаулықтар анықталған жағдайда оны тасымалдауды платформалық эвакуаторда жүзеге асыру қажет.**
- **Сүйрету жылдамдығы 30 ш./сағ., ал максималды сүйреу қашықтығы 50 ш. аспауы керек. Үлкен қашықтыққа немесе одан да жоғары жылдамдықпен Сіздің автокөлігіңізді сүйреу үшін платформалық эвакуаторды пайдалану қажет.**

Қашықтықтан басқару салпыншағы - қашықтықтан басқару салпыншағының жұмысындағы іркілістер кезіндегі әрекеттер

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ


Қашықтықтан басқару салпыншағы мен қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесі арасындағы жерде металл заттардың, магнит өрісін тудыратын көздердің және радиосигналдардың таратқыштарының болуына жол бермеңіз. Олар қашықтықтан басқару салпыншағына және қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесі арасындағы деректердің алмасуына кедергі жасауы мүмкін.

Төменде келтірілген функциялар қоршаған ортадағы күшті радиосигналдардың болуы немесе қашықтықтан басқару салпыншағының қуаттау элементінің қуатының азаюы себебінен жұмыс істемеуі мүмкін.

- Есіктерді ашу/ жабу, жүк арту бөлігінің есігін қоса алғанда.
- Электрлік қуаттауыш режимдерін ауыстырып қосу.
- Қозғалтқышты іске қосу

Егер бұл орын алса, келесі амалдарды орындаңыз. Егер қашықтықтан басқару салпыншағының қуаттау элементі отырған болса, оны жаңасына ауыстырыңыз. "Қашықтықтан басқару салпыншағының қуаттау элементін ауыстыру" бөлімін қараңыз ☞11-53.

■ Есіктерді ашу және жабу



1) Бекіткіш түймесі.
2) Механикалық кілт.


Қашықтықтан басқару салпыншағының бекіткішінің түймесін басып, механикалық кілтті алыңыз.
Механикалық кілттің көмегімен жүргізушінің есігін ашыңыз немесе жабыңыз, бұл әрекеттер ретін "Есікті іштен ашу және жабу" бөлімінен қараңыз ☞2-25.

ЕСКЕРТПЕ

Есіктерді жапқаннан немесе ашқаннан кейін міндетті түрде механикалық кілтті қашықтықтан басқару салпыншағына қайта салыңыз.

■ Электрмен қуаттау режимдерін ауыстырып қосу

1. Автокөлікті тұрақ тежегішіне орнатыңыз.
2. Селектор иінтірегін "P" қалпына келтіріңіз.
3. Тежегіш басқышын толық басыңыз.



4. Қашықтықтан басқару салпыншағын оның түймелері Сізге бағытталатындай етіп ұстап тұрып, оның қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймелерін басыңыз. Деректер алмасу процессі

қашықтықтан басқару салпыншағы мен автокөліктің арасында аяқталғанда дыбыстық сигнал ("динь") естіледі, ал қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесіндегі жұмыс режімінің индикаторы жасыл түспен жанады. Қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесінің қалпы қатарынан былайша өзгереді.

- Егер қозғалтқышты қашықтықтан іске қосу/тоқтату функциясы бар жүйесінің түймесі сөндірілген болса: "ACC"
- Басқа жағдайларда: "ON"


5. Егер қозғалтқышты қашықтықтан іске қосу/тоқтату функциясы бар жүйесінің түймесі сөндірілген болса тежегіштің басқышы босатулы болған кезде қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату түймесін басыңыз. Қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесінің қалпы "ON" өзгереді.

ЕСКЕРТПЕ

Егер электрлік қуаттау режімдерін ауыстырып қосу жоғарыда сипатталған амалдарды толық орындағаннан кейін орындалмаса, SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

■ Қозғалтқышты іске қосу

1. Автокөлікті тұрақ тежегішіне орнатыңыз.
2. Селектор иінтірегін "P" қалпына келтіріңіз.
3. Тежегіш басқышын толық басыңыз.




4. Қашықтықтан басқару салпыншағын оның түймелері Сізге бағыттаталатындай етіп ұстап тұрып, оның қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймелерін басыңыз. Деректер алмасу процесі қашықтықтан басқару салпыншағы мен автокөліктің арасында аяқталғанда дыбыстық сигнал ("динь") естіледі, ал қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесіндегі жұмыс режімінің индикаторы жасыл түспен жанады. Бір мезетте қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесі "ACC" немесе "ON" күйіне ауысады.
5. Қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесіндегі жұмыс режімінің индикаторы жасыл түспен жанғаннан кейін 5 секунд бойы тежегіштің басқышын басулы күйде ұстап тұрып қозғалтқышты іске қосу /тоқтату түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Егер қозғалтқыш жоғарыда сипатталған амалдарды толық орындағаннан кейін іске қосылмаған болса, SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

Жүк арту бөлігінің есігі - егер жүк арту бөлігінің есігі ашылмаса


Жүк арту бөлігінің есіктерін ашу мүмкін болмаған жағдайда, жүк арту бөлігін ашу түймесінің көмегімен Сіз оны жүк арту бөлігінің ішінен аша аласыз.




1. Жүк салу бөлігінің есігінің ортасындағы төменгі бөлігінде орналасқан технологиялық қақпақшаны тегіс бұрағыштың көмегімен алып тастаңыз.
2. Жүк арту бөлігінің есіктерінің ішкі әрлеу панелінің артындағы жүк арту бөлігінің есіктерін ашу иінтірегін тауып алыңыз.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Жүк арту бөлігінің есігін ашу иінсабын ешқашан саусақпен жылжытпаңыз, себебі бұл жарақаттануға әкеліп соқтыруы мүмкін. Міндетті түрде тегіс бұрағышты немесе оған ұқсас затты пайдаланыңыз.



Электр жетегі жоқ моделдердің жүк арту бөлігінің есіктері



Электр жетегі бар моделдердің жүк арту бөлігінің есіктері

3. Жүк арту бөлігінің есігін ашу үшін иінсапты тегіс бұрағыштың немесе басқа да ұқсас құралдың көмегімен оңға бұрыңыз.

■ Қос құлыптау жүйесі бар моделдер

ЕСКЕРТПЕ

Жүк бөлігінің есіктерін ашу иінтіректерін қос құлыптау жүйесі бар моделдерде айдап әкетуге қарсы арнайы жабық қақпақ қарастырылған. Жүк арту бөлігінің есігін ашатын иінсапқа қол жеткізу үшін айдап әкетуге қарсы арнайы қақпақты басы айқастырылған бұрағыштың көмегімен алып тастаңыз.

Егер Сіздің автокөлік апатқа ұшыраса

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Егер Сіздің автокөлігіңіз апатқа ұшыраса, қозғалтқышты іске қосар алдында міндетті түрде автокөлік астындағы жердің бетін тексеріңіз. Егер Сіз сол жерде жанармайдың ағу белгілерін тапсаңыз, қозғалтқышты іске қосуға тырыспаңыз. Жанармай жүйесі бүлінген және жөндеуді қажет етеді. Дереу арада жақын жердегі автокөліктік сервис орталығына жүгініңіз. Біз Сіздің SUBARU дилеріне хабарласуыңыздың керектігін ескертеміз.

Сіздің автокөлік жанармайдың сорғы жүйесімен жабдықталған. Егер автокөлік апат және т. б. нәтижесінде соққы алса, жанармай сорғысы жанармайдың ағуын минималды шамаға дейін азайту үшін жүйеге отын беруді тоқтатады. Алайда, соқтығысу кезінде соққы жағдайларына байланысты жанармай сорғысының жұмыс істемеуі мүмкін. Жүйені іске қосқаннан кейін қозғалтқышты іске қосу үшін мына амалдарды орындаңыз:

Түйменің көмегімен қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату функциясы қарастырылған қашықтықтан басқару жүйесі жоқ моделдер:

1. Оталдыру құлпын "LOCK"/"OFF" немесе "ACC" қалпына ауыстырыңыз.
2. Қозғалтқышты қайта іске қосыңыз.

Түйменің көмегімен қозғалтқышты іске қосу/тоқтату функциясы қарастырылған қашықтықтан басқару жүйесі бар моделдер:

1. Бір мезгілде қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату түймесі "ACC" немесе "ON" қалпына ауысады.
2. Қозғалтқышты қайта іске қосыңыз.

Автокөліктің сыртқы түріне күтім жасау

Автокөлік шанағына күтім жасау 10-2
- **Автокөлікті жуу 10-2**
- **Автокөлік шанағын балауызбен жылтырату және өңдеу.....10-4**
- **Жеңіл балқитын дискілерді тазалау.....10-4**

Коррозиядан қорғау.....10-5
- **Коррозияның ең жиі кездесетін себептері 10-5**
- **Коррозияның алдын алу шаралары 10-5**

Автокөліктің салонын тазалау 10-6
- **Орындықтардың мата қаптамасы.....10-6**
- **Орындықтардың былғары қаптамасы.....10-7**
- **Синтетикалық былғары қаптамасы.....10-7**
- **Климат-бақылау жүйесінің және аудиожүйенің басқару панелдерін , аспаптар панелін, орталық консолді, аспаптар комбинациясы панелін, әр түрлі ауыстырып-қосқыштардың орналасу орындарын тазалау, сондай-ақ басқа да пластмасса беттер мен ажыратқыштарды тазарту.....10-8**
- **Монитор (егер орнатылған болса) 10-8**

Автокөлік шанағына күтім жасау

■ Автокөлікті жуу

Сіздің автокөлігіңіздің мінсіз сыртқы келбетін сақтаудың ең жақсы тәсілі - оны жуу. Сіздің автокөлігіңіздің боялған бетіне жолдан шашырайтын балшық сіңіп кетпеуі үшін автокөлікті кемінде айына бір рет жуу керек.

Балшық ысқышпен және көп мөлшерлі жылы немесе суық сумен жуылады. Автокөлікті жуу кезінде ыстық суды пайдалануға жол берілмейді. Сонымен қатар, автокөлікті шақырайып түсіп тұрған күн астында жууға болмайды.

Тұздарды, химикаттарды, жабысқан жәндіктерді, гудронды, күйені, ағаш сөлі мен құс саңғырығын жұмсақ жуу құралдарын пайдалана отырып жуу керек. Жұмсақ жуу құралы бейтарап болуы керек. Күшті әсері бар сабынды немесе химиялық жуғыш заттарды қолдануға болмайды. Барлық жуу құралдарының автокөлік шанағының бетінде кеуіп қалуына жол бермей, тез жуу керек. Автокөлікті көп мөлшердегі жылы сумен шайып, жуыңыз. Су қалдықтарын күдерімен немесе жұмсақ матамен сүртіңіз. Астын жуу кезінде, қанаттарының ішкі бет терін және аспаларын тазарту барысында қолғап киіңіз және қолша ысатын. Щөткені пайдаланыңыз, бұл кірді оңай кетіреді

▼ Сақтық шаралары

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Автокөлікті жуу кезінде оның тежегіші сулануы мүмкін. Бұның нәтижесінде автокөліктің тежелу жолы артады. Тежегішті кептіру үшін, тежегішті қыздыру мақсатында тежегіштің басқышын аздап басу арқылы қауіпсіз жылдамдықпен біраз жүріңіз.**
- **Моторлы бөлікті және оған жапсарлас жерлерді жууды жүзеге асырмаңыз. Егер су қозғалтқыштың ауа жинағышына немесе электрлік бөлшектеріне кіретін болса, бұл қозғалтқыштың немесе рөлдік басқару үдеткішінің ақаулығын тудырады.**
- **Қанаттарының ішкі жақтарын, астын, бамперлерін және шығыңқы элементтердің ішкі беттерін жуу кезінде шығару құбырлар мен олардың өткір жиектері сияқты шығып тұратын бөлшектеріне тигенде жарақат алмау үшін сақ болыңыз.**
- **Блок-шамдардың қақпағын жуу кезінде органикалық еріткіштерді пайдаланбаңыз. Алайда, құрамында органикалық еріткіш болатын жуғыш зат қалайда тазарту үшін қолданылған болса, жуу құралының қалдықтарын сумен жуыңыз. Әйтпесе, беттің зақымдануы мүмкін.**
- **Жаңбыр қадағасымен жабдықталған моделдер: автокөлікті жуу кезінде әйнек тазартқышты сөндіріңіз. Егер шыны тазартқыштың ауыстырып-қосқышы "AUTO" қалпына орнатылса, онда автокөлікті жуу кезінде шыны тазартқыштың кенеттен қосылып кетуі мүмкін және жарақат келтіруі ықтимал.**

- **Сіздің автокөлігіңіз артқы шынының әйнек тазартқышымен жабдықталуына байланысты, автокөліктің автоматты жуу щөткесінің оған оралып, айналасында шатасуы мүмкін, бұл әйнек тазартқыштың иінтірегін және басқа да бөлшектердің зақымдануына әкеліп соқтыруы мүмкін. Автоматты жуғыш операторынан щөткелер артқы шынының әйнек тазартқыштың иінтірегіне тимеуін қамтамасыз ететін режімін қалыптастыруын сұраңыз немесе жууды бастамас бұрын жабысқақ таспаның көмегімен артқы шыныға әйнек тазартқыштың иінтірегін бекітіңіз.**

ЕСКЕРТПЕ

Егер Сіз автокөлікті автоматты жуу қызметтерін пайдаланғыңыз келсе:

- **Алдын ала оның Сіздің автокөлігіңіз үшін қолайлы екендігіне көз жеткізіңіз.**
- **Жаңбыр қадағасымен жабдықталған автокөлікті жуу кезінде әйнек тазартқыштың сөндірілгеніне көз жеткізіңіз. Егер әйнек тазартқыштың ауыстырып қосқышы "AUTO" күйіне орнатылса, онда автокөлікті жуу кезінде әйнек тазартқыш кенеттен қосылуы мүмкін және оның щөткелерінің сынып қалуы ықтимал.**

▼ Автокөліктің астын жуу

Жолға қататын мұзды кетіру үшін қолданылатын химиялық заттардың, тұздар мен қиыршық тастардың коррозиялық қасиеттері жоғары, олар автокөліктің астында орналасқан шығару құбыры, жанармай және тежегіш магистраль, тежегіш тростары, шанақтың асты, қанаттар және аспа элементтері сияқты тораптардың коррозиясын жылдамдатады.
Бұл заттардың зиянды әсерін азайту үшін автокөліктің түбі ,асты мен дөңгелектерінің қуысын жылы немесе суық сумен жиі және мұқият жуып отыру керек.

Сіздің автокөлігіңіздің түбінде орналасқан тораптарға балшықтың және құмның жабысуы олардың коррозиясын тездетуі мүмкін. Сіздің автокөлігіңіздің түбінен құмды, жолсыз жағдайда немесе лас жолмен жүргеннен кейін қататын батпақты және сазды жуыңыз.
Автокөліктің астын және аспа элементтерін мұқият жуыңыз, өйткені оларға саз бен құм жиі қатады. Қатып қалған балшықты кетіру үшін үшкір заттарды пайдаланбаңыз.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Аспа элементтерін жуу барысында тежегіш құбыршектерін, қадаға сымдарының бұрамаларын және басқа да бөлшектерін зақымдап алмас үшін аса сақ болыңыз.**
- **Су ағысы қозғалтқыштың төменгі бөлігіне ұзақ уақыт бойы әсер етпеуі керек. Бұл кейбір электрлік бөлшектердің зақымдануына әкеліп**

▼ Жылы су беретін автокөлікті жууға арналған құрылғыны пайдаланыңыз

- Жуу кезінде құбыршектің ұшы автокөліктен кемінде 30 см қашықтықта болуы тиіс.
- Бір орынды ұзақ уақыт бойы жууға жол бермеңіз.
- Егер дақ су ағысымен жуылмаса, оны қолмен шайыңыз. Кейбір құрылғыларда автокөліктерді жууға арналған су ағысы қатты қысыммен беріледі және ол өте жоғары температурада болады. Оның полимер материалдардан жасалған бөлшектерді (мысалы, молдингтерді) зақымдауы немесе деформациялауы мүмкін.

- ЖАЛҒАСЫ –

■ Автокөлік шанағын балауызбен жылтырату және өңдеу

Сіздің автокөлігіңіздің шанағын жылтырату және өңдеу алдында оны мұқият жуу және кептіру қажет.
Тек жоғары сапалы жылтыратқыштар мен балауыз құрамдарын пайдаланыңыз, бұл ретте дайындаушының нұсқаулықтарын ескеріңіз. Автокөліктің боялған беттері суық болған жағдайда ғана жылтыратқыш және балауыз жағыңыз.

Сіздің автокөлігіңіздің боялған беттерін ғана емес, хромдалған әрлеу бөлшектерін де балауызбен жылтырату және өңдеу керек. Балауызсыз автокөліктің боялған беттері түсін жоғалтады, алғашқы жылтырлығын жоғалтады, ал бояу тез тозуға ұшырайды. Балауыз құрамының қабатын кемінде айына бір рет жағу ұсынылады немесе бетінен судың сырғуы тоқтаған жағдайда жағу керек.

Егер бояу оның жылтырлығы мен реңін қалпына келтірмейтін болса, бетін аса ұсақ түйіршікті жылтыратқыш құраммен өңдеңіз. Тек түсі кеткен жерді жылтыратумен шектелмеңіз, оның маңайын да жылтыратыңыз. Жылтырату міндетті түрде бір бағыттағы қозғалыстармен ғана жүзеге асырылуы тиіс. Жылтырату кезінде №2000 түйіршіктілігі бар құрамды пайдалану ұсынылады. Ірі түйіршікті жылтырату құрамын пайдалануға жол бермеңіз. Ірі түйіршікті тегістеу құрамдарының түйіршіктілігі аз және лак-бояу жабынын зақымдауы мүмкін. Түсі кеткен жердің бастапқы жылтырлығын қалпына келтіру үшін жылтырату құрамының көмегімен түсі кеткен жерлерді жылтыратқаннан кейін оларға балауыз құрамының қабатын жағу керек. Жылтырату құрамын жиі қолдану, сондай - ақ жылтырату процесінің технологиясын бұзу лак - бояулы жабынның қабатының өшірілуге және күңгірттелген қабаттың пайда болуына әкеп соқтыратынын есте сақтаған жөн. Егер Сізде осы мәселелер бойынша қандай да бір күмән пайда болса, біз Сіздің SUBARU дилеріне немесе автокөлік бояулары бойынша маманға хабарласуыңыздың керектігін меңзейміз.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Құрамында органикалық заттар бар ешқандай құралдарды блок-шам қақпағының бетінде пайдаланбаңыз. Алайда, егер құрамында органикалық еріткіші бар жылтыратқыш немесе балауыз құрамы қақпақтың бетіне жағылып қойса, жылтыратқышты немесе балауыз құрамын сумен жуыңыз. Керісінше жағдайда қақпақтың беті зақымдалуы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

Сіздің автокөлігіңіздің шанағына балауыз құрамын жағу барысында жел әйнегі жуғыштың бүрік-кіштерінің бітеліп қалмайтындығын тексеріңіз.

■ Жеңіл балқитын дискілерді тазалау

- Оңай балқытылатын қорытпа дөңгелек дискілерінен жолды тазарту үшін қолданылатын химиялық заттарды немесе қатып қалған сазды жиі тазартып отырыңыз. Егер мұндай кірді ұзақ уақыт бойы тазартпаса, оны тазалау қиын болады.

- Дискілерді тазалау үшін абразивті заттарды ұстап тұратын тазалау құралдарын пайдалануға жол бермеңіз. Тазалауды бейтарап тазалағыш құралмен жүргізіңіз, содан кейін оны сумен мұқият шайыңыз. Дискілерін тазалау үшін қатты щөткені пайдаланбаңыз. Дискілерді үлкен жылдамдықпен айналатын автокөлік жуу щөткелерімен тазалауға жол бермеңіз.
- Егер оған теңіз суы шашыраған болса, сондай - ақ теңіз жағдайында немесе жолдармен, тұзбен немесе басқа да химиялық реагенттермен өңделсе, барлық автокөлікті (жеңіл қорытпа дискілерді қоса алғанда) сумен жуыңыз.

Коррозиядан қорғау

Сіздің автокөлігіңіздің конструкциясы мен дайындау технологиясы оның жоғары коррозиялық беріктігін қамтамасыз етеді. Автокөлік бөлшектерінің көпшілігі арнайы материалдардан жасалған, немесе автокөліктің тамаша сыртқы түрін ғана емес, оның беріктігін, сондай - ақ пайдаланудағы мықтылығын қамтамасыз ететін арнайы қалқанша жабындары бар.

■ Коррозияның ең жиі кездесетін себептері

Коррозияның ең жиі кездесетін себептері мыналар болып табылады.

1. Шанақтың бөліктеріндегі, сондай - ақ жеке қуыстар мен басқа да жерлерінде кір және басқа да бөтен заттар арқылы ылғалдың жиналуы.
2. Лак - бояу қалдықтары, сондай - ақ ұсақ тастармен және гравиймен немесе аздаған апаттар нәтижесінде басқа да қорғаныш қабаттарының зақымдануы.

Коррозияны жылдамдататын факторлар мыналар болып табылады.

1. Автокөліктің шанағына жолды тазарту үшін себілетін тұздың немесе шаңға қарсы қолданылатын химиялық реагенттердің әсері;
   ауасында әр түрлі тұз болатын, сондай-ақ елеулі өндірістік шығарындылары бар аудандарда автокөлікті пайдалану.
2. Ылғалдылығы жоғары аудандарда, судың қату температурасынан сәл жоғары температураларда көліктерді пайдалану.
3. Автокөліктің кейбір тораптарында ылғалдың ұзақ уақыт бойы сақталуы, тіпті автокөліктің басқа тораптары құрғағаннан кейін де.
4. Автокөліктің кейбір бөліктеріндегі желдетілудің нашарлығы және температураның жоғарылығы, олар ылғалдың жылдам кетуіне кедергі жасайды.

■ Коррозияның алдын алу шаралары

Автокөлік шанағының, сондай - ақ оның аспа элементтерінің коррозиясын болдырмау үшін автокөлікті үнемі жуу керек. Сонымен қатар, жол жүргеннен кейін көлікті жуу керек:

- қысқы уақытта мұз қатудың алдын алу үшін тұз себілген жолдармен жүрген болса;
- балшық, құм немесе қиыршық таспен жүрген болса;
- жағалау маңындағы жолдармен жүрсе.

- ЖАЛҒАСЫ –

Қыстан кейін автокөліктің астын мұқият жуу ұсынылады.

Қыс басталар алдында автокөліктің астында орналасқан тораптардың күйін тексеріп алу керек, мысалы, тежегіш магистраль, тежегіш жүйесінің арқандары, аспа элементтері, қолша басқару элементтері, шанақ түбі және қанаттар сияқты тораптар. Осы тораптардың ең болмағанда біреуінде датты анықтаған кезде, оны тотығуға қарсы өңдеу талаптарына сай тазарту немесе алмастыру керек. Егер Сізге осындай жұмыстарды жүргізуге көмек қажет болса, Сіздің SUBARU дилеріне хабарласқаныңыз жөн.

Лак-боялған беттерінде сызаттар мен сырылған жерлер табылған кезде оларды дереу арада жою қажет.

Автокөліктің салонында еден төсеніштерінің астына су немесе балшық жиналмағанын тексеріңіз. Бұл да коррозияға себеп болуы мүмкін. Еден төсеніштерінің астында су мен кірдің жоқтығына көз жеткізу үшін осындай тексерулерді үнемі қайталап отырыңыз.

Көлікжайдың құрғақ болуын қадағалаңыз Сіздің автокөлігіңізді нашар желдетілетін көлікжайда сақтамаған дұрыс. Мұндай көлікжайдағы жоғары ылғалдылық коррозияға қолайлы жағдай жасайды. Сонымен қатар, егер Сіз көлікжайда автокөлікті жууды жүзеге асырсаңыз, сондай - ақ көлікжайға кірер алдында автокөлікті қардан немесе судан тазаламасаңыз ылғалдылық артатын болады.

Сіздің автокөлігіңізді суық ауа райында және/немесе жолдар тұзбен немесе басқа да коррозиялық материалмен өңделетін аудандарда пайдаланған кезде, үнемі оның есіктерінің ілгектері мен құлыптарын тексеріп, қозғалтқыш қақпағының құлпын майлап отыру керек.

Климат-бақылау жүйесін басқару панелін, аудиожүйені, аспаптар панелін, орталық консолді, аспаптар комбинациясы панелін және әртүрлі ауыстырып - қосқыштар мен кілттегіштерді бекіту орындарын тазалау үшін жұмсақ дымқыл матаны пайдаланыңыз. (Осы мақсаттар үшін органикалық еріткіштерді пайдалануға жол бермеңіз.)

Автокөліктің салонын тазалау

■ Орындықтардың мата қаптамасы

Шаңсорғыштың көмегімен шаң, кір және ұсақ қоқыстарды алып тастаңыз. Егер кір қатып
қалса және шаңсорғышпен тазартылмаса, оны жою үшін жұмсақ щөткені қолданыңыз, содан кейін орындықты шаңсорғышпен тазартыңыз. Мата қаптамасын дымқыл шүберекпен мұқият сүртіңіз, содан кейін орындықтарды мұқият құрғатыңыз. Егер барлық кірді тазарту Сіздің қолыңыздан келмесе, жылы әлсіз сабын ерітіндісін пайдаланып, орындықтың қаптамасын екінші рет сүртіңіз. Осыдан кейін орындықты мұқият құрғатыңыз.
Егер осыдан кейін де орындықта кір қалатын болса, сатуда бар матаға арналған тазалау құралдарын пайдаланыңыз. Алдымен тазарту құралын орындық қаптамасының көрінбейтін жеріне ғана пайдаланып көріңіз, бұл құралдың матаны бұлдірмейтіндігіне көз жеткізіңіз. Тазалағыш

құралды оны қолдану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес пайдалану керек.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Орындықтарды тазалау үшін бензинді, ерітінділерді және басқа да ұқсас заттарды пайдаланбаңыз. Бұл үстіңгі қабаттың зақымдануына және түссізденуге әкелуі мүмкін.

■ Орындықтардың былғары қаптамасы

SUBARU орындықтарды әзірлеу үшін жоғары сапалы және
табиғи теріні пайдаланады. Дұрыс күтім жасалатын болса оның өзіне тән сыртқы көрінісі сақталады және көптеген жылдар бойы жағымды болып қала береді.
Сонымен қатар, егер былғары бетінде шаң мен кір жинақталса, ол жұмсақтығын жоғалтады және уақытынан бұрын тозады. Тері бетін жұмсақ және ылғалды табиғи матамен ай сайын жібітіп сүртіп алыңыз, терінің сулануына және тігіс арқылы орындықтың ішіне судың енуіне жол бермеңіз.
Қиын кетірілетін дақтарды жою үшін жұмсақ жуу құралдарын қолдануға болады, содан кейін қалпына келтіру үшін
тері бетін жұмсақ құрғақ матамен жылтыраганша сүрту керек. Егер Сіздің автокөлігіңіз ұзақ мерзім бойы тұратын болса және тік түсетін күн сәулесі астында тұрса, онда бояуының кетіп қалмауы үшін және терінің құрап қалмауын болдырмау үшін терезелерді жабу немесе орындықтар мен жастықшаларын жабу ұсынылады. Терінің аздаған зақымдануы мен қажалған жерлерін сатылымда бар өңдеуге арналған лакпен өңдеуге болады. Біраз уақыттан кейін Сіз теріде табиғи теріге тән жұмсақ қатпарлар мен қыртыстардың пайда болғанын аңғарасыз.

■ Синтетикалық былғары қаптамасы

Сіздің автокөлігіңіздің салонының
синтетикалық былғары қаптамасын
тазарту
әлсіз сабын ерітіндісінің көмегімен
немесе
жуғыш құралмен жүзеге асырылады, мұндай беттерді аталған құралдармен тазарту алдында шаңсорғышпен немесе щеткемен тазартып алған жөн. Жуу ерітіндісін жағып, бірнеше минут күтіңіз. Содан кейін жуу құралын таза дымқыл шүберекпен сүртіп тастаңыз. Қажет болса, Сіз сатылымда бар тазалағышты пайдалана аласыз, егер
олар синтетикалық былғары бұйымдарға арналған құралдар болса.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Ешқашан автокөлік салонын қаптауда пайдаланылатын теріні немесе синтетикалық материалдарды тазалау үшін күшті әсері бар тазалағыш құралдарды (еріткіштер, таратқыштар, әйнектерді жууға арналған сұйықтықтар немесе бензин) пайдаланбаңыз. Бұл үстіңгі қабаттың зақымдануына және түссізденуге әкелуі мүмкін.

■ Климат-бақылау жүйесінің және аудиожүйенің басқару панелдерін, аспаптар панелін, орталық консолді, аспаптар комбинациясы панелін, әртүрлі ауыстырып-қосқыштардың орналасу орындарын тазалау, сондай-ақ басқа да пластмасса беттер мен ажыратқыштарды тазарту

Климат-бақылау жүйесінің және аудиожүйенің басқару панелдерін, аспаптар панелін, орталық консолді, аспаптар комбинациясы панелін, әртүрлі ауыстырып-қосқыштардың орналасу орындарын тазалау үшін жұмсақ ылғалды шүберекті пайдаланыңыз.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Мұндай ерітінділері бар ешқандай органикалық еріткіштерді (бояуларды, бензинді сұйылтқышты) немесе қатты әсер ететін тазалағыш заттарды пайдаланбаңыз. Бұл беттің зақымдануына және түссізденуіне әкеліп соқтырады.**
- **Құрамында силиконы бар химиялық заттарды автокөліктің аудиожүйесіне, ауа салқындатқышының электрлік бөлшектеріне немесе кез келген ауыстырып қосқыштарға қолданбаңыз. Бұл бөлшектерге силикон құйылса, электрлік бөлшектердің зақымдануы мүмкін.**

■ Монитор (егер орнатылған болса)

Аудиожүйе мониторын/ навигация жүйесін / көпфункциялы дисплейді тазарту үшін оны силикон немесе қарапайым жұмсақ шүберекпен сүртіңіз. Монитор қатты ластанған жағдайда, оны бейтарап жуу құралының ерітіндісіне малынған матамен сүртіңіз, содан кейін монитордан жуу құралының қалдықтарын мұқият кетіріңіз.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Бейтарап жуу құралын мониторға тікелей бүрікпеңіз. Керісінше жағдайда бұл монитор бөлшектерінің зақымдануына әкелуі мүмкін.**
- **Мониторды қатты матамен сүртпеңіз. Әйтпесе, бұл монитордың бетінің сызаттанып қалуына әкеліп соқтыратын болады.**
- **Құрамында еритін, бензин немесе қандай да бір ұшатын заттар бар тазалағыш сұйықтықтарды пайдаланбаңыз. Мұндай тазалау сұйықтықтар монитордың төменгі бөлігінде орналасқан ауыстырып - қосқыш жазбаларын өшіріп тастауы мүмкін.**

Техникалық қызмет көрсету кестесі.....11-3
Техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыс жүргізу кезіндегі сақтық шаралары.....11-7
Мотор бөлігінде тексеру немесе техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды жүргізу алдында 11-8
Мотор бөлігінде тексеру немесе техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды жүргізу барысында 11-8
Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда мотор бөлігінде тексеру немесе техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды жүргізу 11-9
Техникалық қызмет көрсету бойынша кеңестер 11-10
Бөлшектерді ауыстыру 11-10
Бекіткіштерді алу және орнату 11-10
Қозғалтқыш қақпағы 11-12
Мотор бөлігінің компоненттеріне жалпы шолу 11-13
Мотор майы.....11-14
Мотор майының жұмсалуы 11-14
Май деңгейін тексеру 11-14
Май және май сүзгісін ауыстыру 11-16
Ұсынылған май санаты және тұтқырлығы 11-16
Синтетикалық май.....11-16
Салқындату жүйесі.....11-17
Радиатордың, келте құбырлардың және қосылыстардың желдеткіші.....11-17
Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығы 11-18
Ауа сүзгісінің сүзгіш элементі 11-20
Ауа сүзгісінің сүзгіш элементін ауыстыру 11-20
Оталдыру шамдары 11-21
Жетек белдігі..... 11-22
Сатысыз трансмиссияға арналған сұйықтық 11-22
Алдыңғы дифференциалға арналған май және артқы дифференциалға арналған май .. 11-22
Ұсынылған май санаты және тұтқырлығы 11-22
Тежегіш сұйықтығы 11-23
Сұйықтық деңгейін тексеру 11-23
Ұсынылатын тежегіш сұйықтығы.....11-24
Тежегіш жүйесінің үдеткіші 11-24
Тежегіш басқышы 11-24
Тежегіш қалыптарын ауыстыру..... 11-25
Жаңа тежегіш қалыптарын ысқылау (электрлік тұрақтық тежегіш жүйесі бар моделдер) 11-25
Шиналар мен дискілер 11-26
Шиналардың түрлері 11-26
Шинадағы ауа қысымының мониторинг жүйесі (TPMS) (егер орнатылған болса) 11-26
Шиналардың күйін тексеру.....11-28
Шинадағы қысым және шиналардың тозуы 11-28
Дөңгелектерді теңдестіру 11-30

Тозу индикаторлары 11-31
Шиналардың айналу бағыты..... 11-32
Шиналардың орнын ауыстыру 11-32
Шиналарды ауыстыру 11-33
Дискілерді ауыстыру 11-34
Алюминий қорытпасынан жасалған дискілер (егер орнатылған болса).....11-34
Шыны жуатын сұйықтық.....11-35
Шыны жуғыш сұйықтықты толтырып құю 11-35
Шыны жуғыш сұйықтық 11-36
Шыны тазартқыштың щөткелерін ауыстыру.11-37
Жел әйнегінің жинағындағы шыны тазартқыштың щөткесі……11-37
Шыны тазартқыш щөткесінің резеңке таспасы 11-38
Артқы шыны тазартқыштың щөткесі 11-39
Артқы шыны әйнегін тазартқыш щөткесінің резеңке таспасы……..11-39
Аккумуляторлық батарея 11-41
Аккумуляторлық батареяны пайдалану барысындағы сақтық шаралары! 11-41
Сақтандырғыштар.....11-43
Қосымша жабдықты орнату.....11-45
Шамдарды ауыстыру 11-45
Шамдар 11-46
Бұрылыс көрсеткішінің алдыңғы шамы 11-46
Алдыңғы габариттік жарықшам (егер қарастырылған болса) 11-47
Тұманға қарсы шамдар (егер орнатылған болса)/ Күндізгі жүріс жарығы (егер орнатылған болса)..... 11-47
Бұрылыс көрсеткішінің артқы шамы 11-47
Артқы жүріс жарықшамы..... 11-49
Нөмірлік белгіге жарық түсіретін жарықшам 11-50
Күннен қорғайтын күңқағарда орналастырылған айна жарығының плафоны.....11-51
Ашық қалған есікті білдіретін сигнал жарықшамы11-51
Салонды жарықтандыру плафоны және жүк арту бөлігін жарықтандыру плафоны 11-51
Басқа да шамдар 11-51
Қуат элементін ауыстыру 11-52
Сақтық шаралары 11-52
Қашықтықтан басқару салпыншағының қуат элементін ауыстыру…….....11-53
Қашықтан басқару таратқышының қуат элементін ауыстыру.....11-55

Техникалық қызмет көрсету кестесі

Сіздің автокөлігіңізді үнемі жұмысқа жарамды жағдайда ұстау және оңтайлы пайдалану сапасын қамтамасыз ету үшін Сіздің автокөлігіңізге техникалық қызмет көрсету бойынша ұсынылатын жұмыс тізбесі техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес жүргізілуі тиіс.

ЕСКЕРТПЕ

- **Төменде техникалық күйін тексеру және техникалық қызмет көрсету бойынша кестеде көзделген жұмыстарды жүргізудің МИНИМАЛДЫ ЖИІЛІГІ көрсетілген. Дегенмен, жол жағдайына, ауа райына, атмосфералық жағдайларға және Сіздің автокөлігіңізді пайдалану ерекшеліктеріне байланысты осы жұмыстарды жиі жүргізу қажеттілігінің туындауы мүмкін. Әртүрлі елдерде бұл шарттар әртүрлі болуы мүмкін. Сондықтан Сіздің еліңізде автокөлікті пайдалану шарттары техникалық қызмет көрсетудің базалық кестесін өзгерту қажеттілігін тудыруы мүмкін. Біз Сізге жақын жердегі SUBARU ресми дилерінен Сіздің автокөлігіңіздің соңғы ұсынылған техникалық қызмет көрсету кестесін алуды ұсынамыз.**
- **Көпфункциялы дисплейі бар моделдерде жоспарланған техникалық қызмет көрсету жақындағанда көрсетілетін еске салғышты орнатуға болады. Толық ақпарат алу үшін "Техникалық қызмет көрсету баптаулары" бөлімін қараңыз ☞3-87.**

120 000 ш. астам жүргеннен кейін немесе автокөлікті пайдаланудың 96 айы өткеннен кейін автокөлікке техникалық қызмет көрсету техникалық қызмет көрсету кестесінің үшінші бағанасынан бастап, бұрынғы кезеңділікпен жүзеге асырылады. Бұл ретте жүрілген жолдың немесе автокөлікті пайдалану уақытының көрсеткіштеріне кестенің жоғарғы бөлігінде тиісінше 120 000 ш. немесе 96 ай қосылады.

Қолданылатын таңбалар:

R: Ауыстыру.
I: Тексеру, содан кейін қажет болған жағдайда реттеу, жөндеу немесе ауыстыру.
P: Орындау.
(I): Автокөлікті қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету үшін қызмет көрсету ұсынылады.

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МӘНІСІ		ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МЕРЗІМДІЛІГІ (Пайдалану мерзімі, аймен, немесе автокөлік жүрген жол, шақырыммен, қайсысы бұрын орын алса)								ЕСКЕРТУЛЕР
	Айлар	12	24	36	48	60	72	84	96	
	× 1 000 ш.	15	30	45	60	75	90	105	120	
1	Мотор майы	**R**	**R**	**R**	**R**	**R**	**R**	**R**	**R**	Қар. ЕСКЕРТПЕ 1)
2	Май сүзгісі	**R**	**R**	**R**	**R**	**R**	**R**	**R**	**R**	Қар. ЕСКЕРТПЕ 1)
3	Жетек белдігі	**I**	**I**	**I**	**I**	**I**	**I**	**I**	**I**	
4	Салқындату жүйесі, құбыршектер мен қосылыстар		**I**		**I**		**I**		**I**	
5	Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығын ауыстыру ("SUBARU Super Coolant" салқындатқыш сұйықтығы немесе оның баламасы)	1-ауыстыру: **132 ай (11 жыл) / 220 000 ш.** 2- және кейінгі ауыстыру: **72 ай (6 жыл) / 120 000 ш.**								
6	Жанармай жүйесі, жанармай құбырлары және қосылыстар		**I**		**I**		**I**		**I**	Қар. ЕСКЕРТПЕ 2)
7	Жанармай сүзгісі						**R**			Әрбір 90 000 ш. сайын ауыстырыңыз
8	Ауа сүзгісінің сүзгіш элементі	**I**	**I**	**R**	**I**	**I**	**R**	**I**	**I**	Әрбір 45 000 ш. сайын ауыстырыңыз
9	Оталдыру шамдары							**R**		Ауыстыру әрбір 105 000 ш. сайын
10	Дифференциалға арналған май (алдыңғы және артқы) (трансмиссиялық май)		**I**		**R**		**I**		**R**	Қар. ЕСКЕРТПЕ 3)
11	Сатысыз трансмиссияға арналған сұйықтық		**I**		**I**		**I**		**I**	Қар. ЕСКЕРТПЕ 4)
12	Тежегіш сұйықтығы		**R**		**R**		**R**		**R**	Қар. ЕСКЕРТПЕ 5)
13	Дискілі тежегіштердің дискілері мен қалыптары / алдыңғы және артқы жартылай біліктердің тозаңдатқыштары мен топсалары	**I**	**I**	**I**	**I**	**I**	**I**	**I**	**I**	Қар. ЕСКЕРТПЕ 2)
14	Тежегіш қалыптары мен барабан тежегіштерінің барабандары (тежегіш қалыптарын және тұрақтық тежегіш барабандарын қоса алғанда)		**I**		**I**		**I**		**I**	Қар. ЕСКЕРТПЕ 2)

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МӘНІСІ		ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МЕРЗІМДІЛІГІ (Пайдалану мерзімі, аймен, немесе автокөлік жүрген жол, шақырыммен, қайсысы бұрын орын алса)								ЕСКЕРТУЛЕР
		Айлар	12	24	36	48	60	72	84	96	
		× 1 000 ш.	15	30	45	60	75	90	105	120	
15	Тежегіш магистраль, тұрақ және жұмыс тежегіш жүйесінің жұмысын тексеру			**P**		**P**		**P**		**P**	Қар. ЕСКЕРТПЕ 2)
16	Рөлдік басқару және аспа жүйесі			**I**		**I**		**I**		**I**	Қар. ЕСКЕРТПЕ 2)
17	Алдыңғы және артқы дөңгелектердің мойынтіректері									**(I):**	
18	Климат-бақылау жүйесіне арналған салонның ауа сүзгісі (ТМД елдері мен Израиль еліне арналған үлгілерді санамағанда)		**I**	**R**	**I**	**R**	**I**	**R**	**I**	**R**	Қар. ЕСКЕРТПЕ 6)
19	Климат-бақылау жүйесіне арналған салонның ауа сүзгісі (ТМД елдері мен Израиль еліне арналған моделдер үшін)		Әрбір 12 ай сайын немесе 12 000 ш. жүріс сайын ауыстырыңыз — қайсысы бұрын орын алса, соған байланысты								Қар. ЕСКЕРТПЕ 6)

ЕСКЕРТПЕ

1) Егер автокөлік төменде келтірілген мысалдарда* сипатталған қиын жағдайларда пайдаланылса, онда мотор майы мен май сүзгісін ауыстыруды жиі жүргізу керек.

2) Егер автокөлік төменде келтірілген мысалдарда* сипатталған қиын жағдайларда пайдаланылса, онда тексеру әрбір 15 000 ш. жүріс сайын немесе автокөлікті пайдаланудың 12 айы сайын жүргізіледі, қайсысының бұрын басталғанына байланысты.

3) Автокөлікті қиын жағдайларда жиі пайдалану кезінде, мысалы, тіркемені жиі тіркеп сүйреу кезінде алдыңғы және артқы дифференциал үшін майды ауыстыру жиі жүргізілуі тиіс.

4) Егер автокөлік төменде келтірілген мысалдарда* сипатталған қиын жағдайларда пайдаланылса, онда сатылы трансмиссияға арналған сұйықтықты ауыстыруды әрбір 45 000 ш. сайын жүргізу керек.

5) Автокөлікті төменде сипатталып отырған жағдайларда пайдалану кезінде тежегіш сұйықтығын ауыстыруды әр 15 000 ш. жүріс сайын немесе автокөлікті пайдаланудың әр 12 айы сайын жүргізіңіз, қайсысының бұрын басталғанына байланысты.

(1) Ылғалдылығы жоғары аудандар.

(2) Таулы аудандар.

3) Егер автокөлік төменде келтірілген мысалдарда* сипатталған қиын жағдайларда пайдаланылса, онда ауа сүзгішінің сүзгіш элементін және ауаны кондиционерлеу жүйесінің сүзгіш элементін ауыстыруды жиі жүргізу керек.

* Пайдаланудың қиын жағдайларының мысалдары:

(1) Өте төмен температурада пайдалану (тек 1, 2 және 17- тармақтар).

(2) Тіркемені сүйрету (тек 1, 2, 10, 11, 12, 13 және 15-тармақтар).

(3) Қысқа қашықтыққа жиі жүру (тек 1, 2, 13 және 14-тармақтар).

(4) Шаңды жолдарымен жүру (тек 8, 13, 14, 17 және 19-тармақтар).

(5) Шоқалақ және / немесе лас жолдармен жүру (тек 12, 13, 14, 17 және 19-тармақтар).

(6) Жолдары жолға себуге арналған тұзбен немесе коррозия тудыратын басқа да заттармен өңделетін жерлерде жүру (тек 6, 12, 13, 14, 15 және 17-тармақтар).

(7) Жағалаудағы аудандарда автокөлікті пайдалану (тек 6, 13, 14, 15 және 17-тармақтар).

Техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыс жүргізу кезіндегі сақтық шаралары

Техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды жүргізу қажет болған жағдайда, біз Сізге осындай жұмыстарды SUBARU ресми дилерінде орындағаныңыздың дұрыс екендігін ескертеміз.

Техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды өз бетінше жүргізер алдында Сіз осы тарауда көрсетілген Сіздің автокөлігіңізге техникалық қызмет көрсету бойынша жалпы жұмыстарды жүргізу тәртібі жөніндегі ақпаратпен мұқият танысып алуыңыз керек.

Автокөлікке қызмет көрсету жөніндегі операцияларды қате орындау немесе толық орындамау автокөлік жүйесінің нашар жұмыс істеуіне әкеліп соғады және оны пайдалану қауіпсіздігіне кері әсер етуі мүмкін. Кепілдік міндеттемелер Сіздің автокөлігіңізге техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды дұрыс жүргізбеу нәтижесінде туындаған кез келген жағдайларға қолданылмайды.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Сіздің автокөлігіңізге техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды қауіпсіз жерде ғана жүргізіңіз.**
- **Сіздің автокөлігіңізде жұмыс жүргізу кезінде жарақаттануды болдырмау үшін мұқият болыңыз. Автокөліктегі кейбір материалдар (мысалы, аккумулятор батареясының электролиті) олармен жұмыс жасамаған кезде Сіздің денсаулығыңызға қауіп төндіретінін есте сақтаңыз.**
- **Сіздің автокөлігіңізге қызмет көрсетуді тек жоғары білікті персонал ғана жүргізуі тиіс. Автокөліктерге қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды жүргізу бойынша жеткілікті тәжірибесі мен дағдысы жоқ тұлғалар ауыр жарақат алуы мүмкін.**
- **Тек қана осы жұмыстарды жүргізуге арналған, жарамды күйдегі құралдарды ғана пайдаланыңыз.**
- **Егер автокөлік тек домкратқа сүйелген болса, ешқашан автокөлігіңіздің астында болмаңыз. Автокөлікті қолдау үшін әрқашан арнайы тіреуіштерді пайдаланыңыз.**
- **Көлікжай немесе басқа да жабық орынжайлар сияқты нашар желдетілетін орындарда ешқашан қозғалтқышты жұмыс істеп тұрған күйде қалдырмаңыз.**
- **Аккумуляторлық батареямен немесе жанармаймен ашық от көздерінің жанында ешқандай жұмыс істемеңіз, сондай-ақ осындай жұмыстарды жүргізу кезінде темекі тартпаңыз. Бұл өртке әкелуі мүмкін.**
- **Сіздің автокөлігіңіздің жанармай жүйесі қысымды екендігіне байланысты, жанармай сүзгісін ауыстыруды Сіздің SUBARU дилеріңіздің жүзеге асыруына кеңес береміз.**
- **Майды және жұмыстық сұйықтықтардың тимеуі үшін көзді қорғауға арналған құралдарды киіңіз. Көзге май немесе жұмыстық сұйықтықтар түскен кезде оны таза сумен мұқият шайыңыз.**

- ЖАЛҒАСЫ –

- **Қауіпсіздік жүйесінің электр сымдарында немесе қауіпсіздік белдіктерінің кергіштерінде өзгерістердің орын алуына жол бермеңіз, сондай - ақ олардың ұяшықтарын ажыратуға әрекет жасамаңыз, себебі бұл жүйені аяқ астынан іске қосуы немесе қажет жағдайларда осы жүйелердің іске қосылмай қалуына әкелуі мүмкін. Электр тестерлерін осы жүйелердің электр тізбектерінде пайдалануға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ. Қауіпсіздік жастықшаларына немесе қауіпсіздік белдігін тартқыштарға техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды жүргізу қажет болған жағдайда біз Сіздің SUBARU жақын маңайдағы дилеріне хабарласқаныңыздың жөн екенін ескертеміз.**


■ Мотор бөлігінде тексеру немесе техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды жүргізу алдында

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Автокөліктің сырғып кетуін болдырмау үшін міндетті түрде қозғалтқышты сөндіріп, автокөліктің қалпын тұрақтау тежегішімен мұқият бекітіңіз.**
- **Міндетті түрде қозғалтқыш суығанша күтіңіз. Жұмыс барысында қозғалтқыштың бөлшектері қатты қызады және ол тоқтағаннан кейін біраз уақыт ыстық күйде болады.**
- **Мотор майының, сондай - ақ салқындатқыш, тежегіш және басқа да сұйықтықтардың қозғалтқыштың ыстық бөлшектеріне түсуіне жол бермеңіз. Бұл өртке әкелуі мүмкін.**

■ Мотор бөлігінде тексеру немесе техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды жүргізу барысында

- **Кілтті оталдыру құлпынан алып тастаңыз. Егер оталдыру құлпы "ON" қалпында болса, онда қозғалтқышты сөндірген кезде де радиатордың желдеткіші кенеттен қосылуы мүмкін. Айналмалы желдеткішке денеңіз немесе киіміңіз тиген жағдайда ауыр жарақатқа шалдығу мүмкін.**




⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Қозғалтқыш қақпағы бар моделдерде моторлы бөліктің тораптарын тексеру кезінде қақпақтарға тимеңіз. Әйтпесе, жетек белдігінің қақпағынан сырғып кетуі салдарынан Сіздің қолыңыз жарақаттанып қалуы мүмкін.**
- **Қозғалтқыш толық салқындатылғанға дейін май сүзгісіне тимеңіз. Әйтпесе, бұл күйікке немесе басқа да жарақатқа әкелуі мүмкін. Май сүзгісі қозғалтқыш жұмысы кезінде өте ыстық болатындығына және оны тоқтатқаннан кейін де біраз уақыт бойы ыстық болатындығына назар аударыңыз.**

■ Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда мотор бөлігінде тексеру немесе техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды жүргізу

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Жұмыс істеп тұрған қозғалтқыш қауіпті болуы мүмкін. Радиатор желдеткішінен, жетек белдіктерінен және қозғалтқыштың басқа да қозғалатын бөліктерінен саусақтарыңызды, қолыңызды, киімдеріңізді, шашыңызды және жұмыс құралдарын алшақ ұстаңыз. Жұмыс басталар алдында сақиналарды, сағаттарды және галстуктерді шешкен жөн.



1) Тірек бағанасы.

Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған және дөңгелектерді айналдыру кезінде толық жетекті моделдерді тексеру және техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды жүргізу үшін домкраттар арқылы барлық төрт дөңгелекті ілу немесе еркін айналмалы роликтерге дөңгелектерді орнату қажет. Қозғалтқышты иінді біліктің жоғары айналу жиілігіне дейін жеткізуге немесе тежегіш басқышына бірден басуға жол бермеңіз.

Техникалық қызмет көрсету бойынша кеңестер

■ Бөлшектерді ауыстыру

Техникалық қызмет көрсету кезінде ауыстырылатын бөлшектер туралы толық ақпарат алу үшін SUBARU кез келген ресми дилеріне, болмаса білікті мамандары бар және тиісінше жабдықталған жөндеу шеберханасына жүгінуіңізге кеңес береміз.


■ Бекіткіштерді алу және орнату

Ауа сүзгісінің сүзгіш элементін және жекелеген шамдарды ауыстырар алдында кейбір бекіткіштер мен қанаттардың ішкі қаптамаларын шешу қажет.

▼ Бекіткіштерді алу


Сіздің автокөлігіңізде бекіткіштердің бірнеше түрі қолданылады.

▽ "A" түріндегі бекіткіштер




1. Тегіс бұрағыштың көмегімен бекіткіштің ортаңғы бөлігі көтерілгенге дейін сағат тіліне қарсы бағытта бекіткішті бұраңыз.
2. Иінсап ретінде тегіс бұрағышты пайдалана отырып, бекіткіштің орталық бөлігін көтеріңіз.
3. Бекіткішті жоғары қарай көтеріп, тұтасымен суырып алыңыз.

▽ "B" түріндегі бекіткіштер




1. Тегіс бұрағыштың көмегімен, суретте көрсетілгендей, бекіткіштің ортаңғы бөлігін жоғары көтеріңіз.
2. Бекіткіштің шығыңқы ортаңғы бөлігінен көтеріп, бекіткішті тұтасымен тартыңыз.

▽ "C" түріндегі бекіткіштер




1. Айқаспа басты бұрағыштың көмегімен бекіткіштің ортаңғы бөлігі көтерілгенге дейін сағат тіліне қарсы бағытта бекіткішті бұраңыз.
2. Бекіткішті жоғары қарай көтеріп, тұтасымен суырып алыңыз.


▼ Бекіткіштерді орнына орнату



"A" түріндегі бекіткіштер



"B" түріндегі бекіткіштер




"C" түріндегі бекіткіштер

Алдымен бекіткішті орталық бөлігінсіз салыңыз, содан кейін оның ортаңғы бөлігін бекіткіш тесігіне салыңыз және оны ішіне кіргізіңіз.


Қозғалтқыш қақпағы

Қақпақты ашу үшін


1. Егер шыны тазартқыштың щөткелері жел әйнегінен алшақтатылған болса, оларды орнына қайтарыңыз.



2. Аспаптар панелінің астында орналасқан қақпақтың иінтірегін тартыңыз.



3. Солға қарай қақпақ пен радиатор арасындағы иінтіректі жылжытып, қақпақтың қосымша бекіткішін босатыңыз.



4.Қақпақты көтеріңіз, қақпақтың тірегін ұстаушыдан босатыңыз және тіреуішінің ұшын қақпақтағы ойыққа кигізіңіз.

Қақпақты жабу үшін


1. Қақпақты түсіріңіз, шамамен оның жабық қалпындағы биіктігінен 15 см, содан кейін қақпақты түсіріңіз.
2. Қақпақ жабылғаннан кейін оның мұқият жабылғанын тексеріңіз.

Егер жоғарыда сипатталған іс - әрекеттерді орындау арқылы қақпақты жабу мүмкін болмаса, онда оны неғұрлым жоғары биіктіктен түсіру керек. Қақпақты жабу үшін оның үстінен баспаңыз. Бұл оның панелінің металының деформациялануына әкеліп соқтырады.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Қозғалыс басталар алдында қақпақтың мұқият бекітілгеніне міндетті түрде көз жеткізіңіз. Керісінше жағдайда қақпақтың қозғалыс кезінде ашылуы салдарынан Сізге жолдың көрінбей қалуы салдарынан апатқа соқтыруы және ауыр жарақатқа ұшыратуы мүмкін.

Мотор бөлігінің компоненттеріне жалпы шолу



Жоғарыда келтірілген суреттерде сол жақтан басқарылатын модель көрсетілген. Оң жақтан басқарылатын автокөліктерде №1 позиция (тежегіш сұйықтығына арналған бак) қарама-қарсы жағынан орналасқан.

1) Тежегіш сұйықтығына арналған бак (б.11-23).
2) Сақтандырғыш блогы (б. 11-43).
3) Аккумуляторлық батарея (б.11-41).
4) Шыны жуғыш сұйықтыққа арналған бак (б. 11-35).
5) Май құятын ыдыстың мойынының қақпағы (б.11-14).
6) Салқындатқыш сұйықтыққа арналған ұлғайтқыш бак (б. 11-18).
7) Радиатордың қақпағы (б.11-19).
8) Май сүзгісі (б.11-16).
9) Мотор майының деңгейін тексеруге арналған сүңгіш (б.11-15).
10) Ауа сүзгісінің корпусы (б. 11-20).

- ЖАЛҒАСЫ –

Мотор майы

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Егер май деңгейін тексеруге арналған сүңгішті алу кезінде ол кептеліп қалса, сүңгішті оңға және солға қарай ырғаңыз, содан кейін оны суырып алыңыз. Әйтпесе, ол Сізді соғып, жарақаттауы мүмкін.**
- **Тек ұсынылған санатты және тұтқырлықты мотор майын пайдаланыңыз.**
- **Толтырып құю барысында мотор майын төгіп алмаңыз. Шығару құбырына майдың түсуі жағымсыз иіс пен түтіннің пайда болуына, сондай-ақ өрттің пайда болуына әкелуі мүмкін. Егер мотор майы шығару құбырына түссе, оны мұқият сүртіңіз.**

■ Мотор майының жұмсалуы

Қозғалыс кезінде мотор майы аз мөлшерде жұмсалады. Төменде аталып отырған жағдайда май шығынының өсуі мүмкін, соның нәтижесінде техникалық қызмет көрсету аралығында оны толтырып отыру керек.


- Төселтіп жүру кезінде жаңа қозғалтқышта.
- Мотор майы мөлшері аз кезде.
- Мотор майын құйғаннан кейін оның мөлшерін қуысын көмегімен тексеру қажет.
- Қозғалтқышты тежеу кезінде.
- Иінді біліктің жоғары айналу жиілігінде қозғалтқыштың жұмысы кезінде.
- Қозғалтқыш ауыр жүктememен жұмыс істеген кезде.
- Тіркемені тіркеп сүйреу кезінде.
- Қозғалтқыш ұзақ уақыт бойы бос жүріс режімінде жұмыс істеген кезде.
- Қозғалтқыш жиі тоқтау және оталу режімінде жұмыс істеген кезде және /немесе жол қозғалысы қиын болса.
- Автокөлікті ауыр температуралық жағдайларда пайдалану кезінде.
- Автокөлік жиі екпіндетілсе және тежелсе.

Мұндай немесе осыған ұқсас жағдайларда жанармайды әрбір екінші құю кезінде майды тексеріп отыру керек, сондай - ақ оны жиі ауыстыру қажет.

Егер майдың жұмсалуы 2000 шақырымға 1 л. артық болса, біз Сіздің SUBARU дилеріне жүгінуіңіздің керектігін айтамыз, ол сынақты бақыланатын жағдайларда жүргізе алады.

■ Май деңгейін тексеру

1. Автокөлікті тегіс жерге орналастырыңыз және қозғалтқышты сөндіріңіз. Егер Сізге майдың деңгейін қозғалтқыш тоқтағаннан кейін бірден тексеру қажет болса, бірнеше минут бойы барлық майдың картер түбіне қайта сорғуы үшін күте тұру керек.




1) Май деңгейін тексеруге арналған сүңгіш.
2) Май құю мойынының қақпағы.
3) Май сүзгісі.
4) Майдың санаты
   0W-20

A) МОТОР МАЙЫ.
B) ҚАР. ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Егер май деңгейін тексеруге арналған сүңгішті алу мүмкін болмаса, сүңгішті оңға және солға қарай ырғаңыз, содан кейін оны суырып алыңыз. Әйтпесе, егер Сіз күшпен сүңгішті алатын болсаңыз, сіз өзіңізді жарақаттай аласыз.

2. Май деңгейін тексеруге арналған сүңгішті суырып алыңыз, оны сүртіп, қайтадан салыңыз.
3. Деңгейін тиісінше тексеру үшін міндетті түрде сүңгішті түбіне дейін салыңыз.



1) Жоғарғы деңгей белгісі.
2) Төменгі деңгей белгісі.
3) Төменгі деңгейден жоғарғы деңгейге дейін шамамен 1,0 л.

4. Май деңгейін тексеруге арналған сүңгішті қайтадан алыңыз.
5. Сүңгіштің екі жағынан да май деңгейін тексеріңіз. Мотор майының деңгейі екі деңгейдің төмені бойынша анықталуы тиіс. Егер май деңгейі төменгі деңгей белгісінен төмен болса, жоғарғы деңгей белгісіне дейін май құйыңыз

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Май құю мойынының қақпағын алу кезінде мотор майының сүзгісіне тимей, абай болыңыз. Бұл күйікке, саусақтың қысылып қалуына немесе басқа да жарақатқа әкелуі мүмкін.**
- **Тек ұсынылған санатты және тұтқырлықты мотор майын пайдаланыңыз.**
- **Толтырып құю барысында мотор майын төгіп алмаңыз. Шығару құбырына майдың түсуі жағымсыз иіс пен түтіннің пайда болуына, сондай-ақ өрттің пайда болуына әкелуі мүмкін. Егер мотор майы шығару құбырына түссе, оны мұқият сүртіңіз.**

Мотор майын құю үшін, май құю мойынының қақпағын төмендетіп, май құю мойыны арқылы мотор майын байыппен құйыңыз. Қозғалтқышқа май құйғаннан кейін Сіз майдың деңгейін май деңгейін тексеруге арналған сүңгіш арқылы тексеруіңіз керек.

ЕСКЕРТПЕ

Мотор майының төгілуін болдырмау үшін майды салқын қозғалтқышта жоғарғы деңгей белгісінен көп құю қажет емес.

■ Майды ауыстыру және май сүзгісін ауыстыру

Автокөлікке техникалық қызмет көрсету бағанға сәйкес жүргізіледі.

Жақын жерлерге жиі жүретін болса, тіркемені сүйреткен кезде немесе өте төмен температура жағдайында автокөлікті пайдаланған кезде мотор майы мен май сүзгісін ауыстыру техникалық қызмет көрсету кестесінде көзделгеннен жиірек жүргізілуі тиіс.

ЕСКЕРТПЕ

Мотор майы мен май сүзгісін ауыстыруды жақсы білетін маманның орындауы тиіс. Мотор майы мен май сүзгісін ауыстыру үшін біз Сіздің SUBARU дилеріне баруыңызға кеңес береміз. SUBARU дилерінің жақсы білетін механиктері осы жұмыстарды орындау кезінде арнайы құралдарды, қосалқы бөлшектерді және ұсынылатын майды пайдаланады, сондай-ақ пайдаланылған майды тиісті түрде кәдеге жаратады.

■ Ұсынылған май санаты және тұтқырлығы

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Тек ұсынылған санатты және тұтқырлықты мотор майын пайдаланыңыз.

"Мотор майы" бөлімін қараңыз ☞12-5.

ЕСКЕРТПЕ

Мотор майының тұтқырлығы (тығыздығы) жанармай шығынына әсер етеді. Тұтқырлығы неғұрлым төмен майлар жанармайдың аз шығындалуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар ыстық ауа-райында қозғалтқышты жақсы майлау және қорғалуын тұтқырлығы жоғары май қамтамасыз етеді.

■ Синтетикалық май

Мотор майларының дәстүрлі түрлеріне қойылатын талаптарға сәйкес келетін синтетикалық мотор майын қолдануға болады. Синтетикалық майды пайдалану кезінде Сіз осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықты көрсетілген санаттағы, тұтқырлықтағы майды таңдауыңыз керек. "Мотор майы" бөлімін қараңыз ☞12-5. Сонымен қатар, Сіз техникалық қызмет көрсету кестесінде келтірілген май мен май сүзгісін ауыстыру аралықтарын сақтауыңыз тиіс. "Техникалық қызмет көрсету кестесі" бөлімін қараңыз ☞11-3.

ЕСКЕРТПЕ

12 - тарауда көрсетілген санаттағы және тұтқырлықтағы синтетикалық май қозғалтқыштың тиімді сипаттамаларына қол жеткізу үшін ұсынылған. Қарапайым майды қозғалтқыштың ұзақ уақытқа немесе басқарылуына зиян келтірместен қолдануға болады.

Салқындату жүйесі

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Қозғалтқышты сөндірместен және ол толық суығанша радиатордың қақпағын ашуға тырыспаңыз. Салқындатқыш сұйықтықтық қысымда болуына байланысты радиатор қақпағын алу кезінде Сіз қайнап тұрған салқындатқыш сұйықтықтың шашырауынан күйік аласыз.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Дайындаушы зауытта Сіздің автокөлігіңізді салқындату жүйесі жыл бойы пайдалану үшін және тиісті температураға дейін қатуға төзімді жоғары сапалы коррозияға қарсы сұйықпен толтырылған, көрсеткіш -36 °C. "SUBARU Super Coolant" ұсынған суыту сұйықтығын немесе оның баламасын ғана пайдаланыңыз (құрамында амин жоқ салқындатқыш сұйықтық).**
- **Егер суық сұйықтыққа су араластыру арқылы сұйылту қажет болса, міндетті түрде жұмсартылған суды (немесе таза ауыз суын) қолданыңыз және сұйылудың қажетті пропорцияларын сақтаңыз.**
- **Әртүрлі салқындатқыш сұйықтарды араластыру және / немесе жұмсартылмаған сумен сұйылту қозғалтқыштың компоненттерінің жарамдылығына нұқсан келтіруі мүмкін, салқындату жүйесінің ластануын, салқындатқыш сұйықтықтың ағып кетуін және қозғалтқыштың қызып кету кезінде зақымдануын қоса алғанда (бірақ шектелмей). Осыған байланысты ешқашан әртүрлі түрдегі салқындатқыш сұйықтықтарды араластырмаңыз және/немесе қатып қалу температурасы күтілмеген жағдайларда да қатты суды сұйылту үшін пайдаланбаңыз.**
- **Боялған бөлшектерге қозғалтқышты салқындату сұйықтығының шашырауына жол бермеңіз. Салқындатқыш сұйықтығының құрамындағы спирт боялған бетке зақым келтіруі мүмкін.**

■ Радиатордың, келтеқұбырлардың және қосылыстардың желдеткіші

Сіздің автокөлігіңіздің радиаторында қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығын белгілі бір температураға дейін қыздыру кезінде іске қосылатын термоқадаға жұмысын басқаратын электр желдеткіші орнатылған.

Егер радиатор желдеткіші салқындатқыш сұйықтығының жоғары температурада екендігін ескерту шамы жыпылықтаған немесе ҚЫЗЫЛ түспен жанған жағдайда да қосылмайтын болса, онда бұл радиатор желдеткішінің электр тізбегіндегі ақаудың бар екендігін білдіреді. "Салқындатқыш сұйықтық температурасының төмендігін бақылау шамы/ Салқындатқыш сұйықтық температурасының жоғары екендігін ескерту шамы" бөлімін қараңыз ☞3-23.

Балқыма сақтандырғыштың күйін тексеріңіз және қажет болған жағдайда оны ауыстырыңыз. "Балқыма сақтандырғыштар және олар қорғайтын электрлік тізбектер" бөлімін ☞12-12 және "Мотор бөлігінде орналасқан сақтандырғыштар панелі" бөлімін қараңыз ☞12-14.


Егер сақтандырғыш жанып кетпесе, қозғалтқышты салқындату жүйесін тексеру үшін SUBARU дилеріне жүгінуіңізге кеңес береміз.

- ЖАЛҒАСЫ –

Егер Сіз салқындатқыш сұйықтықты жиі құятын болсаңыз, онда бұл қозғалтқышты салқындату жүйелерінен оның ағып кететіндігін білдіреді. Мұндай жағдайларда біз Сіздің қозғалтқышты салқындату жүйесінің күйін, сондай - ақ оның ағуын, механикалық зақымдануын және әлсіреген бекітулерін тексеруіңізге кеңес береміз.

■ Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығы


▼ Салқындату сұйықтығының деңгейін тексеру



1) Толық мөлшердің белгісі "FULL".
2) Төмен мөлшердің белгісі "LOW".
A) САЛҚЫНДАТҚЫШ СҰЙЫҚТЫҚ.
B) ҚАР. ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ.

Автокөлікке жанармай құю кезінде салқындатқыш сұйықтықтың мөлшерін тексеруді жүргізіңіз.


1. Салқындатқыш сұйықтықтың мөлшерін қызбаған қозғалтқышта салқындатқыш сұйықтыққа арналған ұлғайту бағының сыртқы бетіндегі белгілер бойынша тексеріңіз.
2. Егер мөлшері "LOW" белгісіне жақындап қалса немесе осы белгіден төмен түссе, салқындатқыш сұйықтықты "FULL" белгісіне дейін толтырыңыз.




A) Радиатордың қақпағы.

Қақпағындағы жапсырма
a) НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ.
b) ЫСТЫҚ КҮЙІНДЕ АШУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.
c) 108 кПа.

3. Ұлғайту багында салқындатқыш сұйықтық мүлде болмаған жағдайда радиатордың қақпағын ашып, салқындатқыш сұйықтықты суретте көрсетілгендей, құю мойынының астындағы белгіге дейін құйыңыз.



1) Осы деңгейге дейін салқындатқыш сұйықтықты құйыңыз.



4. Салқындатқыш сұйықтықты ұлғайту багына және радиаторға құйғаннан кейін радиатор қақпағының резеңке тығынының дұрыс салынғандығына алдын ала көз жеткізгеннен кейін қақпағын жабыңыз.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Толтырып құю барысында мотор майын төгіп алмау үшін сақ болыңыз. Шығару құбырына майдың түсуі жағымсыз иіс пен түтіннің пайда болуына, сондай-ақ өрттің пайда болуына себеп болуы мүмкін. Егер қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығы шығару құбырына түссе, оны міндетті түрде мұқият сүртіңіз.**
- **Боялған бөлшектерге қозғалтқышты салқындату сұйықтығының шашырауына жол бермеңіз. Салқындатқыш сұйықтығының құрамындағы спирт боялған бетке зақым келтіруі мүмкін.**

▼ Салқындату сұйықтығын ауыстыру

Салқындатқыш сұйықтықты ауыстыру белгілі күрделілік тудырады. Салқындатқыш сұйықтықты ауыстыру қажет болған жағдайда, біз Сізге SUBARU дилеріне баруды ұсынамыз.

Салқындатқыш сұйықтықты "Техникалық қызмет көрсету кестесі" бөлімінде келтірілген техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес ауыстыру қажет ☞11-3.

Ауа сүзгісінің сүзгіш элементі

Ауа сүзгісінің сүзгіш элементі торлы сүзгі ретінде жұмыс істейді. Элементтің сүзілетін беті бүлінген жағдайда немесе ол болмаған кезде қозғалтқыштың тозуы артады және оның қызмет ету мерзімі қысқартылады.

Ауа сүзгішінің сүзгіш элементі тазалауды немесе жууды талап етпейді.


⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Қозғалтқыштың сүзгі элементінсіз жұмыс істеуіне жол бермеңіз. Ол шығарылатын ауаны сүзуді қамтамасыз етіп қана қоймай, қозғалтқыштың кері жарқылында ұшқынды сөндіргіш ретінде де қызмет етеді. Қозғалтқышты кері тұтқан кезде ауа сүзгісінің сүзгіш элементінің болмауы күйікке әкелуі мүмкін.


Ауа сүзгісінің сүзгіш элементі болмаған жағдайда біз Сіздің SUBARU түпнұсқа сүзгілеу элементін пайдалануыңызға кеңес береміз. Ұсынылмаған түпнұсқалық емес сүзгіш элементті пайдалану қозғалтқыштың жұмысына теріс әсер етуі мүмкін.

■ Ауа сүзгісінің сүзгіш элементін ауыстыру


▼ Құбыр үрлеуіші жоқ моделдер



1. Ауа сүзгісі корпусының алдыңғы бөлігін ұстап тұратын екі бекіткішті босатыңыз.
2. Ауа сүзгісінің корпусын ашыңыз және қақпақты көтеру арқылы артқа шығарып алыңыз.



3. Ауа сүзгісінің сүзгіш элементін алып тастаңыз
4. Ылғалды шүберекпен ауа сүзгісінің алдыңғы және артқы бөліктерінің ішкі бетін сүртіңіз және жаңа сүзгі элементін орнатыңыз.



5. Ауа сүзгісінің артқы бөлігін орнату үшін ауа сүзгісінің артқы жағындағы үш шығыңқы кетікті ауа сүзгісінің алдыңғы жағындағы жікке салыңыз.
6. Орнатуды алып тастау әрекеттерінің кері ретімен жүргізіңіз.

Оталдыру шамдары

Оталдыру шамдарын ауыстыру белгілі жағдайда күрделілік тудырады. Оталдыру шамдарын ауыстыру үшін SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

Оталдыру шамдарын техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес ауыстыру қажет. "Техникалық қызмет көрсету кестесі" бөлімін қараңыз ☞11-3.

ЕСКЕРТПЕ

Ұсынылған оталдыру шамдары туралы ақпарат үшін "Электр жүйесі" бөлімін қараңыз ☞12-10.

Жетек белдігі

Жетек белдігінің иілуін үнемі тексеру талап етілмейді, өйткені Сіздің автокөлігіңіздің қозғалтқышы автоматты белдіктің тартқышымен жабдықталған. Дегенмен, белдікті ауыстыру техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес жүргізілуі тиіс, ол "Техникалық қызмет көрсету кестесі" бөлімінде ұсынылған ☞11-3. Оны ауыстыру қажет болған жағдайда біз Сізге SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.
Жетек белдігі босаған кезде, сондай-ақ онда жарықтар немесе тозу белгілері пайда болған кезде SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

Сатысыз трансмиссияға арналған сұйықтық

Сұйықтықтың деңгейін тексеруге арналған сүңгіші жоқ. Сатысыз трансмиссияға арналған сұйықтықтың деңгейін тексерудің қажеті жоқ. Алайда, қажет болған жағдайда, біз Сізге автокөлікті тексеру үшін SUBARU дилеріне кеңес алу үшін жүгінуді ұсынамыз.

Алдыңғы дифференциалға арналған май және артқы дифференциалға арналған май

Май деңгейін тексеруге арналған сүңгіші жоқ. Оталдыру шамдарын ауыстыру үшін SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

■ Ұсынылған май санаты және тұтқырлығы


Әрбір өндіруші өзінің негізгі майлары мен қоспаларын пайдаланады. Әр түрлі өндірушілердің майларының араласуына жол бермеңіз. Толық ақпарат алу үшін "Алдыңғы және артқы дифференциалдарға арналған май" бөлімін қараңыз ☞12-7.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Жоғарыда көрсетілгеннен басқа дифференциал майын пайдалану автокөлік сипаттамаларының нашарлауына әкелуі мүмкін.

Тежегіш сұйықтығы

■ Сұйықтық деңгейін тексеру



1) "MAX" деңгей сызығы.
2) "MIN" деңгей сызығы.
A) Сұйықтық деңгейі осы жерде тексерілуі тиіс

Ай сайын сұйықтық деңгейін тексеріңіз. Бактың сыртқы бетіндегі белгілер бойынша сұйықтықтың деңгейін тексеріңіз. Бұл бактың тежегіш жүйесі үшін пайдаланылатындығына байланысты және әрбір жүйе үшін арнайы камераларының болуына байланысты **бактың алдыңғы бөлігінде** тежегіш жүйесіне арналған сұйықтықтың деңгейін міндетті түрде тексеріңіз (суреттегі штрихталған жер).

Егер деңгей "MIN" белгісінен төмен түссе, "MAX" белгісіне дейін ұсынылатын тежегіш сұйықтығын баққа құйыңыз.
Герметиктік ыдыста сақталатын тежегіш сұйықтығын ғана пайдаланыңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Тежегіш сұйықтығының көзге түсуіне жол бермеңіз, ол көзге зақым келтіреді. Егер тежегіш сұйықтығы қалай да көзге тиген болса, дереу арада ағып тұрған таза сумен мұқият шайыңыз. Қауіпсіздік мақсатында осы жұмысты орындау кезінде қорғаныш көзілдірігін тағу ұсынылады.**
- **Тежегіш сұйықтығы ауадағы ылғалды сіңіреді. Тежеуіш сұйықтығында ылғалдың болуы автокөліктің тежеуіш сипаттарын нашарлатады.**
- **Жиі толтыру қажеттілігі ағатындығын куәландырады. Ақаулығына сезік болғанда, біз Сізге автокөлікті тексеру үшін SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.**

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Тежегіш сұйықтықты толтыру кезінде баққа кірдің түсуіне жол бермеңіз.**
- **Тежегіш сұйықтығының боялған беттерге немесе резеңке бөлшектерге шашырауына жол бермеңіз. Тежегіш сұйықтығының құрамындағы спирт оларды зақымдайды.**
- **Толтырып құю барысында тежегіш сұйықтығын төгіп алмау үшін сақ болыңыз. Шығару құбырына тежегіш сұйықтығының түсуі жағымсыз иіс пен түтіннің пайда болуына, сондай-ақ өрттің пайда болуына әкелуі мүмкін. Егер тежегіш сұйықтығы шығару құбырына түссе, оны мұқият сүртіңіз.**

■ Ұсынылатын тежегіш сұйықтығы

"Жұмыс сұйықтықтары" бөлімін қараңыз ☞12-9.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Әртүрлі өндірушілердің тежегіш сұйықтықтарын араластыруға жол бермеңіз. Сонымен қатар, DOT 3 және DOT 4 тежегіш сұйықтықтарын араластырмаңыз, тіпті олар бір өндірушінікі болса да.


Тежегіш жүйесінің үдеткіші

Тежегіш жүйесінің үдеткішінде қозғалтқыштың коллекторында қалыптасатын вакуум қолданылады. Ол тежегіш басқышын басу үшін талап етілетін күшті төмендетеді.
Егер тежегіш басқышы қозғалтқыш ажыратылған кезде немесе автокөлік ұзақ тұрғаннан кейін басылса, тежегіш жүйесінің үдеткішіндегі вакуумның деңгейі жеткіліксіз болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда тежегіш басқышын көп күш түсіріп басу қажет.

Тежегіш басқышы

Тежегіш басқышының еркін қозғалысын және еденге дейінгі қашықтық қорын "кепілдік кітапшасында" келтірілген автокөлікке техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес тексеріңіз.

Тежегіш қалыптарын ауыстыру



Дискілі тежегіштер тежегіш қалыптарының тозуын білдіретін дыбыс индикаторларымен жабдықталған. Тежегіш қалыптарының тозу деңгейі нормативтік шегіне жақындағанда, тежегіш басқышын басқан кезде тозу индикаторы өте қатты қайралған дыбыс шығарады.
Егер Сіз тежегіш басқышын әрбір басқан кезде осындай қайралған дыбыс естіген болсаңыз, біз Сізге мүмкіндік пайда бола салысымен тежегіш қалыптарын ауыстыру бойынша жұмыстарды жүргізу үшін SUBARU дилеріне жүгінуге кеңес береміз.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Егер, тежегіш қалыптарының тозғандығын білдіретін қайралған дыбыстың болғанына қарамастан Сіз автокөлігіңізді пайдалануды жалғастыра беретін болсаңыз, онда бұл тежегіш қалпын жөндеу немесе ауыстыру бойынша аса қымбат жұмыстардың атқарылуын талап ететін болады.

■ Жаңа тежегіш қалыптарын ысқылау (электрлік тұрақтық тежегіш жүйесі бар моделдер)

Тежегіш қалыптарын ауыстыру кезінде біз Сізге тек SUBARU түпнұсқа қосалқы бөлшектерін ғана пайдалану керектігін ескертеміз. Ауыстырғаннан кейін жаңа бөлшектерді ысқылауды былайша орындаңыз.

▼ Тежегіш қалыбы

Автокөліктің жылдамдығын 50-65 ш./сағ. деңгейінде ұстай отырып, тежегіш басқышын сәл басыңыз. Осы әрекетті кемінде бес рет қайталаңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Тежегіштерді ысқылау үшін қауіпсіз орынды және жағдайды таңдау керек.

Шиналар мен дискілер

■ Шиналардың түрлері

Сіздің автокөлігіңізде орнатылған шиналардың түрін білу керек.

▼ Барлық маусымдық шиналар

Барлық маусымдық шиналар, тіпті қарлы және мұз басқан жолдармен жүру кезінде де автокөліктің тежегіш қабілетін жол жабынына ілінісу күшін жыл бойы жеткілікті деңгейде қамтамасыз етуге арналған. Дегенмен, бүкіл маусымдық шиналар борпылдақ қармен немесе қардың терең қалың қабатты қар басқан жермен жүргенде, сондай - ақ мұзды жолмен жүргенде қысқы (тікелген) шиналар қамтамасыз ететін ілінісуді қамтамасыз ете алмайды.

Барлық маусымдық шиналардың бүйір бетінде "ALL SEASON" (барлық маусымдық) және/немесе "M+S" (Кір мен Қар) деген жазу бар.

▼ Жазғы шиналар

Жазғы шиналар құрғақ ауа райында автомагистраль бойынша жоғары жылдамдықта жүруге жақсы.

Жазғы шиналар тайғанақ (қар немесе мұзданған) жолдармен жүруге жарамсыз.

Қар басқан немесе мұзданған жолмен жүру үшін біз Сізге қысқы шина пайдалануды ұсынамыз.

Қысқы шиналарды орнату кезінде барлық төрт дөңгелектегі шиналарды міндетті түрде қатарынан ауыстырыңыз.

▼ Қысқы шиналар

Қысқы шиналар қар және мұз басқан жолмен жүруге жақсы. Сонымен қатар, қысқы шиналар басқа жолдармен қозғалғанда жазғы және барлық маусымдық шиналарға жол береді.

■ Шиналардағы ауа қысымының мониторинг жүйесі (TPMS) (егер орнатылған болса)

Шинадағы ауа қысымының мониторинг жүйесі жүргізушіге егер шинадағы ауа қысымы төмендеген болса, әрбір дөңгелекте орнатылған қадағалар сигнал арқылы ескертетін хабарлама береді. Шиналардағы ауа қысымының мониторинг жүйесі тек жүріп келе жатқан автокөлікте ғана жұмыс істейді. Сонымен қатар, бұл жүйе шинадағы ауа қысымының күрт төмендеуі бойынша дереу әрекет етпеуі мүмкін (мысалы, жарылған кезде, үшкір затқа соғылған кезде).

Егер Сіз жылы көлікжайда шинадағы ауа қысымын реттесеңіз, содан кейін шинадағы ауа қысымының төмендеуі пайда болатын автокөлікті сырттағы суық ауаға шығарсаңыз, шинадағы ауа қысымының төмен екендігін білдіретін шамның қосылуы мүмкін. Бұндай мәселенің орын алуына жол бермеу үшін жылы көлікжайда шиналардағы ауа қысымын реттеу кезінде шиналарды тақтайшада көрсетілген шамадан артық қысымға дейін үріңіз. Атап айтқанда, оларды көлікжайдағы температура мен сыртындағы температура арасындағы айырмашылықтың әрбір 5,6°C үшін 6,9 кПа жеткізіп (0,07 кгс/см^2) үріңіз. Келтірілген мысал бойынша кестеде көлікжайдағы температура 15,6 °C болған кездегі сырттағы ауа температурасының әр түрлі мәндеріне сәйкес келетін шинадағы ауа қысымының талап етілетін мәндері көрсетілген.

Мысал:

Шина өлшемі: P205/55R16 89V және P205/ 50R17 88V.

Шинадағы ауаның номиналды қысымы:
Алдыңғы дөңгелектері: 230 кПа (2,3 кгс/см2)
Артқы дөңгелектері: 220 кПа (2,2 кгс/см2)
Көлікжайдағы температура: 15.6 °C.

Сырттағы ауаның температурасы	Реттелген қысым [кПа (кгс/см^2)]	
	Алдыңғы дөңгелектері	Артқы дөңгелектері
-1 °C	250 (2,5)	240 (2,4)
-12 °C	265 (2,65)	255 (2,55)
-23 °C	280 (2,8)	270 (2,7)

Егер жылы көлікжайда шиналардағы ауа қысымын реттегеннен кейін автокөліктің сырттағы ауаның температурасы төмен болғандағы қозғалысы барысында шиналардағы қысымның төмендігін ескертетін шам қосылса, жоғарыда сипатталғандай реттеуді қайта орындаңыз. Содан кейін автокөлікті кемінде 40 ш./сағ. дейін екпіндетіңіз және бірнеше минуттан кейін шинадағы ауаның төмендігін білдіретін ескерту шамының сөнгеніне көз жеткізіңіз. Егер шиналардағы ауа қысымының төмен екендігін білдіретін ескерту шамы сөнбейтін болса, шиналардағы ауа қысымының мониторингі жүйесінің жұмысының дұрыс болмауы мүмкін.

Мұндай жағдайда жүйені тексеру үшін Сізге SUBARU дилеріне мүмкіндігінше тезірек баруға кеңес береміз.

Қозғалыс кезінде шина мен жол бетінің арасындағы үйкеліс шинаның қызуына әкеледі. Шинадағы ауа қысымының төмендігін ескерту шамы қосылған соң сырттағы ауа температурасының немесе шинадағы ауа температураның артуынан туындаған шинадағы ауа қысымының кез келген жоғарылауы шинадағы ауаның қысымының төмендігін білдіретін шамның сөнуіне әкеліп соқтыруы мүмкін.

Дөңгелектерді ауыстыру кезінде (мысалы, қысқы шиналарға ауысу кезінде) жүйені қайта баптау және TPMS жүйесінің жаңа қысымтығындарын жаңа дөңгелектерге орнату талап етіледі. Біз бұл жұмыстарды SUBARU дилерінде артқы дөңгелектерді ауыстырумен қатар орындауға кеңес береміз.

Сатылым нарықтарындағы кейбір дөңгелекті дискілерге TPMS жүйесінің қысымтығындарын орнату мүмкін болмауы ықтимал. Тиісінше, дөңгелектерді ауыстыру кезінде (мысалы, қысқы шиналарға ауысқан кезде) стандартты жиынтықта орнатылған бөлшектің нөмірі бар дөңгелек дискілерін пайдаланыңыз. Төрт жұмыс істейтін қысымтығын/ дөңгелектердегі TPMS жүйесінің қадағасы болмаса TPMS жүйесі толыққанды жұмыс істемейді және аспаптар комбинациясындағы ескерту шамы шамамен бір минут бойы жыпылықтағаннан кейін үздіксіз жанатын болады.

Шиналарды ауыстыру кезінде шиналардағы қысым мониторинг жүйесінің қалыпты жұмысын жалғастыруға кепілдік беретін реттеу талап етіледі. Тиісінше, дөңгелекті ауыстырған жағдайдағыдай, біз бұл жұмыстарды Сіздің SUBARU дилерінде орындауыңызды нұсқаймыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Егер шиналардағы ауаның төменгі қысымының ескерту шамы оталдыру құлпын "ON" қалпына ауыстырғаннан кейін қысқа уақытқа қосылмаса немесе шам шамамен бір минут бойы жыпылықтаудан соң үздіксіз жанып тұрса, біз SUBARU дилерінде шиналардағы ауа қысымының мониторинг жүйесін мүмкіндігінше тез арада тексеру керектігін ескертеміз.

- ЖАЛҒАСЫ –

Егер бұл шам қозғалыс кезінде қосылса, кенеттен тежемеңіз, жылдамдықты қозғалысты жалғастыра отырып бірте - бірте төмендетіңіз. Содан кейін байыппен жол шетіне шығып, қауіпсіз жерде тұрақтаңыз. Керісінше жағдайда автокөліктің қатты зақымдануы және жарақат алып қалуы ықтимал.

Егер бұл шам шинадағы қысымды реттегеннен кейін қозғалыс кезінде жануды жалғастырса, шинаның айтарлықтай зақымдалуы мүмкін және қатты жылымдану ауаның жылдам ағуына әкелуі ықтимал. Егер Сіздің шинаңыздан жел шығып кеткен болса, оны мүмкіндігінше тезірек ауыстырыңыз.

Егер қосалқы дөңгелек орнатылса немесе ауыстырылған дөңгелектің жиегіне түпнұсқа қысым қадағасы/таратқыш орнатылған болса, шинадағы ауаның қысымының төмендігін ескерту шамы бір минут бойы жыпылықтағаннан кейін үздіксіз жанатын болады. Бұл TPMS жүйесінің барлық төрт дөңгелекті бақылай алмайтындығын білдіреді. Біз Сіздің шина мен қадағаны ауыстыру және/немесе жүйені қайта баптау үшін SUBARU дилеріне барынша дереу арада хабарласқаныңыздың дұрыс екендігін ескертеміз.

Егер шам шамамен бір минут бойы жыпылықтаудан соң үздіксіз жанып тұрса, жүйені тексеру үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

■ Шиналардың күйін тексеру

Күн сайын автокөліктің шиналарының айтарлықтай зақымдарының жоқтығын, сондай-ақ қыстырылып қалған шегелер мен тастардың жоқтығын тексеріңіз. Соған қоса шиналардың шамадан тыс тозуын тексеріңіз.

Қандай да бір кемшіліктер анықталған жағдайда, біз Сізге SUBARU дилеріне дереу арада хабарласуды ұсынамыз.


ЕСКЕРТПЕ

- **Жиектасқа ұрғаннан кейін немесе автокөлікті ауыр жағдайларда (мысалы, шоқалақ жолдармен жүру) пайдаланғаннан кейін Сіздің автокөлігіңіздің дискілері мен шиналары көзге көрінбейтін зақым алуы мүмкін. Мұндай зақымдардың нәтижелері белгілі бір уақыт өткеннен кейін байқалатын болады. Жиектасқа шығып кетуден сақ болыңыз, жолдағы ойыққа түсіп кетуден сақтаныңыз және шоқалақ жолдармен жүрмеңіз. Егер мұндай жағдайдан құтылу мүмкін болмаса, жаяу жүргіншінің жылдамдығына дейін автокөліктің қозғалысының жылдамдығын төмендетіңіз, жиектастар мен басқа да кедергілерден тік бұрышпен кесе өтуге тырысыңыз. Сонымен қатар, Сіздің автокөлігіңіздің шиналары тұрақ кезінде жиектасқа қатты жақын болмауын қадағалаңыз.**
- **Егер Сіз автокөлігіңіздің қозғалысы кезінде ерекше дірілді сезсеңіз немесе тікелей қозғалыс кезінде автокөлікті рөл арқылы біркелкі ұстап тұру қиын болса, онда бұл автокөліктің шиналарының және/немесе дискілерінің бірінің зақымдалғанын білдіруі мүмкін. Мұндай жағдайларда, біз Сіздің жедел арада автокөлікті тексеру үшін жақын жердегі SUBARU ресми дилеріне жетуіңізге кеңес береміз.**

■ Шинадағы қысым және шиналардың тозуы

Шинадағы ауаның дұрыс қысымын ұстап тұру сізге олардың қызмет ету мерзімін барынша ұзартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл Сіздің автокөлігіңіздің жақсы сапасын қамтамасыз етуге қажетті шарттардың бірі болып табылады. Айына кемінде бір рет (мысалы, жанармай құю кезінде), сондай-ақ әрбір алыс сапарға шығу

алдында әр шинадағы ауа қысымын тексеріңіз және қажет болса реттеңіз (қосалқы дөңгелектің шинасын қоса алғанда).



Шиналар туралы ақпараты бар тақтайша

Шиналар туралы ақпараты бар тақтайша жүргізуші жақтағы ортаңғы тіректе орналастырылған; Қысымды тек суық шиналарда тексеру керек. Өлшеу үшін манометрді пайдалана отырып шинадағы қысымды арнайы кестеде келтірілген нормативтік шамаларға сәйкес реттеңіз.

Тіпті жақын жерлерге барғаннан кейін де шина қызады, ал олардағы ауа қысымы артады. Сонымен қатар, шинадағы ауа қысымы сырттағы ауаның температурасына байланысты. Неғұрлым тиімдісі жолға шығу алдында ашық жерде шинадағы ауа қысымын тексеру.

Шина қызған кезде оның ішіндегі ауа ұлғаяды, нәтижесінде шинадағы ауа қысымы артады. Ішінен ауаны шығару арқылы қателесіп қысымды төмендетіп алмау үшін аса сақ болыңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


Шинадағы ауа қысымын реттеу үшін жылы шиналардан ауа шығармаңыз. Бұл шиналардағы ауа қысымының төмендеуіне әкеліп соқтырады.

ЕСКЕРТПЕ

- **Шина қызған кезде, ондағы ауаның қысымы шамамен 30 кПа дейін (0,3 кгс/см^2) артады.**
- **Егер автокөлік кем дегенде 3 сағат қозғалыссыз тұрған болса немесе 1,6 ш. аз қашықтықты жүрген болса шиналар салқын деп саналады.**

Шинадағы ауа қысымының дұрыс болмауы Сіздің автокөлігіңіздің маневрлігі мен сапардың жайлылығын нашарлатып қана қоймай, шиналардың жылдам тозуына да ықпал етеді.


- **Шинадағы ауа қысымының дұрыс болуы** (протектордың тозуы - біркелкі)



Жол жабынына ілініс — жақсы, автокөлік рөл бұрылысына сай қозғалады.


Тербеліске кедергісі - төмен, бұл жанармайдың аз жұмсалуын қамтамасыз етеді.

- **Желі шыққан шина** (проекторының шеттері тозған)



Тербеліске кедергісі — жоғары, бұл жанармайдың көп жұмсалуына әкеліп соқтырады.

- **Шинадағы ауаның қысымы шамадан тыс жоғары** (протектордың ортасы тозған)



Жүрісінің жайлылығы - төмен. Оның үстіне шина автокөлікке жол жамылғысының тегіс болмауы салдарынан болатын әсерді күшейтеді, бұл автокөліктің зақымдануына әкелуі мүмкін.

Егер шина туралы ақпараты бар тақтайшада толық жүктememен қозғалу кезіндегі және тіркемені тіркеп сүйреу кезіндегі шинадағы ауаның нормативтік қысымы келтірілсе, онда Сіздің автокөлігіңіздің ағымдағы жүктемелік режиміне сәйкес шинадағы қысымды реттеңіз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Шинадағы қысым өте төмен болғанда жоғары жылдамдықпен қозғалу шиналардың жылдам қызуына және деформациясына әкелуі мүмкін. Температураның күрт көтерілуі протектордың қатпарлануына және шинаның бүлінуіне әкелуі мүмкін. Осының нәтижесінде автокөлікті бақылаудан айырылып, салдарынан апаттың туындауы мүмкін.

■ Дөңгелектерді теңдестіру

Сіздің автокөлігіңіздің барлық дөңгелектері автокөлікті құрастыру кезінде дұрыс теңдестірілген, бірақ автокөлікті пайдалану кезінде шиналардың тозу шамасына қарай дөңгелектердің теңдестірілімінің бұзылуы мүмкін. Дөңгелектердің теңдестірілімдерінің бұзылуы белгілі жылдамдықтарда рөл дөңгелегінің дірілінің, сондай - ақ автокөліктің түзу қозғалыстан ауытқуының себебі болып табылады. Соған қоса, дөңгелектердің теңдестірілімдерінің бұзылуы басқару жүйесіндегі кемшіліктерге және автокөліктің аспасының зақымдануына, сондай - ақ шиналардың әр түрлі тозуына себеп болуы мүмкін. Дөңгелектердің теңдестірілімінің дұрыстығына қатысты күмәніңіз болса, біз Сізге

дөңгелектердің күйін тексеру және оларды теңдестіру бойынша жұмыстарды жүргізу үшін SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз. Оның үстіне дөңгелектерді теңдестіруді шиналарды жөндеу және ауыстырудан кейін жүргізу керек.


⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Дөңгелектерді орнату бұрыштарының бұзылуы шинаның қатты тозуына ғана емес, сонымен қатар автокөліктің тұрақтылығының төмендеуіне әкеледі. Шиналардың шамадан тыс тозуы анықталған кезде біз Сізге SUBARU ресми дилеріне баруға кеңес береміз.

ЕСКЕРТПЕ

Бір сызық бойымен түзу қозғалыстың оңтайлы тұрақтылығын, сондай - ақ бұрылыстардағы орнықтылықты қамтамасыз ету үшін Сіздің автокөлігіңіздің аспасының конструкциясында әрбір дөңгелек басқа дөңгелекке қарағанда да, жол бетіне қарағанда да белгілі бір бұрышпен орнатылатындай жағдай көзделген.

■ Тозу индикаторлары



1) Жаңа протектор.
2) Тозған протектор.
3) Протектордың тозу индикаторы.

Әрбір шинаның тозу индикаторы бар, ол шинаның протекторының жырашығы 1,6 мм дейін азайған кезде көрінеді. Тозу индикаторының тұтас көлденең жолағы көрінген кезде шинаны ауыстыру қажет.


⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Тозу индикаторының көрінуі шинаның тозу деңгейінің шартты шамадан артық екендігін және шинаның дереу арада ауыстырылуының керектігін білдіруі мүмкін. Егер осындай шинамен автокөлікті пайдалануды жалғастыратын болсаңыз, онда жоғары жылдамдықпен жүргенде ауа-райы жағдайы ылғалды болса автокөлік акважоспарлау режиміне ауысып кетуі мүмкін. Осының нәтижесінде автокөлікті бақылаудан айырылып, салдарынан апаттың туындауы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

Жалпы қауіпсіздік мақсатында шина протекторларының жағдайын үнемі тексеріп отырыңыз, шиналарды тозу индикаторлары көрінгенге дейін ауыстырған абзал.


■ Шиналардың айналу бағыты




Бүйір бетінде көрсетілген шиналардың айналу бағытының үлгісі
1) Алдыңғы бағыт.

Егер шиналардың белгілі бір айналу бағыты болса, бүйір бетінде көрсетілген бағыттаманы пайдаланыңыз. Дөңгелектерді орнату кезінде бағыттама алға қарай бағытталуы тиіс.

■ Шиналардың орнын ауыстыру



Айналу бағытын анықтаусыз төрт шинамен жабдықталған моделдер
1) Алдыңғы бағыт.



Бір бағытты шиналармен жабдықталған моделдер
1) Алдыңғы бағыт.

Әдетте, әртүрлі дөңгелектегі шиналардың тозуы әртүрлі. Әрбір шинаның қызмет ету мерзімін ұзарту және олардың біркелкі тозуын қамтамасыз ету үшін оларды әрбір 10 000 шақырым жүріс сайын орындармен ауыстыру керек. Шиналардың орындарын ауыстырған сайын олардың қалыптары жоғарыда келтірілген суреттерге сәйкес болуын қамтамасыз етіңіз. Шиналардың орындарын ауыстырумен бір мезгілде зақымданған шиналарды немесе біркелкі тозбаған шиналарды да ауыстыру қажет. Шиналардың орындарын ауыстырғаннан кейін шиналардағы ауа қысымын реттеңіз, сондай - ақ дөңгелектерді бекіту сақиналарының тартылғандығын тексеріңіз.

Шамамен 1 000 ш. жуық жүрістен кейін дөңгелектерді бекіту сақиналарын тексеріңіз және босағандарын қатайтып бұраңыз.

■ Шиналарды ауыстыру

Дискілер мен шиналар автокөлік конструкциясының маңызды және ажырамас бөлшектері болып табылады, оларды еркін түрде айырбастауға болмайды. Автокөліктің стандартты жиынтығының құрамына кіретін шиналар Сіздің автокөлігіңіздің үздік жүріске бейімділік сипаттамаларын және жайлылықты үйлестіретін, сондай-ақ Сіздің автокөлігіңізді ұзақ уақытқа жарамды ететін оңтайлы пайдаланушылық қасиеттерін қамтамасыз ету үшін таңдап алынды. Сіздің автокөлігіңіздің әрбір шинасының әрқайсысына есептелген өлшем, конструкциясы, шектік жылдамдық және жүктеме шиналар туралы ақпараты бар тақтайшада келтірілген нормативтік талаптарға сәйкес болуы өте маңызды.

Белгіленген өлшемдерге сәйкес келмейтін шиналарды пайдалану автокөліктің басқарылуын, жолдың жайлылығын төмендетеді, автокөліктің тежегіштік сипаттамасын нашарлатады, спидометр мен одометр көрсеткіштерінде кемшіліктің болуына себеп болады. Бұл ретте дөңгелектер мен автокөлік шанағының арасында саңылау дұрыс қалыптаспай, осы автокөлік үшін қарастырылған саңғалдың кемуіне соқтырады.

Барлық төрт шинаның өндірушісі, маркасы (протекторының суреті), конструкциясы мен өлшемі бір болуы тиіс. Шиналарды ауыстыру кезінде біз Сізге автокөлігіңіздің стандартты жиынтығына кіретін шиналарға ұқсас түрлерін ғана пайдалануды ұсынамыз.

SUBARU автокөлігін пайдалану қауіпсіздігін арттыру үшін барлық шиналарды бір мезгілде ауыстыру ұсынылады.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Шинаны (шиналарды) ауыстырған немесе орнатқан кезде барлық төрт шинаның мынадай параметрлері бірдей болуы тиіс.**
  - **(a) Өлшемі.**
  - **(b) Шеңбер ұзындығы.**
  - **(c) Шекті жылдамдықтың белгіленуі.**
  - **(d) Жүктеме индексі.**
  - **(e) Конструкциясы.**
  - **(f) Өндіруші.**
  - **(g) Маркасы (протектордың суреті).**
  - **(h) Тозу дәрежесі.**

  (a) — (d) позицияларына қатысты шиналар туралы ақпараты бар тақтайшада көрсетілген талаптарды сақтау қажет. Шиналар туралы ақпараты бар кесте жүргізуші есігінің төменгі бөлігінде орналасқан.

  Егер барлық төрт шина (a) - (h) параметрлері бойынша бірдей болмаса, бұл Сіздің автокөлігіңіздің трансмиссиясын күрделі механикалық зақымдауға алып келеді және келесі факторларға әсер етеді.
  - **Жүріс сипаттамалары.**
  - **Басқарылуы.**
  - **Тежелуі.**
  - **Спидометрдің/одометрдің калибрленуі.**
  - **Шанақ пен шиналардың арасындағы саңылау.**

  Сондай-ақ бұл қауіпті болуы мүмкін және апатқа әкеліп соқтыруы мүмкін.

- ЖАЛҒАСЫ –

- **Тек радиалды шиналарды ғана пайдаланыңыз. Радиалдық және диагональ немесе диагональ-қапсырмалы шиналарды қатарынан пайдалануға жол бермеңіз. Бұл автокөліктің басқарылуына қауіпті әсер етуі және апатқа әкелуі мүмкін.**

■ Дискілерді ауыстыру

Дискілерді олардың зақымдануына немесе басқа да себептерге байланысты ауыстыру барысында жаңа дискілердің сипаттамалары автокөліктің стандартты жиынтығына кіретін дискілердің сипаттамаларына сай екендігіне көз жеткізіңіз. Жаңа дискілерді Сіз SUBARU дилерінен сатып ала аласыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Техникалық сипаттамалары Сіздің автокөлігіңізде пайдалануға сай келетін дискілерді ғана пайдаланыңыз. Осы талаптарға сай келмейтін дискілер тежегіш суппортының жұмысына кедергі келтіруі, сондай - ақ бұрылыстарда дөңгелектердің қуыстары мен шиналардың үйкелуіне әкеліп соқтыруы мүмкін. Осының нәтижесінде автокөлікті бақылаудан айырылып, салдарынан апаттың туындауы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

Кез келген дискіні алып тастағаннан және ауыстырғаннан кейін немесе шина зақымдалғаннан кейін шамамен 1 000 шақырым жүргеннен кейін дөңгелектерді бекіту сақиналарының тартылуын міндетті түрде тексеріңіз. Босаған сақиналарды бекітілген тарту күшіне сай тартыңыз.

Алюминий қорытпасынан жасалған дискілер (егер орнатылған болса)

Жеңіл балқитын дискілер оңай сызылады және механикалық зақымдарға бейім. Қауіпсіз жүрісті және осындай дискілердің қалыпты пайдаланушылық сипаттамаларын қамтамасыз ету үшін, сондай - ақ олардың сыртқы түрін сақтау үшін олармен жұмыс істеу кезінде сақ болу керек.

- Кез келген дискіні алып тастағаннан және ауыстырғаннан кейін немесе шина зақымданғаннан кейін шамамен 1 000 шақырым жүргеннен кейін дөңгелектерді бекіту сақиналарының тартылуын міндетті түрде тексеріңіз. Босаған сақиналарды бекітілген тарту күшіне сай тартыңыз.
- Майды бұрандалы бөліктерге, дөңгелектерді бекіту сақиналарына немесе дискілердің конустық беттеріне жақпаңыз.
- Дискілердің шығып тұрған өткір заттарға немесе жолжиекке үйкелуіне жол бермеңіз.
- Сырғанап кетуге қарсы шынжырларды орнату кезінде олардың барлық шина бойынша біркелкі таралуын қамтамасыз етіңіз, өйткені олар дискінің үстін сызып кетуі мүмкін.


- Дөңгелектерді бекіту сақиналарын, теңдестіру жүкшелерін немесе орталық қалпақтарды ауыстырған кезде біз Сізге жеңіл балқитын дискілерге арнайы әзірленген SUBARU түпнұсқа қосалқы бөліктерін пайдалануға кеңес береміз.

Шыны жуатын сұйықтық


■ Шыны жуғыш сұйықтықты толтырып құю

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Шыны жуғыш сұйықтық ретінде қозғалтқышты салқындататын сұйықтықты ешқашан пайдаланбаңыз, өйткені ол автокөліктің лак - бояулы жабынын зақымдауы мүмкін.




"A" түрлі аспаптардың комбинациясы.



"B" түрлі аспаптардың комбинациясы.

Егер бакта қалған шыны жуғыш сұйықтықтың мөлшері аз болса, жел әйнегінің әйнегін жуатын сұйықтың мөлшерінің аздығын білдіретін ескерту шамы қосылады. Осындай жағдай орын алғанда шыны жуғыш сұйықтықты былайша құйыңыз.



Шыны жуғыш сұйықтық багының мойынының қақпағын алыңыз, содан кейін "FULL" белгісіне дейін шыны жуғыш сұйықтықты толтырыңыз.

■ Шыны жуғыш сұйықтық

Арнайы шыны жуғыш сұйықтықты пайдаланыңыз. Арнайы шыны жуғыш сұйықтық болмаған жағдайда таза суды пайдаланыңыз.

Қыста су қататын жерлерде арнайы қатпайтын шыны жуғыш сұйықтықты пайдаланыңыз. SUBARU ұсынған түпнұсқа шыны жуғыш сұйықтығының құрамының 58,5% метил спирті және 41,5% беттік-белсенді заттар. Оның қату температурасы төменде келтірілген кестедегі араластыру дәрежесіне байланысты болады.

Шыны жуғыш сұйықтықтың концентрациясы	Қату температурасы
30%	**-12 °C**
50%	**-20 °C**
100%	**-45 °C**

Қоршаған ауа температурасына сұйықтықтың концентрациясын келтіру кезінде шыны жуғышқа арналған сұйықтықтың қатып қалуын болдырмау мақсатында жоғарыда көрсетілген кесте бойынша қату температурасын тексеріңіз.

Егер Сіз бакқа бұрын құйылған концентрациядан өзге концентрациядағы сұйықтықты құйсаңыз, шыны жуғыштың багы мен бүріккіштері арасындағы түтікті жаңа сұйықтықпен жуу үшін аздаған уақытқа жуғышты қосып қойыңыз. Әйтпесе, егер түтіктерде қалған сұйықтықтың концентрациясы сыртқы ауаның белгіленген температурасы үшін қажетті мөлшерден аз болса, онда қатып қалуы салдарынан бүріккіштердің қалыпты жұмысына кедергі келтіруі мүмкін.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Шыны жуғыш сұйықтықтың концентрациясын сыртқы ауа температурасына келтіріңіз. Концентрация сай келмейтін болса жел қағатын шыныға шашыратылған сұйықтық қатып, Сіздің көруіңізді нашарлатуы, сондай - ақ бактың ішінде қатып қалуы мүмкін.

Шыны тазартқыштың щөткелерін ауыстыру

Жел әйнегіне немесе шыны тазартқыштың щөткесіне жәндіктердің, балауыздың, майдың және басқа да заттардың жабысуы шыны тазартқыштың жұмысының біркелкілігінің бұзылуына және шыны бетінде лас жолақтардың пайда болуына әкеліп соғады. Егер шынының бетінде оны шыны жуғыш жуғаннан кейін кір жолақ қалса немесе шыны тазартқыш дұрыс жұмыс істемесе жел әйнегінің (немесе артқы шынының) сыртқы бетін, сондай - ақ шыны тазартқыштың щөткелерін бейтарап жуу құралы ерітіндісінің көмегімен немесе ысқыштың немесе жұмсақ шүберектің көмегімен орташа абразивті тазарту құралымен тазалаңыз. Тазалағаннан кейін жел әйнегін және шыны тазартқыштың щөткелерін таза сумен шайыңыз. Жел әйнегініңбетінде сумен жуылғаннан кейін тамшы түзілмесе жел әйнегі таза болып саналады.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- **Шыны тазартқыштың щөткесін жанармаймен немесе ерітіндімен (мысалы, бояуға арналған сұйылтқышпен немесе бензинмен) тазартпаңыз. Бұл олардың жұмысын нашарлатады.**
- **Шыны тазартқыштың иінтіректерінен щөткесін алу кезінде шыны тазартқыштың иінтіректерін қайтадан шыныға қарай түсірмеңіз. Керісінше жағдайда жел әйнегінің беті сызылып қалуы мүмкін.**
- **Шыны тазартқыштың иінтіректерін жел әйнегіне қайта көтеру кезінде оларды қолмен ұстай отырып, ұқыппен түсіріңіз. Сіз шыны тазартқыштың иінтіректерінің жел әйнегінің бетіне тек серіппенің әсерінен ғана түсірілуіне жол бермеуіңіз керек. Әйтпесе, шыны тазартқыштың иінтіректері деформациялануы мүмкін және / немесе жел әйнегінің беті сызылуы мүмкін.**


Егер Сіз жоғарыда көрсетілген тәсілмен шыныдағы жолақтарды кетіре алмасаңыз, шыны тазартқыштың щөткесін төмендегідей ауыстырыңыз.

■ Жел әйнегініңжинағындағы шыны тазартқыштың щөткесі

ЕСКЕРТПЕ

Шыны тазартқыштың щөткесі алынған кезде шыны тазартқыштың иінтірегін жібермеңіз.


1. Шыны тазартқыштың иінтірегін жел әйнегінен алыстатыңыз.



⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Шыны тазартқыштың щөткесін ауыстырған кезде шыны тазартқыштың иінтірегін ұстап тұрыңыз. Егер Сіз шыны тазартқыштың щөткесін ұстап тұрсаңыз, бұл щөткенің деформациясына әкелуі мүмкін.

- ЖАЛҒАСЫ –




1) Бекіткіштің түймесі.

2. Шыны тазартқыштың щөткесін қолмен ұстап тұрып, бекіткішті ажырату үшін бекіткіштің түймесін басыңыз, содан кейін жинақтағы шыны тазартқыштың щөткесін тартыңыз.


ЕСКЕРТПЕ

Бекіткіш батырмасын басу үшін қатты затты пайдаланбаңыз. Бекіткіштің түймесі сызылып қалуы мүмкін.



3. Шыны тазартқыш щөткесін жинақта орнатқан кезде оны шыны тазартқыш иінтірегінің қосқыш бөлігімен біріктіріңіз, содан кейін орнату үшін алып тастаудың кері бағытына қарай жылжытыңыз. Шыны тазартқыштың щөткесін орнатқаннан кейін жиынтықта жалғау бөлігінің толық бекітілгеніне көз жеткізіңіз.
4. Шыны тазартқыш иінтірегін қолмен ұстап тұрып, оны шынығa қарай ақырындап түсіріңіз.

■ Шыны тазартқыш щөткесінің резеңке таспасы



Төмендегі әрекеттерге сәйкес шыны тазартқыш щөткесінің резеңке таспасын ауыстырыңыз.


1. Шыны тазартқыштың щөткесінің резеңке таспасын шыны тазартқыш щөткесінің төменгі бөлігіндегі кетік суретте көрсетілгендей босатып алу қалпына жеткенше тартыңыз, осыдан кейін оны алып тастауға болады.
2. Алу үшін шыны тазартқыш щөткесінің резеңке таспасының ұшын кетік арқылы тартыңыз.
3. Шыны тазартқыштың щөткесіне жаңа резеңке таспа орнату үшін босатып алу рәсімін кері ретпен орындаңыз. Орнатқаннан кейін щөткенің резеңке таспасының ұшы қақпақтың шетіне жеткеніне көз жеткізіңіз.

ЕСКЕРТПЕ


Шыны тазартқыш щөткесінің резеңке таспасын ауыстыру қиын болуы мүмкін. Біз шыны тазартқыш щөткесінің резеңке таспасын ауыстыру қажет болған жағдайда Сізге SUBARU дилеріне баруды ұсынамыз.

■ Артқы шыны тазартқыштың щөткесі

1. Шыны тазартқыштың иінтірегін артқы шыныдан алыстатыңыз.




2. Шыны тазартқыш щөткесін сағат тіліне қарсы бұраңыз.




3. Шыны тазартқыш щөткесін иінтіректен алып тастау үшін оны өзіңізге қарай тартыңыз.
4. Шыны тазартқыштың щөткесін шыны тазартқыштың иінтірегіне орнатыңыз. Оның мұқият бекітілгендігіне көз жеткізіңіз.
5. Шыны тазартқыш иінтірегін қолмен ұстап тұрып, оны шыныға қарай ақырындап түсіріңіз.


■ Артқы шыны әйнегін тазартқыш щөткесінің резеңке таспасы



1. Шыны тазартқыш щөткесінің резеңке таспасының шетінен тартыңыз.




2. Күш сала отырып пластмасса ұстағышынан шыны тазартқыш щөткесінің резеңкесін алып тастаңыз.




1) Металл бағыттаушылар.

3. Егер щөткеніңжаңа резеңке таспасы екі металл бағыттаушымен жабдықталмаса, оларды шыны тазартқыш щөткесінің ескі резеңке таспасынан босатып алып, жаңасына орнатыңыз.



4. Шыны тазартқыш щөткесінің резеңке таспасындағы пластмасса ұстағыштың табандарын біріктіріңіз және орнына резеңке таспаны орнатыңыз.



Пластмасса ұстағыштың ұшында орналасқан бекіткіштердің көмегімен жаңа резеңке таспаның екі ұшын мұқият бекітіңіз. Егер резеңке таспаның мұқият бекітілуі қамтамасыз етілмесе, артқы шыныны шыны тазартқыштың щөткесі сызып тастауы мүмкін.

5. Шыны тазартқыштың щөткесін шыны тазартқыштың иінтірегіне орнатыңыз. Оның мұқият бекітілгендігіне көз жеткізіңіз.
6. Шыны тазартқыштың иінтірегін қолмен ұстап тұрып, оны шынығa қарай ақырындап түсіріңіз.

Аккумуляторлық батарея

■ Аккумуляторлық батареяны пайдалану барысындағы сақтық шаралары!

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Осы нұсқаулармен мұқият танысыңыз

Аккумуляторлық батареяны қауіпсіз және тиісті күтуді қамтамасыз ету мақсатында аккумуляторлық батареямен жұмыс жүргізу немесе оны тексеру алдында келтірілген сақтық шараларымен мұқият танысыңыз.

Қорғаныс көзілдірігін киіңіз

Сіз автокөлігіңіздің аккумуляторлық батареясынан тікелей жақын жерде жұмыс істеген кезде көзді қорғау құралдарын міндетті түрде киіңіз. Электролиттің құрамында көзге тиген кезде көру қабілетінен айыруы мүмкін күкірт қышқылы бар.

Сонымен қатар, аккумуляторлық батарея тез тұтанғыш және өте жарылғыш газ - сутегін бөледі. бұл газдың жануы кезінде көзді қорғау өмірлік маңызы бар қажеттілік болып табылады.

Электролит құрамында күкірт қышқылы бар

Электролит құрамында күкірт қышқылы бар болғандықтан, аккумулятор батареясының жағдайын тексеру кезінде көзді қорғауға арналған құралдарды және қорғаныш қолғапты міндетті түрде киіңіз. Аккумулятор батареясының аударылуына және механикалық соққылануына жол бермеңіз, бұл одан электролиттің ағуына әкелуі мүмкін.

Ешқандай жағдайда Сіздің теріңізге, көзіңізге немесе киіміңізге электролиттің тиюіне жол бермеңіз, себебі бұл күйікке және көру қабілетін жоғалтуға әкеліп соқтыруы мүмкін. Егер электролиттің шашырандысы Сіздің теріңізге, көзіңізге немесе киіміңізге түссе, дереу арада оларды көп мөлшердегі ағынды сумен шайыңыз.

Егер электролиттің шашырандысы Сіздің көзіңізге түссе, дереу медициналық көмекке жүгініңіз. Электролит ауыз қуысына, өңешке немесе асқазанға кездейсоқ түскен кезде бірден сүт немесе көп мөлшерде су ішу керек, содан кейін медициналық көмекке жүгінген дұрыс.

Электролит - күйдіргіш сұйықтық. Электролиттің тамшылары Сіздің автокөлігіңіздің боялған беттеріне немесе қаптау матасына түскен кезде, оларды көп мөлшердегі сумен жуыңыз.

Балалардан сақтаңыз!

Аккумуляторлық батареяларға қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды онымен жұмыс істеу кезіндегі ықтимал қауіптер туралы хабарланған тұлғалар жүргізуі тиіс. Балалардың аккумулятор батареясының жанында болуына жол бермеу үшін ерекше сақтық шараларын қолданыңыз. Аккумуляторлық батареяны тиісінше пайдаланбау күйікке және көру қабілетін жоғалтуға әкеліп соқтыруы мүмкін.

- ЖАЛҒАСЫ –

Оттан сақтаңыз!

Аккумуляторлық батареямен жұмыс басталар алдында немесе оған тікелей жақын жерде жұмыс жүргізер алдында барлық шылымды, сіріңке мен оттықтарды сөндіріңіз. Аккумуляторлық батареяның жанында электр ұшқындарының пайда болуына, сондай-ақ оның жанында тез тұтанатын заттардың болуына жол бермеңіз. Аккумулятор батареясы тез тұтанғыш және төтенше жарылыс қауіпті сутегін бөлетіндіктен, аккумулятор батареясының жанында ұшқын шашырауының пайда болуы немесе оның жанында жабық от көздерінің болуы жарылысқа әкелуі мүмкін.


Сіздің автокөлігіңіздің аккумуляторлық батареясына жақын жерде жұмыс жүргізу кезінде оның клеммасына (+) және (-) металл аспаптарымен тұйықталуына, сондай – ақ автокөлік шанағына оның оң клеммасына (+) тұйықталуына жол бермеңіз.

Бұл ретте ұшқын разрядтарының пайда болуымен ілесе жүретін қысқа тұйықталу пайда болады, бұл өз кезегінде жарылыстың себебі болуы мүмкін.

Аккумуляторлық батареямен жұмыс істеудің алдында ұшқын разрядтарының пайда болуын болдырмау немесе оған тікелей жақын жерде жұмыс жүргізбеу үшін барлық сақиналарды, қол сағаттарын және басқа да металл әшекейлері мен аксессуарларды шешіп тастаңыз.

Жарылыс қаупі!

Қуаттау кезінде аккумуляторлық батареялар тез тұтанатын және өте жарылыс қауіпті газ-сутегін бөледі. Жарылыстың алдын алу үшін Сіздің автокөлігіңіздің аккумуляторлық батареясын жақсы желдетілетін жабдықпен қуаттаңыз, сондай - ақ оның жанында тез тұтанатын заттардың болуына жол бермеңіз.



1) Қақпақ.
2) Жоғарғы деңгей.
3) Төменгі деңгей.

Аккумуляторлық батареяның қалыпты жұмыс істеуі үшін электролит мөлшерін үнемі тексеру қажет емес, сондай - ақ дистилденген суды толтырудың да қажеті жоқ.

Сонымен қатар, егер электролит деңгейі төменгі деңгей белгісінен төмен болса, қақпақты алып тастаңыз. Жоғарғы деңгей белгісіне дейін дистилденген суды құйыңыз.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ


Аккумуляторлық батареяны қуаттау кезінде қуаттау тоғы 10 А аспауы тиіс, әйтпесе бұл аккумуляторлық батареяның қызмет ету мерзімін қысқартуға әкелуі мүмкін.

Сақтандырғыштар


⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Сақтандырғышты ауыстырған кезде жаңа сақтандырғыштың номиналының үлкен болуына жол бермеңіз, сондай - ақ сақтандырғыш ретінде әр түрлі қол материалдарын қолданбаңыз, себебі екі жағдайда да бұл айтарлықтай зақымдарға немесе өртке әкелуі мүмкін.

Сақтандырғыштардың конструкциясы электр сымдары мен электр жабдықтарының зақымдануын болдырмау үшін электр жүктемелері кезінде олардың балқығыш жалғастыруыштарын балқытуды қарастырады. Сақтандырғыштар сақтандырғыштардың екі блогында болады.




Олардың бірі аспаптар панелінің астындағы қақпақтың сыртында орналасқан. Қақпақты алу үшін оны өзіңізге қарай тартыңыз.




1) Қосалқы сақтандырғыштар.

Басқа (сақтандырғыштың бас блогы) мотор бөлігінде орналасқан. Қосалқы сақтандырғыштар сақтандырғыштар блогының қақпағында сақталады.



Сақтандырғыштарға арналған пинцет мотор бөлігінде орналасқан сақтандырғыштардың басты блогында сақталады. Сақтандырғыштың жоғарғы бөлігін пинцетпен ұстаңыз, содан кейін оны сақтандырғыштың басты блогынан алыңыз.




1) Жарамды сақтандырғыш.
2) Жанып кеткен сақтандырғыш.

Егер қандай да бір шамдар, қосалқы электр жабдықтары немесе басқа электрлік басқару органдары жұмыс істемесе, тиісті сақтандырғыштың күйін тексеріңіз. Егер сақтандырғыш жанып кетсе, оны жаңасымен ауыстырыңыз.

1. Автокөліктің барлық электр құрылғыларын өшіру үшін оталдыру құлпын "LOCK"/"OFF" бағытына бұраңыз.
2. Қақпақты алыңыз.
3. Сақтандырғыштың қайсысының қызып кететінін анықтаңыз. Сақтандырғыштардың әрбір блогының қақпағының ішкі жағын тексеріңіз, сондай-ақ

"Балқыма сақтандырғыштар және олар қорғайтын электрлік тізбектер" бөлімін қараңыз ☞12-12.



4. Сақтандырғыштар үшін арнайы қарастырылған пинцеттің көмегімен сақтандырғышты алыңыз.
5. Сақтандырғыштың күйін тексеріңіз. Егер ол жанып кетсе, оны сол номиналы бар қосалқы сақтандырғышпен ауыстырыңыз.
6. Қандай да бір сақтандырғыштың қайта жануы қорғалуын осы сақтандырғыш қамтамасыз ететін электрлік тізбекте кемшіліктің барын білдіреді. Мұндай жағдайда жөндеу жүргізу үшін Сізге SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

Қосымша жабдықты орнату

Сіздің автокөлігіңізге тұманға қарсы шамдарды, сондай - ақ басқа да электр жабдықтарын орнатар алдында біз Сізге SUBARU дилерімен кеңесіп алуды ұсынамыз. Егер мұндай қосымша жабдықты орнату дұрыс жүргізілмесе немесе егер ол осы автокөлікке арналмаған болса, онда бұл жабдық автокөліктің электрондық жүйелерінің істен шығуына себеп болуы мүмкін. Біз Сіздің автокөлігіңізге тек түпнұсқа SUBARU қосымша жабдығын орнатуға кеңес береміз.
Сонымен қатар, біз Сізге міндетті түрде
Сіздің автокөлікке радиоқабылдағышты орнату алдында SUBARU дилеріне кеңесу үшін хабарласуды ұсынамыз.

Шамдарды ауыстыру

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Жанып тұрған шамдар өте ыстық болуы мүмкін. Шамдарды ауыстырар алдында жарықты сөндіріңіз және шамдар салқындағанша күтіңіз. Керісінше жағдайда күйік алу қаупі бар.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ


Шамдарды техникалық сипаттамаларға сәйкес келетін қуаттағы жаңа шамдарға ғана ауыстырыңыз. Басқа қуатты шамдарды пайдалану өртке әкелуі мүмкін. Шам қуатының номиналды мәндері туралы ақпарат алу үшін "Пайдаланылатын шамдардың тізбесі" бөлімін қараңыз ☞12-16.

Шамның шыны бөлігін жалаңаш қолмен ұстамаңыз. Егер шамның шыны бөлігінен ұстамау мүмкін болмаса, оны таза құрғақ шүберекпен ұстаңыз, бұл шамға ылғал мен майды түсірмейді. Сонымен қатар, шамда сызаттар пайда болса немесе ол құлаған жағдайда, оның жарылуы немесе атылуы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ


- **Бейімді бұрылыс шамдары жүйесі жарамсыз болған жағдайда "A" түріндегі аспаптар комбинациясы бар моделдегі аспаптар комбинациясындағы бейімді бұрылыс шамдары жүйесін сөндіруді бақылау шамы "ON" күйінде болғанда жыпылықтайды. Бұл бейімді бұрылыс шамдары жүйесінің сөндірілгендігін білдіреді. Мұндай жағдайларда біз Сізге диагностика жүргізу үшін SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.**
- **Жүйе бұзылған жағдайда бейімді бұрылыс шамдарының жұмысы бұзылып, "B " түріндегі аспаптар комбинациясы бар үлгілердегі ескерту экранында оталдыру құлпы "ON" қалпында болғанда хабарлама пайда болады. Бұл бейімді бұрылыс шамдары жүйесінің сөндірілгендігін білдіреді. Мұндай жағдайларда біз Сізге диагностика жүргізу үшін SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.**

■ Шамдар




Жарықдиодты шам жарамсыз болған жағдайда жарықдиодты шамдардың ескерту шамдары қосылады. Біз Сіздің автокөлігіңізді диагностикалау бойынша жұмыстарды жүргізу үшін SUBARU дилеріне мүмкіндік пайда бола салысымен баруға кеңес береміз.

■ Бұрылыс көрсеткішінің алдыңғы шамы



Оң жағы


1. Бұрағыштың көмегімен ауа жинағыштың бекіткішін алып, содан кейін ауа өткізгішті алып тастаңыз.




Сол жағы

2. Бұрағыштың көмегімен шыны жуатын сұйықтыққа арналған бакты алыңыз. Шамға қолжеткізуді жеңілдету үшін шыны жуғыш сұйықтық

құйылатын мойынды суретте көрсетілгендей бұрыңыз.



"A" түрі



"B" түрі

3. Электрлік қосқышты шамнан ажыратып, лампаны сағат тіліне қарсы бұрып алып тастаңыз.
4. Шамды ауыстырыңыз. Шамның бетіне тимеуді қадағалаңыз.
5. Шырақты шамға орнату үшін оны сағат тілі бойынша киліккенше бұраңыз.
6. Электрлік ұяшықты қосыңыз.
7. Ауа жинағышты орнатыңыз және бекіткіштерді бекітіңіз (оң жағынан).
8. Жуғышқа арналған сұйықтықты құю түтігінің мойнын бастапқы қалыпқа орнатыңыз және оны бекіткішпен (сол жағынан) бекітіңіз.


■ Алдыңғы габариттік жарықшам (егер қарастырылған болса)

Алдыңғы габаритті жарықшамның шырақтары бұрылыстың алдыңғы көрсеткіштерінің шырақтарына ұқсас. "Алдыңғы бұрылыс көрсеткішінің шамы" бөлімін қараңыз.
☞11-46, ауыстыру ретімен танысыңыз.


■ Тұманға қарсы шамдар (егер орнатылған болса)/ Күндізгі жүріс жарығы (егер орнатылған болса)

Шамдарды ауыстыру белгілі қиындық тудырады. Шамдарды ауыстыру үшін қажет болса SUBARU дилеріне хабарласыңыз.


■ Бұрылыскөрсеткішінің артқы шамы




1. Бұрағыштың көмегімен қақпақтың бекіткішін алыңыз.




2. Қақпақты басыңыз және 2 табанын босату үшін оны алға жылжытыңыз.




3. Қақпақтар бұғаттан алынғаннан кейін оларды сыртқа шығарыңыз.




4. Электрлік ұяшықты ажыратыңыз.




5. Айқаспа тәрізді бұрағыштың көмегімен артқы аралас шамның бекіту бұрандаларын бұраңыз.




6. Артқы аралас шамды автокөліктен алып тастау үшін артқа жылжытыңыз.



7. Оны сағат тіліне қарсы бұрып, артқы аралас шам шырағының патронын алыңыз.
8. Шамды патроннан алып, оны ауыстырыңыз.
9. Шам патронын артқы аралас шамға орнатыңыз және оны сағат тілі бойынша толық бекітілгенге дейін бұраңыз.
10. Электрлік ұяшықты қосыңыз.




11. Артқы құрама шамды орнына тесіктері бар 2 штифтті біріктіре отырып орнатыңыз және оны автокөлікке бекітіңіз.




12. Бұрандаларды тартыңыз.
13. Қақпақты орнына орнатыңыз.


■ Артқы жүріс жарықшамы



1. Иінтірек ретінде тік бұрағышты пайдалана отырып, жарықшамның қақпағын жоғарыда келтірілген суретте көрсетілгендей кигізіңіз және жүк арту бөлігінің есігінің қаптамасынан қақпақты алып тастаңыз.




2. Шамның патронын сағат тіліне қарсы бұраңыз және оны шығарып алыңыз.




3. Шамды патроннан алып, оны ауыстырыңыз.

4. Шам патронын сағат тілімен орнатыңыз.
5. Суретте көрсетілгендей сымды өткізіңіз.




6. Жүк бөлігінің есігіне шам қақпағын орнатыңыз.

■ Нөмірлік белгіге жарық түсіретін жарықшам



1. Алу үшін, нөмірлік белгіге жарық түсіру шырағының жарықшамын сыртқа тартып, содан кейін оны шығарып алу қажет.



2. Шамның патронын сағат тіліне қарсы бұраңыз және оны шығарып алыңыз.
3. Шамды патроннан шығарып алыңыз.
4. Жаңа шамды орнатыңыз.
5. Шамның патронын және нөмір белгісіне жарық түсіретін шамды орнына орнатыңыз.

■ Күннен қорғайтын күңқағарда орналастырылған айна жарығының плафоны

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ


Шамды ауыстырғанда күйік алу мүмкін, өйткені шам өте ыстық болуы мүмкін. Шамды ауыстыру үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

■ Ашық қалған есікті білдіретін сигнал жарықшамы


⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Шамды ауыстыру қысқа тұйықталуға әкелуі мүмкін. Шамды ауыстыру үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

■ Салонды жарықтандыру плафоны және жүк арту бөлігін жарықтандыру плафоны



Салонды жарықтандыру плафоны



Жүк арту бөлігін жарықтандыру плафоны

1. Шетін тегіс бұрағышпен кигізе отырып шашыратқышты алып тастаңыз.
2. Шамды патроннан шығарып алыңыз.
3. Жаңа шамды орнатыңыз.
4. Шашыратқыштарды орнына орнатыңыз.

■ Басқа да шамдар

Шамдарды ауыстыру белгілі қиындық тудырады. Шамды ауыстыру қажет болғанда біз Сіздің SUBARU дилеріне хабарласуыңызды ұсынамыз.

- ЖАЛҒАСЫ –

Қуат элементін ауыстыру

Келесі жағдайлар қашықтықтан басқару салпыншағының / қашықтықтан басқару таратқышының қуат элементінің отырғандығын білдіреді.

- Қашықтықтан басқару функциясының тұрақсыз жұмысы.
- Есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесінің тұрақсыз қолданылу аймағы.
- Қашықтықтан басқару таратқышының стандартты әрекет ету аймағы шегінде болған кезде дұрыс жұмыс істемеуі.
- Қуат элементін жаңасына ауыстырыңыз.

Сақтық шаралары

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Қуат элементтерін жұтуға тыйым салынады - химиялық күйік қаупі бар

(Қашықтықтан басқару жүйесі бар модель) Бұл бұйымда "таблетка" түріндегі қуаттау элементі бар. "Таблетка" түріндегі қуат элементі жұтылған жағдайда ол 2 сағат ішінде-ақ күшті ішкі күйіктерді тудыруы және тіпті өлімге әкелуі мүмкін.

Жаңа және қолданылған қуат элементтерін балалардың қолы жетімсіз жерде сақтаңыз.

Егер қуат элементінің бөлігі сенімсіз болса, бұйымды пайдалануды тоқтатыңыз және оны балалардың қолы жетімсіз жерде ұстаңыз.

Егер Сіз қуат элементі ішке кеткен немесе ішкі дене мүшелерінің біріне кірді деп ойласаңыз, дереу медициналық көмекке жүгініңіз.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Бұл таңба пайдаланушыға жабдыққа қосымша ұсынылып отырған әдебиетте пайдалану жөніндегі маңызды нұсқаулықтардың бар екендігін ескертуге арналған.

- **Қуат элементін ауыстырған кезде қашықтықтан басқару салпыншағына / қашықтықтан басқару таратқышына, сондай - ақ оның ішіне шаңның, майдың немесе судың кіруіне жол бермеңіз.**
- **Қуат элементін ауыстырған кезде қашықтықтан басқару салпыншағының/ қашықтықтан басқару таратқышының баспа тақшасына тимеу және зиян келтірмеу үшін аса сақ болыңыз.**
- **Балалардың қуат элементін және бұзып алынған бөлшектерді ұстауына жол бермеңіз, себебі балалар оларды жұтып қоюы мүмкін.**

- **Қуат элементі дұрыс орнатылмаған жағдайда жарылыс қаупі туындайды. Қуат элементін ауыстырған кезде, тек сол үлгідегі немесе соған балама қуат элементтерін пайдаланыңыз.**
- **Шамадан тыс қызып кетуіне, тігінен түсетін күн сәулесінің, оттың және т. б. әсеріне ұшыратылуына жол бермеңіз.**

ЕСКЕРТПЕ


- **Ескі қуаттау элементтерін басқа жаңасына немесе өндіруші ұсынған ұқсас элементке алмастырыңыз.**
- **Пайдаланылған қуаттау элементтерін кәдеге жарату жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.**
- **Электролиттің ағып кетуін болдырмау үшін, орнату кезінде қуат көзін дұрыс ұстаңыз. Клеммаларын майыстырып алмау үшін сақ болыңыз. Бұл жарамсыздыққа әкелуі мүмкін.**
- **Біз қашықтықтан қол жеткізу кілтінің қуат элементін SUBARU дилерінде ауыстыруға кеңес береміз.**
- **Ауыстыру кезінде тек жаңа қуат элементін пайдаланыңыз.**
- **Қуат элементін ауыстырғаннан кейін қашықтықтан басқару салпыншағының / қашықтан басқару таратқышының қалыпты жұмыс істейтінін тексеріңіз.**

■ Қашықтықтан басқару салпыншағының қуат элементін ауыстыру

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ


- **Қашықтықтан басқару салпыншағының қақпағын ашу немесе орнына қайта салу барысында пластик бөлігінің бетінен шығып тұрмайтындығына және дұрыс беттестірілгендігіне көз жеткізіңіз.**
- **Қуат элементін ауыстырар алдында статикалық электр қуатын алып тастаңыз.**

Қуат элементі: "таблетка" түріндегі қуат элементі CR2032.




1) Бекіткіш түймесі.
2) Механикалық кілт.


1. Механикалық кілтті алыңыз.




2. Тегіс бұрағышты винил үлбірмен немесе шүберекпен орап, қақпақты шешу үшін бұрағышты тесігіне салыңыз.



3. Винил үлбірмен немесе шүберекпен оралған жалпақ бұрағыштың көмегімен қуат көзін алып тастаңыз.




4. Жаңа қуат элементін суретте көрсетілгендей, оның оң (+) жағы жоғары қаратылатындай етіп салыңыз.




5. Кетіктері мен шығып тұрған жерлерін беттестіріп, қашықтықтан басқару салпыншағының қақпағын орнатыңыз.

■ Қашықтықтан басқару таратқышының қуат элементін ауыстыру


Қуат элементі: "таблетка" түріндегі қуат элементі CR1620.




1. Тегіс бұрағышты винил таспамен немесе шүберекпен ораңыз. Тегіс бұрағыштың көмегімен кілттің басынан алыңыз.



2. Кілттің басынан таратқыштың корпусын алып тастаңыз.



3. Таратқыштың корпусын ашыңыз, ілгекті ажыратыңыз.



1) Теріс (-) жағы жоғары қаратылуы тиіс.

4. Жаңа қуаттау элементінің теріс (-) жағы жоғары қаратылғанына көз жеткізгеннен кейін ескі қуаттау элементін жаңасына (CR1620 түрі немесе баламалы түрі) ауыстырыңыз.
5. Корпусындағы ілгектерді іліп, таратқыштың корпусын жалғаңыз.
6. Таратқыштың корпусын кілттің басына орнатыңыз.
7. Басының алынып тасталған жартысын орнатыңыз.

Қуаттау элементін ауыстырғаннан кейін қашықтықтан басқару таратқышын қашықтықтан басқару жүйесін басқару блогымен синхрондау қажет. Блокты синхрондау үшін " 🔒" немесе " 🔓" түймесін алты рет басыңыз.

Техникалық сипаттамалары 12-2
Өлшемдері 12-2
Қозғалтқыш.....12-3
Жанармай.....12-4
Мотор майы 12-5
Алдыңғы және
артқы дифференциалдарға арналған май.....12-7
Жұмыс сұйықтықтары.....12-9
Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығы 12-10
Электрлік жүйе 12-10
Шиналар.....12-10
Уақытша қосалқы дөңгелек 12-10
Дөңгелектерді орнату бұрыштары 12-11
Тежегіш диск 12-11
Балқыма сақтандырғыштаржәне
олар қорғайтын электрлік тізбектер 12-12
Автокөлік салонында орналасқан сақтандырғыштар
блогы……..12-12
Мотор бөлігінде орналасқан сақтандырғыштар панелі
.....12-14
Пайдаланылатын шамдар тізбесі..... 12-16
Автокөлікті сәйкестендіру 12-19

Техникалық сипаттамалары

Төменде келтірілген техникалық сипаттамалар алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

■ Өлшемдері

мм

Позициясы		Моделі 2.0 L	Моделі 2.5 L
Габариттік ұзындығы		4 625	
Габариттік ені		1 815	
Габариттік биіктігі	Төбесінде рейлингтер бар моделдер	1 730	
	Төбесінде рейлингтер жоқ моделдер	1 715	
Дөңгелектер базасы		2 670	
Жолтабанның ені	Алдыңғы дөңгелектері	1 565	
	Артқы дөңгелектері	1 570	
Саңғалы *1		220	

*1 Автокөлік бос болғанда өлшенген.

■ Қозғалтқыш

Қозғалтқыштың моделі	Жанармай қозғалтқышы	
	FB20 (2.0 L, жоғарыда орналасқан екі тарату білігі (DOHC), құбыр үрлеуішінсіз)	FB25 (2.0 L, жоғарыда орналасқан екі тарату білігі (DOHC), құбыр үрлеуішінсіз)
Қозғалтқыш түрі	Көлденең-оппозитті, төрт цилиндрлі, төрт циклді бензиндік сұйықтықпен салқындатылатын қозғалтқыш	
Қозғалтқыштың жұмыстық көлемі, $см^3$	1 995	2 498
Цилиндр диаметрі х мікбасының жүрісі, мм	84.0 x 90.0 (3.31 x 3.54)	94.0 x 90.0 (3.70 x 3.54)
Қысу дәрежесі	12,5 : 1	12,0 : 1
Оталдыру тәртібі	1 – 3 – 2 – 4	

■ Жанармай

Жанармайға қойылатын талаптар*				Жанармай багының сыйымдылығы
Моделі 2.0 L	Жанармай түрі		**Этилденбеген бензин**	63 л.
	Октандық саны зерттеушілік әдіс бойынша	Аустралияға арналған моделдер	**91 немесе одан жоғары**	
		Аустралияға арналған моделдерден басқа	**95 немесе одан жоғары**	
	Жанармайдағы этанолдың құрамы		10% дейін	
Моделі 2.5 L	Жанармай түрі		**Этилденбеген бензин**	
	Октандық саны зерттеушілік әдіс бойынша	Аустралияға арналған моделдер	**91 немесе одан жоғары**	
		Аустралияға арналған моделдерден басқа	**95 немесе одан жоғары**	
	Жанармайдағы этанолдың құрамы		10% дейін	

* Толығырақ ақпарат алу үшін "Жанармай" бөлімін қараңыз ☞7-3.

■ Мотор майы

Тексеру, қосымша құю және ауыстыру рәсімдерін, сондай-ақ басқа да қосымша мәліметтерді "Мотор майы" бөлімінен қараңыз ☞11-14.

ЕСКЕРТПЕ

Май мен май сүзгісін ауыстыру рәсімін тиісті түрде арнайы дайындалған маман жүзеге асыруы тиіс. Қызмет көрсетуді жүргізу үшін SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

▼ Рұқсат етілген мотор майы


Міндетті түрде SUBARU рұқсат еткен мотор майын пайдаланыңыз. Толық ақпарат алу үшін біз Сізге SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.
Рұқсат етілген мотор майы болмаған жағдайда келесі бетте сипатталған баламалы мотор майын пайдаланыңыз.

▼ Балама мотор майы

SUBARU рұқсат етілген мотор майы болмаған жағдайда келесі балама майдың пайдаланылуы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ


Мұнда көрсетілген шамалар нормативтік болып табылады. Ауыстыру үшін қажетті мөлшері температураға және басқа да факторларға байланысты сәл өзгеше болуы мүмкін.

Майдың санаты	SAE бойынша тұтқырлығы және қолдану температурасы	Майдың көлемі
 ZOM0377 **немесе**  ZOM0293 API жіктемесі бойынша SN "RESOURCE CONSERVING" жазуы бар ILSAC жіктемесі бойынша GF-5 оларды ILSAC сертификаттау белгісі бойынша анықтауға болады (көп бұрышты жұлдыз белгісі); **немесе** A3 немесе A5 ACEA жіктемесі бойынша	Қозғалтқыш жұмысының оңтайлы сипаттамаларына қол жеткізу және оны қорғау үшін **0W-20*** мотор майын пайдалану ұсынылады. Қажет болған жағдайда қосымша құю үшін 5W-30 немесе 5W-40 мотор майының пайдаланылуы мүмкін.  ZOM0333 * ұсынылған.	– Майды L деңгейінен F деңгейіне дейін құю: 1,0 л. – Май және май сүзгісін ауыстыру: Моделі 2.0 L: 4,4 л. Моделі 2.5 L: 4,2 л.

■ Алдыңғы және артқы дифференциалдарға арналған май

Май	Алдыңғы дифференциалға арналған май
Майдың санаты	• SUBARU Extra MT*3 • API жіктемесі бойынша GL-5 (75W-90)
Майдың көлемі*1	1,26 л
Түсініктеме*2	"Алдыңғы дифференциалға арналған май және артқы дифференциалға арналған май" ☞11-22

* 1 Көрсетілген май мөлшері нормативтік болып табылады. Ауыстыру үшін қажетті мөлшері температураға және басқа да факторларға байланысты сәл өзгеше болуы мүмкін. Трансмиссияға май құйылғаннан кейін оның деңгейін тексеру қажет.
*2 Техникалық қызмет көрсету және жөндеу туралы толық ақпарат аталған бөлімде берілген.
* 3 Зауытта құйылған майға баламалы.

Май	Артқы дифференциалға арналған май
Майдың санаты	• API жіктемесі бойынша GL-5
SAE бойынша тұтқырлығы және қолдану температурасы	•75W–90* •90  * ұсынылған
Майдың көлемі*1	0,8 л
Түсініктеме*2	"Алдыңғы дифференциалға арналған май және артқы дифференциалға арналған май" ☞11-22

* 1 Көрсетілген май мөлшері нормативтік болып табылады. Ауыстыру үшін қажетті мөлшері температураға және басқа да факторларға байланысты сәл өзгеше болуы мүмкін. Трансмиссияға май құйылғаннан кейін оның деңгейін тексеру қажет.

*2 Техникалық қызмет көрсету және жөндеу туралы толық ақпарат аталған бөлімде берілген.

■ Жұмыс сұйықтықтары

Жұмыс сұйықтығы	Сұйықтықтың түрі*1	Сұйықтықтың көлемі*2	Түсініктеме*3
Сұйықтық сатысыз трансмиссияға арналған	Біз Сізге SUBARU дилерінен кеңес алуды ұсынамыз	**Моделі 2.0 L** 10,7 л*4 10,8 л*5 11,2 л *6 **Моделі 2.5 L** 11,9 л*4 12,0 л*5 12,4 л*6	"Сатысыз трансмиссияға арналған сұйықтық" ☞11-22
Тежегіш сұйықтығы	FMVSS № 116, DOT 3 немесе DOT 4 тежегіш сұйықтығы	—	"Тежегіш сұйықтығы" ☞11-23

* 1 Сұйықтықтың көрсетілген түрлерінің бірін пайдаланыңыз.
* 2 Көрсетілген сұйықтық мөлшері нормативтік болып табылады . Ауыстыру үшін қажетті мөлшері температураға және басқа да факторларға байланысты сәл өзгеше болуы мүмкін.
*3 Техникалық қызмет көрсету және жөндеу туралы толық ақпарат аталған бөлімде берілген.
* 4 Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/тоқтату жүйесі жоқ моделдер және ауамен салқындататын сатысыз трансмиссияға арналған трансмиссиялық сұйықтықтың май радиаторы жоқ моделдер
* 5 Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/тоқтату жүйесі бар моделдер және ауамен салқындататын сатылы трансмиссияға арналған трансмиссиялық сұйықтықтың май радиаторы жоқ моделдер
* 6 Қозғалтқышты автоматты түрде іске қосу/тоқтату жүйесі бар моделдер және ауамен салқындататын сатылы трансмиссияға арналған трансмиссиялық сұйықтықтың май радиаторы бар моделдер

■ Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығы

Моделдер	Салқындатқыш сұйықтықтың көлемі	Салқындатқыш сұйықтықтың түрі
Моделі 2.0 L	8,0 л	SUBARU Super Coolant
Моделі 2.5 L	8,5 л	

Салқындатқыш сұйықтықтың көрсетілген мөлшері нормативтік болып табылады. Ауыстыру үшін қажетті мөлшері температураға және басқа да факторларға байланысты сәл өзгеше болуы мүмкін. Техникалық қызмет көрсету мен жөндеуге қатысты толығырақ ақпарат алу үшін "Салқындату жүйесі" бөлімін қараңыз ☞11-17.

■ Электрлік жүйе

Аккумуляторлық батареяның түрі	Қозғалтқышты автоматты іске қосу/тоқтату жүйесі жоқ моделдер	75D23L
	Қозғалтқышты автоматты іске қосу/тоқтату жүйесі бар моделдер	Q-85
Генератор	12 В – 150 А	
Оталдыру шамдары	Моделі 2.0 L	DILKAR7B8 (NGK)
	Моделі 2.5 L	DILKAR7Q8 (NGK)

■ Шиналар

Шиналардың техникалық сипаттамасы туралы ақпарат алу үшін жүргізуші жағындағы ортаңғы тіректе орналасқан шиналардың қысымы туралы ақпараты бар тақтайшаны қараңыз.

■ Уақытша қосалқы дөңгелек

Уақытша қосалқы дөңгелектің мөлшері	T145/80D17	185/65R17
Уақытша қосалқы шинадағы қысым (суық шинада ұсынылатын қысым)	420 кПа (4,2 кгс/см^2)	290 кПа (2,9 кгс/см^2)
Дөңгелекті бекіту сақиналарын тарту сәті	120 Нм (12 кгс-м)*1 *2	

